

Теңіз кемелерін сыйыптау және жасау қағидаларын бекіту туралы (жалғасы)

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндеттін атқарушының 2011 жылғы 12 мамырдағы № 273 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2011 жылы 30 мамырда № 6982 тіркелді.

РҚАО-ның ескертуі!

Басы V110006982, жалғасы V11006982_3 қараңыз.

20-кіші бөлім. Органикалық жылу жеткізу жүйесі

332-тарау. Жылу тасымалдағышқа қойылатын талаптар

Ескерту. 332-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3885. Жылу жеткізу өзірлеуші белгілейтін жұмыс температурасының диапазонында пайдалануы мүмкін. Бұл ретте жылу жеткізуінің ең жоғарғы жұмыс температурасы атмосфера қысымы барысында қайнаған кездегі температурасынан 50 ° С төмен болмауы тиіс.

3886. Органикалық жылу жеткізу жылдықтарында жылдытатын ортаның температурасы жылдытатын жылу жеткізуінің қайнай бастаған кездегі температурасынан төмен болуы тиіс.

333-тарау. Органикалық салқындағыштың айналым жүйесі

Ескерту. 333-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3887. Жылу жеткізуінің барлық қазандықтардың контурларында айналуын, сондай-ақ жауапты мақсаттағы жылдықтарды қамтамасыз ету үшін жүйеде екі айналмалы сорғы болу керек.

Органикалық жылу жеткізуінің жылдыту үшін жылдықтар пайдаланылатын жауапты емес мақсаттағы жүйелер үшін бір насос қарастырылуы мүмкін.

3888. Жылу жеткізуінің құбырлардан шығатын жағында манометрлер болуы керек.

3889. Жылу жеткізуінің айналмалы сорғыларының электрқозғалтқышы осы қағиданың 5009-тармағының талаптарына сәйкес сөндіру қондырғыларымен жабдықталуы тиіс.

3890. Айналмалы сорғыларда жергілікті және қашықтықтан басқару болу керек.

3891. Барлық тұтынушылардың жылыту қондырғыларын өшірген жағдайда қазан немесе жылдықтыштар арқылы органикалық жылу жеткізушінің айналымы автоматты түрде қалған жылуды шығару үшін қажетті уақыт аралығына дейін созылуы керек.

3892. Егер шығатын газ бен жылу жеткізушінің температурасы атмосфера қысымы барысында жылу жеткізушінің қайнаған кездегі температурасынан аспайтын болса, онда бұл талап орындалмауы да мүмкін.

334-тaraу. Кеңейту цистернасы

Ескерту. 334-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3893. Органикалық жылу жеткізушінің жүйесінде кеңейткіш цистерна болу керек, ол әдетте жүйенің ең жоғарғы жағында орналасуы керек.

3894. Кеңейткіш цистерна осы қағиданың 285-тарауының талаптарына сәйкес сұйықтықтың деңгейін көрсететін көрсеткішпен жабдыталуы керек.

Деңгейді көрсететін көрсеткіште сұйықтықтың рұқсат берілген төменгі деңгейінің белгісі болу керек.

3895. Ашық жүйеде кеңейткіш цистерна әуе құбырымен, сондай-ақ ағызатын цистернаға, ал ол болмаған кезде – запас цистернасына жалғанған құятын құбырмен жабдықталуы тиіс.

3896. Цистернадағы сұйықтықтың төменгі және жоғарғы деңгейінің сигнализациясы болуы керек. Рұқсат берілген деңгейден жылу жеткізушінің деңгейі түскен кезде оның қазандағы жылу, айналмалы сорғылар автоматты түрде тоқтатылуы тиіс.

3897. Жабық жүйелерде кеңейткіш цистерна манометрлермен және сақтандыратын клапанмен жабдықталуы тиіс. Сақтандыратын клапанның бұратын құбыры ағызатын цистернамен немесе запас цистернасымен жалғануы тиіс. Жабық жүйенің жұмысы ашық режімде жұмыс істеу мүмкіндігі қарастырылуы керек.

3898. Жылу оқшаулауы бар кеңейткіш цистерналар жылу жеткізушінің температурасын бақылау үшін қажетті термометрлермен жабдықталуы тиіс.

3899. Рұқсат етілген деңгейдің төменгі белгісінен құю құбырының сзығына дейін өлшенетін деңгей көрсеткіштің көрсету шегінде кеңейткіш цистернаның сыйымдылығы жылу жеткізушінің оның жүйеде жұмыс істеп түрған кезінде есептік есү көлемінен 30%-дан артық болу керек, осы ретте бастапқы көлем үшін кеңейткіш цистернаның ең төменгі жұмыс деңгейіне дейін толтыру барысындағы жылу жеткізушінің жабдықтардағы және құбырлардағы жалпы санын есепке алу керек.

3900. Кеңейткіш цистерна жылу жеткізушінің апаттық қуюға арналған, орнатылған орын-жайдан тыс жергілікті және қашықтықтан басқарылатын қақпақшамен жабдықталуы тиіс.

335-тарау. Запастағы Цистерна және ағызың цистернасы

Ескерту. 335-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3901. Жүйе запас және ағызатын цистернамен жабдықталуы тиіс. Запас цистернасының сыйымдылығы жүйе сыйымдылығының 40% кем болмауы тиіс. Жүйе мақсаттылығына және кеменің жүзу ауданына байланысты запас цистернасы сыйымдылығының ауқымы аз болуы мүмкін.

3902. Ағызатын цистернаның сыйымдылығы жүйенің барынша өшірілетін секциясынан жылу жеткізушінің ағызы үшін жеткілікті болуы тиіс. Қазандардан органикалық жылу жеткізушінің апаттық ағызы үшін (осы қағиданың 412-тарауы) барлық жүйеден жылу жеткізушіні ағызы үшін жеткілікті сыйымдылығы бар цистерна қарастырылуы керек.

3903. Жылу жеткізушінің запасын сақтау және оны жүйеден ағызы үшін бірыңғай цистернаны пайдалануға болады. Бұндай цистернаны пайдаланған кезде оның сыйымдылығы бір уақытта жылу жеткізушіні ағызы және запасты сақтау үшін жеткілікті болу керек. Бұл жағдайда запас цистернасының орналасуы оған барлық жылу жеткізушіні ағызы мүмкіндігін қамтамасыз ету керек.

336-тарау. Құбырлар мен арматура. Әуе құбырлары

Ескерту. 336-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3904. Органикалық жылу жеткізуші құбырларды өткізу осы қағиданың 300-тарауының және 10-бөлімінің 5-кіші бөлімінің талаптарына сәйкес болу керек.

3905. Жүйеде сильфондық типтегі арматура қолданылуы мүмкін. Сальниктік арматураны қолдану әр жағдайда Кеме қатынасы тіркелімінің арнайы қарауындағы нәрсе пәні болып табылады.

3906. Жылу тасығыш байланысындағы жүйе элементтерінде мыс пен оның қоспасын қолдануға болмайды.

3907. Нығыздалуы мен орнатылуы органикалық жылу тасығыштарға төзімді материалдардан болуы қажет.

3908. Органикалық жылу тасығыштардың құбырына резьба біріктіруі қолданбау қажет.

3909. Болат құбырдың қабырға қалыңдығы осы Қағиданың 3261-тармағының талаптарына сәйкес болуы керек. Сонымен қатар, есептік қысымы 1,4 МПа-нан кем қабылдануы қажет.

3910. Органикалық жылу тасығыштарды орнату сыйбасында жүйенің толтыруы, кеңейетін айналымның толықтырылуы және жылу тасығышты тасымалдаудың ескеру керек.

3911. Әр тәуелді айналымның нобайында жылу тасығыш сыйнамасын алу мүмкіндігі ескерілу керек.

3912. Жүйе жергілікті қызу немесе ауамен байланыс салдарынан жылу тасығыш сапасының нашарлауы болмайтында жобалануы керек.

3913. Жүйеде бөлінетін бу мен газды ұстаяу және бұру үшін тиімді құрылғы қарастыру қажет. Бұл құрылғының жұмысы 50⁰C жоғары кеңейтілген айналымдағы жылу тасығыштың қызыуна және айналымына әкелмеуі керек.

3914. Жүйеде жылу тасығыш температурасы мен соңғы өлшемдегі шығыс бойынша жергілікті орыннан қолмен басқару көмегі арқылы реттеу мүмкіндігі қарастырылуы қажет.

3915. Айналмалы сорғының жанында көрінетін жерде жүйе бойынша келесі негізгі белгілері көрсетілген фирмалық маңдайша болуы қажет:

дайындалған жері,

орнатылған жылды,

жылу тасығыштың ең жоғарғы жобалық жұмыс температурасы,

жүйенің сыйымдылығы,

ең жоғарғы жарамды жұмыс қысымы.

3916. Су шоғырлануы мүмкін органикалық жылу тасығыш айналымында тұнбаны жою үшін ағызатын кранмен жабдықталу қажет.

3917. Органикалық жылу тасығыш жүйенің құбыр желісі мен оның элементтері осы қағиданың 340-тарауының талабына сәйкес, соған ұқсас 0,35 МПа-дан аса есептік қысымдағы отын құбыр желісімен синалуы қажет.

3918. Құбыр желісінің оқшаулануы және жүйенің жабдықталуы осы қағиданың 186-тарауы талаптарына жауап беруі қажет.

3919. Отын және майлы айналымдарға қолданатын органикалық жылу тасығыштары бар айналымдардың әуе құбырлары осы қағиданың 283-тарауының талаптарына жауап беруі қажет.

3920. Органикалық жылу тасығышы бар әуе құбырларының айналымдары ашық палубаларға шығарылуы тиіс.

337-тарау. Органикалық жылу тасығыштың ағуын жинауга арналған құрылғылар, органикалық жылу тасығыштары бар қазандар

Ескерту. 337-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он қун өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйріғымен.

3921. Жайылған органикалық жылу тасығышты жинау үшін құрылғы осы қағиданың 302-тaraуының талаптарына жауап беру керек.

3922. Қалдықтарды пайдаланатын қазанда және газ шығаратын құбыр желісінде су аққан жағдайда, жылу тасығыштың қозғалтқышқа түсін алдын алатын, сондай-ақ газ жағынан қазанды шаю үшін және өртті өшіруге қолданатын құрылғы қарастырылуы қажет.

3923. Органикалық жылу тасығыштары бар қазандықтар мен жылдықтарға осы Қағидалардың 411-тaraуының талаптары қолданылады.

Ескерту. 3923-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

338-тaraу. Сұйық жүктөрді жылыту

Ескерту. 338-taraудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3924. Егер жылу тасығыш сұйық жүктөрді немесе басқа сұйық өнімдерді ысыту үшін қолданылса, ол ысытқыш түтікшелері немесе жылан түтікшелерінің ағуы нәтижесінде болатын ысытатын өнімдермен байланыс кезінде үйлесімді болуы керек. Қыздырғыш өніммен қауіпті реакцияға түсіү мүмкін жылу тасығышты қолдануға тыйым салынады.

3925. Таралу температурасы 60⁰C-тан төмен сұйық жүктөрді ысыту үшін органикалық жылу тасығышы бар жүйені қолдану, жук аймағының шеңберінде орналасқан автономдық аралық жүйе болған жағдайда ғана рұқсат етіледі. Автономдық аралық жүйе мынадай шарттарды орындауда қарастырылмауы мүмкін:

1) жүйе, өшірілген айнымалы сорғының жылан түтікшелерінде жүктің статистикалық қысымынан 0,03 МПа-дан жоғары артық қысыммен жасалса;

2) органикалық жылу тасығышы бар кеңейтілген айнымалы жүйеде жүктің тұтанатын буын табу үшін заттар қарастырылған;

3) жеке жылан түтікшелерінің қақпақтары жылан түтікшелерінің көрсетілген статистикалық қысымның әсерінде тұрақты болуын қамтамасызданыратын стопор қондырылыммен жабдықталған.

21-кіші бөлім. Сынақтар.

339-тaraу. Арматураны, құбырларды гидравликалық сынау

Ескерту. 339-taraудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3926. I және II кластағы құбырларға орнатылатын арматура, осы Қағиданың 3948-тaraуының сәйкес сынау қысымымен гидравликалық сынаққа тартылу қажет.

3927. 0,098 МПа және одан аз есептік қысымға арналған сондай-ақ, вакуум жағдайларындағы жұмысқа арналған арматура 0,196 МПа кем емес қысымда сыналуы қажет.

3928. Жүк су сзығынан төмен орналасқан кеме корпусының сыртқы қабында орнатуға арналған қақпақтар, крандар және басқа арматура 0,5 МПа кем емес гидравликалық қысымда сыналуы қажет.

3929. Жинақтағы арматура есеп қысымына тең жабылатын қысымның герметикасына гидравликалық сынаққа тартылуы тиіс.

340-тaraу. Құбырларды гидравликалық сынау

Ескерту. 340-тaraудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3930. Есептік қысымы 0,35 МПа жоғары I және II кластағы құбырлар, сондай-ақ барлық бу, қоректендіргіш, сыйылған ауа мен отын құбырлары, Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкерінің қатысуымен сыртын жауып оқшаулағанға дейін дайындау және соңғы жөндеуден кейінгі класына қарамастан, келесі сыныма қысымына гидравликалық сынаққа тартылуы қажет:

$$P_{\text{пр}} = 1,5p, \quad (778)$$

P – есеп қысымы (осы Қағиданың 3120 -тармағы) МПа.

300°C жоғары есеп температурасы үшін бола құбырларды сынау кезінде сынама қысым келесі формула бойынша анықталуы керек, бірақ ол 2p аспауы талап етілмейді:

σ

100

$$P_{\text{пр}}=1,5----- p \quad (779)$$

δ₁

fs2410b0 - 100рeroC кезінде рұқсат етілетін кернеу;

σ₁- есеп температурасы кезінде рұқсат етілетін кернеу.

Егер гидравликалық сынақ кезінде шектен тыс кернеу пайда болса, осы қағиданың (779) формуласы бойынша анықталған сынама қысымы Кеме қатынасы тіркелімінің келісімімен 1,5р-ға дейін азайтылуы мүмкін.

Қандай болмасын жағдайда гидравликалық сынақ кезінде пайда болған кернеу сынақ температурасы кезінде материал аумалылығының 0,9 шегінен аспауы тиіс.

3931. Әр түрлі кластағы шағын диаметрдегі (15 мм-ден кем) құбырдың сынама қысымына сынақ жасау құбырдың белгіленуін ескере Кеме қатынасы тіркелімінің қарауы бойынша жүргізілмеуі мүмкін.

3932. Барлық құбырды кемеде жинақтаған соң Кеме қатынасы тіркелімі қызметкерінің қатысуымен мынадай жағдайларды есептемегендегі, герметикасына сыналуы керек:

1) 1,5р бірақ 0,4МПа-дан кем емес қысымда сыналуы қажет ысытқыш жылан түтікшелерін және сұйық немесе газ түріндегі отын құбырларды;

2) осы қағиданың 3754-тармағына сәйкес сыналуы қажет сұйытылған газ құбырлары.

3933. Техникалық себептерге байланысты барлық құбырларға толық гидравликалық сынақ орындау мүмкіндігі болмаған жағдайда, Кеме қатынасы тіркеліміне қолдау үшін жеке участкерді, әсіресе соңғы құрастыру қоспасы бойынша ұсыныс беру қажет.

3934. Жинақталған құбырды гидравликалық сынау кемеде орындалған жағдайда, герметикаға және төзімділігіне сынау қоса атқарылуы мүмкін.

341-тaraу. Мұнай құятын кемелердің жүк танктеріне жалынның енуін болдырмау жөніндегі құрылғыларды сынau. Әуе құбырларының автоматты әрекет ететін жабуларын сынau.
Пластикалық құбырларды сынau

Ескеरту. 341-тaraудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған кунінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрігымен.

3935. Өртке кедергі жасайтын, отты үзетін торлар, жоғары жылдамдықтағы газ шығаратын құрылғылар мен атмосфералық жауын-шашыннан қорғағышы бар тыныс алу қақпақтары кемеге орнатқанға дейін, MSC/Circ 677 теңізінде қауіпсіздік бойынша Комитеттің нұсқауында көрсетілген ИМО әдісі бойынша сынектан өтуі қажет.

3936. Әуе құбырларын жабудың әр типі мен көлемі куәландырылуы және келесі тексерулер мен сынектардан өтуі тиіс:

1) шығынға байланысты жабылудың гидравликалық қарсы тұруын анықтау.

Отты үзетін және қорғайын торлар орнатылған кезіндегі көлемді шығысқа байланысты әуе құбырларын жабуда қысымның тұсуі анықталады. Сыналатын орта – су;

2) судан шығу және батыру кезінде тығыздыққа сынau.

Автоматты жабылу келесі шарттар бойынша батырудың екіден кем емес айналымы енгізілген тығыздыққа сыналуы қажет:

құрылғы судың бетінен төмен 4м/мин шамасындағы жылдамдықта батырылуы және бастапқы қалпына қайтарылуы тиіс. Аққан судың саны тіркелуі қажет.

құрылғы судың бетінен төмен 8м/мин шамасындағы жылдамдықта батырылуы және батқан күйі 5 минуттан кем емес тұруы қажет.

Тығыздыққа сыналу тіке түрде, сондай-ақ 40° еңкейген түрде жүргізілуі керек.

Бір айналымдағы ең жоғарғы судың ағуы – 1мм номиналдық диаметрге 2 мл көп болмау қажет.

3937. Металл емес шарлы қалтқылық жапқыш осы Қағиданың 356 қосымшасын және келесі жағдайларды ескере дайындаушы-зауытта соққыға беріктігіне және тапталуға сыналуы қажет:

1) соққыға беріктігін сынау маятниктік шойын тоқпақта жүргізу керек. Затвордың қалтқысын 5 рет соғу қажет, әр соққы 2,5 Н/м болу керек. Осы ретте деформация қалдығы, не жарықшақ болмауы керек және беті зақымдалмауы тиіс. Бұдан кейін 5 рет соғу қажет, әр соққы 2,5 Н/м болу керек. Осы ретте соққы тиген жерде кейбір органикалық зақымдалулардың болуы мүмкін, бірақ деформация қалдығы, жарықшақ болмауы тиіс.

2) басу арқылау сынау тірек сақинасына қалтқы орнатқаннан кейін жүргізуге болады, диаметрі және орнататын орны қақпақша ерінің мөлшеріне сәйкес келуі тиіс. Жүктемені имектелген қақпақша арқылы сыналатын затвордың ішкі радиусы сияқты беру керек. Жүктемені біртіндеп 1 минут ішінде 350 кг-ға дейін жүргізу және 1 сағат бойы ұсташа керек. Имектің ұздіксіз кеңеюіне жол берілмейді. Жүктемені алыш тастағаннан кейін деформация қалдығының пайда болуына жол берілмейді;

3) металдан жасалған домалақ затвордың қалтқысын сынау осы қағиданың 3926-тармағы 1) тармақшасына сәйкес жүргізу керек тиіс.

3938. Пластмасса Құбырларды сынау осы Қағидалардың 609-тарауында баяндалған талаптарды ескере отырып, Ал отқа төзімділікті растау және жалынның таралу жылдамдығын тексеру қажет болған кезде-осы бөліктің 238-тарауының 1-параграфы мен 3099-тармағын ескере отырып орындалады.

Ескерту. 3938-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3939. Қосшықтардың сапасын сынау осы қағиданың 240-тарауы

2-параграфының талаптарына, кемедегі құбырларды монтаждағаннан кейін сынау – осы қағиданың 241-тарауының талаптарына сәйкес жүргізу керек тиіс.

11-бөлім. Механизмдер

1-кіші бөлім. Жалпы ережелер

342-тaraу. Тарапу аймағы. Куәландыру көлемі

Ескеरту. 342-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3940. Осы ереже бөлімінің талаптары мынадай қозғалтқыштар мен механизмдерге байланысты:

- 1) іштен жану қозғалтқыш, бас;
- 2) бу турбинасы, бас;
- 3) газ турбиналық қозғалтқыштар, бас;
- 4) муфта және передаалар;
- 5) электрэнергиясы немесе қосалқы және палубалы механизмдердің жиындағы агрегаттардың көздеріне арналған жетек қозғалтқыштар;
- 6) сораптар, жүйе құрамына кірілген, осы қағиданың 8, 10 және 14-бөлімдермен регламенттелген
- 7) әуе компрессорлар;
- 8) бас қазанның ауаны қысып топтау, іштен жану қозғалтқыштардың ауаны және турбинаны қысып топтау;
- 9) желдеткіштер, жүйе құрамына кірген, осы қағиданың 9-бөліммен регламенттелген;
- 10) рульдік көтерме;
- 11) зікір механизмдер;
- 12) сүйреткіштер жүкқарба;
- 13) арқандау механизимдер;
- 14) гидравликалық көтерме;
- 15) отын және май орталықтан сыртқа тебүші күш сепараторы.

3941. Механизмдер мен жабдықтарды дайындау кезінде куәландыру тәртібін белгілейтін жағдай, сонымен бірге техникалық құжаттарды қарастыру және мақұлдау тәртібі сыныптамалық және басқа да қызмет туралы жалпы осы Қағиданың 1-бөлімінде көрсетілген.

3942. Дайындалу кезінде Кеме қатынасы тіркелімімен куәландырылуға жататын қозғалтқыштар мен механизмдер, қолмен орындалатын механизмдерден басқа осы Қағиданың 342-тарауында берілген.

3943. Механизмдерді дайында алдында төмендегі техникалық құжаттар Кеме қатынасы тіркелімінің қарауына беріледі:

- 1) ішкі жану қозғалтқыштар бойынша:

қозғалтқыш бойынша негізгі мәліметтер немесе техникалық жағдайдың сипаттамасы;

қозғалтқыштың ұзына бойғы және көлденен қесіктерінің жалпы көрінісінің сызбалары;

фундамент рамаларының, тіреудің, тұғырдың, картердің, цилиндр блогының және дәнекерленген жіктер мен дәнекерлеу бойынша техникалық талаптар көрсетілген басқа да құйылған немесе дәнекерленген құрылым бөлшектерінің сызбасы. Онда бөлшектерді дәнекерлеуге дейін және одан кейін термоөндөуге қойылатын талаптар, дәнекерлеуші материалдарға қойылатын талаптар және дәнекерлеудің параметрлері мен жағдайлары көрсетілуі тиіс;

тіректі мойынтыректің, сонымен бірге дәнекерленген жіктер мен дәнекерлеу бойынша техникалық талаптар көрсетілген мойынтырек корпусының құйылған немесе дәнекерленген құрылымының (егер мойынтырек қозғалтқышпен бір бүтін болып, оның рамасына қосылмаған жағдайда) құрастырылған сызбасы

цилиндр қақпағының құрастырылған сызбасы;

анкерлік байланыстардың сызбасы;

цилиндрдің немесе қозғалтқыш блогының, сонымен бірге цилиндрлі тығынның сызбасы;

шатуннің, крейцкопфтың және штоктың сызбасы;

жиналған иінді біліктің және бөлшекті түйіндердің сызбасы;

қарсы салмақтың, олардың бекіткішінің (егер олар иінді білікпен бір бүтін болған жағдайда) сызбасы;

тіректік немесе аралық біліктің (егер олар қозғалтқышқа қосылған болса) сызбасы;

жиналған поршеньнің сызбасы;

біліктің біріктіруші болттарының сызбасы;

бөліп тұруши біліктің және оның қозғалтуши құрылғысының құрастырылған сызбасы;

сыналатын қысымның сандық белгілері туралы мәліметті қамтыған негізгі бөлшектер материалының ерекшелігі (қажет жерінде);

қозғалтқыштың фундаментке бекітілу құрылымының сызбасы;

қозғалтқыш ішіндегі негізгі құбырлар мен жүйелердің кестесі:

жіберілетін ауаның,

жылыту жүйесінің,

майлау жүйесінің,

салқыннату жүйесінің,

басқару, реттеу және қорғау жүйесінің,

пайдаланылған газ құбырларының изоляциялары мен қосындылары;

жоғары қысымды жылыту насостарының, форсункілердің, жоғары қысымды жылыту құбырларының және олардың істен шыққан жағдайдағы қорғалу сызбасы,

максимальді тұрғыда рұқсат етілетін қысым туралы ақпаратты, жоғары қысымның ықпалына түсетін жанармайды бұрку жүйесі бөлшектерінің өлшемі мен материалдарын қамтыған күжат;

картердің сақтандырыш клапандар мен ауа айдайтын ресивердің және оның орналасуының сыйбасы, сонымен бірге осы параметр бойынша ДВС және АПС картеріндегі майлыштың тұманның концентрациясын анықтау және бақылау құрылғысының орналасуы мен белгісінің кестесі (осы Қағиданың 3989 және 3991-тармақтарының 7-тармақшасын ескере отырып);

Қағидамен реттелетін қозғалтқыш бөлшектері мықтылығының есебі;

басты және сериялы қозғалтқыштарды сынақтан өткізу бағдарламасы;

пайдалану кезінде күту, жөндеу талаптары мен монтаждау және реттеу кезінде қажетті құралдар мен өлшеуіш құрылғылары туралы ақпаратты қамтыған қозғалтқышты пайдалану және күту нұсқаулығы;

айналмалы демпфердің немесе антивибратордың (егер ол орнатылған болса) сыйбасы, оны қутудің сипаттамасы мен нұсқаулығы;

бөліп тұруши біліктің қозғалтушы құрылғысының тісті және шығырлы қондырығысының сыйбасы;

қозғалтқыш клапандарын басқару гидравликасы жүйесінің кестесі;

егер қозғалтқыш электронды басқару жүйесімен жасақталса, жұмыс жасамай қалу себебінің сипаты мен салдары көрсетілуі қажет. Онда электронды басқару жүйесіндегі ақаулар қозғалтқыш жұмысын қамтамасыз ететін басқа да маңызды бөлшектерге әсер етпейтіндігі дәлелденуі керек.

2) Қағиданың осы бөлігімен реттелетін ішкі жану қозғалтқыштарынан басқа механизмдер бойынша:

механизм бойынша негізгі мәліметтердің сипаттамасы немесе техникалық жағдай;

ұзына бойғы және көлденен қесіктері көрсетілген механизмдердің жалпы көрінісінің сыйбасы;

фундамент рамаларының, тұғырдың, картердің, корпустардың қақпақтардың және басқа да бөлшектердің дәнекерленген жіктер мен дәнекерлеу бойынша техникалық талаптар көрсетілген құйылған немесе дәнекерленген құрылым бөлшектерінің сыйбасы.

иінді біліктің, тіректік біліктің, жүк көтергіш біліктің және басқа да біліктер мен олардың қозғалтушы құрылғысының сыйбасы;

шатунның, штоктың және поршеньнің сыйбасы;

цилиндр қақпақтары мен цилиндр тығындарының сыйбасы;

тістегеріш және тісті қондырығылы дөңгелек пен оның білігінің сыйбасы;

гидроқондырығының жетекші және бағынышты элементтерінің, бөлектенетін және серпімді муфтінің сыйбасы.

тетікке кірістірілген тіреуіш мойынтарек сыйбасы;

бу және газ турбиналары мен компрессорлары роторларының, сондай-ақ дискілер мен жұмыс доңғалақтарының сызбалары;

жоғары қысымды отын құбырлары мен олар бұзылған жағдайда қорғау сызбалары;

тетік шегінде газ жіберу құбырларын оқшаулау және тігістерінің сызбасы;

тетік шегінде негізгі құбырлар мен отын, майлау, салқыннату, газ жіберу, үрлеу, аяа, басқару, реттеу, сигнализация, қорғау жүйелерінің тәсімдері;

сүжетек тетіктері гидравликалық құбырларының тәсімдері;

тетіктерді фундаментке бекіту конструкциясы мен фундаменттік болттарды орналастыру сызбасы (тек басты тетіктер, электро-генераторлардың жетектері, менгеру машиналары, зікірлік, арқандау және сүйреткіштер тетіктері үшін ғана);

Қағидамен реттелетін тетіктердің бөлшектерін сынауға арналған есеп айырысулар;

тетіктің материал ерекшеліктерімен бірге және сынамалық қысымдардың сандық мағыналары туралы мәліметтермен бірге (олар талап етілетін жерлерде) негізгі бөлшектерінің тізбесі;

тетікті пайдалану және қызмет көрсету бойынша нұсқаулық;

тетіктердің басты және сериялы ұлгілерін сынау бағдарламасы.

3944. Осы Қағиданың 357-қосымшасында аталған, бірақ осы Қағиданың 3943-тармағында ескерілмеген тетіктер бөлшектерінің сызбасы Кеме қатынасының тіркелімімен келісуге жатады.

Әзірлеу барысында бұл бөлшектердің барлығын келісілген техникалық құжаттамаға және осы Қағида 15, 16-бөлімдерінің талаптарына сәйкестігін Кеме қатынасының тіркелімімен келісу қажет.

3945. Бу турбиналары мен газ турбиналары қозғалтқыштарының роторлары, біліктері және дискілері, сондай-ақ жоғары қысымды турбиналардың жалғағыш корпустарының болттарын әзірлеу кезінде ультра дыбыспен бақылау қажет. Басты тісті беріліс біліктерінің массасы 100 кг-нан асқан кезде, тістегршіктердің, тісті доңғалақтардың (тоғындары) массасы 250 кг-нан асқан кезде әзірлену барысында ультра дыбыспен бақыланады.

Болаттан жасалған ішкі жану қозғалтқыш бөлшектері де әзірлеу кезінде осы Қағиданың 358-қосымшасының талабына сәйкес ультра дыбыспен бақыланады.

Ультра дыбыспен бақылау осы Қағиданың 6153-тармағының талаптарына сәйкес жүргізіледі.

3946. Осы Қағиданың 359-қосымшасында аталған ішкі жану қозғалтқыштарына арналған болаттан соғылған және құйылған бөлшектер олардың дәнекерленіп қосылған жерлерін қоса алғанда әзірлеу барысында олардың бетінде ақаулардың бар-жоғын тексеру үшін магнитті ұнтақпен немесе капиллярлы бақылаудан өтуі тиіс.

Жоғарыда аталған бақылаудан, сонымен қатар басты және көмекші турбиналардың жұмыс күректері, бас турбиналардың жолдаушы күректері және газ турбинді қозғалтқыштардың турбина күректері де өткізілуі тиіс.

3947. Ақаулардың жоқ екендігіне күмән болған жағдайда Кеме қатынасының тіркелімі тетіктердің басқа да бөлшектері мен олардың дәнекерленіп қосылған жерлерін бұзбайтын бақылау өткізуі талап етеді.

343-тарау. Гидравликалық сынақтар. Әрекеттегі сынақтар

Ескерту. 343-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3948. ішкі жану қозғалтқыштарының бөлшектерін қоспағанда артық қысым кезінде жұмыс істейтін тетік бөлшектері соңғы механикалық өңдеуден кейін қорғаныш жабыны жабылғанша $r_{pr} = (1,5 + 0,1k)r$, (780) формуласы бойынша анықталған р гидравликалық қысыммен сыналуы тиіс.

r – барынша жұмыс қысымы, МПа;

k – осы Қағиданың 360-қосымшасы бойынша қабылданған коэффициент.

Барлық жағдайда сынамалы қысым көлемі сақтандырғыш қақпақша толық ашылған кезінде белгіленетін қысымнан төмен болмауы тиіс, бірақ бөлшектердің салқыннату құystары мен әр түрлі нығыздау үшін 0,4 МПа-дан төмен емес және басқа жағдайларда 0,2 МПа-дан төмен емес. Егер температура немесе жұмыс қысымы осы Қағиданың 360-қосымшасында қарастырылғаннан асып тұрса, сынамалы қысымды әрбір жағдайда Кеме қатынасы тіркелімі мақұлдауы тиіс.

3949. Тетіктердің бөлшектері мен тораптарын жұмыс қысымына сәйкес тағайындалған сынамалы қысым құystары және әрбір құystағы температура бойынша бөлек сынauғa рұқсат беріледі.

3950. Ішкі жану қозғалтқышының бөлшектері осы Қағида

361-қосымшасының талаптарына сәйкес сынauғa тиіс.

3951. Мұнай өнімдерімен немесе олардың булагымен, гидростатикалық немесе атмосфералық қысыммен толтырылған тетік бөлшектері мен тораптары (редуктор корпустары, тұқырықтар (поддоны)) Кеме қатынасы тіркелімі мақұлдаған тәсілмен май өткізбеу сынынан өтуі тиіс. Дәнекерлеу конструкцияларында май өткізбеу сынынан тек дәнекерлеу тігістері өткізіледі.

3952. Әрбір тетік құрастырылып, реттеліп және төселіп болған соң кемеге орнатылғанға дейін Кеме қатынасы тіркелімі мақұлдаған бағдарлама бойынша стенде жүкпен сынauғa тиіс.

Жекелеген жағдайларда Кеме қатынасы тіркелімінің келісімі бойынша стендегі сынақ кемедегі сынаққа алмастырылуы мүмкін.

3953. Тетіктердің басты үлгілері жекелеген торап бөлшектері мен жалпы тетіктің сенімді және ұзақ жұмыс істеу қабілетін тексеруді қамтамасыз ететін бағдарлама бойынша сынauғa тиіс.

344-тарау. Жалпы техникалық талаптар

Ескерту. 344-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3954. Осы Қағиданың 342-тарауында аталған тетіктер осы Қағиданың 190-тарауында көрсетілген қоршаған орта жағдайларында жұмыс істеу қабілеттілігін сақтауы тиіс.

3955. Бір білікті қондырғылары бар кемелерде пайдалануға арналған басты тетік конструкциялары әдеттегідей олардың апatty режімдерде бөлшектер істен шыққан кезде төменгі қуатта жұмыс істеу мүмкіншілігін қарастыруы тиіс, оларды кеме жағдайларында алмастыру мүмкін емес немесе көп уақыт жұмсауға байланысты.

3956. Болаттан жасалған, құйылған және дәнекерленген, сондай-ақ механизмдердің шоюын бөлшектері дайындау кезінде осы Қағидалардың 587-тарауы 4-параграфының, 588-тарауы 4-параграфының, 589-тарауы 3-параграфының, 6388 және 6851-тармақтарының талаптарына сәйкес термиялық өндeуден өтеді.

Ескерту. 3956-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3957. Тетіктер мен қондырғылардың қозғалғыш бөлігінің бекіту бөлшектері, сондай-ақ қол жеткізу қыын жерлерде орналасқан бекіту бөлшектері олардың өздігінен нашарлауына және қатаруына жол бермейтін құралы немесе тиісті конструкциясының болуы тиіс.

3958. Тетіктер мен жабдықтардың қыздырылған беті осы Қағиданың 186-тарауына сәйкес оқшаулануы тиіс.

3959. Totyruғa ұшырайтын айналадағымен түйісетін тетіктердің бөлшектері totyruғa қарсы материалдан жасалуы тиіс немесе totyruғa қарсы шыдамды жабындары болу керек.

Теңіз суы айналатын тетіктердің салқыннату жолақтарына және салқыннатқыштарға протекторлар орнатылуы керек.

3960. Қашықтықтан автоматты түрде басқару, сонымен қатар апatty-алдын алу және қорғау жүйесі осы Қағиданың 17-бөлімінің талаптарына сай келуі тиіс.

3961. Қозғалтқыштар мен тетіктердің жүйелері мен құбырлары осы Қағиданың 10-бөлімінің талаптарына сай келуі тиіс.

3962. Қозғалтқыштар мен тетіктердің электр жабдықтары осы Қағиданың 13-бөлімінің талаптарына сай келуі тиіс.

345-тарау. Материалдар және дәнекерлеу

Ескерту. 345-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3963. Тетіктердің бөлшектерін әзірлеуге арналған материалдар осы Қағиданың 357-қосымшасының 4-бағанында көрсетілген осы Қағиданың 14-бөлігінің тиісті тарауларының талаптарына сай келуі тиіс. Осы Қағиданың 357-қосымшасының 1-тармағының 13) тармақшасында, 2-тармағының 6-7 тармақтың 3)- 5) тармақшаларында, 3-тармақтың 4), 5)-тармақшаларында, 8-тармақтың 1)-5) тармақшаларында, 9-тармақтың 1)-3)-тармақшаларында 10-тармақтың 6), 8)-11)-тармақшаларындакөрсетілген бөлшектердің материалдары стандарттар бойынша да таңдалуы мүмкін.

3964. Осы Қағиданың 357-қосымшасының 2-тармағының 1)-4), 6), 3-тармақтың 341), 4-тармақтың 1) тармақшасында, 6-тармқтың 1), 6) тармақшаларында аталған бөлшектердің материалдарын әзірлеу кезінде Кеме қатынасы тіркелімінің куәландыруына жатады.

Ішкі жану қозғалтқыштары бөлшектерінің материалдары осы қағиданың 362-қосымшасына сәйкес Кеме қатынасы тіркелімінің куәландыруына жатады.

Кеме қатынасы тіркелімінің қарауы бойынша қысыммен жұмыс істейтін және қозғалтқыш құрамына кіретін құбырлар мен арматуралар жүйелерінің куәландыруын оларды әзірлеу кезінде өткізеді.

3965. Тетіктер бөлшектері үшін қоспалау, сонымен қатар ыстыққа берік, ыстыққа төзімді және беріктілігі мықты болатты немесе қоспаланған шойынды қолдану кезінде Кеме қатынасы тіркеліміне химиялық құрамы, тағайындалуы бойынша қолдану мүмкіншілігін растайтын механикалық және арнайы ерекшеліктері бойынша деректер ұсынылуы тиіс.

3966. Жоғары температура жағдайында (400 С және жоғары) жұмыс істейтін бу турбиналары мен газ турбина қозғалтқыштарының бөлшектері үшін есептелген температура кезінде материалдың созылуын сынау қажет, ал қажет болған жағдайда Кеме қатынасы тіркелімі материалдың есептелген температура кезіндегі мықтылығы ұзақтығының шегі туралы деректер беруді талап ете алады.

3967. Шар тәрізді графитті шойынды 300 С, сұр шойынды 250 С температураға дейін қолдануға болады.

3968. тетіктер бөлшектерін дәнекерлеуді қолдану арқылы әзірлеген кезде осы Қағиданың 16-бөлімінің талаптары орындалуы тиіс.

2-кіші бөлім. Ішкі жану қозғалтқыштары

346-тарау. Жалпы ережелер. Жалпы талаптар

Ескеरту. 346-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3969. Осы бөлімнің талаптары қуаты 55 кВт және одан да жоғары ішкі жану қозғалтқыштардың барлығына таралады.

Қуаты 55 кВт және одан да жоғары ішкі жану қозғалтқыштарына осы талаптардың таралуы әр жағдайда Кеме қатынасы тіркелімінің арнайы қарауындағы нәрсе болып табылады.

Ішкі жанудың қосотынды қозғалтқышына қойылатын талаптар осы Қағиданың 70-бөлімінде көрсетілген.

Кеме қатынасы тіркелімінің нормативті-әдістемелік материалдарының негізінде әзірленген электронды басқару жүйесі бар ІЖК куәландыру және сынау конструкциясына, көлеміне Кеме қатынасы тіркелімі қосымша талаптар қоя алады.

3970. Қозғалтқыштар кемінде 1 сағат ішінде есептелген қуаттың кемінде 10 пайыз артық салмағымен жұмыс істей алуы керек.

3971. Басты ретінде пайдалануға арналған қозғалтқыштар осы Қағиданың 174-тарауының талаптарына сай болуы тиіс.

3972. Параллель жұмыс істеуге арналған ауыспалы токтың дизель-генераторларының айналу жиілігінің біррекелкі еместігі генератор білігінің бұрышта тербелу амплитудасы 3,5Y IP болуы тиіс, бұл жердегі Р – генератор полюстары жұптарының саны.

3973. Крейцкопфты қозғалтқыштардың, цилиндрмен байланысқан үрлеу құыстарының Тіркелім мақұлдаған машиналы бөлімшениң өрт сөндіру жүйесінен автономды өрт сөндіру жүйесі болуы тиіс (осы Қағиданың 273-қосымша).

А санатты машиналы орын-жайлардағы тұрақты вахтасы жоқ кемелердегі басты қозғалтқыштардың үрлеу құыстары өртті дер кезінде табудың және өрт болған жағдайда дабыл сигналын берудің заманауи жүйесімен жабдықталуы тиіс (осы Қағиданың 2513 -тармағы).

3974. Апаттық ретінде пайдалануға арналған дизель-генераторлардың отын, салқыннату және май жағу автономды жүйесінің болуы қажет.

Салқыннату жүйесінің автономдығы деп осы Қағиданың 260-тарауында көрсетілген жабдықтан олардың тәуелсіз болуы деп түсіну керек.

3975. Апаттық генераторларды жетектеуге арналған, сонымен қатар апаттық емес мақсаттар үшін (осы Қағиданың 5241 -тармағы) электроэнергиясының көзі ретінде пайдаланылуы мүмкін қозғалтқыштар отын және май сұзгілерімен, сондай-ақ бақылау-өлшеу аспаптарымен, сигнализациямен және қорғаныш қондырғыларымен жабдықталуы тиіс. Бұл вахтасыз қызмет көрсету кезінде негізгі электроэнергия көздерінің жетектеу қозғалтқыштары үшін талап етіледі. Бұл ретте жұмсалатын отын цистерналарының апаттық дизель-генераторының жұмсалатын отын цистернасының

көлеміне сай келетін отынның төменгі деңгейі бойынша сигнализациясы болуы керек (осы Қағиданың 5241-тармағы).

Бұдан басқа мұндай қозғалтқыштардың кеме теңізде болған кезде апаттық ретінде пайдалануға ұдайы дайын болуына кепілдік беретін олардың қызмет көрсету конструкциясы мен жүйесінің болуы тиіс.

3976. Қозғалтқыштардың есептік қуаты мынадай жағдайлар кезінде анықталуы тиіс:

атмосферлік қысым, кПа, - 100;

аяу температурасы, $^{\circ}\text{C}$, - 45;

ылғалдылығы, %, - 60;

кеме сыртындағы су температурасы, $^{\circ}\text{C}$, - 32.

Басқа да жағдайлар осы Қағиданың 2685-тармағына сәйкес тағайындалуы мүмкін.

3977. Қозғалтқыш білігінің айналу жиілігінің диапазонында (0-1,2)rad, бұл жердегі nr - айналудың есептік жиілігі айналмалы тербеліспен негізделген тыйым салу аймағы болмауы тиіс. Бұл ретте осы Қағиданың 2883-2885-тармақтарының талаптары орындалуы тиіс.

3978. Отынның, жағатын майдың, арматураның, фланецтік қосылыштың құбырлары, сұзгілері экрандалуы немесе олар бүлінген жағдайда мұнай өнімдерінің ыстық жерге түсуін болдырмайтындей етіп қорғалуы тиіс (осы Қағиданың 186-тарауы).

3979. Эксплуатациялық қызмет көрсету мен жөндеуге қойылатын талаптарды және осы талаптарды орындау кезінде монтаждау мен реттеу үдерісінде қажет болатын сайман мен өлшеу аспаптары туралы ақпараттан тұратын қозғалтқышты пайдалану және қызмет көрсету бойынша нұсқаулыққа сәйкес арнайы құралдарды пайдалануға қоятын талаптар болған кезде оларды әзірлеушілер жеткізуі тиіс. Қозғалтқышқа қызмет көрсету әзірлеушінің ұсынымдарына сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.

3980. Жұмыс істеуінің негізгі процесстері (отын беру, газ алмасу, цилиндрлерді жіберу және реверстей, май жағу) гидравликалық (пневматикалық) жүйе көмегімен жүзеге асырылатын электронды басқару жүйесі бар, білік бұрылышының бұрышындағы датчик сигналы бойынша бағдарламасы бар электронды қондырғылармен басқарылатын қозғалтқыштар үшін электронды басқару жүйесінің кез-келген бөлшегінің істен шығуы қозғалтқыштың басқарылмауына немесе өзбетімен тоқтап қалуына әкеп соқтырмаяуы тиіс (қозғалтқыштар электронды басқару жүйесімен жабдықталған жағдайда электронды басқару жүйесінің істен шығуы қозғалтқыш жұмысы мен басқаруының анағұрлым жауапты құралдарының жоғалуына әкеп соқтырмайтынын растайтын және қозғалтқыштардың жазылған эксплуатациялық сипаттамалары шегінде қалатын істен шығулардың сипаттамасы мен зардаптарының талдамасы ұсынылуы тиіс).

Ескерту. 347-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3981. Қозғалтқыштың картерін жасайтын арыс бөлшектерінің қосылу жалпақтығы май мен газ үшін нығыз және өткізбейтін, сондай-ақ калибрленген бөлшектердің көмегімен өзара белгіленген болуы тиіс.

3982. Картердің конструкциясы мен алынатын қақпақшалары осы Қағиданың 3985-3987-тармақтарына сәйкес сақтандырғыш қақпақшаларын орнатуды ескере отырып, картерде жарылыс болған кезде пайда болуы мүмкін қысымды ұстап тұратындай берік болуы тиіс. Бұл ретте қақпақшалар жарылыс кезінде араласпайтындай болып бекітілуі тиіс.

Қозғалтқыштың әр жағындағы картер қақпақшаларында (немесе қозғалтқышты басқару пультінде) катег ішінде болжанған қызып кету шамасына тәуелсіз қажетті салқыннатуды қамтамасыз ету үшін қозғалтқыштың тоқтауынан бастап қақпақшаның ашылуына дейінгі уақыт аралығы көрсетілген қақпақшаны ашуға тыйым салатын алдын ала ескерту жазылуы тиіс.

3983. Қозғалтқыш арысында және онымен түйісетін бөлшектерде сусіңгіш қондырғылар (ағын арналары, құбырлар) қарастырылуы тиіс, сондай-ақ май мен судың циркуляциялық майға ағуын болдырмаудың басқа да шаралары қабылдануы тиіс.

3984. Қозғалтқыш картерлерінің желдеткішін, сондай-ақ картерге сыртықы ауаны алып келетін қондырғыларды қолдануға болмайды, екі түрлі отынмен жұмыс істейтін қозғалтқытарды қоспағанда, бұл жерде картер желдеткіші осы Қағиданың 4402-тармағына сәйкес қарастырылуы тиіс. Егер картерден май тұманын мәжбүрлеп іріктеу қарастырылған болса (мысалы онда тұтін болу үшін), онда вакуум 250 Па-дан аспауы тиіс.

Куаттылығы 750 кВт қозғалтқыштар үшін майдың сорылатын газбен қозғалтқыша түсуін болдырмайтын сенімді май бөлгіштерді орнату жағдайы кезінде турбо немесе ауа айдағыштың көмегімен картерден газ соруды жүзеге асыруға болады.

Жарылыстан соң жалынның таралуын болдырмау үшін екі және одан да көп қозғалтқыштардың картерлерінен ауа және ағынды май құбырларын біріктіруге болмайды.

Картер желдеткішінің құбырлары, егер олар қарастырылған болса, онда олардың көлемі барынша кішкентай болуы тиіс, бұл жарылыстан соң ауаның бұзып өтуін азайту үшін қаншалықты іс жүзінде мүмкін. Бұл ретте құбырлардың түбі жалын үзетін арматурамен жабдықталуы және қозғалтқышқа судың түсуін болдырмайтын етіп орнатылуы тиіс.

Ауа құбырлары будың тұрғын және қызметтік орын-жайларға сорылуын болдырмайтын жерге ашиқ палубаға шығарылуы тиіс.

Қозғалтқыштың май жинағышынан ағын май цистернасына ағызатын май құбырлары олардың екі жағынан да батырылуы тиіс.

Кarterдің ағын тесіктерінде ағын құбырларына бөтен заттар түсірмейтін торлар болуы керек. Аталған талаптар құрғақ картері бар қозғалтқыштарға да қойылады.

3985. Қозғалтқыштардың картерлері сақтандырғыш қақпақшаларымен төмендегідей жабдықталуы тиіс:

1) цилиндрінің диаметрі 200 мм және одан үлкен, бірақ 250 мм-ден аспайтын немесе көлемі 0,6 м³ және одан да үлкен картері бар қозғалтқыштарға кемінде картердің әр үшінша бір-бірден сақтандырғыш қақпақшасын орнату қажет; бұл ретте егер қозғалтқыштардың 8 және одан да көп цилиндрі болса, онда қосымша сақтандырғыш қақпақшаларын картердің ортаңғы бөлігіне орнату керек;

2) цилиндрінің диаметрі 250 мм-ден үлкен, бірақ 300 мм-ден аспайтын немесе көлемі 0,6 м³ және одан да үлкен картері бар қозғалтқыштарға әр қосиін сайын бір-бірден сақтандырғыш қақпақшасын картерге орнату қажет; бұл ретте егер қозғалтқыштардың 8 және одан да көп цилиндрі болса, онда қосымша сақтандырғыш қақпақшаларын картердің ортаңғы бөлігіне орнату керек. Барлық жағдайларда мұндай қақпақшалардың картерге кемінде екеуі орнатылуы қажет;

3) цилиндрінің диаметрі 250 мм-ден үлкен, 300 мм-ден асатын немесе көлемі 0,6 м³ және одан да үлкен картері бар қозғалтқыштарға әр қосиінге қарама-қарсы бір-бірден сақтандырғыш қақпақшасын орнату қажет;

4) цилиндрмен тікелей жалғанған үрлеп тазартатын камералар, сондай-ақ картердің кейбір кеңістіктері, бөлгіш біліктің қадағалағыш бөлігі сияқтылар мен соған ұксас толық көлемі 0,6 м³ және одан да үлкендер қосымша сақтандырғыш қақпақшалармен жабдықталуы тиіс;

5) әрбір сақтандырғыш қақпақшаның өткізетін қимасы кемінде 45 см² болуы керек. Қозғалтқышқа орнатылған қақпақшалардың суммарлық өткізгіш қимасы картердің жалпы көлемінің куб метріне шаққанда кемінде 115 см² құрауы тиіс. Кarterдің жалпы көлемін есептеген кезде одан қозғалмайтын бөлігінің суммарлық көлемі алынып тасталуы мүмкін, алайда жалпы көлемге айналдыратын және қайта келетін қозғалыс жасаушы бөлшектер қосылуы тиіс;

6) цилиндрінің диаметрі 200 мм-ге дейін және картерінің көлемі 0,6 м³ аспайтын қозғалтқыштардың картеріне сақтандырғыш қақпақшаларды орнату талап етілмейді.

3986. Кarterлердің сақтандырғыш қақпақшаларын Кеме қатынасы тіркелімі мақұлдауы тиіс.

3987. Қақпақшалардың конструкциясы мынадай талаптарға сай болуы тиіс:

1) картерде қысым 0,02 МПа-ға көтерілген кезде қақпақшалардың тезарада ашылуын және картерге аяу кіргізбейтіндегі олардың жылдам жабылуын қаматамасыз ету;

2) қақпақшалар картердегі қысымды болдырмауды қаматамасыз ететін және картерде жарылыс болған кезде жалынның шығуын болдырмайтын жалын сөндіргіштермен жабдықталған болуы тиіс;

3) егер сақтандырғыш қақпақшалар жарылыс кезінде тастандыларды экрандауға арналған қондырғылармен жабдықталған болса, қақпақшаларды типтік сынау кезінде экрандау қақпаша жұмысының тиімділігін төмендетпейтіндігін көрсететін тексеру жүргізілуі тиіс;

4) қақпақшалар жеңіл пружиналық дискілермен немесе өзге де жылдам әсер етуші және өздігінен бекіту қондырғыларымен жарылыс кезінде картердегі қысымды түсіру үшін және одан әрі ауаның бұзып өтуін болдырмау үшін жарапталуы тиіс. Қақпақшалардың дискілері толық ашық жағдайында шектеушілермен түйіскен кезде соққыны ұстаяға қабілетті пластикалық материалдан әзірленуі тиіс;

5) қақпақшалардың мынадай маркировкаларының болуы тиіс:

әзірлеушінің атауы мен мекенжайы;

белгісі мен көлемі;

әзірленген күні;

қозғалтқышқа орнату үшін тапсырылған ереже.

Ескеरту. Жиынтықта қақпақшамен бірге орнату мен қызмет көрсету бойынша нұсқаулық көшірмесінің болуы тиіс.

3988. Диаметрі 230 мм-ден аса цилиндрлері бар қозғалтқыштар цилиндрдегі белгіленген жанудың ең жоғарғы қысымынан асуға жеткендігі туралы сигнал беруге арналған қондырғылармен жабдықталуы тиіс.

3989. Куаттылығы 2250 кВт және одан да жоғары немесе кезең-кезеңімен вахтасыз қызмет көрсететін машиналық орын-жайларда орналастырылатын диаметрі 300 мм-ден асатын цилиндрі бар қозғалтқыштар картердегі май тұманы концентраттарының датчиктерімен немесе қозғалтқыш мойынтректерінің температурасын бақылау жүйесімен немесе басқа да теңбе-тең қондырғылармен жабдықталуы тиіс. Жоғары айналмалы қозғалтқыштар үшін теңбе-тең қондырғылар деп қозғалтқыш картерінде жарылыс болдырмайтын бірқатар конструктивті шаралар түсіндіріледі (осы Қағиданың 7380-тармағы).

Бұл ретте мынадай талаптар орындалуға тиіс:

1. Егер механикалық қондырғы бірнеше қозғалтқыштан құралса, әр қозғалтқыштың май тұманын концентрациялық бақылауы және төтенше жағдай кезінде дыбыс беруші жүйелік құрылғылары болуы қажет;

2. Картердегі майлы тұманды концентрациясын табу және бақылау жүйесі бақылау кезінде сынау стендіне сынау мүмкіндігін иеленуі қажет;

3. Төтенше жағдайлар белгісі және жүйелердің сөндірілуі Қағиданың 16-бөліміндегі Өндірісті автоматтандыру талаптарына сай келуі қажет;

Майлы тұман концентрациясы жөніндегі ақпарат пен қозғалтқыштан ажыратылған қауіпсіздік орнындағы белгілер параметрлері туралы ақпарат толық қамтамасыз ету керек;

5. Жүйеде қызметтік ақаулықты алдын-ала болжау үшін сигнал қарастырылған;
6. Майлы тұман концентрациясын анықтау кезінде қолданылатын дүрбілерді тексеру ережесі жүйеде белгіленуі тиіс.

7. Картердегі майлы тұманды концентрациясын табу және бақылау жүйесін бақылау бағдарламалық электронды жүйелерді қолданумен қатар Кеме қатынасы тіркелімі қарауына қажет ақпараттармен қамтамасыз етілуі тиіс.

3990. Қозғалтқышқа орнатылатын картердегі майлы тұманды концентрациясын табу және бақылау жүйесін бақылау Кеме қатынасы тіркелімі типтеріне құпталуы қажет.

Егер тізбекті табылу құрылғыларын майлы тұман кезіндегі бақылаудан тексеру керек болатын жағдайдағы аралық сұрыптау сынама уақыты өте қысқа болу тиіс.

Типтік құрылымды сынай талаптары мен картер қозғалтқышындағы майлы тұман концентрациясын бақылау Кемелерді жасау және кемелер үшін материалдар мен бұйымдарды дайындауға техникалық бақылау қағидасында айтылған.

3991. Картер қозғалтқышындағы майлы тұманды концентрациялау жоғарылауының алдын алу үшін балама іс-шаралар қарастырылады және Кеме қатынасы тіркелімінің қарастыруында арнайы зат болып табылады. Бұл жағдайда 3943-тармақтың 1) тармақшасында қарастырылу талаптарына қосымша нақты ережені қамтитын құжаттар болуы тиіс.

Аталған құжатта келесі толық ақпараттар қамтылады:

- қозғалтқыш сипаттамасы (типі, қуаты, айналу жылдамдығы, цилиндр диаметрі, поршень айналымы және картер көлемінен басқа);
- картердегі майлы тұманды концентрациясының жоғарылауының алдын-алу құрылымның бейнесі (мысалы, мойынтректердің қызуының бақылауы, жағылатын шашыранды май температурасы, картердегі газ қысымы, құрылғылардың айналым жағдайы);
- құрылымның жарылыстың алдын алуға тиімді құрал екені және қолдану тәжірибесін растайтын құжат болып табылады;
- техникалық бақылау, эксплуатация және сынай нұсқауы.

Бұған қоса, тіркеу қарастырылуында картерге потенциалды жару қаупінің минималдық ақпаратындағы инерttі газды енгізу мен қолдануы жайлы толық мазмұнды құжаттары көрсетіледі.

Ескеरту. 348-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Жалпы ережелер

3992. Тексерілетін есептеудің төменде берілген екі рамалы мойның рек арасындағы бір қиғаш тиекті цилиндрлердің бір қатарға және V тәрізді орналасқан кеме дизельерінің тәсілі болат қақталған және құйылған (тұтас немесе жартылай құрамдағы) иінді біліктегі тарапады.

Шойын біліктегі негізdemelіk есептеулер немесе тәжірибелік деректер ұсынылған жағдайда Кеме қатынасы тіркелімімен келісім бойынша рұқсат етілуі мүмкін.

3993. Майлау тесіктерінің иінді біліктің бұлғақты немесе рамалы мойынға шығуы майлау тесіктері ауданындағы төзімділік шегінің қоры ойықтың шегінен кем болмайтындағы пішімде болуы тиіс. Кеме қатынасы тіркелімінің талап етуі бойынша дайындаушы оның майлау тесіктерінің құрылышына қабылдаған негізdemесіне арналған құжаттаманы ұсынуы тиіс.

3994. Иінді біліктің есептемесі үшін төменде берілген құжаттар мен деректер ұсынылуы қажет:

осы тарау талап ететін барлық өлшемдердегі тінді біліктің сыйбасы;

қозғалтқыштың және оның құрылымдық орындалуының түрін белгілеу (қатарлас немесе V тәрізді орналасқан цилиндрлер, ашалы қалпақшасы немесе тіркемелі бұлғақты бар бұлғақтар);

қоспалар жасау ыргағы және тәсілі (тікелей жіберу, предкамера);

цилиндрлердің саны;

есепті қуат, кВт;

қозғалтқыштың есепті айналу жиілігі, мин-1;

айналу бағыты (осы Қағиданың 363-қосымшасы);

тұтану аралығындағы тұтану тәртібі және, егер қажет болған жағдайда, цилиндрлер блогының қирау бұрышы бv, град (осы Қағиданың 363-қосымшасы);

цилиндрлердің диаметрі, мм;

піспек жүрісінің ұзындығы, мм;

жанудың ең жоғарғы қысымы Pmax, МПа

енгізу клапаны немесе үрлегіш терезе алдындағы, қайсысы қолданғанына қарай, үрлегіш ауауның қысымы, МПа;

сығымдаудың есепті деңгейі;

шатунның ұзындығы LH, мм;

цилиндрдің қиғаш тиекті-бұлғақты механизмінің айналу массасы, кг (V-тәрізді қозғалтқыштар үшін, егер қажет болған жағдайда, қиғаш тиекті-бұлғақты механизмінің массасы негізгі және тіркемелі бұлғақты немесе ашалы және ішкі бұлғақты);

қиғаш бұлғақты бұру бұрышы қызметінде газдың тең бұрыштар арқылы сандық пішімде берілген қиғаш қысымы кемінде 5Y (V-тәрізді қозғалтқыш үшін цилиндрлердің қирау бұрышы оның бұрышының еселік мәніне тең болуы тиіс);

кесу құшнің ию сәтінің, айналу сәтінің шамасы (осы Қағиданың 3996, 3999-тармақтары);

материал туралы деректер;

4186. Жанатын сұйықтықты айдауға арналған сорғыда сақтандыру клапанынан сұйықтықты өткізу сорғының сорып алынатын қуысында немесе құбырдың сорып алынатын бөлігінде жүзеге асырылуы тиіс.

4187. Гидравликалық соққының туындауын болдырмайтын шаралар көзделуі тиіс; осы мақсаттар үшін өткізу каналдары ұсынылмайды.

3-параграф. Беріктікті тексеру

4188. Сорғы роторының шекті айналу жиілігі айналу жиілігінің 1,3 есептікке кем болмауы тиіс.

4189. Сорғы бөлшектері оларда сорғының есептік өлшемдеріне сәйкес күш салу әрекет еткен кезде беріктікке тексерілуі тиіс. Бұл ретте бөлшектердегі келтірілген кернеу бөлшек материалдарының ағындылығы 0,4 еселік шегінен артпауы тиіс.

4-параграф. Өздігінен сорып алатын сорғылар

4190. Өздігінен сорып алатын құрылғымен жабдықталған сорғылар жұмысты қамтамасыз етуі тиіс және "құрғақ сорып алу" жағдайында сорып алу құрылғысының ластанған суда жұмыс істеуін болдырмайтын құрылғысы болуы тиіс.

4191. Өздігінен сорып алатын сорғыларда мановаккуметрді қосуға арналған орын көзделуі тиіс.

5-параграф. Мұнай қую кемелерінің жанғыш сұйықтықты айдайтын сорғыларына, жүк, тазалау және балласт сорғыларына қосымша талаптар

4192. Білік нығыздалуы туындаған жылыстаулар ауа мен газдың тұтанатын қоспаларының қалыптасуына алып келмейтін мөлшерде булар мен газдардың қалыптасуын тудыратындей болуы тиіс.

4193. Шамадан тыс қызу мен ауналу бөлшектерінің нығыздауларында тұтану мүмкіндіктері болдырылмауы тиіс.

4194. Сорғы конструкциясында тәмен электр өткізгішті (пластмасса, резенке) материалдар қолданған кезде отырғызышты қосу немесе зарядтарды алып тастау мен оларды корпуска бөлу құрылғысын пайдалану арқылы осы электр зарядтарын алу үшін шаралар қолданылуы қажет.

4195. Осы Қағиданың 2733-тармағына сәйкес жүк сорғылары үй-жайларында орнатылған сорғылардың корпустары температура датчиктерімен жабдықталуы тиіс.

368-тaraу. Желдеткіштер, ауа үрлеғіштер және турбонаагнетиктер

Ескерту. 368-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Жалпы талаптар

4196. Осы тараудың талаптары осы Қағиданың 10-бөлімінде регламенттелген жүйелерді керекті заттармен қамтамасыз етуге арналған желдеткіштерді, сондай-ақ ішкі жану қозғалтқыштардың турбоайдаушыстары мен қазандықтардың ауаайдаушыстарын жобалау және дайындау кезінде орындалуы тиіс.

4197. Қосатын жалғастыруыштармен бірге желдеткіштер мен ауа айдаушыстардың роторлары, сондай-ақ турбоайдаушыстардың роторлары жында осы Қағиданың 4092-тармағына сәйкес тенгерілген болуы тиіс.

4198. Желдеткіштердің, ауаайдаушыстардың және турбоайдаушыстардың сорғыш келтекқұбырлары оларға бөтен заттардың түсуінен қорғалуы тиіс.

4199. Турбоайдаушыстардың мойынтректерді майлау жүйесі майға ауа түсү мүмкіндігі болмауы тиіс.

2-параграф. Беріктігін тексеру. Мұнай құйғыш кемелердің жүк сорғылары орын-жайларының, қауіпті жүктөрді тасымалдауға арналған орын-жайлардың және бактарда жарамайлары бар автокөліктөрді тасымалдайтын жүк орын-жайларының желдеткіштеріне қосынша талаптар

4200. Турбиналардың жұмыс дөңгелегі және айдаушыстар айналу жиілігі кезінде 1,3-ке тең, кез келген қимада келтірілген қысым бөлшек материалдарының 0,95 шегіне есептелуі тиіс.

Турбиналардың жұмыс дөңгелегі және айдаушыстар 1,2 тең айналу жиілігі кезінде 3 минуттан кем емес аралықта сынау арқылы беріктігіне тексерілуі тиіс.

Турбиналардың жұмыс дөңгелектері мен айдаушыстарын осылай тексеру міндетті болып табылады.

Бұзылмайтын бақылаудың макұлданған әдістерінің бірінен жұмыс дөңгелегінің әрбір соқпаларын бақылау көзделген жағдайда сериялық ұлғілер мұндай тексеріске тартылмайды.

Газтурбиналық айдаушыстар үшін қысымдардың шоғырауды және илгіштікті ескеретін есептеу әдістерін (соңғы элементтер әдісі) қолданған жағдайда, Кеме

қатынасы тіркелімімен келісім бойынша беріктіктің басқа да запастарына да жол берілуі мүмкін.

4201. Желдеткіштің қанаты мен корпусының арасындағы әуе саңылауы мойынтырек аумағындағы қанат белдігінің мойнының 0,1 диаметрінен, бірақ барлық жағдайларда 2 м кем болмауы тиіс (бұл ретте 13 мм артық жасамауға болады).

4202. Желдеткіштің корпусына бөтен заттардың түсінің алдын алу үшін желдету арналарының кіретін және шығатын жерлерінде ашық палубада көлемі 13 мм-дан артық емес ұшықтары бар қорғау торлары орнатылуы тиіс.

4203. Айналатын бөлшектер мен корпуста электрлік зарайттардың толып қалуының алдын алу үшін олар статикалық электр зарайттарының туындалтпайтын материалдардан жасалуы тиіс. Бұдан басқа, кемелерде желдеткіштерді орнату осы Қағиданың 13-бөлімінің талаптарына сәйкес кеме корпусын сенімді жерге қосылуын көздеуі тиіс.

4204. Қанаты мен корпусы (қанатпен түйісуі мүмкін аумақта) өзара іс-қимыл кезінде ұшқын пайда болмайтын материалдардан дайындалуы тиіс.

Ұшқын пайда болғызбайтын қанаттар мен корпус материалдар үйлесіміне:

- 1) статикаға қарсы қасиеттері бар метал емес материалдар;
- 2) темір емес негіздегі қорытпалар;
- 3) тот баспайтын аустеникалық болат;
- 4) егер қанат аумағындағы корпустың ішінде темір емес негіздегі қорытпалардан дайындалған шығыршық орнатылса, алюминий немесе магни қорытпаларынан, ал корпусы шойыннан немесе болаттан (тот баспайтын аустениттік болатты қоса алғанда) дайындалған қанаттар;
- 5) олардың арасындағы саңылау кемінде 13 мм болған жағдайда, шойын және болат ұннаттар мен корпустардың кез келген үйлесімі (ұннаттары мен корпустары тот баспайтын устеникалық болаттан дайындалғанды қоса алғанда) жатады.

4205. Осы Қағиданың 4204-тармағында көзделмеген қанаттар мен корпустардың материалдарының басқа да үйлесімі, егер жүргізілген тиісті сынақтар ұшқын түзбейтіндігін дәлелдесе, оған рұқсат берілуі мүмкін.

4206. Қанаттар мен корпус материалдарының мынадай үйлесімдерін қолдануға жол берілмейді:

- 1) қанаттары алюминий немесе магни қорытпаларынан дайындалған, ал корпусы темір емес негіздегі қорытпалардан;
- 2) темір емес негіздегі қорытпалардан дайындалған қанаттар, ал корпустар алюминий немесе магни қорытпалардан;

Олардың арасындағы саңылау кемінде 13 мм болған кезде темір емес негіздегі қорытпалардан дайындалған қанаттар мен корпустар.

Ескерту. 369-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Жалпы талаптар

4207. Сепараторлардың конструкциясы мұнай өнімдерінің және сепараттаудың кез келген режимдерінде олардың булаresының ағып кетуін болдырмауы тиіс.

4208. Сепараторлардың барабандары динамикалық теңгерілген болуы тиіс. Алынатын бөлшектерінің жағдайы таңбалануы тиіс. Тарелка ұстаушы мен барабанның конструкциясы олардың дұрыс жиналмау мүмкіндігін болдырмауы тиіс.

4209. "ротор - статор" жүйесі айналудың сындарлы жиілігінің аймағы бос күйінде де, сол сияқты толы күйінде айналудың жұмыстық жиілігінен асатында етіп есептелуі тиіс.

Айналудың сындарлы жиілігі аймағының есептелгеннен төмен болуы сепаратордың ұзақ сенімді жұмысы дәлелденген жағдайда ғана жол беріледі.

4210. Қосуды жалғастыру конструкциясы сепаратордың барлық жұмыс режимдерінде ұшқын тұзу, рұқсат етілмегенген қызуды болдырмауы тиіс.

4211. Газдық, тасымалданатын метанда орнатылған және ішкі жанудың қос отындық қозғалтқыштарына метанды жеткізу жүйесінде пайдаланылатын компрессорлар (осы Қағиданың 4394-тармағы) сорғыштағы температура 163°C артпаға кезде амосферліктен $25 - 30 \text{ МПа}$ -ға дейін қысымның артуын қамтамасыз етуі тиіс.

2-параграф. Беріктігін тексеру

4212. Сепаратордың айналатын бөлшектері кемінде 30-ға артатын айналу жиілігі кезіндегі іс-қимылдың кезіндегі беріктігіне тексерілуі тиіс; бұл ретте ондағы жиынтық қысым бөлшек материалының аумалылығы шегінде 0,95-тен аспауы тиіс.

4213. Дайындаушы зауыттың қабырғасында сепаратордың басты үлгісі кемінде 30 % есептік жиілікten асатын айналу жиілігі кезінде сынау арқылы айналатын бөліктірінің беріктігіне тәжірибелік тексеріске тартылуы тиіс.

3-параграф. Бақылаулық өлшеу және қорғау құралдары

4214. Сепарация үдерісіне бақылау құрылғысы көзделуі тиіс.

4215. Сепараторларды агрегаттың рұқсат етілмеген дірілі туындаған кезде сепараторды автоматты түрде өшіру құрылғысымен жабдықтау ұсынылады.

6-кіші бөлім. Палубалық механизмдер

370-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 370-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4216. Тежегіш жапсырмалар мен оларды бекіту теңіз суына және мұнай өнімдеріне тәзімді болуы тиіс. Тежегіш жапсырма 250^0 С температураға дейін қызуға шыдамды болуы тиіс.

Тежегіш жапсырма мен тіреуіш қаңқаның арасын қосылыстардың рұқсат етілген қызуға шыдамдылығы механизм жұмысының барлық мүмкін болатын режимдері қосылыстардағы қызудан жоғары болуы тиіс.

4217. Механикалық және қолдан жасалған жетектері бар механизмдер олардың бір мезгілде жұмыс істеу мүмкіндігін болдырмайтын бұғаттайтын құрылғымен жабдықталуы тиіс.

4218. Палубалық механизмдерді басқару құрылғысы маҳовиктің айналуы оң немесе рычагты өзіне тарту қозғалысымен, ал түсі – маҳовиктің айналуы солға немесе рычагты өзінен итеру қозғалысымен жүргізілуін таңдау арқылы орындалуы тиіс. Тежегіштерді тоқтату маҳовиктерді оңға айналдыру, ал шегіндіріп тежеуді – солға айналдыру арқылы жүргізу керек.

4219. Басқару құрылғысы, сондай-ақ бақылау-өлшеу құралдары басқару орнынан оға бақылау жасау қадағаланатындей орналасуы тиіс.

4220. Гидравликалық жетектері бер немесе басқару механизмдері осы Қағиданың 69-бөлімінің талаптарына қосымша жауап беруі тиіс.

4221. Шығырлардың барабандары, көп қабатты болып табылатын арқандық орам, ал арқан бірнеше қабатты жүкке тартылуы мүмкін, ораманың жоғарғы қабатына арқаның 2,5 диаметрінен кем емес қалқаны болуы тиіс.

4222. Жүк оғының шығырлары мен шырмалғышы, жүк көтеру механизмдері, оқ ұшуының өзгеруі, крандар мен көтергіштердің бұрылуары мен қозғалыстары және басқа да палубалық механизмдер, 0,1 және 2 жарылыс қаупі бар аймақтарда орналасқан жағдайда, егер олар мұнайдың құйылуын жою жөніндегі операциялар уақытында пайдаланылса жарылыс қауіпсіз дайындақты жасалуы және құзыретті ұйым берген жарылыс қауіпсіздігі туралы куәлігі болуы тиіс (жарылыс қауіпті аймақ – осы Қағиданың 542-тарауы).

371-тарау. Рульдік жетектер

Ескерту. 371-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Жалпы талаптар

4223. Басты және қосалқы рульдік жетектер (осы Қағиданың 51-тарауының 6-параграфы) олардың біреуінің жеке зақымдануы басқа жетектің істен шығармайтындей етіп құрылуы тиіс.

4224. Екі немесе бірнеше бірдей қуатты агрегаттары бар басты рульдік жетек (осы Қағидаға 1031-тармағы) оның құбыр өткізгішіндегі немесе оның қуатты үондырғыларының біреуінің жеке зақымдануы рульдік жетектің қалған бөлігінің істен шығармайтындей етіп құрылуы тиіс.

10000 және одан да көп сыйымдылығымен мұнай құятын (

$\geq 60^{\circ}\text{C}$), химиялық немесе газдық кемелердегі гидравлистикалық жүйелері бар рульдік құрылғы гидравлистикалық жүйенің кез келген бөлігіндегі сұйықтықтың ағып кетуін табу бойынша дыбыстық және жарық арқылы берілетін сигналдармен, сондай-ақ кемені басқару үзілісі гидравликалық жүйенің зақымдалған участкесі істен шыққан сәттен бастап 45 с аспайтындей барлық құрылғыдан жүйенің зақымдалған участкесін автоматты түрде ажырататын құрылғылармен жабдықталуы тиіс.

4225. Апат кезінде 2 минуттан аспайтын уақыт ішінде Рульдік жетектердің конструкциясы басты рульдік жетектен қосалқыға ауысуын қамтамасыз етуі қажет.

4226. Рульдік жетектер пайдаланудың барынша ауыр жағдайларында рульдік құрылғының үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етуі тиіс.

Рульдік жетектің конструкциясы артқы жүрістің ең көп жылдамдығында кеменің жұмыс істеуі кезінде оның зақымдану мүмкіндігін болдырмауы тиіс.

4227. Рульдік жетектің $M_{\text{есеп}}$ есептік дөңгеленген сәті ретінде номинальдық параметрлерінің режиміндегі жұмысы кезінде 35^0 басты жетек үшін және 15^0 қосалқы жетек үшін рульді қайта салудың тиісті бұрышына дөңгеленген сәт қолданылады (гидравликалық және электрогидравликалық құыстардағы номиналдық қысым, электрлік жетектің электрлік қозғалтқышындағы тоқ пен қысымның номиналдық күші). Бұл ретте 0^0 қайта салу тиісті бұрышының дөңгеленген сәті $0,82 M_{\text{есепт.}}$ кем болмауы тиіс.

4228. Рульдік жетектер бар кеменің комплектациясы бойынша талаптар осы Қағиданың 54-тарауында жазылған.

4229. Рульдік құрылғының гидрожетек жүйелерінде сыйымдылығы теңестіруші цистернаны қоса алғанда, кемінде бір қуатты жүйені толтыру үшін жеткілікті сұйықтықты сақтауға арналған стационарлық цистерна көзделуі тиіс. Осы стационарлық цистернада сұйықтықтың деңгейін көрсеткіш болуы және оның гидравликалық жүйесі румпелдік бөлімшеден тікелей толтырыла алғандағы гидрожетектің құбыр өткізгішпен қосылуы тиіс.

Әрбір теңестірілген цистерна сұйықтықтың ең аз деңгейі туралы сигнализациямен жабдықталуы тиіс.

4230. Әрбір мұнай құятын кеме, химиялық заттарды тасымалдайтын немесе газ тасымалдайтын жалпы сыйымдылығы 10000 және одан да көп мұнай құятын кеме ($\geq 60^{\circ}\text{C}$) мынадай талаптарға жауап беруі тиіс (осы Қағиданың 4231-тармағы):

1) басты рульдік жетектің румпельді қоспағанда кез келген бір бөлігі, сондай мақсатта қызмет ететін сектор және басқа да элементтерінің бірінің зақымдануынан басқаруы жоғалған, сондай-ақ рульді қайта салудың орындаушы жетегінің сыналануын қоспағанда, басқаруы қуатты жүйелердің біреуі істен шыққаннан кейін 45-тен аспайтын аралықта қалпына келтірілуі тиіс;

2) басты рульдік жетек:

әрқайсысы осы Қағиданың 1029-тармағының талаптарын орындауды қамтамасыз ете алатын екі тәуелсіз және жеке қуатты жүйелерден немесе

не болмаса қалыпты жұмыс істеу кезінде бір уақытта әрекет ете отырып, осы Қағиданың 1029-тармағының талаптарын орындауды қамтамасыз ете алатын екі бірдей қуатты жүйелерден тұруы тиіс.

Осы жағдайда гидравликалық жүйелердің өзара байланысы, кез келген қуатты жүйелерден сұйықтықтың ағып кетуін табу мүмкіндігі, сондай-ақ басқа жүйе немесе жүйелер жұмыс істейтін жағдайда болатындағы зақымдалған жүйені автоматты тұрде оқшаулау көзделуі тиіс.

3) гидравликалық емес тұрдегі рульдік жетектер тен талаптарға жауап беруі тиіс.

4231. Гидравликалық рульдік жетектер осы Қағиданың 11-бөлімнің 7-кіші бөлімі, 5 және 13-бөлімдерінің талаптарына жауап беруі тиіс.

4232. Рульдік жетектердің гидравликалық жүйелерінің құбырлары 1-сыныпты құбыр өткізгіштерге берілетін осы Қағиданың 10-бөлімнің талаптарына жауап беруі тиіс. Осы жүйелерде қолданылатын икемді қосылғыштарға талаптар осы Қағиданың 236-тарауында жазылған.

4233. Мұнай құйғыш кемелер, мұнай құйғыш кемелер ($\geq 60^{\circ}\text{C}$), сыйымдылығы 100000 және одан да көп, бірақ дедвейті 100000 т кем химиялық заттарды тасымалдағыштар мен газ тасымалдағыштар үшін Кеме қатынасы тіркелімінің қараша бойынша егер қауіпсіздіктің тен деңгейіне жетсе, сондай-ақ мынадай жағдайларда осы Қағиданың 4230-тармағында келтірілгендерден өзге шешімге жол берілуі мүмкін:

1) егер құбыр өткізгіштердің жүйелерінің кез келген бөлігінің немесе қуатты агрегаттардың бірі зақымдануының нәтижесінде басқаруы жоғалғанна кейін басқару 45 с аралығында қалпына келтірілсе;

2) егер рульдік жетек бір орындаушы жетекті ғана қосса. Осындай жағдайда қажу кернеулерін және бұзылған механизмдерді талдау қолданылатын жерлерді қоса алғанда, конструкциядағы кернеулерді талдауға айрықша көніл бөлінеді; бұл ретте

қолданылатын материалдарға, нығыздау қондырғысына, сынақ және тексеріс жүргізуге , сондай-ақ сенімді техникалық қызмет көрсетуге де айрықша көніл бөлінуі тиіс.

2-параграф. Жетек қуаты

4234. Басты рульдік жетектер қуаты рульдік жетектің оған есептік мезеті әрекет еткен кезде 28 с-тан аспайтын уақыт ішінде бір ернеудің 35^0 басқа ернеудің 30^0 ауысуын (бұру қондырғысын) қамтамасыз етуі тиіс.

4235. Қосалқы рульдік жетектердің қуаты осы Қағиданың 1030-тармағында берілген жағдайларда рульдік 60с-тан аспайтын уақыт ішінде бір ернеудің 15^0 -нан басқа ернеудің 15^0 -на ауысуын (бұру қондырғысын) қамтамасыз етеді.

4236. Рульдік жетектердің қозғалтқыштары бір минут ішінде есеп айырысу сәтіне сәйкес келетін кемінде 1,5 сэт бойынша артық тиеге жол береді.

Рульдік жетектердің электр қозғалтқыштары осы Қағидалардың 446-тарауының талаптарына сәйкес келеді.

Ескерту. 4236-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы реңми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-параграф. Қолды рульдік жетектер

4237. Басты қолды рульдік жетектің өздігімен тежейтін құрылымы болуы керек.

Қосалқы қолды рульдік жетекте өздігімен тежейтін немесе басқару постынан сенімді басқару қамтамасыз етілген жағдайда тоқтату құрылғысы болады.

4238. Басты қолды рульдік жетек R – ұзындығының ортасына дейінгі штурвал қолсабының радиусы, м, болған жағдайда рульдің бір ернеуінен басқа ернеуіне толық ауысқандығы штурвал айналымдарының $9/R$ кем емес санына жеткендегі 120 Н-нан кем емес штурвал қолсабында бір адамның күшімен жұмыс істеген жағдайда осы Қағиданың 4463-тармағының талаптарын қамтамасыз етуі қажет.

4239. Қосалқы қолды рульдік жетек әр жұмыс істеп түрған штурвалға 160 Н-нан кем емес штурвал қолсабына төртеуден кем емес адамның күшімен жұмыс істеген жағдайда осы Қағиданың 4235-тармағы талаптарын қамтамасыз етуі тиіс.

4240. Энергия көзінен әрекет ететін әр рульдік жетектің (бұру қондырғысы) руль (бұру қондырғысы) бұрылышының шектегішіне жеткенге дейін оның әрекетін тоқтатын құрылғысы болуы керек.

4-параграф. Артық жүктеуден және кері айналымнан сақтау

4241. Басты және қосалқы рульдік жетектердің оның есептік айналымына сәйкес 1,5 -ға тең мезет баллерінде туындаған жағдайда жетек бөлшектерінің және тораптарының шамадан тыс жұмысынан қорғанысы болуы керек. Гидравликалық рульдік жетектер

үшін артық жүктеуден сақтау құрылғысы ретінде гидравликалық рульдік жетек қуысының сәйкес ең жоғарғы жұмыс қысымы 1,25-тен артық емес болған жағдайда жоғарыда аталған талаптың орындалуын қамтамасыз ететін, қысымға қарай реттелетін сақтаушы клапандарды пайдалануға болады. Сақтандыру құрылғыларының құрылымы оның пломбалау мүмкіндігін қамтуы тиіс.

Сақтандыру клапандарының ең төменгі өткізу мүмкіндігі сорғылардың соммалық берісінің 10 пайызынан аспауы тиіс; бұл жағдайда қысым гидравликалық рульдік жетек қуысында сақтандыру клапандары реттелген қысымнан артық көтерілмеуі тиіс.

4242. Басты қолды жетек үшін осы Қафиданың 4241-тармағында көрсетілген артық жүктеуден сақтаудың орнына жетек құрамында буферлік серіппенің болғаны жеткілікті

Косалқы қолды жетек үшін артық жүктеуден сақтаудың болуы міндетті емес.

4243. Гидравликалық рульдік машиналардың сорғыларының кері бағыттағы сөндірулі сорғының айналымына қарсы сақтандыру құрылғысы немесе сөндірулі сорғы арқылы сұйықтық ағымын тоқтататын автоматты түрде әрекет ететін құрылғы болуы тиіс.

5-параграф. Тежеуіш құрылғысы, руль жағдайының (бұру қондырғысы) көрсеткіштері

4244. Рульдік құрылғы тежеуішпен немесе баллер мойынтрегінің пайдалы әрекетінің коэффициентінің есебінсіз басты рульдік жетектің есептік айналымдық мезетіндегі руль тарапынан болған әрекет кезінде кез келген жағдайда бір орындағы рульдің (бұру қондырғысының) тежелуін қамтамасыз ететін басқа құрылғымен жабдықталуы тиіс.

4245. Поршеньдері немесе қалақтары май өткізгіш клапандардың жабылуымен тоқтатыла алғын гидравликалық рульдік жетектерде арнайы тежеуіш құрылғы болмауы да мүмкін.

4246. Рульдік жетек секторында, гидравликалық рульдік машина параллелінде немесе баллермен тығыз байланысқан бөлшектерде 1^0 артық емес бөлу бағасы берілген руль (басқару қондырғысы) жағдайының шкаласы болуы керек.

6-параграф. Беріктікті тексеру

4247. Басты және қосалқы рульдік жетектердің күш желілері ағымындағы бөлшектерінің жетектің есептік айналымдық мезетіне сәйкес, ал құбырлар мен қысымға түсетін жетектің басқа да элементтері үшін есептік қысымға сәйкес ішкі гидравликалық қысымға түсетін салмақтағы әрекет кезінде беріктігі тексерілуі тиіс.

Құбырлар мен рульдік жетектің ішкі қысымға түсетін басқа элементтерінің көлемін анықтау үшін есептік қысым ең жоғарғы жұмыс қысымының 1,25-тен кем емес болуы тиіс; бұл жағдайда Кеме қатынасы тіркелімінің қарастыруынша, есептеу кезінде

динамикалық күштен туындастын қысымды есепке алатын қажу өлшемдері қолданылуы керек.

Жоғарыда көрсетілген барлық жағдайларда, бөлшектерде берілген кернеулер болат бөлшектер үшін ағымдық шектің 0,4-ынан және түйіртпек графитті шойын бөлшектер үшін беріктік шегінің 0,18-інен аспауы керек.

4248. Басты және қосалқы рульдік жетектерге ортақ бөлшектердегі (румпель, сектор, редуктор) кернеу осы Қағиданың 4247-тармағына сәйкес кернеудің 80 пайызынан аспауы тиіс.

4249. Осы тараудың 4-ші параграфында берілген артық жүктеуден сақтандыру құрылғыларынан сақтандырылмаған рульдік жетектер бөлшектерінің баллер беріктігіне сәйкес беріктігі болуы керек.

7-параграф. Баллермен біріктіру

4250. Рульдік машинаны немесе өткізгішті баллермен тығыз байланысты бөлшектермен біріктіру баллердің осьтік ауысуы жағдайында рульдік жетектің сынуы мүмкіндігін болдырмауы тиіс.

4251. Румпель көпшігінің немесе сектордың баллермен біріктірілуі осы Қағиданың 4227-тармағында көрсетілген $M_{\text{есепт}}$ екі еселенген есептік мезетінен кем емес беруге (передача) есептелуі қажет. Еркін орналасқан секторлар мен қосалқы румпельдер көпшіктерінің биіктігі баллер басының диаметрінің 0,8-інен кем болмауы тиіс. Баллерге тығыздалған кілтексіз қондыру кезінде ажырамайтын көпшіктер үшін үйкеліс коэффициенті 0,13-тен артық болмауы керек.

4252. Ажырайтын көпшіктер барлық жағынан екеуден кем емес болттармен бекітіліп, екі кілтегі болуы керек. Кілтектер ажырау жазықтығына 90^0 бұрышында орналасуы тиіс.

372-тарау. Зәкір механизмдері

Ескерту. 372-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

1-параграф. Жетек

4253. Зәкірлік механизмнің жетек қозғалтқышының қуаты кемінде 0,15 м/с жылдамдықпен қуатты қалыпты жағдайда ұстап тұратын зікірден зәкірлік шынжыр 30 минут ішінде P_1 , Н, тарту кезінде мынадай формула бойынша ұздіксіз тандауды қамтамасыз етуі тиіс:

$$P_1 =$$

\bar{d}^2 , (842)

мұнда

a — коэффициент, тең:

36,8 — 1 санаттағы шынжыр үшін;

41,7 — 2 санаттағы шынжыр үшін;

46,6 — 3 санаттағы шынжыр үшін;

d — зәкірлік шынжырдың калибрі, мм (осы Қағиданың 4-бөлігінде көрсетілген шынжыр санаттары).

28 мм калибрлі шынжырлар үшін және Кеме қатынасының тіркелімімен келісім бойынша а коэффициентін азайтуға жол беріледі. Кемедер үшін жұлдызшада P_2 , Н тартымды күшін ұамтамасыз ету белгілі формуладан кем болмауы тиіс

$$P_2 = 11,1 (gh + G) \quad (844)$$

мұнда g — зәкірлік шынжырдың құма метрінің жиыны, кг; h — зәкірлік тұрақтың өзіндік терендігі, м.:

200 м — 720 немесе одан аз жабдықтау сипаттамасы бар кемелер үшін

250 м — көп жабдықтау сипаттамасы бар кемелер үшін

720 (осы Қағиданың 57-тарауының 2-параграфы);

G — зәкірдің жиыны, кг. кем болмауы тиіс.

Зәкірлік шынжырды таңдау жылдамдығы үш ұшы асылып тұрған күйдегі сэттен бастап екі ұшының ұзындығыменөлшенуі тиіс.

4254. Зәкір клюзге келген кезде жетек шынжырдың 0,17 м/с артық емес жылдамдығын таңдауды қамтамасыз етуі тиіс. Зәкірді клюзге тарту жылдамдығы 0,12 м/с аспау ұсынылады.

4255. Зәкірді жерден тартып алу үшін зәкірлік механизмнің жетегі жылдамдыққа қандай да бір талап қоймай, бір жұлдызшада 1,5 есептіктен кем емес тарту күшімен шынжырға екі минут ішінде құруды қамтамасыз етуі тиіс.

2-параграф. Тежегіштер мен муфталар

4256. Зәкірлік механизмдер жұлдызша мен оның жетектік білігінің арасына орналасқан ажыратқыш муфталармен жабдықталуы тиіс.

Өзі тежелмейтін бергіштері бар зәкірлік механизмде жетектік энергия жоғалған кезде немесе жетек істен шықкан кезде жұмыс істейтін автоматты тежегіш құрылғы болуы тиіс.

4257. Автоматты тежегіш жұлдызшада $1,3 P_1$ немесе $1,3 P_2$ кем емес шынжырдағы тиісті күшпен сырғанамайтын тежегішпен қамтамасыз етілуі тиіс.

4258. Әрбір шынжырлық жұлдызша жетектен ажыратылған жұлдызша мынадай:

1) кеменің теңізде тұруына арналған зәкірлік шынжырдың стопорының зәкірлік құрылғысы құрамында болған кезде 0,45-ке тең;

2) жоғарыда аталған стопор болмаған кезде шынжырдың ажырату жүктемесі 0,8-ге тең күште шынжырдағы қымылы кезінде тежегіштің сырғанамай зәкірлік шынжырды ұстап қалуды қамтамасыз етуі тиіс

Тежегіш жетегінің рукояткасындағы күш 740 Н артық болмауы тиіс.

3-параграф. Шынжырлық жұлдызшалар

4259. Шынжырлық жұлдызшаларда кемінде бес жұдырық болуы тиіс. шынжырдың орап алу осі көлденең жатқан жұлдызшалар үшін кемінде 115^0 ал осі тік жатқан жұлдызшалар үшін кемінде 150^0 болуы тиіс.

4260. Шынжырлық жұлдызшалар көлденең және тік күйдегі қосуши буындардың өтуіне мүмкіндік беруі тиіс.

4261. Жұлдызшалардың конструкциясы буындардың мынадай жағдайларда:
негізгі жетектен механизмнің жұмысының барлық режимдерінде;
кеменің зәкірде тұруы кезінде;

^{≈ 4}
м/с өндеудің жылдамдығын қамтамасыз ету кезінде таспалы тежегішпен дүркін-дүркін тежей отырып, еркін түсу мақсатында зәкірді өндеу кезінде жұдырықшалар арқылы секіріп кетуіне жол бермеуі тиіс.

4262. Егер механизм жетегі сынақ жүктемесінің 0,5тен көп жұлдызшаларына күш түсіретін кезеңді дамыта алатын болса, онда жетек пен механизм арасында орналасқан көрсетілген жүктеменің артуынан қорғаныс көзделуі тиіс.

4-параграф. Беріктігін тексеру

4263. Жетектің ең көп кезеңіне сәйкес келетін, қорғаныстың шек қоюына сәйкес келетін жұлдызшаға әрекет ету кезінде, сондай-ақ осы Қағиданың 3000-тармағын (осы Қағиданың 4265 – 4270-тармақтары) ескере отырып, клюзбен және толқынның әсерімен қозгалатын шынжырдың ажыратқыш жүктемесі кезінде кеменің іргетасына механизмнің бекітілу бөлшектерінің және механизм бөлшектерінің беріктігіне тексру жүргізуі тиіс. Жоғарыда көрсетілген жүктемелердің бөлшектеріне әсер етуден туындауы мүмкін бөлшектердегі келтірілген кернеу бөлшек материалының ағымдағы шегі 0,95-тен аспауы тиіс. Осы талаптарды орындау үшін осы Қағиданың 4253-тармағының талаптарын орындаған жағдайда жетек пен механизм арасында орнатылған қорғаны құрылғысын пайдалануға жол беріледі (мысалы, шекті сәттің муфтасы).

4264. Күштік желілер легіндегі зәкірлік механизмнің бөлшектері P_1 немесе P_2 жұлдызшада номинальдық есептік тарту күшіне сәйкес келетін оларға күш түсіру кезінде беріктігіне тексеру жүргізуі тиіс. Бұл ретте бөлшектерде келтірілген кернеу бөлшек материалдарының ағымдылық шегі 0,4-тен аспауы тиіс.

4265. Қысымдар мен тиісті алаңның мынадай мәндері қолданылуы тиіс (осы Қағиданың 402-қосымшасы):

200 kN/m^2 – осы бағыттағы жобаның алаңына қолданылатын біліктің осьтік желісіне қалыпты;

150 kN/m^2 – белгіленген формула бойынша f бір санына көбейген жоба алаңына қолданылатын ішкі, сол сияқты сыртқы жаққа әсер ететін біліктің осьтік желісіне қатарлас

$$f = 1 + B/H, \quad (845)$$

мұнда B – біліктің осьтік желісіне қатарлас бағыттағы механизмнің ені;

H – механизмнің ортақ биіктігі, бірақ бұл ретте $f 2,5$ -тен артық болмауы тиіс.

4266. Палубаға бекітілген механизмнің болттар, сигналары мен стопорына жүктемелер есептелуі тиіс. Механизм бір немесе бірнеше болттардан тұратын N болт топтарына бекітіледі (осы Қағиданың 403-қосымшасы).

4267. Аксиальдық бағытта жүктеме R_1 болт тобы немесе болт мынадай формула бойынша анықталуы мүмкін:

$$R_i = R_{xi} + y_i - R_{si}, \quad (846)$$

мұнда $R_i = R_{xi} + y_i - R_{si}$;

$$R_{xi} = P_x h x_i A_i / I_y$$

P_x – біліктің осьтік желісіне қалыпты әсер ететін күш, kN ;

P_y – біліктің осьтік желісіне қатарлас әсер ететін күш, (кеме немесе борт тарапынан i болт тобына әсер ететін күштердің мәнінен көбірек), kN ;

h – механизм негіздемесінің үстіндегі біліктің осьтік желісінің биіктігі, cm ;

x_i, y_i – N болт топтарының орталық желісінен xi и yi болт топтарына координаты, cm ;

A_i – i тобындағы барлық болттардың қимасының ауқымы, cm^2 ;

I_x – N тобының болттар үшін

$$\sum A_i x_i^2$$

;

I_y –

$$\sum A_i y_i^2$$

для N групп болтов;

R_{si} — шығырлар жиынынан i тобындағы статикалық реакциясы.

4268. i болттар тобына ықпал ететін F_{xi} және F_{yi} кесетін жүктемелер және F_i жалпы күштер мынадай формулалар бойынша есептелуі мүмкін:

$$F_{xi} = (P_x -$$

$$\frac{g}{M})/N; \quad (847)$$

$$F_{yi} = (P_y -$$

$$\frac{g}{M})/N; \quad (848)$$

$$F_i = (F_{xi}^2 + F_{yi}^2)^{0.5}$$

$$, \quad (849)$$

мұнда

α — қажалу коэффициенті, 0,5ке тең;

M — шығырдың жиыны, т;

g — еркін тұсуді жылдамдату, м/с²;

N — болттар тобының саны.

4269. Осы Қағиданың 4267-тармағындағы аксильді созғыш және сығатын күш және осы Қағиданың 4268-тармағындағы кесетін күш демеулік конструкцияларды жобалау кезінде ескерілуі тиіс.

4270. i болттар тобының әрбір болтындағы созылу кернеуі есептелуі тиіс. F_{xi} және F_{yi} көлденең жүктемелер әдетте сына ретінде қабылдануы тиіс. Бір немесе екі бағыттағы кесетін жүктемелердің өтемі үшін призондық болттар орнату көзделгенде, рұқсат етілген кернеумен салыстыру үшін әрбір болтта балама кернеуі есептелуі тиіс. Демеулерде ситетикалық құрамдарда пайдалану кезінде оларды ықпал етулері есептеу кезінде ескерілуі тиіс. Болттар үшін екі есе коэффициент ең аз ретінде қабылдануы тиіс

5-параграф. Қосымша талаптар

4271. Арқанды байлау операцияларын орындауға арналған зәкірлік тетіктер осы тараудың талаптарынан басқа, осы Қағиданың 373-тарауының талаптарына жауап беруі керек.

4272. Бұл тараудың талаптары осы Қағиданың 1064-тармағына сәйкес таңдалынған қашықтықтан басқару жүйесіндегі зәкірлік тетіктерге қолданылады.

4273. Егер зәкірлік тетік жетегінің жүлдyzшасынан ағыту кезінде зәкірлік шынжырды қосу операциясын қашықтықтан басқару көзделсе, шынжырды қосудың ең

ұлken жылдамдығы 3 м/с аспайтындаі ететін ленталық тежегішті автоматты т жеуді қамтамасыз ететін құрылғы көзделуі тиіс. 400 және одан кем жабдығы бар кемелерге ленталық тежегішті автоматты т жеу құрылғысын орнатуға рұқсат етілмейді.

4274. Зәкірлік тетік жүлдізшасының тежегіші басқару орнынан белгі берілген сәтten бастап 5 с аспайтын және 2 с кем емес уақытта оны бірқалыпты қосу кезінде зәкір шынжырын тоқтатуды қамтамасыз етуі керек.

4275. Қашықтықтан басқару орнында іске қосылған шынжырдың ұзындығын есептегіш пен шекті рұқсат етілген 3 м/с жылдамдық белгісімен шынжырды қосу жылдамдығының көрсеткіші көзделуі тиіс.

4276. Қашықтықтан басқару көзделетін тетіктер мен тетік тораптары жергілікті қолмен басқарылуы керек. Қандай да бір тораптар мен қашықтықтан басқарудың барлық жүйесінің істен шығуы жергілікті қолмен басқару кезінде зәкірлік тетік пен жабдықтың дұрыс жұмыс істеуіне теріс әсер етпеуі тиіс (Осы Қағиданың 4977 -тарауы).

373-тарау. Арқандап байлау механизмдері

Ескерту. 373-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрігімен.

1-параграф. Жетек, артық жүктен сактау

4277. Шынжыр арқан тетігінің жетегі кемінде 30 мин. ішінде номиналды жылдамдықпен шынжыр арқанды үздіксіз алуды қамтамасыз етуі керек.

F номиналды жүк күші кезінде барабандағы ораманың бірінші қабатындағы шынжыр арқанды алу жылдамдығы х осы Қағиданың 404-қосымшасында көрсетілген 400-ден кем болмауы тиіс.

Номиналды жүк күші кезінде шынжыр арқан басының көмегімен арқанды алу жылдамдығы 0,3 м/с артық болмауы тиіс. Номиналды жүк күшін таңдау туралы нұсқау осы қағиданың 1126-тармағында көлтірілген.

4278. Шынжыр арқан тетігінің есептеу жұмыс режимі кезінде (оны Қағиданың 4277 -тармағы) оның жетегі екі минут ішінде арқанда барабандағы бірінші орама қабатта 1,5 -тен кем емес есептік жүк күшін құруды қамтамасыз етуі керек.

4279. Егер жетектің ең ұлken сәті шынжырлы арқан тетігінің элементтерін осы тараудың 4-параграфында көрсетілгеннен артық күшке алып келсе, артық жүктен қорғау көзделуі тиіс.

2-параграф. Тежегіштер

4280. Шынжыр арқан тетігі Швартовный жетек энергиясы жойылған немесе жетек істен шыққан кезде 11,5-тен кем емес есептікке тең жүк күші кезінде ұстап тұратын шынжыр арқанның тайып кетпейтін автоматты тежегіші болуы керек.

4281. Шынжыр арқан тетігінің тетігі тежеу сәті барабандағы ораманың бірінші қабатында бекітілген арқанның 0,8 үзілу күшіне тең арқанға түсетін күштің әсері кезінде шынжыр арқанды ұстап тұруды қамтамасыз етуге қабілетті.

Тежегіш жетегінің тұтқасындағы күш 740 Н артық болмауы тиіс.

Егер барабанда жабушы немесе басқа да бекіту құрылғысы болса, шынжыр арқан жүктелімде болған уақытта макұлданған тәсілмен барабанды ағыту мүмкіндігі болуы керек.

3-параграф. Төзімділікті тексеру

4282. Күш желісі ағымындағы шынжырлы арқан бөлшектері жүк күшіне номиналды шынжыр арқан барабанында іске қосылу кезінде төзімділікке тексерілуі тиіс. Бұл ретте кернеуді бөлшекте келтіру бөлшек материалының ағым шегінің 0,4 аспауы тиіс.

4283. Шынжыр арқан бөлшектері мен оның іргетасқа бекіту бөлшектерінің төзімділігі жетектің барынша көп әрекеті және шынжыр арқан үзілу күшіне тең күштің арқан барабанына әреке етуі кезінде тексерілуі тиіс.

Сонымен қатар шынжыр бұлдырыққа оның ұзындығының ортасына шынжыр арқаның үзілу күшіне тең әрекет кезінде шынжыр арқан бұлдырығы білігінің төзімділігі тексерілетін болады.

Жоғарыда қаралған барлық жағдайларда бөлшектегі кернеу бөлшек материалының ағым шегінен 0,95 аспауы керек.

Шынжыр арқан бөлшектерінің төзімділігі пайдалану уақытында туындауы мүмкін жүктемелердің барлық ықтимал түрлері мен геометриялық бағыттарын есепке алу қажет.

Шынжырлы арқан тетігімен жұмыс істеуге арналған арқаның төзімділігі тетікте көрсетілуі тиіс.

4-параграф. Автоматты шынжыр арқанды жүкарбалар

4284. Автоматты шынжыр арқанды жүкарба сипаттамасы мен төзімділігі балама автоматты емес тетіктерден төмен болмауы керек.

4285. Автоматты жүкарбаларында жұмыстың автоматты емес режимін жүзеге асыру үшін қолмен басқаруы болуы тиіс.

4286. Мыналар көзделуі тиіс:

іске қосылған арқаның барынша қол жетімді ұзындығы кезінде іске қосылатын дыбыстық ескерту сигнал беру жабдығы;

автоматты жұмыс режимінде шынжыр арқанда әрекет етуші нақты жүк күшінің көрсеткіші.

374-тарау. Тіркеу сұйрегіш шығырлар

Ескерту. 374-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4287. Сұйреткіш тіркейтін арқанды тартуды реттеу үшін автоматты құрылғыны қолдану кезінде сол сәтте әрекет етуші жүк күшін бақылау мүмкіндігі қамтамасыз етілуі тиіс.

4288. Іске қосылған арқаның барынша қол жетімді ұзындығы кезінде іске қосылатын дыбыстық ескерту сигнал беру жабдығы көзделуі тиіс. Іске қосылған арқан ұзындығын есептеу құрылғысы ұсынылады.

4289. Сұйреткіш жүкарбасының барабандары осы қағиданың 4450-тармағының талаптарына жауап беруі және арқанды жинауышымен қамтамасыз етілуі тиіс. Екі немесе одан да көп барабан болған жағдайда, арқан жинауыш автоматты болуы керек. Арқанды барабанның оны жетек тетігінен ажыратуға мүмкіндік беретін муфтасы болуы керек.

Сұйреткіш жүкарбасы бұлдырықтарының геометриялық көлемі сұйреткішке тіркеу арқанын іске қосу мүмкіндігін қамтамасыз етуі керек.

4290. Жүкарба конструкциясы бкусирге тіркеу арқанын еркін іске қосу мақсатында барабанды жылдам тежеуді көздеуі тиіс.

4291. Сұйреткіш жүкарбасында жетекші жүкарба жойылған немесе энергиясы ажыратылған кезде арқанды 1,25 еседен кем емес номиналды күшке тең жүк күші кезінде ұстап тұратын автоматты тежегіш құрылғысы болуы керек.

4292. Жүкарбаның арқандық барабанының жетектен ажыратылған күші арқанды үзетін күштен кем емес барабан кезінде де таюсыз ұстап тұратын тежегіші болуы керек . Энергияның кез келген түрін басқаратын барабан тежегішінде қолмен басқару да болуы тиіс. Тежегіш конструкциясы арқанды еркін іске қосу мүмкіндігін қамтамасыз етуі керек.

4293. Күш желісіндегі сұйреткіш жүкарбасының бөлшектері ораманың ораңғы қабатында арқаның номиналды жүк күшінің әрекеті кезінде төзімділікке тексерілуі тиіс. Бұл ретте Кернеуді бөлшектерде келтіру бөлшектер материалдарының ағымы шегінің 0,4 аспауы тиіс.

4294. Жетектің барынша сәтіне сәйкес келетін күш барабанына әрекет кезінде, сондай-ақ ораманың жоғарғы қабатында сұйреткіш тіркеу арқанының үзілу күшіне тең барабандағы күшке әрекет кезінде бөлшектер төзімділігіне тексеріс жүргізілуі тиіс.

Жоғарыда көрсетілген жүктемелерден күш әрекеттеріне шалдығуы мүмкін бөлшектердегі келтірілген кернеулер бөлшектер материалының ағымы шегінің 0,95 аспауы тиіс.

7-кіші бөлім. Гидравликалық жетектер

375-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 375-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4295. Гидравликалық рөлдік машиналар құбырларының жүйелері мен гидравликалық ВРШ күш жүйелерін басқа гидравликалық жүйелермен біріктіруге жол берілмейді.

Машина-қазандық шахталарында жабық гидравликалық жетек жүйелері құбырларының басқа гидравликалық жүйелермен біріктірілуіне жол берілмейді.

Жолаушылар кемесі мен арнайы мақсаттағы кемелерде энергия көздерінің жетегімен тайғақ су өткізбейтін есіктердің құбыр жүйелерін басқа гидравликалық жүйелермен біріктіруге жол берілмейді.

4296. Егер гидравликалық зәкір тетіктерін қамтамасыз ететін құбыр басқа гидравликалық жүйелердің құбырларымен біріктірілсе, ол әрбіреуі номиналды жук күшімен және зәкірлерді алудың номиналды жылдамдығымен зәкір құрылғысының жұмысын қамтамасыз етуі тиіс болатын екі тәуелсіз сорғы агрегаттармен қамтамасыз етілуі тиіс.

4297. Гидравликалық жүйенің зақымдалуы тетіктің немесе құрылғының жақымдалуына әкеп соқпауы тиіс.

4298. Гидравликалық жүйелерде пайдаланылатын сұйықтықтар пайдалануда туындауы мүмкін температуралық талаптарды есепке алып, тандалуы тиіс (осы Қағиданың 333-қосымшасы).

4299. Жолаушылар кемесі мен арнаулы мақсаттағы кемелерде энергия көздерінің жетегімен тайғақ су өткізбейтін есіктердің гидравликалық жүйелері ортақтастырылған не әрбір есік үшін тәуелді болуы мүмкін.

Орталықтастырылған жүйелер жүйені қамтамасыз ететін резервуарларда гидравликалық сұйықтықтардың төмен деңгейі туралы және гидравликалық аккумуляторларда газ қысымының төмен деңгейі туралы авариялық-ескерту сигнал беру жүйесімен қамтамасыз етілуі тиіс. Гидравликалық аккумуляторларда энергия қорының жоғалуын бақылаудың басқа да тиімді құралдарына рұқсат етіледі. Көрсетілген авариялық-ескерту сигнал беру жүйелері дыбыстық және көрнекті болуы және қозғалғыш көпірде басқару орнында орналасуы тиіс.

Орталықтандырылған жүйелердің конструкциясы жүйенің бір бөлігі закымдалған жағдайда, біреуден көп есік жұмыс істемеу ықтималдығының ең аз мөлшеріне біріктіруі тиіс.

Әрбір тайғақ су өткізбейтін есіктің тәуелсіз гидравликалық жүйелері қозғалғыш көпірде басқару орнында орналасқан газдың төмен қысымы туралы топтық авариялық-ескерту сигнал беру жүйесімен немесе гидравликалық аккумуляторларда энергия қорының жоғалуын бақылаудың басқа да тиімді құралдарымен қамтамасыз етілуі тиіс. Басқарудың әрбір жергілікті орнында энергия қорын жоғалту индикациясы көзделген.

Бұдан басқа, жолаушылар кемелері мен арнаулы мақсаттағы кемелерде энергия көздерінің жетегімен тайғақ су өткізбейтін есіктердің гидравликалық жүйелері осы Қағиданың 4-бөлігі 1334-тармағының талаптарына жауап беруі қажет.

4300. Қауіпті жүктерді тасымалдауға арналған трюмдардың люктық жабу жетектерінің гидравликалық жүйелері қосымша осы Қағиданың 1298-тармағының талаптарына жауап беруі тиіс.

376-тарау. Беріктігін тексеру. Сақтандырғыш және басқа да құрылғылар

Ескерту. 376-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрекімен.

4301. Күш желісі ағымындағы гидравликалық тетігінің бөліктері жұмыс қысымына сәйкес келетін күштердің әрекеті кезінде төзімділікке тексерілуі тиіс; бұл ретте бөліктердегі келтірілген кернеулер бөліктер материалдарының ағымдылық шегінің 0,4 аспауы керек.

4302. осы қағиданың 4241,4262,4279-тармақтарда көзделген жағдайларда, сақтандырғыш клапандарды ашуудың тиісті қысымының күш әрекеті кезінде бөліктердің төзімділігіне тексеріс жүргізілуі қажет; бұл ретте бөліктерде келтірілген кернеулер бөліктер материалдарының ағымдағы шегінің 0,95 аспауы тиіс.

4303. Гидравликалық жүйелердің құбырлары мен арматуралары осы Қағиданың 10-бөлімінің 2, 4 және 5 кіші бөлімдерінің талаптарына жауап беруі керек.

4304. Гидравликалық тетіктер іске қосылу қысымы, осы қағиданың 4241, 4262, 4279 -тармақтарында көзделген жағдайлардан басқа, 1,1 барынша көп есептік қысымнан аспауы қажет.

4305. Сақтандырғыш клапанының жұмыс сұйықтығы құю құбырына немесе құю цистернасына құйылуы тиіс.

4306. тетік пен құбырды жұмыс сұйықтығымен толтыру кезінде толықтай жою үшін , сондай-ақ олардың кемуі мен төмендеуін толтыру үшін құрылғы көзделген.

4307. Гидравликалық жүйелерде қажетті өткізуге қабілетті және жұмыс сұйықтығының фильтрлеудің таза болуына фильтрлер көзделген.

Тұрақты қолданыстағы гидравликалық жүйелер (гидравликалық рөлдік жетектерде, гидравликалық муфталарды) жүйелердің жұмыс істеуін тоқтатусыз фильтрлерді тазарту көзделуі керек.

4308. Қысымның сыртқы шекарасының бөлігін құратын қозғалмайтын бөліктер арасындағы майлышты "металды металға" түрінде болуы тиіс.

Қысымның сыртқы шекарасының бөлігін құратын қозғалатын бөліктер арасындағы майлышты "металды металға" түрінде болуы тиіс.

Азаюынан тең сақтауды қамтамасыз ететін балама құрылғыны қолдану әрбір жағдайда Кеме қатынасы тіркелімімен арнайы қарау мәні болып табылады.

4309. Шаңын әсерінен қатты зақымдалған және мұзы болуы мүмкін гидравликалық жұмыс цилиндрінің сояуыштары осы әсерлерден қорғалуы тиіс.

4310. Гидравликалық тетіктер олардың жұмыстарын бақылауға арналған қажетті құралдармен жабдықталуы керек.

8-кіші бөлім. Газотурбиналық қозғалтқыштар

377-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 377-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрек мен.

4311. Осы бөлімнің талаптары қуаттылығы 100 кВт және одан асатын басты және көмекші кемелік газотурбиналық қозғалтқыштарға (бұдан әрі – ГТК) қолданылады. Бұл талаптардың ГТК-ға қолданылуы әрбір жағдайда Кеме қатынасы тіркелімінің арнайы қарауындағы нәрсе пәні болып табылады.

Талаптар теңіз кемелерінде қолданылған жағдайда конверсияланған авиациялық, корабельдік және стационарлық ГТК-ға қолданылады.

Осы талаптар қолданылатын ГТК қолданылу саласы:

су ығыстырғыш кемелер,

жылжамдығы жоғары кемелер (бұдан әрі - ЖЖК),

қолдаудың динамикалық принциптері бар кемелер (бұдан әрі - ҚДПК),

сондай-ақ қалқымағы бүрғылау құрылғылар (бұдан әрі - ҚБК) және теңіз стационарлық платформалар (бұдан әрі - ТСП).

4312. Есептік қуаттылығы есептік шарттарға, яғни сыртқы ауа мен судың температурасы, ауа ылғалдылығы, атмосфералық қысым мен ГТК жобалау кезінде қабылданған сініру және шығаруға қарсылық көрсетудің анықталған мәніне жатады.

Есептік шарттар ретінде өлшемдердің мынадай мағыналарын қабылдау ұсынылады (ИСО 2314 талаптарына сәйкес):

ГТК кіре берісіндегі ауа температурасы ${}^0\text{C}$ — +15;

ауаның қатыстық ылғалдылығы, — 60;

ауаның қысымы, кПа — 100.

4313. Жұзудің шексіз ауданының кемелерінде бір ГТҚ жұмысы кезінде кеме жүрісі ықтималдығын қамтамасыз етумен кемінде екі ГТҚ қолдану қажет.

Бір ГТҚ қолдану кезінде кеме жүрісін қамтамасыз ететін резервтік құрылғы қажеттігі әрбір жағдайда Кеме қатынасы тіркелімінің арнайы қарауындағы нәрсе пәні болып табылады.

4314. Ауаны салқыннатқышқа су беруді толық тоқтатқан кезде аралық ауаны салқыннату ГТҚ-сы кемінде 20 есептілік қуаттылығын дамытуы тиіс.

4315. Резервистік құрылғысы бар ГТҚ реверсті толық алғы жүрістен толық артқы жүріске және кері бағытта қамтамасыз етуі керек (осы қағиданың ін 2676-тармағы).

Кемеде артқы жүрісті қамтамасыз ететін өзге құралдар мен құрылғылар болған кезде реверсі жоқ ГТҚ-ні орнатуға рұқсат беріледі.

Артқы жүріс турбиналарды қолдану кезінде осы Қағиданың 4056 және 4077-тармақтары талаптары, реверс-редукторды пайдалану кезінде – осы осы Қағиданың 4091-тармағының талабы, ал ВРШ пайдаланған жағдайда – осы Қағиданың 2826-тармағы орындалуы тиіс.

Реверс жүйесі үшін сығылған ауаны пайдалану кезінде оның қоры реверс органдының кемінде 25 қайта салуды қамтамасыз етуі тиіс, бұған қоса сығылған ауа қорын толтыру сығылған ауаның кемінде екі көзінен жүзеге асырылуы тиіс.

Сығылған ауа жүйелеріне реверс жүйелерінің жұмысын қамтамасыз ететін жоғары қысымдағы, басқа да тұтынушыларды қосуға тыйым салынады.

4316. Есептермен және сынақтармен ГТҚ тұрақты жұмысы маневрліні қоса алғанда, барлық ықтимал пайдалану режимдерінде, сондай-ақ ГТҚ-ның ағынды бөлігіндегі жол берілген ауытқулар кезінде және тропикалық жағдайларда (35°C кезінде ауа ылғалдылығы 95 ауа температурасы кемінде 45°C және борт сыртындағы су температурасы 35°C кезінде) үзіліссіз және помпажсыз дәлелденуі тиіс.

Жүктемені шыгару және жинау жұмысының барлық диапазонында ГТҚ компрессорларының тұрақты жұмысын қамтамасыз ететін жылдамдықта жүргізілуі тиіс.

ГТҚ жұмысының тұрақтылығын тексеру бағдарламасы әрбір жағдайда Кеме қатынасы тіркелімімен келісілуі тиіс; бұл ретте тексеріс әзірлеуші зауыттың қабыргасында да ГТҚ-ны кемеде орнатқаннан кейін де жүргізілуі керек.

4317. Жұмыс қсу режимінің барлық диапазонында вибрациядан ГТҚ жұмысын шектейтін аймақ болмауы тиіс. Вибрация нормалары осы Қағиданың 9-бөлімінің 9-кіші бөлімімен жол берілгеннен артпауы қажет.

4318. Іске қосу құрылғысы ретінде ауысым тоғының электр қозғалтқыштары қолданылуы керек. Тұрақты тоқ электр қозғалтқыштарын, сондай-ақ басқа түрдегі іске

косу құрылғыларын пайдалану әрбір жағдайда Кеме қатынасы тіркелімінің арнайы қарауындағы нәрсе пәні болып табылады.

Әрбір ГТҚ іске қосу құрылғысы әрекетке кемінде екі энергия қозінен жүргізілу мүмкіндігіне ие болуы тиіс. ГТҚ-ны іске қосу үшін энергияның бір көзден екінші көзге өтуі кемінде 60 с. уақытта жүргізілуі керек. Жылдамдығы жоғары кемелер (ЖЖК) мен ҚДПК үшін энергияның бір көзінен қуат алуға жол беріледі.

Кемінде төрт ГТҚ ретті жіберу мүмкіндігі қамтамасыз етілуі тиіс. ГТҚ жіберу мүмкіндігі қосу құрылғысымен келтірілетін роторды толық тоқтатқанға дейін қамтамасыз етілуі тиіс.

4319. ГТҚ-да жану өнімдерін турбина құрекшелерінде жиналудың қамтамасыз ететін тұнбалары бар отынды пайдалану кезінде ГТҚ-ны тоқтатусыз турбинаның ағынды бөлігін тазарту үшін жүйелер мен құралдар көзделуі тиіс. Турбина құрекшелеріндегі тұнбаларды және компрессор құрекшелеріндегі тұзды тұнбаларды тазарту үшін тоқтатылған ГТҚ шаю жүйесі көзделуі керек.

ГТҚ ЖЖК және ҚДПК тазартуды және шауды жағалау құрылғыларының көмегімен жағажайжа жүргізуге жол беріледі.

Ағынды бөлікті тазарту немесе шаю ГТҚ сипаттамасының қалпына келуін қамтамасыз етуі тиіс. Тазарту (шаю) құралы ГТҚ ағынды бөлігіне және ГТҚ сыртында орналасқан утилденген қазандық бетіне тоттану әсерін тигізбеуі керек. Шаю қалдықтары арнайы цистерналарға құйылуы тиіс.

ГТҚ шаю үшін жуу құралдары теңіз кемелерінде қолдану үшін санитарлық мақұлдау болуы керек.

4320. ГТҚ-ның Ая өткізу құрылғысы ГТҚ дұрыс пайдалану үшін қауіпті, компрессорлардың ағынды бөлігінің ауытқу жылдамдығын жоятын фильтрлеуші құрылғылармен жабдықталуы керек. Фильтрлеуші құрылғылардың тиімділігін тексеру кеменің қабылдап-тапсыру сынағымен бірлесуі мүмкін.

Ая өткізу құрылғысының қабылдау бөлігін орналастыру компрессорға судың, шығарылатын газ буларының және желдеткіштерден шыққан қадықтардың түсін болдырмау қажет. Егер кемені пайдалану шарттары бойынша мұздану қауіпі болса, сору трактінің мұздануына жол бермейтін шараларды көздеу қажет.

Ая өткізу трактінің мұздану жағдайына 60 % ауаны резервтік қабылдау көзделуі тиіс.

Мұздануға қарсы шаралар мен ЖЖК және ҚДПК үшін ауаны резервтік қабылдау Кеме қатынасы тіркелімімен келісім бойынша көздемеуге жол беріледі.

Ая өткізгіші құрылғы барлық пайдалану режимінде оның тұрақты жұмысын төмендетуге әкеп соғатын компрессорға кірер бөлігінің мұздануын туыннатпауы қажет.

Ая өткізгіші құрылғыдан дренаж жүйелері гидро тығынмен жабдықталуы тиіс.

Ая өткізгішін жабу үшін жылдам әрекет ететін тәсіл көзделуі тиіс.

4321. Газ шығару жүйелерінде өрт кезінде де және тұрған кезде де ГТҚ арқылы газ бен ауаның айналуын жою үшін қашықтық жетегі бар жабу құрылғысы болуы тиіс.

Егер бір ауа өткізгіш немесе серппе құбыр екі немесе одан да көп қозғалтқышқа орналастырылса, жұмыс істемейтін қозғалтқыш арқылы ауа мен газды жою қажет.

4322. Ауа жинау және газ, отын, салқыннатқыш және басқа да құбырлардың шахталары кеңеу кезінде қосылған жерге күш жібермейтіндегі қосылуы тиіс.

Кұбырлар жұмыс істеп тұрған ГТҚ туыннатқан вибрация деңгейін ұстануы тиіс.

4323. Ауа өткізгіштері мен шахталарда компрессорларға ауа жіберу үшін барлық ішкі бөлшектер тrottануға қарсы материалдардан дайындалуы тиіс. Бөліктер мен нығайту көлемдері компрессор алдында қорғаныс торлары арқылы олардың өту мүмкіндіктерін жоюы керек. Барлық нығайтқыштар іштен жалпайтылуы керек. Шахталар мен ауа өткізгіштер ішкі беттердің жағдайларын мерзімді бақылау мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс.

4324. Барлық турбокомпрессорлар мен күш турбиналарының бұрау үшін құрылғысы болуы керек. ГТҚ-ның қосы құрылғысы немесе автоматты ағыту құрылғысын блоктау көзделген.

Жылдам ағытылатын муфталарда ағытылған редуктор кезінде ГТҚ-ны қосуды болдырмайтын блоктау көзделуі керек.

4325. Авариялық генератор мен өрт сорғыларының жетегіне арналған ГТҚ-ның отын, майлау және салқыннату автономдық цистерналары болуы керек. Автоматты қосу жергілікті басқару орнынан қолмен қайталануы тиіс.

4326. ГТҚ-ның әрбір қосуы алдында ГТҚ-да сәтсіз қосу немесе дайын тұрған кезде жану камерасына отынның ағуынан пайда болған сұйық отынды жою үшін "салқын қосуды" (отынды бермей жалған қосу) орындау мүмкіндігі көзделуі керек.

"Салқын қосу" ұзақтығы мен саны жанбаған отыннан (газдан) ГТҚ-ның толық желдетуін қамтамасыз етуі қажет.

4327. Қоршаған ортаға май буы түсінің алдын алу үшін май жүйелері кететін газды шығару шахтасына ауаны шығару арқылы арнайы май бөлгішпен жабдықталуы тиіс.

4328. Әрбір ГТҚ шу- және жылу өткізбейтін кожухомен жабылуы керек. Кожуха ішіндегі кеңістік арнайы желдеткішпен немесе шығарылатын газ эжекциясы есебінен үрленуі тиіс. Кожуханың сыртқы бетінің температурасы санитарлық нормаларға сәйкес келуі қажет. Бұл ретте негізгі жинақ бірлігіне және пайдалануда қамтамасыз ету үшін бөлшектерге, сондай-ақ турбиналардың, компрессорлар мен эндоскоптармен жану камераларының ағын бөліктерін тексеруге қолжетімділік қамтамасыз етілуі керек.

Машина бөлімінде шу деңгейі бойынша санитарлық талаптарды қамтамасыз ету үшін ауа кіретін және ГТҚ-дан газ шығуда шуды жою көзделуі қажет.

4329. Әрбір ГТҚ-да машина бөлімінің өрт сөндіру жүйесінен автономды өрт сөндіру жүйесі болуы тиіс. Кемеде бірнеше ГТҚ-ның болған кезде бір ГТҚ өрт сөндіру жүйесінен басқасына өрт сөндіру заттарын беру мүмкіндігі көзделуі керек. Өрт сөндіру

жүйесінде өрт сөндіру заттарының саны әрбір ГТК және оның артындағы утильдеу қазандығының (ол болған жағдайда) ішкі көлемін толтыру шартымен есептелуі қажет. ГТК екі (шу- және жылу жібермейтін кожух астындағы орта және ГТК сыртындағы шығарылатын газ температурасы) өрт сигналын хабарлауышпен жабдықталуы тиіс.

4330. Отын және май құбырлары құбырларды бөлу кезінде ағындардың ГТК ыстық бөліктеріне тұсу мүмкіндігі болмайтында орналастырылуы немесе жабдықталуы тиіс.

4331. Кемедегі қосалқы бөлшектер осы Қағиданың 327-қосымшасының талаптарына жауап беруі керек. Газотурбиналық агрегатты әзірлеуші агрегаттың осы түрін пайдалану тәжірибесі негізінде қосалқы бөлшектердің өз тізбелерін ұсынуға құқылы.

4332. Теніз жағдайында жұмыс үшін қозғалтқышты конверциялау кезінде Кеме қатынасы тіркелімімен келісілген ресурсты қамтамасыз етуді тексеру жүргізуі тиіс.

378-тарау. Газ турбиналы қозғалтқыш роторлары

Ескерту. 378-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4333. ГТК роторлары төзімділігіне есеп барынша көп қуаттылық режимі үшін және кернеу барынша шегіне жететін кездегі режим үшін жүргізуі керек. Артық қуаттылық беретін турбинаның тексеріс есебі айналым желісі үшін номиналдыдан 20%-ға жоғары, қалған роторлар үшін тексеріс есебі айналым желісі үшін номиналдыдан 10% жоғары жүргізіледі.

4334. ГТК-ның айналмалы бөлшегі үшін сыртқы ауа температуrasы есептіліктен 20 °C төмен болған кезде ГТК жұмысына сәйкес келетін ұлғайтылған айналмалы сэтке есеп жүргізілген.

4335. Артқы жүрістің газды турбиналары айналмалы бөлшектерінің төзімділік есебі "конртгазды" қолданумен кеменің жедел тежелуіне сәйкес келетін барынша айналмалы сэтте жүргізуі тиіс.

4336. Тоқтың кемелік генераторларының жетегі үшін ГТК қуаттын беретін тетіктердің төзімділігіне есеп егер "қозғалтқыш – генератор" жүйесінде таюдың арнағы муфталары қолданылmasa, қысқа тұйықталу режимі үшін айналмалы сэт бойынша жүргізуі тиіс.

4337. Ротор айналымының критикалық желісі консолдар есебінен анықталуы және осы Қағиданың 4060-тармағының талаптарына жауап беруі керек. Консолдық роторлар үшін прецессиялар мен гидроскопиялық сэттен қосымша жүктеме есебі қажет.

4338. Сонымен қатар осы қағиданың 4061 – 4063-тармақтарының талаптары да орындалуы тиіс.

4339. Тоттану ортасында жұмыс істейтін компрессорлар күрекшелеріндегі динамикалық кернеу іске қосу режимін қоса алғанда, барлық жұмыс режимдерінде әзірлеуші кәсіпорындармен жедел анықталуы керек, және күректеу ауытқудың қауіпті нысандарынан аластатылған болуы тиіс. Жұмыс күрекшелерінің төзімділікten тозу бойынша қоры негізгі режим үшін кемінде 3 және өтпелілер үшін 2,5 болуы тиіс. Егер ГТК әзірлеушісі тозу төзімділігі бойынша аз қор кезінде тоттану ортасында компрессорлар күрекшелерінің сенімділігі туралы деректерді келтірсе, бұл талаптардан алшақтауға болады.

379-тарау. Газ турбиналы қозғалтқыш корпустары

Ескерту. 379-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4340. Газ турбиналары мен компрессорларының корпустарында күрекше аппараттарын қарап отыруға арналған арнайы люктар болуы керек, ал ГТК-ның өзі қарауға арналған арнайы құралдармен (эндоскоптармен) қамтамасыз етілуі тиіс.

4341. Егер ГТК-да таю мойынтректері пайдаланылса, ГТК корпусы осы қағиданың 4070-тармағының талаптарына жауап беруі тиіс.

4342. Газ турбинасының корпусының ішкі изоляциясын қолдану кезінде корпус үстінің жергілікті ашылуын және ағынды бөлігіне изоляцияның түсуін жоятын кожухтармен жабылуы мен оның сенімді бекітілуі қамтамасыз етілуі тиіс.

4343. Май нығыздаушыларының конструкциясы май мен май буларының турбиналар мен компрессорларының ағынды бөлігіне түсуін, сондай-ақ май мен будың сыртқа шығуын болдырмауы керек.

4344. Әрбір ГТК-ның корпустың төменгі нұктесінде дренажды тесігі болуы шарт. Дренаждың тесік ағын цистерналары толған кезде ГТК тасуын болдырmas үшін ағын цистерналарымен біріктірілген воронканы ашу арқылы ағызуы тиіс.

4345. Корпустар мен кожухалар жұмыс күрекшесі жарылған кезде тесік шықпауын қамтамасыз етулері тиіс.

380-тарау. Газ турбиналы қозғалтқыш подшипниктері

Ескерту. 380-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4346. ГТК таю мойынтректері осы қағиданың 359-тарауының талаптарына жауап беруі тиіс.

4347. Барлық түрдегі кемелік ГТК үшін томалану мойынтректерін қолдану рұқсат етіледі.

4348. ГТҚ тірегінен жағар майды әрбір ағызу кезінде жонқаны анықтау сигнализациялары мен май температурасының датчиктері орнатылуы керек.

4349. Үш тіректі валдарда ішкі мойынтректерді қолдану әрбір жағдайда Кеме қатынасы тіркелімімен арнайы қаралатын мән болып табылады.

4350. ГТҚ-ның кез келген тоқтауы мойынтректердің зақымдануына әкеп соғады, бұл үшін ГТҚ тоқтатылған кезде жағар майды беру мен роторларды айналдыру жүйесін автоматты қосуды көздеу қажет.

381-тарау. Жану камералары

Ескерту. 381-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4351. ГТҚ жану камерасының құрылғысы оларға қолайлы қызмет көрсетілуі мен кемелік жағдайда форсункалар мен ыстық құбырларды ауыстыру мүмкіндігін қамтамасыз етуі керек. Форсункалар отын беру жүйесін айтарлықтай реттеусіз өзара ауыстырылуы тиіс.

4352. Істық құбырлар эндоскоптарымен жану камераларын оларды бөлшектеусіз тексеру мүмкіндігі қамтамасыз етілуі керек.

4353. Қозғалтқыш жұмыс іstemей тұрған кезде отынның ГТҚ жану камераларына түсуін болдырмау керек.

4354. Жоғары қысымдағы отын құбырлары мен басты форсункалар қозғалтқыш тоқтатылғаннан немесе форсунка жұмысын тоқтатқаннан кейін отыннан босатылуы тиіс.

Іске қосушы отын құбырлары мен іске қосу форсункалары іске қосу режимі тоқтатылғаннан кейін отыннан босатылады.

Отыннан босату тиісті құбырдағы ағызу клапанын автоматты ашу арқылы жүзеге асырылуы керек.

4355. ГТҚ кемінде екі тұтатқышпен жабдықталуы тиіс.

382-тарау. Жылу алмасу аппараттары

Ескерту. 382-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4356. ГТҚ отын алмасу аппараттарында (регенераторларда және ауа салқыннатқыштарда) тығыздау арқылы ағынды және зақымдалған буын орнын анықтау мүмкіндігі болуы керек.

Регенератор тығыздығы газдық та және ауалық та жағынан тексерілуі керек. Ағындар мен зақымдалған элементтер орындарын анықтау, сондай-ақ соңғысын ажырату тәсілі мен тәртібі арнайы нұскаулықта жазылуы тиіс.

4357. Қауіпті резонанстық ауытқулар мен жылу алмасу аппараттары элементтерінің автоауытқулары болмауы керек.

4358. Регенератор осы Қағиданың 273- қосымшасы 11-тармағының талаптарына сәйкес өртке қарсы жүйемен жабдықталуы тиіс.

4359. ГТҚ ауа салқындағыштары осы Қағиданың 3959-тармағының талаптарына жауап беруі керек.

4360. Ауа салқындағыштар күбыр тақтайшаларын тексеру және тазарту, сондай-ақ қақпағын алусыз кез келген қүбырды жабу мүмкіндігін болдыруы керек.

4361. Ауа салқындағыштарының ГТҚ жұмысы кезінде ауадан түсетін ылғалды үздіксіз жоятын құрылғысы болуы керек.

4362. Ауа алмасу аппараттары осы қағиданың 4698-4701 қоспағанда, осы Қағиданың 12 – бөлімінің 1,2 және 6 кіші-бөлімдерінің талаптарына жауап беруі тиіс.

383-тарау. Басқару, қорғау және реттеу

Ескерту. 383-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрекімен.

4363. Басты ГТҚ автоматты реттеу және қашықтықтан басқару жүйелерімен жабдықталуы тиіс, олар мыналарды қамтамасыз етеді:

1) талап етілетін режимді беруді және оны жылу соққларының туындаусыз жұмыс айналыстарының барлық диапазонында тұрақты қолдауды;

2) кез келген пайдалану жағдайында қосуды және тоқтатуды;

3) барлық ауысымдық режимдерде және жүктемеде компрессорлар мен жану камераларының тұрақты жұмысын қолдауға;

4) газ температурасының шығуын болдырмауды;

5) бөлек басқару мүмкіндігін сақтау кезінде ГТҚ және қозғалтқышты бір рычаг немесе маховигінен бір тұтас басқаруды;

6) қуаттылықты жинау валындағы айналмалы сәтін шектеуді (қажетті жағдайда);

7) турбина және газ өткізгіштің жану камерасын іске қосу кезінде от алдырап алдында немесе сәтсіз іске қосудан кейін жиналған сұйықтықтардан немесе газ түріндегі қалдықтардан үрлеп тазартуді (осы қағиданың 4326-тармағы).

Іске қосу құрылғылары от алдыру жүйесінің жарамсыздығы, қорғаныстардың қосылуы және ГТҚ тоқтатылуы кезінде жану процесі тоқтайтындаі және басты отындық клапан жабылатындаі құрылуы тиіс.

4364. ГТҚ-ның әрбір күш турбинасының турбина валымен тікелей қосылған шекті ажыратқышы (айналма желісі бойынша) болуы тиіс. Қорғаныс жүйесінің шекті

ажыратқыштары мен атқарушы органдары жоғары жылдам әрекет етуі тиіс, бірақ турбинаның айналымның белгіленген шекті желісінен аса жылдамдық мүмкіндігін болдырмауы тиіс.

Айналымның шекті тазалығы номиналдан 15 % аспауы керек.

4365. Шекті ажыратқыштан басқа, ескек винтіне жұмыс істейтін басты ГТҚ-ның шекті ажыратқышты әрекетке қосқанға дейін жұқтеме өзгертілген кезде күш турбинасының айналу тазалығын шектейтін жылдамдық реттеушісі болуы қажет.

Жылдамдық реттегішін қалыпқа келтіру күш турбинасының айналым желісі номиналды айналым желісінен 8 %-дан аса аспайтында орындалуы тиіс.

Реттегіш отын беруді төмендеткен кезде ГТҚ тоқтатылуына жол берілмейді.

Генераторлар келтіретін ГТҚ-да осы Қағиданың 4040 – 4042-тармақтарының талаптарына жауап беретін айналым желісінің реттеушісі болуы керек.

4366. Басты ГТҚ команда алғаннан кейін жылдам жүргүге мүкіндік берумен "тоқта-винт" режимінде кемінде 60 мин. ішінде тұрақты қамтамасыз етуі тиіс. "Тоқта – винт" режимін жүзеге асыру кезінде желісі 3 мин^{-1} . аспайтын ескек валының айналуына жол беріледі. Уақытпен шектелмеген ГТҚ-ның жиырма минуттық дайындығы 20 минут ішінде ГТҚ-ны іске қосу, оның жылтытуын, сондай-ақ жүру мүмкіндігін көздеуі керек.

4367. Осы Қағидалардың 664-тaraуының талаптары орындалады.

Ескерту. 4367-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрүгімен.

4368. Басты және көмекші кемінде екі тәуелсіз құралмен жұмыстың кез келген режимінен ГТҚ-ны дереу тоқтатуға арналған құрылғымен қамтамасыз етілуі тиіс.

Рөлдік рубкадан басқару кезінде ГТҚ жанындағы машина бөлімінде басқару орнынан ГТҚ-ны дереу тоқтату мүмкіндігі көзделуі керек.

4369. Артқы жүріс турбиналы ГТҚ маневрлі құрылғысы осы Қағиданың 4076 және 4077-тармақтарының талаптарына жауап беруі керек. Алдыңғы және артқы жүрістің маневлік клапандары блокталуы тиіс. Маневрлік клапандардың кез келген жағдайында ГТҚ компрессорларының жұмыс тұрақтылығының жеткілікті қорлары қамтамасыз етілуі керек.

ГТҚ-да артқы жүріс турбинасын басқарудың жергілікті посты болуы керек.

4370. Шекті ажыратқыштан басқа, ГТҚ қорғау жүйесі мынадай өлшемдер бойынша отын беруді толық тоқтатуды қамтамасыз етуі қажет:

1) жүйедегі жағар май қысымының ықтималдан төмен түсуі;

2) турбина алдында немесе оның сыртында газ температурасының ықтималдан жоғары көтерілуі;

3) вибрация деңгейлерінің белгілі бір мәніне;

- 4) факельдің олқылығы;
- 5) төменгі қысымдағы компрессордың айналым желісін шектіден жоғары арттыру (винттің бос турбинасы мен газ реверсі бар үш валды ГТК үшін);
- 6) қандай да бір ротордың шекті осытік қозғалуы;
- 7) газда жұмыс істеу кезінде МКО авариялық газдануы.

Авариялық жағдайларда ГТК жанында басқару жергілікті орнынан отын беруді қолмен тоқтату мүмкіндігі көзделуі керек.

Әзірлеуші ГТК конструкциясынан тәуелді қосымша қорғаныс енгізе алады.

4371. Автоматтандырылған басты ГТК осы Қағиданың 16-бөлімінің талаптарына жауап беруі тиіс.

4372. ГТК басқару жүйесі осы Қағиданың 192, 193 – 195-тарауының талаптарына да жауап беруі керек.

4373. Басқару жүйесінің жұмыс ортасы төмен температура кезінде қоюлануы және жеңіл жануы тиіс.

Фильтрлер мен жылу ауысу аппараттары жүйесі талап етілетін температура мен жұмыс ортасының желісін қамтамасыз етуі керек.

4374. Басты ГТК үшін штаттық тахометр көрсеткіштерін бақылау мүмкіндігі көзделуі қажет.

4375. Генераторлар жетегіне арналған ГТК басқару жүйелері осы қағиданың 4039 – 4044-тармақтарына жауап беруі керек.

384-тaraу. Бақылау-өлшеу аспаптары

Ескерту. 384-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4376. Бас ГТК басқару посты осы Қағиданың 4371-тармағына сәйкес параметрлерді өлшеуге арналған құралдармен және осы Қағиданың 4088-тармағының 2) – 4) тармақшаларында көрсетілген құрылғылармен, сондай-ақ ГТК жұмыстарын жылу техникалық бақылау үшін қажетті құралдармен жабдықталуы тиіс.

4377. Көмекші ГТК үшін басқару посты мынадай параметрлердегі өлшеу құралдармен жабдықталуы керек:

- 1) роторлардың айналым желісі;
- 2) ГТК алдында май қысымы;
- 3) ГТК алдында отын қысымы;
- 4) ГТК алдында май температурасы;
- 5) турбина алдында немесе оның сыртында газ температурасы.

4378. Егер басты ГТК пайдаланудағы ықтимал жарамсыздықтарды анықтау үшін техникалық жағдайды бақылау және диагностика жүйесімен жабдықталса, мұндай

жүйе параметрлерінің көлемі ГТҚ әрбір түрі үшін Кеме қатынасы тіркелімінің арнайы қаруындағы нәрсе болып табылады.

385-тарау. Газтурбиналық қозғалтқыштың жылу пайдалану контуры

Ескерту. 385-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрекімен.

4379. Газтурбиналық агрегаттарда жылу пайдалану контуры болған жағдайда, бу турбинасы осы қағиданың 11-бөлімінің 3-кіші бөлімінің талаптарына, ал пайдалану қазандығы – 12- бөлімінің талаптарына жауап беруі қажет.

4380. Жылу пайдалану контуры ГТҚ іске қосуға дейін немесе ГТҚ-ны іске қосу уақытында конденсаторда вакуум құру жүйелерімен жабдықталуы тиіс.

Конденсатордың қысымдағы ықтималдан жоғары арттыру бойынша қорғанысы болуы керек.

4381. Ротор айналымы болған жағдайда бу турбинасының валды бұру құрылғысын автоматты ағыту көзделуі тиіс.

4382. Екі валды кемеде жылуды пайдалану контуры бар екі ГТҚ-ны пайдалану кезінде бір борттың ескек валына - ГТҚ, ал басқа борттың ескек валына бу турбинасы жұмыс істегендегі, тасымалдау режимін пайдалануға жол беріледі.

Бұл жағдайда жұмыс істеу қабілеті Кеме қатынасы тіркелімімен мақұлданған арнайы бағдарлама бойынша тексерілетін жедел өшірілетін бөлу муфталары қолданылуы керек.

4383. Пайдаланылған ПТУ жүйелері осы қағиданың 10-бөлімнің 16 – 19-кіші бөлімдерінің талаптарына жауап беруі тиіс.

386-тарау. Газ отынмен жұмыс істейтін газтурбиналық қозғалтқыштар

Ескерту. 386-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрекімен.

4384. Осы тараудың талаптары газ тасымалдағышында орнатылған және буланатын тасымалданушы табиғи газ (метан) отыны ретінде пайдаланылатын ГТҚ-ға қолданылады. Газ тасымалдағышы бұл ретте ГТҚ-да пайдалану үшін буланғыш газды дайындау қондырғысымен жабдықталуы тиіс.

4385. Газ отынмен жұмыс істейтін ГТҚ-ға осы қағиданың 377 – 385-тарауының талаптары жауап беруі керек.

4386. ГТҚ-ні іске қосу және барлық пайдалану режимдеріндегі жұмыс газ отында жүргізіледі.

4387. ГТҚ-ға келіп түсетін газ отында сұйық фракциялар болмауы керек.

4388. Газ отынын беретін құбырлар осы қағиданың 309-тарауының талаптарына жауап беруі тиіс.

4389. Газ отынымен жұмыс істеу кезінде осы Қағидалардың 664-тарауының талаптары орындалады.

Ескерту. 4389-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4390. ГТҚ газ отынын беруді тоқтату кезінде мүмкіндігінше ГТҚ-ға жақын орналасқан жылдам тиектелетін клапан арқылы автоматты тоқтатылуы керек.

4391. Тікелей ГТҚ-да орналастырылған газ отынын беруді қолмен ағыту үшін құрылғы көзделуі қажет. Бұған қоса, қолмен ағыту машина бөлімінде, машина бөлімінен тыс орынжайларда және жүріс көпіршесінде бірнеше орындардан көзделуі керек.

4392. Машина бөлімінде ЦПУ-ға сигнал шығару арқылы жанудың төменгі шегінен 30 % сәйкес келетін газдың шекті ықтимал концентрациясы бойынша АПС көзделуі тиіс.

ГТҚ-ға газ беру машина бөлімінде концентрация жанудың төменгі шегінен 60 % жеткен кезде автоматты тоқтатылуы керек. Бұл ретте осы қағиданың 4350-тармағының талаптары орындалуы қажет.

4393. ГТҚ-ның отынның екі түрімен (сұйық және газ) жұмыс істеуі арнайы отын аппаратурасын қолдануды талап етеді және әрбір жағдайда Кеме қатынасы тіркелімінің арнайы қарауындағы нәрсе болып табылады.

Осы тарауда жазылған ГТҚ газ отынмен жұмыс істеген кездегі талаптар бұл жағдайда сақталады.

9-кіші бөлім. Ішкі жанудың қос отынды қозғалтқыштар

387-тарау. Жалпы ережелер. Екі түрлі отынмен жұмыс істеу шарттары

Ескерту. 387-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4394. Осы бөлімнің талаптары сұйық отын мен табиғи газбен (метанмен) жұмыс істейтін, сұғудан жанатын ішкі жану қос отынды қозғалтқыштарға (бұдан әрі – ҚОҚ) қолданылады.

4395. ҚОҚ қолдануға байланысты жекелеген талаптар осы Қағиданың 2738 және 4211-тармағында келтірілген.

4396. Отынның екі түрімен жұмыс істеген кезде ҚОҚ кейіннен газды бере отырып, тұтандырғыш отынды беру құрылғысымен жабдықталады. Бұл ретте газ отыннан сұйық отынға жылдам ауысу мүмкіндігі қамтамасыз етілуі керек.

Әрбір цилиндге тұтандыргыш отынды беру ҚОҚ-тың барлық жұмыстары режимінде қамтамасыз етілуі қажет.

4397. ҚОҚ іске қосуы, артқы жүріс жұмысы тек сұйық отында ғана жүзеге асырылады.

4398. ҚОҚ ауыспалы режимде жұмыс істеген кезде, кемені маневрлеуде, арқанды байлау операцияларында тек сұйық отын ғана пайдаланылуы тиіс.

4399. Газ отынын кенеттен беруді тоқтату кезінде ҚОҚ жұмысын тоқтаусыз сұйық отынмен жалғастыруы керек.

4400. ҚОҚ должны быть снабжены датчиками защиты, исключающими одновременную подачу газового топлива и полную подачу жидкого.

388-тарау. Кarterлерді, крейцкопфты екі отындық Іштеп жану қозғалтқыштарының тіреуіш кеңістіктерін қорғау

Ескерту. 388-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрекімен.

4401. ҚОҚ картерлері інді валдың әрбір қос інің ауданында сақтандырушы клапандармен жабдықталуы тиіс. Конструкция мен сақтандырушы клапандардың жұмыс істеу қысымы картерде жиналған газ отын ағындыларының ықтимал жарылысын есепке алып анықталуы керек.

4402. Егер ҚОҚ ретінде тронколық қозғалтқыш қолданылса, картер мынадай түрде қорғалуы тиіс:

1) газ отын ағындысының жиналудына кедергі болатын картерлер вентиляциясы көзделуі қажет. Бұл ретте ауа құбырларының соңы қауіпсіз орынға шығарылуы және оттан сақтандырыштармен жабдықталуы керек;

2) газ отын ағындыларын анықтау датчиктері немесе басқа да балама жабдық орнатылуы тиіс. Инерттік газды автоматты шығару құрылғысын орнату ұсынылады;

3) картерде май тұманы концентрациясының датчигін орнату көзделуі керек.

4403. Егер ҚОҚ ретінде крейцкопфтік қозғалтқыш қолданылса, қозғалтқыш картері май тұманы концентрациясының датчигімен немесе қозғалтқыш мойынтрегі температурасын бақылау жүйесімен жабдықталуы тиіс.

4404. Поршен асты кеңістігі газ отын ағындыларын анықтау датчиктерімен немесе басқа да тең келетін құрылғылармен жабдықталуы керек.

389-тарау. Кіріс және газ шығару жүйелері, іске қосу ауасының құбырлары, жануды бақылау

Ескерту. 389-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4405. Енгізу құбырлары мен үрлемелі ауа ресиверлері, сондай-ақ газ шығарушы коллекторлар сақтандырғыш клапандармен немесе басқа да қорғау құрылғыларымен жабдықталуы тиіс.

4406. ҚОҚ газ шығару құбырлары басқа қозғалтқыштардың, иинсинераторлардың бу қазандықтарының газ шығару құбырларымен біріктірілуі тиіс емес.

4407. Газ шығару құбырлары тиімді үрлеп тазарту құралдарымен жабдықталуы керек.

4408. Әрбір цилиндрге баратын шығару ауасы құбырының келте құбыры осы Қағиданың 4119-тармағының талаптарына сәйкес жабдықталуы қажет.

4409. Бақылау көлемі орнатылуы және жану процесіне ықпал ететін ҚОҚ-тың барлық элементтері үшін қарсылық сипаты мен олардың салдарларының талдауын есепке алып, макұлдауға ұсынылуы тиіс.

Бақылаудың ең аз көлемі, автоматты қоғаныс түрі мен АПС осы Қағиданың 465-косымшасында көлтірілген.

390-тарау. Газ отынын жеткізу, газ отынын беруді ажырату

Ескерту. 390-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4410. ҚОҚ цилиндрлеріне газ отынын беру коллекторының кіре берісінде отты бөлеуіш орнатылуы керек.

4411. Жергілікті басқару орнынан ҚОҚ-қа газ отынын беруді қолмен ағыту үшін құрылғылар көзделуі тиіс.

4412. Газ отынын беру құбырлары осы Қағиданың 309-тарауының талаптарына жауап беруі қажет.

4413. Қозғалтқыштың газдық коллекторын газ отынының кемелік құбырымен қосылуы қажетті иілімді қамтамасыз етуі керек.

4414. Газ отынын беру коллекторын цилиндрлердің газды клапандармен қосу құбырларға немесе арналарға бекітілуі тиіс.

4415. ҚОҚ-қа газ отынын беруді қозғалтқышта клапандарды автоматты жабу арқылы ағыту, егер ҚОҚ кез келген белгісіз себептермен тоқтатылса немесе осы Қағиданың 4402-тармағының 2), 3) –тармақшаларының 4405, 4404, 4409-тармақтарында, сондай-ақ 3732 немесе 3733-тармақтарында көрсетілген жағдайларда орындалуы керек.

4416. Коллекторға газ отынын жеткіzetін басты белгіш газ клапанын ҚОҚ жану камерааларына газ отынын беру клапандары жұмыс істемей түрған кезде автоматты

түре жабу ұсынылады (осы бөліктің 4638-тармағы, сондай-ақ осы Қағиданың 3735-тармағы).

4417. ҚОК-қа газ отынын беру манина бөліміндегі газ концентрациясы жанудың төменгі шегінен 60 %-ға жеткен кезде автоматты тұрде тоқтатылады. Бұған қоса, осы қағиданың 4399-тармағының талаптары орындалуы тиіс.

12-бөлім. Қазандықтар, жылу алмасу аппараттары мен қысымдағы ыдыстар

71-кіші бөлім. Жалпы ережелер

391-тарау. Тарапту аймағы

Ескерту. 391-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4418. Қағиданың осы бөліктерінің талаптары мыналарды:

1) су жылыту қазандығын (осы Қағиданың 4424 және 4426-тармақтарында көрсетілмеген);

2) су асты аппараттарын және олардың төзімді корпустар конструкциялары мен төзімлілігіне қатысты терең су сұнгуір кешендерін;

3) сұйытылған газды сақтау үшін стандартты үлгідегі стационарлық емес баллондарды (осы қағиданың 4427-тармағы);

4) еркін қысымдағы ыдыс болып табылмайтын тетік тораптары мен бөлшектеріне;

5) қазандықтан, жылу алмасу аппараттары мен ыдыстардан тыс орналасқан қысымдағы құбырлар жүйесінен тұратын құрылғыларды;

6) ауа жиегі 0,1 МП-дан аз жұмыс қысымы бар ауа салқындақышын;

7) тек сұйықтық қысымындағы жылу алмасу аппараттары мен ыдыстарды (осы Қағиданың 4424 және 4426-тармақтарында көрсетілмеген) қоспағанда қазандықтар, жылу алмасу аппараттары мен қысымдағы ыдыстарға қолданылады

4419. Қағиданың осы бөлігінің талаптары сонымен қатар сұйық отынмен жұмыс істейтін қазандықтардың отындық құрылғылары қолданылады.

392-тарау. Куәландыру көлемі

Ескерту. 392-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Жалпы талаптар

4420. Топтастыру тәртібіне, салу және пайдалану кезіндегі куәландыруларға қатысты жалпы ережелер Топтастыру және өзге қызметтер туралы жалпы ережелерде және осы қағиданың 1-бөлімінде жазылған.

4421. Қазандықтар, жылу алмасу аппараттары мен қысымдағы ыдыстар конструкцияның өлшемдері мен ерекшеліктеріне байланысты осы қағиданың 406-қосымшасына сәйкес сыныптарға бөлінеді.

4422. I және II сыныпты қазандықтар мен жылу алмасу аппараттары Әзірлеушіні тану туралы күелігі бар кәсіпорындарда әзірленуі тиіс.

2-параграф. Куәландыру көлемі

4423. Әзірлеу кезінде Кеме қатынасы тіркелімімен қуәландыруға мыналар жатады:

1) бу қазандықтары, оның ішінде пайдаланылатындары, жұмыс қысымы 0,07 МП және одан да көп болатын бу жылытқыштары мен экономайзерлер;

2) органикалық жылу тасымалдағыштары бар қазандықтар, оның ішінде пайдаланылатындары;

3) жұмыс істеу жағдайында жұмыс қысымы 0,07 МП және одан да көп болатын толықтай немесе ішінара газбен немесе бүмен толтырылған $0,03 \text{ МПа} \cdot \text{м}^3$ және одан көп құрайтын сыйымдылығы $0,025 \text{ м}^3$ және одан көп жылу алмасу аппараттары мен ыдыстары;

4) тұщыландыру құрылғылары;

5) басты және көмекші тетіктер конденсаторлары;

6) сұйық отынмен жұмыс істейтін қазандықтың оттық құрылғылары;

7) суды жылыту температурасы 115°C жоғары болатын су жылыту қазандығы;

8) басты және көмекші тетіктердің салқындатқыштары, жылытқыштары мен отын, май және су фильтрлері;

9) қазандықтар үшін жұғымды судың тұздылығын бақылауға арналған автоматты құрылғы;

10) инсинератор қазандықтар.

4424. Осы Қағиданың 4647-тармағының 2) және 6) тармақшаларында көрсетілген жылу алмасу аппараттары мен қысымдағы ыдыстар әзірлеу кезінде Кеме қатынасы тіркелімімен қуәландыруға жатпайды.

4425. Материалдар мен элементтердің өзге көлемдеріне қатысты суды жылыту температурасы 115°C асатын су жылыту қазандықтары қағиданың осы бөлігіне сәйкес бу қазандықтарына қойылған талаптарға жауап беруі керек.

4426. Материалдар мен элементтердің өзге көлемдеріне қатысты басты және көмекші тетіктердің фильтрлері мен салқындатқыштары қағиданың осы бөлігіне қысымдағы ыдыстарға қойылатын талаптарға жауап беруі тиіс.

4427. Сұйық газдарды сақтауға арналған және кемені пайдалану кезінде түрлі жүйелер мен құрылғыларда қолданылатын баллондар құзыретті органның техникалық қадағалауымен қолданыстағы стандарттар бойынша әзірленуі мүмкін.

4428. Тоңазытқыш құрылғылар құрамына кіретін жылу айналымы аппараттары мен қысымдағы ыдыстарды қуәландыру көлемі осы Қағиданың 4940, 4943 және 4944-тармақтарында көрсетілген.

4429. Осы Қағиданың 407-қосымшасында санамаланған бөлшектер Кеме қатынасы тіркелімімен мақұлданған осы тармақтың 3-параграфында көрсетілген техникалық құжаттамаға сәйкес әзірленгенде Кеме қатынасы тіркелімімен қуәландыруға жатады.

3-параграф. Техникалық құжаттама

4430. Қазандықтарды, жылу алмасу аппараттары мен қысымдағы ыдыстарды әзірлеу алдында Кеме қатынасы тіркеліміне мынадай техникалық құжаттамалар ұсынылуы керек:

1) есептеулер мен конструкцияларды тексеру үшін қажетті барлық деректер келтірілуі тиіс бөліктегі мен сипаттамалары бар конструктивтік сыйбалар (төзімді көлемдер, материалдар, электродтар, дәнекер тігістерінің орналасуы мен көлемі, бекіту бөлшектері, болжанатын терминалық өндеу);

2) Егер барлық қажетті деректер осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген сыйбаларда келтірілмесе, осы Қағиданың 403-қосымшасында көрсетілген бөлшектердің конструктивтік сыйбалары;

4) Қағиданың осы бөлігінің төзімділік нормалары талаптарынқанағаттандыратын егер Кеме қатынасы тіркелімімен мақұлданған стандарттарға сәйкес келсе, арматураны, фланецтерді және бекіту бұйымдарын қоспағанда, қысымға шалдыққан бөлшектердің төзімділігіне есептер;

5) сақтандырғыш клапандардың өтетін қимасының алаңын есептеу;

6) дәнекердің технологиялық процесі;

7) оттық құрылғысының, мұнай қалдықтары мен қоқыстарды жағуға арналған (инсинератор қазандықтарға арналған) камералар мен құрылғылардың сыйбасы;

8) стендтік сынақтар бағдарламасы.

4431. Автоматты реттеу, қорғау және сигнал беру жүйелері бойынша, сондай-ақ автоматты оттық құрылғылары бойынша құжаттама осы Қағиданың 5-тарауының 92-тармағы және 660-тарауына сәйкес ұсынылуы қажет.

Ескерту. 4431-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

393-тарау. Материалдар

Ескерту. 393-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4432. Қазандықтар, жылу алмасу аппараттары мен қысымдағы ыдыстарды әзірлеуге арналған материалдар осы Қағиданың 407-қосымшасының 4-бағанында көрсетілген осы Қағиданың 15-бөлімінің тиісті тарауларының талаптарына жауап беруі керек.

III сыныпты қазандықтар, жылу алмасу аппараттары мен қысымдағы ыдыстар бөлшектерінің, сондай-ақ осы Қағиданың 407-қосымшасының 1-тармағының 5) тармақшасында және 2-тармағының 5) тармақшасында көрсетілген бөлшектердің материалдары да стандарттар бойынша таңдалуы қажет. Материалдарды қолдану бұл ретте техникалық құжаттамаларды қарau кезінде Кеме қатынасы тіркелімімен келісуге жатады.

Осы Қағиданың 407-қосымшасында санамаланған I және II сыныпты қазандықтар, жылу алмасу аппараттары мен қысымдағы ыдыстар бөлшектерінің материалдары әзірлену кезінде Кеме қатынасы тіркелімімен күәландырылуға жатады (осы Қағиданың 407-қосымшасының 1-тармағы 5) тармақшасының және 2-тармағы 5) тармақшасының реттік нөмірлерінде көрсетілген бөлшектерді қоспағанда).

4433. Көміртекті және көміртек-марганец болатты 400°C дейінгі, ал аз көміртегілі - 500°C дейінгі ортаның есептеу температурасы кезінде қазандықтар, жылу алмасу аппараттары мен қысымдағы ыдыстар бөлшектерін дайындау үшін қолданылады. Осы болаттарды көрсетілгеннен жоғары температуралы ортада қолдануға олардың 100000 с. асатын механикалық құрамы мен ұзақтық төзімділік шегі қолданыстағы стандарттарға сәйкес келетін және осы жоғары температура кезінде болат әзірлеушімен кепілдендірілген жағдайда жол беріледі. Температурасы 500°C жоғары орта үшін қанадықтардың және жылу алмасу аппараттарының элементтері мен арматуралары, әддете, қоспаланған болаттан әзірленуі тиіс.

4434. Ортаның есептеу температурасы 250°C кем болатын жылу алмасу аппараттары мен қысымдағы ыдыс үшін Кеме қатынасы тіркелімімен келісім бойынша осы қағиданың 586-тарауының сәйкес кеме жасау болаты қолданытуы керек.

Жұмыс қысымы 0,7 МПа кем және ортаның есептеу температурасы 120°C кем жылу алмасу аппараттары мен қысымдағы ыдыстың кейбір бөлшектері үшін Кеме қатынасы тіркелімімен келісім бойынша жартылай тынық болатты пайдалануға болады

4435. Егер материалдың есептеу сипаттамасы ретінде жоғары температурада кезіндегі ағымдылық шегі қабылданса (осы қағиданың 470—тармағы), қабырганың есептеу температурасы кезінде материалды созылуына сынау жүргізілуі керек, ал егер ұзақтық төзімділігінің шегі қабылданса, Кеме қатынасы тіркеліміне қабырганың есептеу температурасы кезінде ұзақтық төзімділік шегі туралы деректер ұсынылуы тиіс

4436. Қазандықтар, жылу алмасу аппараттары мен қысымдағы ыдыстар үшін қоспалы болат қолданылған әрбір жағдайда Кеме қатынасы тіркелімінің арнайы қарауындағы нәрсе болып табылады.

Бұл ретте Кеме қатынасы тіркеліміне болаттың механикалық құрамы мен ұзақтық төзімділігі және қабырғаның есептік температурасы, технологиялық құрамдары, дәнекерлеу технологиясы мен терминалық өндөу кезінде дәнекерлеу қосылғылар туралы деректер ұсынылуы тиіс.

Шойынды және мыс қорытпаларын органикалық жылу тасымалдағыштары бар қазандықтардың қазандық арматуралары үшін қолдануға тыйым салынады.

4437. Шартты диаметрі 50-ден 200 мм-ге дейін, p жұмыс қысымы 1 МПа дейінгі және жұмыс температурасы 350°C дейін болатын қазандық арматура осы Қағиданың 564-қосымшасына сәйкес толықтай ферритті құрылымды шар тәріздес графитті шойыннан әзірленуі мүмкін.

d шартты диаметрі 50 мм-ден кем сол арматура үшін $p \cdot d$ туынды 250 МПа·мм аспауы керек.

4438. Диаметрі 1000 мм дейін және жұмыс қысымы 1 МПа болатын жылу алмасу аппараттары мен қысымдағы ыдыстың бөлшектері мен арматурасы осы Қағиданың 564-қосымшасына сәйкес толықтай ферритті құрылымды шар тәріздес графитті шойыннан әзірленуі мүмкін.

4439. Қазандықтардың, жылу алмасу аппараттары мен қысымдағы ыдыстың бөлшектері және олардың арматуралары үшін мыс қорытындыларын пайдалануға ортаның 250°C дейінгі есептеу температурасы және 1,6 МПа дейінгі жұмыс қысымы үшін жол беріледі.

Басқа шарттар үшін мыс қорытындыларын қолдану әрбір жағдайда Кеме қатынасы тіркелімінің арнайы қарауындағы нәрсе мән болып табылады.

4440. осы Қағиданың 407-қосымшасының 1-тармағының 2) тармақшасында және 2-тармақтың 3) тармақшасында көзделген бөлшектер үшін, Кеме қатынасы тіркелімімен келісім бойынша бойлай жапсырылған электрлі дәнекерленген құбырларды олардың жамалмаған құбырларға баламалығы дәлелденгенде пайдалануға рұқсат етіледі (осы Қағиданың 580-тармағы).

4441. Композиттік материалдарды (қабатты-талшықты композиттік материадардан және корпустың цилиндрлік немесе салалық нысанды металдардан конструкциялар) 60°C аспайтын есептеу температурасы үшін қысымдағы ыдыста пайдалануға жол беріледі . Әзірлеуші немесе жобагер Кеме қатынасы тіркеліміне мақұлдау үшін пайдаланылған материалдар туралы толық мәліметті (қаптау құрылымы мен тығыздығы, серпінділік және қозғалыс модулдері, ағымдылық шегі, төзімлідік шегі, шекті деформациялар, аз циклдың қарсылығы) ұсынуы тиіс. Әзірлеуші немесе жобагер Кеме қатынасы тіркеліміне мақұлдау үшін пайдаланылған материалдар туралы толық мәліметті

ұсынуы қажет. Бұған қоса, бұйым конструкциясы, өзірлеу тәсілі (лейнерді тұщытудан кейінгі қалған кернеулер, термоөндөу), жұмыс ортасы мен пайдаланылатын жүктемелер туралы мәліметтер ұсынылуы керек.

394-тарау. Дәнекерлеу

Ескерту. 410-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4442. Дәнекерлеу және дәнекерлеу біріктірулердің бұзылмайтын бақылауы осы қағиданың 16-бөлімінің талаптарына сәйкес орындалуы тиіс.

4443. Дәнекерлі біріктірулер, әдетте, жапсарлас болуы тиіс.

Бұрышты дәнекерлей біріктіру немесе иілу жағдайына шалдығатын біріктіру қолданылатын конструкция Кеме қатынасы тіркелімінің арнайы қарауындағы нәрсе болып табылады.

Іктимал дәнекерлей біріктірудің үлгі мысалдары қосымшада келтірілген.

4444. Бір тік бойда бірнеше секциядан тұратын конструкциялардың бойлама тігістердің орналасуы Кеме қатынасы тіркелімінің арнайы қарау мәні болып табылады.

395-тарау. Терминалық өндеу

Ескерту. 393-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4445. Дәнекерлеуден немесе пластикалық өндеуден кейін бөлшектері мен құрылымы бұзылуы мүмкін материалдар тиісті терминалық өндеуге тартылуы тиіс.

Дәнекерленген конструкцияны терминалық өндеу кезінде осы қағиданың 6870-тармағының талаптары орындалуы керек.

4446. Терминалық өндеу мынадай жағдайларда жүргізілуі қажет:

1) кесек болаттан өзірленген қазандықтың, ыдыстар мен жылу алмасу аппараттарының элементтері салқын штамптауға, 5 % аса сыртқы талшықтың пластикалық деформациямен майысу мен фланцовкаға шалдыққанда;

2) құбыр шарбақтары бірнеше бөліктен дәнекерленгенде; бұл ретте терминалық өндеу құбыр астынан тесік жасағанға дейін жүргізілуі мүмкін;

3) дәнекерлеу түбі салқын штамптаумен өзірленгенде;

4) элементтер соңында температурасы металлды соғу температурасынан төмен қысыммен ытсық өндеуге шалдыққанда;

5) болатта көмірқышқыл газының құрамы 0,25 % аса болатын дәнекерленген конструкциялары пайдаланылғанда.

396-тарау. Сынау. Қазандық орынжайлары мен қосалқы бөлшектер

Ескерту. 395-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4447. Қазандықтардың, жылу алмасу аппараттары мен қысымдағы ыдыстардың барлық элементтері әзірленгеннен немесе жиналғаннан кейін осы қағиданың 408-қосымшасының талаптарына сәйкес гидравликалық сынаққа тартылады.

4448. Гидравликалық сынақ изоляция орналастырылғанға және қорғаныстық жабу жасалғанға дейін барлық дәнекерлеу жұмыстары аяқталғаннан кейін жүргізуі тиіс.

4449. Егер жинаудан кейін жекелеген тараптардың және бөлшектердің сынақ беттерін жан-жақты бақылау қыын болса немесе мүмкін болмаса, бұл бөлшектер мен тораптар жинауға дейін сыналуға жатады.

4450. $p_w + 0,1$ МПа сыналатын қысыммен сыналған элементтердің, сондай-ақ осы Қағиданың 408-қосымшасында көрсетілгеннен неғұрлым жоғары сынақ қысымымен сыналатын элементтердің көлемдері осы қысымға тексеріс есебіне шалдығуы керек; бұл ретте кернеу материал ағынының 0,9 шегінен аспауы тиіс.

4451. Кемеге орнатылғаннан кейін бу қазандықтары жұмыс қысымы кезінде бу сынағына шалдығуы қажет.

4452. Кемеге орнатылғаннан кейін аяу сақтағыштар арматурамен жинақтықта жұмыс қысымымен пневматикалық сынаққа шалдығуы керек.

4453. Жылу алмасу және тоңазытқыш құрылғыларының ыдыстары осы Қағиданың 568-тарауына сәйкес сыналуға жатады.

Ескерту. 4453-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4454. Қазандық орынжайлар осы Қағиданың 182 – 185-тарауларының талаптарына жауап беруі тиіс.

4455. Қосалқы бөлшектерге талаптар осы Қағиданың 326-қосымшасында және 218-тарауында жазылған.

2-кіші бөлім. Беріктілік есептері

397-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 397-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Қолдану саласы

4456. Есептеу нәтижесінде алынатын қабырғалардың қалындығы пайдаланудың қалыпты жағдайлары үшін мейлінше аз рұқсат болып табылады.

Беріктілік есептерінің нормалары мен әдістері дайындау кезінде қалындығы бойынша технологиялық рұқсатты ескермейді. Олар есептік қалындыққа қосынды түрінде ескерілуге тиіс.

Есептегендегі элементке сыртқы жүктемелерден (осытік күштеуден, майысатын және бұралатын кезеңдерден) болатын қосымша кернеулер (атап айтқанда, өзінің салмағының, қосылған бөлшектер салмағы) Кеме қатынасының тіркелімінің талабы бойынша ерекше ескерілуге тиіс.

4457. Осы Ережеде беріктікі есептеу әдістері келтірілмеген қазандықтар, жылу алмасу аппараттары мен сауыттары құрылғы элементтерінің көлемі тәжірибелік деректер мен сынақтан өткен теориялық есептердің негізінде белгіленеді және әрбір жеке жағдайда Кеме қатынасының тіркелімінің арнайы қарауының нысанасы болып табылады.

2-параграф. Есепті қысым

4458. Қысымдағы қазандық, жылышту айналымы аппараттары және ыдыстары бөлшектерінің беріктігін есептеу жүргізілетін еспті қысым ортаның жұмыс қысымына тең деп түсіну қажет.

Гидростатикалық қысым еспті қысым 0,05 МПа асқан кезде анықталуы тиіс.

4459. Тіке ағысты қазандықтар және мәжбүрлі айналысты қазандықтар үшін есепті қысым есепті бу өндірісі кезінде қазандық бөлшектеріндегі гидродинамикалық кедергілерді есепке ала отырып қабылдану қажет.

4460. Екі жағынан қысымға ұшыраған тегіс қабырғалар үшін ең үлкен әсер ететін қысымды есептеген жөн.

Екі жағынан қысымға ұшыраған иірімді тегістік түріндегі қабырғаларға ішкі және сонымен қатар сыртқы қысымға есептелуі тиіс.

Тегіс немесе иірімді тегістік түріндегі қабырғалардың бір жағынан берілген қысым атмосфералық қысымнан төмен болса, онда есепті қысым ретінде қабырғаның келесі жағынан әсер ететін және 0,1 МПа үлкейген қысымды қабылдау қажет.

4461. Экономайзер үшін есепті қысым ретінде қазандықтың бу коллекторындағы жұмыс қысымының жиынтығы және қазандықтың есепті бу өндірісі кезінде экономайзердегі, құбыр желілеріндегі және арматурадағы гидродинамикалық кедергі қабылдануы тиіс.

4462. Тоңазытқыш құрылғылары қысымындағы жылу алмасу аппараттары және ыдыстары үшін есепті қысым осы Қағиданың 546-тарауының 2-параграфының талаптарына сәйкес қабылдануы тиіс.

Ескерту. 4462-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-параграф. Есепті температура

4463. Орта температурасы және жылыту талаптарына тәуелді рұқсат етілген кедергіні анықтау үшін қабырғаның есепті температурасы осы Қағиданың 409-қосымшасында көрсетілгендеңін аз болмауы тиіс.

4464. Ең жоғары ыстылған бу $t_{\text{H}} > 400^{\circ}\text{C}$ температурасындағы бу ысытқыш бөлшектердің t қабырғасының есепті температурасын анықтау бу ысытқыштардың бірнеше қималары бойынша, жеке бөлшектердегі және бөліктердегі қазандықтың мүмкін болатын барлық пайдалану жүктемесі аралығында мүмкін болатын пайдаланудың жоғарғы температурасын есепке ала отырып жүргізілуі тиіс.

Есеп ретінде бу ысытқыштың ең үлкен кернеуінде алынған ең жоғарғы есепті температура қабылдануы тиіс.

Бу ысытқыш құбырлар қабырғаларының $t_{\text{H}} > 400^{\circ}\text{C}$ кезіндегі номиналды есепті температурасы мына формула бойынша анықталады: (осы Қағиданың 409-қосымшасының 2-тармағы 5) тармақшасы)

$$t = t_s + \Delta t_g + \Delta t$$

(850)

мұнда

t_s

— қарастырылған құбыр қимасындағы орташа температура ${}^0\text{C}$, ол бу ысытқыш және оның құрамдас сызбалары жұмысының жылыту жағдайларын талдау нәтижелері бойынша, сондай-ақ қазандықтың жылыту есебінің нәтижесі бойынша анықталады;

Δt_g

— құбыр қабырғасы есепті температурасы мен қарастырылған құбыр қимасындағы бу температурасы арасындағы орташа айырмашылық, ${}^0\text{C}$. Оны анықтау үшін қазандықтың жылыту есебінен мына мәліметтерді есептеп алу немесе қабылдау қажет:

α_1

— бу газдарынан құбыр қабырғасына құбыр айналасы бойынша жылу беру орташа коэффициенті, $\text{Вт}/(\text{м}^2 \cdot \text{К})$;

α_2

— құбыр қабырғасынан буга жылу беру коэффициенті, $\text{Вт}/(\text{м}^2 \cdot \text{К})$;

α_3

— сәулеленумен жылу беру коэффициенті, $\text{Вт}/(\text{м}^2 \cdot \text{К})$;

t_k — қарастырылатын құбырлар алдындағы бу газдарының температурасы, ^0C .

Δt_g

—осы Қағиданың 406-қосымшасы бойынша анықталады.

Δt_g

анықтау үшін қосымша шама A_0 мына формулада

$$A_0 = k_0 \frac{1,6\alpha_1 + \alpha_3}{\alpha_2}$$

(851)

мұнда k_0 — осы Қағиданың 411-қосымшасы бойынша анықталатын коэффициент.

Жылтылылатын ысыту құбырлары үшін

Δt_g

жылу қабылдаудың газ жүретін к ысыту ені бойынша тұрақты емес коэффициентіне және будың құбырға кіргенінен бастап қарастырылатын қимаға дейінгі бөліктегі бу

Δt_g

температурасының үстелуіне тәуелді және осы Қағиданың 412-қосымшасы бойынша анықталады.

к коэффициенті тең болып саналады: 1,3 — түйін немесе жылан тәріздес ысытқышты қарапайым түрдегі тұра су құбырлы қазандықтар үшін; 1,2 — жылан тәріздес ысытқышты U-түріндегі кеменің шахталық қазандықтары үшін.

Ескерту. Жылтылмайтын коллекторлар және ысытқыш құбырларды есептеу кезінде $t_H > 400^0\text{C}$

Δt_g

қарастырылған кезеңдегі немесе ысытқыш секцияларында бу температурасын толық үстелуі болып табылады.

4465. Жылтылмайтын қабырғалар ретінде:

1) кеңістіктен немесе бу жолынан отқа төзімді оқшаулағышпен бөлінген, ал олардың осы оқшаулағыштан ара қашықтығы 300 мм немесе одан көп, немесе

2) сәулелі жылу әсер етпеген отқа төзімді оқшаулағышпен қорғалған болып табылады.

4466. Сәулелі жылу әсерінен қорғалған қабарғалар:

1) отқа төзімді оқшаулағышпен қорғалған, немесе

2) тығыз құбыр қатарымен (бұл қатардағы құбырлардың арасындағы ең үлкен санылау 3 мм дейін), немесе

3) екі сыртқы диаметрге тең шахмат тәртібінде орналасқан екі құбыр қатарлары, немесе үш немесе одан көп, шахмат тәртібінде орналасқан, құбырдың сыртқы диаметрінің 2,5 тең құбыр қатарлары болып табылады.

4467. Жылтылылатын қазандық қабырғаларының және бұтташылмайтын қазандық қабырғасының есепті температурасы 250°C аспауы тиіс.

4468. Оқшауланбаған бұтташылмайтын қалындығы 20 мм көп емес қазандық қабырғаларын қолдану тек 800°C дейінгі газ температурасында жол беріледі. Егер 20 мм аз қалындықтағы қабырғалар және бұтташылмайтын қалындығы 800°C көп температурасында оқшаулағышпен немесе құбыр қатарларымен қорғалмаған және ұзындығы 8 диаметрден көп құбырлары бар бөліктер болса, қабырғаның есепті температурасы жылу есебімен анықталады.

Сәулелі жылу әсерінен қабырғаларды қорғау талаптары осы Қағиданың 4803-тар мағында келтірілген.

4469. Тоңазытқыш агент қысымында жұмыс істейтін жылу алмасу аппараттары және ыдыстары қабырғаларының есепті температурасы, егер одан жоғары температура болмаса 20°C тең болып қабылданады.

4-параграф. Материалдар беріктігінің сипаттамасы және рұқсат етілген кернеу

4470. Жоғарғы R_{eH} ағыны 0,6 аспайтын уақытша R_{m} кедергіге қатысты көміртекті және легирленген болаттар үшін рұқсат етілетін кернеуді анықтау кезінде есепті сипаттама ретінде ағынның $R_{\text{eL/t}}$ төменгі шегі немесе ағынның $R_{\text{p0,2/t}}$ шартты шегі және есепті температура кезіндегі 100 000 сағаттағы ұзак

$R_{\text{m}/40000}$

беріктік шегі қолданылуы тиіс.

Жоғарғы шекті ағыны 0,6 асатын уақытша кедергіге қатысты болаттар үшін есепті температура кезінде қосымша уақытша $R_{\text{m/t}}$ кедергіні қабылдаған жөн.

Жылжу тәртібінде жұмыс істейтін (450°C жоғары температура кезінде) болат үшін $R_{\text{eH}}/R_{\text{m}}$ көрсетілген сипаттамаларға қатысына қарамастан есепті температура кезінде жылжудың

$R_{100(10^2)/z}$

шартты шегін қосу қажет.

Сонымен қатар, $R_{\text{eL/t}}$, $R_{\text{p0,2/t}}$ және $R_{\text{m/t}}$ үшін болат тасымалдау талаптарында көрсетілген ең төменгі мәндер, ал $R_{\text{m/t}}$ және

$R_{100(10^2)/z}$

үшін — орташа мәндер қолданылуы тиіс.

4471. Анық байқалатын аққыштық алаңы жок материалдар үшін есепті сипаттама ретінде есепті температура кезіндегі уақытша $R_{\text{m/t}}$ кедергінің ең төменгі мәні қолданылуы тиіс.

4472. Шар тәріздес графитті шойын және феррит-перлитті және перлиттік құрылымды және 5 % кем емес салыстырмалы ұзындықтағы құйма шойын үшін беріктігінің есепті сипаттамасы ретінде 20°C кезіндегі уақытша R_v кедергінің ең төменгі мәні қабылдануы тиіс.

Ферриттік құрылымды және 5 % артық салыстырмалы ұзындықтағы шойын үшін беріктігінің есепті сипаттамасы ретінде екі мәннің ең азы қолданылуы тиіс:

$R_v = 20^{\circ}\text{C}$ кезіндегі материал беріктігінің ең төменгі шегі немесе

$R_{0,2} = 20^{\circ}\text{C}$ кезіндегі қалдық ұзындық 0,2 % құрайтын аққыштықтың шартты шегі.

4473. Тұсті металдарды және олардың балқымаларын қолданған кезде оларды өндөу және дәнекерлеу кезіндегі ысыту суық жағдайда алынған беріктігін азайтатынын ескеру қажет, сондықтан осы материалдардың бөлшектері мен желілері беріктігін есептеу үшін олардың термикалық өндөуден өткеннен кейінгі жағдайына сәйкес келетін беріктік сипаттамасын қабылдау қажет.

4474. Болаттардың есепті сипаттамасының ұсынылған мәні 456 және 457-көсімшаларда келтірілген.

Көрсетілген кестеде аталмаған материалдар үшін жоғары температура кезіндегі беріктік сипаттамасы Тіркеушінің арнайы қарау пәні болып табылады.

Қазандық болаттарының беріктік сипаттамасы Тіркеушімен келісілген стандарттар бойынша қабылданады.

4475. Беріктік мөлшер есебі кезінде қолданылатын рұқсат етілген кернеу, МПа, мына мәндердің ең азына тең болуы тиіс (сосы Қағиданың 170-4474-тармақтарының талаптарын ескере отырып):

$$\sigma = \frac{R_{m/t}}{n_s}$$

,

$$\sigma = \frac{R_{1\%t(0)/t}}{n_s}$$

,

$$\sigma = \frac{R_{el/t}}{n_T}$$

(немесе

$$\sigma = \frac{R_{0,2/t}}{n_T}$$

)

$$\sigma = \frac{R_{m/t_{100000}}}{n_{DT}}$$

(852)

мұнда n_B — уақытша кедергі бойынша беріктік қорының коэффициенті;
 n_{Π} — жылжу шегі бойынша беріктік қорының коэффициенті;
 n_T — аққыштық шегі бойынша беріктік қорының коэффициенті;
 $n_{ДП}$ — ұзақ беріктік шегі бойынша беріктік қорының коэффициенті.

Коэффициенттер осы тармақтың 5 параграфына сәйкес алғынады.

5-параграф. Беріктік қорының коэффициенттері

4476. Болат шындалу мен илектерден жасалған және ішкі қысымдағы бөлшектер үшін беріктік қорының коэффициенттері

$$n_T = n_{ДП} = 1,6, \quad n_B = 2,7 \text{ и } n_{\Pi} = 1,0$$

аз болмауы тиіс.

Сыртқы қысымдағы бөлшектер үшін беріктік қорының n_T , $n_{ДП}$ және n_B коэффициенттері 20 % ұлғаюы тиіс.

осы Қағиданың 455-қосымшасында көрсетілген құрылыстар үшін, $z=1,33$;
 M — балканың майысу уақыты, Н·м:
тікбұрыш қимасы үшін
 $M=p$

$\frac{\alpha}{l^2/8000}; (925)$

s_1 — балканың ені, мм;
 h — $8s_1$ артық болмайтын, балка биіктігі, мм;
 l — балканың есепті ұзындығы, мм;
 p — есепті қысым (осы Қағиданың 402-тарауының 2-параграфы), МПа;
 a — балканы орнату қадамы, мм.

3-кіші бөлім. Қазандықтар

407-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 408-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрігымен.

4564. Куәландыруға, техникалық құжаттамаға, әзірлеуге, материалдарға қатысты жалпы ережелер, қазандықтарға қойылатын жалпы талаптар, және қазандық элементтерінің төзімділігіне есеп нормалары осы Қағиданың 11-бөлімінің 1 және 2-кіші бөлімдерінде жазылған.

4565. Қазандықтар осы Қағиданың 175-тарауында келтірілген қоршаған орта жағдайларында жұмысқа қабілеттілікті сақтауы керек.

4566. Жауапты мақсаттағы көмекші қазандық істен шығуы басты қозғалтқышты тоқтатуға немесе кемені тоқсыздандыруға әкеп соққан немесе жүкті тиісті тасымалдау бойынша ерекшелік талаптарынан ауытқуға әкеп соққан жағдайда, Кеме қатынасы тіркелімі осындай екі қазандықты орнатуды талап етуі мүмкін.

408-тарау. Конструкцияға қойылатын талаптар

Ескерту. 409-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4567. Батып кету кезінде майысу процесінен пайда болған құбырлар қабырғасының қалындығы есептіден кем болмауы тиіс.

4568. Ұзақ және қысқа байланысты, сондай-ақ майысу мен бөліну күшіне шалдыққан байланыс құбырларды қолданудан алшақ болған дұрыс. Байланыстарда, өзге де қабырғаларда, нығайту құрылғыларында көлденең ағыстарда өзгерістер болмауы керек.

Қысқа байланыс шеттерінде осы Қағиданың 459-қосымшасына 1-қосымшасының 5-тармағының 3) тармақшасына сәйкес бақылау бұрғылау көзделуі тиіс.

4569. Қысқа байланыстармен нығайтылған және от пен жоғары температуралы газдың әрекетіне шалдыққан қабырғалар үшін байланыс орталықтары арасындағы ара қашықтық 200 мм-ден аспауы тиіс.

4570. Газ құбырлы қазандықтардың бұрыштық байланыстары ыстық құбырдан кемінде 200 мм қашықтықта орналастырылуы тиіс. Жазық қабырғаларды дәнекерленген балкаларға бекітуді оларға келетін күш қазандықтың корпусына немесе оның барынша қатты элементтеріне мүмкіндігінше жіберілетіндегі жүргізілуі керек.

4571. Ыстық құбырлар мен қазандық корпусы арасындағы қашықтық кемінде 100 мм. болуы қажет. Екі ыстық құбыр арасындағы қашықтық кемінде 120 мм. болуы тиіс.

4572. Кіші құбырлар мен штуцерлер қатты конструкциялы және изоляцияны алусыз арматураны бекіту және шешу үшін жеткілікті қысқа болуы керек. Кіші құбырлар төтенше майысу күшіне шалдықпауы және қажетті жағдайларда қатайту қабырғаларымен нығайтылуы қажет.

4573. Арматураны және құбырларды орнатуға арналған дәнекерлемелер, сондай-ақ кіші құбырлар, қазандық қабырғасының барлық қалындығынан өтетін втулкалар мен штуцерлер, әдетте, екі жақты дәнекерленеді. Кіші құбырлар мен штуцерлер жойылатын астарда немесе дәнекерленетін бөліктің барлық қалындығын дәнекерлеуді қамтамасыз ететін басқа тәсілмен бір жақты жасалған бұрышты тігіспен теңестірілуі мүмкін.

4574. Барабандар мен қабырға қалындығы 20 мм асатын қазандық колекторлары, сондай-ақ буды жылдыту коллекторлары осы қағиданың 4466-тармағына сәйкес сәулелік жылудың тікелей әсерінен қорғалуы керек. Қазандық жылдыту бетінің элементтері мен сәулелі отынның тікелей әрекетіне шалдыққан оттық құрылғыларының формының жалын жағында шығып тұратын бөліктер мен жиектер болмауы тиіс.

4575. металл емес қабаттаушы прокладкалар қолданылған кезде горловиналар мен люктардың жабу конструкциясы прокладканы қысып шығару мүмкіндігін бодырмауы керек.

4576. Қазандықтар қабырғаларындағы тесіктерге, қарау люктеріне және басқа саңылауларға арналған ойықтарда осы Қағидалардың 400-тaraуының 4-параграфына және 404-тaraуына сәйкес бекітулері болуы тиіс.

Ескерту. 4576-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он қун өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.

4577. Қазандық экономайзерлерінде будың пайда болуын болдырмайтын конструктивтік шаралар қолданылуы керек.

4578. Көрінетін жерде қазандықтың негізгі деректері жазылған фирмалық тақта көзделуі қажет.

4579. Жүктемелі болып табылмайтындарынан басқа, қазандықтар бекітпелерінің бөлшектері қазандық қабырғаларына (обечайкаға, түптеріне, коллекторларға, барабандарға) тікелей жабыстырыла дәнекерленбей, дәнекерленуші накладкалар арқылы біріктірілуі керек.

4580. Коллекторлар мен құбыр шарбақтарына жаншып бекітілген құбырлар тігінсіз болуы тиіс.

4581. Бүйірленген трубкалы су құрырлы қазандықтар мен мәжбүрлі циркуляциялы пайдаланылатын қазандықтар күйе тазартатын тиімді және өрттен қауіпсіз жүйемен жабдықталуы және жылыту бетін тексеру және тазарту, сондай-ақ қалдықтарды жою үшін рұқсаты болуы керек.

4582. кірістегі газ температурасы 270°C және одан төмен болатын Екі тактілі дизельдердің газ шығару жүйелеріне қосылатын мәжбүрлі циркуляциялы пайдаланылатын қазандықтары мынадай талаптарға жауап берулері қажет:

1) қазандықтың газды трактісінің гидравликалық кедергісі оның жұмысы кезінде қазандықтың жылыту бетіндегі құбырлардың айнала ағуы кезінде газ жылдамдығы кемінде 10 м/с болатындей болуы тиіс;

2) ішінара жүктемеде қозғалтқыштың жұмысы кезінде қазандықты жылытууды ағыту үшін газдарды толықтай қайта шығаруды қамтамасыз ететін автоматты немесе қашықтықтан басқару құрылғысы көзделуі керек;

3) қазандықтар қалдықтарды жуу және қалдықтарды жою жүйесімен жабдықталуы тиіс. Бұл ретте жуыс өнімдерінің қозғалтқыштардың газ өту орындарына тұсуін жоятын конструктивтік шараларді көздеу қажет. Жылыту бетінен қалдықтарды жоюды жеңілдететін қондырғыны енгізуге арналған құрылғыны орнату ұсынылады.

4583. Мәжбүрлі циркуляциялы пайдалану қазандықтарының конструкциясы осы Қағиданың 273-қосымшасының 11-тармағында көзделген өрт сөндіру стационарлық құралдарының қосылу мүмкіндіктерін көздеуі тиіс.

409-тaraу. Арматура және бақылау-өлшеу аспаптары

Ескерту. 410-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Жалпы талаптар

4584. Барлық қазандық арматурасы дәнекерленген арнайы келте құбырларға, штуцерлер мен дәнекерлегіштерге орнатылады және оларға ернемектерге түйреуіштермен немесе бұрандалармен бекітіледі. Дәнекерлеушінің денесіне кіретін шпилькалардың толық бұрамасының ұзындығы шпилька бұрамасының сыртқы диаметрінен кем болмауы тиіс.

Өту жолының диаметрі 15 миллиметрден аспайтынштуцерлі арматураға рұқсат етіледі, ол арнайы дәнекерлегішке бекітілуі тиіс.

Пісіргіштердің, келте құбырлардың және штуцерлердің конструкциясы осы Қағидалардың 404-тарауының талаптарына жауап беруі тиіс.

Ескерту. 4584-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4585. Клапандардың қақпақтары корпустарға шпилькалармен немесе болттармен бекітілуі тиіс. Өту диаметрі 32 мм және одан кем клапандарда оларда сенімді стопорлар болған жағдайда, бұрандалы қақпақ болуы мүмкін.

4586. Клапандар мен крандарда "ашық" және "жабық" жағдайларының көрсеткіштері болуы қажет.

Жағдайлардың көрсеткіштері арматура конструкциясы ол ашық па әлде жоқ па екендігін көруге мүмкіндік беретін жағдайда талап етілмейді. Клапандарды жабу махавиктерді сағат тілі бойынша айналдыру кезінде жүргізіледі.

2-параграф. Қоректендіру клапандары

4587. Жауапкершілік мақсатындағы әрбір басты қазандық және көмекші қазандық кемінде екі қоректендіру клапандарымен жабдықталуы керек. Басқа мақсаттағы көмекші қазандықтар, сондай-ақ пайдалану қазандықтар бір-бір қоректендіру клапанына ие болуы тиіс.

4588. Қоректендіру клапандары кері қайтпайтын болуы керек. Қоректендіру клапандары мен қазандық арасында аулақтандыру клапаны орнатылуы қажет. Кері

қайтпайтын және аулақтандыратын клапандар бір корпуста орналастырылуы мүмкін. Аулақтандыру клапаны тікелей қазандықта орналастырылуы тиіс.

4589. Коректендіру сұы жүйесіне талаптар осы Қағиданың 17-кіші бөлімінде жазылған.

3-параграф. Су көрсеткіш құралдары

4590. Еркін су беткейлі (булану беткейі) әрбір қазандық мөлдір шкалалы кемінде екі су деңгейлерінің тәуелсіз көрсеткішімен жабдықталуы қажет (осы Қағиданың 4592-тармағы). Кеме қатынасы тіркелімімен келісілгеннен кейін көрсетілген екі деңгей көрсеткішінің біреуі қазандықта судың төменгі деңгейі бойынша қорғаныс құрылғысы және судың төменгі және жоғарғы деңгейі бойынша сигнал беру жүйесі, не төмендетілген немесе тәуелсіз нұктелермен макұлданған типтегі деңгейдің қашықтық көрсеткіші болған кезде орналастырылауы мүмкін (бұл ретте қорғаныс құрылғысының және сигнал беру жүйесінің датчиктері іріктеудің әртүрлі нұктелерімен тәуелсіз болуы керек).

Бу шығаруы 750 кг/с және одан кем болатын қазандықтарды, сондай-ақ бумен жылыштылатын бу генераторларын, судың еркін беткейі бар пайдалану қазандықтары мен пайдалану қазандықтарының бу жинақтауыштарын мөлдір шкалалы бір деңгей көрсеткішімен жабдықтауга рұқсат беріледі.

4591. Мәжбүрлі циркуляциялы қазандықтар үшін су деңгейлерін көрсеткіштерінің орнына қазандыққа судың жеткілікісін түсуі туралы ескертетін екі тәуелсіз сигнал беру құрылғысы көзделуі керек.

Егер қазандыққа осы Қағиданың 4683-тармағының 4) тармақшасының талаптарына жауап беретін автоматты оттық құрылғысымен қызмет көрсетілсе, екінші сигнал беру құрылғысын орналастырмауға болады.

4592. Бұл талаптар пайдалану қазандықтарына қолданылмайды.

3,2 МПа дейінгі жұмыс қысымды қазандықтар үшін су көрсеткіштің әйнектері жалпақ кедір-бұдыр болуы тиіс. Жұмыс қысымы 3,2 МПа және одан көп болатын қазандықтар үшін әйнекті су мен бу әрекетінен сақтайтын әйнектің орнына слюда тілімше, слюда прокладкалы тегіс әйнектер жинақтары, немесе қазандық сұнының әрекетінен бұзушылықтарға тұрақты басқа материалдарды қолданылады.

4593. Су көрсеткіштері бірдей биіктікте және мүмкіндігінше барабанның (қазандықтың) диаметрлік тікеден-тік жалпақтығынан тең қашықтықта алдыңғы шеп жағынан орнатылуы тиіс.

4594. Барлық су көрсеткіштері су және бу кеңістігі жағынан тиек құрылғыларымен жабдықталуы керек.

Тиек құрылғылары әйнектер сынған жағдайда құралдарды ағыту үшін қауіпсіз жетектермен жабдықталуы қажет.

4596. Су көрсеткіштерінде су және бу жиектерін жеке үрлеп тазарту мүмкіндігі көзделуі тиіс. Үрлеп тазартуге арналған арналардың кемінде 8 мм ішкі диаметрі болуы қажет. Су көрсеткіштерінің конструкциясы нығызыдаушы материалдарды қысу мүмкіндігін жоюы және үрлеп тазарту арналарын тазарту мен қазандық жұмысы уақытында әйнектерді ауыстыруға жол беруі керек.

4597. Су көрсеткіштері оның рамкасы тілігінің төменгі шеті қазандықтағы судың төменгі деңгейінен төмен кемінде 50 мм болатында түрде орнатылуы тиіс, алайда төменгі деңгей су көрсеткішінің көрінетін бөлігінің орташа жолағынан жоғары болмауы керек.

4597. Су көрсеткіштері тәуелсіз патрубкалар арқылы қазандықпен біріктіруі қажет. Қазандық ішінде осы патрубкаларға баратын құбырларды орналастыруға болмайды. Патрубкалар ыстық газ, сәулелі жылу мен интенсивті салқын әрекетінен қорғалуы тиіс. Егер әйнектер бос корпустарға орнатылса, осындаи су көрсеткіштері ішіндегі кеңістік аралықпен бөлінуі керек.

Су көрсеткіштері мен олардың байланыс құбырларына өзге мақсаттар үшін штуцерлер мен басқа да патрубкаларды орнатуға жол берілмейді.

4598. Су көрсеткіштерін қазандықпен біріктіруге арналған патрубкаларда:
басты қазандықтардың қисық патрубкалары үшін — 32 мм
басты қазандықтардың тік патрубкалары мен көмекші қазандықтардың қисық патрубкалары үшін — 20 мм

көмекші қазандықтардың тік патрубкалары үшін — 15 мм кем емес ішкі диаметрі болуы керек.

4659. Су көрсеткіштерінің конструкциясы, көлемдері, саны, орналасуы мен жарықтануы жақсы көрінуі және қазандықтағы су деңгейін сенімді бақылауды қамтамасыз етуі керек. Орналасу биіктігіне қарамастан, су көрсеткіштеріндегі су деңгейі жақсы көрсетілмеген жағдайда, сондай-ақ қазандықтарды қашықтықтан басқару кезінде су деңгейінің сенімді қолданыстағы қашықтық (төмендетілген) көрсеткіштері немесе Кеме қатынасы тіркелімімен мақұлданған және қазандықтарды басқару орындарында орнатылған басқа түрдегі су көрсеткіш құрылғылары көзделуі қажет.

Бұл талаптар пайдалану қазандықтары мен олардың бу жинақтауышына (бу сепараторлары) қолданылмайды.

4600. Қазандықтағы су деңгейінің қашықтықтан көрсеткіштерінде қазандықта орнатылған су көрсеткіштерінің әйнектері бойынша деңгейінің көрсеткішінен ± 20 мм аспайтын дәлсіздігі болуы мүмкін, ал олардағы деңгей көрсеткішіндегі кешігу өзгерістің максималды ықтимал жылдамдығы кезінде жоғарғы және төменгі деңгейлер арасындағы теңдіктің 10 % аспауы керек.

4-параграф. Судың ең төменгі деңгейі мен жылдыту беткейінің жоғарғы нұктесі

4601. Судың бос беткейі (бу беткейі) бар әрбір қазандықта қазандықтағы судың ең төменгі деңгейі қазандықтың су көрсеткішінде су көрсеткіш рамкасында немесе корпусында тәуекел бақылауын келтіру арқылы белгіленуі тиіс. Бұдан басқа, судың ең төменгі деңгейі бақылау тәуекелмен және "Ең төменгі деңгей" деген жазумен тақтаға түсірілуі тиіс. Тақта қазандық корпусына бекітілуі және су көрсеткіштері жанында орналастырылуы тиіс.

Тәуекел бақылауы мен тақта қазандық изоляциясымен жабылмауы тиіс.

4602. Қазандықтағы судың ең төменгі деңгейі кемінде 150 мм қашықтықта қызу беткейінің жоғарғы нұктесінде болуы керек. Көрсетілген қашықтық кеме 5^0 дейін қисайған кезде барлық бортқа және барлық ықтимал пайдалану дифференциялар кезінде сақталуы қажет.

Есептік бу шығаруы 750 кг/с болатын қазандықтарында ең төменгі деңгейдің қызу беткейінің жоғарғы нұктесіне дейінгі көрсетілген ең қысқа қашықтық 125 мм дейін қысқартылуы мүмкін.

4603. Су құбырлары қазандықтарының қызу беткейінің жоғарғы нұктесі ретінде неғұрлым жоғары орналасқан ысырылмалы құбырлардың жоғарғы шетінің жағдайы түсінілуі тиіс.

Қазандықтың бу кеңістігі арқылы өтетін тұтін шығару құбырлары мен тұтін патрубкалары бар тік газ құбыры қазандықтары үшін қызу беткейі жоғары нұктесінің ережесі кез келген жағдайда Кеме қатынасы тіркелімінің арнайы қарауындағы нәрсе болып табылады.

4604. Газ құбырлы қазандықтар судың ең төменгі деңгейінің тақтасына жақын қазандық қабырғасында мықты бекітілген және "Қызу беткейінің жоғарғы нұктесі" деген жазуы бар қызу беткейінің жоғарғы нұктесінің көрсеткішімен қамтамасыз етілуі тиіс.

4605. Қызу беткейі жоғарғы нұктесіне және оның көрсеткішіне ережелерге талаптар пайдаланылатын қазандықтарға, мәжбүрлі циркуляция қазандықтарына, экономайзерлер мен бар жылытқыштарына қолданылмайды.

5-параграф. Манометрлер және термометрлер

4606. Әрбір қазандықта тиекті клапандары немесе крандары бар жекелеген құбырлары бу кеңістіктерімен біріктірілген кемінде екі манометрі болуы керек. Манометр мен құбыр арасында манометрді қазандықтан ағытуға, оны атмосферамен байланыстыруға, біріктіру құбырларын үрлеп тазартуге және бақылау манометрін жалғауға мүмкіндік беретін үш жүрісті крандар немесе клапандар орналастырылуы қажет.

4607. Манометрлердің біреуі қазандықтың алдыңғы шебіне, екіншісі – басты тетіктермен басқару орнында орнатылуы тиіс.

4608. Есептік бу шығаруы 750 кг/с болатын қазандықтар мен пайдаланылатын қазандықтар үшін бір манометрді орнатуға жол беріледі.

4609. Экономайзерден су шатын жерде манометр орнатылуы керек.

4610. Манометрлердің қазандықты гидравликалық сынау үшін жеткілікті шкаласы болуы қажет. Манометр шкаласындағы қазандықтағы будың жұмыс қысымына сәйкес келетін қысым қызыл сызықпен белгіленуі керек.

4611. Қазандықтарға орнатылған манометрлер қазандықтың ыстық беткейі жылудының әрекетінен қорғалуы тиіс.

4612. Манометрлер құзырлы ұйымдармен тексерілуі қажет.

4613. Бу жылдықштар мен экономайзерлер термометрлермен қамтамасыз етілуі керек. Температураны қажықтан бақылау жергілікті термометрлерді орнату қажеттілігін жоймайды.

5-параграф. Сақтандырыш клапандар

4614. Әрбір қазандықтың, әдетте, жалпы патрубкада барабанға орнатылған бірдей конструкциялы және бірдей көлемді кемінде екі шертпелі сақтандырыш клапандары, және бу жылдықштың шығу коллекторында орнатылған бір клапаны болуы тиіс. Бу жылдықштың сақтандырыш клапаны барабанда орнатылған сақтандырыш клапаннан ерте ашылатында реттелуі керек.

Будың жұмыс істеу қысымы 4,0 МПа және одан аса болатын бу қазандықтары үшін импульстық әрекеттегі сақтандырыш клапандарын қолдану ұсынылады.

Есептік бу шығаруы 750 кг/с болатын бу қазандықтары, сондай-ақ бу жинақтаушысы (бу сепараторлары) үшін бір сақтандырыш клапанды көздеу жеткілікті

4615. Сақтандыру клапандарының бос өткелінің f , мм^2 жинақ алаңы мына формулалар бойынша анықталатындардан кем болмауы тиіс:

қанық бу үшін

$$f = k \frac{G}{10,2 p_w + 1}$$

; (926)

қыздырылған бу үшін

$$f = k \frac{G}{10,2 p_w + 1} \sqrt{\frac{V_h}{V_i}}$$

, (927)

мұндағы G — есептік бу шығару, кг/с;

p_w — жұмыс істеу қысымы, МПа;

V_H — тиісті жұмыс қысымы мен температурасы кезіндегі қыздырылған будың үлесті көлемі, $\text{м}^3/\text{кг}$;

V_s — тиісті қысым кезінде қанық будың үлесті көлемі, $\text{м}^3/\text{кг}$;

k — теңімен қолданылатын гидравликалық кедергі коэффициенті:

h/d

\leq
0,25 кезінде d/h

$h/d > 0,25$ кезінде $1,25d/h$;

d — клапанның ең аз диаметрі, мм;

h — клапанның көтерілу биіктігі, мм.

Сақтандырғыш кедергі клапандарының диаметрі кемінде 32 және 100 мм аспауы тиіс.

Кеме қатынасы тіркелімі арнайы қаралғаннан кейін, егер эксперименталды жолмен клапандардың өткізу қабілеті қазандықтың есептік бу шығаруынан кіші еместігі дәлелденсе, осы қағиданың формулаларында (926) және (927) талап етілетінге қарағанда өткізу алаңы кіші клапандарға жол береді.

4616. Ажыратылмайтын бу қыздырғышында орнатылған сақтандырғыш клапанның еркін өту алаңы осы қағиданың формулалары (926) және (927) бойынша анықталатын клапандардың өтуінің жалпы алаңы есепке алынуы мүмкін. Бұл алаң клапандардың еркін жылжуының жалпы алаңының 25 % аспауы тиіс.

4617. Сақтандырғыш клапандары ең жоғарғы қысым олардың әсерінен жұмыс істеу қысымын 10 %-дан аса емес арттырған кезде реттелуі керек. Жауапкершілік мақсатындағы басты қазандық пен көмекші қазандықтардың сақтандырушы клапандары қопарылыстан кейін қазандықта қысым жұмыс істеу қысымынан кемінде 0,85 құлдыраған кезде будың шығуын толықтай тоқтатуы қажет.

4618. Экономайзерлерде диаметрі кемінде 15 мм болатын серпінді сақтандырғыш клапаны көзделуі тиіс.

4619. Жалпы потрубкадағы сақтандырғыш клапандарды орналастыру кезінде оның ағын алаңы орнатылған клапандардың еркін өткілі жалпы алаңының кемінде 1, құрауы тиіс.

4620. Сақтандырғыш клапан бу шығару патрубының және оған жалғанатын құбырдың ағын алаңы клапандардың еркін өтілінің жойылған жалпы алаңынан кем болмауы керек.

4621. Клапан корпусындағы немесе бу шығару құбырындағы конденсатты жою үшін, егер олар клапаннан төмен орналасса, тиек органдарынсыз қазандық бу кеңістігімен тікелей біріктірілуі қажет.

4622. Сақтандырғыш клапандар тиек органдарынсыз қазандық бу кеңістігімен тікелей біріктірілуі керек. Қазандық ішінде сақтандырғыш клапандарға жеткізілетін

құбырларды орнатуға тыйым салынады. Сақтандырғыш клапандар корпустарына немесе олардың патрубкаларына басқа қажеттілік үшін бу алу құрылғысын орнатуға рұқсат берілмейді.

4623. Сақтандырғыш клапандардың құрылғысы оларды арнайы жетек арқылы қолмен бөлуге болатындағы болуы тиіс. Бір клапан жетегін басқару қазандық орынжайында, екіншісі – жоғарғы палубада немесе қазандық орынжайынан тыс басқа қолжетімді орында болуы керек.

Бу қыздырғыштардың, пайдалану қазандықтарының және олардың бу жинағыштарының (сепараторларының) сақтандырғыш клапандарына қашықтық жетегі тек қазандық орынжайдан ғана басқарылуы мүмкін.

4624. Сақтандырғыш клапандардың конструкциясы олардың пломбалануына немесе қызмет көрсететін персоналдың хабарлаудыңсыз клапандарды реттеуді болдырмайтын, осыған тең сақтандыруды иеленуге жол береді.

Сақтандырғыш клапандардың серіппелері будың тікелей әрекетінен қорғалуы және седло мен клапандардың бетін нығыздаушы сияқты, жылуға төзімді тоттануғатөзімді материалдардан жасалуы тиіс.

7-параграф. Айыру клапандары

4625. Әрбір қазандық онымен біріктірілген тікелей қазандықта орнатылған барлық құбырлардан айыру клапандарымен аластатылған болуы тиіс.

4626. Айыру клапандарында жоғарғы палубадан немесе қазандық орынжайынан тыс орналасқан басқа үнемі қол жетімді орыннан басқару үшін қашықтық жетектері болуы керек.

4627. Егер кемеде бу қыздырғыш немесе экономайзерлі бір басты қазандық немесе жауапкершілік мақсаттағы көмекші қазандық орналастырылса, онда бу қыздырғыш және экономайзер қазандықтан ажыратылатын болуы тиіс.

4628. Қазандықтарды үрлеп тазарту бу өткізгіштер мен құбырларға талаптар осы қағиданың 59-бөлімінде жазылған.

8-параграф. Үрлеп тазарту клапандары

4629. Қазандықтар, олардың бу қыздырғыштары, экономайзерлер мен бу жинақтағыштары үрлеп тазартуға арналған құрылғылармен және, қажетті жағдайда, босатуға арналған клапандармен қамтамасыз етілуі керек.

Үрlep тазарту және босату клапандары қазандық қабырғасына тікелей орнатылуы тиіс. Жұмыс істеу қысымы 1,6 МПа кем болғанда, клапандар құйылған фасонды патрубкаларда орнатылуы мүмкін.

4630. Төменгі үрлеп тазарту клапандары мен құбырларының ішкі диаметрі кемінде 20 және 40 мм аспауы керек. Есептік бу шығаруы 750 кг/с болатын қазандықтар үшін клапандар мен құбырлардың диаметрі 15 мм дейін кішіреоі мүмкін.

4631. Буланудың бос беткейлі қазандықтарда жоғарғы үрлеп тазарту құрылғысы булану бетін түгелдей көбік пен шламнан тазартуды қамтамасыз етуі керек.

4632. Әрбір қазандықта су сынамасын алу үшін кемінде бір клапанды немесе кранды көздеу қажет. өзге мақсаттарға арналған құбырлар мен патрубкаларда осы клапандар мен крандарды орнатуға жол берілмейді.

4633. Қазандықтарда, бу қыздырғыштарында және экономайзерлерде ауаны жою үшін жеткілікті санда клапандар мен крандар орнатылуы қажет.

9-параграф. Ішкі тексеруге арналған тесік

4634. Қазандықтар барлық ішкі беттерді тексеруге арналған тесікпен жабдықталуы тиіс. Егер тесік құрылғысы мүмкін болмаса, бақылау люктері көзделуі керек.

4635. Сопақ нысанды тесік ауызының көлемі кемінде 300 x 400 мм, дөңгелек нысанды — кемінде 400 мм. болуы тиіс.

Жекелеген жағдайларда Кеме қатынасы тіркелімімен келісім бойынша сопақ нысандағы тесік аузының көлемі 280 x 380 мм, дөңгелек нысанды — 380 мм. дейін қыскартылуы мүмкін. Цилиндлі қабыргалардағы сопақ нысанды тесік ауыздары ауыздың кіші көлемі ұзына бойы бағытта болатында орналастырылуы қажет.

4636. Судың жұмыс деңгейі ауданында газ құбырлы тік қазандықтардың корпусында кемінде бір-біріне қарама-қарсы екі бақылау люгі болуы керек.

4637. Еркін қолжетімділікке және ішкі бетті тексеруге кедергі жасайтын немесе қыындық келтіретін қазандықтардың барлық бөліктері шешілетін болуы керек.

410-тарау. Қазандықтар-инсинераторлар

Ескеरту. 411-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйріғымен.

4638. Осы талаптар тұтану температурасы 60°C асатын қоқысты, мұнай тұнбалары мен қалдықтарды жандыруға арналған кеменің көмекші қазандық агрегаттарына қолданылады.

4639. Төзімділікке есептер және конструкцияға, арматураға, оттық құрылғыларға, басқару мен қорғауға талаптар осы Қағиданың 2 – 5-бөлімдерінде келтірілген.

4640. Вахтасыз қызмет көрсететін инсинератор қазандықтарды автоматтандыру жүйелері мен олардың элементтері осы Қағиданың 17-бөлімінің талаптарына жауап беруі тиіс.

4641. Қоқысты, мұнай тұнбалары мен қалдықтарды жандыру үшін, әдетте, мынадай талаптарға жауап беретін арнайы камера көзделуі қажет:

1) камера қазандық оттықінен бөлек және жану өнімдерінің химиялық әрекетіне төзімді материалдармен толықтай футерленуі керек;

2) Оттықты камерамен біріктіретін арналар жеткілікті ағысты болуы тиіс. Барлық жағдайда камерадағы жұмыс істеу қысымдығы оттықтағы қысымнан 10 %-дан аса көтерілмеуі керек;

3) жұмыс істеу қысымы 0,02 МПа аса артқан жағдайда іске қосылатын сақтандырғыш құрылғысы орнатылуы тиіс. Сақтандырғыш құрылғысы жалынның машина-қазандық бөліміне шығарылуын болдырмауы қажет;

4) Сақтандырғыш құрылғының еркін өткелінің жалпы алаңы 1 м³ қөлеміне кемінде 115 см², бірақ 45 см² – дең кем болмауы тиіс. Қазандықтың отты қеңістігінде орналастырылған камераларда қоқысты жандыруға жол беріледі. Инсинератор қазандықтар бір уақытта ашылуын болдырмайтын блоктаушылармен жабдықталған тиекті қақпақты тиейтін құрылғылармен жабдықталуы тиіс. Тиейтін құрылғысы жоқ инсинератор қазандықтарда тиеу кезінде жану камерасында қоқыстың өздігінен жануын болдырмайтын температура бойынша тиеу люгінің ашылуын блоктау жүргізіледі.

Егер тиелетін материалға қатысты шектеулер болса, онда оны ескерту тақтасында көрсету қажет.

4642. Мұнай тұнбалары мен қалдықтарын өрттеу, әдетте, осыған арнайы арналған жүйе бойынша жүргізуі тиіс. Қазандықтың отын беру жүйесі мен оттық құрылғысын түтінсіз жануды қамтамасыз ету жағдайында мұнай тұнбалары мен қалдықтарын өрттеу үшін пайдалануға жол беріледі.

4643. Инсинератор қазандықтар қүйе тазартқыштың тиімді жүйесімен жабдықталуы керек.

411-тaraу. Органикалық жылу тасығыштары бар қазандар

Ескерту. 412-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4644. Осы тараудың талаптары органикалық жылу тасымалдағыштары бар сұйықтық қазандықтарына қолданылады.

4645. Куәландыруға, техникалық құжаттандыруға, төзімділікке есептілікті әзірлеу және оның нормаларына қатысты жалпы ережелер, және жалпы талаптар осы қағиданың 12 бөлімнің 1, 2-кіші бөлімдерінде және 4567, 4572 – 4576, 4578, 4579 - тармақтарында жазылған.

Бұл ретте, жұмыс істеу қысымынан тәуелді, органикалық жылу тасымалдағышында жұмыс істейтін қазандықтар үшін ең аз есептік қысым кемінде 1,0 МПа-ны, ал органикалық жылу тасымалдағыштарын қамтитын цистерналар үшін кемінде 0,2 МПа-ны құрауы тиіс.

4646. Қазандықтар, әдетте, сағатына кемінде алты есе аяу ауыстыруды қамтамасыз ететін тартпа желдеткіштері бар жеке орынжайларда орналастырылуы керек.

Өзгеше орналастырылған кезде қазандықтарды орналастыру орны жабық цистернаға дренаждық құбырмен жабдықталған биіктігі кемінде 150 мм болатын дәнекерленген комингспен қоршалуы қажет.

4647. Қазандық конструкциясы қазандықтың кез келген бөлігінен жылу тасымалдағышы жағынан температураның ықтималдығынан жоғары асу мүмкіндігін болдырмауы тиіс.

4648. Әрбір қазандықта мыналар болуы тиіс:

1) жылу тасымалдағышы кіретін және шығатын жағынан тиек арматуrasesы. Арматура оңай әрі қызмет көрсету орнына қауіпсіз орналастырылуы және орынжайдан жергілікті сияқты, қашықтықтан да басқарылуы керек. Жылу тасымалдағышының авариялық ағысы клапандары ашылған жағдайда кеңейткіш цистернаға жеткілікті ауаның (ашық жүйеде) немесе инертті газдың (жабық жүйеде) тұсуін қамтамасыз ететін шаралар көзделуі қажет. Жүйеден жылу тасымалдағышын ағызу ағызу цистернасына немесе қор цистернасына жүргізілуі керек;

2) кемінде бір толық жабық түріндегі серпінді сақтандырғыш клапаннан. Орнатылған сақтандырғыш клапандардың жалпы өткізу қабілеті, кем дегенде, қызудың ең көп интенсивтілігі кезінде қазандықтағы жылу тасымалдағышы көлемінің артуынан аз болмауы тиіс. Клапандардың шартты өтілім диаметрі кемінде 25 мм және 130 артық емес болуы керек. Сақтандырғыш клапан, егер қазандық кеңейткіш цистернамен тікелей біріктірілген және одан ажыратыла алмайтын болса көзделмейді. Сақтандырғыш клапанның жұмыс істеу қысымы ең көп жұмыс қысымынан 10 % аса көтерілмеуі керек;

3) манометр;

4) толықтай босау мүмкіндігі;

5) жылу тасымалдағышының жергілікті басқару постынан және қазандықтар орналастырылған орынжайдан тыс авариялық ағызу мүмкіндігі;

6) сұйық отындағы қазандықтың оттығын қарауға арналған тесіктер мен люктар;

7) газдың кіру және шығу жақтарынан пайдалану қазандығының қызу бетін қарауға арналған тесік;

8) осы Қағиданың 4807-тармағына сәйкес көрінетін жерде орнатылған фирмалық тақта;

9) көмекші қазандықтар оттықтары мен пайдалану қазандықтарының қабылдау камералары дренаждық құрылғылардан және жылу тасымалдағышы ағынын сигнал беру жүйесімен қамтамасыз етілуі керек.

4649. Электрондық жетегі бар қазандықтарға сұйық отынға қойылатын талаптар қолданылады.

4650. Әрбір пайдалану қазандығы мен сұйық отынды қазандық күйені үрлеп тазартудың тиімді жүйесімен жабдықталуы қажет.

4651. Қазандық құбырларды барабандармен және коллекторлармен біріктіру дәнекерленген болуы керек.

4652. Қазандықтарда сильфон түріндегі арматура қолданылуы тиіс. Сальниктік арматурраны қолдану әрбір жағдайда Кеме қатынасы тіркелімінің арнайы ұарауындағы нәрсе болып табылады.

4653. Қазандықтар газ шығатын жерде температуралық датчиктермен, өрт туралы сигнал беру жүйесімен және жылу тасымалдағышының шығу орнындағы температураның шекті мәні бойынша қорғанысымен жабдықталуы тиіс.

4654. Пайдалану қазандықтарында қорғаныс іске қосылу кезінде шығару газының түсуін тоқтататын құрылғы көзделуі қажет. Қазандыққа газдың жабық жеткізілуі кезінде қозғалтқыштың жұмысын тоқтатпауы керек.

Пайдалану қазандықтарының температурасын реттеу үшін тосқауылдарды қолдану газ жылдамдығы кемінде 10 м/с болған жағдайда тегіс құбырларлы қазандықтарға ғана рұқсат етіледі.

4655. Органикалық жылу тасымалдағыштары бар қазандықтар осы Қағиданың сәйкес 4682-тармағына сәйкес, жанудың автоматты реттегіштерімен, дыбыстық және жарық беретін сигнал беру жүйелерімен, осы Қағиданың 4683-тармағында көзделген блоктаушымен сәйкес қорғаныспен жабдықталуы тиіс.

Бұған қоса, жұмыс істемейтін циркуляторлық сорғылар кезінде оттық құрылғысын жіберуді блоктау көзделуі қажет.

Тоқтатылған циркуляциялық сорғылар кезінде жылту басталған жағдайда пайдаланылатын қазандықтар үшін сигнал беру жүйесі көзделуі тиіс.

4656. Пайдаланылатын қазандықтар өрт сөндірудің стационарлық жүйесімен жабдықталуы керек. Суы көп суару жүйесін қолдануға рұқсат беріледі. Пайдалану қазандығы астындағы газ жолы қозғалтқышқа түсуін болдырмай, судың шығуын қамтамасыз ететін дренажды жүйемен жабдықталуы тиіс.

4-кіші бөлім. Қазандықтарды басқару, реттеу, қорғау және сигнал беру 412-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 413-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйріғымен.

4657. Осы кіші бөлімнің талаптары тұрақты вахталық қызмет көрсету кезінде пайдалануға арналған бу қазандары мен органикалық жылу тасығыштары бар қазандықтарға қолданылады.

Вахтасыз қызмет көрсететін автоматтандырылған қазандық қондырғыларының құрамындағы қазандықтарды басқаруға, реттеуге, қоргауға және сигнализациялауға қойылатын қосымша талаптар осы Қағидалардың 668-тaraуында баяндалған.

Ескерту. 4657-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4658. Автоматтандыру жүйелері, олардың элементтері мен құрылғылары осы Қағиданың 17-бөлімінің 2 және 3-кіші бөлімдерінің талаптарына жауап беруі керек.

413-тaraу. Реттеу, қорғау

Ескерту. 414-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4659. Сұйық отынды (жауапкершілік мақсаттағы басты және көмекші) қазандықтар жанудың автоматты реттегіштерімен жабдықталуы тиіс. Сұйық отынды бу қазандықтары қамту реттегіштерімен жабдықталуы керек.

Басқа қазандықтарға бұл реттегіштер ұсынылады.

4660. Реттегіштер бу және жылу (органикалық жылу тасымалдағыштары бар қазандықтар үшін) жүктемелердің берілген диапазонында орнатылған параметрлерді тұрақты қолдауды қамтамасыз етуі тиіс.

4661. Конструкциясы жұмысты сусыз жасай беретін жасанды циркуляциялы қазандықтарды, пайдаланылған қазандықтарды, сондай-ақ қос контурлы қазандықтардың екінші контурының коллекторларын қоспағанда, барлық қазандықтар қазандықтағы судың ең төменгі деңгейі бойынша ажыратылмайтын қорғаныспен жабдықталуы керек (осы Қағиданың 410-тaraуының 4-параграфы).

4662. Автоматты от жағу құрылғылары бар қазандар осы Қағидалардың 417-тaraуының талаптарына сәйкес қорғанышпен жабдықталады.

Ескерту. 4662-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

414-тaraу. Дабыл

Ескерту. 415-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4663. Автоматты қоректену реттегіштері мен автоматты оттық құрылғылары бар қазандықты басқарудың жергілікті орындары осы қағиданың 4664-тармағына сәйкес дыбыстық және жарық беру авариялық-ескерту сигналдарын беретін құрылғылармен жабдықталуы тиіс.

4664. Дыбыстық және жарық беру сигнал беру жүйесі мынадай:

- су деңгейі төменгі шекке дейін төмендеген кезде;
- су деңгейі жоғарғы шекке дейін көтерілген кезде;
- автоматты реттеу жүйелері мен қорғаныс құрылғыларындағы олқылықтар кезінде, оның ішінде, электрмен қамту жойылған кезде;

- оттық құрылғылары бұзылған кезде (осы Қағиданың 4767-тармағы);
- газауда тракті немесе қазандықтың газ етілінде өрт болған кезде әрекет етуі керек.

4665. Төменгі шекті деңгей бойынша сигнал беру жүйесі қорғаныс құрылғысынан бұрын әрекет етуі тиіс.

4666. Дыбыстық сигналды ол іске қосылғаннан кейін қолмен ағыту мүмкіндігі көзделуі керек.

5-кіші бөлім. Сұйық отынмен жұмыс істейтін қазандықтардың оттық құрылғылары 415-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 416-тараудың тақырыбы жана редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4667. Техникалық қадағалауға, техникалық құжаттамаға, әзірлеуге қатысты жалпы ережелер, және оттық құрылғыларына қойылатын жалпы талаптар осы Қағиданың 1-кіші бөлімінде жазылған.

4668. Оттық құрылғыларында пайдаланылатын баолық жабдықтар: сорғылар, желдеткіштер, жылдам тиек клапандар мен электр жетектер – Тұр Кеме қатынасы тіркелімімен мақұлдануы және Кеме қатынасы тіркелімінің техникалық қадағалауымен немесе Кеме қатынасы тіркелімімен танылған басқа да құзыретті органмен әзірленуі тиіс.

Реттеу, қорғау, блоктау және сигнал беру құрылғылары осы қағиданың 17-бөлімінің талаптарына жауап беруі керек.

4669. Оттық құрылғысының электр жабдығы осы Қағиданың 13-бөлімінің талаптарына жауап беруі тиіс.

4670. Қазандықтарға қолданылатын отынның осы Қағиданың 2667-тармағына сәйкес тұтану температурасы болуы қажет.

4671. Оттық құрылғының құбырлары мен арматура осы Қағиданың 10-бөлімінің талаптарына жауап беруі керек.

4672. Қазандық оттығындағы жану процесін бақылау үшін бақылау құрылғылары көзделуі тиіс.

4673. Қолмен жандырудың тұтандырғышын сөндіру үшін тиісті құрылғы көзделуі керек.

416-тарау. Форсункалар

Ескерту. 417-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4674. Форсунканың конструкциясы факел көлемі мен нысанын реттеу мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс.

4675. Ауыспалы өндірісті форсунка үшін жануды қолдау үшін қажетті ауаны беруді реттеу мүмкіндігі қамтамасыз етілуі қажет.

4676. Қазандық желдеткіштердің қабылдау тесіктерін оларға дымқыл мен бөмүнда заттардың түсінен сақтау ұсынылады.

4677. Жұмыс жағдайынан оларға отын беру тоқтатылғанға дейінфорсункаларды бұру және шешу мүмкіндіктерін болдырмайтын конструкциялық шаралар көзделуі керек.

4678. Отыны бу немесе ауа тозандануымен форсункаларды пайдалану кезінде отынға ауа немесе будың түсін болдырмайтын конструктивтік шаралар көзделуі керек

4679. Қазандық отынды жылдыту кезінде қазандықтың бу өндірісін азайту немесе форсункаларды ажырату кезінде жылдытқыштардағы қызып кетуді болдырмайтын конструкциялық шаралар қабылдануы тиіс.

4680. Отын ағыны болуы мүмкін орындарға тұғырық көзделуі қажет.

417-тарау. Автоматты от жағу құрылғылары

Ескерту. 418-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4681. Осы тараудың талаптары тұрақты вахталық қызмет көрсетумен пайдаланылуға арналған бу қазандықтарының автоматты оттық құрылғылары мен органикалық жылу тасымалдағыштары бар қазандықтарға қолданылады.

4682. Оттық құрылғыларының төмендегі жағдайларда ғана қазандықтың оттығына отынды беруді жүзеге асыратын блоктауышы болуы тиіс:

- 1) форсунка жұмыс жағдайында;
- 2) корек барлық электрондық жабдыққа берілген;
- 3) оттықты желдету аяқталған;
- 4) тұтатқыш форсунка жұмыс ісеп түрған, немесе электорлық от алдыру қосылған (негізгі форсунка тұтатылған кезде);

5) қазандықтағы су деңгейі төменгі шектен жоғары болған (бу қазандықтары үшін);
6) қазандық арқылы жылу тасымалдағышының ағымы нормадан тыс болған (мәжбүрлі циркуляциялы бу қазандықтары үшін және органикалық жылу тасымалдағышты қазандықтар үшін).

4683. Оттық құрылғылар кемінде 1 с ішінде іске қосылатын ажыратылмайтын қорғаумен (тұтандырғыш форсунка үшін — 10 с аса емес) және мына жағдайларда форсункаға отынды беруді автоматты тоқтататын қоғаныспен жабдықталуы тиіс.

- 1) оттықта ауа беруді тоқтатқанда немесе оның күші жетпегенде;
- 2) форсунка факелі үзілгенде;
- 3) қазандықтағы су төменгі шекті деңгейге жеткенде;
- 4) жылу тасымалдағышының ағымы ең аз ықтимал шектен төмендегендеге (мәжбүрлі циркуляциялы бу қазандықтары үшін және органикалық жылу тасымалдағышты қазандықтар үшін).

4684. Отынды беруді тоқтату, егер отынды жеткізу көзделген барлық цистерналар оттық құрылғысынан төмен орналастырылса, екі өздігінен жабылатын кезекпен қосылған клапандар арқылы немесе бір клапан арқылы жүргізілуі керек.

4685. Оттық құрылғылардың форсункада факельдің болуын бақылау құралы болуы тиіс. Бұл құралдар тек бақылаудағы форсунканың факеліне ғана мән беруі керек.

4686. Тұтату форсункасының өнімділігі форсунка өз бетінше бу шығыны толық тоқтатылған кезде бу қазандығын қысымда ұстай алмайтында болуы керек (органикалық жылу тасымалдағышты қазандықтар үшін — барлық тұтынушыларды ажыратқан жағдайда жылу тасымалдағышының жұмыс температурасы кезінде).

Тұтану және негізгі форсунка бір уақытта жұмыс істеген және осы қағиданың 4683-тармақтарында көрсетілген жағдайларда қоғау қосылған кезде тұтатқыш форсунка негізгімен бір уақытта жұмысын тоқтатуы тиіс.

4687. Басты қазандықтар мен жауапкершілік мақсаттағы көмекші қазандықтардың автоматты оттық құрылғылары оларды қолмен басқару мүмкіндігін қамтамасыз етуі керек. Қолмен басқару тікелей қазандықта көзделуі тиіс. Бұл ретте 4682 тармақта талап етілетін барлық блоктаулар, және осы Қағиданың 4683-тармағында көрсетілген қорғаныс қосылуы тиіс.

4688. Оттық құрылғысын екі орыннан ажырату мүмкіндігі көзделуі керек, оның біреуі қазандық орынжайынан тыс орналастырылуы тиіс.

6-кіші бөлім. Жылу алмасу апараттары және қысымдағы ыдыс

418-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 419-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4689. Куәландыруға, техникалық құжаттамаға, әзірлеуге, материалдарға қатысты жалпы ережелер, және ыдыстар мен жылу алмасу аппаратына қойылатын жалпы аппараттар, сондай-ақ төзімділікке есептік нормалары осы Қағиданың 12-бөлімінің 1 және 2-бөлімдерде жазылған.

4690. Борт сыртындағы сумен немесе басқа да агрессивті құралдармен жанасатын жылу алмасу аппараттары мен қысымдағы ыдыстардың элементтері тоттанудан төзімді материалдардан әзіrlenуі қажет. Өзге материалдарды пайдалану кезінде оларды тоттанудан қорғау әрбір жағдайда Кеме қатынасы тіркелімімен арнайы қаралатын мән болып табылады.

4691. Жылу алмасу аппараттары мен қысымдағы ыдыстар осы Қағиданың 175-тарауда келтірілген қоршаған орта жағдайында жұмыс істеу қабілетін сактауы тиіс.

4692. Композиттік материалдардан жылу алмасу аппараттары мен қысымдағы ыдыстардың конструкциясы мен сынақ көлемі әрбір жағдайда Кеме қатынасы тіркелімімен арнайы қаралатын мән болып табылады.

419-тарау. Конструкцияға қойылатын талаптар

Ескерту. 420-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4693. Ідыстар мен жылу алмасу аппараттарына осы Қағиданың 4567, 4568, 4570, 4572, 4573, 4575, 4576 -тармақтарының талаптары және, егер қажет болса, 4579-тармақтың талаптары қолданылады.

4694. Қажетті жағдайларда конструкция корпустың жылу ұзындығы мүмкіндігі мен жылу алмасу аппараттары мен қысымдағы ыдыстардың жекелеген бөліктерін қамтамасыз етуі керек.

4695. Жылу алмасу аппараттары мен қысымдағы ыдыстардың корпустарының оларды іргетасқа сенімді бекітуге арналған табандары болуы тиіс.

4696. Қосымша талаптар осы Қағиданың 184-тарауында келтірілген.

4697. Жылу алмасу аппараттары мен қысымдағы ыдыстардың жоғарғы беткейлерін бақылау үшін тесіктер көзделуі тиіс. Егер тесіктерді орнату мүмкін болмаса, тиісті жерлерден бақылау люктерін көздеу қажет. Жылу алмасу аппараттары мен қысымдағы ыдыстарының ұзындығы 2,5 метрден аса болған кезде, бақылау люктері екі шетінен де көзделуі керек.

Бақылау тесіктері мен люктердің құрылғылары бөлшектелген конструкция кезінде немесе ішкі қабырғалардың тоттануы мен ластануын толық болдырмау жағдайында талап етілмейді.

Конструкциясы тесіктер мен люктар арқылы қарау мүмкіндігін болдырмайтын жылу алмасу аппараттары мен ыдыстарда соңғыларын орналастыру қажет емес.

Тесіктердің аузызының көлемі осы Қағиданың 4635-тармағында көрсетілген.

420-тарау. Арматура және бақылау-өлшеу аспаптары

Ескерту. 421-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4698. Әрбір жылу алмасу аппараты мен қысымдағы ыдыс немесе олардың ажыратылмайтын топтары ажыратылмайтын сақтандырғыш клапандармен жабдықталуы тиіс. Бірнеше хабарландырмайтын қуыс болған кезде сақтандырғыш клапандар әрбір қуысқа қозделуі керек.

Гидрофорлар су кеністігі жағында орнатылған сақтандырғыш клапандармен қамтамасыз етілуі қажет.

Жекелеген жағдайларда, Кеме қатынасы тіркелімімен келісім бойынша, жоғарыда көрсетілген талаптардан алшақтауға жол беріледі.

4699. Сақтандырғыш клапандар, әдетте, серпінді болуы қажет. Отын мен май жылдықштарында отын мен май жағында орнатылатын Кеме қатынасы тіркелімімен мақұлданған типтегі сақтандырғыш мембранның қолданылуына жол беріледі.

4700. Сақтандыру клапандары кез келген жағдайларда жұмыс істеу қысымы 15 %-дан асыра алмайтында өткізу қабілетіне ие болуы керек.

4701. Сақтандыру клапандарының конструкциясы оларды пломбалауға жол береді немесе қамтамасыз ететін қызметкерге хабарлаусыз клапандарды реттеуді болдырмайтын тең сақтандыруға ие болуы тиіс. Серпіндердің және клапандардың беттерін нығыздаушы материалдары ортаның тоттану әрекетіне төзімді болуы керек.

4702. Жылу алмасу аппараттары мен қысымдағы ыдыстарда деңгей көрсеткіштері мен бақылау эйнектерін орнату, бұны бақылау және қадағалау шарттары талап еткен жағдайларда ғана рұқсат етіледі. Деңгей көрсеткіштері мен бақылау эйнектері сенімді конструкциялы және тиісті түрде қорғалған болуы қажет.

Су, май және тоқазытқыш агентінің деңгей көрсеткіштерінде жалпақ эйнек қолданылуы керек. Деңгей көрсеткіштері мен қысымдағы ыдыстар арасында тиекті құрылғылар орнатылуы тиіс.

Деаэраторларда цилиндрлі эйнектерді қолдануға рұқсат етіледі.

4703. Жылу алмасу аппараттары мен қысымдағы ыдыстарда арматураны орнату үшін дәнекерленуші бөлшек немесе фланцты қатты қысқа патрубкалар қозделуі тиіс. Гидрофорларда бұрамалы біріктірulerді қолдануға жол беріледі. Арматураны орнату осы Қағиданың 4813-тармактағы талаптар есебімен орындалуы керек.

4704. Ыдыстар мен жылу алмасу аппараттары үрлеп тазарту және дренаж құрылғыларымен жабдықталуы қажет.

4705. Әрбір жылу алмасу аппараты мен қысымдағы ыдыс немесе олардың ажыратылмайтын топтары манометрлермен немесе мано-вакуумметрлермен

жабдықталуы тиіс. Бірнеше қуысы бар жылу алмасу аппараттарда манометрлер әрбір қуыс үшін көзделуі керек.

Манометрлер осы қағиданың 4606, 4610 және 46912-тармақтарының талаптарына жауап беруі тиіс.

421-тaraу. Жылу алмасу аппараттары мен қысымдағы ыдыстарға қойылатын арнайы талаптар

Ескерту. 422-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Ауа сақтауыштар

4706. басты және көмекші қозғалтқыштар мен өрт сөндіру жүйелерінің сақтандыру клапандары қопарылғаннан кейін ауа сақтағышында қысым жұмыс істеу қысымынан 85 % төмен түсken кезінде ауаның шығуын толық тоқтату қажет.

4707. Егер компрессорлардың, редукциондық клапандардың немесе ауа сақтағышына келіп түсетін құбырлардың ауа сақтағышына ауаның жұмыс істеу қысымынан жоғары қысыммен берілуі болмайтында орнатылған сақтандырғыш клапандары болса, онда сақтандырғыш клапаның ауа сақтағышына орнату орнату міндетті емес. Бұл жағдайда әрбір ауа сақтағышында сақтандырғыш клапанының орнына тез балқығыш тығын орнатылуы керек.

4708. Тез балқығыш тығынның балқу температурасы шамамен $100 — 130^{\circ}\text{C}$ болуы тиіс. Тез балқитын тығында балқу температурасы шығарылуы тиіс.

Сыйымдылығы 700 л асатын ауа сақтағыштары үшін тез балқитын тығынның диаметрі кемінде 10 мм болуы керек.

4709. Әрбір ауа сақтағыш дымқылды жоюға арналған құрылғымен жабдықталуы тиіс. Ауа сақтағышы көлдененінен орналастырылған кезде дымқылды жоюға арналған құрылғыны ауа сақтағышынң екі шетінен де көздеген дұрыс.

2-параграф. Конденсаторлар

4710. Конденсатор конструкциясы мен оның кемеде орналасуы құбырды ауыстыру мүмкіндігін қамтамасыз етуі керек.

Басты конденсатор корпусы, әдетте, болат дәнекерленген болуы қажет.

Конденсатор ішінде артық қысым буын жеткізу орындарында құбырларды будың тікелей соққысынан сақтау үшін көрсеткіш қалқан болуы тиіс.

Құбырларды бекіту конструкциясы олардың ілініп тұруы мен қауіпті дірілдеуін болдырмауы керек.

4711. Конденсатордың су камераларының қақпақтарының саны мен орналасуы нығыздаушыны жаншып қақтау, ауыстыру немесе құбырларды бекіту үшін құбыр түйінінің кез келген бөлігіндегі құбырларға қол жетімдікті қамтамасыз етуі тиіс.

Электролиттік тотығудан су камераларын, құбыр тақталары мен құбырларды қорғау үшін протекторлық қорғау көзделуі керек.

4712. Басты конденсатор турбоагрегаттың кез келген ажыратылған корпусы кезінде авариялық режимдегі жұмысына жол беруі керек.

4713. Конденсатор конструкциясы оған осы қағиданың 331-тарауына сәйкес талап етілетін бақылау және өлшеуіш құралдарының қосылуына жол бермейді.

4714. Жылу алмасу аппараттары мен тоңазытқыш және өртке қарсы құрылғылар ыдыстары тиісінше, осы қағиданың 116 және 28-тарауының талаптарына жауап беруі керек.

3-параграф. Технологиялық жабдықтар құрамындағы қысымдағы ыдыстар

4715. Үйдістардың мерзімді ашылатын қақпақтары олардың толық жабылмауын немесе өз бетімен ашылуын болдырмайтын құрылғылармен жабдықталуы керек. Бұл ретте ыдыста артық қысым немесе вакумм болған кезде қақпақтың ашылу, сондай-ақ ыдысты қақпағы толық жабылмаған кезде қысыммен толтыру мүмкіндігін болдырмау қажет.

4716. Ішкі бақылауға кедергі келтіретін ыдыстардың ішкі құрылғылары (араластырғыштар, змеевиктер, тәрелкелер, бөлгіштер) шешілетін болуы керек.

4717. Арапастырғыштардың жұмыс кеңістігін бақылауға арналған диаметрі 150 мм аспайтын бақылау әйнегін 0,25 МПа-дан аспайтын қысымда жұмыс істейтін ыдыстарға орнатуға жол беріледі.

4718. 0,25 МПа-дан асатын қысымда жұмыс істейтін ыдыстарда Тиейтін тесіктерді жабу конструкциясы қақпаны нығыздау бұзылған кезде ыстық орта қызмет көрсететін қызметкерлер үшін қауіпсіз бағытқа жіберілетіндей орындалуы қажет.

4719. Вакуммен жұмыс істейтін және температурасы 115°C асатын бүмен немесе ыстық сумен жылтырылатын ыдыстар жылтыту жүйесінің герметикалығы бұзылған кезде вакуммен жұмыс істейтін қуыста сынақтыдан 0,85 асатын артық қысымның туындаудың алдын алғатын сақтандырғыш клапанмен жабдықталуы керек. Бұл ыдыстар сақтандырғыш клапанды ашу қысымына тең есептік қысым кезінде төзімділікке есептелуі тиіс. Бұл ретте ыдыс қабыргасындағы есептік кернеулер есептік температура кезінде материалдардың 0,8 шегінен аспауы керек.

4720. Бүмен немесе сумен жылтырылатын арапастырғыштар, сондай-ақ өндөу шикізатымен жанасатын ыдыстардың сыйымдылық камераларының қабыргалары үшін қабыргалардың есептік қалындығына с қосымша кемінде 2 мм қабылданылуы тиіс.

4-параграф. Баллондар

4721. Осы талаптар арнайы станцияларда газбен толтырылатын және толтырылғаннан кейін кемеге сұйытылған газды, тоңазытқыз агентінің қорларын, CO_2 және ауаны сақтау және іріктеу үшін жеткізілетін сыйымдылығы 150 л. аспайтын сыртқы диаметрі 420 мм аспайтын және ұзындығы 2000 мм аспайтын стандартты ұтациянарлы орнатылатын баллондарға қолданылады.

4722. Болат баллонның қабыргасының берілген сыртқы диаметрі мен қалындығы кезінде ең үлкен ықтимал қысым p_D мына формула бойынша анықталғаннан аса қабылданбауы тиіс

$$p_D \leq \frac{2\sigma\varphi(S-c)}{D_a - (S-c)}$$

(928)

Мұндағы

σ — рұқсат етілетін кернеу, МПа (осы Қағиданың 4475-тармағы, бұл ретте $n_T = 1,5$ и $n_B = 2,6$);

φ — төзімділік коэффициенті (осы қағиданың 397-тарауының 6-параграфы);
 S — қабырга қалындығы, мм;
 D_a — сыртқы диаметрі;
 c — тотығуға қосымша ($c = 1$ мм — аяу үшін; $c = 0,3$ мм — сұйық газ үшін; $c = 0$ — тотығу әрекеті болмаған кезде).

Егер нақты бір газ үшін есептік қысым p ең көп рұқсат етілгенен p_D жоғары болса, оны баллондағы газдың массалық құрамын $p < p_D$ төмендету есебінен азайтуға рұқсат етіледі.

Есептік қысым кезінде баллондарды сақтауға арналған орынжайдары қоршаған ортаның есептік температурасы осы газ үшін әрқашан сын температурадан төмен болуы керек:

50 $^{\circ}\text{C}$ — жұзу ауданы шектелмеген кемелер үшін;

40 $^{\circ}\text{C}$ — жұзу ауданы орташа енімен географиялық шетелген кемелер үшін;

45 $^{\circ}\text{C}$ — кеменің жұзу ауданынан тәуелсіз көмір қышқыл газының баллондары үшін

Есептік қысым және көмірқышқыл газы баллондарының толтырылу деңгейлері осы Қағиданың 2414-тармағының талаптары есебінен таңдалуы тиіс.

4723. Әрбір баллон және оның клапандық басы баллонды температураның жол берілмейтіндей өсуінен сақтандыратын ажыратылмайтын сақтандырғыш

құрылғылармен (мембранамен, сақтандырғыш клапанмен немесе тез балқитын тығынмен) жабдықталуы керек.

Сұйытылған көмірқышқыл газына арналған баллондардан басқа, баллондардың сақтандырғыш клапандары мен тез балқитын тығындар осы қағиданың 4700, 4706, 4708-тармақтарының талаптарына жауап беруі қажет. Сақтандырғыш мембраналарды іске қосу қысымы 1,1 p құрауы керек, мұндағы p – есептік қысым.

Сұйытылған көмірқышқыл газы баллондарының сақтандырғыш құрылғылары осы қағиданың 2419-тармағының 1) тармақшасына жауап беруі тиіс.

4724. сыйымдылығы 100 л кем баллондар үшін (сұйытылған көмірқышқыл газынан басқа) Кеме қатынасы тіркелімімен келісім бойынша сақтандырғыш құрылғылары мұна талаптар орындалған жағдайда көзделмейді:

1) баллондар кеменің мықты корпусында жоғарғы палубадан төмен орналаспауы тиіс;

2) баллондар орналастырылатын орынжайлардағы температура осы Қағиданың 4722-тармағында көрсетілгеннен жоғары болмауы тиіс;

3) баллондарға арналған орынжайлар тұрғын және қызметтік орынжайлардан, сондай-ақ кеменің қауіпсіздігі үшін маңызды жабдық орнатылған немесе тез тұтанатын заттар мен отын сақталатын орындар мен орынжайлардан алыс болуы керек.

4725. Сақтандырғыш құрылғылардан, әдетте, атмосфераға газдың жабық шығуы көзделуі тиіс. Сақтандырғыш құрылғылардан газды баллондар орналастырылған тікелей орынжайда шығару Кеме қатынасы тіркелімінің арнайы қарau мәні болып табылады.

Ауа сақтағышының сақтандырғыш клапандарынан ауа бос шыққан жағдайда осы Қағиданың 2260-тармағының талаптары орындалуы керек.

Көмірқышқыл газды өрт сөндіру жүйелерінің баллондары сақтандырғыш құрылғыларынан газ шығару осы қағиданың 2420-тармағына сәйкес жүргізуі тиіс.

4726. Кеме құралдарының (кеме компрессорлары) көмегінсіз толтырылатын баллондарда әрбір баллонға манометрді орнату міндетті емес. Алайда кез келген жағдайда кез келген баллондағы қысымды бақылау мүмкіндігі мүмкіндігі қамтамасыз етілуі керек.

4727. Қажетті жағдайларда баллондар үрлеп тазарту және дренаж құрылғыларымен жабдықталуы тиіс.

4728. Жарылу қауіпі газы бар баллондарды сақтауға арналған орынжайлардың ашық палубадан кірер жолы болуы тиіс.

13-бөлім. Электрлік жабдықтар

1-кіші бөлім. Жалпы ережелер

422-тарау. Таралу аймағы

Ескерту. 423-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4729. Осы Қағиданың талаптары Кеме қатынасы тіркелімімен қуәландыруға жататын кемелердің электрлік қондырғыларына, сондай-ақ осы қағиданың 424-тарауымен электр жабдықтарының жекелеген түрлеріне қолданылады.

4730. Қағиданың осы бөлігінің тиісті талаптарын кемелерде осы қағиданың 424-тараудың 1 және 2 параграфы көрсетілмеген электр жабдықтарын орнатуға қолдану ұсынылады.

423-тарау. Куәландыру көлемі

Ескерту. 424-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Жалпы ережелер

Кеменің электр жабдығын қуәландыру

4731. Топтастыру тәртібіне, кемені салу және жабдықты әзірлеу кезінде қуәландыруға қатысты жалпы ережелер 1- бөлімде жазылған.

4732. Кемеде қуәландыруға электр энергиясының негізгі және авариялық көздер, әлуettік және жарықтандыру трансформаторлары мен қайта жасақтаушылар (машиналық және статикалық), негізгі және өзге де тарату тұстамалары, кабель желісі, сондай-ақ осы Қағиданың 4733-4736-тармағында санамаланған электр жабдығы, жүйелері мен құрылғылары жатады.

4733. Бірінші санаттағы жауапты құрылғылар:

- 1) рөлдік құрылғылар;
- 2) реттелетін қадамның винттер гидравликалық жүйелерінің сорғысы;

3) ауаны үрлеу вентеляторлары, жылуды жіберетін сорғылар, форсункалардың салқындақтыш сорғылары, жағар май сорғылары мен қозғалыс үшін қажетті басты және көмекші қозғалтқыштар мен турбиналарға арналған су салқындақтыш сорғылар;

4) мәжбүрлі желдету желдеткіштері, қуаттандыру сорғылары, вакуумдық сорғылар мен бу турбиналы кемелерде бу қондырғылары, сондай-ақ бу бірінші санатты жауапты құрылғыларды қамтамасыз ететін жабдықтар үшін қолданылатын кемелердегі көмекші қазандықтар үшін конденсатты шығаруға арналған сорғылар;

5) бу турбиналы кемелерде бу қондырғылары бас қазандықтарының, сондай-ақ бу бірінші санатты жауапты құрылғыларды қамтамасыз ететін жабдықтар үшін қолданылатын көмекші қазандықтардың оттық құрылғылары;

6) кемені қозғалысқа келтірудің/басқарудың жалғыз құралы болып табылатын жағар май сорғылары мен суды салқындағыш сорғылары бар азимуталды (бұрылысты) түрдегі винтті рөлдік колонкалардың (бұдан әрі - ВРК) электр жабдығы;

7) жағар май сорғылары мен суды салқындағыш сорғылары және мәжбүрлі желдету жүйелері бар ескек электрлі қондырғы (бұдан әрі - ЕЭК) мен ескек азимуталды (бұрылысты) түрдегі (АЗИПОД) ЭК-нің электр жабдығы;

8) жоғарыда көрсетілген жабдықты қамтамасыз ететін электр энергиясының арнайы генераторлары мен өзге де қуаттандыру көздері;

9) жоғарыда көрсетілген жабдықты қамтамасыз ететін гидравликалық сорғылар;

10) ауыр отын үшін отын дайындау және тұтқырлығын бақылау жабдығы и контроля (вискозиметрлер);

11) сигналды-ерекшелендіру оттары, навигациялы жабдықтар мен сигналдар;

12) ішкі байланыс жүйелері/құрылғылары;

13) жарықтандыру;

14) басқару құрылғылары/жүйесі, АПС және бірінші санатты отандық құрылғылардың жабдықтары үшін қорғау;

15) класс символына сәйкес кеменінің мақсатын қамтамасыз ету үшін қажетті бірінші санатты басқа да отандық құрылғылар, — Кеме қатынасы тіркелімі талабы бойынша.

4734. Екінші санатты жауапты құрылғылар:

1) брашпилдер;

2) отынды ауыстырып құю сорғылары мен отынды дайындауға арналған жабдықтар ;

3) жағар майды ауыстырып құю сорғылары мен жағар майды дайындауға арналған жабдық;

4) ауыр отынды жылдықтыштар;

5) жіберілетін ауа мен басқарушы ауаның компрессорлары;

6) лъялды (құрғатқыш), балластты сорғылар мен кренді жүйе сорғылары;

7) өрт сорғылары және басқа да өрт сөндіргіш заттарды беруге арналған сорғылар;

8) машиналы-қазандық орынжайларға арналған жедеткіштер;

9) жарылыс және өрттен қауіпті орынжайлар мен кеңістіктерді қауіпсіз жағдайда ұстау үшін қажетті құрылғы устройства, оның ішінде мұнай құю кемелерінде кеме корпусын жерге түйіктандыру құрылғысы, найзағайдан қорғау құрылғысы, сондай-ақ электр және гальванды ұшқын қауіпсіздігін қамтамасыз ететін құрылғылар;

10) өрт сигнал беру жүйесі;

11) су кіргізетін есіктерді жабуға арналған электр жабдықтары;

12) жоғарыда көрсетілген жабдықтарды қамтамасыз ететін электр энергиясының арнайы генераторлары мен өзге де қуаттандыру көздері;

13) жоғарыда көрсетілген жабдықтарды қамтамасыз ететін гидравликалық сорғылар;

14) туннельді және азимуталды рөлдеуші құрылғы;

15) мұнай қую кемелерінің инертті газдары жүйесінің құрылғысы;

16) басқару құрылғысы/жүйесі, АПС және жук жүйелеріне арналған қорғау;

17) осы Қағиданың 564-тарауда көрсетілген тоқазытқыш қондырғыларының электрлі жетектері;

18) басқару құрылғысы/жүйесі, АПС және екінші санатты жауапты құрылғыларды жабдықтау үшін қорғау;

19) класс символына сәйкес кеменінің мақсатын қамтамасыз ету үшін қажетті екінші санатты басқа да жауапты құрылғылар, — Кеме қатынасы тіркелімі талабы бойынша.

4735. Жолаушылар екипажы үшін кемеде болудың минималды жайлы жағдайларын қолдауға арналған электр құрылғылары:

1) тамақ дайындауға арналған құрылғылар;

2) жылытуға арналған құрылғылар;

3) кемелік провизиондық тоқазытқыш қондырғысы;

4) тұрмыстық желдету электр жабдығы;

5) сумен қамтамасыз ету жүйесі мен санитарлық жүйе құрылғылары;

6) осы тармақтың 1) – 5) тармақтарда көрсетілгендерді қамтамасыз ететін арнайы генераторлар мен өзге де қуаттандыру көздері.

4736. Өзге де электр құрылғылары:

1) теңіздің тірі ресурстарын қайта өндөу үшін пайдаланылатын және оларды аулаумен айналыспайтын кемелердің технологиялық тетіктерінің электр жабдығы (осы Қағиданың 5799-тармағы);

2) балық аулау кемелері көсіптік және технологиялық тетіктердің электр жабдығы (осы Қағиданың 5892-тармағы);

3) жоғарыда санамаланбаған басқа тетіктер мен құрылғылар, — Кеме қатынасы тіркелімінің талабы бойынша.

4737. Шаруашылық, тұрмыстық мақсаттағы электр жабдығы кемеде тек мыналарға:

1) кемелік электр станциясының электр энергиясы сапасына осы жабдық жұмысының ықпалына;

2) кабельдер мен сымдардың типтері мен ағымын, сондай-ақ кабельдер прокладкасы тәсілдерін таңдауға;

3) изоляция, жерге тұйықтандыру және қорғау құрылғысының қарсылығына қатысты куәландыруға жатады.

2-параграф. Электр жабдығын әзірлеу кезінде куәландыру

4738. Әзірлеу кезінде куәландыруға осы Қағиданың 424-тарауының 2-параграфында санамаланған қондырғылар мен жүйелерге арналған электр жабдығының мынадай түрлері жатады:

- 1) электр агрегаттары;
- 2) электр машиналары;
- 3) трансформаторлар;
- 4) тарату щиттер;
- 5) басқару және бағалау пульттары;
- 6) электр муфталары мен тежегіштер;
- 7) іске қосу, қорғау, реттеу және коммутациондық аппаратура;
- 8) ішкі байланыс және сигнал беру аппараттары мен құрылғылары;
- 9) әлуettі статикалық қайта жасақтауыштар, жартылай серіктес қондырғылар;
- 10) отын мен майды қыздырғыштар;
- 11) аккумуляторлар;
- 12) кабельдер мен сымдар;
- 13) стационарлық электр өлшеуіш құбырлар;
- 14) электр емес көлемдерді өлшеуге арналған электр құбырлар мен құрылғылар;
- 15) қыздыру және жылдыту құралдары;
- 16) қондыру арматурасы;
- 17) стационарлық шамдар;
- 18) басқару және бақылау құралдары;
- 19) басқа да, жоғарыда санамаланбаған электр жабдықтары, — Кеме қатынасы тіркелімінің талабы бойынша.

4739. жырылыстан қорғаушы электр жабдығы осы Қағиданың 4739-тармағының талаптарынан туындайтын куәландыруға осы жабдықтың шалдыға ма, жоқ па екендігіне қарамастан, құжаттары Кеме қатынасы тіркелімімен танылатын арнаулы үйим тарапынан оның жарылыстан қорғалуына қатысты куәландыруға тартылуы тиіс.

4740. Әзірленгеннен кейін электр жабдығының сыналу көлемі Кеме қатынасы тіркелімінің арнайы қаралу мәні болып табылады, ал сынақ бойынша талаптар кеменің салынуын және кемелер үшін материалдар мен бұйымдарды дайындауды техникалық бақылау ережелерінде жаэылған.

424-тарау. Техникалық құжаттама

Ескерту. 425-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4741. Кеме бойынша жалпы Кеме қатынасы тіркелімінің қарауына ұсынылатын электр жабдығы бойынша техникалық құжаттаманың көлемі осы Қағиданың 5-тарауында қамтылған.

4742. Әзірлеу кезінде электр жабдығын күәландырап алдында Кеме қатынасы тіркелімінің қарауына мынадай құжаттамалар ұсынылады:

- 1) әрекет ету принципінің сипаттамасы мен негізгі сипаттамалар;
- 2) техникалық сипаттамаларымен қоса, барлық пайдаланылған элементтер, қуралдар мен материалдар көрсетілген ерекшелік (бұйымдар тізбесі);
- 3) қыры бар жалпы көріністің сыйбасы;
- 4) принципиалды сыйбасы;
- 5) синақ бағдарламасы;
- 6) ротор валының (зәкірдің) есептілік нәтижелері, полюстерді, белсенді темірді, коллекторды және т.б., сондай-ақ конструкцияның дәнекерлі бірігу орнының валмен бекіту тораптарының сыйбасы — номиналды тоғы 1000 А-дан асатын электр машиналары үшін;
- 7) қысқа тотығу тоғының әрекетіне электрлі динамикалық және терминалық тұрақтылық шиналар есебі — егер жеке жұмыс істейтін генераторлардың номиналды тоғы немесе қабаттаса жұмыс істейтін генераторлардың тоқтардың сомасы 1000 А-дан асса тарату щиттары үшін;
- 8) динамикалық немесе статикалық кедергіге тұрақтылық деректер немесе электрлі магниттік бірлесу синағы тәсілінің көрсеткіші;
- 9) кедергілерді баяулатудың нақты шараларын көрсету.

Қажетті жағдайда Кеме қатынасы тіркелімінің қосымша техникалық құжаттаманы, сондай-ақ сенімділік туралы деректерді ұсынуды талап етуі мүмкін.

2-кіші бөлім. Жалпы талаптар

425-тaraу. Жұмыс шарттары

Ескеरту. 426-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Климаттық жағдайлардың ықпалы

4743. Электр жабдығы үшін қоршаган ауа мен салқындататын судың номиналды жұмыс температурасы ретінде осы Қағиданың 460-қосымшасында көрсетілгені қолданылуы тиіс.

4744. Электр жабдығы $+45 \pm 2^{\circ}\text{C}$ температурасы кезінде ауа ылғалдығы $75 \pm 3\%$ жағдайында немесе $+40 \pm 2^{\circ}\text{C}$ температурасы кезінде $80 \pm 3\%$ жағдайында, сондай-ақ $+25 \pm 2^{\circ}\text{C}$ температурасы кезінде $95 \pm 3\%$ ауа ылғалдығы кезінде сенімді жұмыс істеуі қажет.

4745. Егер электр жабдығы берілген температураны қолдауға арналған құрылғылармен жабдықталған орынжайларда орнатылса, онда мұндай электр

жабдықтары үшін қоршаған ортаның номиналды жұмыс температурасы ретінде осы Қафиданың 460-қосымшасында көрсетілгеннен аз мән қабылдануы мүмкін, бірақ ол келесі жағдайлар кезінде $+35^{\circ}\text{C}$ -дан кем болмауы тиіс:

1) жабдық авариялық болып табылмайды және машиналық орынжайдан тыс орналасқанда;

2) орынжайдағы берілген температура, кем дегенде екі тоңазытқыш қондырғылармен, олардың кез келгені істен шыққан кезде, қалғандары берілген температураны қолдауды қамтамасыз ететіндей ұсталады;

3) осындай орынжайларда орнатылатын жабдық қоршаған ауаның номиналды жұмыс температурасына жету үшін қажетті уақыт ішінде $+45^{\circ}\text{C}$ температура кезінде қауіпсіз жұмыс істеуі тиіс. Бұл ретте тоңазытқыш жабдығы қоршаған ауа температурасы $+45^{\circ}\text{C}$ болған кезде жұмыс үшін таңдалуы керек;

4) Тұрақты вахта көзделген басқару орнында тоңазытқыш қондырғысының бұзылуы туралы дыбыстық және жарық сигнал беру жүйесі көзделуі тиіс.

2-параграф. Механикалық әрекеттер

4746. Электр жабдығы 2-ден 80 Гц-ке дейінгі жиілікпен вибрация кезінде, атап айтқанда: +1 мм ауысу амплитудасымен 2-ден 13,2 Гц-ке дейінгі желі кезінде және $+0,7\text{ g}$ жеделдетумен 13,2-ден 80 Гц-ке дейінгі желі кезінде сенімді жұмыс істеуі тиіс.

4747. Вибрация көздерінде (дизель, компрессорлар) немесе румперлік бөлімшеде орнатылған электр жабдығы 2-ден 100 Гц-ке дейінгі, атап айтқанда: $\pm 1,6$ мм ауысу амплитудасымен 2-ден 25 Гц-ке дейінгі жиілікпен және $\pm 4,0\text{ g}$ жеделдетумен 25-тен 100 Гц-ке дейінгі жиілікпен сенімді жұмыс істеуі керек.

Электр жабдығы $\pm 5,0\text{ g}$ жеделдетумен соққы кезінде және минутына шамамен 40-тан 80-ге дейінгі соққы жиілігінде де сенімді жұмыс істеуі керек.

4748. Электр жабдығы кеменің 15^0 дейінгі ұзақ крен кезінде және 5^0 дейінгі дифференті кезінде, сондай-ақ 7 — 9 кезеңмен $22,5^0$ дейінгі борттық тербеліс және тігінен 10^0 дейінгі килдік кезінде қарсылықсыз жұмыс істейді.

Авариялық жабдық, бұған қоса, $22,5^0$ дейінгі ұзақ крен, 10^0 дейінгі дефференті кезінде, сондай-ақ жоғарда көрсетілген шектерде бір уақытта крен және дифферент кезінде сенімді жұмыс істейді.

Газ тасығыштары мен химия тасығыштарында электр энергиясының авариялық көздері 30^0 дейінгі кеме крені кезінде жұмыс істеу қажеттілігі сақталуы тиіс.

4749. Электр жабдығы тиісті механикалық төзімділікке ие болуы және механикалық зақымдалуы қауіпі жоқ жерде орнатылуы керек (осы Қафиданың 4830-тармағы).

3-параграф. Қоректену өлшемдерінің жол берілген ауытқулары

4750. Электр жабдығы осы Қағиданың 5307 және 5367 – 5368 тармақтарында көрсетілгендерден басқа, барлық жағдайларда осы Қағиданың 461 қосымшасында (осы Қағиданың 4867 -тармағының 2) тармақшасы және 5451 -тармағы) көрсетілген қоректену және жиілік кернеулерінің ауытқулары кезінде жұмысқа қабілетті болып қала беруі тиіс конструкцияда болуы керек.

4751. Жауапты мақсаттағы тетіктер мен құрылғылардан басқа, R3 жүзуге шек қойылған аудан кемелеріндегі тетіктер мен құрылғылар үшін жоғарыда көрсетілген талаптарға жекелеп сәйкес келетін электр жабдықтарын (жалпыөнеркәсіптік орындау) қолдануға жол беріледі, бұл әр жағдайда Кеме қатынасы тіркелімінің арнайы қарауындағы нәрсе пәні болып табылады.

426-тaraу. Электромагниттік үйлесімділік

Ескерту. 427-тaraудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Жалпы талаптар

4752. Осы талаптар кеме бортындағы электромагниттік үйлесімділікті қамтамасыз ету үшін электр жабдықтарына және автоматтандыру жабдықтарына қолданылады.

4753. Жабдық мынадай өлшемдері бар бөгеттер кезінде тоқтаусыз жұмыс жасауы тиіс:

1) осы Қағиданың 462-қосымшасына сәйкес – тұрақты және ауыспалы (50 Гц) магнит өрісі.

Жабдықтарды орнатуға жол беріледі:

1 сыныпты – қуатты өріс көзінен 2 м және жоғары қашықтықта (шиналық сым, топтық трансформатор);

2 сыныпты - қуатты өріс көзінен 1 м және жоғары қашықтықта

3 сыныпты – кез келген қуатты өріс көзінен арақашықтығы шектеусіз;

2) қоректену тізбектері бойынша кернеулердің гармониялық құрамдас бөліктері – осы Қағиданың 463-қосымшасында бейнеленген логарифмдік масштабтағы кеме желісінің жоғары гармониктері графиктеріне сәйкес;

3) электростатикалық разрядтар - 8 кВ кернеу амплитудасымен;

4) 10 В/м өрісінің орташа квадратты кернеу мәні бар 30 — 500 МГц диапазонындағы радиожиілікті электр магнит өрісі;

5) қоректенудің күшті желісі бойынша 2 кВ амплитудамен кернеудің наносекундты импульстары және сигналды кабельдер мен 5/50 нс ұзақтықты басқару кабельдері үшін 1 кВ

6) Орташа квадраттық кернеу мәні 1 В және 1 МГц жиіліктеңі 30 %-дық модуляциямен 0,01 - 50 МГц диапазонындағы өткізгіштік тізбектері бойынша радиожиілік бөгеттері;

7) импульстарды симметриялы беру үшін 1 кВ амплитудамен қоректену тізбектері бойынша микросекундты кернеу импульстары және 1,2/50 мкс ұзақтықты импульстарды симметриялы емес беру үшін 2 кВ. 4754. Кернеудің синусидтық қисық коэффициентінің мәні 10 % аспауы тиіс және мына формула бойынша анықталады

$$K_u = \frac{1}{U_n} \sqrt{\sum_{n=2}^{200} U_n^2} \cdot 100 \%$$

, (929)

мұнда U_c — желі кернеуінің қолданыстағы мәні;

U_n — n тәртібінің гармониялық құрамдас бөлігінің кернеуі;

n — жоғары гармоникалық құрамдас бөлік тәртібі.

K_u мәні толық жинақталған кеме электр энергетикалық жүйе үшін регламенттеледі.

Тіркеушімен айрықша келісім бойынша гармоникалық кернеудің құрамдастарының қуатты көздерін қоректендіру үшін және көрсетілген шиналар желінің негізгі шиналарына шешуші құрылғылар арқылы қосылатын жағдайда олар қабылдай қоймайтын электр жабдықтары үшін $K_u > 10$ %-нан жекелеген шиналарды пайдалануға жол беріледі (осы Қағиданың 4759 -тармағы).

4755. Қоректену тізбектерінде пайда болатын радио бөгеттер кернеулерінің деңгейі жиіліктердің төменде көрсетілген диапазондарындағы мынадай мәндерінен аспауы тиіс :

ашық палуба мен жүзу тұғырында орналастырылатын жабдықтар үшін

10 — 150 кГц — 96 — 50 дБ;

150 — 350 кГц — 60 — 50 дБ;

350 кГц — 30 МГц — 50 дБ;

Машиналы және кеменің басқа да жабық жайларында орналастырылатын жабдықтар үшін

10 — 150 кГц — 120 — 69 дБ;

150 — 500 кГц — 79 дБ;

500 кГц — 30 МГц — 73 дБ.

Радиобөгеттердің кернеу деңгейін өлшеу үшін желі эквиваленті және квазишекті өлшем қабылдағыш қолданылуы тиіс. 10-нан 150 кГц-ға дейінгі жиілік диапазонындағы өлшеулер кезінде қабылдағыштың жіберу жолақтарының ені 200 Гц болуы тиіс, ал 150 кГц-тен 30 МГц-ке дейінгі жиілік диапазонында — 9 кГц.

4756. Осы Қағиданың 4755-тармағының талаптарына сәйкес күштік жартылай өткізгіш түрлендіргіштерінен радиобөгеттер деңгейі шектеу мүмкін болмайтын

кемелерде автоматтандыру жабдықтарын, радио және навигациялық жабдықтарды қоректендіру желісінің осы түрлендіргіштердің қоректендіру желісімен 0,01 — 30 МГц жиілік диапазонындағы 40 дБ кем емес өшуді қамтамасыз ететін гальваникалық шешілуі болуы тиіс.

Осы Қағиданың 4755 -тармағында көрсетілгендерден асып түсетін радиобөгеттер деңгейімен жабдықтарды қоректендіру кабельдері бірлескен төсемнің ұзындығы 1 метрден жоғары кезінде басқа жабдықтар тобының кабельдерінен 0,2 метрден кем емес қашықтықта төселеуі тиіс (Осы Қағиданың 4765 -тармағы).

4757. Жабдықтан 3 м қашықтықта пайда болатын радиобөгеттердің электромагниттік өрісі деңгейі төменде көрсетілген жиілік диапазонындағы мынадай мәндерден аспауы тиіс:

Ашық палубада және жүріс көпіршесінде орналастырылатын жабдықтар үшін

150 — 300 кГц — 80 — 52 дБ;

300 кГц — 30 МГц — 52 — 34 дБ;

30 — 2000 МГц — 54 дБ, ол 24 дБ тең орнатылатын 156 — 65 диапазонын қоспағанда;

Кеменің машина және басқа да жабық жайларында орналастырылатын жабдықтар үшін

150кГц — 30 МГц — 80 —50 дБ;

30 — 100 МГц — 60 — 54 дБ;

100 — 2000 МГц — 54 дБ, ол 24 дБ тең орнатылатын 156 — 165 МГц диапазонын қоспағанда;

Өлшемдер үшін квазишекті өлшеу қабылдағышы пайдаланылуы тиіс. 150 кГц-ден 30 МГц-ке дейін және 156-дан 165 МГц-ке дейінгі жиілік диапазонындағы қабылдағышты өткізу жолақтарының ені 9 кГц болуы тиіс, ал 30-дан 156 МГц-ке дейін және 165 МГц-тен 1 ГГц дейінгі жиілік диапазонында 120 кГц.

2-параграф. Электр магниттік үйлесімділікті қамтамасыз ету шаралары

4758. Электр жабдықтарын электр магниттік бөгеттерден қорғау үшін IV бөлігінде қамтылған теңіз кемелерін жабдықтау бойынша Кеме қатынасы тіркелімінің талаптарын ескеру керек.

4759. Қоректендірудің кеме желісін бөлу үшін айналатын түрлендіргіштер, арнайы трансформаторлар және сұзгілерді қолдану керек.

4760. Күштік кабельдердің экран немесе метал бронясын тиісті жабдықтың метал корпусымен қосу керек және мүмкіндігінше жиі жерге, кем дегенде әр ұшына орналастыру керек

4761. Кабельдер экранын бастапқы дабылды жөндеудің блогы жағында бір нүктеде жерге орналастыру керек. Бұл орайда кабельдің сыртқы оқшауланған қабықшасы болуы тиіс.

4762. Экрандаудың ұздіксіздігі сақталуы тиіс, бұл үшін кабельдер экрандарын тарамды және бөлу кабельдік жәшіктеріндегі, қоршаулар арқылы кабельдердің өтуіндегі жабдықтар корпустарымен қосу керек.

4763. Бөгеттерден қорғау мақсатында 0,02 Омнан жоғары емес электр қарсылығы, болуы мүмкін минималды ұзындығы және коррозияға төзімділігі және тексеруге қол жетімді болуы керек.

4764. Кабельдер экрандары қайтатын сым ретінде пайдаланылмауы тиіс.

4765. Кеме кабельдері жіберілетін сигналдар түрлері бойынша топтарға бөлінеді:

1) радиоқабылдағыш құрылғыларының және бейне дабылдардың коаксиальдық кабельдері 0,1 мкВ – 500 мВ дабылдары деңгейімен;

2) Ұқсас және сандық дабылдары бар экрандалған немесе коаксиальдық кабельдер 0,1 — 115 В дабылдар деңгейімен;

3) телефония құрылғылары мен радиотрансляцияның экрандалған кабельдері 0,1 — 115 В дабылдар деңгейімен;

4) экрандалмаған және палубадан төмен орналасқан, экрандалған және палубаның үстінде орналасқан күштік желі кабелі, 10 — 1000 В дабылдар деңгейімен жарық түсіру желілері;

5) радио хабарын қабылдағыштың, радиолокациялық станцияның, эхолоттың және 10 — 1000 В дабылдар деңгейімен күштік жартылай өткізгішті түрлендіргіштердің жіберуші антенналарының коаксиальдық немесе экрандалған кабельдері.

4766. Егер берілетін дабылдардың деңгейі айырмашылықтары бөгеттерге сезімтал жабдықтардың жұмысына әсер етпейтін болса, бір топтың кабельдері бір жолға салынуы мүмкін. Паралел салынудың ұзындығы 1 метрден жоғары болған кезде әр түрлі топтардың кабельдері бір бірінен 0,1 м кем емес қашықтықта алынуы тиіс, ал олардың қыылсызы тік бұрыштап орындалуы тиіс. Осы Қағиданың 4765-тармағының көрсетілген радиолокациялық станциялар мен эхолоттардың кабельдері қос экранда төселеуі тиіс немесе коакциалдық орындалу кезінде металл құбырдың ішінде. Сыртқы экран кабельдік негізгі экранымен бірге жерге қосылуы тиіс.

4767. Магниттік компастарға жақын жерге электрлік жабдықтарды орнату кезінде және кабельдерді төсеу кезінде, сондай-ақ басқа новигациялық жабдықтардың бөгеттерінен қорғау үшін осы Кеме қатынасы тіркелімінің талаптары ескеріледі.

4768. Ережелермен радиожабдықтарын орнату талап етілетін ток өткізбейтін материалдардан жасалған барлық кемелерде антенналардан 9 м радиуста орналасқан барлық кабельдер экрандалуы немесе басқа әдістермен бөгеттер сәулеленуінен қорғалуы тиіс, ал барлық жабдықтардың радиобөгеттерді басуға арналған қондырғысы болуы тиіс.

Ескеरту. 428-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Конструктивті материалдар

4769. Электр жабдықтарының конструктивті бөлігі берік материалдардан, кем дегенде қыын тұтанатын, теңіз атмосферасының және май мен отын буларының әсер етуіне тәзімді материалдардан дайындалуы тиіс немесе осы факторлардың әсер етуінен сенімді қорғалған болуы тиіс. Жарылыс қауіпті жайларда және кеңістіктерде орнатылған немесе пайдалануға арналған жабдықтар үшін электр жабдықтарының конструктивті бөліктері электростатикалық және гальваникалық ұшқын қауіпсіздігін қамтамасыз ететін материалдардан дайындалуы тиіс.

4770. Ашық палубада және ылғалдылығы жоғары жайларда орналастырылған электр жабдықтарының жабылуарын бекітуге арналған бұрандалар, гайкалар, ілмектер және осы тәріздес бөлшектер тот басуға-тәзімді материалдардан дайындалуы тиіс және немесе тот басуға қарсы сенімді жабыны болуы тиіс.

4771. Электр қондырғыларының барлық ток өткізетін бөліктері мыстан, мыс балқымаларынан немесе тең бағалы қасиеттерге ие басқа да материалдардан дайындалуы тиіс, мыналардан басқа:

1) жоғары температураға төзетін, жоғары үлестік кедергісі бар механикалық тұрғыдан берік материалдардан дайындалуы тиіс реостаттар элементтерінен;

2) теңіз жағдайларына тұрақты алюминийден немесе оның балқымасынан дайындауға жол берілетін асинхронды және синхронды қозғалтқыштар роторларының қысқа тұйықталған орамдарынан;

3) көмір щеткаларынан, металлкерамика байланыстардан және талап етілген қасиеттермен шарттастырылған жағдайдағы басқа да жанама бөлшектерінен;

4) бір сымды жүйе кезінде кері сым ретінде пайдаланылған кеме корпусына тікелей жалғанған электр жабдықтарының элементтерінен.

Ток өткізетіндерге басқа материалдардың бөліктерін қолдану әрбір жағдайда Тіркеушінің арнайы қарау мәні болып табылады.

2-параграф. Оқшаулау материалдары

4772. Кернеуде тұрған бөліктердің оқшаулау материалдары тиісті дизелектрлік беріктікке ие болуы тиіс, жоғарғы бетімен токтардың жоғалу көріністеріне қарсы тәзімді болып, ылғалға- және майға тәзімді және жеткілікті дәрежеде берік немесе тиісті тұрде қорғалған болуы керек.

Номиналдық жұктеме кезінде ток өткізетін бөліктердің және оларды біріктіру орындарының қызу температурасы оқшаулау материалдарының жол берілген қызу температурасынан аспауы тиіс.

4773. Электр жабдықтың оқшауланбаған бөліктерін сұыту үшін жалындамайтын сұйықтықтарды пайдалануға жол беріледі.

Осы мақсаттарда тұтанатын майларды пайдалану әрбір жағдайда Тіркеушінің арнайы қарау мәні болып табылады.

4774. Машиналар, аппаратар және басқа да жауапты құрылғылардың орамаларын оқшаулау үшін келісілген стандарттарға сәйкес оқшаулау материалдары қолданылуы тиіс.

Е сыныбынан төмен емес оқшаулау материалдарын пайдалану ұсынылады.

4775. Электр құрылғыларын ішкі жағынан біріктіру үшін қолданылатын сымдар кем дегенде қын тұтанатын материалдардан, ал қызуы жоғарылатылған, сондай-ақ 13-бөлімнің 15-кіші бөлімінде көрсетілген аппараттарда – жанбайтын материалдардан дайындалған оқшаулағышы болуы тиіс.

4776. Кабельдерді дайындау үшін қолданылатын лқшаулау материалдары – осы Қағиданың 512-тармағы.

428-тaraу. Электр жабдықтарының конструктивтік талаптары және қорғау дәрежесі

Ескерту. 429-тaraудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрекімен.

1-параграф. Жалпы талаптар

4777. Пайдалану кезінде ауыстыруды талап ететін талаптар оңай бөлшектенуі тиіс.

4778. Бұранда бекіткіштерді қолданған кезде бұрандалар мен гайкалардың өздігінен бұралуын, сондай-ақ жиі демонтаждау және ашылуды талап ететін орындарда олардың жоғалуын болдырмауды қарастыратын шаралар қолданылуы тиіс.

4779. Электрлік жабдықтар бөліктерінің тығыздаушы төсемдері (есіктерді, қақпақтарды, қарау қуыстарын, сальниктерді) пайдалану жағдайында тиісті қорғаныс дәрежесін қамтамасыз етуі тиіс.

Тығыздауштар қаптамаға немесе қақпаққа бекітілуі тиіс.

4780. Егер мамандандырылмаған персоналға қол жетімді жерлерде орналасқан қаптамалар қалқаншалар және электрлік жабдықтардың қақпақтары кернеудегі бөліктерге қол жеткізуге бөгет жасаса, онда олар тек қана құралдардың көмегімен ашылуы тиіс.

4781. Конденсаттың құралуы жүргі мүмкін электрлік жабдықтар суды бұруға арналған құрылғылармен жабдықталуы тиіс. Жабдықтардың ішінде конденсатты

жабдықтардың барлық бөліктерінен бұруды қамтамасыз ететін арналар қарастырылуы тиіс. Кернеудегі орамалар мен бөліктер жабдықтардың ішінде жиналуды мүмкін конденсаттың ықпалына ұшырамайтындағы орналасуы немесе қорғалуды тиіс.

4782. Ылғал жайлардың төменгі бөліктерінде орнатуға арналған мәжбүрлі желдеткіші бар электрлік жабдықтар да ылғал мен май булары жабдықтардың ішіне мейлінше аз кіретіндей желдеду жүйесі болуды тиіс.

4783. Егер басқару пульті немесе қалқанында май, бу немесе суды тартудың өлшеу аспаптары қолданылса, онда осы құрамдастар аспаптар немесе құбыр жолдары зақымданған кезде кернеуде болатын бөліктерге тиу мүмкіндігін болдырмайтын шараларды қарастыру қажет.

2-параграф. Оқшаулау қашықтықтары

4784. Тұрлі әлеуетті кернеудегі бөліктер арасындағы немесе кернеудегі бөліктер және жерге қосылған металл бөліктерінің арасындағы немесе ауа мен оқшауланған материалдың үстінен өткен сыртқы қаптама арасындағы қашықтық жұмыс кернеуіне және қолданылған оқшаулау материалдарының қасиеттерін ескере отырып жұмыс істейтін құрылғылардың шарттарына сәйкес келуі тиіс.

4785. Электр жабдықтарының барлық ішкі монтажы көп желілі сыммен орындалуды тиіс.

Бір желілі сымдарды қолдану әрбір жағдайда Кеме қатынасы тіркелімінің арнайы қарау мәні болып табылады.

4786. Бөлу құрылғыларының, басқару пульттарының және басқа бөлу құрылғыларының коммутациялардың ішкі монтажы үшін қима ауданы 1 mm^2 кем болмайтын сымдар қолданылады.

Басқару, қорғау, параметрлерөлшеу, дабылнама және ішкі байланыс жүйелері үшін қима ауданы $0,5 \text{ mm}^2$ кем болмайтын сымдарды қолдануға жол беріледі.

Электрлік және әлсіз дабылдарды түрлендіру және берудің электрлік құрылғылары үшін қима ауданы $0,5 \text{ mm}^2$ кем болмайтын сымдар қолданылуына болады, бұл әрбір жағдайда Кеме қатынасы тіркелімінің арнайы қарау мәні болып табылады.

4787. Ток өткізетін бөлікте қосымша механикалық жүктемеге ұшырамайтындағы болып бекітілуі тиіс; бұл ретте тікелей оқшаулау материалына бұралатын бұрандаларды қолданбаған жөн.

4788. Кабельдер мен сымдардың көп желілі желілерінің ұштары қолданылатын қысқыштың түріне байланысты өнделуі тиіс немесе кабель ұштықтары болуды тиіс.

4789. Оқшауланған сымдар оларды бекіту және орналастыру әдістері оқшаулаудың кедергісін азайтпайтындағы және олар электродинамикалық күштердің, дірілдердің және соққылардың салдарынан зақымдауға ұшырамайтындағы орналастырылуы және бекітілуі тиіс.

4790. Қалыпты пайдалану жағдайларында немесе қысқа түйісу тогын өшіру кезінде оқшауланған сымға рұқсат етілген температура артпауы үшін шаралар қолданылуы тиіс.

4791. Оқшауланған сымдарды клеммаларға немесе шиналарға қосу номиналды жұмыс режимінде сымның оқшаулануы қызу температурасының әсеріне үшірамайтындей қосылуы тиіс.

3-параграф. Электр жабдықтарын қорғау дәрежесі

4792. Орнату орнына байланысты тиісті қорғаныс орындалуы бар электр жабдықтары қолданылуы тиіс немесе қоршаған ортаның зиянды ықпалдарынан жабдықтарды қорғау үшін және персоналды электр тогымен соғудан қорғаудың басқа да шаралары қолданылуы тиіс.

4793. Кеменің жайларында және кеңістіктерінде орнатылған электрлік жабдықтарын минималды қорғалу дәрежесі осы Қағиданың 464-қосымшасына сәйкес таңдалуы тиіс.

429-тарау. Тоқ өткізбейтін металл бөліктерінің қорғаныштық жерге түйіктегіштары

Ескерту. 430-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Жерге қосуға жататын бөліктер

4794. Кернеудің қауіпсіз жағдайынан асатын және қосарланған немесе күшетілген оқшаулануы жоқ жұмыс істеп түрған электр жабдықтарының металл корпустарының



символымен белгіленген жерге қосу қысқышы болуы тиіс.

Электрлік жабдықтардың мақсатына байланысты корпустың ішінен немесе сыртынан жерге қосу мүмкіндігі қарастырылуы тиіс.

4795. Пайдлану кезінде жанасуы және оқшаулауы зақымдалған жағдайда кернеуде болуы мүмкін (осы Қағиданың 4796-тармағында көрсетілгендерді қоспағанда) электр жабдықтарының метал бөліктерінде жерге қосатын қысқышпен жабдықталған бөлікпен сенімді электр байланысы болуы тиіс (осы тармақтың 3 параграфы).

4796. Қорғаныс жерге қосулары жабдықтардың келесі түрлері үшін талап етілмейді:

- 1) қауіпсіз кернеудегі токпен қоректенетін электр жабдықтары;
- 2) қосарланған немесе күшетілген оқшаулануы бар электр жабдықтары;

3) оқшауланған материалдарда немесе содан өтетін және жерге қосылған және кернеудегі бөліктерден қалыпты жұмыс жағдайында кернеуде болмайтында немесе жерге қосылған бөліктермен жанасатында бекітілген электр жабдықтарының метал бөліктері;

4) циркуляциялық токтардың ағып кетуін болдырмау мақсатында оқшауланған ішпектердің корпустары;

5) патрондардың цоколдері және люминесценттік шамдар мен абажурлардың және шағылғыштардың бекіту бөлшектері, оқшауланған материалдан жасалған немесе осындай материалға бұралған патрондарға немесе жарықтандырығыштарға бекітілген қантамалар;

6) кабельдердің бекіту элементтері;

7) бөлу трансформаторынан қорек алатын, кернеуі 250 В-қа дейін кернеуі бар жалғыз тұтынушы үшін.

4797. Кабельдердің экрандалған қабаттары мен метал сауыты жерге қосылған болуы тиіс.

4798. Барлық өлшеу ток және кернеу трансформаторларының қосылқы орамдары жерге қосылған болуы тиіс.

2-параграф. Болат кемелердегі алюминий конструкцияларын жерге қосу

Жерге қосатын қысқыштар мен өткізгіштер

4799. Кеменің болат корпусына бекітілген, бірақ одан оқшауланған алюминий балқымалардан жасалған қондырмалар олардың қондырма мен корпус арасындағы қосылу жерінде электролиттік тottтануды болдырмайтын кем дегенде екі арнайы өткізгіштермен жерге қосылуы керек. Әрбір өткізгіштің өткізгіштілігі қимасы 16 mm^2 мыс сымның өткізгіштігіне барабардан кем болмауы тиіс. Мұндай жерге қосу қосындылары қондырманың периметрі бойынша әр түрлі жерлерде орнатылуы, және қарауға қол жетімді және зақымданулардан қорғалған болуы тиіс.

4800. Жерге қосатын өткізгіштерді кеме корпусына бекіткен кезде диаметрі 6 мм-ден кем емес болттармен орындалуы тиіс; қима ауданы $2,5 \text{ mm}^2$ -қа дейін сымдарды бекіту үшін диаметрі 4 мм болттарды қолдануға жол беріледі, ал қима ауданы 4 mm^2 болса, диаметрі 5 мм болттар қолдануға болады. Бұл болттар жерге қосатын сымдарды бекітуден басқа мақсаттарға пайдаланылмауға тиіс.

Материалға бұрандасыз бұралған болттар жезден немесе басқа тотқа төзімді материалдан жасалуы тиіс.

Жерге қосатын өткізгіш қосылатын корпустың орны металға дейін тазалануы және totttan сенімді түрде қорғалуы тиіс.

4801. Стационарлық электр жабдықтары сыртқы жерге қосатын өткізгіштердің көмегімен немесе қоректену кабеліндегі жерге қосатын өзектердің көмегімен жерге қосылуы тиіс.

Жерге қосу үшін қоректендіру кабелі өзектерінің бірін пайдаланған кезде, ол оның корпусының ішіндегі жабдықтардың жерге қосу бөліктеріне қосылуы тиіс.

Егер жабдықтардың құрылуы пайдаланудың барлық жағдайларында жабдықтың корпусы мен кеменің корпусы арасындағы сенімді электр байланысты қамтамасыз етсе, сыртқы жерге қосу өткізгіштерінің көмегімен арнайы жерге қосуды қолданбауға жол беріледі.

Сыртқы жерге қосуши өткізгішпен орындалатын жерге қосу үшін мыс өткізгіштер қолданылуы тиіс. Егер олардың кедергісі талап етілетін мыс өткізгіштің кедергісінен артпайтын болса, онда сондай-ақ басқа totқа төзімді металдан жасалған өткізгіштерді қолдануға болады. Жерге қосатын мыс өткізгіштің қима ауданы 258-қосымшада көрсетілгеннен кем болмауы тиіс.

Қоректендіру кабелінің арнайы өзегімен орындалатын жерге қосу үшін осы өзектің қима ауданы қоректендіру кабелі өзегінің номиналды ауданына тең болуы тиіс — қима ауданы 16 mm^2 кабельдер үшін және қоректендіру кабелі өзегінің қима ауданының кем дегенде Н не тең, бірақ қима ауданы 16 mm^2 -ден артық кабельдер үшін 16 mm^2 –ден аз емес болуы тиіс.

4802. Жылжымалы, ағытылатын және тасымалданатын тұтынушыларды жерге қосу штепсель розеткасының жерге қосылған ұясы арқылы немесе басқа жерге қосылған байланысы құрылғы арқылы және қоректендіруші иілгіш кабельдің мыс жерге қосылатын өзегі арқылы өткізілуі тиіс. Жерге қосатын өзектің қима ауданы 16 mm^2 кабельдер үшін және иілгіш қоректендіру кабелінің қима ауданының кем дегенде Н не тең, бірақ қима ауданы 16 mm^2 -ден артық кабельдер үшін 16 mm^2 –ден аз емес болуы тиіс.

4803. Жабдықтарды жерге қосатын өткізгіштер мен өзектер ағытылмайтын болуы тиіс.

4804. Кабельдердің экрандалған қабаттары мен метал сауытын жерге қосу келесі тәсілдердің бірімен орындалуы тиіс:

1) 25 mm^2 -қа дейін және 4 mm^2 кем емес желі қимасының қима ауданы 1,5 mm^2 кем емес мыс жерге қосатын сыммен.

кабель желісінің қима ауданы 25 mm^2 -дан артық кабельдер үшін;

2) бронды немесе метал қабыршақты кеме корпусына тиісті бекіту арқылы;

3) тот басуға тұрақты жақсы тоқ өткізетін және серпімді болатында жағдайларда кабельді сальниктердегі сақиналардың көмегімен.

Қоректендіру жағынан ғана жерге қосуға жол берілетін ұштық тармақтанған тізбектердің кабельдерінен басқа кабельдердің екі ұшында да жерге қосылған болуы

тиіс. Кабельдердің экрандалатын қабыршақтары және метал бромдары егер бұл әдістер құрылғы жұмысының бұзылуынаәкелмейтін болса, басқа макулданған әдіспен жерге қосылған болуы мүмкін.

4805. Сыртқы жерге қосатын өткізгіштер бақылау үшін қол жетімді әлсіреуден және механикалық зақымданулардан қорғалған болуы тиіс.

430-тарау. Найзағайдан қорғау

Ескерту. 431-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Жалпы талаптар

4806. Кеме қорғалатын аймағы найзағайдан қорғануды талап ететін барлық жабдықтары жабылуы тиіс найзағайдан қорғау құрылғыларымен жабдықталуы тиіс.

4807. Найзағайдың екінші мәрте пайда болуы өртке және жарылыстарға әкеп соғуы мүмкін кемелерде екінші мәрте ұшқындардың пайда болу мүмкіндігін болдыримайтын найзағайдан қорғау жерге қосылған болуы тиіс.

4808. Найзағайдан қорғау құрылғысы сымды бұрып жіберетін найзағай аулаушыдан және жерге қосулардан тұруы тиіс. Егер кеменің метал корпусымен немесе жерге қосу орнымен діңгектің сенімді электрлік байланысы конструктивті көзделген болса, метал діңгектерде арнайы найзағайдан қорғау құрылғыларын орнатпауға жол беріледі.

2-параграф. Найзағай аулағыш

4809. Метал кемелерде найзағай аулағыш ретінде көлденең созылған конструкцияларды пайдалану керек: егер мұндай конструкциялардың кеменің метал корпусымен сенімді электрлік байланысы көзделген болса, діңгектер, жартылай діңгектер қондырғылар және т.б.

Косымша найзағай ұстағыштар конструкцияның жеке элементтері найзағайдан қорғауды қамтамасыз етпеген жағдайларда ғана қолдануы тиіс.

4810. Егер метал діңгектің топасында электр жабдығы орнатылған болса берік жерге қосылған найзағай аулағыш көзделуі тиіс.

4811. Өткізбейтін материалдан дайындалған әрбір діңгекте немесе стеньде берік жерге қосылған найзағай аулағыш орнатылған болуы тиіс.

4812. Найзағай аулағыш диаметрі 12 мм. кем емес шыбықтан дайындалуы тиіс. Шыбық материалы ретінде тот басудан қорғалған мыс, мыс балқытпалары немесе болат пайдаланылуы мүмкін. Алюминий діңгектер үшін алюминий найзағай аулағыштары пайдаланылады.

4813. Найзағай аулағыш дінгек топындағы дінгектің топынан немесе кез-келген құрылғыдан 300 мм кем емес жоғары шығып тұратындағы етіп бекітілуі тиіс.

3-параграф. Бұрып жіберуші сым

4814. Бұрып жіберуші сым мысты немесе оның қорытпаларын қолданған кезде 70 мм^2 кем емес және болатты пайдаланған кезде 100 мм кем емес шыбықтан, жолақтан немесе қима ауданы көп сымды сымнан дайындалуы мүмкін, бұл орайда болат бұрып жіберуші сым тот басудан қорғалуы тиіс.

4815. Бұрып жіберуші сымдар анағұрлым жоғары радиуспен бір қалыпты болуы тиіс иілулері аз дінгектер мен қондырғылардың сыртқы жақтары бойынша төсөледі.

4816. Бұрып жіберуші сымдар жарылу қауіпті кеңістік пен жайлар арқылы өтпеуі тиіс.

4817. Метал емес корпусты кемелерде найзағайдан қорғаушы құрылғылардың бұрып жіберуші сымдарын қорғаңыс және жұмыс жерге қосулардың шиналарына қоспастан дербес оның барлық жолдарына (жерге қосуға байланыстыруды қосқанда) төсеу керек.

4-параграф. Жерге қосу

4818. Композиттік кемелерде жерге қосу ретінде жүзудың барлық жағда ларында суға салынған металл фортевенъ немесе басқа метал конструкциялар пайдаланыла алады.

4819. Найзағайдан қорғану құрылғылары немесе кеменің болат корпусының жерге қосуларының кеме докта немесе стапельде болғанда жағадағы жерге қосылуын қамтамасыз ететін құрылғыларды қарастыру қажет.

4820. Ток өткізбейтін корпусты кемелерде жерге қосу осы Қағиданың 6-тарауына сәйкес орындалуы тиіс.

5-параграф. Найзағайдан қорғау құрылғысындағы қосылулар

4821. Найзағай аулағыш, бұрып жіберетін сым және жерге қосу арасындағы қосылулар дәнекерлеумен немесе болтты қысқыштармен орындалуы тиіс.

4822. Бұрып жіберуші сым мен найзағай аулағыш немесе жерге қосу арасындағы байланыстың үстіңгі жағы аланы 1000 mm^2 кем болмауы тиіс. Қосуши қысқыштар мен біріктіруші болттар мыстан, мыс қорытпаларынан немесе тот басудан қорғанысы бар болаттан дайындалуы тиіс.

6-параграф. Найзағайдан қорғау жерге қосудың құрылғылары

4823. Осы Қағиданың 4857-тармағында көрсетілген найзағай аулағыш жерге қосуға оқшауланған металл конструкциялар, жылжымалы қосылулар, құбыр жолдары, электр

желілерінің экрандары және байланыс желілері, жарылыс қауіпті жайларға ену тораптар жатады.

4824. Мұнай өнімдеріне арналған құбыр жолдары, сондай-ақ жарылыс қауіпті жайлармен байланысты және палубалардың ашық участеклерінде немесе электр магнитті экрандаулары жоқ жайларда орналасқан барлық құбыр жолдары ұзындығы бойынша 10 м сайынға қарағанда жоғары емес кеме корпусына жерге қосылған болуы тиіс.

Жарылыс қауіпті жайлармен байланысты емес жарылыс қауіпті газдардың пайда болуы мүмкін палубаларда орналасқан құбыр жолдары ұзындығы бойынша 30 м сайынға қарағанда жоғары емес кеме корпусына жерге қосылған болуы тиіс.

4825. Бұрып жіберуші сымдар жанындағы металл бөліктер, егер олар жерге қосылған конструкцияларда орналаспаған болса немесе кеме корпусымен өзге металл байланысы болмаса жерге қосылған болуы тиіс. Бұрып жіберуші сымдардан 200 мм-ге дейінгі қашықтықты құрылғылар немесе метал бөліктер қайталама ұшқындардың пайда болу мүмкіндігін болмайтындей етіп бұрып жіберетін сыммен қосылуы тиіс.

4826. Жерге қосу элементтерінің барлық қосылулары бақылау үшін қол жетімді және механикалық зақымданулардан қоргалуы тиіс.

431-тaraу. Электр жабдықтарын орналастыру

Ескерту. 432-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4827. Электр жабдықтары басқару органдары мен күту, қарау және ауыстыруды талап ететін барлық бөліктерге ыңғайлы қол жетімділікті қамтамасыз ететіндей болып орналастырулыу тиіс.

4828. Көлденең білікті электр машиналары кеменің диаметрлік жазық беткейіне біліктің паралель орналасатындей етіп орналасуы тиіс. Білігі басқа бағытта орналасқан машиналарды орналастыру егер машиналардың конструкциялары оның осындай орналастырулында және осы Қағиданың 4748 -тармағында көрсетілген жағдайларда қалыпты жұмысынқамтамасыз етсе ғана жол беріледі.

4829. Ауамен салқыннатылатын электр жабдығы салқыннатушы ауаны жинау ауа изоляцияға кері әсер ететін заттармен былғанатындей ластардан немесе басқа жерлерден жүргізілетіндей етіп орналастырулыу тиіс.

4830. Жоюға болмайтын дірілдер мен солқылдаулар (осы Қағиданың 4747 да көрсетілгеннен ғөрі күштірек) бар жерлерде орнатылған электр жабдықтарының осы жағдайларда қалыпты жұмысын қамтамасыз ететін конструкцияға ие болуы тиіс немесе сәйкес амартизаторларда орнатылуы тиіс.

4831. Электр жабдығы күштілігі төмендемейтіндей және палубалардың, асып кетулердің және корпустың көмкермелерінің өткізбеушілігі бұзылмайтында болып бекітілуі тиіс.

4832. Кернеу астындағы электр жабдықтарының ашық жерлері қорғалмаған жанғыш материалдардан көлденең қорғалмаған жанғыш материалдардан көлденең 300 мм және тігінен 1200 мм жақын орналасуы тиіс.

4833. Егер электр жабдықтарының корпустары өздері орналасқан конструкцияға қарағанда басқа материалдан жасалса, қажеттігіне қарай электролиттік каррозияны жою үшін шаралар қолдану керек.

4834. электр жабдықтарын жергілікті қолданудың өрт сөндіру стационарлық жүйелерінің әрекет ету аймақтарында орналасу жағдайында осы Қағиданың 5160 және 5161 тармақтары талаптарының орындалуы қамтамасыз етілуі тиіс.

432-тaraу. Арнайы электр үй-жайлары

Ескерту. 433-тaraудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4835. Арнайы электр жайларының есіктері кілтке жабылып, сыртқа ашылуы керек. Егер есіктер түргын және қызмет жайларының дәліздеріне және өткелдеріне шығатын болса, олар қалқандар мен тіреуіштер орналастырылғанда ішке ашылатында болуға жол беріледі.

4836. Арнайы электр жайлары тез жанғыш сұйықтықтарымен ыдыстармен көршілес орналаспауы тиіс. Егер бұл талапты конструктивті орндау мүмкін болмаса, жанғыш заттардың осы жайларға тұсу мүмкіндіктерін жоютын шаралар қабылдануы тиіс.

4837. Арнайы электр үй-жайларынан шығаберістерді, ашылатын иллюминаторлар мен басқа да саңылауларды өрт жарылышы қауіпі бар үй-жайлар мен кеңістіктерге шығару болмайды.

4838. Арнайы электр жайларда өткелдер мен қызмет көрсету орындарында ашық атқару электр жабдықтарын орнату кезінде изоляциялық материалдардан тұтқа орнатылуы керек.

433-тaraу. Жарылыстан қорғалған электр жабдықтары. Сырлау үй-жайларында электр жабдығын орнатуға қойылатын қосымша талаптар

Ескерту. 434-тaraудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4839. Осы тараудың талаптары булардың, газдардың ауамен араласқан жарылыс қауіпті қоспалары пайда болуы мүмкін кемелерде, жабық және жартылай жабық үй-жайларда орнатылатын жабдықта жатады.

Мұндай үй-жайлар мен кеңістіктерге сырлау, фонарлы (майлы фонарларға), аккумуляторлы және цистерналар, температурасы тұтану буы 60 °C және одан төмен тұтанатын сұйықтықтарға арналған цистерналар, механизмдер мен құбырлар орналасқан үй-жайлар жатады.

Мұнай құятын кемелерде электр жабдықтарын орнатуға қойылатын қосымша талаптар осы Қағидалардың 532-тарауында келтірілген;

бактарда отыны бар көлік құралдарын тасымалдауға арналған кемелерде-осы Қағидалардың 533-тарауында;

қауіпті жүктөрді тасымалдайтын кемелерде - осы Қағидалардың 541-тарауында.

Ескерту. 4839-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрекімен.

4840. Жабдықтарды жарылыстан қорғалған атқару құзыретті ұйымның күәгерлігімен расталуы тиіс.

4841. Жарылыс қауіпті жайлар мен кеңістіктерде анағұрлым қауіпті газ қоспасының санаты мен тобына сәйкес келетін жарылыстың қорғау деңгейімен жарылыстың қорғалып орындалатын электр жабдықтарын орнатуға жол беріледі. Аккумуляторлық жайларда электр жабдықтарын орнату 508- тараудың, сылау жайларында – 4854-4858-тармақтарын талаптарына жауап беруі тиіс.

Эхолоттар дірілдеткіштері мен олардың кабельдерін орнату Кеме қатынасы тіркелімінің талаптарына жауап беруі тиіс, ал жарылыс қауіпті жүктөрді тасымалдауға бейімделген жайларда желдеткіштердің электр қозғалтқыштарын орнату – осы Қағиданың 3636-тармағы талаптарына.

4842. Шаң немесе талшықтар ауамен жарылыс қауіпті қоспаларды құруы мүмкін жайларда IP65 қарағанда төмен емес дәрежеде электр жабдығы орнатылуы тиіс.

Егер жарылыс қаупі бар шаңталшықты қоспаның пайда болуы жұмыс істеп тұрған технологиялық құрылғылардың зақымдануы ннемесе тығыз еместігі немесе желдеткіш әрекетінің тоқтатылуы нәтижесінде туындауы мүмкін болса, онда мұндай жағдайларда IP55 қорғаныс дәрежесі бар электр жабдықтарын орнатуға жол беріледі.

Осы тәріздес жайларда орнатылған электр жабдығы, оның беткі көлденең немесе 60⁰-қа дейін бұрышпен көлдененге еніс элементтерінің температурасы ұзак жұмыс жағдайларында осы жайдағы шаң тозаңның шіру температурасынан (шіру температурасын қалыңдығы 5 мм шаң тозаңның қабаты үшін анықтау керек) тым болмағанда 75⁰C төмен емес болатында қабыршағы болуы тиіс.

4843. Жарылыстан қорғалып орындалған шырағдандар бекіту орнынан басқа олардың жан жағында 100 мм-ден кем емес бос кеңістік қалатындағы етіп орнатылуы тиіс.

4844. Өртті хабарлаушылардан басқа, жарылыс қауіпті жайлар мен кеңістіктерде орнатылған әрбір жабдықтың кернеудегі және жарылыс қауіпті жайлар мен кеңістіктерден тыс қауіпсіз жерде орнатылған барлық сымдардан ажырататын сөндірушісі болуы тиіс.

4845. Жанатын сұйықтықтар цистерналарының қабырғаларына электр жабдықтарын тікелей бекітуге жол берілмейді. Барлық жағдайларда электр жабдықтары цистерна қабырғаларынан 75 мм кем емес қашықтықта бекітілуі тиіс.

4846. Булар немесе газдардың жарылыс қауіпті қоспалары пайда болуы мүмкін, бірақ жарылыс қауіпті жайларға апаратын саңылаулары бар жабық және жартылай жабық жайларда әдетте жарылыстан қорғалып орындалған электр жабдықтары болуы тиіс.

Мынадай шарттар орындалатын болса, жарылыстан қорғалмай орындалған электр жабдықтарын орнатуға жол берілмейді:

1) желдеткіш әрекеттері тоқтатылған кезде дабылнама (жарықтық және дыбыстық) іске қосылуы тиіс, сондай-ақ электр жабдығының қоректендірілуі автоматты түрде (негізdemelі жағдайларда уақытша кідіріспен) ажыратылуы тиіс;

2) Жайды жеткілікті түрде желдеткеннен кейін ғана электр жабдығын қосу мүмкіндігін қамтамасыз ететін блоктау қарастырылуы тиіс (жайдағы ауаны кем дегенде 10 рет ауыстыру керек).

4847. Электр жабдықтары кеменің қауіпсіздігі және оны басқару үшін қажетті болып табылмайтын жарылыс қауіпті жүктерді тасымалдауга арналан біліктерде трюомоларда толығымен сөндірілген және санкцияланбаған қосудан қорғалған болуы тиіс. Сөндіру қауіпті аймақтардан тыс орналасқан орындардан жүргізілуі тиіс және арнайы ажыратқыштарды алу арқылы немесе блоктаушы құрылғысы бар сөндірушілермен жүргізіледі.

Кеменің қауіпсіздігі және оны басқару үшін осындай жабдықты орнату қажеттігі жағдайында ол жарылыстан қорғалып орындалған болуы тиіс: ұшқын қауіпсіз (Exia немесе Exib), артық қысымға арналған қабыршақпен (Exp), жарылыс өтпейтін қабыршақпен (Exd), жарылысқа қарсы жоғары сенімділікпен (Exe).

4848. Жарылыс қауіпті жайлар мен кеңістіктерде осы Қағиданың 4849 - тармақтарының талаптарын орындаған жағдайда осы жайлар мен кеңістіктерде орнатылған электр жабдықтары үшін ғана арналған кабельдерді төсөуге рұқсат етіледі.

Жарылыс қауіпті аймақтарда төсеген кабельдерді қосуға жол берілмейді. Қосуды болдырмау мүмкін емес болған жағдайларда ол Тіркеушінің арнайы қарау құралы болып табылады. Бұл орайда қосулар сертификатталған қауіпсіз түрдегі метал-арматурланған соққыға тұрақты пластикалық қосуышы қораптарды қолдана

отырып немесе мақұлданған тежелетін\капсулданған муфталық кабельдік қосуларды қолдана отырып жүзеге асырылуы тиіс.

4849. Жарылыс қауіпі бар жайлар мен кеңістіктерде төселген кабельдерде мыналар болуы тиіс:

1) метал броньнан немесе метал емес қабыршақпен жабылған орамасы, немесе

2) қосымша механикалық қорғанысы бар қорғасын қабыршағы, немесе

3) мыс қабыршағы немесе тот баспайтын болат қабыршағы (минералды оқшаулағышы бар кабельдер үшін ғана).

4850. жарылыс қауіпі бар жайлар мен кеңістіктер арқылы өтетін кабельдерді механикалық зақымданулардан қорғау керек.

Кабельдердің палубалар мен қоршаулар арқылы өтулері жарылыс қауіпі бар газдар немесе булардың енуін болдырмау үшін тығыздалуы тиіс.

4851. Барлық экрандар, жарылыс қауіпі бар жайлар мен кеңістіктер арқылы өтетін немесе осы жайларда орнатылған электр жабдықтарын коректендіруші электр қозғалтқыштарының қоректендіру тізбектері және жарықтандыру тізбектері кабельдерінің метал орамдары екі үштарында да жерге қосылған болуы тиіс.

4852. үшқын қауіпсіз кабельдер бір құрылғыға ғана пайдаланылуы мүмкін және басқа кабельдерден бөлек төселеуі тиіс.

4853. Тасымалдаушы электр қондырғыларының кабельдері, үшқын қауіпсіз кабельдерді қоспағанда, жарылыс қауіпті жайлар мен кеңістіктер арқылы өтпеуі тиіс.

4854. Осы жайларға қызмет көрсететін майлау жайларында және желдету каналдарында аталған жайға қызмет көрсетуге қажетті электр жабдықтарын ғана орнатуға жол беріледі.

Сонымен электр жабдығы жарылыстан қорғалып орындалатындай болуы тиіс: үшқын қауіпсіз (Exi), артық қысымға арналған қабыршақпен (Exp), жарылыс өтпейтін қабыршақпен (Exd), жарылысқа қарсы жоғары сенімділікпен (Exe) немесе арнайы қорғанысы болуы тиіс (Exs).

4855. Жарылыстан қорғау деңгейі бойынша электр жабдығына минималды талаптар II В газ қоспасы санатына және Т3 газ қоспасы тобына сәйкес келуі тиіс.

4856. Осы Қағиданың 4857-тармағында көрсетілген майлау жайлары мен кеңістіктерінде төсеген кабельдердің (транзиттік, жергілікті) метал броньдары болуы тиіс немесе металл құбырларында төселеуі тиіс.

4857. Ағынды және сору желдеткіші қуысынан 1 м шегінде немесе жасанды сору желдеткішінің сыртқы қуысынан 3 м шегіндегі ашық палубадағы кеңістіктерде мынадай электр жабдығын орнатуға жол беріледі: осы Қағиданың 4854-тармағына сәйкес жарылыстан қорғалып орындалған, (Exn) жарылыстан қорғалып орындалған, мұндай конструкцияның жабдығы доға немесе үшқын жасай алмайды, ал оның беті қалыпты жұмыс кезінде қауіпті температураға дейін қызбайды.

4858. Егер төменде көрсетілген шарттардың барлығы орындалатын болса, бояулы жайларға апаратын жабық кеңістіктер қауіпті емес ретінде қарастырылуы мүмкін:

1) бояулы жайларға есік газ өткізбеуді қамтамасыз етсе, ашық күйінде ұстап тұратын құрылғылары болмаса және өзінен өзі жабылу құрылғысы болса;

2) Жарылыс қаупі бар кеңістіктерден тыс орналасқан жерлерден ауаны жинайтын тәуелсіз табиғи желдеткіш жүйесімен бояулы жайлар қамтамасыз етілсе;

3) кіре берісте жайларда өрт қауіпті сұйықтар барлығы туралы хабарлайтын сақтандыру жазбалары белгіленсе.

434-тaraу. Антистатикалық жерге қосу. Антистатикалық жерге қосу құрылғысы және бақылау

Ескерту. 435-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4859. Антистатикалық жерге қосу жарылыс қаупі бар жайлар мен кеңістіктер бар барлық кемелер түрлері үшін электростатикалық ұшқын қауіпсіздігін қамтамасыз етудің қажетті құралы болып табылады.

4860. Кемелерде булардың, газдардың және шаң тозаңның ауамен жарылыс қауіпті қоспалары пайда болуы мүмкін жабық және жартылай жабық жайлар мен кеңістіктерде орнатылатын жабдықты (осы Қағиданың 839-тармағы), сондай-ақ осындай жайларда енгізілетін және орнатылатын кез келген жылжымалы жабдықтың антистатикалық жерге қосылуы болуы тиіс.

4861. Кеменің барлық жарылыс қаупі бар жайлары мен кеңістіктерінің барлық кіре берістерінде онда кіретін адамдардан металл жерге орналастырылған пластинкалар, қолмен жанасу кезінде зарядты алуға арналған тұтқалар немесе саптар арқылы немесе кіру кезінде ылғалданған маттар (кілемшелер) арқылы электростатикалық зарядтарды алу үшін жағдайлар жасалуы тиіс.

4862. Мынадай жабдықтар антистатикалық жерге тұйықтау өткізгіштерін қолдануды талап етпейді:

1) осы Қағидалардың 429-тарауының талаптарына сәйкес жерге орналастырылған қабыршақтарды экрандаушы стационарлық және жылжымалы электр жабдығы мен кабельдердің металл броньдары;

2) кәбілдерді төсеуге арналған құбырлар және осы Қағидалардың 510-тарауының 8-параграфына сәйкес жерге орналастырылған кабельдік арналар;

3) осы Қағидалардың 426-тарауының 2-параграфына сәйкес жерге орналастырылған электр жабдығы, автоматтандыру жабдығы, радиожабдық және навигациялық жабдық;

4) осы Қағидалардың 4823-4826-тармақтарының талаптарына сәйкес найзағайдан қорғайтын жерге тұйықтағышы бар жабдықтар мен конструкциялар.

Ескерту. 4862-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрігымен.

4863. Егер антистатикалық жерге қосуға арнайы тұжырымдалған талаптар қойылмаса, антистатикалық жерге қосу мандайшалары конструкциясы осы Қағидалардың 429-тарауының талаптарына жауап беруі тиіс.

Антистатикалық жерге қосу мандайшаларын метал емес жабдықтарға қосу әдістері, мәселен, пластмасса құбыр жолдарына, жабдықты дайындаушымен анықталуы тиіс.

Ескерту. 4863-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрігымен.

4864. Кемеге әкелінетін жабдықтың құрамдас бөлігі болып табылатын антистатикалық жерге орналастыру өткізгіштерінің конструкциясы Қағиданың тиісті бөліктерінің немесе стандарттар Тіркеушісімен мақұлданған талаптарға жауап беруі тиіс.

4865. Антистатикалық жерге орналастыру қарсылығын бақылау тұрақты тогы 10 В артық емес жедел кернеуі бар кез келген түрдегі тасымалдаушы құралдармен жүргізуі тиіс. Бақыланатын жабдық, кеменің бөлшегі, конструкциясы және корпусы арасындағы қарсылықтың өлшенген шамасы жабдықтың бетімен өлшеу электродының байланысы алаңы 20 mm^2 жоғары емес кезінде 10^6 аспауы тиіс.

3-кіші бөлім. Электр энергиясының негізгі көзі

435-тарау. Электр энергиясының негізгі көзінің құрамы мен қуаты

Ескерту. 436-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрігымен.

4866. Әр кемеде осы Қағиданың 4870-тармағында көрсетілген жағдайларда кеменің барлық электр жабдықтарын коректендіруді қамтамасыз ету үшін жеткілікті қуаттылығы бар электр энергиясының негізгі көзі қарастырылуы тиіс. Мұндай көз кем дегенде тәуелсіз жетегі бар екі генератордан тұруы тиіс.

Жалпы сиымдылығы 300 және одан кем (жолаушылардан басқа) кемелер үшін энергияның негізгі көзі болып аккумуляторлық батареялар болуы мүмкін.

4867. Тәуелсіз жетегі бар генераторлардың және электр энергиясының негізгі көзі құрамына енетін электр түрлендіргіштерінің саны мен қуаттылығы олардың кез келгені іsten шыққан кезде қалғандары мыналардың мүмкіндіктерін қамтамасыз еттетіндей болуы тиіс:

1) кемеде қалыпты өмір сұру жағдайларын бір мезгілде қамтамасыз ету кезінде осы Қафиданың 4870-тармағында көрсетілген жағдайларда электр жабдығының қажетті қоректенуін;

2) анағұрлым жоғары қосу тогы бар ең қуатты электр қозғалтқышын қосуды. Бұл орайда қозғалтқышты қосу үйлесімділіктен ауытқуға, генератор қозғалтқышының тоқтатылуына, сондай-ақ жұмыс істеп тұрған машиналар мен аппараттардың сөнуіне алып келуі мүмкін желі кернеуі мен жиілігінің төмендеуін тудырмауы тиіс;

3) кеменің тоқсыздандырылған күйінде ескекті қондырғыны қосу үшін қажетті тұтынушылардың қоректенуін. Бұл мақсатта электр энергиясының авариялық көзі қолданылуы мүмкін, егер оның өзінің қуаты немесе кез келген өзге электр энергиясы көзімен жиынтық қуаттылығы осы Қафиданың 5232-5234 немесе 5729-5731-тармақтарында (осы Қафиданың 2678-тармағы) көрсетілген тұтынушыларды бір мезгілде қоректендіруді қамтамасыз ететін болса, бұл үшін олардың паралель жұмыс жасауы қарастырылуы мүмкін.

4868. Егер электр энергиясының негізгі көзі кеменің қозғалуы мен басқарулыын қамтамасыз ету үшін қажет болса, кеменің қозғалысы, басқарулыы және қауіпсіздігі үшін қажетті жабдықты қоректендіру тұрақты сүйемелденіп немесе кез келген жұмыс істеп тұрған генератор істен шыққан кезде дереу қалпына келтірілуі қарастырылуы тиіс

Бұл орайда электр энергиясымен қалыпты жараптандыру паралель жұмыс жасап тұрған екі және одан да көп генераторлармен қамтамасыз етілетін кемелерде кеменің қозғалысын, басқарулыын және қауіпсіздігін қамтамасыз ететін тұтынушылардың қоректенуін сақтай отырып, қалған генераторлардың шамадан тыс жүктемесіне жол бермейтін аз жауапты мақсаттарды автоматты тұрде ажырату қарастырылуы тиіс.

Электр энергиясымен қалыпты жараптандыру бір генератормен қамтамасыз етілетін кемелерде ол істен шыққан кезде және ГРІЦ токсыздандырылған кезде мыналар қарастырылуы тиіс:

қуаттылығы жеткілікті резервтік генераторды автоматты турде қосу және оны 30 с ішінде ГРІЦ шиналарына қосу;

кеменің қозғалысын, басқарулыын және қауіпсіздігін қамтамасыз ететін жауапты құрылғылардың қажетті реттілігін автоматты тұрде қайра қосу.

4869. Бір генератордың орнына осы Қафидалардың 5095-тармағында көрсетілген тәуелсіз жетекпен бірге бас қозғалтқыштың (жалпыгенератор) жетегі бар генератор қолданылуы мүмкін, егер ол мынадай жағдайларда осы Қафидалардың 440-тараудың талаптарына жауап беретін болса:

1) валогенератор кеме жүрісінің түрлі режимдері кезінде іс жүзіндегі тұрақты айналым жиілігімен жұмыс істейді;

2) тәуелсіз жетегі бар кез келген генератор істен шыққан жағдайда кеменің есу қондырғысын іске қосу мүмкіндігі бар.

Бас қозғалтқыштардың немесе біліктердің ауыспалы айналу жиілігі кезінде жұмыс істейтін және электр энергиясының негізгі көзінің құрамына кіретін валогенераторларды қолдану кеме қатынасы тіркелімінің арнайы қарауындағы нәрсе болып табылады.

Ескерту. 4869-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.

4870. Электр энергиясының негізгі көздері генераторларының құрамы мен қуаттылығын анықтау кеменің мынадай жұмыс тәртібін ескере отырып жүргізуі тиіс:

1) жүріс тәртібін;

2) маневлерді;

3) электр энергиясының негізгі көзінің жасауы кезінде өрт, корпустың тесілуі немесе кеменің жұзу қауіпсіздігіне әсер ететін басқа да жағдайлар кезінде;

4) кеме мақсаттарына сәйкес басқа да тәртіптерді.

4871. Егер Электр энергиясының негізгі көзі аккумуляторлық батареялар болса, олардың ыдысы 8 сағат бойы зарядтаусыз осы Қағиданың 4867 -тармағының 1) тармақшасы талаптарының орындалуын қамтамасыз ету үшін жеткілікті болуы тиіс және кемеде белгіленген электр энергиясы көзінен аккумуляторлық батареяларды зарядтау мүмкіндігі қарастырылуы тиіс.

4872. R3 жүзуге шек қойылған ауданның қуаттылығы аз электр қондырғысы бар кемелерде (жолаушылар кемесінен басқа) электр энергиясының негізгі көзі ретінде тәуелсіз жетегі бар бір ғана генератор немесе аккумуляторлық батареялар орнатуға жол беріледі.

436-тарау. Электр агрегаттары

Ескерту. 437-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.

1-параграф. Жалпы талаптар

4873. Генераторлар жетектеріне арналған қозғалтқыштар осы Қағиданың 2,3 және 7 -кіші бөлімдерінің талаптарына және осы тараудың қосымша талаптарына жауап беруі тиіс.

4874. Осы Қағиданың 4973-тармағында көрсетілген жағдайларда кемені пайдаланған кездегі қуаттылықтарды ескере отырып генераторлар үздіксіз жұмысқа жоспарлануы тиіс.

4875. Кеме желісіндегі қысқа тұйықталу кездерінде генераторлар қорғаныс құрылғылары іске қосылу үшін жеткілікті болатын қысқа тұйықталудың белгіленген тогының шамасын қамтамасыз етуі тиіс.

4876. Генераторлардың кернеуін реттеу осы Қағидалардың 487 және 488-тарауларында көрсетілген шектерде, ал айналу жиілігі - осы Қағидалардың 4040-тармағында көрсетілген шектерде қамтамасыз етіледі.

Ескерту. 4876-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-параграф. Генераторлардың паралель жұмысы кезіндегі жүктемені бөлу

4877. Паралель жұмысқа арналған ауыспалы ток генераторлары паралель жұмыс кезінде генераторлар арасындағы реактивті жүктемені бөлу анағұрлым үлкен генератордың номиналды реактивті қуаттылығының 10%-на артық немесе анағұрлым кіші генератордың номиналдық қуаттылығының 25%-нан жоғары емес олардың тепе тең қуаттылығынан ерекшеленбейтіндей етіп кернеудің реактивті түсін компенсациялау жүйесімі жақтаңдырылуы тиіс.

4878. Ауыспалы ток генераторларының паралель жұмысы кезінде және жалпы қуаттылықтың 20-дан 100 %-га дейінгі жүктемесі кезінде генераторлар арасындағы жүктемені бөлу осы Қағиданың 4040-тармағында көрсетілген шектерде болуы тиіс.

3-параграф. Жалпы генераторлар

4879. Кеме желісін қоректендіру үшін жалпы генераторларды қолданған жағдайда кеме желісіне бір немесе бірнеше генераторларды автоматты түрде қосу қарастырылуы тиіс немесе желі жиілігі жол берілгеннен төмен түскен кезде машина бөлімшесінде немесе ЦПУ-да авариялық-ескерту дабылнамасы іске қосылуы тиіс.

4880. Жекелеген тұтынушыларды қоректендіруге арналған жалпы генераторлар Тіркеушімен келісім бойынша осы Қағиданың 4876 -тармағында көрсетілгендерден ерекшеленетін сипаттамалармен жұмыс жасай алады.

4881. Кеме желісіне жұмыс жасайтын жалпы генераторлар және жартылай өткізгішті түрлендіргіштер (инверторлар) ГРЩ шиналарындағы қысқа тұйықталуларға зақымданусыз төтеп бере алуы тиіс. Бұл орайда қорғаныс құрылғыларының іске қосылуы үшін жеткілікті болатын қысқа тұйықталудың белгіленген тогы қамтамасыз етілуі тиіс.

4882. Жалпы генераторлар жүктемені қолмен, сондай-ақ автоматты түрде (болған кезде) аудару мүмкіндігі үшін генераторлық агрегаттардың басқа түрлерімен кем дегенде қысқа мерзімдік паралель жұмыс жасауға есептелуі тиіс.

4883. Ауыспалы токтың жалпы генераторы үшін номалдыдан 90% төмен және ұзақтығы 5 секунд жоғары айналым жиілігімен жұмыс жасау кезінде қозғалатын жүйе элементтерінің тогы бойынша шамадан тыс жүктемені болдырмайтын автоматты құрылғылар қарастырылуы тиіс. Бұл орайда генераторлар клеммдарындағы кернеулерді тиісті түрде азайтуға жол беріледі.

4884. Әрбір жалпы генератор үшін ГРЩ-да қозуды алып тастанын құрылғы, сондай-ақ осы Қағиданың 4946-тармақтарына сәйкес құралдар қарастырылуы тиіс.

4885. Жүріс көпіріндегі кеме желісіне валогенераторды қосқан кезде басты тетіктердің жұмыс режимінің өзгеруі 487 және 488-тарауларда, сондай-ақ осы Қағидалардың 4040-тармағында көрсетілген шектерден тыс шығатын кеме желісі параметрлерінің ауытқуына әкелуі мүмкін екендігі туралы жарықтық ескерту дабылы автоматты түрде қосылады.

Ескерту. 4885-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрекімен.

4886. Электр энергиясын жартылай өткізгіштік түрлендіргіші бар жалпы генераторлардың құрылғыларында үйлесімділік компенсаторлар ретінде тәуелсіз жетегі бар генераторларды пайдалануға жол беріледі. Бұл орайда генераторлар мен жетекті қозғалтқыштар арасында автоматты ажыратушы муфталар орнатылуы тиіс.

4-параграф. Пайдаланылатын құбыр генераторлары

4887. Жекелеген тұтынушыларды қоректендіруге арналған пайдаланылатын құбыр генераторлары Тіркеушімен келісім бойынша осы Қағиданың 4876 -тармағында көрсетілгендерден ерекшеленетін сипаттамалармен жұмыс жасай алады.

4888. Кеме желісін қоректендіру үшін қолданылатын пайдаланылатын құбыр генераторлары тәуелсіз жетекті генераторлармен паралель жұмыс жасауға есептелуі тиіс. Бұл орайда агрегаттар арасындағы жүктемені бөлу осы тараудың 3 параграфының талаптарына жауап беруі тиіс.

438. Трансформаторлардың саны мен қуаттылығы

Электр қуатының сыртқы көзінен қоректену

4889. Жарықтандыру мен басқа да жауапты құрылғылар трансформаторлар арқылы қоректенетін кемелерде ең үлкені істен шыққан кезде қалғандары кеменің барлық жұмыс жағдайларында электр энергиясына толық сұранысты қамтамасыз ете алатындағы қуаттылығы бар кем дегенде екі трансформатор қарастырылуы керек.

Егер жинақталатын шиналардың секцияланған жүйесі қолданылса, трансформаторлар әр түрлі секцияларға қосылуы тиіс.

Шағын қуаттылық орнатылған R2, R2-RSN және R3-RSN жүзуге шек қойылған ауданның жалпы сиымдылығы 300-ден кем кемелер үшін, сондай-ақ жүзуге шек қойылған ауданның кемелері үшін Тіркеушімен ерекше келісім бойынша жүзудің нақты ауданына қарай бір ғана трансформатор орнатуға жол беріледі.

4890. Кеме желісін электр қуатының сыртқы көздерінен қоректендіру көзделетін болса, кемеде сыртқы көзден қоректену қалқаны орнатылуы тиіс (осы Қағиданың 4949-тармағы).

Куаттылығы аз электр қондырғылары бар кемелер үшін кеме желісінің қоректену кабельдерін электр энергиясының сыртқы көзінен басты бөлу қалқанына тікелей қосуға жол беріледі.

4891. Электр қуатының сыртқы көзінен қоректену қалқанында мыналар қарастырылуы тиіс:

- 1) иілмелі кабельді қосу үшін клеммдік құрылғылар;
- 2) басты бөлу қалқанының стационарлық төсөлген кабелін қосу және қорғау үшін комутациялық және қорғаныс құрылғылары;
- 3) вольтметр немесе дабыл лампалары клеммадарда сыртқы ток көзінен кернеудің барлығы туралы;
- 4) құрылғы немесе фазалардың қарама-қарсылығы неме бағыт тәртібін бақылау үшін құрылғыны қосу мүмкіндігі;
- 5) сыртқы көзден бейтарап сымды жерге қосу жасау үшін клеммды;
- 6) кернеуді, ток түрін және жиілікті көрсететін кестеше.
- 7) қалқанға жіберілген иілмелі кабельдің ұшын механикалық бекітуге арналған құрылғы және сыртқы көзден немесе оған жақыннан қоректену қалқанында орналасуы тиіс кабельдерді ілуге арналған қапсырма шегелер.

440. Электр қуаты көзінің агрегаттарын қосу жүйесі

4892. Егер электр энергиясының көздері агрегаттары жалпы шиналарда ұзақ паралель жұмыс жасауға бейімделмеген болса, жүктемені бір агрегаттан басқа агрегатқа ауыстыру кезінде оларды паралель жұмыс жасауға қосу мүмкіндігін қамтамасыз ететін қосу сызбасы қолданылуы тиіс.

4893. Паралель жұмысқа арналған аралас қоздырушының тұрақты тогы генераторлары теңестіруші қосылулары болуы тиіс.

4894. Егер айнымалы ток генераторларының паралель жұмысы қарастырылатын болса, онда басты бөлу қалқанында үйлестіруші құрылғы орнатылуы тиіс.

Автоматты үйлестіру кезінде резервтік қолмен үйлестіру құрылғысы қарастырылуы тиіс.

Синхроноскоптың барлығына қарамастан қолмен және автоматты түрде үйлестіру кезінде барлық жағдайларда қолмен үйлестіру лампалары қаастырылуы тиіс.

4895. Басты бөлу қалқанына бірнеше тұрақты ток генераторларын орнату кезінде магниттеу үшін құрылғы орнатылуы тиіс.

Мұндай құрылғыға егер бастапқы қоздыру үшін қажет болса, айнымалы токтың үйлесімді генераторлары үшін де жол беріледі.

4896. Кемелік және кемелік электр құрылғысының жалпы шиналарына сыртқы электрлік энергия көздерінің арасында паралель жұмыс қаастырылмайтын болса, қосу жүйесі оларды паралель жұмысқа қосу мүмкіндігін болдырмайтын блоктау болуы тиіс.

4897. Егер электр энергиясының негізгі көзі кеменің қозғалысын қамтамасыз ету үшін қажетті болса, басты бөлу қалқанының жинақ шиналары қалыпты жағдайда автоматты сөндірушілермен немесе өзге де мақұлданған құралдармен (мәселен, тіркеуді ағыту тетігінсіз автоматты сөндіруші немесе ажыратқыш) қосылуы тиіс кем дегенде екі бөлікке бөлінуі тиіс.

ГРЩ секциялары арасындағы болтты қосыуларды шиналарды бөлу құралы ретінде пайдалануға жол берілмейді.

Генераторларды және қайталама тұтынушыларды қосу мүмкіндігіне қарай жинақ шиналардың бөліктері арасында симметриялы бөлінуі тиіс.

4-кіші бөлім. Электр қуатын бөлу

438-тарау. Тарагу жүйелері. Рұқсат етілген кернеулер

Ескерту. 440-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4898. Кеме құрылғыларында электр энергиясын бөлудің мынадай жүйелерін қолдануға жол беріледі:

1) 1000 В-ға дейінгі кернеумен айнымалы токты:

үш фазалы, үш сымды оқшауланған;

жерге орнатылған нөлдік нүктемен үш фазалы үш сымды;

2) 500 В қоса алғандағы кернеу үшін қосымша:

үш фазалы, төрт сымды оқшауланған;

осы Қағиданың 4894-тармағының 1) тармақшасына сәйкес жерге орнатылған нөлдік нүктемен үш фазалы төрт сымды;

бір фазалы, екі сымды оқшауланған;

осы Қағиданың 4898-тармағының 1) тармақшасына сәйкес жерге орнатылған нөлдік нүктемен бір фазалы екі сымды;

кез келген болуы мүмкін ток жарылыс қаупі бар кез келген жайлар арқылы тікелей өтпейтіндей жағдайда осы Қағиданың 5065 -тармағында көрсетілгеннен басқа 50 Вқа

дайінгі кернеу үшін кері сым ретінде (жалпы сиымдылығы кемінде 1600 кемелерде) кеменің корпусын пайдалана отырып бір фазалы, бір сымды;

3) тұрақты токты:

Екі сымды оқшауланған;

кез келген болуы мүмкін ток жарылыс қаупі бар кез келген жайлар арқылы тікелей өтпейтіндей жағдайда осы Қағиданың 5065 -тармағында көрсетілгеннен басқа 50 В-ға дайінгі кернеу үшін кері сым ретінде (жалпы сиымдылығы кемінде 1600 кемелерде) кеменің корпусын пайдалана отырып бір сымды;

Кеме корпусын кері сым ретінде пайдалану кезінде барлық ұштық тізбектер екі сымды болуы тиіс, ал оқшауланған кері сым қарау үшін жол жетімді жерде тізбек қорек алатын бөлу қалқанының жерге қосу шинасында жерге қосылған болуы тиіс. Бұл орайда оқшаулау жағдайын тексеру үшін жерге орналастыруши шиналарды кеме корпусынан ажырату үшін құрылғылар қарастырылуы тиіс.

Жалпы сиымдылығы 1600 және одан жоғары кемелерде мынадай тұтынушыларды (кез келген болуы мүмкін ток кез келген жарылыс қаупі бар жайлар мен кеңістіктер арқылы тікелей өтпейтіндей жағдайда) қоректендірудің жергілікті жерге орналастыру жүйелерін қолдануға жол беріледі.

- 1) ішкі жану қозғалтқыштарын электрлік іске қосу (аккумуляторлық) жүйесі;
- 2) ток салынған кеме корпусын катодты қорғау жүйесі;
- 3) оқшаулаудың қарсы тұруын бақылау және өлшеу жүйелері (осы Қағиданың 4950)

Бөлудің басқа жүйелерін пайдалану әрбір жағдайда Тіркеушінің арнайы қарау мәні болып табылады (осы Қағиданың 536-тарауының 1 параграфы және 530-тарауының 1 параграфы).

4899. Электр энергиясын бөлудің қабылданған жүйесіне қарай 50 және 60 Гц жиілікпен электр энергиясы көздері агрегаттарының қысқыштарындағы жол берілген кернеулер осы Қағиданың 440-тарауында келтірілген. 1000 В-дан жоғары кернеуге қосымша талаптар осы Қағиданың 13-бөлімнің 18-кіші бөлімінде келтірілген.

4900. Тұрақты токтың электр энергиясы көздерінің қысқыштарына жол берілген кернеулер мынадай мәндерден аспауы тиіс:

500 В — күштік жүйелер үшін;

250 В — жарықтандыру, жылдыту және штепсельдік розеткалар жүйесі үшін.

4901. Айнымалы ток тұтынушыларының қысқыштарына жол берілген кернеулер осы Қағиданың 466-қосымшасында көрсетілген мәндерден аспауы тиіс.

4902. Тұрақты ток тұтынушыларының қысқыштарына жол берілген кернеулер осы Қағиданың 466-қосымшасында көрсетілген мәндерден аспауы тиіс.

439-тарау. Жауапты құрылғыларды, автоматтандырудың электрлік (электрондық) жүйелерін қоректендіру

Ескеरту. 441-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4903. Басты бөлу қалқанының шиналарынан мынадай тұтынушылар жекелеген фидерлер бойынша қорек алуы тиіс:

- 1) рульдік құрылғылардың электрлік жетектері (осы Қағиданың 4991-тармағы);
- 2) якорь құрылғысының электрлік жетектері (осы Қағиданың 4905-тармағы);
- 3) өрт сорғыларының электрлік жетектері;
- 4) құргатушы сорғылардың электрлік жетектері;
- 5) спринклерлік жүйенің компрессорлары мен сорғыларының электрлік жетектері;
- 6) гирокомпас;
- 7) жүк трюмоларының тоңазытқыш құрылғысының қалқаны;
- 8) электрлік ескекті құрылғыны қоздыру агрегаттарының электр жетектері;
- 9) негізгі жарықтандырудың секциялық қалқандары;
- 10) радиостанция қалқаны;
- 11) навигациялық құрал қалқаны;
- 12) сигналдық-ерекшелік шамдар қалқаны;
- 13) орындалатын қызметтердің бір тектілігі қағидаты бойынша біріктірілген жауапты мақсаттағы басқа тұтынушыларды қоректендірудің секциялық қалқандары мен бөлу құрылғылары;
- 14) біріктірілген басқару пультінің бөлу құрылғылары (осы Қағиданың 447-тарауы);
- 15) өртті анықтаудың автоматты дабылнамасы станциясының қалқаны;
- 16) бас тетіктердің жұмысын қамтамасыз ететін тетіктердің электрлік жетектері;
- 17) жүк, арқандап байланған, қайықты және басқа да құрылғылардың, желдеткіштің және қыздыру құралдарының электр жетектерінің қалқандары;
- 18) реттелетін шага бұрандасын басқару құрылғысы;
- 19) стартерлік аккумулятор батареяларының және жауапты құрылғыларды қоректендіретін батареялардың зарядтау құрылғысы;
- 20) ашық жағдайда өртке қарсы есіктерді ұстап тұратын су өткізбейтін есіктерді жабудың электр жетектерін қоректендіру қалқандары, сондай-ақ су өткізбейтін және өртке қарсы есіктердің жағдайы және жабылуы туралы дабылнама қалқандары;
- 21) төмен қысымды көмір қышқылмен сөндіру жүйесін мұздатып орнату қалқаны;
- 22) тік ұшақтар үшін отырғызу алаңдарының ангарлары мен жарықтық техника жабдықтарына жарық түсіру қалқандары;
- 23) жоғарыда санамаланбаған басқа да тұтынушылар – Тіркеушінің талабы бойынша.

Осы Қағиданың 4903-тармағының 4), 10) – 12), 15), 16), 18) – 20)-тармақшаларында санамаланған тұтынушыларды бөлу құрылғыларынан, осы Қағиданың 4903–

тармағының 13) немесе 14) тармақшаларында көрсетілгендер коммутациялық және қорғаныс құрылғылары бар жекелеген фидерлер бойынша қоректендіруге жол беріледі.

4904. Егер осы Қағиданың 4903-тармағында көрсетілген электр жетектері бар бір бағыттың тетіктері осы Қағиданың 4903-тармағының 1), 5) және 8) тармақшаларында көзделгендерден басқа, қос немесе жоғары санда белгіленген болса, онда кем дегенде осы электр жетектерінің бірі басты бөлу қалқанынан жеке фидер бойынша қорек алуы тиіс. Мұндай қалған тетіктердің электр жетектеріне жауапты тұтынушыларды қоректендіруге арналған секциялық қалқандардан немесе арнайы бөлу құрылғыларынан қорек беруге жол беріледі.

Егер басты бөлу қалқанындағы жинақ шиналар секцияаралық бөлу құрылғылары бар секцияларға бөлінген болса, онда электр жетектері, секциялық қалқандар, арнайы бөлу құрылғылары немесе қос немесе одан көп санда орнатылған немесе екі фидер бойынша қоректендірілетін пульттер басты бөлу қалқанының әр түрлі секцияларына қосылуы тиіс.

4905. R2, R2-RSN, R3-RSN және R3 жүзуге шек қойылған ауданның жүк кемелерінде, жекелеген жағдайларда жүзуге шек қойылмаған аудандардың кемелерінде және R1 жүзуге шек қойылған ауданның кемелерінде Тіркеушімен ерекше келісім бойынша якорлық құрылғының қоректену фидерін олардың басты қоректену қалқанынан тікелей қоректенуі және тиісті қорғалуы шартымен жүк шығырларының немесе басқа бөлу қалқанының бөлу құрылғысына қосуға жол беріледі.

4906. Ұштық тармақтанған тізбектер 16 А жоғары номиналды токқа бір тұтынушыдан артық еместі қоректендіруі тиіс.

4907. Автоматтандырудың электр (электрондық) жүйесін қоректендіру осы Қағиданың 17-бөлімінің талаптарына жауап беруі тиіс.

4908. Авариялық дизель-генераторды қосу және жұмысы үшін қажетті автоматтандыру құрылғыларын қоректендіру стартерлік немесе авариялық дизель-генератор жайында орналасқан басқа жеке аккумулятор батареясынан жүзеге асырылуы тиіс.

440-тарау. Кемені басқарудың біріктірілген пульттерін қоректендіру

Ескерту. 442-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4909. Кемені пультпен басқаруға электрлік, навигациялық және радиожабдықтарды, басты және көмекші тетіктерді автоматтандыру мен қашықтан басқарудың электр қондырғыларын орналастыру кезінде мұндай жабдықты қоректендіру осы тарауда және Қағиданың басқа бөліктерінде талап етілгеніндей жекелеген фидерлер бойынша жүргізілуі тиіс.

Осы Қағиданың 4910 — 4914-тармақтарының (осы Қағиданың 5242 -тармағы) талаптарын орындаған жағдайда кемені бірігіп басқару пульттының бөлу құрылғысынан осы Қағиданың 4903-тармағында санамаланған жабдықты қоректендіруге жол беріледі.

4910. Біріктірілген пульттың бөлу құрылғылары басты бөлу қалқанынан тікелеу немесе басты бөлу қалқанының (егер секцияланған шиналар қолданылатын болса) жинақ шиналарының түрлі секуияларына қосылған екі тәуелсіз фидерлер бойынша трансформаторлар арқылы қорек алуы тиіс.

Кемеде авариялық генератор болған кезде біріктірілген пульттың бөлу құрылғысын қоректендіру басты бөлу қалқанынан бір фидер бойынша және авариялық бөлу қалқанынан бір фидер ойынша жүзеге асырылуы тиіс.

4911. Біріктірілген басқару пультінің бөлу құрылғылары жеке фидер бойынша сондай-ақ басқа көзден немесе көздерден тәуелсіз қорек алуы тиіс, егер бұл осы бөлу құрылғыларынан қорек алатын жабдықтарға талаптарға сүйене отырып қажет болатын болса.

4912. Бөлу құрылғысында осы Қағиданың 4910-тармағында қаастырылған қоректену фидерлерін ауыстырып қосқыштар болуы тиіс.

Егер автоматты ауыстырып қосқыш қолданылатын болса, фидерлерді қолмен ауыстырып қосу да қамтамасыз етілуі тиіс. Бұл орайда қажетті блоктау қаастырылуы тиіс.

4913. Біріктірілген басқару пульттының бөлу құрылғысынан қорек алатын, осы Қағиданың 4903-тармағында айтылған әрбір тұтынушы жеке фидер бойынша қоректенуі тиіс (осы Қағиданың 5242 -тармағы).

4914. Біріктірілген басқару пульттында қоректену кернеуінің барлығы туралы жарықтық дабылнама құрылғысы орнатылуы тиіс.

441-тарау. Тарату құрылғылары

Ескерту. 443-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Бөлу қалқандарының конструкциясы

4915. Басты, авариялық, секциялық және топтық бөлу қалқандарының негізгі қаңқалары, беткі панельдері және қаптамалары металдан немесе басқа берік жанбайтын материалдан дайындалуы тиіс.

Егер генераторлардың паралель жұмыстарына арналған жалпы қуаттылық 100 кВт-тан асса, басты бөлу қалқанының генераторлық секциялары бір бірінен және үшқындар мен жалынның таралуын болдырмайтын жанбайтын материалдан жасалған қалқаншалармен жанасатын секциялардан ажыратылған болуы тиіс.

4916. Бөлу қалқандарының пайдалану жағдайларында және шағын тұйықталу салдарынан туындастын механикалық кернеулерге шыдайтын жеткілікті түрде қатаң конструкциясы болуы тиіс.

4917. Бөлу құрылғылары кем дегенде капеждан қорғалуы тиіс. Егер қалқандар көлденең түсетін тамшылардың бөлу қалқаншаларына түсүі үшін жағдайлар жоқ жергілікті жерлерде орнатуға арналған болса, бұл қорғаныс талап етілмейді (осы Қағиданың 4966-тармағы).

4918. Бөмүнда адамдарға қол жетімді жерлерге орнатуға арналған бөлу қалқандары кемедегі барлық бөлу қалқандары үшін бірдей арнайы кілтпен ашылатын есіктермен жарақталуы тиіс.

4919. Бөлу қалқандары есіктерінің конструкциясы оларды ашқаннан кейін құтуді талап ететін барлық бөліктерге ену қамтамасыз етілуі тиіс, ал есіктерде орналасқан бөліктер кездейсоқ қол сұғудан қорғалған болуы тиіс.

Басқарудың электрлік аппаратурасы мен өлшем құралдары орналасқан ашылатын панельдер мен есіктер кем дегенде бір ілмелі бөгетпен сенімді зеземлен болуы тиіс.

4920. Басты авариялық және секциялық бөлу қалқандары, сондай-ақ басқару пульттари олардың беткі жағында орналасқан тұтқамен жарақтандырылуы тиіс. Артқы жағынан енуге болатын бөлу қалқандары қалқанның артында орналасқан көлденең тұтқамен жарақтандырылуы тиіс.

Тұтқалар үшін материалдар ретінде оқшаулағыш материал ағаш немесе тиісті оқшаулағыш жабыны бар жерге қосылған металл құбырларға жол беріледі.

4921. Басты бөлу қалқандарының генераторлық панельдері басты ажыратқыш алдындағы генератор жағынан немесе осы Қағиданың 4884-тармағына сәйкес осындай жүйелер болған кезде жинақ шиналарының кем дегенде түрлі екі жүйесінен қорек алатын шырағдандармен жарықтандырылуы тиіс.

4922. Бөлу қалқандары панельдерінің беткі жағын жарықтандыру байқауға кедергі келтірмеуі тиіс және көз көрмеу әрекетін тудырмауы тиіс.

4923. Қисайған түрдегі бөлу қалқандарының конструкциясы қызмет көрсетуді талап ететін бөліктерге енуді қамтамасыз етуі тиіс.

Бөлу қалқандары мен бөлу шкафтарының есіктері ашық жағдайда тіркеуге арналған құрылғылармен жабдықталуы тиіс.

Жылжымалы блоктар мен құралдардың жылжытылған жағдайдада түсіп қалуды болдырмайтын құрылғылары болуы тиіс.

4924. Коммутациялық және қорғаныс аппараты бар және вольтметр орнатылмаған қауіпсізден жоғары кернеуге әрбір бөлу құрылғысы шиналардағы кернеулердің барлығын көрсететін дабылды лампамен жабдықталуы тиіс.

2-параграф. Шиналар және оқшауланбаған сымдар

4925. Номиналдық жүктеме кезінде және шағын тұйықталу кезінде немесе мыс шиналар үшін шағын тұйықталудың жол берілген бір секундтық жүктемесі кезінде шиналардың және бөлу қалқандарының оқшауланбаған сымдарының шекті температурасы ұлттық стандарттар бойынша анықталады.

4926. Тенестіруші шиналар кем дегенде басты бөлу қалқанына қосылатын анағұрлым үлкен генератордың 50% номиналды тогына есептелуі тиіс.

4927. Егер шина оқшауланған бөліктермен жанасса немесе оларға жақын тұрса, оның жұмыс тәртібіндегі немесе шағын тұйықталу кезіндегі жылулық әсері берілген оқшаулау материалы үшін жол берілген температурадан асуды туыннатпауы тиіс.

4928. Бөлу қалқандарындағы шиналар мен оқшауланбаған сымдар тізбектің тиісті жерлерінде туындастын шағын тұйықталу кезінде электродинамикалық және термиялық тұрақтылыққа ие болуы тиіс.

Шағын тұйықталу кездерінде шиналарда және оқшауланбаған сымдарда туындастын электродикамикалық күшеттүлер ұлттық стандарттар бойынша анықталуы тиіс.

4929. Оқшаулағыштар және шиналар мен оқшауланбаған сымдарды бекітуге арналған басқа да бөліктер шағын тұйықталу кезінде туындастын күштерге шыдауы тиіс.

4930. Мыс жолақ шиналардың жеке ауытқу жиілігі 50 Гц номиналдық жиілік үшін 40—60 және 90—110 Гц диапазондарда болмауы тиіс; 60 Гц номиналдық жиілік үшін 50—70 және 110—130 Гц.

4931. Әр түрлі полюстарға жататын шиналар мен оқшауланбаған сымдар мынадай ерекшелегіш түстермен таңбалануы тиіс:

қызыл — оң полюс үшін;

көк — теріс полюс үшін;

қара немесе жасыл-сары — жерге қосу сымдары үшін;

көгілдір — орташа сым үшін.

Тенестіруші сым ол тұрған полюстың түсімен боялуы және қосымша ақ көлденен жолақтармен боялуы тиіс.

4932. Әр түрлі фазаларға жататын шиналар мен оқшауланбаған сымдар мынадай ерекшеленген түстермен маркиренген болуы тиіс:

сары — 1 фаза үшін;

жасыл — 2 фаза үшін;

күлгін — 3 фаза үшін;

көгілдір — бейтарап сым үшін;

жасыл-сары — жерге қосу сымдары үшін.

4933. Шиналарды қосу қосылу жерлерінде тот басудың пайда болу мүмкіндігі болмайтында етіп жүргізілуі тиіс.

3-параграф. Қысқа түйікталу токтарын есептеу және коммутациялық электр аппараттарын тандау

4934. Коммутациялық электр аппараттары кем дегенде ұлттық стандарттарға сәйкес келуі тиіс және былайша іріктелуі тиіс:

Жұмыстың қалыпты режимінде олардың номиналды кернеулері, номиналды токтары және жол берілген температуралары аспайтында болуы;

Ауыспалы режимдерде көзделген жүктемелердің шекті температурасынан жоғарыны зақымданусыз және қызусыз шыдау;

Шағын түйікталу режимінде олардың сипаттамалары шағын түйікталған тізбек қуаттылығының нақты коэффициентіне, сондай-ақ шағын түйікталудың шамадан тыс айнымалы және айнымалы тогының өзгеру сипатына сәйкес келетіндей.

4935. Қысқа түйікталу токтарын ажыратуға арналған коммутациялық электр аппараттарының номиналдық ажыратқыш мүмкіндігі ажырату сәтінде оларды орнату жеріндегі күтілген шағын түйікталуға қарағанда аз болуы тиіс.

4936. Автоматты ажыратқыштар мен қысқа мерзімге түйікталған, электр тізбегіне қосылуы мүмкін ажыратқыштардың номиналдық қосу мүмкіндігі шағын түйікталу кезінде оларды орнату орнында қосудың күтілген максималды тогынан кем болмауы тиіс.

4937. Шағын түйікталу токтарын ажыратуға арналған электр аппараттарының электродинамикалық тұрақтылығы тогы оларды орнату орнында шағын түйікталудың күтілген максималды тогынан кем болмауы тиіс.

4938. Шағын түйікталу кезінде электр аппараттарының термиялық тұрақтылығы тогы оларды орнату орнында қорғау құрылғыларының селективті әрекетімен шарттастырылған, шағын түйікталудың ұзақтығын ескере отырып шағын түйікталудың күтілген тогына сәйкес келуі тиіс.

4939. Шағын түйікталудың күтілген максималды тогына сәйкес келетін, ажырату және\немесе қосу мүмкіндігіне ие емес автоматты ажыратқышты ол орнатылған жерлерде қолдануға егер ол генератор жағынан кем дегенде шағын түйікталу токтары үшін қажетті номиналдары бар және генераторды автоматты ажыратушы болып табылмайтын сақтандырғыштармен және\немесе автоматты ажыратқышпен қорғалған жағдайда жол беріледі.

Осылайша құрылған қорғаныс құрылғысының сипаттамасы мынадай болуы тиіс:

1) Шағын түйікталудың күтілген максималды тогы ажыратылған кезде жүктеме жағындағы автоматты ажыратқыш бұдан әрі жұмыс жасауға жарамсыз болатындаі деңгейге дейін жетпейтіндей;

2) автоматты түрдегі ажыратқышты қосқан кезде шағын түйікталудың күтілген максималды тогына электр қондырғысының қалған бөлігі зақымдалған жоқ; бұл орайда

жүктеме жағында орнатылған автоматты түрдегі ажыратқыш бұдан әрі жұмыс жасауға дереу жарамсыз болуына жол беріледі.

4940. 320 А асатын жүктеменің номиналды тогы бар электр тізбектерінде артық жүктемеден қорғау үшін автоматты ажыратқыштар орнатылуы тиіс.

200 А жоғары ток кезінде автоматты ажыратқыштарды қолдану ұсынылады.

4941. Паралель жұмыс жасауға арналған аралас қоздырудың тұрақты тогы генераторларының тізбектеріндегі ажыратқыштардың қалған полюстар шиналарға қосылғанға дейін қосылып, ол ажырағаннан кейін ажыратылатындағы етіп ажыратқыштың қалған полюстарымен механикалық жанасқан теңестіруші сымдар үшін полюстары болуы тиіс.

4942. Шағын тұйықталу токтарын есептеу стандарттар немесе Тіркеуші макұлдаған есептеу әдістері негізінде орындалуы тиіс.

4943. Шағын тұйықталудың максималды тогын есептеген кезде шағын тұйықталу тогының көзі синхронды компенсаторларды қоса, және бір мезгілде жұмыс жасайтын барлық электр қозғалтқыштары паралельді түрде сөндірілуі мүмкін барлық генераторларды қамтуы тиіс. Генераторлар мен электр қозғалтқыштарынан токтар олардың сипаттамалары негізінде есептелген.

Ток туралы мәліметтер болмаған кезде айнымалы токтың электр қозғалтқыштары үшін шағын тұйықталу нүктесін қоректендірудің токтың қолданыстағы мәнінің мынадай еселігі қабылданады:

Шағын тұйықталудың бастапқы сәтінде — $6,25 I_{\text{ном}}$;

Т сәтінде, яғни шағын тұйықталудың бір кезеңінен кейін — $2,5 I_{\text{ном}}$;

2T сәтінде, яғни шағын тұйықталудың екі кезеңінен кейін — $I_{\text{ном}}$;

Софатын ток үшін — $8 I_{\text{ном}}$ ($I_{\text{ном}}$ — есептеу тәртібінде бір мезгілде жұмыс жасайтын барлық электр қозғалтқыштарының жиынтық номиналды тогы).

Тұрақты ток жүйесіндегі шағын тұйықталу тогының максималды мәнін есептеу кезінде электр қозғалтқыштарынан қоректену тогының шамасы есептеу кезінде бір мезгілде жұмыс жасайтын электр қозғалтқыштарының номиналды тогы сомасының 6 еселік мәніне тең қолданылады.

Шағын тұйықталу токтарын есептеу күштік электр тізбектерінің элементтерін таңдау және тексеру үшін қажетті шағын тұйықталу дың барлық есепті нүктелері үшін орындалуы тиіс.

Кез келген жағдайда шағын тұйықталу токтарын есептеуді мынадай есептеу нүктелері үшін орындау қажет:

Генератор тараپынан — автоматты ажыратқыштарды шығаруды;

Басты бөлу қалқанындағы жинақ шиналарында;

Авариялық бөлу қалқанының шиналарындағы;

Электр энергиясын тұтынушылардың клеммаларында және басты бөлу қалқанынан тікелей қорек алатын қалқандар шиналарында;

Шағын тұйықталудың минималды тогын есептеу, егер ол қорғаныстың сезімталдығын бағалау үшін талап етілетін болса, орындау керек.

Шағын тұйықталу тоқтарын есептеу көзделген коммутациялық электр аппараттарының тізбесін және олардың сипаттамаларын, сондай-ақ оларды орнату орнында күтілген шағын тұйықталу тогын.

4-параграф. Коммутациялық электрлік аппараттардың және өлшектін құралдардың орналасуы

4944. Тиісті генераторларға және басқада ірі маңызды құрылғыларға жататын аппараттарды, өлшегіш және бақылағыш құралдарды осы генераторларға және құрылғыларға тиісті тарату құрылғыларға орнату қажет. Коммутациялық аппаратура және бірнеше генераторлардың өлшегіш құрылғылары орнатылған орталық басқару пульті болған жағдайда генераторлар үшін бұл талаптар орындалмауы мүмкін.

4945. Тұракты тоқтың әр генераторы үшін басты және апattyқ тарату қалқанына бір амперметрден және вольтметрден орнатылу қажет.

4946. Ауыспалы тоқтың әр генераторы үшін басты тарату қалқанда және апattyқ генератор үшін апattyқ тарату қалқанда келесі өлшегіш құралдар орнатылуы қажет:

- 1) әр фазадағы тоқты өлшеуге арналған қосқышы бар амперметр;
- 2) фазалық немесе желілік кернеуді өлшеуге арналған қосқышы бар вольтметр;
- 3) жиілік өлшегіш (қосарласа жұмыс істейтін әр генераторда қосқышы бар генераторларға арналған екі еселенген бір жиілік өлшегішті пайдалану рұқсат етіледі);
- 4) ваттметр (50 кВ•А жоғары жиілік үшін);
- 5) басқада қажетті құрылғылар;

4947. Генераторлардың қосарласа жұмыс істеуі көзделмейтін төмен қуатты жабдықты кеме үшін осы Қағиданың 5035 және 5036 тарауарында көзделген, орнатылған әр генератордың өлшеу мүмкіндігін қамтамасыз ететін өлшегіш құралдардың бір жинағын басты және апattyқ тарату қалқанын орнату жіберіледі.

4948. 20 А және одан жоғары номиналды тоқты жауапты тұтынушылар тізбегінде амперметрлер орнатылуы қажет. Бұл амперметрлерді басты тарату қалқандарға немесе басқару орнына орнату рұқсат етіледі.

Қосқышы бар амперметрлерді орнатуға рұқсат етіледі, алайда оның саны 6 тұтынушыдан аспауы қажет.

4949. Қоректендіру фидерінің басты тарату қалқанында электр энергиясының ішкі көзінде мыналар көзделуі қажет:

- 1) коммутациялық және сақтандырғыш құрылғылар;
- 2) вольтметр немесе дабыл шамы;
- 3) фазалардың үзілүінен қорғану құрылғысы.

4950. басты және апарттық тарату қалқандарда оқшауланған жүйелердің әрбір желісі үшін ауыстырып қосқыш немесе әрбір желіге оқшаулану кедергісінің индикациясын өлшеуге арналған бөлек құрылғы орнатылуы қажет.

Өлшегіш құрылғының жұмысымен қамтамасыз етілген тоқтың корпусқа берілу қандай жағдайда болмасын 30 мА-дан асауы қажет.

Оқшаулау кедергісінің рұқсат берілмейтін төмендеу шегі туралы белгі беретін жарық және дыбыс дабылы көзделуі қажет.

Тұрақты вахтасыз кемелердің машиналық орын-жайында, сондай-ақ кемені басқарудың орталық бекетінде мұндай дабыл орнатылуы тиіс.

4951. Өлшегіш құралдардың өлшеніп жатқан мөлшердің номиналдық белгілерінен асатын қосымша бөлімдер бойынша қосымшасы бар шкалдары болуы қажет.

Шкал мөлшеріндегі өлшегіш құралдарды қолдану қажет, олар келесіден төмен болмауы қажет:

1) вольтметры — номиналдық кернеуі 120%;

2) қосарласып жұмыс істейтін генераторларға және тұтынушыларға арналған амперметрлер — номиналдық тоқ 130%;

3) қосарласып жұмыс істейтін генераторларға арналған амперметрлер, — жүктеме тоғының шкала шегі 130% номиналдық тоқ және кері тоқ шкаласының шегі 15% номиналдық тоқтың (соңғысы тек қана тұрақты тоқтың генераторларына арналған);

4) қосарласа жұмыс істемейтін генераторларға арналған ваттметрлер, — номиналдық күштілігі 130%;

5) қосарласа жұмыс істейтін генераторларға арналған ваттметрлер, — жүктеме қуаты шкаласының шегі 130% және кейінгі қуат шкаласының шегі 15%;

6) жиілік өлшегіш — номиналдық жиілігі $\pm 10\%$.

Көрсетілген шкалалар шегі Кеме қатынасының тіркелімімен келісілген жағдайда өзгертулуі мүмкін.

4952. Еспелі электрлік қондырғылардың және генераторлардың номиналдық кернеулері, тоқтары және қуаты өлшегіш құралдардың шкалаларында анық көрінетін белгілермен белгіленулері қажет.

4953. Мүмкін болған жерлерде сөндіргіштер шиналарға "өшті" деген белгіде қозғалмалы байланыстар және сөндіргішке байланысты қорғаныш және бақылау аппаратуры кернеу астында болмайтындей болып орнатылуы және қосылуы тиіс.

4954. Тарату қалқандардың тізбегіне сақтандырғышы бар сөндіргіштер орнатылса, сақтандырғыштар міндетті түрде шианалар мен сөндіргіштер арасына орнатылуы тиіс.

Басқа жүйелі қондырғыны пайдалану Кеме қатынасының тіркелімімен келісілген кездеғанда жіберіледі.

4955. Төсеніш деңгейінде іргетасқа орнатылған тоаратқыш қалқандардың сақтандырғыштар төсеніштен 150 мм кем емес және 1800 мм жоғары емес деңгейде ораналасуы қажет.

Тарату қалқандардың кернеулі ашық бөліктері төсөніш астында 150 мм төмен емес биіктікте орналасуы қажет.

4956. Тарату қалқандардағы сақтандырғыштар оларға қол жеткізу мүмкіндігі жеңіл және балқығыш ендірмелер қызмет көрсетушілерге қауіп төндірмейтіндей болып орнатылуы қажет.

4957. Бір тізбектің керегарын немесе фазасын қорғайтын сақтандырғыштар қатар-қатар қөлецен және тігінен, сақтандырғыштың құрылымын есепке ала орналасуы қажет. Ауыспалы тоқ тізбегінде сақтандырғыштардың өзара дұрыс орналасуы фазалар ілеспелілігіне сәйкес солдан онға қарай немесе жоғарыдан астыға қарай болуы тиіс.

Тұрақты тоқ тізбегінде он керегар сақтандырғышы солға, жоғары немесе қызмет көрсетіп жатқан персоналған жақынырақ орналасуы қажет.

4958. Басты немесе апattyқ тарату қалқанға орнатылған, тиісті генераторларға қатысты кернеуді реттеудің қол жетегі өлшегіш құралдарға жақын орналасуы қажет.

4959. Қосарласып жұмыс жасауға арналған аралас қоздырғылы тұрақты тоқ генераторларының амперметрлері теңестіргіш сымға байланыстырылмаған керағар тізбегінде орнатылуы тиіс.

4960. Қозғалғыш немесе шектеулі қозғалатын құралдарды қосу үшін көпволтты иілгіш сымдар қолданылуы тиіс.

4961. Коммутациялық электрлік аппараттарды басқару органдары, панелдер, тарату қалқандардағы ауып кететін электр тізбектері, өлшегіш құралдардың жазбалары болуы тиіс. Аппараттардың коммутациялық орналасуы белгіленуі тиіс. Сондай-ақ орнатылған сақтандырғыштардың және сөндіргіштердің номиналды тоғы, автоматты сөндіргіштердің және электржылұлы релелердің уставки белгіленуі тиіс.

4962. Тарату қалқаннан ауып кететін әр тізбек барлық керағарларды және/немесе фазаларды сөндіретін сөндіргішпен қамтамасыз етілуі тиіс. Сөндіргіштер ортақ сөндіргіштері бар жарықтың екінші тарату қораптарына, сондай-ақ құралдар тізбегіне, блоктау және дабыл қондырғыларына, сақтандырғыштармен сақтандырылған қалқандардың жергілікті жарықтандыруына орнатылмауы мүмкін.

5-параграф. Жарық дабылы

4963. Жарық дабылы үшін осы Қағиданың 468 қосымшасында көрсетілген түстер қолданылуы тиіс.

4964. Осы Қағиданың 4963 -тармағында көрсетілген жарық дабылынан басқасын пайдалану (мысалы әріп символдарын) әр жағдайда Кеме қатынасы тіркелімінің арнайы қарауындағы нәрсе пәні болып табылады.

6-параграф. Тарату құрылғыларды орналастыру

4965. Тарату құрылғылар газдар концентрациясы, су буы, шың-тозаң және қышқыл булану мүмкіндігі жоқ жерлерге орнатылуы тиіс.

4966. Еget IP 10 және одан төмен қорғаныш атқарылуы тарату құрылғы арнаулы орын-жайда, шката немесе нишада орналасқан болса онда мұндан орын-жайлар жанбайтын материалдан жасалуы немесе осындай материалдан жасалған қамтамасы болуы тиіс.

4967. Құбырлардың және цистерналардың тарату қалқандардың жаңына жақын орналасуы осы Қағиданың 249 -тармағындағы талаптарға сәйкес келуі керек.

4968. Дабылды-ерекше шамдардың қалқаны менгерлі рубкада вахтадағы персонал үшін ыңғайлыш және ашық жерде орналасуы тиіс.

4969. Басты тарату қалқан және генераторлы агрегаттар бір-біріне жақын жерде бір машиналық орын-жайда және дәл сол А-60 текстес тік және көлденен отқа төтеп беретін құрылғылардың шегінде орналасуы қажет. Механизмдерді басқарудың орталық постына арналған машиналық орын-жайдың басты шекарасының шегінде ГРЩ орналасқан жерде орналасқан қоршау ГРЩ генераторлық агрегаттардан бөлектегіш ретінде қолданылмайды.

Егер кеменің басқаруын және қозғалысын қамтамасыз ететін жауапты құрлғылар секрециялық қалқандардан қуат алса онда бұл қалқандар және басқада тарнсформаторлар, түрлендіргіштер және осыған ұқсас жабдықтардың қоректену жүйесін жауапты бөлігін құрайтын жабдықтар генераторлы агрегаттар орналаскан жорын-жайда орналасуы қажет.

7-параграф. Тарату қалқандарына қол жеткізу

4970. Тарату қалқанның алдыңғы жағында егер қалқан 3 метрге дейін болған жағдайда 800 мм және егер ол 3 метр және одан жоғары болған жағдайда 1000 мм қалындықта өткізетін жер болуы тиіс.

Валдық сыйымдылығы 500 төмен емес кемелерде өтетін жерді 600 мм дейін төмендетуге рұқсат беріледі.

4971. Артқы жақтан еркін тұратын тарату қалқандардың жаңында 3 метрге дейінгі қалқандарға 600 мм төмен емес және 3 метрден асатын қалқандарға 800 мм төмен болмауы тиіс.

Кернеулі ашық бөлшектері бар және арнаулы электрлік орын-жайларға орналастырылған еркін тұрган тарату құрылғылардың өту қалындығы 1000 мм төмен болмауы тиіс.

4972. Кернеулі, бөлшектері ашық еркін орналасқан тарату қалқандардың артындағы кеңістік осы Қағиданың 4925 -тармағына сәйкес қоршалып және есікпен қамтамасыз етілуі тиіс.

4973. Осы Қағиданың 5201 -тармағында көрсетілген ұзындығы 3 м асатын тарату қалқандардың қалқан орналасқан орын-жайдан қалқан артындағы кеңістікке шығатын

кем дегенде екі есік болуы қажет. Бұл есіктер бір-бірінен мүмкіндігінше алшак орналасқаны жөн.

Есіктердің бірі екінші кіреберісі бар жапсарлас орналасқан орын-жайға шығуы рұқсат етіледі.

4974. 4970 және 4971 тармақтарда көрсетілген кіреберістер аппаратураның әлдеқайда шығыңқы бөлшектерінен және қалқан құрылымынан бастап қондырғының шығыңқы бөліктеріне немесе корпус құрылымына дейін өлшенеді.

5-кіші бөлім. Кеме механизмдері мен құрылғыларының электр жетектері

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

442-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 444-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4975. Жетектің басқару бекеті осы Қағиданың 9- бөліміндегі талаптарға сәйкес келуі тиіс, ал автоматтың электрлік (электрондық) жүйесіне қуат бергіші осы Қағиданың 17- бөліміндегі талаптарға сәйкес болу тиіс.

4976. Электрлік жетекті механизмдер электржетегін қосу туралы хабар беретін жарық дабылды болуы тиіс.

4977. Автоматтық, дистанциондық және жергілікті басқаруы бар қондырғылар жергілікті басқаруга көшкенде автоматтық және дистанциондық басқару өздігінен өшетіндей болып орындалуы қажет. Алайда жергілікті басқару автоматтық және дистанциондық басқарудан тәуелсіз болуы қажет.

443-тарау. Механизмдердің жұмысын бұғаттау

Ескерту. 445-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4978. Электрлік және қол жетекті механизмдер жетектердің бір уақытта жұмыс істеуіне мүмкіндік туғызбайтын, блоктайтын қондырғымен жабдықталуы қажет.

4979. Егер механизмдердің жұмысқа белгілі бірізділікпен қосу талап етілсе тиісті блоктайтын қондырғылар, схема және құрылымдар қолданылуы тиіс, олар әр жағдайда Кеме қатынасы тіркелімінің арнайы қарауындағы нәрсе пәні болып табылады.

4980. Блоктауды сөндіретін қондырғыны орнату егер ол блокты қасақана сөндіруден сақталған болған жағдайда рұқсат етіледі. Осы қондырғының жанында

оның тағайындалуын және оны құзыретсіз адамдарға пайдалануға рұқсат етпейтін ақпараттық жазба болуы тиіс.

Мұндай қондырғы осы Қағиданың 4978 -тармағында келтірілген механизмдер үшін рұқсат етілмейді.

4981. Қалыпты жұмыс уақыты кезінде қосымша желдетуді талап ететін механизмдерді, электрлік жетектерді немесе аппаратураларды қосу желдегу жүріп жатқан кезде ғана мүмкін болуы қажет.

444-тарау. Қауіпсіздік күрылғыларын өшіру

Ескерту. 446-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.

4982. Белгілі жағдайларда жұмысы адам немесе кеме қауіпсіздігіне қауіп төндіретін механизмдердің басқару жүйесі электрлік жетектің қорегін сөндіруді қамтамасыз ететін тетіктермен немесе басқада сөндіретін қондырғылармен қамтамасыз етілуі тиіс.

Бұл тетіктер және/немесе басқада қауіпсіздікті сөндіретін қондырғылар оқыс іске қосылудан сақ болуы қажет.

4983. Тетіктер немесе басқада қауіпсіздікті сөндіретін қондырғылар басқару бекетінде немесе басқада қауіпсіздікті қамтамасыз ететін орындарда орналастырылуы қажет.

4984. Зардаптың немесе апattyқ жағдайдың алдын-алу мақсатында қозғалысты шектеу талап етілетін қондырғылардың және механизмдердің электрлік жетегінде электрлік жетектің сенімді сөнуін қамтамасыз ететін ақырғы сөндіргіштер көзделуі қажет.

445-тарау. Коммутациялық және іске қосуды реттейтін аппаратура

Ескерту. 447-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.

4985. Қысқа түйіқталатын тоқтан қорғаныш қондырғысы болып табылмайтын электрлік жетек тізбегіндегі коммутациялық аппратура қауіпсіздіктің іске қосылуына қажетті уақыт ішінде оның орнатылған жерінде өтетін қысқа түйіқталатын тоқты көтере алуы тиіс.

4986. Электржетегін қосу қосу реттеу аппаратурасының нөлдік жағдайынан ғана мүмкін бола алады.

4987. Параллельді қозудың орамын сөндіруге мүмкіндік тудыратын қосып реттейтін аппаратурада аланды тұншықтыратын қондырғы болуы тиіс.

4988. ауыспалы тоқтың электрлік жетектерін тікелей қосуды қолданған кезде осы Қағиданың 4867 -тармағының 2 тармақшасы және 5451 -тармағы есепке алынуы қажет.

4989. Қуаттылығы 0,5 кВт және одан асатын әрбір электрлік жетек үшін және оның қосып реттейтің аппаратуrasesы үшін қоректі сөндіруге арналған қондырғы көзделуі қажет; соның өзінде егер қосып реттейтің аппаратура дәл сол орын-жайда басты және басқа тарату қалқанында орналасқан болса және ол электрлік жетек орналасқан орынан көрінуі қамтамасыз етілген болса мұндай жағдай үшін қалқанға орналастырылған сөндіргішті пайдалануға рұқсат беріледі.

Егер қосып реттеу аппаратуrasesының орналасуы туралы жоғарыда келітірілген талаптар орындалмаса, мыналарды алдын-ала қарастыру қажет:

1) сөніп тұрған күйде тарату қалқанындағы сөндіргішті блоктайтын қондырғы, немесе

2) электрлік жетектің жанында орналасқан қосымша сөндіргіш, немесе

3) сақтандырғыштардың мұндай қондырғыларын қосып реттегіш аппаратуралардың әрбір керағарында немесе фазасында, себебі олар қызмет көрсетіп жатқан персоналмен жеңіл түрде алынып және қайтадан салынуы тиіс.

446-тарау. Электр жетектері және рульдік құрылғыларды басқару

Ескерту. 448-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4990. Осы Қағиданың 371 тарауындағы және 54- тарау талаптарға қосымша ретінде менгерлік қондырғылар Қағиданың осы бөліміне сәйес келуі қажет.

4991. Бір немесе одан да көп күш беретін агрегаттардан тұратын басты электрлік немесе электртгидравликалық менгерлік жетек басты тарату қалқанынан бөлек трассаларда орналастырылған екі бөлек фидерлерден қорек алуы қажет (осы Қағиданың 5454 -тармағы).

Басты тарату қалқанында секциалық құрасытырылған шиналарды қолданған жағдайда әр фидерді қоректендіру көздері әртүрлі секциадан болуы қажет (осы Қағиданың 4904 -тармағы). Фидерлердің бірі қоректі апattyқ тарату қалқаны арқылы ала алады.

Егер менгерлік қондырғының осы Қағиданың 4 бөлігі 65 -тармағына сәйкес көмекші электрлік немесе электртгидравликалық жетегі болар болса оны басты электржетегінің фидерінен қоректендіруге рұқсат беріледі.

4992. Әрбір фидер оған дұрыс жалғанған және бір уақытта жұмыс жасайтын барлық электрлік жетектерге есептелген болуы тиіс.

4993. Кез-келген электрлік жетекке қорек беруге немесе олардың бір фиерден екінші фидерге үйлестіруге мүмкіндік туғызатын ауыстырып қосатын қондырғы

көзделсе мұндағы фидерлер жүктеменің әлдеқайда ауыр жағдайларына есептелуі қажет, ал ауыстырылып қосатын қондырғы румпельді орын-жайда орналасуы қажет.

4994. Менгерлік жетектің жұмыс істеп тұрған күш беретін агрегаты жұмыс іstemей қалған кезде осы Қағиданың 1031 -тармағына келтірілген басқа агрегат қозғалғыш көпірінде орналасқан бекеттен қолдан іске қосылу қажет. Сонымен қатар автоматикалық қосу қосымша қаралуы мүмкін.

4995. Осы Қағиданың 1033 тарауында көрсетілген менгерлік қондырғылары бар барлық кемелердің менгерлік жетектің күш беру қондырғысының негізгі қорек көзі жұмыс іstemей қалса электр энергиясының апаттық көзінен немесе румпельдік орын-жайда орналасақан және тек қана осы мақсатқа арналған басқа тәуелсіз көзден 45 секунд ішінде қоректің автоматты түрде қосылуы қамтамасыз етілуі тиіс.

Валдық сиымдылығы 10000 және оданда көп кемелер үшін бұл көздің күші менгерлік жетектің, сондай-ақ оған байланысты дистанциялық басқару жүйесін және менгерліктің орналасу көрсеткішінің толассыз қоректенуін 30 минут ішінде, ал басқа кемелер үшін 10 минут ішінде қамтамасыз етуі қажет.

4996. Кемені белсенді басқару құралдарының жетектерінің электрлік қозғалтқышының жұмыс режимі барлық қондырғының көзделген жұмыс талаптарына сәйкес келуі тиіс, алайда жоқ дегенде қозғалтқыш 30 минут ішінде қысқа уақытты жұмыс режиміне жауап беруі қажет.

4997. Менгерлік қондырғының электрлік және электригидравликалық жетек мұналарды қамтамасыз етуі қажет:

1) осы Қағиданың 371 -тармағының 2 параграфында е көрсетілген уақыт ішінде менгерлікті борттан бортқа және бұрышқа ауыстыру;

2) осы шөгуге сәйкес келетін менгерлікті 30 минут ішінде борттан бортқа толассыз ауыстыру әрбір агрегат үшін толықтай батырылған менгерлікте және алдыңғы жағымен жүргенде ең жоғары жылдамдығында (осы Қағиданың 4 бөлімі 1029 және 1030 тармақтары);

3) алдыңғы жүрістің әлдеқайда жылдамдығы кезінде және менгерлікті бұрышқа аударған кезінде 1 сағат ішінде толассыз жұмысты, сағатына 350 ауыстыруды қамтамасыз етуі;

4) электрлік қозғалтқыштың тоққа қосулы жағдайда 1 минут ішінде қыздырылған ағдайда (тек қана электрлік жетекті менгерліктерге арналған);

5) кеменің артқы жағының ең жоғары жылдамдығында туындайтын жағдайлар кезінде электрлік жетектің тиісті сапасын.

4998. Электрлік жетекті менгерліктерін электрлік қозғалтқыштарынан басқа менгерлік жетегінің электрлік қозғалтқыштарын қосу және тоқтату румпельдік орын-жайдан және менгерлік рубкадан іске асырылуы қажет.

4999. Куат берудің үзілісінен кейін кернеуді қайта қалпына келтірген кезде қосу қондырғылары электрлік қозғалтқыштардың қайталама автоматты қосылуын қамтамасыз етуі тиіс.

5000. Менгерлік рубкада және басқару бекетінде маңызды механизмдер болып жарық және дыбыс дабылы көзделуі қажет:

- 1) кернеудің жоғалуы, фазаның үзілуі және әр күш беретін агрегаттың қоректендіру тізбегіндегі шамадан тыс жүктеме туралы;
- 2) басқару жүйесін қоректендіру тізбегінде кернеудің жоғалуы туралы;
- 3) гидравликалық жүйенің кез-келген цистерналарында майдың өте аз болуы туралы.

Сонымен қатар менгерлік жетектің күш беретін агрегаттарының электрқозғалтқыштарының жұмысы туралы индикация көзделуі тиіс.

5001. Осы Қағиданың 1041 және 1042 тармақтарында көрсетілген менгермелік қондырғының электржетектерін басқару жүйесі румпельдік орын-жайдағы менгерлік жетектің күш беретін тізбектерінен немесе осы күш беретін тізбектерді қоректендіретін тарату қондырғыларының шинасынан бөлек трассаларда орналастырылған бөлек фидерлерден қуат алуары қажет.

5002. Румпельдік орын-жайда көпіршеден менгерлік жетектен ол қызмет көрсететін кез-келген басқару жүйесін сөндіру құралдары қарастырылған.

5003. Осы Қағиданың 1041 және 1042 тармақтарында көзделген дистанциалық басқарудың әр жүйесі барлық электрлік компоненттерді қоса алғанда өзінің жеке, менгерлік жетектің атқарушылық механизміне басқару дабылдарын жіберудің тәуелсіз тізбегіне ие болуы қажет.

5004. Штурвалдың айналу бағыты немесе басқару аппаратының тұтқасының қозғалысы рольдің ауысу бағытына сәйкес келуі тиіс.

Тетіктік басқару жүйесінде он жакта орналасқан тетіктерді қосу менгерліктің онға қозғалуын қамтамасыз ететіндей ал сол жакта орналасқан тетіктер менгерлікті солға бұрған кезде қозғалысты қамтамасыз ететіндей орналасуы қажет.

447-тарау. Зәкірлі және арқандап байлау механизмдерінің электр жетектері

Ескерту. 449-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5005. Осы Қағиданың 372 және 373- тармақтарындағы талаптарға қосымша брашпилдер, якорлық-арқанды шпилдер және арқандық шығырлар Қағиданың осы бөлімінің талаптарына сәйкес болуы тиіс.

5006. Қысқатуықты роторы бар ауыспалы тоқтың электрқозғалтқыштарын қолданған кезде якорлы және арқанды механизмдердің электрлік жетектері номиналдық жүктеме кезінде 30 минутты жұмыстан кейін якорлық механизмдер үшін

номиналдық кернеу кезінде электрлік қозғалтқыш тоғының астында 30 секундан кем емес уақыт ішінде тұру мүмкіндігін ал арқанды механизмдер үшін 15 секунд ішінде тұру мүмкіндігін қамтамасыз етуі қажет. Ауысытырылып қосылатын керағарлы қозғалтқыштар үшін бұл талап қосу сәтін туғызатын орамалы қозғалтқыштар үшін жарамды.

Фазалық роторлы тұрақты тоқты және ауыспалы тоқты электрлік қозғалтқыштар тоқ астында тұрған кезде жоғарыда көрсетілген тұру режиміне шыдауы қажет, алайда номиналдықтан екі есеге асатын кезде кернеу номиналдықтан төмен болуы мүмкін.

Тоқ астында тұру режимінен кейін оқшаулауды қолдану үшін температураның жоғарлауы рұқсат етілетін белгінің 130% аспауы қажет.

5007. Якорлық-арқандық шпильдердің и арқандық шығылардың арқандау операцияларына ғана арналған жылдамдықтар деңгейінде электрлік қозғалтқыштың аса жүктелуінен қорғаныш қарастырылған.

5008. Якорлық арқандардың электрлік жетектерін қоректендіру осы Қағиданың 4903 және 4905 тарауларындағы талаптарға сәйкес келуі қажет.

448-тарау. Сорғылардың электр жетектері

Ескеरту. 450-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.

5009. Жанар-жағармайлы және майайдағыш сорғыларды және сепараторларды, сондай-ақ органикалық жылутаратутардың айналым сорғыларының электрлік қозғалтқыштары осы сорғылардың орын-жайларынан тыс және машиналық орын-жайлар шахталарынан тыс жерде орналасқан, дистанциялық сөндіргіш қондырғылармен жабдықталуары тиіс алайда осы орын-жайлардан шығатын жерге жақын жерде болуы қажет.

5010. Құятын тесігі арқылы борттан сүйықтықты тартып шығаратын кеменің ең аз шөгуінде ватерлинния деңгейінен жоғары болатын, құтқару қайықтарын немесе құтқару салдарын түсіру орындарында орналасқан сорғылардың электрлік қозғалтқыштары тиісті кеме жіне құтқару салдар қосу қондырғыларының су механизмдерінің басқару бекетіне жақын орналасқан сөндіргіштермен жабдықталуы тиіс.

5011. Апattyқ өртке қарсы сорғылардың және суға батырылатын сорғылардың электрлік қозғалтқыштары (осы Қағиданың 3219 -тармағы) қалқа палубасынан жоғары орналасқан дистанциялық қосу қондырғылары болуы тиіс (осы Қағиданың 2308 -тармағы).

Дистанциялық қосу қондырғылары электрлік жетктің қосылуы туралы жарық дабылына ие болуы қажет.

5012. Осы Қағиданың 5235 -тармағында көрсетілген электрлік жетектердің сөндіргіш қондырғылары көрінетін жерде орналастырылуы, шынымен жабылуы және анықтайтын белгілермен қамтамасыз етілуі тиіс.

5013. Әрт және кептіргіш сорғыларды жергілікті қосу олардың қорғаныс аппаратурасын қоса алғанда дистанциялық басқару тізбегіне зиян тигізу жағдайында да мүмкін.

5014. Құрамында мұнай бар суларды және ағынды суларды айдау, өткізу немесе түсіру сорғыларының электрлік қозғалтқыштары егер түсіруді бақылау және сорып жатқан сорғыларды басқару орыны арасында телефон немесе радиобайланысы қарастырылмасаған жағдайда шығыс құбырлары орнаасқан ауданда орнатылған дистанциялық сөндіру қондырғысы болуы тиіс.

449-тарау. Желдеткіштердің электр жетектері

Ескерту. 451-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрігімен.

5015. Машиналық орын-жайлар желдеткіштерінің электрлік қозғалтқыштарының сөндіргіш қондырғылары екіден кем болмауы қажет, сонымен қатар олардың біреуі осы орын-жайлардың және олардың шахталарынан тыс орналастырылуы қажет, алайда осы орын-жайлардан шыққан жерге жақын орналасуы керек. Бұл сөндіргіш қондырғыларды осы Қағиданың 5009 -тармағында көрсетілген қондырғылармен бірге орналастыру үсынылады.

5016. Жүк трюмдері желдеткіштерінің және камбуз желдеткіштерінің электрлік қозғалтқыштары басты палубадан жеңіл алынатын, алайда машиналық орын-жайлардан тыс орындарда орналасқан сөндіргіш қондырғылары болуы тиіс.

Камбуздық плиталардың тартып алатын желдеткіштердің электрлік қозғалтқыштары сөндіретін қондырғылардың санына қарамастан камбуз орын-жайында орналасқан сөндіргіш қондырғысы болуы тиіс.

5017. Жалпы кемелік желдеткіштің электрлік қозғалтқыштары оларды дистанциялық сөндірудің жоқ дегенде екі қондырғысы болуы тиіс, біреуі менгерлік рубкада, ал екінші сөндіргіш қондырғы ашық палубадан кіру мүмкіндігі болуы қажет.

Аз қуатты қондырғылы кеме үшін (жолаушылар кемесінен басқа) менгерлік рубкада немесе басты палубадан жеңіл алынатын орында орналасқан дистанциялық сөндірудің бір қондырғысын пайдалануға рұқсат беріледі.

5018. Көлемді өрт сөндіру жүйесімен қорғалған орын-жайлар желдеткіштерінің электрлік қозғалтқыштары осы орын-жайда өрт сөндіру жүйесін қосқан кезде автоматты түрде жұмыс істейтін сөндіргіш қондырғысы болуы тиіс.

5019. Осы Қағиданың 5015, 5016 және 5017 тарауларында тізілген желдеткіштердің электрлік қозғалтқыштарының сөндіргіш қондырғылары кемеде барлық электрлік

қозғалтқыштар үш орынан ғана тоқтатылатындағы етіп топтастырылуы қажет. Сөндіргіш қондырғылар осы желдеткіштердің электрлік қозғалтқыштарының фидерлерін тоқтан ажыратулады тиіс.

450-тaraу. Шлюпкалы шығырлардың электр жетектері

Ескерту. 452-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он қун өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5020. Қайықтық шығырлардың электрлік жетегі теңіз кемелерінің жабдықтары бойынша Кеме қатынасы тіркелімінің талаптарын орындауды қажет.

5021. Қайықтық шығырлардың электрлік жетегін басқару органдары "стоп" күйінде өздігінен қайтудың қондырғысы болуы тиіс.

5022. Қайықтық шығырлардың басқару бекетінде электрлік қозғалтқыштың қуатты тізбегінің сөндіргіші орнатылуы қажет.

451-тaraу. Су өткізбейтін және өртке қарсы есіктердің, жағу құрылғыларының, қазандар мен инсинераторлардың электр жетектері

Ескерту. 453-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он қун өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5023. Су өткізбейтін есіктердің электрлік жетектері осы Қағиданың 77 -тарауының талаптарды орындауды қамтамасыз етуі қажет.

5024. Электр жетектерін және су өткізбейтін есіктердің жағдайы мен жабылуы туралы сигнализацияны қоректендіру осы Қағидалардың 4903-тармағының, 480-тарауының және 541-тарауының 2-параграфының талаптарына сәйкес электр энергиясының негізгі, авариялық және авариялық ауыспалы көздерінен жүзеге асырылады.

Ескерту. 5024-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он қун өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5025. Өртке төтеп беретін есіктерді ұстап тұратын қондырғылардың электрлік қондырғылары (осы Қағиданың 2179-тармағы) мынадай болуы қажет:

- 1) электрлік энергияның негізгі және апattyқ көздерінен қуат ауди қажет;
- 2) әрбір есікті бөлек, топтап немесе барлық есікті біруақытта жабу үшін менгерлік рубкадан дистанциялық басқаруга ие болуы қажет;

3) қоректендіргіш кернеуінің жоғалған кезінде барлық есіктерді бір уақытта автоматты түрде жабу;

4) бір есікті жабу қондырғысында кез-келген ақау қоректендіру жүйесін істен және басқа есіктерді басқарудан шығармайтындей етіп құрылуы тиіс.

5026. Жағу құрылғыларының, қазандардың және инсинераторлардың электрлік жетегі олар орналасқан орын-жайдан тыс орналасқан дистанциялық сөндіру қондырғылары болуы тиіс (осы Қағиданың 4668 және 7385, 7439 –тармақтары және 7416 –тармақтың 4) тармақшасы).

5027. Егер инсинераторлар және қазандар орналасқан орын-жайлар өрт сөндірудің аэрозольді жүйесімен қоргалған болса онда қазандардың және инсинераторлардың жағу құрылғыларының электрлік жетегі осы жүйені қосқан кезде автоматты түрде өшуі қажет.

6-кіші бөлім. Жарық

452-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 454-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрекімен.

5028. Жұзу қауіпсіздігін, механизмдерді және қондырғыларды басқару, жолаушыларды және экипажды орналастыру және көшіруге маңызды болып табылатын жарық барлық кеме орын-жайларында, орындарда және кеңістіктерде электр энергиясының негізгі көзінен қорек алатын негізгі жарықтандырудың стационарлық шамдары орнатылуы тиіс.

Негізгі жарықтың шамдарға қосымша ретінде апattyқ жарық беру шамдары орнатылуы тиіс орын-жайлар, орындар және кеңістіктер тізімі осы Қағиданың 5232 тармақтың 1 тармақшасында және 5729 тармақтың келтірілген.

5029. Қалпақтарына механикалық зиян тууі мүмкін орын-жайларда және кеңістіктерде орнатылған шамдар қорғаныш торларымен жабдықталуы тиіс.

5030. Шамдарды орнату кабельдердің және жақын орналасқан материалдардың рұқсат етілген температурадан асып қызып кету мүмкіндігі болмайтындей болып орындалуы қажет.

5031. Люминесцентты шамдармен жарықтандырылатын және механизмдердің көзге көрініп айналып тұратын бөліктері орналасқан шамдармен жарықтандырылатын орын-жайларда және орындарда стробоскопиялық эффектіні жоюға арналған шаралар қабылдануы қажет.

5032. Сыртқы жарықтандырудың шамдары кеме жүргізу кезінде жарықтық кедергісі туында майтындей болып орнатылуы қажет.

5033. Осы Қағидалардың 425-тарауының 3-параграфына сәйкес кернеудің ауыткуы кезінде жанудың толассыздығын қамтамасыз етпейтін разрядты шамды шамшырактармен жарықтандырылатын үй-жайлардағы және кеңістіктерде сондай-ақ қызатын шамдары бар шамшырактар да көзделуі қажет.

Ескерту. 5033-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.

5034. Аккимуляторлық және басқада жарылғыш қауіпі бар орын-жайлар жапсарлас қауіпсіз орын-жайлардан газ өткізбейтін шыны тесіктер арқылы немесе орын-жай ішіне орнатылған жарылудан сақтандырылған шамдар арқылы жарықтандырылуы қажет (осы Қағиданың 434 -тармағы).

453-тарау. Негізгі жарықтандырудың электр тізбектерін қоректендіру

Ескерту. 455-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.

5035. Неізгі жарықтың тарату қалқандары бөлек фидерлер бойынша қорек алуы қажет. Негізгі жарықтың қалқандарынан қуаты 0,25 кВт дейн жететін жауапсыз белгіленудегі электрлік жетектерді және номиналдық тоғы 10 А дейін бөлек Каюталық электрлік жылытықштарды қоректендіруге рұқсат беріледі.

5036. Жарықтандырудың ақырғы тізбектерін қорғау қондырғысы ток бойынша 16 А аспайтын номиналдық жарғысы болуы қажет, электрэнергиясының қосылған тұтынушыларының жүктемесінің сомалық тоғы жарғы тоғының 80 % аспауы қажет.

Жарықтың ақырғы тізбектеріндегі жарық беретін нүктелердің саны осы Қағиданың 469-қосымшасында келтірілгендерден аспауы қажет. Каюталық желдеткіштер және басқада тұрмыстық құралдар жарықтың ақырғы тізбектерінен қорек алады.

5037. Коридорлардың, машиналық орын-жайлардың, валды сымдардың туннелдері осылай орналасқан тәуелсіз фидерлер кем дегенде екеуінен қорек алады, тіpten екі фидерлердің бірі істен шықкан жағдайда жарықтың көп және бірқалыпты берілуі қамтамасыз етілуі тиіс. Жарықтандырудың секциаландырылған шиналарын басты тарату қалқанында пайдаланған жағдайда шиналардың әртүрлі секциаларынан қорек алатын бұл фидерлер әртүрлі топтық қалқандардан қорек алуы тиіс.

Аз қуатты электрлік қондырғылы жүк кемелері үшін машиналық орын-жайды қоспағанда көрсетілген орын-жайларды топтық қалқаннан бір фидер арқылы немесе басты тарату қалқан арқылы жарықтандыруға рұқсат беріледі.

5038. Адамадар тұратын орын-жайлардағы жергілікті жарық беретін шамдар, сондай-ақ штепсельдік розеткалар жарық беретін қалқаннан жалпы жарық беретін қоректендіру фидерінен басқа бөлек фидерден жарық беретін фидерден қорек алуы қажет.

5039. Егер кеме басты өртке қарсы аймақтарға бөлінсе әр аймаққа жарық беру басқа өртке қарсы аймақтардың жарығын қоректендіретін фидерлерге қарамастан екі фидер бойынша қорек алу қажет.

Жарықтандыру фидерлер бір аймақтағы өрт басқа аймақтардағы жарықты қоректендіретін фидерлерге мүмкіндігінше зиян тигізбейтіндей болып орнатылуы қажет.

Басты тарату қалқанында жарықтандырудың секциаландырылған шиналарын пайдаланған жағдайда мұндай фидерлер шиналардың әртүрлі секцияларынан қорек алады.

5040. Негізгі жарықтандыру энергияның негізгі көздері және/немесе негізгі жарықтандырудың трансформаторлары орналасқан орын-жайларда егер олар бар болса өрт кезінде немесе басқа апattyқ жағдайда апattyқ жарық бергіш жұмыстан шықпайтындағы етіп орындалуы тиіс.

5041. Трюмдерге жарық беретін стационарлық шамдар арнаулы тарату қалқанынан қорек алуы тиіс. Бұл қалқанда коммутациялық және қорғаныс аппратурасынан басқа жарықтандырудың бөлек тізбектерінің қосылуы туралы хабарлайтын жарық дабылы қарасытыруы қажет.

Аз қуатты қондырғылы кемелер үшін меңгерлік рубкада орналасқан тарату қалқанына трюмдер шамдарын жарықтандыруға рұқсат беріледі; трюмдердің жарық беретін шамдарының қоректену тізбегінде кернеудің бары туралы хабар беретін жарық дабылы талап етіледі.

454-тарау. Авариялық жарықтандыру

Ескерту. 456-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5042. Осы Қағиданың 5232 тармақтарының 1) тармақшасында және 5729 - тармағында 1 тармақшасында көрсетілген бөлек орын-жайларды, орындарды және кеңістіктерді жарықтандыру апattyқ жарықтандыру кезінде негізгі жарықтандыру кезінде жалпы жарықтандырудың 10% төен болмауы қажет (осы Қағиданың 459-тарауы). Егер апattyқ жарықтандырудың желісінен қоректенетін штепселдік розеткалар көзделсе машиналық орын-жайдағы апattyқ жарқ беретін шамдардың жарығы жалпы жарықтандыру кезінде 5 % құрауына рұқсат беріледі.

Бұл жарық эвакуация орынына шығатын жолды тез тауып алатындағы болуы тиіс (немесе 0,5 лк жарықтандыруды қамтамасыз ететін).

5043. Осы Қағиданың 5042 -тармағында талап етілген жарықтандыруды алу үшін қызатын шырақты апattyқ жарық беретін шамдар люминесцентті шамдармен араластырыла алады.

5044. Негізгі жарықтың шамдарын апattyқ жарықтың шамдары ретінде егер олар энергияның апattyқ көздерінен ала алса ғана пайдалануға болады.

5045. Апattyқ жарықтың желісі электр энергиясының апattyқ көздері және/немесе апattyқ жарықтандырудың трансформаторлары орналасқан орын-жайларда өрт кезінде

немесе басқа апattyқ жағдайда негізгі жарық бергіштің жүйесі жұмыстан шықпайтындағы етіп орындалуы тиіс.

5046. Апattyқ жарық үшін орнатылған аккумуляторлары және оларға негізгі жарықтандырудан автоматты түрде қуат беретін стационарлық шамдар қолданылады.

5047. Апattyқ жарықтың шамының және аралас шамдар плафондарының әр-қайсысы қызыл түспен белгіленуі қажет.

455-тарау. Жарық тізбектеріндегі ажыратқыштар

Ескерту. 457-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5048. Жарықтандырудың барлық тізбегінде екікерағарлы сөндіргіштер қолданылуы тиіс.

Құрғақ және қызметтік орын-жайларда бір шамдарды сөндіретін тізбектердегі біrkeraғарлы сөндіргіштерді немесе номиналдық тоғы 6 А аспайтын шамдар тобын, сондай-ақ қауіпсіз кернеулерге шамдарды пайдалануға рұқсат беріледі.

5049. Сыртқы жарық беретін стационарлық шамдар үшін менгерлік рубкадан немесе жоғары палубадағы басқада тұрақты вахталық бекеттен барлық шамдарды сөндіретін орталықтандырылып көндіретін кондырғы көзделуі тиіс.

5050. Өрт сөндіру станциясының орын-жайларының жарық беру тізбектерін сөндіргіштері осы орын-жайлардың ішкі жағында орналасулары қажет.

5051. Еркін түрған тарату қалқанының артындағы жарықты өшіргіштер әрбір кіреберісте тарату қалқанының артында орналасуы қажет.

5052. Апattyқ жарықтандырудың тізбегінде шамдардың жергілікті сөндіргіштері қолданылмауы тиіс.

Қалыпты жағдайда негізгі жарықтың шамдары болып табылатын жергілікті сөндіргіштерді апattyқ жарықтың шамдарының тізбегінде пайдалануға рұқсат беріледі .

Апattyқ жарық менгерлік рубкада сөндіргіштермен жабдықталуы тиіс.

Қалыпты жағдайда жалпы жарықтандырудың шамы болып табылатын құтқару жарақтарын қоятын орынның апattyқ жарықтандырығыш шамы кемеде тоқ сөнгенде автоматты түрде өздігінен қосылуы тиіс.

456-тарау. Бықсыған разрядты шырақтар

Ескерту. 458-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5053. Төменгі разрядты шамдардың дроссерлері мен конденсаторлары жерлендірілген металл бүркенішпен мұқият қорғалуы тиіс.

5054. 0,5 мкФ және одан да жоғары сыйымдылықты конденсаторлар разрядты қондырғылармен жабдықталуы тиіс. Разрядты қондырғы конденсаторды сөндіргенен кейін 1 минут ішінде оның кернеуі 50 В аспайтында болып орындалуы қажет.

5055. Жоғары индуктивті кедергілі дросселдер мен трансформатор шамдарға жақынырақ орналасулары қажет, себебі олар сол шамдарға арналған.

5056. 250 В жоғары кернеумен қоректендірілетін төмен разрядты шамдар кернеу туралы ақпарат беріп тұратын алдын-алатын жазбалармен қамтамасыз етілуі тиіс. Мұндай кернеулі шамдардың бөлшектері қорғалулары тиіс.

457-тарау. Штепсельдік розеткалар. Жарықтандыру

Ескерту. 459-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5057. Ауыспалы жарықтандыруға арналған штепсельдік розеткалар жоқ дегенде мына жерлерде орнатылулары қажет:

палубада брашпил жаңында;

гиrokомпас орын-жайында;

радиоқондырғыларды түрлендіргіш орын-жайларда;

менгерлік қондырғының орын-жайында;

апаттық агрегаттың орын-жайында;

машиналық орын-жайларда;

басты тарату қалқаның артында;

арнаулы электрлік орын-жайларда;

есу валының туннелінде;

менгерлік рубкада;

радиорубкада;

шығырдың орналасу ауданында; лага және эхолот қоршауының ауданында;

желдеткіштің және ауаны жаңарту қондырғыларының орталықтандырылған орын-жайларында.

5058. Өртүрлі кернеумен қоректендірілетін штепсельдік розеткалар бір кернеуге арналған ашалардың әлдеқайда жоғары кернеуге арналған розеткамен қосылуын болдырмайтын құрылымға ие болуы тиіс.

5059. Ашық палубада орнатылған ауыстырмалы жарықтандыруға және электр энергиясын басқада тұтынушыларына арналған штепсельдік розеткалар штепсельдік ажыратқышпен төмен қарай бекітілуі қажет.

5060. Машиналық орын-жайларда төсөніштен төмен, жанар-жағармай және май сепараторларының орын-жайларында немесе макұлданған қауіпсіз түрдегі жабдықтар талап етілетін орындарда штепсельдік розеткалар орнатылмауы қажет.

5061. Бөлек орын-жайлардың және кеністіктердің жарықталуы осы Қағиданың 470-қосымшасында көрсетілгеннен кем болмауы қажет. Көрсетілген талаптар 30 В төмен кернеумен қоректендірілетін жарықтандыруы бар кемелерге қатысы жоқ.

Осы Қағиданың 470-қосымшасында көрсетілген жалпы жарықтандырудың нормасы орын-жайдың палубасынан 800 мм деңгейіне қатысты, ал жалпы және жергілікті жарықтандырулудың нормасы жұмыстың үстіңгі деңгейіне жатады.

458-тарау. Сигналдық-айырмалық шамдары

Ескерту. 460-тараудың тақырыбы жана редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5062. Дабыл-айырмалық шамдар қалқанынан жекелеген фидерлер бойынша отындық, борттық және азықтық шамдар, ал маневр жасауда шектелген тіркемелі, итеретін, балық аулайтын, лоцмандық кемелерде және әуе жастышасындағы кемелерде – сондай-ақ Кеме қатынасы тіркелімінің талаптарында аталған отындық және азықтық шамдар қорек алуы тиіс.

5063. Дабыл-айырмалық шамдар қалқаны екі фидер бойынша қорек алуы тиіс:

- 1) бірінші фидер бойынша апatty бөлу қалқаны арқылы басты бөлу қалқанынан;
- 2) екінші фидер бойынша жақын мандағы апatty бөлу қалқанынан қорек алмайтын топтық қалқаннан.

Осы Қағиданың 5000 -тармағына сәйкес рульдік рубкада орналасқан және қорек алатын пультта дабыл-айырмалық шамдарды басқару құралдарын орнатуға жол беріледі.

Электр энергиясының негізгі көзі аккумулятор батареясы болып табылатын және негізгі таратушы қалқан рульдік рубкада орналастырылған кемелер үшін дабыл-айырмалық шамдарды басқаруға тікелей негізгі таратушы қалқаннан жүргізуге рұқсат етіледі.

5064. Дабыл-айырмалық шамдар қоректену желілеріне ашалық ағытпалы майысқақ кабелмелімен қосылуы тиіс.

5065. Дабыл-айырмалық шамдардың қоректену тізбегі екі сымды жүйе бойынша орындалуы тиіс, және әр тізбекте дабыл-айырмалық шамдардың тарату қалқанында орналасқан екі полюсті ажыратқыш қарастырылуы тиіс.

5066. Дабыл-айырмалық шамдардың әрбір қоректену тізбегі екі сымда да қорғанысы және Кеме қатынасы тіркелімінің талаптарына сәйкес дабыл-айырмалық шамдардың қосылғаны туралы индикациясы болуы тиіс.

Қосылу туралы индикацияның құрылғысы орындалып және оның бұзылуы дабыл-айырмалық шамдардың сөнуін тудырмайтындағы орнатылуы тиіс.

Тарату қалқанында шамдардың әрекетінің дабылдық жүйесін қосқанда дабыл-айырмалық шамдардың қорек алатын кернеуінің түсі 30В атаулы қысымда - 5% және 30В жоғары қысым болғанда - 3% аспауы тиіс.

5067. Осы Қағиданың 5066 -тармағында талап етілетін қосылу туралы индикацияға қарамастан қосылып тұрған ажыратқыш болғанда кез-келген дабыл-айырмалық шамдардың істен шыққаны жағдайында автоматты түрде жұмыс істеп тұрған жарықтық және дыбыстық дабыл алдын-ала қарастырылуы тиіс.

Дабылдың қоректенуі дабыл-айырмалық шамдар қалқаны қорегінің көзі мен фидерінен гөрі басқа көзден не фидерден немесе аккумулятор батареясынан жүзеге асырылуы тиіс.

5068. Дабыл-айырмалық шамдарда қолданылатын лампалар мен патрондар Теңіз кемелерін жабдықтау қағидасының 62-тарауының талаптарына жауап берулері тиіс.

459-тарау. Тікұшақ аландарының жарық-сигнал беру және жарық беру құралдары

Ескерту. 461-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - КР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Жалпы талаптар

5069. Тік ұшақты қондыруға арналған алаңның жарық-сигналды және жарық беру құралдары қолданылатын Кеме қатынасы тіркелімінің талаптарын қанағаттандыру қажет.

5070. Тік ұшақты қондыруға арналған жарық-сигналды және жарық беру құралдары ең кемінде мыналарды қамтамасыз етуі тиіс:

- 1) қондыратын алаңның периметр белгілерін (шекаралары);
- 2) қондыратын зоналарды жарықтандыру;
- 3) қондыру зонасындағы үлкейтілген конструкциялардың мағынасы.

5071. Осы мақсаттан үшін пайдаланылатын жалындардың IP56 төмөн емес қорғау деңгейі және осы қағиданың 2-кіші бөлімінде көрсетілген ішкі ықпалдар кезінде сенімді жүйисінде жүргізу тиіс.

5072. Барлық жарық-сигналды және жарық беру құралдары, сондай-ақ қондыру аландарының шегіндегі басқа электр жабдықтар, тік ұшақтарға май құю постылары және ангарлар кемінде Т3 сыныбына және IIА кіші тобына сәйкес келетін жарылыстан қорғалған типті және жарылыстан қорғау деңгейі болуы тиіс

5073. Жалындар өзінің жарық-техникалық сипаттамаларына қатынасты, тиісті қорытындысымен немесе Азаматтық авиацияның құзыретті органының куәлігімен

расталуы тиіс ХААҰ-ның талаптарын (бұдан әрі – Халықралық Азаматтық Авиация Ұйымы) қанағаттандыруы тиіс.

5074. Осы бөлімде көрсетілген жарық-сигналды және жарық беру құралдарын қоректендіру, қоректі қорек жоғалған кезде автоматты ауыстырып қосатын негізгі және авариялық қорек көзінен алатын бөлек таратқыш қалқаннан жүзеге асырылуы тиіс.

2-параграф. Периметрдің белгілеу жалындары

5075. Қондыратын зоналардың периметрлерін белгілеу сигналды –ажыратқыш тізбегі (шекарасының) кемінде қуаты 40 Вт кем емес 8 айналма жалыннан тұруы және қондырылатын зона шеарасының айналасында орналасуы тиіс.

5076. Көршілес жалындар арасының арақышктығы 3 метрден асуы тиіс.

Периметрдің белгілеу жалындары сары түсті болуы тиіс. Кейіннен олардың кезектесуімен сары және көк түсті жалындарды пайдалануға рұқсат етіледі

5077. Жалындар екі тәуелсіз тізбекке бөлінуі және қоректі тізбектің біреуінің қорегі жұмыс істемей қалғанда периметрдің жалын белгілейтін 50 % жұмысқа қабілетті болып қалатындей етіп алуы тиіс.

5078. Монтаждаудан кейін жалынның қалпақтары қондырылатын алаңның деңгейінен 150 мм жоғары асуы тиіс.

3-параграф. Қондыру зоналарын жарықтандыру

5079. Қондыру зонасы және желдің бағытын көрсеткіш тиісті үлгіде жарықтандырылуы тиіс. Бұл мақсаттар үшін тамлыжыған түстерді қуатты жарықтандырғыш құралдар пайдаланылуы мүмкін.

5080. Жарықтандыру құралын орнату кезінде тікұшақ ұшқышы ұшу, қону және маневрлеу кезінде көзін шағылыстыру ды болдырмайтын тиісті шаралар қабылдануы тиіс.

4-параграф. Бөгейтін- сақтандырғыш жалындар

5081. Ұшқыштардың, барлық маңызды жоғары конструкциялардың және обьектілердің, қондырманың элементтері сияқты айдау, технологиялық колонналарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін, арнайы бөгейтін-сақтандырғыш қызыл түсті жалындармен белгіленуі тиіс.

5082. Қондыру алаңының деңгейінен 15 метрге және одан жоғары асатын конструкциялар және обьектілер, конструкцияның ең жоғарғы нұктесінен бастап әрбір 10 метр сайын барлық ұзына бойы бөгейтін жалындармен белгіленуі тиіс.

5083. Бөгегіш-сақтандыру жалыны ретінде қуаты 40 Вт кем емес айналма жалындар қолданылуы тиіс.

5084. Жалындар бірнеше тәуелсіз тізбектерге бөлінуі және қоректі тізбектің біреуінің қорегі жұмыс істемей қалғанда бөгөшіш-сақтандыру жалындарының негізгі бөлігі жұмыс қа қабілетті күйінде қалатындағы етіп алуы тиіс.

7-кіші бөлім. Ішкі байланыс және дабыл

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

460-тарау. Машиналық электр телеграфтары

Ескерту. 462-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5085. Машина телеграфтары осы тараудың талаптарынан басқа осы Қағиданың 2721 -тармағы талаптарына жауап беруі тиіс.

5086. Машина телеграфтары қоректену тізбегінде кернеудін бары туралы көзбе-көз сигнал берумен және қоректену тізбегінде кернеудін жоғалуы туралы дыбыстық сигнал берумен жабдықтануы тиіс.

5087. Рульдік рубкада орнатылған машина телеграфтарының реттелетін көмексі жарығы бар шкаласы болуы керек.

5088. Машина телеграфтары негізгі тарату қалқандарынан немесе навигациялық құрылғылардан қорек алуы тиіс.

Егер кемеде кемені басқарудың бірлескен пультты қолданылса, машина телеграфы осы пульттан қорек ала алады.

5089. Рульдік рубкада машина телеграфының датчигін орнату кеменің жүруі туралы бұйрықты беру кезінде құрылғының жедел тұтқасы кеменің бағытымен жылжитындағы болуы тиіс. Тұтқаның тік қалпы "тоқта" бұйрығына сәйкес келуі тиіс.

5090. Машина телеграфтарын, қашықтықтан басқару құрылғыларын орнату кезіндебасқару пульттерінің қигаш панельдерінде реттелетін қадамдардың негізгі қозғалтқыштары мен бұрамалары болып "тоқта" қалпындағы тұтқа пульттың тегістігіне перпендикуляр орналастырылып, дәл осы қалыпта тіркелуі тиіс.

5091. Бір-біріне жақын орналасқан екі және одан көп телеграф болған жағдайда (бір палубада) кез-келгеніне бұйрық беру және жауап алу қосымша қайта қосылусыз барлық телеграфтармен бір мезгілде индикациялануы тиіс.

Басқа балубада немесе кеменің басқа бөлігінде орналасқан телеграфқа өту жүргізу көпірінде орналасқан ауыстырып қосқыштардың көмегімен жүзеге асырылуы тиіс.

5092. Әрбір машиналы телеграфтың бұйрық берілген және орындалуы туралы жауап кезінде жүріс көпіршесі мен машина жайындағы дыбыстық сигнал беруді қамтамасыз

ететін дыбыстық сигнал беру құрылғысы болуы тиіс. Дұрыс жауап бермеген кезде дыбыстық сигнал беру құрылғысының әрекеті тоқтатылмауы тиіс (осы Қағиданың 2721 -тармағы).

461-тaraу. Қызметтік ішкі байланыс

Ескерту. 463-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он қун өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5093. Қосарланған байланыстың басқа түрлері болмаған кезде рульді рубка мен басты тетіктерді басқару бекеттері арасында, рульді рубка мен радио рубка арасында тәуелсіз қосарланған телефон байланысы қаастырылуы тиіс.

Кемеде жабық немесе ашық орталық басқару бекеті болған кезде ЦПУ мен рульді рубка арасында, сондай-ақ рульді рубка және басты тетіктер мен қозғалыстарды жергілікті басқару бекеттері арасында тәуелсіз қосарланған сөйлесу байланысы қамтамасыз етілуі тиіс.

Осы мақсатта не тәуелсіз қосарланған телефон байланысы не рульдық рубка және телефондарды жергілікті басқару бекеттеріне паралель қосылған орталық басқару бекеті арасындағы қосарланған телефон байланысы қолданылуы мүмкін.

5094. Осы Қағиданың 5093-тармағында көрсетілген байланыс құрылғыларынан басқа, рульдық рубканың негізгі қызмет жайларымен және бекеттерімен телефон байланысының бөлек жүйесі қаастырылуы тиіс: бак, ют, діңгектегі басқару бекеті, румпельдік бөлімше, апattyқ тарату қалқаны, гирокомпас, ауқымды өрт сөндіру станциясы орнадасқан жайлар (осы Қағиданың 2271-тармағының 6)тармақшасы), ескекті электр қозғалтқыштары, жүк операцияларын басқару бекеттері (мұнай құю кемелеріндегі), өрт-құтқару операцияларын басқару бекеттері (сынып символындағы өртпен күрес белгісі бар кемелерде), сондай-ақ кеменің жүзу қауіпсіздігін қамтамасыз ететін құрылғылар орналастырылған басқа да жайлар. Басты тетіктерді орталық басқару бекеті немесе басты тетіктерді жергілікті басқару бекеті мен механиктердің тұрғын жайлары арасындағы телефон байланысы қаастырылуы тиіс.

Телефондардың орнына осы мақсаттар үшін екі жақты қатты сөйлейтін құрылғыны пайдалануға жол беріледі.

Рульдық рубка мен көрсетілген жайлар арасында тәуелсіз қосарланған байланыс болған кезде қосымша байланыс құралдарын орнатпауға болады.

5095. Қызметтік байланыс жүйелері абонентті шақыруды және байланыс жабдықтары орналасқан орындардың жаңындағы ерекше шуылдар жағдайында сөйлесулерді анық жүргізу мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс. Жоғары шуыл қарқыны бар жайларда қызметтік телефон байланысы аппараттарын орнатқан кезде шуылды жүтуға арналған шралар қолданылуы немесе қосымша телефон тұтқалары 5093 және 5094-тармақтарында көрсетілген байланыс құрылғылары үшін батареясыз телефондар

қолданылуы тиіс немесе электр энергиясының негізгі көзінен және энергияның негізгі көзінен қорек жоғалған кезде автоматты түрде қосылатын, осы Қағиданың 5232 — тармағында көрсетілген уақыт ішінде байланыс құрылғысын қоректендіруге жеткілікті сымдылығы бар аккумуляторлық батареядан қоректендіру қарастырылуы тиіс.

5097. Бір аппараттың зақымдануы немесе ажыратылуы басқа аппараттардың жұмыс қабілеттілігін бұзбауы тиіс.

5098. осы Қағиданың 5093—тармағында қарастырылған телефондар рульдік рубка мен орталық басқару бекеті арасындағы немесе рульдық рубка мен басты тетіктер мен қозғалтқыштарды жергілікті басқару бекеттері арасындағы қосарланған сөйлесу байланысы үшін орталық басқа бекетінде де, машиналық бөлімшеде де шақыру туралы дыбыстық және жарықтық дабылнамамен жабдықталуы тиіс.

5099. Екі жақты қатты дауыс шығаратын қондырғы дербес немесе Кеме қатынасы тіркелімінің талабымен көзделген беру-трансляциялық құрылғымен бірлескен болуы тиіс. Қатты дауыс шығаратын байланыс жүйесі Кеме қатынасы тіркелімінің талаптарына жауап беруі тиіс.

462-тарау. Сигнал беру. Жалпы талаптар

Ескерту. 464-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрекімен.

5100. Осы талаптар персоналдың немесе жолаушылардың назарын талап ететін, дыбыстық және визуалдық құралдардың көмегімен әрекетке келтірілетін жабдықтардың немесе кемелердің жағдайы туралы дабылнаманың мынадай жүйелері қолданылады:

- 1) жалпы (қауырт) және өрт дабылы;
- 2) өртті анықтау;
- 3) көлемді өрт сөндіру жүйесінің іске қосылуын ескерту;
- 4) су өткізбейтін және өртке қарсы тұратын есіктер, сондай-ақ осы Қағиданың 470 - тармағында көрсетілген ережелер;
- 5) тетіктердің апattyқ-ескерту жүйелері;
- 6) лас сулардың жоғары денгейі;
- 7) тиеуші кемелердің жүк трюомоларында судың болуы;
- 8) механиктерді апattyқ шақыру;
- 9) машина персоналының әрекетке қабілеттілігін, жүктің жағдайын бақылау, газды анықтау;
- 10)лацпорттар есіктерінің жағдайы;
- 11) Салқыннатылатын трюомолардың ішінде адамдардың болуы: "Трюомода адам бар" (теңіздің тірі ресурстарын өндөу үшін пайдаланатын және оларды аулаумен айналысатын кемелер үшін).

5101. Дабылнаманың әрбір жүйесін функционалдық сынақтан еткізу мүмкіндігі қарастырылуы тиіс.

Егер өзгеше айтылмаса, онда дабылнаманың барлық жүйелері тоқтаусыз принцип бойынша орындалуы тиіс, бұл орайда жүйені қоректендірудің жоғалуы туралы, электр тізбектерінің корпусқа тұйықталуы немесе үзілуі туралы дабылнама, сондай-ақ жарықтық және дыбыстық сигналдардың бұзылмағандығын бақылау қарастырылуы тиіс.

5102. Дыбыстық дабылнама сигналдары олар арналған барлық жайлар мен кеңістіктерде естілуі және ажыратылымы болуы тиіс.

5103. Апаттық ескерту дабылнамасының дыбыстық сигналдары олардың қабылдануы (квитирлеу) туралы растау түскенге дейін, ал әрбір бөлек сигналдың визуалды индикациясы – бұзушылық жойылғанға дейін берілуі тиіс.

5104. Қоңыраулардан басқа, дыбыстық дабылнама құралдарының дыбыстау жиілігі 200-ден 2500 Гц-ға дейінгі диапазонда болуы тиіс.

5105. Егер басқасы арнайы айтылмаса, визуалды дабылнама қолданған жағдайда 460-қосымшада көрсетілген түсті пайдалану керек.

5106. Басқару органдары және дабылнама жазулары мәтінінің белгілері биіктігі, егер олар символдармен/белгіленген үлгідегі табло жарыса орындалмаса белгі биіктігінің 0,7 ені кезінде, 7 мм деңгээлде болуы тиіс.

Аталған талап, осы Қағиданың 5093-тармағында айтылған визуалды сигналдардан басқа, тарату қалқандарында, басқару пульттарында, осы Қағиданың 4734-тармағының 5) тармақшасында санамаланған жауапты мақсаттар тетіктерінің электр жетектеріне арналған қосу, қорғаныс және реттеу аппаратурасына орналастырылған басқару органдарының үстіндегі жазулар мәтіндеріне де қолданылады.

5107. Осы Қағиданың 5106-тармағында айтылмаған басқару органдары мен абылнамалардың үстіндегі жазулар мәтіндері, сондай-ақ вахта немесе жұмыс тәртібін жазу үшін, объектіні қосу және басқаруға арналған өзге нұсқаулықтардың мәтіндері белгі биіктігінің 0,7 ені кезінде, 3,5 мм деңгээлде болуы тиіс.

5108. Жарқылдағыш сигналдар жұмыстың барлық циклының 50 % бойы жарық шығарып тұруы тиіс, бұл орайда импульстардың жиілігі 0,5 -тен 1,5 Гц дейінгі диапазонда болуы тиіс.

463-тарау. Авралды дабыл

Ескерту. 465-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5109. Дауыспен немесе өзге құралмен қауырт жағдайды жариялау адамдар болуы мүмкін барлық жерлерге бір мезгілде естілуі мүмкін емес кемелер осындай барлық орындарда сигналдардың жақсы естілуін қамтамасыз ететін электрлік қауырт

дабылнамасымен жабдықталуы тиіс. Төменде баяндалған талаптардан басқа, жалпы кемелік қауырт дабылнама Кеме қатынасы тіркелімінің талаптарына жауап беруі тиіс.

5110. Дыбыстық құралдар мынадай орындарда орнатылуы тиіс:

машина жайларында;

қоғамдық жайларда, егер олардың ауданы 150 м^2 жоғары болса;

тұрғын, қызметтік және қоғамдық жайлардың дәліздерінде;

ашық палубаларда;

өндірістік жайларда.

5111. Қауырт дабылнама жүйесі кеме желісінен, сондай-ақ осы Қағиданың 5232 - тармағының 3) тармақшасының және 5729 -тармағының 4) тармақшасының талаптарына сәйкес апаттық тарату қалқанының машиналарынан қорек алуы тиіс.

Қауырт дабылнаманы кеме желісінен және аккумуляторлық батареяға қауырт дабылнама тізбектерін автоматты тұрде ауыстырып қосуға арналған құрылғылар болған кезде аккумуляторлық батареядан бөлек қоректендіруге жол беріледі. Бұл жағдайда апаттық және апаттық айнымалы электр энергиясы көздерінен қоректендіру талап етілмейді.

5112. Қауырт дабылнама жүйесі аккумуляторлар батареяларының зарядталған немесе разрядталған жағдайларына қарамастан үздіксіз қоректенумен қамтамасыз етілуі тиіс.

5113. Егер батареяның сиымдылығы бір мезгілде барлық тұтынушыларды 3 сағат бойына қоректендіруге жеткілікті болса, сондай-ақ бұл құрылғылардың бір тізбегінің зақымдалуы басқа тізбектердің жұмысына бөгет жасамаса және бұл құрылғылар үшін неғұрлым ұзағырақ қоректендіру уақыты талап етілмесе, онда қауырт дабылнама үшін жеке аккумулятор батареяларын қолданған жағдайда ішкі байланыс пен дабылнаманы басқа да құрылғыларын қоректендіруді ағытуға жол беріледі.

5114. Авралдық (дүрмектік) сигнализацияның қоректендіру шынжырында тек қысқа тұйықтылудан қорғау қарастырылу керек. Қорғау құрылғысы фидерді қоректендірудің екі сымында, сондай-ақ дыбыстық құралдың шынжырында орнатылуы қажет.

Бірнеше дыбыстық құралдарды бір ғана қорғау құрылғысымен қорғау, егер олар орналасқан үй-жайда тәуелсіз қорғанысы бар басқа дыбыстық құралдардың жақсы естілуі қамтамасыз етілген жағдайда мүмкін болады.

5115. Авралдық (дүрмектік) сигнализацияның дыбыстық құралдары аталған бөлменің шуы болған кезде сигнал айқын естілетіндей орналасуы қажет. Үлкен қарқынды шуы бар үй-жайларда дыбыстық құралдар жарық сигнализациясымен жабдықталуы қажет.

Авралдық (дүрмектік) сигнализацияның тональдығы сигнализацияның басқа түрлерінің құралдарының тональдығынан ерекшеленуі керек. Дыбыстық сигналдардың

жайлілігі (қоңыраудан басқа) 200-ден 2500-ге дейін Гц болуы қажет. Көрсетілген шекте дыбыстық сигналдардың жайлілігін реттеу құралдары қарастырылуы мүмкін.

5116. Авралдық (дүрмектік) сигнализация рульдік рубкадан және кемежайдағы тұрақта вахталақ қызметті атқаруға арналған үй-жайдан өздігінен қайтатын екі полюсті тұйықтаушының көмегімен іске қосылады.

Егер авралдық (дүрмектік) сигнализация рульдік рубкадан немесе бекеттен естілмесе, тұйықтаушыдан кейін авралдық (дүрмектік) сигнализацияның іске қосылуынан хабар беретін сигналды шам орнатылуы тиіс.

Тұйықтаушыларда олардың тиістілігін көрсететін жазбалар болуы қажет.

5117. Авралдық (дүрмектік) сигнализацияның жүйесінің шынжырында осы Қағиданың 5329-тармағында көрсетілген тұйықтаушыдан басқа, өзге коммутациялық құрылғылар орнатылмауы керек. Бөлу қалқандарында өшіруді қоректендіретін авралдық (дүрмектік) сигнализацияның жүйесі болған кезде қосылу немесе оған бөмүнда адамдардың кіруінен қорғайтын басқа тәсіл жағдайында оның бөгелуін қарастыру қажет.

Тұйықтаушымен қосылатын аралық контакторларды әрбір сәуледе бір контактордан артық емес қолдануға жол беріледі.

5118. Дыбыстық құралдар, тұйықтаушылар мен авралдық (дүрмектік) сигнализация жүйесінің бөлу құрылғыларының жақсы көрінетін айқын белгілері болуы қажет.

5119. Авралдық (дүрмектік) сигнализация жүйесі бір тұйықтаушымен қосылатын екі сәуледен тұруы қажет. Авралдық (дүрмектік) сигнализацияның әр сәулесінің екі полюсында қысқа тұйықталудан қорғануды қарастыру қажет.

5120. Кең аумақты үй-жайларда (машина, жылдыту, кәсіп пен аулау өнімдерін өндөу цехтары және т.б.) әртүрлі сәулелерден сақтайтын дыбыстық құралдар орнатылуы қажет.

464-тарау. Өртті анықтау дабылы

Ескерту. 466-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.

5121. Кемелерге орнатылатын өртті байқау сигналдар жүйесі Кеме қатынасының тіркелімімен мақұлдануы қажет және осы тараудың талаптарынан басқа осы Қағиданың 161-тарауының 1-параграфының талаптарына және түзетулер енгізілген, ИМО Тәңіздегі қауіпсіздік жөніндегі комитетінің MSC. 98(73) қарапымен қабылданған Өрт қауіпсіздігі жүйелері жөніндегі халықаралық кодексі (осы Қағиданың 138-тарауы) талаптарына жауап беруі қажет.

Ескерту. 5121-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 28.03.2018 № 198 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.

5122. Жарылыс қаупі бар булар пайда болуы мүмкін үй-жайларда орнатылған немесе осы үй-жайлардан сорылатын ая ағысында орналасқан өртті анықтау сигнализациясы жүйесінің хабарлағыштарын қолдану осы Қағидалардың 433, 532 және 533-тарауларында регламенттеледі.

Ескерту. 5122-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5123. Өртті байқау сигнализация жүйесінде электр энергиясының екі көзі болуы керек, біреуі аппаттық болуы қажет. Қоректендіру тек осы мақсатқа арналған жекелеген фидерлер бойынша іске асырылуы қажет. Қоректендіру электр энергиясының негізгі көзінен жоғалған кезде қоректендірудің дыбыстық және жарық сигналын беретін аппаттық көзге автоматты қосылуды қарастыруы қажет.

Егер энергияның негізгі көзі аккумуляторлық батарея болса, өрт сигнализациясы жүйесін қоректендіру үшін екі жеке (негізгі және резервтік) аккумуляторлық батарея қарастырылу керек, бұл ретте әрқайсысының сыйымдылығы өртті байқау сигнализациясы жүйесінің зарядтауынсыз 3 тәуліктен кем емес жұмыс істеуі үшін жеткілікті болуы қажет.

5124. Тұтінді ая анымалырн алу жолымен байқау жүйесі (осы Қағиданың 2505-тармағы) қоректендіруді жеке фидерлер бойынша вентиляторлармен бірге электр энергиясының негізгі көзінен және аппаттық көзден немесе электр энергиясының негізгі көзінен басқа тәуелсіз көздерінен алады.

5125. Өртті байқау сигнализациясының қабылдау құрылғысы осы Қағиданың 5124-тармағында көрсетілгеннен басқа мынадай сипатта:

1) кез келген сигнал немесе бір шынжырдың бүлінуі басқа шынжырлардың қалыпты жұмысына әсер етпейтіндей;

2) өрт белгілерін байқау сигналы қабылдау құрылғысына түсетін басқа сигналдардан басым түсіп, өрт белгілерін байқау сигналы түскен үй-жайдың орналасуын анықтауға мүмкіндік беретіндей;

3) өрт белгілерін байқау сигнализацияның байланыс хабарлағыштарының шынжырлары ажырап жұмыс істейтіндей құрылуы керек. Егер оларда герметикалық байланыстар болса, түйіқталуға жұмыс істейтін байланыс хабарлағыштарын қолдануға жол беріледі, ал шынжыр бүлінуді байқау үшін үздіксіз бақыланады.

4) оның жұмысының бақылау мүмкіндігі бар болатында құрылуы қажет.

5126. Сигнализацияның қабылдау құрылғысы осы Қағиданың 471-қосмышасында көрсетілген мәліметтерді беруі қажет.

Өрт белгілерін байқаудың жарық сигналын екі нұсқаудан (екі шам немесе екі қабатты қыздыру жібі) тұратындағы орындау қажет немесе шам сигнализациясының

жұмыс қалпын бақылау үшін арнайы құрылғы қарастырылуы қажет. Жарық сигналының түсі осы Қағиданың 441-тарауының 5 параграфының талартарына сәйкес келуі қажет.

Жарық сигналдары ақпараттың әрқайсысына бөлек болуы қажет.

Үй-жайдың немесе ауданның орналасуын анықтау үшін қызмет ететін сигналдардан түскен импульс өрт белгілерін немесе бүлінуді байқау сигналымен ортақ болуы мүмкін

Жарық сигналдары импульс алған сәттен бастап олардың жұмыс істеу себептерін жоюға дейінгі сәтке дейін жұмыс істеуі қажет, оған қоса осы Қағиданың 471-қосымшасының бірінші реттік нөмірінде көрсетілген сигнал қоректендіруден тәуелсіз тұрақты жұмыс істеуі қажет.

Ескерту. 5126-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған қунінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5127. Өртті байқау сигнализациясы келесі талапарға жауап беруі қажет:

1) кез келген автомат немесе қолмен іске асырылатын хабарлағыштың жұмыс істеуі басқару сигнализациясы панелінде және сигнализация панелдеріндегі өрттің шығуы туралы жарық сигналын беруді тудыруы қажет. Егер екі минут ішінде осы сигналдар назар аудартпаса, экіпаждың барлық тұрғын үй-жайларында және қызметтік үй-жайларда, басқару бекеттерінде, сондай-ақ А санаттағы машиналық үй-жайларда дабылдың дыбыстық сигналы берілуі қажет. Дабылдың осындай дыбыстық сигналын беру жүйесінің өртті байқау жүйесінің құрамды бөлігі болуының қажеті жоқ.

2) станцияны басқару панелі жүретін көпірлерде немесе тұрақты вахтасы бар орталық басқару бекетінде орналасуы қажет. Сигнализация панелінің біреуі станцияны басқару панелі орталық өрт бекетінде орналасқан жағдайда жүретін көпірде орналасуы қажет;

3) сигнализация панелдері автомат немесе қол хабарлағышы жұмыс істеген сәулені көрсетуі қажет;

4) әрбір сигнализация панелінде немесе оның жанында қызмет көрсетілетін үй-жайлар мен сәулелердің орналасуы туралы нақты ақпарат болуы қажет;

5128. Өртті байқау сигналы түскен үй-жайдың орналасуын қашықтықтан анықтайтын өрт байқау жүйесі былайша орналасуы керек:

1) Ілмек үй-жай арқылы бір нүктеде өрт шыққан кезде оның бүлінуіне жол бермеу үшін кем дегенде бір рет өшүі керек. Аумағы үлкен үй-жайларда осындай жабын салудың қажеті болған жағдайда осы үй-жайлардан екі рет өтетін ілмектің бөліктері бір-бірінен үлкен қашықтықта болатындей бөлініп кетуі қажет;

2) Жіптің кез келген бүлінуі болған кезде (мысалы, үзілу, қысқа тұйықталу, жерлендіру) олардың жұмыс қабілетін сақтайтын құралдар қарастырылуы қажет. Бұл ілмек бүлінген жағдайда, ілмектің тек төлігі ғана әрбір хабарлағыш орналасуын

қашықтықтан анықтамай өртті байқау сигнализациясы жүйесіндегі бірден кем емес секцияның істен шығуына ұксас жұмысқа қабілетсіз болып қалатынын білдіреді.

3) электрлік, электрондық элементтердің істен шығуы болған жағдайда, сондай-ақ ақпараттың бұрмалануы кезінде жүйенің тез қалпына келу мүмкіндігін қарастыру қажет;

4) өрт сигнализациясының бірінші сигналының жұмыс істеуі кез келген басқа хабарлағыштың жұмыс істеуіне және дабылдың келесі сигналдарын беруге кедергі келтірмеуі қажет.

5129. Иондалған сәулелендіру (радиобелсенді изотоптар) көздері бар өртті байқау сигнализация жүйесінің хабарлағышында құзыретті ұйым берген олардың радиациялық қауіпсіздігін айғақтайтын күелігі болуы қажет.

5130. Хабарлағыштар төмендегідей талаптарға жауап беруі қажет:

1) автомат хабарлағыштар жылу, тұтін немесе басқа жанғыш өнімдердің немесе осы факторлардың кез келген қосындысы әсерінен жұмыс істеуі қажет. Кеме қатынасының тіркелімі өрттің туындаудың көрсететін басқа факторлардың әсерінен жұмыс істейтін автомат хабарлағыштарды қолдану мүмкіндігін олардың жоғарыда көрсетілген хабарлағыштарға қарағанда сезімтал болған жағдайда ғана қолдануқажет;

2) Осы Қағиданың 2500-тармағына сәйкес құрылатын тұтін хабарлағыштары тұтін тығыз жарықтың әлсіреуі 1 м жеткенде 12,5 % аспайтын шамаға жеткенге дейін жұмыс істеуі қажет және тұтін тығыз жарықтың әлсіреуі 1 м-ге 2 % аспайтын шамаға жеткен кезде ерте болмауы қажет. А санаттағы машиналық үй-жайда орнатылатын тұтін хабарлағышы тұтін тығыздығы жарықтың әлсіреуі 1 м-ге 50 % жеткен кезде жұмыс істеуі қажет;

3) аяқ температурасы қалыпты үй-жайларда орнатылған жылу хабарлағышы минутына 1°C кем жылдамдықпен температураны арттырған кезде $54-78^{\circ}\text{C}$ температура аралығында жұмыс істеуі қажет. Кеме қатынасының тіркелімі температура арттырудың үлкен жылдамдығымен жылу хабарлағышын қолдану мүмкіндігін орадың сезімталдығына қарай қарастыруы мүмкін;

4) жылу хабарлағыштың кептіру және осыған ұксас үй-жайларда жұмыс істеу температурасы әдітте аяқ температурасы жоғары үй-жайлар үшін 130°C -ге дейін қоса алғанда белгіленуі мүмкін.

5) Жылу хабарлағыштары тым болмағанда сезімтал элементтің реттеу температурасы 5°C -ден жоғары температурада сенімді жұмыс істеуі қажет;

6) А санаттағы машиналық үй-жайларда температура пульсациясының пайда болуы бойынша өрт ошағын байқайтын хабарлағыштар қолданылуы мүмкін. Хабарлағыштар температура пульсациясы $1,9 - 2,3$ Гц жоғары жиілігінде реттелуі керек және үй-жайдың температурасына қарамастан амплитуданы $(2\pm0,5)^{\circ}\text{C}$ көтерген кезде жұмыс істеуі қажет;

7) барлық автомат хабарлағыштар дұрыс жұмыс істеуіне сынақтан өте алатындей және және қандай да бір элементтерді ауыстырмай қалыпты жұмыс тәртібіне келе алатындей түрде болуы қажет.

5131. Хабарлағыштардың сәулелері және олардың сымдары келесі талаптарға жауап беруі қажет:

1) автоматты және қол хабарлағыштар сәулелерге (секцияларға) топтнуы қажет;

2) басқару бекетіне қызмет көрсететін автоматты өрт хабарлағышының сәулесі, тұрғын немесе қызметтік үй-жай А санаттағы машиналық үй-жайларға қызмет көрсетпеуі қажет. Өртті байқау сигнализация жүйесі өрттің пайда болуының нақты жерін қашықтықтан анықтаған жағдайда, тұрғын және қызметтік үй-жайлардағы және басқару бекетіндегі автоматты өрт хабарлағыштардың сәулелерін қамтитын ілмек А санаттағы машиналық үй-жайына қызмет көрсетпеуі қажет;

3) Өртті байқау сигнализациясының стационарлық жүйесінде әрбір жеке автоматты хабарлағышпен өрттің пайда болуын нақты ошағын қашықтықтан анықтау құралы болмаса, қандай да бір сәуленің тұрғын және қызметтік үй-жайлары шегінде палубаға бірден артық қызмет көрсетуге жол берілмейді. Бір сәулемен қызмет көрсетілетін қоршалған үй-жайлардың саны 50-ден аспауы қажет. Егер жүйе әрбір жеке автоматты хабарлағышпен өрттің пайда болу ошағын қашықтықтан анықтауға мүмкіндік берсе, сәулелер бірнеше палубаға және үй-жайлардың кез келген санына қызмет жасай алады.

4) бір сәуледе 100-ден артық хабарлағыш орнатуға жол берілмейді;

5) сәулелердің сымдары жүйе бөлігін құрайтын олардың қоректендіру сымдарын қосқанда осындағы үй-жайлардағы өртті байқауды немесе өрт сигнализациясын қамтамасыз етуі қажет болған жағдайдан басқа, А санаттағы машиналық үй-жайдың және өрт қауіпсіздігі жоғары қоршалған үй-жайлардың камбуздарын айнала салынуы керек (Осы Қағиданың 5436 -тармағы).

5132. Мерзімді вахтасыз қызмет ететін А санаттағы машиналық үй-жайлар үшін өртті байқау сигнализация жүйесінде осындағы құрылым болуы қажет, ал автоматты хабарлағыштар үй-жайлардың кез келген бөлігінде және тетіктердің кез келген қалыпты жұмыс тәртібінде және вентиляцияның тәртібі өзгерген кезде өрттің пайда болуын тез байқайтындей орналасуы қажет. Жылу хабарлағыштар қолданылатын жүйелерге шектелген биіктігі бар және олардың қолданылуы ерекше анықталған үй-жайлардан басқа қолданылуына жол берілмейді. Байқау жүйесі өрттің пайда болуын оларды көрсетпейтін кез келген басқа жүйенің дыбыстық және жарық сигналдарынан айырмашылығы бар дыбыстық және апаттық-алдың алу сигналдарынан тұруы қажет, оларды жеткілікті мөлшерде жауапты механик ести алатындей және жүретін көпірде байқайтындей болуы қажет. Жүретін көпірде вахта болмаған жағдайда дыбыстық сигнал тұрақты вахтаның жұмысы кезінде берілуі қажет.

5133. Осы Қағиданың 2513-тармағының сәйкес талап етілетін тұрақты вахтасы жоқ машиналық үй-жайлары үшін өртті байқау сигнализация жүйесі төмендегідей талаптарға жауап беруі қажет:

- 1) сигнализация панелі жүретін көпірде, өрт бекетінде немесе А санаттағы машиналық үй-жайларда өрттен қорғалған қолжетімді жерде орналасуы қажет;
- 2) сигнализация панеліндегі жарық сигналы өрттің пайда болу ошағын (зона) көрсетуі қажет;
- 3) сигнализация сигналдардың жауапты механикпен ести алатында және жүретін көпірде байқай алатында жеткілікті мөлшердегі жерлерде өрттің пайда болуын көрсетпейтін кез келген басқа сигналдардан айырмашылығы бар дабылдың жарық және дыбыс сигналдарын беруі қажет;
- 4) көрнекі жүйеден басқа қоретендіру жоғалған кезде немесе жүйе бүлінген кезде, дыбыстық сигнал берілуі қажет;
- 5) хабарлағыштың түрлері мен орналасуы өрт белгілерінің жылдам байқауын қамтамасыз етуі қажет және машиналық үй-жайлардың қалыпты жұмыс жағдайында жалған жұмыс істеуіне жол бермеуі қажет. Өртті байқаудың түрлі принциптерін қолданатын екіден кем емес хабарлағыштар қарастырылуы қажет. Биіктігі 2,5 м ке емес үй-жайларда Кеме қатынасының тіркелімімен келісім бойынша тек жылдыту хабарлағыштарды қолдануға жол беріледі;
- 6) хабарлағыштар сәулесінің орналасуы өрттің пайда болу ошағын анықтау мүмкіндігін қамтамасыз етуі қажет. Тетіктермен жасалатын ауа қозғалысы жүйе жұмысының тиімділігіне әсер етпеуі қажет;
- 7) егер жекелеген хабарлағыштың немесе сәуленің уақытша өшірілуі қарастырылса, бұл жағдай нақты көрсетілуі керек. Бекітілген уақыт аяқталған соң өшірілген хабарлағыш пен сәуленің автоматты қосылуы іске асуы қажет;
- 9) төмендегі үй-жайлардан өрттің шығуын хабарлау сигнализациясының қосылу мүмкіндігі қарастырылу қажет:

А санаттағы машиналық үй-жайға кіру дәліздері;

рульдік рубкалар;

машиналық үй-жайды басқару бекеттері.

465-тaraу. Қөлемді өртті сөндіру жүйесін іске қосу туралы ескерту сигнализациясы.

Механиктер үй-жайларында су өтпейтін және өртке қарсы есіктердің жабылу сигнализациясы

Ескерту. 467-тaraудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

5134. Сигнализация осы Қағиданың 162-тaraуының талаптарына жауап беруі қажет.

5135. Коректендіру сигнализациясы кеме желісі және 30 минут ішінде коректендіруге жететін көлемдегі аккумуляторлық батарея арқылы іске асуы қажет.

Бұл ретте коректендіру сигнализациясының шынжырларының кеме желісінде қысымның жоғалуы кезінде аккумуляторлық батареяға автоматты қосылуы үшін құрылғы қарастырылуы керек.

5136. Су өтпейтін есіктердің жабылу сигнализациясы осы Қағиданың 80-тарауының , 1184, 1186, 1188, 1212-тармақтарының талаптарына, өртке қарсы есіктердің сигнализациясы осы Қағиданың 2215-тарауларының және 145-тарауының 4-параграфы 2258-тармағына жауап беруі қажет.

Ескерту. 5136-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5137. Механиктердің тұрғын үй-жайларында машина бөлімінен немесе орталық басқару бекетінен басты қозғалтқыштарды басқару бекеті арқылы қолданысқа келтірілетін механикті апаттық шақырудың дыбыстық сигнализациясы қарастырылу керек (егер болған жағдайда).

466-тарау. Машина қызметшілер құрамының қабілетін бақылау сигнализациясы. Судың су борайтын кемелердің жүк трюмоларына түсіі және су борайтын кемелер болыш табылмайтын бір трюмосы бар жүк кемелер сигнализациясы

Ескерту. 468-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5138. Машиналық бөлімдегі бір адаммен жүргізілетін кемелерде немесе вахтасыз қызмет көрсетілетін машиналық бөлімде машиналық қызметкерлер құрамының қабілетіне бақылау сигнализациясы қарастырылуы керек, осы рете:

1) жүйе машиналық бөлімнің қызметкерлер құрамын 30 минуттан аспайтын мерзімде бақылауы қажет;

2) бақылау сигналы машиналық үй-жайда берілуі қажет. Егер 3 минут ішінде бақылау сигналы берілмесе, онда тиісті сигнал жүретін көпірде және механикалық қондыру қызметін көрсететін қызметкерлер құрамы тұрғын, қызметтік және қоғамдық үй-жайларға берілуі қажет;

3) машиналық үй-жайда бір адам болған кезде сигнализацияны механикалық қондыру қызметін көрсететін қызметкерлер құрамы қосады және ол адам үй-жайдан кеткен кезде өшіреді;

4) сондай-ақ жүйе осы Қағиданың 7345 -тармағының талаптарына жауап бері қажет.

5139. Егер осы тарауда өзгеше келісілмесе, үйіп тасымалданатын кемелердің жүк трюмдеріне судың түсінің сигнал беру жүйесі 462-тараудың, сондай-ақ 126-тараудың

9-параграфының және осы Қағидалардың 3290-тармағының талаптарына жауап беруі қажет.

Ескерту. 5139-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.

5140. Сигнализация жүйесі судың жүк трюомларына түсінің алдын ала және апаттық жарық және дыбыстық сигнализациясын, ал балластық танкілер мен құрагақ бөліктерге арналған топай қалқалардан алдыңғы есіктерге - тек апаттық жарық және дыбыстық сигнализация қамтамасыз етуі қажет.

Алдын ала беру сигнализациясы осы Қағиданың 3290-тармағында көрсетілген судың төменгі, ал апаттық - жоғары деңгейге жеткен кезде жұмыс істеуі қажет.

Жүйе датчиктерінің судың деңгейін анықтаудағы қателігі 100 мм аспауы қажет.

Алдын ала және апаттық сигнализацияның дыбыстық сигналы әртүрлі болуы қажет.

Жүйе сигнал түсетін үй-жайдың нақты бірдейлендіруін қамтамасыз етуі қажет.

Дыбыстық сигналды өшіру жүретін көпірде орналасатын сигнализация панелінен қарастыру қажет.

5141. Сигнализация жүйесі қоректендіруді электр энергиясының негізгі және апаттық көздерінен алуы қажет. Жүйені қоректендіру үшін апаттық көздердің орнына апаттық көздердің талаптарына жауап беретін және 18 сағаттан кем емес уақыт ішінде жүйенің қоректендіруін қамтамасыз ететін жеке, үнемі кеме заряды құрылғысының аккумуляторлық батареясы қолданылуы мүмкін.

Негізгі немесе апаттық қоректендіру жоғалған кезде, сондай-ақ, апаттық қоректенедірудің автоматтық түріне көшкенде апаттық-алдын алу сигналы қарастырылуы керек.

5142. Жүйенің өзін-өзі бақылауы қарастырылуы керек. АПС сигналы келесі бұзылу жағдайында берілуі қажет: қысқа түйікталу, шынжырдың үзілуі, корпусқа түйікталу. Компьютерлік жүйелер үшін қосымша бағдарламаны орындау уақытын асыру, орталық процессордың, сондай-ақ енгізу-шығару блогының бұзылуы туралы сигнализация қамтамасыз етілуі қажет.

Жүйе дыбыстық және жарық сигнализациясын тексеруге мүмкіндік беруі қажет.

5143. Жүйеде жүк трюомсын және балластық танкі ретіндегі форпиктарды қолдану жағдайында сигнализацияның бітелуі қарастырылуы қажет. Бұл ретте осындағы балластық танкілерді кептірген жағдайда аталған трюомдағы датчиктің ең төменгі деңгейінен төмен судың деңгейін азайту кезінде бітелу автоматты түрде алынуы керек.

5144. Жүк трюомларында, балластық танкілерде және құрагақ бөліктерде орантылған сигнализация жүйесінің элементтері тоттануға тұрақты болуы қажет және қорғаныс деңгейі IP68 төмен болмауы тиіс, жоғары палубаның ашиқ бөлігінде орнатылған элементтердің деңгейі IP56 болуы қажет.

5145. Қауіпті жүктөрді тасымалдауға, сондай-ақ жарылғыш қауіпті қоспалардың трюомоларында қалыптасқан басқа жүктөрге арналған трюомалардағы жүйелердің элементтерін орнату кезінде, ол элементтер, сондай-ақ олардың шынжырлары ұшқын шығармайтындей және Ехі-ден төмен жарлыстан қорғау дәрежесі болуы қажет.

467-тарау. Жарылу қаупі бар және улы газдардың шекті шоғырлануының сигнализациясы

Ескерту. 469-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5146. Жарылыс қаупі бар және улы газдардың шекті шоғырлануының сигнализация жүйесі осы Қағиданың 3432-тармағының және 6035 --тармағының талаптарына жауап беруі қажет.

5147. Жүйе қорғалған үй-жайда да, тұрақты вахтасы бар бекеттерде де газдың шекті шоғырлануы жөнінде дыбыстық және жарық сигнализациясының беруін қамтамасыз етуі қажет. Бірнеше жүйелер болған кезде сигнализация нақты жүйені анық көрсетуі қажет.

5148. Сигнализация жүйесі қоректендіруді электр энергиясының екі көзінен алуы қажет, олардың біреуі апаттық болуы қажет. Апаттық көз ретінде апаттық көздің талаптарына қанағаттандыратын жеке (кеме зарядтық құрылғысынан үнемі зарядталатын) аккумуляторлық батареясы қолданылуы мүмкін.

468-тарау. Жолаушылар және жүк таситын кемелер (РО-РО) есіктерінің жағдайының сигнализациясы

Ескерту. 470-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5149. Осы Қағиданың 69 және 80 тарауларында көрсетілген есіктердің ашылуы/жабылуын жүретін көпірде және басқару бекеттерінде ("Визор" ұлгісіндегі сыртқы есіктер, жарма есіктер, ішкі есіктер, борт және артқы есіктер) есіктердің жабылуы және толығымен қайырылып орналасуы жөнінде жарық және дыбыстық сигнализациясы қарастырылуы керек.

Индикация панелі жарық индикаторларының жөнделуіне бақылауды қамтамасыз етуі қажет, сондай-ақ олардың кездейсоқ немесе рұқсат етілмеген өшірілу мүмкіндігіне жол бермеуі қажет.

5150. Сигнализация бас тартпайтын принцип бойынша орындалуы қажет және оған мыналар жатады:

- 1) коректендіру жүйесінің жоғалуы жөнінде сигнализация, корпусқа немесе үзілуге түйікталу жөнінде сигнализация,

жарық индикаторларының жөнделуін бақылау, жабық, жабық емес, қайырылған және қайырылмаған есіктер орналасуы жөнінде жеке индексация;

2) есік орналасуының соңғы ажыратқыштар (датчиктер) шынжырлары есік жабық болған кезде (бір есікке бірнеше датчиктер орналастыру олардың рет-ретімен қосылуына мүмкіндік береді) тұйықталуы керек;

3) қайырма орналасуының соңғы ажыратқыштар (датчиктер) шынжырлары есік қайырылған жағдайда (бір есікке бірнеше датчиктер орналастыру олардың рет-ретімен қосылуына мүмкіндік береді) тұйықталуы керек;

4) "есік жабық/жабық емес" және "қайырылған/қайырылмаған" индексация шынжыры тәуелсіз болуы керек, бірақ бір көп тармақты кабельде орындалуы мүмкін;

5) соңғы ажыратқыштардың (есіктер орналасуының датчиктері) кез келген орналасуы өзгенрек жағдайда сигнализация жұмыс істеуі керек: "есік жабылмаған/қайырылмаған", "жабатын құрылғы тіркелмеген".

5151. Жүйе мынадай жағдайларда жарық және дыбыс сигналдарын беруі қажет:

- 1) егер есік толығымен жабылмаса немесе есік жартылай қайырылған жағдайда,
- 2) қайырылатын немесе бекітілетін құрылғының біреуі ажыратылған жағдайда.

5152. Жүретін көпірде орнатылған индексация панелі "порт/теңіз" жұмыс тәртібінің ауыстырып қосқышымен жабдықталуы қажет және порттан кемеге шығатын кезде есіктер жабылмаса және қайырылса дыбыс сигналы берілуі қажет.

5153. Жүйені қоректендіру есіктерді жабу және қайыру көтермелерінің қоректендіруінен тәуелсіз болуы қажет және апattyқ көзден немесе басқа сенімді көзден резервілік қоректендіруі болуы қажет (мысалы, ұздіксіз қоректендіру көзі).

Жүйе сигнализациясының датчиктері судан, мұздың қалыптасуынан және механикалық бүлінулерден сенімді қорғалуы қажет немесе осы факторлардың ықпалына жол беретін тиісті орындалуы қажет.

5154. Жолаушылар тасу кемесінде есіктердің орналасу сигнализациясынан басқа теледидарлық қадағалау және дыбыстық сигнализациясы бар судың ағуын бақылайтын құрылғы орнатылуы қажет. Дыбыстық сигнализация жүретін көпірде және ЦПУ-да тек жүретін көпірден іске асыруға болатын ішкі, борттық және артқы есіктер арқылы кез келген ағуларға теледидарлық бақылауды қамтамасыз етілетіндей орнатылуы керек.

5155. Алдыңғы және ішкі алдыңғы есіктердің және олардың жабылатын құрылғыларының орналасу жағдайына бақылау жасау үшін теледидарлық бақылау құрылғысы бейне сигналы жүретін көпірде және ЦПУ-да орнатылған мониторға шығатындағы етіліп орнатылуы қажет. Бұл ретте қадағалау объектілері жақсы жабдықталуы және контрасттық түске боялуы қажет.

5156. Алдыңғы есіктің және аппаратіндегі арасында борт сыртындағы судың қайрауларында (ағын құдықтары) жиналуын қарастыратын, ол болмаған жағдайда алдыңғы және ішкі алдыңғы есіктердің арасында жүйе қарастырулуге керек. Бұл ретте

жүретін көпірде судың жиналу жүйесінің құдығында судың апattyқ жоғары деңгейіне жеткен кезде немесе конструкция типіне қарай осы кеңістікте судың 0,5 м деңгейіне жеткен кезде дыбыстық және жарық сигнализациясы жұмыс істеуі қажет.

5157. Халықаралық бағыттарға жүретін жолаушыларды тасу кемесінде арнайы санаттағы үй-жай және жүк үй-жайы осы Қағиданың 2137 -тармағының 3) тармақшасына және 2143 -тармағына сәйкес (тұрақты патрульдік және бақылаудың басқа тиімді тәсілдері болмаған кезде), қолайсыз ауа райы жағдайында теңізде дөңгелек техникасының қозғалтқышын немесе жолаушылардың осы үй-жайларға рұқсатсыз кіруін кеме жүрген кезде байқайтында теледидарлық қадағалау құрылғыларымен бақылануы қажет.

469-тарау. Жергілікті қолданылатын стационарлық өрт сөндіру жүйесін іске қосу туралы сигнал беру

Ескерту. 471-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрекімен.

5158. Қосу туралы жүйе сигнализациясы осы Қағиданың 158-тарауының талаптарына жауап беруі қажет.

5159. Жүйе қорғалатын үй-жайда және тұрақты вахтасы бар бекеттерде жүйені қосудың жарық және дыбыс сигнализациясын беруін қамтамасыз етуі қажет. Бірнеше жүйе болған кезде сигнализация қолданысқа келтірілген нақты жүйені анық көрсетуі қажет.

5160. Қорғалатын зонада және оған жанасатын зонада ешбір электрондық жабдық және электрожабдық орнатылмауы тиіс. Осында зоналарда қорғалатын нысандарды қауіпсіз пайдалануға беруді қамтамасыз ету үшін электрожабдық орнатылған жағдайда, электрожабдықты қорғау дәрежесі IP44-тен кем болмауы қажет.

5161. Жүйенің тікелей ықпалына түспеген қорғалатын зоналарға жанасатын электрожабдықтарды орнату кезінде Кеме қатынасының тіркелімінің келісімі бойынша электрожабдықты қорғаудың тиісті шарасын қабылдаған жағдайда қорғаудың төменгі дәрежесіне жол берілуі мүмкін (қосымша жабу және ағынды вентиляциялардың фильтрлерін, қорғау крандарын және т.б. орнату).

5162. Сигнализация жүйесі электр энергиясының екі көзінен қорек алуы қажет, олардың біреуі апattyқ болуы керек. Апattyқ көз ретінде апattyқ көздің талаптарына жауап беретін және 18 сағаттан кем емес уақыт ішінде жүйенің қоректендіруін қамтамасыз ететін жеке (кеме зарядтық құрылғыдан тұрақты зарядталатын) аккумуляторлық батарея қолданылуы мүмкін.

470-тарау. Телевизиялық бақылау және сигнал беру жүйелері

Ескеरту. 472-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5163. Теледидарлық қадағалау және сигнализация жүйесі осы Қағиданың 5154, 5155, 5157, 1372 -тармақтарының талаптарына жауап беруі қажет.

5164. Теледидарлық қадағалау және сигнализация жүйесі мыналардан тұруы қажет:

- 1) теледидарлық камералар (ТК);
- 2) бейнемониторлар (БМ);
- 3) бейнесигналдарды басқару және коммутациялау құрылғысы;
- 4) қозғалысты байқау құрылғысы;
- 5) бейнеақпаратты жазу құрылғысы.

5165. Теледидарлық қадағалау және сигнализация жүйесі (ТҚЖ) тұрақты вахтасы бар бекеттерге бақыланатын зоналар мен үй-жайлардың жай-қүйі туралы визуалды ақпаратты беруді қамтамасыз етуі қажет. ТҚЖ жүйесі сондай-ақ, бақыланатын нысандар/үй-жайлардың жай-қүйінің өзгеруі туралы жарық және дыбыстық сигнализациян беруі қажет.

5166. ТҚЖ жүйесінде төмендегідей апattyқ-алдын алу сигналдары қарастырылуы қажет:

- 1) негізгі қоректендірудің жоғалуы;
- 2) ТҚЖ бұзылуы;
- 3) "телекамера-монитор" каналының бұзылуы (қысқа түйікталу, шынжырлардың үзілуі);
- 4) телекамерандың (лар) бұзылуы;
- 5) қозғалысты байқау құрылғысының бұзылуы;
- 6) бейнеақпаратты жазу құрылғысының бұзылуы.

5167. ТҚЖ жүйесі қара-ала және түсті кескінде болуы мүмкін. Сол немесе өзге жүйені орнату ТҚЖ қажетті ақпардар болуына, бақыланатын нысан сипаттамасына (орналасуы, жарықтандыруы және басқа белгілер) және мүмкін мақсаттарға (адам, жүк, су және басқа мақсаттар) байланысты болады.

5168. ТҚЖ жүйесінде кедергілерді азайту үшін экранда 50 дБ-дан кем болмайтын (S/N) "сигнал/шу" арақатынасымен бейнесигналдарды беру көрсеткіштері бар теледидарлық камералар қолданылуы қажет.

5169. Камера объективінің рұқсат етілетін қабілеті 480 твл (түсті кесін үшін) кем емес немесе 570 твл кем емес (қара-ала кескін үшін) болу шарт.

5170. ТҚЖ жүйелерінде қолданылатын теледидарлық камерандың қорғау дәрежесі орнатылу жеріне қарай төмендегі көрсеткіштерден кем болмауы қажет:

- 1) IP22 – ішкі қызметтік үй-жайларда;
- 2) IP44 – машиналық үй-жайларда;
- 3) IP56 – жүзу палубалары мен жоғарғы палубандың ашық бөліктерінде.

5171. ТК "өлі зоналардың" жабылуымен орнатылуы қажет.

5172. Ишкі үй-жайларда ТК орнату жерін камералар объективтерінің линзаларында конденсаттардың қалыптасуын азайту үшін төменгі температураға түсуімен таңдау қажет.

5173. Палубаның ашық бөлігінде орнатылатын ТК күннен қорғайтын термофутлярларда орналасуы қажет.

5174. Тұнгі уақыттарда бақыланатын зоналардың жарықтандыруы ТК сезімталдығынан төмен болса, нысан (нысан зонасы) көрінетін қосымша жарықпен немесе инфрақызыл диапазонмен жабдықталуы қажет. Бұл ретте камералар объективтері жарықтандыру шамымен жарық түсіруі қажет немесе арттан түсірілетін жарық қызметі бар ТК қолданылуы қажет (BLC). Тұсті кескінді ТКЖ қолдану кезінде инфрақызыл жарықты пайдалануға жол берілмейді.

5175. ТК-дан түсетін ақпаратты көрсету үшін қозғалмайтын кескіні бар ұзақ уақыт тәулік бойы жұмыс істей алатын арнайы мониторлар қолданылуы қажет. Көп экранды кескіндер үшін мониторлар диагональдарының мөлшері қара-ала кескін үшін 800 твл кем емес рұқсат етілетін 15“ – 21” аралықта (тұсті кескін үшін 400 твл) немесе қара-ала кескін үшін 600 твл кем емес рұқсат етілетін көп экранды кескін мониторлары үшін 10“ – 14” (тұсті кескін үшін 300 твл) болуы қажет.

5176. Теледидарлық кескіндерді жазу үшін ұзақ уақыт жазатын арнайы бейнемагнитафондар (АБМ) немесе ақпаратты сандық бейнежинақтаушы қолданылуы қажет.

5177. АБМ жазу уақыты үш сағаттық бейнекассетаға 24 сағаттан артпайтындағы болуы қажет. Қомақты жазба уақытымен АБМ қолдануға оның автоматты ауыстырыуын қамтамасыз ету кезінде, оның автоматтық ауыстырыуы жұмыс істеген кезде, қозғалысты байқау сигнализациясы жұмыс істеген жағдайда, реалды уақытта жазу тәртібінде жол беріледі.

5178. Басқару және коммутация құрылғысы сигнализация түскен зонадағы мониторлар экранындағы басым автоматты көрсетуді қамтамасыз етуі қажет.

8-кіші бөлім. Қорғаныс құрылғылары

471-тaraу. Жалпы ережелер

Ескеरту. 473-тaraудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5179. Бөлу қалқандарынан шығатын шынжырлар әрбір шынжырдың басында орнатылған құрылғының көмегімен қысқа тұйықталулдан және артық жүктелуден қорғану керек.

Артық жүктелуден қоргаудың жеке құрылғысы бар тұтынушылар осы қалқаннан қоректенетін болса, қалқанды қоректендіру шынжырының кабелі ең көп жұмыс

тогында іріктеліп алынса, артық жүктелуден қалқанды қоректендіру шынжарларын қорғаудың қажеттілігі болмайды.

5180. Қорғаныс құрылғылары қорғалатын жабдықтардың сипаттарына жол берілмейтін артық жүктелу кезінде жұмыс істейтіндегі іріктеліп алынуы қажет.

5181. Электрлік қорғаныс жүйесі артық жүктелу тоқтары зонасында, сондай-ақ қысқа тұйықталу тоқтарының зонасында таңдалуы тиіс. Бұл ретте қорғаныс, оның жұмыс істеуі кезінде кеме электростанциясы жұмысының сенімділігіне жағымсыз әсер етпеуі және жауапты құрылғылардың қоректендіруін қамтамасыз етуі қажет. Артық жүктелуден және қысқа тұйықталудан қорғаныс құрылғысы электрлік жабдықтан қорғалатын жүргізу тоқтарының әсерінен жұмыс істемеуі керек.

5182. Артық жүктелуден қорғаныс төмендегідей орнатылуы қажет:

- 1) кем дегенде бір фаза және екі сымдық жүйеде онды полюсте;
- 2) кем дегенде екі фазада – үш фазалық тоқтың оқшауланған үш сымдық жүйесінде;
- 3) барлық фазаларда – үш фазалық төрт сымдық жүйеде.

5183. Қысқа тұйықталудан қорғаныс тұрақты ток жүйесінің әрбір оқшауланған полюсінде, сондай-ақ, ауыспалы ток жүйесінің әрбір фазасында орнатылуы қажет.

Қысқа тұйықталудан қорғаныс құрылғысының тоғы бойынша тағайын шамалар қорғалатын электр жабдығының номиналды тоғынан кем дегенде 200 % сәйкес келуі қажет. Қорғаныстың жұмыс істеуі тиісті таңдауды алуға қажетті уақыттың жетуі немесе жетімсіздігінен болуы мүмкін.

Қысқа тұйықталу тоқтарынан қорғану құрылғысы электр жабдығын және оның қоректендіру кабелін қорғау үшін қолданылады.

5184. Қоректендіру шынжырының жекелеген участкерінде кабелдің таралу аумағының азауы қарастырылса, таралудың аз аумағындағы әрбір кабель үшін егер жоғары түрған қорғаныс аз аумақты таралу кабелін қорғамаса, қосымша қорғаныс орнатылуы қажет.

5185. Бөліну қалқандарының апаттық қоректендіру шынжырларында, сондай-ақ апаттық тұтынушылардың қоректендіру шынжырларында қорғаныс жұмыс істегеннен кейін дереу қайта қосылу мүмкіндігін болдырмайтын қорғаныс құрылғысы қолданылуы қажет.

5186. Генераторлар мен ірі тұтынушыларды электрондық және компьютерлік қорғау құрылғылары олардың жұмыс істеуінің қолайлы бірдейлендіруін және реттеуін қамтамасыз ететіндегі орындалуы қажет.

Қорғаныс құрылғысы олардың жұмыс істеу қабілеті мен тағайыншамалардың жай-күйін тексеру бойынша қажетті аппаратуралар және нұсқаулармен жарақталуы қажет.

Жауапты қолданысқа арналған генераторлар мен ірі тұтынушыларды қорғау құрылғысы олардың жұмыс істеуінің дұрыстығын айғақтау үшін әрбір 5 жыл сайын тексерілуі қажет.

472-тарау. Генераторларды қорғау

Ескерту. 474-тараудың тақырыбы жана редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5187. Қатар атқарылатын жұмысқа арналмаған генераторлар үшін артық жүктелуден және қысқа тұйықталудан қорғайтын құрылғы орналуы қажет; бұл ретте қуаттылығы 50 кВт (кВ.А) дейін генераторларға қорғаныс құрылғылары ретінде тежегіштер қолданылуы мүмкін.

5188. Қатар жұмыс істеуге арналған генераторларға төмендегідей қорғаныс құрылғылары орнатылуы қажет:

- 1) артық жүктелуден;
- 2) қысқа тұйықталудан;
- 3) кері тоқтан немесе кері қуаттылықтан;
- 4) ең аз кернеуден.

Генераторларды номиналды тоқтың 100-ден 110 % -ға дейін артық жүктемесі үшін 15 минутқа дейін шыдайтын және номиналды тоқтың 100-ден 150 % -ге дейінгі аралықтағы артық жүктеме үшін қорғалатын генератордың термиялық тұрақты уақытына сәйкес келетін уақыт төзімділігіне ие генераторларды қосатын, артық жүктелудің жарық және дыбыстық сигнализациясы бар артық жүктелуден қорғайтын құрылғысын қолданған жөн.

Генератордың номиналды тоғының 150 % -ға қорғанысын орнату үшін төзімділігі ауыспалы тоқ генераторы үшін 2 минуттан және тұрақты тоқ генераторы үшін 15 секундтан аспайтын болуы қажет. Генератордың номиналды тоғының 150 % -дан жоғары артық жүктелуіне пайдануға беру шарттары талап ететін жерде жол берілуі мүмкін және генератор конструкциясымен жол беріледі.

Артық жүктелуден қорғау тағайыншамалары және уақыт төзімділігін генератордың жетек қозғалтқышының жүктелу сипаттарына қарай қозғалтқыштың қабылданған уақыт төзімділігі ішінде қажетті қуаттылықты дамыта алатында таңдал алынуы қажет. Артық жүктелуден генераторды қорғау үшін генератордың деру жерде қайтадан қосылуын болдырмайтын қорғаныс құрылғысы қолданбауы қажет.

5189. Генераторларды жүктеу кезінде жауапсыз құрылғылардың автоматты және таңдаулы өшірілуін қарастыру қажет. Осы құрылғыларды өшіру генератордың жүктелу қабілетіне тиісті бір немесе бірнеше деңгейде орындалуы мүмкін.

Бұл ретте:

- 1) Бірінші санаттағы жауапты құрылғыларды автоматты өшіруге жол берілмейді;
- 2) Екінші санаттағы жекелеген жауапты құрылғыларды автоматты өшіруге кеме қауіпсіздігін қамтамасыз ететін құрылғылардың жұмыс қабілеті сақталатын артық

жүктелуден кейін қалыпты электрмен қамтамасыз етуді қалпына келтірген жағдайда жол беріледі;

3) экипаж және жолаушылар үшін кемеде тұрудың ең аз деген қолайлыштарын ұстауға арналған құрылғыларды автоматты өшіруге жол беріледі.

Осы талаптар Кеме қатынасының тіркелімінің келісімі бойынша аз қуаты бар электр қондырғысы бар кемелер үшін қолданылмауы мүмкін.

5190. Кері тоқтан немесе кері қуаттылықтан қатар жұмыс істеуге арналған генераторларды қорғау жетек қозғалтқыштардың сипаттамаларына қарай таңдал алынуы керек. Қорғаныстың көрсетілген түрлерінің тағайыншамалар шектері осы Қағиданың 472-қосымшасына сәйкес болуы қажет.

Кестеде көрсетілген тағайыншамаларда қорғаныстың осы түрлерінің жұмыс істеу уақыты 10 секундтан аспауы қажет.

Тұрақты тоқ генераторларын кері тоқтан қорғау тендеулі сымы бар қарама-қарсы орналасқан полюсте орнатылуы қажет. Кернеуді 50 % -ға азайтуда кері қуаттан немесе кері тоқтан қорғау жұмыс істеуге қабылетті болуы керек, алайда кері тоқтың немесе кері қуаттың мәні әртүрлі болуы мүмкін.

5191. Ең аз кернеуден қорғау 85 % және одан да көп номиналдық кернеуде генераторлардың дөңгелектерге сенімді қосылу мүмкіндігін қамтамасыз етуі, және номиналды 35 % кем кернеуде генераторлардың қосылу мүмкіндігін болдырмауы, сондай-ақ генераторларды номиналды 70-тен 35% аралығында олардың қысымында кернеуде азайту кезінде өшірілуі қажет.

Ең аз кернеуден қорғау кернеуді азайтуда генераторларды дөңгелектерден өшіруге уақыт төзімділігінде жұмыс істеуі қажет және генераторды ең аз кернеуден жоғары көрсетілген деңгейге жеткізуге дейін дөңгелектерге қосып көру кезінде уақыт төзімсіздігінсіз жұмыс істеуі қажет.

5192. Қуаты 1000 кВ.А және одан да көп генераторлар үшін ішкі бүлінүлдерден және генератор мен оның ажыратқышы бар қалқан арасындағы тоқ сымынан қорғанысы орнатылуы қажет.

5193. Турбинадан жетегі бар тұрақты тоқ генераторы қатар жұмыс істеуге арналса, турбина қауіпсіздігі автоматты жұмыс істеген кезде генератор ажыратқышының автоматты өшірілуі қарастырылуы керек.

5194. Уақыт төзімділігімен қорғаныс құрылғыларының тоғы бойынша тағайыншамалар, барлық жағдайларда белгіленген уақыт төзімділігінің аяқталуы бойынша қысқа тұйықталу тоғының сенімді өшірілуін қамтамасыз ететіндей болуы қажет.

5195. Генераторлардың қозғаушы жүйесінде жартылай өткізгіш элементтерінен қорғау құрылғылары ретінде тежегіштерді қолдануға жол беріледі.

Ескерту. 475-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5196. Куаты 0,5 кВт жоғары электр қозғалтқышын қоректендіретін бөлу қалқандарынан шығатын фидерлерде қысқа түйікталу және артық жүктелу тоқтарынан қорғайтын құрылғы, сондай-ақ электрлік қозғалтқыштың автоматты қайта жүргізуі талап етілмейтін нөлдік қорғаныс құрылғысы орнатылуы қажет.

Артық жүктелу және нөлдік қорғаныс бойынша қорғаныс құрылғыларын электрлік қозғалтқыштардың жүргізу құрылғыларында орнату қажет.

5197. Жұмыс тәртібі жалғасатын электр қозғалтқышын артық жүктелуден қорғау құрылғысы 105-125 % номиналды тоқ диапазонында жүктелу кезінде қорғалатын электр қозғалтқышын өшіруі қажет.

Артық жүктелуден электр қозғалтықшарын қорғауды әр жағдайда Кеме қатынасының тіркелімінің қарастыратын арнайы пәні болып табылатын жарық және дыбыс сигнализацияларымен ауыстыруға жол беріледі.

5198. Өрт насостары электрлік приводтарының қоректендіру шынжырларында электр жылыту немесе температуралық реле принципінде жұмыс істейтін артық жүктелуден қорғайтын құрылғы қолданылмауы қажет.

Артық жүктелуден қорғайтын құрылғыны жарық және дыбыс сигнализацияларымен ауыстыруға жол беріледі.

474-тaraу. Рульдік құрылғыларды қорғау

Ескерту. 476-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5199. Электр қозғалтқыштары және электрлік басқару жүйесі мен электрогидравликалық рульдік құрылғы үшін тек қысқа түйікталудан қорғайтын құрылғы қарастырылуы қажет.

Қозғалтқыштың артық жүктелуі және электр қозғалтқышын қоректендіретін фидердің кез келген фазаларының үзілуі жөнінде жарық және дыбыс сигнализациясы орнатылуы қажет.

5200. Қысқа түйікталудан тұрақты тоқ электр қозғалтқыштарын қорғайтын автоматты ажыратқыштарда 300 % кем емес тоқ болған кезде және қорғалатын электр қозғалтқыштың номиналды тоғы 400 % көп болған жағдайда уақыт төзімділігінсіз өшірілуге тағайыншамалар болуы қажет, ауыспалы тоқтың электр қозғалтқыштары қорғалатын электр қозғалтқыштың ең көп жүргізу тоғының 125 % кем емес тоқ болған кезде уақыт төзімділігінсіз өшірілуі қажет.

Егер осындай қорғаныс ретінде тежегіштер қолданылса, электр қозғалтқышының жүргізу тоқтарының мәнінен шығатын деңгейден бір саты жоғары тежегіштер қорытпасының номиналды тоғын таңдап алу қажет.

5201. Кемелерді белсенді басқару құралдарының электр қозғалтқыштарының жетектері үшін артық жүктелуден және қысқа түйікталу тоғынан қорғау қарастырылуы қажет.

Көрсетілген электр қозғалтқыштарын артық жүктелуден қорғау құрылғысында артық жүктелу және осы Қағиданың 5197-тармағында көрсетілген жүктемелер диапазонындағы электр қозғалтқыштарын өшіру туралы жарық және дыбыс сигнализациясы болуы қажет.

Қысқа түйікталу тоғынан қорғау осы Қағиданың 5200-тармағының талаптарына жауап беруі қажет.

5202. Тікелей жетегі бар рульдік құрылғылардың электр қозғалтқыштары үшін қорғалатын электр қозғалтқышының екі мәрте номиналды тоғынан кем емес балама тағайыншамамен электр қозғалтқышының 60 секундтан артық тоқ жағдайында тұрган кезде артық жүктелуден қорғауға жол беріледі.

Егер осындай электр қозғалтқыштарын қоректендіру рульдік жетектің толық жүктелуі кезінде тоқты шектеуге мүмкіндік беретін жиілік қайта құру арқылы іске асырылса, мұндай жағдайда артық жүктелуден қорғау қажет болмайды. Бұл ретте рульдік жетектің қалыпты жұмыс жағдайында ең көп мүмкін болатын тоққа балама тағайыншамамен жиілік қайта құрудың жүктелуі туралы сигнализациясын қарастыру қажет.

475-тaraу. Трансформаторларды, аккумуляторларды қорғау

Ескерту. 477-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он қун өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5203. Трансформаторлардың алғашқы орамын қоректендіру фидерлерінде қысқа түйікталудан және артық жүктелуден қорғау құрылғысы орнатылуы қажет.

Куаты 6,3 кВ.А дейін трансформаторлар үшін тек тежегіштерден қорғауға жол беріледі.

Артық жүктелуден тарнрсформаторларды қорғауды әр жағдайда Кеме қатынасының тіркелімінің қарастыратын арнайы пәні болып табылатын жарық және дыбыс сигнализацияларымен ауыстыруға жол беріледі.

Өлшеуіш кернеу трансформаторлары және шынжырларды басқарудың қоректендіру трансформаторлары үшін артық жүктелуден қорғау және сигнализация қажет емес.

5204. Егер трансформаторлар қатар жұмыс істеу үшін арналса, олардың алғашқы және екінші орамын өшіретін ажыратқыштар орнату қажет, бірақ екеуін бір уақытта орнатпаған жөн.

Егер осындай трансформаторлар пайдалануға беру процесінде ажыратылатын қоректенуді ГРІЦ түрлі секциясынан алатын болса, ГРІЦ секциясынан ажырау кезінде олардың қатар жұмыс істеуін болдырмайтын бітелуді қарастыруы қажет.

5205. Өлшеуіш тоқ трансформаторларын қайта қосу олардың екінші орамдарының ажыратылған күйде болу мүмкіндігін болдырмайтында орындалуы қажет.

5206. Ишкі жану қозғалтқыштарын жүргізуге арналған батарейлерден басқа аккумуляторлық батарейлер үшін қысқа түйықталу тоғынан қорғайтын құрылғы тұтынушылардан қарастырылуы қажет.

5207. Аккумулятор зарядының әрбір жүйесі батареяның бәсендегі ықпалынан немесе зарядтық құрылғының шығуы кезінде кернеудің жоғалуынан қорғануы қажет.

5208. Ишкі жану қозғалтқыштарын жүргізуге арналған аккумуляторлық батарейлер үшін батареяны ажырататын аккумуляторлар жағындағы шынжырлардың басында ажыратқыштар орнату ұсынылады (бір полюсте ажыратқыштар орнатуға жол берілелі).

476-тарау. Бақылау шамдарын, вольтметрлерді, конденсаторлар мен кернеу катушкаларын, күштік жартылай өткізгіш құрылғыларды қорғау

Ескерту. 478-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5209. Бақылау шамдарында, сондай-ақ өлшеуіш және тіркеу құралдарында қысқа түйықталудан немесе қысқа түйықталу тоғын шектейтін құрылғылар болуы қажет.

Бақылау шамдарында тәменде көрсетілген барлық шарттар орындалған жағдайда қысқа түйықталудан жеке қорғайтын немесе қысқа түйықталу тоғын шектейтін құрылғылар болмауы мүмкін:

- 1) шамдар құрылғының жалпы футлярында болады;
- 2) шамдар қоректенуді құрылғының ішкі футлярында болатын шынжырлардан алады;
- 3) құрылғы шынжырының қорғанысы 25 А аспайтын тоққа есетелген;
- 4) шам шынжырларының бүлінуі жауапты құрылғының жұмысында үзілісті тудыра алмайды.

Қысқа түйықталудан қорғау құрылғысы немесе қысқа түйықталу тоғын шектейтін құрылғылар қоректендіру жағынан қорғалатын құрылғының шығатын жеріне жақын орналасуы қажет.

5210. Негізгі және апattyқ бөліну қалқандарының шынжырларында, генераторлар шынжырларында орнатылатын радио кедергілерінен қорғайтын конденсаторларда,

сондай-ақ жауапты қолдануға арналған электр құрылғыларында қысқа түйікталу тоғынан қорғайтын құрылғысы болуы қажет.

5211. Аппарат кернеуінің орауыштары мен басқару және қорғаныс құрылғылары қысқы түйікталудан қорғануы қажет, алайда төмендегі шарттардың екеуі орындалса олардың жеке қорғанысы болмайды:

1) орауыштар құрылғының жалпы футлярында орнтылған, жалпы қорғанысқа ие және бір құрылғыны басқару жүйесіне жатады;

2) орауыштар қоректенуді қорғанысы 25 А аспайтын тоққа есептелген құрылғы шынжырынан алады.

5212. Күшті жартылай өткізгіш құрылғылары ішкі және сыртқы артық кернеуден қорғануы қажет.

5213. Жартылай өткізгіш элементтерінің бітеуіші қысқа түйікталудан қорғануы қажет. Диодтар мен жартылай өткізгіштерді қорғау артық жүктелудің қорғаныс шынжырынан бөлек болуы қажет.

5214. Егер бір ғана тұтынушы қарастырылса, жүктеме және диодтар мен жартылай өткізгіштердің бір ортақ қорғанысының болуына жол беріледі.

477-тaraу. Қорғау ажырату құрылғылары

Ескерту. 479-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5215. Қызметкерлер құрамын электр тоғынан қорғау және бір фазалық түйікталудан электр жабдықтарының жекелеген түрлерін қорғау үшін корпуста қорғаныс құрылғысы қолданылады.

5216. Қорғаныс ажырату құрылғысы көшірілетін жабдықтарды қоректендіруге арналған розетканы қоректендіру шынжырларында және кауталық розеткаларды қоректендіру, сондай-ақ қауіпсізден жоғары кернеуі бар (50 В) қоғамдық және өзге үй-жайлардағы розетка шынжырларында орнатылуы қажет.

5217. Қорғаныс ажырату құрылғысында 10 – 30 мА аралығында нөлдік реттегі тоқ бойынша жұмыс істей тағайыншамасы болуы қажет.

5218. Жауапты қолданысқа арналған электр жабдығы үшін қорғаныс ажырату құрылғысын оратуға жол берілмейді.

9-кіші бөлім. Авариялық электр қондырғылары

478-тaraу. Жалпы ережелер

Ескерту. 480-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5219. Эрбір өзі жүретін кемеде электр энергиясының автономды авариялық көзі орнатылады. Осындай көз электр энергиясының негізгі көздері аккумуляторлық батареялар болып табылатын кемелерде, батареялардың біреуі көлемі және орналасуы бойынша апаттық көздерге қойылатын талаптарға жауап берген жағдайда талап етілмейді.

Өздігінен жүрмейтін авариялық көздерді орнату әр жағдайда Кеме қатынасының тіркелімінің қарастыратын арнайы пәні болып табылады.

5220. Апаттық көз ретінде генератор немесе аккумуляторлық батарея қолданылуы мүмкін.

5221. Апаттық көздің қуаты апат болған жағдайда жұзу қауіпсіздігі үшін бір уақытта жұмыс істеуі талап етілетін барлық тұтынушыларды қоректендіру үшін жеткілікті болуы қажет. Қозғалысты ұстап тұру үшін қажетті электр энергиясы кемелерде электр энергиясының апаттық көз қуаты тоқтан ажыратқаннан кейін кейін 30 минут ішінде кеме қозғалысын қалпына келтіруге жеткілікті болуы қажет (егер ол қарастырылса, басқа тетіктермен бірге).

5222. Барлық апаттық қондырылардың дизель-генераторды автоматты жүргізу құрылғыларымен бірге жұмыс істеуін тексеру үшін құрылғы қарастырылуы қажет.

5223. Орталық басқару бекетінде немесе негізгі бөліну қалқандарында апattyқ көз болып табылатын кез келген аккумуляторық батареяны бәсендедеуі кезінде жұмыс істейтін нұсқаушы орнатылуы қажет.

5224. Электр энергиясының апаттық көзі тек қысқа тұйықталудан қорғануы қажет. Егер апаттық көз генератор болса, орталық басқару бекетінде немесе негізгі бөліну қалқандарында генератордың артық жүктелуі жөнінде жарық және дыбыс сигнализациясы қарастырылуы қажет.

479-тарау. Электр энергиясының авариялық көздерінің үй-жайлары

Ескерту. 481-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5225. Электр энергиясы апаттық көздерінің және олардың трансформаторларының (егер қолданылса), энергияның ауыспалы апаттық көздерінің, апаттық бөліну қалқандарының және апаттық жарықтандырудың өліну қалқандарының үй-жайлары машиналық үй-жайлар шахтасынан тыс жоғарғы үздіксіз палубасынан және форпикті іріктеуден жоғары орналасуы қажет (топай қалқаларды іріктеу). Осы Қағиданың б-бөлімінің талаптары таралатын кемелерде көрсетілген үй-жайлар кем дегенде ең жоғарғы ватерсызықтан (апаттық) 300 мм жоғары орналасуы қажет.

Осы үй-жайлардан шығатын жолдар оңай қол жетімді және электр энергиясының апаттық көзі орналасқан ашық палубаға тікелей шығаратындей болуы қажет.

5226. Электр энергиясының апаттық көздері, сондай-ақ оларға тиісті трансформаторлардың, егер ол қолданылса, электр энергиясының ауыспалы көздерінің, апаттық бөліну қалқандарының және электр энергиясының негізгі көздеріне қатысты апаттық жарықтандырудың апаттық бөліну қалқандарының және олардың тарансформаторлары мен негізгі бөліну қалқандарының орналасуы өрт немесе трансформаторлар мен негізгі бөліну қалқандарына жататын электр энергиясының негізгі көзінің үй-жайында, сондай-ақ А санттағы кез келген машиналық үй-жайда, электр энергиясын қоректендіру, басқару және оны апаттық көзден бөлуде кедергі тудырмайтындей болуы қажет.

5227. Электр энергиясының апаттық көздерінің, оларға жататын трансформаторлардың, электр энергиясының ауыспалы, апаттық бөліну қалқандарының және апаттық жарықтандырудың бөліну қалқандарының көздерінің үй-жайлары мүмкіндігіне қарай машина-жылыту үй-жайларымен және электр энергиясының негізгі көздерінің, оларға жататын трансформаторлардың және негізгі бөліну қалқандарының үй-жайларымен сабактас болуы қажет.

Олардың сабактас орналасуы болған жағдайда, оларды бөлетін палубалар мен іріктеулер басқару бекетіне жататын осы Қағиданың 7-бөлігінің талаптарына сәйкес орындалуы қажет.

5228. Апаттық бөліну қалқаны электр энергиясының апаттық көзіне жақын орналасады.

5229. Егер электр энергиясының апаттық көзі генератор болып табылса, апаттық бөліну қалқаны, егер ондай орналасу бөліну қалқанының жұмысына жағымсыз әсер еткен жағдайдан басқа, бір үй-жайда генератормен орналасуы қажет.

Осы үй-жайда барлық жүргізу және зарядтық құрылғылар, сондай-ақ осы Қағиданың 292-тарау талаптарын есепке ала отырып, апаттық агрегатты жүргізу үшін стартерлік аккумуляторлық батареялар болуы қажет.

5230. Дизель-генератордың апаттық үй-жайында осы Қағиданың 3626-тармағына сәйкес апаттық агрегатты, вентиляцияны кедергісіз жүргізуге жететін үй-жайдың температурасын қамтамасыз ететін жылыту болуы қажет.

5231. Егер аккумуляторлық батарея электр энергиясының авариялық көзі болып табылса, онда ол және авариялық тарату қалқаны жеке үй-жайларда орнатылады.

Аккумуляторлық үй-жайларға қойылатын талаптар осы Қағидалардың 497-тарауында келтірілген.

Ескерту. 5231-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он қүн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрүгімен.

480-тарау. Жүк кемелеріндегі электр энергиясының авариялық көздері

Ескеरту. 482-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрігымен.

5232. Жүк кемелеріндегі апаттық көздер төмендегі тұтынушыларды қоректендіруді қамтамасыз етуі қажет:

1) апаттық жарықтандыру:

барлық дәліздерді, басқаштарды және қызметтік үй-жайлардан шығатын жолдарды, сондай-ақ жолаушылар лифтерінің кабиналарын және олардың шахталарын;

машиналық үй-жайларды, генераторлық агрегаттар үй-жайларын;

барлық басқару бекеттерін, сондай-ақ негізгі және апаттық бөліну қалқандарын;

апаттық дизель-генераторларының үй-жайларын;

рульдік рубканы;

штурмандық рубканы және радиорубканы;

апаттық мұліктерді, өрт құрал-жабдықтарын, өрт жарақтарын сақтайтын жерлерді және өрт хабарлағыштарын қолдан орнату;

рульдік жетек үй-жайларын;

өрт және спринклерлік насостарын, апаттық құрғату насосын және осы тетіктердің жүргізу құрылғысын орнататын жерлерді;

жүк насостары үй-жайларын;

аңгарлар мен тікұшақтардың жерге қонағын жерлерін;

гироскопас үй-жайларын;

медициналық үй-жайларды.

2) синалдық-ерекше шамдарды, Кеме қатынасы тіркелімімен талап етілетін "Басқара алмаймын" сигналының шамын және басқа шамдарды;

3) ішкі байланыс және хабардар ету құралдарын, сондай-ақ авральді сигнализацияны;

4) егер энергияның апаттық көзі дизель-генератор болып табылса, Кеме қатынасы тіркелімінің талаптарына сәйкес радио- және навигациялық жабдықтарды;

5) өртті байқау сигнализация жүйесін;

6) күндізгі сигнализация шамдарын, дыбыстық сигнал құралдарын (ысқырғыштар, даңғыралар), шақыратын қол сигнализацияларын және апаттық жағдаларда талап етілетін сигнализацияның басқа түрлерін;

7) осы Кағиданың 2288, 2365, 2399-тармактарында көрсетілген тетіктер мен құрылғыларды;

8) су кірмейтін есіктерді олардың нұсқаушылары мен алдын алу сигнализациясының электрлік жетектерін;

9) өртке қарсы есіктерді ұстап тұратын құрылғылардың электрлік жетектерін;

10) Кеме қатынасының тіркелімімен жұмысы кеме және ондағы адамдардың қауіпсіздігін қамтамасызыз ету үшін қажетті деп табылған басқа жүйелерді.

Жалпы сыйымдылығы 300 және одан да көп R 1 жүзудің шектелген және шектелмеген ауданының кемелерінде апаттық көздер 18 сағат ішінде осы Қағиданың 5232-тармағының 1) – 9) тармақшаларында көрсетілген тұтынушыларды қоректендіруді қамтамасыз етуі қажет.

Осы Қағиданың 5232-тармағының 3) - 6) тармақшаларында көрсетілген тұтынушылар осы Қағиданың 497-тaraуындағы талаптарға сәйкес орналастырылған, сыйымдылығы осы тұтынушыларды 18 сағат бойы қоректендіруге жеткілікті дербес батареялармен қоректене алады.

Жалпы сыйымдылығы 300 және одан көп жүзу аймағы шектелген және R3 кемелері үшін 18 сағаттың орнына 12 сағатқа дейінгі кезең белгіленуі мүмкін.

Жалпы сыйымдылығы 300-ден аз жүзу аймағы шектелмеген және жүзу аймағы шектелген және R1 кемелері үшін 18 сағат орнына 6 сағат, ал жүзу аймағы шектелген R2, R2-RSN, R3-RSN және R3 үшін уақыт кезеңі – 3 сағат белгіленуі мүмкін.

5233. Электр энергиясының авариялық көзі уәкілетті орган бекіткен Кеме қатынасы тіркелімінің талабына сәйкес палубада және борт сыртындағы құтқару құралдарында жинау және тұру орнын 3 сағат бойы авариялық жарықтандыруды қоректендіруді қамтамасыз етуі тиіс.

5234. Электр энергиясының авариялық көзі осы Қағиданың 4995-тармағына сәйкес рөл құрылғысын қоректендіруі тиіс.

5235. Егер электр энергиясының авариялық көзі генератор болса, онда ол:

1) ішкі қыздыру двигателімен қолданысқа енгізіледі (осы Қағиданың 3974-тармағы)

;

2) негізгі желіде кернеу жоғалған кезде автоматты тұрде қосылады, сондай-ақ авариялық бөлу қалқанының бөліктеріне автоматты тұрде қосылады, ал осы Қағиданың 5238-тармағында талап етілетін тұтынушылар авариялық генератордан қоректі автоматты тұрде алуы тиіс. Генератордың жалпы қосылу және кернеу алу уақыты 45 секундтан аспауы тиіс;

3) егер авариялық агрегатты автоматты тұрде қосу осы тармақтың 2) тармақшасына сәйкес 45 секунд ішінде қамтамасыз етілмесе, өшіп қалған кезде дереу қосылатын электр энергиясының авариялық ауыспалы көзі қарастырылуы тиіс.

5236. Егер электр энергиясының авариялық көзі аккумуляторлы батарея болса, онда ол:

1) қысқаштардағы кернеудің өзгерістері қуаты бәсендеген толық кезең ішінде нақты кернеу 12% шегінде сақталған кезде қосылқы қуатсыз жұмыс жасайды, бұл ретте кернеуді әлектрлі қайта өндеушіге қосылған аккумуляторлы батареяның қысқаштарындағы кернеудің өзгерісі қайта өндеушінің қысқаштарындағы кернеудің рұқсат етілген өзгерісімен анықталады;

2) негізгі желідегі кернеу жоғалған кезде авариялық бөлу қалқанының бөліктеріне автоматты тұрде қосылады және 30 минут бойы қорек алатын су өткізбейтін есіктердің

көрсеткіш және ескерту дабылының электрлі сымдарын қоспағанда, ең кемінде осы Қағиданың 5338-тармағында көрсетілген тұтынушыларды осы Қағиданың 5232-тармағына сәйкес уақыт ішінде қоректендіреді;

5237. Осы Қағиданың 5235-тармағының 3) тармақшасында талап етілетін электр энергиясының авариялық ауыспалы көзі ретінде қуаты бәсендеген толық кезеңде нақты 12% шегінде кернеудің өзгеруі сақталған кезде қосалқы қуатсыз жұмыс істейтін аккумуляторлы батареяны қолданған жөн. Электрлі кернеуді қайта өндешілікке қосылған аккумуляторлы батарея қысқаштарындағы кернеудің өзгеруі қайта өндешілікке қысқаштарындағы кернеудің рұқсат етілетін өзгерісімен анықталады.

5238. Электр энергиясының ауыспалы көзі болып табылатын батареялардың сыйымдылығы мынадай тұтынушыларды 30 минут бойы қоректендіруді қамтамасыз ету үшін жеткілікті болуы тиіс:

1) осы Қағиданың 5232 және 5233-тармағының 1) және 2) тармақшаларына сәйкес қажетті дабыл-айыру шамдарын да жарықтандыру;

2) авариялық жағдайда қажетті ішкі байланыс және хабарлау құралдарын;

3) авралды дабыл, өртті анықтау дабылы және көлемді өрт сөндіру жүйесінің қосылуы туралы дабыл жүйелері;

4) күндізгі дабыл лампалары, дабыс дабыл құралдары (ысқырықтар)

5) Кеме қатынасы тіркелімінің талаптарына сәйкес командалық тарату құрылғысы

6) су өткізбейтін есіктермен жабу, олардың жай-күйінің және олардың жабылуының алдын алу дабылы құрылғысы.

7) қорғау хабарлаудың кемелік жүйесі және Кеме қатынасы тіркелімінің талап етілетін ААЖ аппаратуралары.

Осы Қағиданың 5238-тармағының 2) және 7)-тармақшаларында санамаланған тұтынушылар егер оларда талап етілетін уақыт ішінде қоректендіруді қамтамасыз ететін жеке аккумуляторлы батареялары болса, ауыспалы көздерден қоректенбеуі мүмкін.

5239. ОЯТ 2 және ОЯТ 3 сыныбындағы кемелер үшін осы Қағиданың 2643-де жазылған жіктемелерге сәйкес жузу аймағы мен кеменің сыйымдылығына қарамастан, электр энергиясының авариялық көзі осы Қағиданың 2647 және 2649-да санамаланған тұтынушыларды 36 сағат бойы қорекпен қамтамасыз етуі тиіс.

481-тaraу. Авариялық көздерден электр энергиясын бөлу

Ескерту. 483-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5240. Қалыпты пайдалану жағдайында авариялық бөлу қалқаны басты бөлу қалқанынан қоректенуі тиіс. Қоректендіру фидерінде басты бөлу қалқанында

орнатылған, артық жүктемеден және айқас тұйықталудан қорғау құрылғысы болуы тиіс

Авариялық бөлу қалқанында басты бөлу қалқанының бөліктерінде кернеу жоғалған кезде автоматты түрде ажыратылатын ажыратқыш көзделгені жөн.

Егер басты бөлу қалқанын қоректендіру авариялықтан көзделсе, авариялық бөлу қалқанындағы автоматты ажыратқыш ең кемінде айқас тұйықталудан қорғау құрылғыларымен жабдықталуы тиіс.

5241. Авариялық генератор кеме портта тұрған кезеңде авариялық емес тұтынушыларды қоректендіру үшін пайдаланылуы мүмкін (осы Қағиданың 3975-тармағы), бұл әрбір жағдайда Тіркеушіге арнайы қарау нысаны болып табылады. Бұл ретте мынадай шарттар орындалуы тиіс:

1) генераторға артық жүктемені болдырмау және авариялық тұтынушыларды қорекпен қамтамасыз ету үшін авариялық емес тұтынушыларды АРЩ-дан автоматты түрде ажыратуды көздеу;

2) портта тұрған кезеңде авариялық генератордың жұмыс істеуіне арналған кез келген басқару, қорғау және дабыл қағу тізбегінің зақымдануы негізгі әрі авариялық электр энергиясы көздерінің жұмысқа қабыліеттілігіне ықпал етпеуі тиіс;

3) авариялық генератордың авариялық режимге шұғыл ауысу мүмкіндігі бар жұмыс режимін таңдауға арналған құрылғының көзделуі;

4) кеме бортында барлық басқару құрылғыларын (клапандар, қайта қосқыштар) кеме жүрген кезде авариялық генератордың тәуелсіз жұмыс жасауын қамтамасыз ететін, сондай-ақ жанар жағар майдың қажетті қоры туралы, жұмыс режиміне қосқыштың жағдайы туралы (егер ол көзделсе), желдеткіш тұйықтардың жағдайы туралы ақпаратты қамтитын жай-күйге келтіру туралы нұсқаулықтың болуы.

5242. Осы Қағиданың 5232-тармағында және 535-тараудың 2-параграфында көрсетілген тұтынушылар қоректі тиісті коммутациялық және қорғаныс аппаратурасымен жабдықталған авариялық бөлу қалқанының бөлігінен жекелеген фидерлар бойынша алуы тиіс. Осы Қағиданың 5232-тармағының 2) – 6) тармақшаларында және 5729-тармағының 2) – 6) тармақшаларында көрсетілген тұтынушыларды рөл тұтқасында орналасқан және қоректі осы Қағиданың 5000-тармағына сәйкес алатын кемені басқару пультінен қоректендіруге рұқсат етіледі.

5243. Осы Қағиданың 5238 және 5735-тармақтарында санамаланған ауыспалы энергия көздері болған жағдайда, тұтынушылар қоректі фидераларында қосып-сөндірушілер орналаспауы тиіс, арнайы бөлу қалқаны арқылы алуы тиіс.

5244. Авариялық тұтынушылардың бөлу құрылғылары қоршау палубасынан жоғары орналасуы керек.

482-тарау. Авариялық дизель-генераторлардың іске қосу құрылғылары

Ескеरту. 484-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5245. Авариялық дизель-генераторлардың қосу қондырғылары ретінде мыналар қолданыла алады:

- 1) дербес аккумуляторы және зарядтау құрылғысы бар электрлі стартерлі қондырғы ;
- 2) дербес тәуелсіз ауа сақтауышы бар сығылған ауа жүйесі;
- 3) гидравикалық қосу жүйесі;
- 4) қолмен қосу қондырғысы:

Двигателді қолмен айналдыруға арналған қосу тұтқасы, инерциялық қосу құрылғысы, қолдан қуатталатын гидравикалық аккумуляторлар, оқ-дәрі қуатты патрондар.

5246. Автоматты түрде қосылатын әрбір авариялық дизель-генератор ең кемінде үш кезекті қосуға жеткілікті энергия қоры бар мақұлданған үлгідегі қосу құрылғысымен жабдықталуы тиіс. Жинақталған энергия көзі егер қосуға арналған екінші тәуелсіз құрал көзделмесе, оның автоматты қосу жүйесінің мұлдем таусылуын болдырмай қорғалуы тиіс. Егер тиімді қолмен қосу құрылғысы көзделмесе, 30 минут ішінде қосымша үш қосқыш үшін екінші энергия көзі қосымша көзделуі тиіс.

5247. Егер авариялық дизель-генераторды автоматты түрде қосу талап етілмесе, осы Қағиданың 5245-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген қосу құрылғыларының бірімен қолмен қосуға рұқсат етіледі.

Егер қолмен қосу мұлдем мүмкін болмаса, қосу құрылғысы осы Қағиданың 5246-тармағының талаптарына жауап беруі тиіс.

5248. Аккумуляторлы батареялардың қуат құрылғылары мен сығылған ауаның қосу жүйесі мен авариялық дизель-генератордың гидравикалық қосу жүйесін қамтамасыз ететін тетіктердің электрлі сымдарын қоректендіру жекелеген фидерлер бойынша авариялық бөлү қалқанынан жүзеге асырылуы тиіс.

485. Авариялық дизель-генераторлардың қозғалтқыш двигателдерінің авариялық алдын-алу дабылды және оларды қорғау

5249. Қуаттылығы 220 кВт және одан жоғары авариялық дизель-генераторлардың (АДГ) қозғалтқыш двигателдері рұқсат етілген айналым жиілігінен асып кеткен жағдайда двигателдің тоқтауын қамтамасыз ететін қорғаныс құрылғысымен жабдықталуы тиіс.

5250. Кеменің бос жүріс режимінде АДГ қозғалтқыш двигателдерін тоқтатуға қолданылатын барлық қорғаныс құрылғылары рұқсат етілген айналым жиілігінен асып

кетуден қорғаудан басқа, егер АДГ қашықтан немесе автоматты түрде басқару режимінде болса, автоматты түрде бекітіліп қалуы тиіс. Бұл талап олардың қозғалтқыш двигателдерінің қуаттылығына қарамастан барлық АДГ-ге қолданылады.

5251. Жанар жағар май беруді тоқтатудың қашықтан басқару құралына қосымша АДГ қозғалтқыш двигателдерін авариялық тоқтатудың жергілікті қуралы көзделуі тиіс.

5252. АДГ қозғалтқыш двигателдері үшін:

жоғарғы қысым құбырларынан жанар-жағар май аққан кезде;

майлау майының қысымы рұқсат етілген шектен төмендегендеге;

салқыннатушы су немесе салқыннатушы ауа температурасы рұқсат етілген шектен төмендегендеге авариялық-алдын алу дабылы көзделуі тиіс.

5253. Қуаттылығы 220 кВт және одан жоғары қозғалтқыш двигателдері үшін қосымша авариялық-алдын алу дабылы мынадай жағдайда көзделуі тиіс:

майлау майының температурасы рұқсат етілген шегінен асқанда; қысым немесе салқыннататын су ағыны рұқсат етілген шектен төмендегендеге;

рұқсат етілген айналым жиілігі асып кеткенде.

5254. Қуаттылығы 2250 кВт астам немесе цилиндрінің диаметрі 300 мм астам қолғалтқыш двигателдері үшін көтердегі майлар тұтіннің концентрациясы артқан кезде авариялық-алдын алу дабылы қосымша көзделуі тиіс.

5255. Авариялық-ескерту сигналізациясы жүйесі осы Қағидалардың 664-тарауының 1-параграфында жазылған талаптарға жауап беруі қажет.

Ескерту. 5255-тармақ жана редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5256. Жүріс мостиғінде жинақталған (топталған) авариялық-алдын алу дабылы көзделуі тиіс.

5257. Қозғалтқыш двигателдерінің қуаттылығына қарай авариялық-алдын алу дабылы мен қорғаныс жүйесінен тәуелсіз жергілікті (АДГ-мен бір үй-жайда орналасқан) осы Қағиданың 5252-5254-тармақтарында санамаланған өлшемдер индикациясыт көзделуі тиіс.

486. Үздіксіз қоректендіру көздері

5258. Үздіксіз қоректендіру көздері (бұдан әрі – ҮҚҚ) төменде жазылған талаптарға қосымша ХЭК 62040 стандартының талаптарына және қолданылатын ұлттық стандарттар талаптарына жауап беруі тиіс.

5259. Осы талаптарға жауап беретін ҮҚҚ Қағиданың осы бөлігінде талап етілетін электр энергиясының авариялық немесе ауыспалы көздері ретінде қолданылуы мүмкін.

5260. ҮҚҚ үлгісін таңдау қосылатын кернеуді электрлік қоректендіруді қамтамасыз етуге қойылатын талаптармен анықталуы тиіс.

5261. YҚҚ инвертор істен шыққан жағдайда кернеуді желіден қоректендіруді қамтамасыз ететін байпаспен жабдықталуы тиіс.

5262. Тұрақты вахтасы бар бекеттерде әрбір YҚҚ үшін жарықтандырылыш және дыбысты дабылқаққыш қарастырылуы тиіс:

- 1) кернеу тарапынан қоректендіру бұзылуы;
- 2) корпустағы тұйықталу;
- 3) аккумуляторлы батареямен қорғау құрылғысының іске қосылуы;
- 4) аккумуляторлы батареяның тогының таусылуы;
- 5) кернеуді желіге тұрақты қосылған YҚҚ-ге арналған байпас арқылы қоректендіру.

5263. YҚҚ-ні орналастыруға қойылатын талаптар электр энергиясының авариялық немесе ауыспалы көздерін орналастыруға қойылатын талаптарға ұқсас болуы тиіс.

5264. Жабық үлгідегі аккумуляторлы батареялары бар YҚҚ-ні тұрғын үй-жайдан басқа, онда жеткілікті желдеткішпен қамтамасыз етілген жағдайда кез келген үй-жайда орнатуға рұқсат етіледі.

5265. YҚҚ қосылған тұтынушыларды қоректендіру үшін қажетті барлық уақыт ішінде жүктеме жағынан нақты кернеу мен жиілікті ұстап тұруы тиіс.

5266. YҚҚ-ні тұзеткіштің қуаттылығы қоректендіру желісінде кернеуді қалпына келтіргеннен кейін, жүктемедегі нақты кернеу мен жиілікті, аккумуляторлы батареяны ең жоғарғы мүмкін болатын қуат тогымен қуаттаумен бір мезетте ұстап тұруға жеткілікті болуы тиіс.

5267. YҚҚ аккумуляторлы батареяларын ең жоғарғы мүмкін болатын қуат тоғымен шұғыл қуаттау режимінде YҚҚ аккумуляторлы батареялары орнатылған үй-жайларды желдеткіші бар блокировкасы болуы тиіс.

10-кіші бөлім. Электр машиналары

483-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 487-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5268. Еспелі қозғалтқыштардың, генераторлардың және білік құбырына орнатылған муфталардың білік материалдары осы Қағидалардың 587-тарауының талаптарына жауап беруі қажет.

Ескерту. 5268-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5269. Ауыспалы ток генераторлары кернеуді автоматты тұрде ретету жүйесімен бірге айқас тұйықталудың бекітілген режимінде 2 секунд бойы кемінде үш есе бастапқы токты ұстап тұруы тиіс.

5270. Есу электрлі құрылғыларының генераторлары мен есу электрлі двигателдері, жекелеген жағдай басқа да машиналар қоршаған ауа температурасынан ең кемінде 3⁰ артық температураны ұстап тұруға арналған жылытуы болуы тиіс.

5271. Басты механикалық құрылғының біліксымына құрастырылған білікгенераторларында, егер біліктің орналасуы ротордан білікті бағыттауда статорды айналдыруға мүмкіндік бермесе, алмалы-салмалы статорлар мен мойынтірек қалқандары болуы тиіс. Мұндай білікгенераторларында қолайсыз пайдалану кезінде ротор мен статордың механикалық үйкелуін болдырмайтын ауа саңылауы болуы керек.

5272. Ауыспалы және тұрақты ток электрлі машиналарының роторлары мен якорлары 2 минут бойы мынадай артық айналым жиілігін зақымданусыз әрі қалдық деформациясыз ұстап тұруы тиіс:

1) генераторлар, айналмалы қайта тұзушілер, электрлі муфталар мен тежеуіштер - 120% басты айналым жиілігі, ең кемінде ауыспал процесс кезінде туындаитын ең жоғарғы айналым жиілігінен 3% артық.

2) кейіннен қосылатын электр двигателдері – фирмалық тақтайшада көрсетілген ең жоғарғы рұқсат етілген айналым жиілігінен 120%, алайда басты айналым жиілігінен ең кемінде 150%;

3) жоғарыда көрсетілгендерден басқа барлық электр двигателдері – бос жүрістегі ең жоғарғы айналым жиілігінен 20%.

5273. Егер машина кемеде орналастырғаннан кейін оның төменгі бөлігі төсемнен төмен болатында үлгіде құрылған болса, онда оны желдету үшін ауаны жинау машинаның төменгі бөлігінде жасалмауы тиіс.

5274. Ашық палубада орналастыруға арналған машиналар үшін сыртқы желдету желдеткіштерін қолдану ұсынылмайды.

5275. Осы Қағиданың 4754-тармағының талаптарына жауап бермейтін электр энергиясының көзінен қорек алатын электрдвигателдерінің қуаттылығы жоғарғы үйлесімді құрамдас бөліктердің қосымша қыздырылуын ескере отырып есептелуі тиіс.

488-тарау. Байланыс сақиналары, коллекторлар мен щеткалар, подшипниктер

Ескеरту. 484-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он қүн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5276. Есу құрылғыларына арналған тұрақты ток электрлі машиналарында және қуаттылығы 200 кВт және одан көп тұрақты ток электрлі машиналарында коллектор мен щеткалардың жай-күйін қақпақтарды монтаждамай-ақ бақылау мүмкіндігін қамтамасыз ететін қарau терезелері болуы тиіс.

5277. Колекторлы пластиндердің немесе байланыс сақиналарының тозуының рұқсат етілген шамасы олардың сыртқы жағында көрсетілуі тиіс. Бұл шаманы колекторлардың немесе байланыс сақиналарының биіктігінен ең кемінде 20% қабылдаған жөн.

5278. Салмағы 1000 кг астам якорлар үшін якорды машинадан алмай коллекторды өндөу мүмкіндігі көзделуі тиіс.

5279. Щеткадан токтың өтуі иілгіш мыс сыммен жүргізілуі тиіс. Токты өткізуге арналған щетканы ұстаушы серіппелерді пайдалануға жол берілмейді.

5280. Тұрақты токты электрлі машиналардағы щеткалардың жай-күйі нақты әрі сенімді болуы тиіс.

5281. Түзету машиналары бос жүрістен нақты жүріске дейінгі шектегі кез келген жүктеме кезінде мулдем ұшқынсыз жұмыс істеуі тиіс. Талап етілетін артық жүктеме, машиналарды реверсирлеу мен қосу кезінде щеткалардың немесе коллекторлардың зақымдануы болатында дәрежеде ұшқындау болмауы тиіс.

5282. мойынтректердің құрылымы майды білік ішіне шашу және ағу және оның машина орамына немесе оның кернеудегі бөлігіне кіру мүмкіндігін жоюы тиіс.

5283. Сырғанау мойынтректерінің корпусы артық майды төгуге арналған қуыспен және корпустың үстіңгі бөлігінде қақпақпен, ал қуаттылығы 100 кВт және одан жоғары машиналарда май деңгейінің көрсеткіштері орнатылуы тиіс.

5284. Қысыммен майлау жүйесі мойынтрекке түсетін май қысымын бақылаутері ға арналған құрылғымен жабдықталуы тиіс.

5285. Есу электрлі құрылғылы машиналар үшін, ерекше жағдайларда асқа да машиналар үшін сырғанау мойынтректері арқылы жылжымалы токтардың ағымына кедергі келтіретін шаралар қабылдаған жөн.

5286. Кеменің басты механикалық құрылғысынан белдіктермен немесе тізбектермен қозғалысқа түсетін генераторлардың мойынтректері көлденең күштердің ықпалы ескеріле отырып жобалануы тиіс.

485-тaraу. Температура датчиктері

Ескерту. 489-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5287. Ауыспалы ток күші 5000 кВт астам немесе белсенді болат осытік ұзындығы 1000 м астам электр машиналарының статорлары машинаның ең жоғарғы температурасын күтуге болатын жерлерде орналасқан температура датчиктерімен жабдықталуы тиіс.

5288. Қысқа мерзімді немесе қайта қысқа мерзімді жұмыс режимдері бар электр двигателдеріне тізілген температура датчиктерін орнату ұсынылады.

5289. Сымы брашпилей электр двигателдерінде тізілген температура датчиктері түріндегі, қорғаныс құрылғысы қолданылатын оқшаулау үшін рұқсат етілген ең

кемінде 30%-ға артық жүктемеден температура артқан кезде электрлі двигателді ажыратып тастайтында үлгіде таңдалған қорғанысты қолдану ұсынылады.

Датчиктердің қорытындылары онай қол жетімді жерде орналасуы тиіс.

486-тарау. Артық жүктеме

Ескерту. 490-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5290. Генераторлар нақты жүктемеге сәйкес келетін, бекітілген темпуратураға дейін қыздырганнан кейін олар осы Қағиданың 73-қосымшасына сәйкес келетін ток бойынша артық жүктемеге төзетіндей құрылымда болуы тиіс.

5291. Электрлі двигателдер осы Қағиданың 473-қосымшасында көрсетілген арттырылған сәттердің айналым жиілігін тоқтаусыз немесе кенеттен өзгертусіз дамыта алатында құрылымда болуы тиіс.

487-тарау. Айнымалы ток генераторлары

Ескерту. 491-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Жалпы талаптар

5292. Ауыспалы токтың әрбір генераторында кернеуді автоматты түрде реттеудің дербес тәуелсіз жүйесі болуы тиіс.

5293. Ауыспалы ток генераторлары 2 минут бойы генераторға 150 %-ға тең бастапқы және қуаттылық коэффициенті 0,6-ға тең тоқты артық жүктеу кезінде нақтылығы 10 % бастапқы кернеуді қолдауға арналған жеткілікті резервке ие болуы тиіс.

5294. Ауыспалы ток генераторларын қорғау осы Қағиданың 472-тарауының талаптарына жауап беруі тиіс.

Ескерту. 5294-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-параграф. Кернеуді реттеу

5295. Ауыспалы ток генераторларында кернеуді нақты қуаттылық коэффициенті кезінде жүктеме нөлден нақтыға дейін өзгертілген кезде $\pm 2,5\%$ (авариялық

генераторлар — ±3,5 %) шегінде ұстап тұруды қамтамасыз ететін кернеуді автоматты түрде реттеу жүйесі болуы тиіс. Бұл ретте айналым жиілігі осы Қағиданың 4039-тармағында айтылған шекте болуы тиіс.

5296. Нәкты айналым жиілігінде және нақты жүктемеде жұмыс жасайтын генератордың ток пен қуаттылық коэффициенті болған кезде симметриялық жүктемесінің кездейсоқ өзгеруі кернеуді нақты мәннен 85% төмен азайтуға және 120% астам арттыруға әкелмеуі тиіс. Ауысу процестері аяқталғаннан кейін генератордың кернеуі нақты мәнінен ±3% шегінде ауытқумен ең кемінде 1,5 секунд ішінде қалпына келтірілуі тиіс. Авариялық агрегаттар үшін бұл мәндер уақыт бойынша 5 секундқа дейін және кернеуі бойынша ±4% дейін жоғарылауы мүмкін.

Генератордың бар жүктемесіне қосылатын ең жоғарғы кездейсоқ жүктеме туралы нақты деректер болмаған кезде күштілік коэффициенті 0,4 және одан аз, бос жүрісте қосылатын және кейіннен сөндірілетін шамасы 60% нақты ток жүктемесін қолдануға болады. Бұл ретте айналым жиілігі осы Қағиданың 4039-тармағында айтылған шектерде болуы тиіс.

5297. Ауыспалы ток генераторлары үшін кернеудің синусоидальды нысанынан ауытқу оның негізгі үйлесімді құрамының пиктік мәнінен 5% астам болмауы тиіс.

488-тарау. Тұрақты ток генераторлары

Ескерту. 492-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Жалпы талаптар

5298. Арасынан қосудың тұрақты ток генераторлары мен параллель қосу тұрақты ток генераторлары кернеуді реттеудің автоматты жүйесіне ие болуы тиіс.

5299. Тұрақты ток генераторларының қорғанысы осы Қағидалардың 472-тарауының талаптарына жауап беруі қажет.

Ескерту. 5299-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-параграф. Кернеуді реттеу

5300. Арасынан қосудың тұрақты ток генераторларының кернеуін реттегіштер сұық қүйінде бос жүрістің кернеуін бос жүріс кезіндегі айналым жиілігінің артуын ескере отырып генератордың нақты кернеуінен кемінде 10%-ға төмендету мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс.

5301. Кернеуді қолмен реттегіштер олардың басқару органдарының сағат тілі бойынша айналуы кернеуді арттыратындай үлгіде дайындалуы тиіс.

5302. Параллель қосылатын тұрақты ток генераторларына арналған кернеуді реттегіштер қосуды ажыратқан кезде қосу орамасы разрядты контурға түйікталатындай үлгіде дайындалуы тиіс.

5303. Аラлас қосылатын тұрақты ток генераторларында қуаттылығы 100 кВт дейін генераторлар үшін нақтылығы $\pm 1\%$ дейін және қуаттылығы 100 кВт артық генераторлар үшін $\pm 0,5\%$ дейін кернеуді реттеуге арналған тәуелсіз құрылғысы болуы тиіс. Көрсетілген реттеу шамалары сұық және қыздырылған жай-қүйде, сондай-ақ генераторлардың жұмыс жүктемесінің шегіндегі кез келген жүктемеде сақталуы тиіс.

5304. Аラлас қосылатын тұрақты ток генераторлары қыздырылған генератордың 20% жүктеме кезіндегі нақтылығы $\pm 1\%$ дейінгі шамасына бекітілген кернеуі толық жүктеме кезінде қуаттылығы 50 кВт генераторлар үшін ең кемінде $\pm 1,5\%$, сондай-ақ қуаттылығы аз генераторлар үшін ең кемінде $\pm 2,5\%$ өзгермейтіндей сыртқы сипаттамаға ие болуы тиіс.

Аラлас қосылатын генератордың нақты жүктемесі 20 және 100% арасындағы кернеуді өзгерту мына шамалардан аспауы тиіс:

- 1) $\pm 3\%$ - қуаттылығы 50 кВт және одан жоғары генераторлар үшін,
- 2) $\pm 4\%$ - қуаттылығы 15 кВт, бірақ 50 кВт төмен генераторлар үшін,
- 3) $\pm 5\%$ - қуаттылығы 15 кВт және одан төмен генераторлар үшін.

5378. Параллель қосылатын генераторлары бар тұрақты ток агрегаттары жүктемені бос жүрістен нақтыға дейін өзерткен кезде кернеу $\pm 2,5\%$ нақтылықта ұсталатындай генераторлардың сыртқы сипаттамасына және кернеуді автоматты түрде реттегіштерге ие болуы тиіс.

489-тарау. Электромагниттік тежегіштер

Ескерту. 493-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он қун өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5306. Тежеуіштің іске қосылуы (тежеу) тежеуіш катушкасына түсетін жүктеме тоқтатылған кезде болуы тиіс.

5307. Жүктемені нақты кернеуден 30%-ға төмендету тежеуіш қыздырылған кезде тежеуіш болдырмауы тиіс.

5308. Электромагнитті тежеуіштер қолдан тежеу мүмкіндігіне жол беруі тиіс.

5309. Электромагнитті тежеуіштерде ең кемінде екі қысқыш серіппелер болуы керек.

5310. Электромагнитті тежеуішті аラлас қосқышпен параллель қосу орамалары тіпті келесі орама арқылы ток өтпесе де тежелген жағдайда тежеуішті ұстап тұратындай болуы тиіс.

5311. Тежеуіштерді параллель қосу орамалары оларды сөндірген кезде туындастын қайта жүктеме кезінде зақымданбайтында ұлгіде дайындалуы немесе қорғалуы тиіс (осы Қағиданың 4987-тармағы).

11-кіші бөлім. Трансформаторлар

490-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 494-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5312. Осы бөлімнің талаптары осы Қағиданың 437-тарауында айтылған күштеу және жарықтандыру трансформаторларына қатысты.

Кернеуі 1000 В-тан астам трансформаторларға қойылатын қосымша талаптар осы Қағиданың 532- тарауында жазылған.

5313. Кемелерде құрғақ трансформаторлар қолданылуы тиіс. Басқа трансформаторларды қолдану мен орнату әрбір жағдайда Тіркеушіге арнайы қарau нысаны болып табылады.

5314. Бастапқы және қосалқы кернеулерге арналған трансформаторлардың орамасы электрлі түрде ажыратылуы тиіс.

5315. Трансформаторлар 1 сағат ішінде 10% жүктемені, сондай-ақ 5 минут ішінде 50% жүктемені көтере алуы тиіс.

5316. Бос жүріс пен белсенді жүктеме кезіндегі нақты жүктеменің арасындағы кернеудің өзгеруі қуаттылығы фазасына 6,3 кВ•А дейінгі трансформаторлар үшін 5%-дан және қуаттылығы одан үлкен трансформаторлар үшін 2,5%-дан аспауы тиіс.

5317. Параллелді жұмыс істеуге арналған трансформаторларда орамаларды қосудың бірдей тобы, трансформациялаудың бірдей коэффициенті болуы тиіс, ал олардың айқас түйікталуының кернеуі кез келген трансформатордың жүктемесі әрбір трансформатордың күшінің тиісті барабар үлесінің шамасынан осы трансформатордың нақты тогының 10%-нан артыққа бөлінбейтіндегі болуы тиіс.

5318. Параллелді жұмыс істеуге арналған трансформаторлардың нақты күші бір-бірінен кемінде 2 реттен артық ажыратылмауы тиіс.

12-кіші бөлім. Күштеу жартылай қозғалтқыш құрылғылар

492-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 496-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5319. Күштеу жартылайқозғалтқыш құрылғыларда кремний түріндегі жартылайқозғалтқыш элементтер қолданылуы тиіс.

Басқа түрдегі элементерді пайдалану әрбір жағдайда Тіркеушіге арнайы қарау нысаны болып табылады.

5320. Себу күші 500 Вт-тан астам жыртылайсымды аспаптары бар құрылғыларда конденсация түзілуін болдырмау үшін температураны ең кемінде қоршаған ауа температурасынан 3°C астам үстап тұратын жылыту болуы тиіс.

5321. Күштеу жартылайқозғалтқыш құрылғыларда ауа желдеткіштері (табиғи немесе мәжбүрлі) болуы тиіс.

Сұйықтық желдеткішті қолдану әрбір жағдайда Кеме қатынасы тіркелімінің арнайы қаруындағы нәрсе болып табылады.

5322. Мәжбүрлі желдеткіші бар күштеу жартылайқозғалтқыш құрылғыларда тиімсіз желдеткен жағдайда жүктемені азайтатын немесе ажырататын қорғаныс көзделуі тиіс.

Қорғаныс қосылғанға дейін жүйеден шығарда желдету ортасының ең жоғарғы рұқсат етілген температурасынан асып кеткені туралы дыбысты және жарық арқылы берілетін дабылқаққыш көрсетілуі тиіс.

493-тaraу. Кернеудің бұрмалануының рұқсат етілген параметрлері

Ескерту. 497-тaraудың тақырыбы жаңа редакцияда - КР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5323. Күштеу жартылайқозғалтқыш құрылғысының жұмысына арналған кеме желісінің қисық кернеуінің синусоидалыемес коэффициенті 10%-дан аспауы тиіс.

Қисық кернеуі 10%-дан астам синусоидалды бұрмалануын тузызатын күштеу жартылайқозғалтқыш құрылғыларды қолдану әрбір жағдайда Тіркеушінің арнайы қарауының нысаны болып табылады.

Қисық кернеудің синусоидалыемес коэффициенті осы Қағиданың 754-тармағында айтылған формула бойынша анықталуы тиіс.

5324. Кеме желісі кернеуінің оның бірінші үйлесімді құрамының мәнінен ең көп салыстырмалы түрде алынуының коэффициенті 30%-дан аспауы тиіс.

K_{MO} коэффициенті мына формуладан анықталуы тиіс:

$$K_{MO} = \frac{U_m - U_{1m}}{U_{1m}} \cdot 100\%$$

(930)

мұнда U_m — кеме желісі кернеуінің амплитудалық мәні;

U_{1m} — бірінші үйлесімді құрамының амплитудалық мәні.

494- тарау. Басқару жүйелері және дабыл жүйесі

Ескеरту. 498-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрігымен.

5325. Күштеу жартылайқозғалтқыш құрылғылардың күштеу тізбегі мен басқару тізбегінің қосылған және сөндірілген жай-күйі туралы жарық арқылы берілетін дабылқаққышы болуы тиіс.

5326. Жартылайқозғалтқыш құрылғылардың күштеу бөлігі басқару жүйесінен электрлі түрде оқшауланған болуы тиіс.

5327. Жартылайқозғалтқыш құрылғылардың параллелді бұтақтарында токтың ұзақ уақыт болмауы орташа токтың шамасының 10 % аспауы тиіс.

5328. Күштеу жартылайқозғалтқыш құрылғылардың жұмысы жекелеген вентилдер істен шыққан кезде бұзылмауы тиіс. Егер жекелеген вентилдерге түсетін жүктеме рұқсат етілген мәннен асып кетсе, ол автоматты түрде төмендетілуі тиіс.

Вентилдер істен шыққан кезде жарық арқылы берілетін және дыбысты дабылқаққыш қосылуы тиіс.

495-тарау. Өлшеу аспаптары

Ескерту. 499-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрігымен.

5329. Күштік жартылай өткізгіштік құрылғылар олардың мақсаттарына сәйкес өлшеу құралдарымен жабдықталуы тиіс.

5330. Күштік жартылай өткізгіштік құрылғылардың өлшеу құралдары шкалаларында өлшемдердің максималды жол берілген мәндері белгіленуі тиіс. Мәжбүрлеп сұыту кезінде сұытылатын ауаның температурасын өлшеуге арналған құрал шкаласында максималды жол берілген температура белгіленуі тиіс.

13-кіші бөлім. Аккумуляторлар

496-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 500-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрігымен.

5331. Толығымен зарядталған аккумуляторларда $(25 \pm 5)^0\text{C}$ температурада 28 тәулік жүктемесіз тұрганнан кейін өзіндік разрядтың салдарынан сиымдылықты жоғалту қышқылдар үшін номиналды сиымдылықтан 30% аспайтындей және сілтілі аккумуляторлар үшін номиналдық сиымдылықтан 25% аспайтындей болып дайындалуы тиіс.

5332. Аккумуляторлар ыдыстары және қуыстарға арналған жабулар ыдыс тік жағдайдан кез келген бағытқа 40^0 бүрышқа көлбеулеген кезде электролит төгілмейтіндегі және шашырамайтында болып конструкцияланған болуы тиіс.

Жабулар электролиттің әсер етуіге берік және тұрақты материалдан жасалуы тиіс. Жабулар конструкциялары аккумуляторда шамадан тыс газ қысымының пайда болуына жол бермеуі тиіс.

5333. Қолданылатын көпіршелер өздерінің қасиеттерін өзгертпеуі және қоршаған ортаның температурасы — 30^0 -тан $+60^0$ С-қа дейін өзгерген кезде зақымданбауы тиіс.

5334. Аккумуляторлық жәшіктерді дайындау үшін қолданылатын материалдар электролиттің әсер етуіне төзімді болуы тиіс. Жәшіктерге орналастырылған жекелеген элементтер олардың өзара орын ауыстырулары мүмкін болмайтында болып бекітілуі тиіс.

5335. Апаттық режимдерде жұмысы талап етілетін жауапты құрылғылардың энергия көзі ретінде пайдалануға арналған аккумуляторлық батареялардың жағдайын бақылау және қызмет көрсете журналын жүргізуі қарастыру керек.

Тіркеушіге келісімге ұсынылған бұл журнал аккумуляторлық батарея туралы мынадай мәліметтерді қамтуы тиіс.

Батарея түрі және өндірушіні;

Кернеу және сиымдылықты;

Орналасу орнын;

Батарея арналған жабдықтар мен жүйелердің атауын;

Жоспарлы мерзімдік қызмет көрсете немесе ауыстыру мерзімдерін;

Соңғы қызмет көрсете немесе ауыстыру мерзімін;

Батареяны дайындау мерзімін және пайдалану басталғанға дейін рұқсат етілген сақтау мерзімі (ауыстыруға арналған және жеке сақталатын батареялар үшін).

Батарея журналының негізгі деректері IX СОЛАС-74 тарауымен регламенттелген кемелердің қауіпсіз пайдаланылуын басқару жүйесінің кемелік құжаттарына енгізіледі.

Ескеरту. 5335-тармаққа өзгеріс енгізілді – КР Инвестициялар және даму министрінің 28.03.2018 № 198 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.

5336. Ауыстырған кезде жаңа аккумуляторлық батареяның тиісті нұсқаулықтарда көрініс табуы тиіс бірдей сипаттамалары болуы тиіс.

5337. Жабық аккумуляторлық батареяларды оның қондырғыларымен ашыққа ауыстыру қажет болған кезде батареялар мен олардың желдеткішін орналастыруға қатысты Қағиданың талаптары орындалуы тиіс.

497-тарау. Батареяларды орналастыру

Ескеरту. 501-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдың даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5338. Қауіпсізден кернеуге жоғары батареялар, сондай-ақ аса көп зарядты токқа және номиналдық кернеуге есептелген зарядты қуаттылығы 2 кВт жоғары батареялар палубадан қол жетімді аккумуляторлық жәшіктерде немесе палубада орнатылған тиісті жәшіктерде орналасуы тиіс.

Зарядтық қуаттылығы 0,2-ден 2 кВт-қа дейінгі батареялар кеме корпусының ішінде орналасқан жәшіктерде немесе шкафттарда орнатыла алады.

Жолаушылардің күнінен басқа, қуаттылығы шағын электр қондырғысы бар кемелерде жоғарыда аталған батареялар машиналық жайларда олардың жоғарғы бөлігі су басқан кезде кемені тиеудің кем дегенде шекті сзығынан жоғары болатындей етіп орнатылуы мүмкін.

Іштен жану қозғалтқыштарын электростартерлік қосуға арналған аккумуляторлық батареяларды, апattyқ агрегаттардан басқа, машиналық жайлардағы жеткілікті желдетілетін жәшіктер мен шкафттарда орнатуға жол беріледі.

Зарядтық қуаттылығы 0,2 кВт кем батареяларды және пайдалану кезінде газ болмейтін қызмет етпейтін батареяларды тұрғын жайларды қоспағанда, олар судың әсер етуінен және механикалық зақымданулардан сақталған болатындей және қоршаған жабдыққа зиянды әсер етпейтіндей жағдайда кез келген жайда орнатуға жол беріледі.

5339. Қышқыл және сілтілі аккумуляторлар бір жайда немесе бір жәшікте орналаспауы тиіс. Тұрлі электролиттері бар батареяларға арналған ыдыстар мен құралдар жеке орнатылуы тиіс.

5340. Аккумуляторларға арналған жайлар немесе жәшіктердің ішкі бөлігі, сондай-ақ электролиттің немесе газдың зиянды әсер етуіне душар болуы мүмкін барлық конструктивтік бөліктер сәйкесінше қорғалуы тиіс.

5341. Аккумуляторлық батареялар, сондай-ақ жеке элементтер сенімді бекітілудері тиіс. Оларды сөрелерге екі немесе одан жоғары қабатқа орнатқан кезде барлық сөрелердің алдынан да атынан да ауа циркуляциясы үшін 50 мм кем емес саңылау болуы тиіс, ал палубадан жоғарғы қабат элементтерінің тығындарына дейінгі қашықтық 1500 мм-ден аспауы тиіс.

5342. Аккумуляторлық батареяларды немесе жеке аккумуляторларды (элементтерін) орнатқан кезде олардың арасында ауаның циркуляциясы үшін барлық жағынан 15 мм кем емес саңылауды қамтамасыз ететін төсемдер мен тіректер қарастырылуы тиіс.

5343. Аккумуляторлық жайларға кіру есіктерінде немесе олардың жанында, сондай-ақ аккумуляторлары бар жәшіктерде жарылыс қауіптілігі туралы сақтандыратын жазбалар болуы тиіс.

498-тарау. Жылыту, желдету

Ескерту. 502-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5344. Пайдалану кезінде температурасы 5°C төмен түсіү мүмкін аккумуляторлық жайлар мен жәшіктер жылытылуы тиіс. Жылытуды аралас жайлардың жылуы есебінен, сондай-ақ аккумуляторлық жайлардың ішінде орналасқан сулы немесе булы радиаторлармен жүзеге асыруға жол беріледі.

5345. Жылыту жүйесінің клапандары аккумуляторлық жайлардан тыс болулары тиіс.

5346. Аккумуляторлық жайларды жылыту үшін ауаны баптаудың кемелік жүйесі қолданылмауы тиіс.

5347. Аккумуляторларға арналған жайлар мен жәшіктердің ауа мен газдың жарылыс қауіпті қоспасының пайда болуы мен жинақталу мүмкіндігін болдырмайтын жеткілікті желдеткіші болуы тиіс.

Желдету жүйесі осы Қағиданың 296-тарауының талаптарына жауап беруі тиіс.

Ескерту. 5347-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5348. Жасанды желдетумен жабдықталған аккумуляторлық жайлардың желдеткіші қосқанға дейін аккумуляторларды зарядқа қосу мүмкіндігін болдырмайтын құрылғысы болуы тиіс.

Желдеткіштер тоқтатылған жағдайда зарядтау автоматты түрде сөндірілуі тиіс.

499-тарау. Аккумуляторлық батареяларды зарядтау. Аккумуляторлық үй-жайларда электр жабдығын орнату

Ескерту. 503-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5349. Жауапты тұтынушылардың аккумуляторлық батареяларын зарядтау үшін 8 сағат бойы батареяны зарядтауға есептелген зарядтау құрылғысы қарастырылуы тиіс.

Зарядта түрғанды ауыстыратын қосымша батареяны қолданған жағдайда зарядтау уақыты 8 сағаттан асуы мүмкін.

5350. Зарядтау құрылғысы батарея клеммасындағы және зарядтау тогының, ал апарттық энергия көздері үшін – сол сияқты бәсексіген токтың кернеуін өлшеу мүмкіндігін қарастыруы тиіс.

5351. Тасымалданушы аккумуляторлық шамдармен жабдықталған немесе аккумуляторлық қосалқы сигналды-ерекше шамдары бар кемелерде осы шамдардың аккумуляторларын зарядтауға арналған құрылғылар қарастырылуы тиіс.

5352. Жарылыстан қорғалып орындалған шырағдандардан, сондай-ақ аккумуляторлар мен шырағдандарға жеткізілген кабельдерден басқа, аккумуляторлық жайларда басқа электр жабдығын орнатуға жол берілмейді.

Аккумуляторлар мен шырағдандарға жеткізілген кабельдерді олардың металл сауыты немесе металл қабыршақпен жабылған орамасы бар болған және үл сауыт немесе орама екі ұшында да сенімді жерге қосылған жағдайда ашық төсеуге жол беріледі.

500-тарау. Іштен жану қозғалтқыштарын электростартерлік іске қосу

Ескерту. 504-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Стартерлік батареялар саны

5353. Электростартерлік қосыулары бар іштен жану қозғалтқыштарымен жабдықталған кемеде қозғалтқыштар санына қарамастан, басты және қосалқы қозғалтқыштарды іске қосу үшін кемінде екі стартерлік батареядан немесе барлық қозғалтқыштарды іске қосу үшін кемінде екі жалпы батарея стационарлы орнатылуы тиіс. Үл орайда батарея қызмет көрсететін топтың кез келген қозғалтқышын іске қосу үшін батареялардың кез келгенін пайдалану мүмкіндігін қамтамасыз ететін коммутацияның тұрақты жүйесі қарастырылуы тиіс. Үл орайда батареяларды паралель қосуға жол берілмейді.

5354. R3 жүзуге шек қойылған аудан кемелері үшін, сондай-ақ R2 жүзуге шек қойылған ауданның қуаттылығы аз қондырғысы бар кемелер үшін (жолаушылардан басқа) бір ғана стартерлік батареяны оны барлық қозғалтқыштарды іске қосу үшін пайдалану мүмкіндігі жағдайында жол беріледі.

2-параграф. Батареялардың сипаттамалары

5355. Әрбір стартерлік батарея анағұрлым қуатты стартерлік электр қозғалтқышының максималды тогына сәйкес келетін стартерлік режимдегі бәсекесінен токка есептелуі тиіс.

5356. Әрбір батареяның сиымдылығы қосуға дайындалған күйінде іштен жану қозғалтқышының алты реттен кем емес іске қосылуын, ал екі және одан көп

қозғалтқыштар үшін – әрбір қозғалтқыштың үштен кем емес іске қосылуын қамтамасыз етуі тиіс. Басты қозғалтқыштарды іске қосу үшін батареялардың жалпы сиымдылығы 30 минут бойы іске қосудың талап етілген санын қамтамасыз етуі тиіс.

5557. Батареялар сиымдылығын есептеген кезде әр іске қосудың бес секундан кем ұзақтығын қарастыру керек.

3-параграф. Зарядтау құрылғылары

5358. Стартерлік батареялардың зарядтау құрылғыларын қоректендіру, егер аспалы генератордан батареяны зарядтау қарастырылған болса дабасты тарату қалқанынан жеке фидерлер бойынша жүзеге асырылуы тиіс.

5359. R3 жүзуге шек қойылған аудан кемелері үшін, сондай-ақ R2 жүзуге шек қойылған ауданның қуаттылығы аз қондырығысы бар кемелер үшін (жолаушылардан басқа) стартерлік батареяны аспалы генератордан зарядтауға жол беріледі.

14-кіші бөлім. Электрлік апараттар және орнату арматурасы

501-тарау. Электр аппараттары

Ескерту. 505-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.

1-параграф. Жалпы талаптар

5360. Ауыспалы контактілері бар ажыратқыштардың конструкциясы контактілерді ауыстыру ажыратқыш немесе оның негізгі көздерін бөлшектемей қарапайым құралдармен орындалуы тиіс.

5361. Каюталықтан басқа, барлық бөлгіштер мен ажыратқыштар аппарат оператормен әрекетке келтірілетін орындағы контактілерді қосу күйінің механикалық немесе электрлік индикаторларымен жабдықталуы тиіс.

5362. Бақылаушы барабандарының және бақылаушы контролердің күйлері механикалық нақты тіркелуі тиіс; бұл орайда нөлдік күй, басқаларға қарағанда анағұрлым есепті тіркелуі тиіс.

Бақылаушы және бақылаушы контролердің барабандары шкаламен және күйді көрсеткішпен жабдықталуы тиіс.

5362. Жүзуді реттеу үшін қолданылатындардан басқа қосуды реттеуші аппараттар үшіншік және аралық тіркелген жағдайлар басқарудың жеке баспалдақтарында онай сезілетін, ал соңғы жағдайлардан тыс қозғалыстар мүмкін емес болатындағай дайындалуы тиіс.

2-параграф. Қол жетегі бар аппараттар

5364. Коммутациялық немесе қосуды реттеуші аппараттарды қолмен басқару органдарының қозғалысы бағыты тұтқаны (маховикті) сағат тілі бойымен айналдыру немесе тұтқаны (рычагты) жоғары немесе алға орын ауыстыру аппараттың қосылуына, электр қозғалтқышының іске қосылуына, айналымның артуына, кернеудің артуына және т.б. сәйкес келетіндегі болуы тиіс.

Көтергіш немесе түсіргіш құрылғыларды басқару кезінде тұтқаны (маховикті) сағат тілінің бойымен айналдыру немесе тұтқаны (рычагты) өзіне қозғалыстар көтеруге, ал сағат тіліне қарсы қозғалыс немесе өзінен қозғалыс – түсіруге сәйкес келуі тиіс.

5365. Ажыратқыштардың түймешелері олар кездейсоқ іске қосыла алмайтындаі дайындалуы тиіс.

3-параграф. Машиналық жетектері бар аппараттар

5366. Автоматты және басқа да ажыратқыштардың жетекті тетігі машиналық жетекті қозғалысқа келтіретін энергия жоғалған жағдайда ажыратқыштың контактілері тек қосылған немесе ажыратылған жағдайда ғана қалатындаі конструкциялануы тиіс.

5365. Электрлік машиналық жетек 85 — 110 % номиналдық мән шегінде басқару тізбегінің кернеулері өзгерген кезде, ал айнымалы ток кезінде – номиналдыдан ± 5 % шегінде жиіліктің ауытқуы кезінде аппараттың сенімді қосылуын қамтамасыз етуі тиіс.

5367. Басқару тізбегі кернеуінің номиналдық мәннің 70 %-на дейін төмендеуі аппараттар контактілерінің ажырауын немесе контактілік басудың азаюын тұдымдауы тиіс.

5368. Конструкцияда машиналық жетегі бар ажыратқышты қолмен басқару мүмкіндігі қарастырылуы тиіс.

4-параграф. Катушкалар, қарсылық білдіру элементтері, сақтандырғыштар

5370. Сымды немесе желіні катушканың орамасына бекіту қосылған сымнан құштер катушканың айналымдарына берілмейтіндегі орындалуы тиіс.

5371. Катушки электромагнитных аппаратов должны иметь обозначения их характеристик.

5372. Қарсылық білдіру элементтері секция бойынша немесе тұтас оңай бөлінуі тиіс

5373. Қарсылық білдірүлер рұқсат етілгендерді аспайтын шектерге дейін басқа құрылғыларды қыздырмайтындаі болып орналасуы және желдетілуі тиіс.

5374. Қарсылық білдіру элементтері арасындағы немесе олар мен қысқыштар арасындағы қосулар, егер оларды бөлшектеу қажеттігі қарастырылмаса, дәнекерлі немесе қатайту арқылы механикалық егелген болуы тиіс. Егер қосу орнында температура дәнекерлеу үшін рұқсат етілген шектен аспаса дәнекерлеуді қолдануға жол беріледі.

5375. Балқығыш ендірмелердің корпустары толығымен жабық болуы тиіс. Балқығыш ендірменің балқып кетуі дөғаның сыртқа лақтырылуын, ұшқындауын немесе жақын бөліктерге басқа да зиянды әсер етуді тудырмауы тиіс.

502-тaraу. Орнату арматурасы

Ескерту. 506-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Жалпы талаптар

5376. Арматура корпустары тот басуға тұрақты немесе тот басудан сәйкесінше қорғалған және кем дегендे механикалық беріктікке сәйкес келетін қын тұтанатын материалдан дайындалуы тиіс. Ашық палубада, салқындастылатын жайларда, балық өндек цехтарында және басқа да ылғалды жерлерде орнатуға арналған арматуралар корпустары жезден, қоладан немесе тең бағалы материалдан немесе тиісті сападағы пластмассадан дайындалуы тиіс. Егер болат немесе алюминий қорытпалары қолданылатын болса, тиісті тот басуға қарсы қорғанысты қолдану қажет.

Алюминий қорытпасынан дайындалған заттардан бөлшектердің бұрандалы және отырғызылатын қосылуларын өндіру ұсынылмайды.

5377. Ток жүргізетін бөліктер бекітілетін оқшаулау бөлшектері 500°C -ты қоса температура кезінде электр ұшқынынан жалындаитын газдарды бөлмейтін материалдардан дайындалуы тиіс.

5378. Жанатын материалдарға немесе олардың жандарында орнатуға арналған жарықтандыру арматурасы 90°C жоғары қызбайтындей болып дайындалуы тиіс.

2-параграф. Патрондар, штепсельдік қосылулар

5379. Бұрандалы цоколы бар жарықтандыру патрондарының конструкциясы шамдардың өздігінен бұралуынан сенімді ұстап тұруын қамтамасыз етуі тиіс.

5380. Патрондарға ажыратқыштарды орнатуға жол берілмейді.

5381. Эрбір жарық беретін патронның белгіленген номиналдық кернеуі, сондай-ақ ең үлкен рұқсат етілген тогы немесе қуаттылығы болуы тиіс.

5382. Штепсельдік розеткалардың контактлік ұяшықтары штепсельдік ашаның қадалығымен байланыста үздіксіз қысымды қамтамасыз ететін конструкцияда болуы тиіс.

5383. Штепсельдік ашаларды жарма қадалықтармен қолдануға жол берілмейді. 10 А жоғары ток үшін штепсельдік ашалардың қадалықтары цилиндрлі тұтас немесе құыс боуы тиіс.

5384. Қауіпсізден жоғары кернеуге арналған штепсельді розеткалар мен ашалар қосылатын тұтынушылар кабелінің жерге қосылатын желілерін қосу үшін контактісі болуы тиіс.

5385. Штепсельді розеткалар ашаның розеткада не розеткада жоктығына қарамастан, қорғаныс дәрежесі қамтамасыз етілетіндей дайындалуы тиіс.

5386. 16 А жоғары номиналды тогы бар штепсельдік розеткаларда жапсарластырылған ажыратқыштар қаастырылуы тиіс. Сонымен қатар бұл розеткаларда, егер розетканы ажыратқыш "қосылған" жайда тұрса, ашаның қосылу немесе оны алу мүмкіндігін болдырмайтын блоктауды да қаастыру керек.

5387. Блокталмаған штепсельдік розеткаларда ауа бойынша және оқшаулау материалы бойынша контактілер арасындағы қашықтық номиналдық кернеу кезінде номиналдыдан 50% жоғары токпен жүктелген ашаны алу кезінде доғадан асып кетудің салдарынан шағын тұйықталу пайда болуы болмайтындей болуы тиіс.

5388. Штепсельдік розеткалар мен ашалардың жерге қосу ұясына ток жүргізетін қадалықты қоюға мүмкін болмайтындей, ал айналу (әрекеті) бағыты фазалар немесе полюстардың жол тәртібінің өзгеруіне байланысты қозғалтқыштарды (құрылғыларды) қосуға арналған розеткалардың конструкциясы осы тәртіптің өзгеру мүмкіндігін қосымша болдырмайтындей конструкциясы болуы тиіс. Ашаны штепсельдік розеткамен қосқан кезде ашаның жерге қосылатын бөлігі ток өткізетін қадалықтарды қосқанға дейін штепсельдік розетканың жерге қосылатын бөлігімен байланысқа түсүі тиіс.

5389. Штепсельдік розеткалар мен ашаларда сақтандырғыштарды орнатуға жол берілмейді.

15-кіші бөлім. Электрлік қыздырғыштар және жылдыту құралдары

503-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 507-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5390. Стационарлық түрдегі электрлік қыздыру құрылғыларын қолдануға жол беріледі.

5391. Электрлік қыздыру құрылғыларын қоректендіру басты тарату қалқандарынан немесе осы мақсаттарға арналған топтық қалқандардан, сондай-ақ осы Қағиданың 5125 -тармағының талаптарын ескере отырып жарықтандырудың тарату қалқандарынан жүзеге асырылады.

5392. Электрлік қыздыру құралдары конструкциясының негізгі бөліктері, сондай-ақ қаптаманың ішкі жабындылары толығымен жанбайтын материалдардан дайындалуы тиіс.

5393. Қыздырылған күйдегі рұқсат етілген токтың жоғалуы кез келген бөлек қосылатын қыздыру элементі үшін номиналдық қуаттылығы 1 кВт-қа 1 мА-ден жоғары және барлық құрал үшін 10 мА жоғары болмауы тиіс.

5394. Электрлік қыздыру құрылғылары персонал пайдаланылуы тиіс немесе жанасуы мүмкін олардың бөліктегі температурасы осы Қағиданың 475-қосымшасында көрсетілген мәндерден аспайтында болуы тиіс.

504-тарау. Жылыту құралдары

Ескерту. 508-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5395. Жайларға арналған электрлік жылыту құралдары стационарлық болуы тиіс. Олар құрал корпусының температурасы жол берілмеген артуы жағдайында қоректендіруді ажырататын құрылғылармен жабдықталуы тиіс.

5396. Егер жылыту және қыздыру құралдарында жапсарлас ерекшеленетін құрылғылар қарастырылмаған болса, онда мұндай құрылғылар осы құралдар тұрған жайларға орнатылуы тиіс.

Ажыратқыштар барлық полюстар немесе фазалардағы қоректерді ажыратулары тиіс

5397. Электрлік жылыту құралдарының қаптамалары конструкциясы оларға қанда да болсын құралдарды қою мүмкіндігін болдырмауы тиіс.

5398. Осы Қағиданың 466-қосымшасына сәйкес жол берілетін 380 В және одан жоғары кернеуге стационарлық жылыту құралдары арнайы құралды қолданбай кернеуде тұрған бөліктеге ен мүмкіндігін болдырмайтын қорғаныс түрінде жасалған болуы тиіс. Қаптамалар кернеуді көрсететін жазбалармен жабдықталуы тиіс.

5399. Камбуздық электрлік қыздыру құралдары кернеуде тұрған бқліктермен ыдыстардың жанасу мүмкіндігін болдырмайтында және сұйықтықтардың ағып кетуі шағын тұйықталуды немесе оқшаулаудың зақымдануын тудырмайтында болып дайындалуы тиіс.

5400. Хауыз, егер сұйреутіннен 0,3 м аумақтағы температура 140^0 С-дан асса, желіден электр қыздырғышын ажыратуы тиіс (бұл орайда электр қыздырғыштарын басқару тізбектері де токсыздандырылуы тиіс) температура шектеуішімен жабдықталуы тиіс. Бұл ауданда электр қыздырғыштарын басқару құрылғылары (термостаттар мен температуралы шектеушілер) мен 170^0 С кем емес температурага шыдайтын кабельдер орнатылуы мүмкін.

505-тарау. Отын, май және суға арналған жылыту құрылғылары

Ескерту. 509-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5401. Осы тараудың талаптарынан басқа, қыздыру құралдары осы Қағиданың 6-кіші бөлімінің талаптарына жауап беруі тиіс.

5402. Жарқ ету температурасы 60^0C -тан жоғары отын мен майды қыздыруға осы Қағиданың 5403 және 5404-тармақтарының талаптарын орындаған кезде электр қыздырғыштарымен жүзеге асыруға жол беріледі.

5403. Құбыр жолдарын жылдықтың құрылғылары температуралы реттеу құралдарымен, жұмыс режимдері туралы жарықтық дабылнамалары туралы, сондай-ақ бұзушылықтар мен жол берілген температуралың артуы туралы жарықтық және дыбыстық дабылнамамен жабдықталуы тиіс.

5404. Танкілердегі отындар мен майларды жылдыту құрылғылары жылдытылатын ортандың температурасын реттеу құралдарымен, жылдытылатын элементтердің беткі температурасы датчиктерімен, минималды деңгей датчиктерімен және температуралың жол берілген жоғарғы шегінен асқан кезде және ең төменгі деңгейден азайған кезде жылдықтыштардың қоректенуін ағыту құралдарымен жабдықталуы тиіс.

5405. Отын және май жылдықтыштары қыздырылатын ортандың температурасын реттеу құрылғыларымен жабдықталуы тиіс. Жылдытылатын ортандың температурасын реттеу құрылғысына қарамастан жылдытылатын элементтің бетінің температурасы 220^0C жеткен кезде қолмен блоктаудан кернеуді тартуды ажырату құрылғысын қарастыру керек.

506-тарау. Жылдыту кабельдерін қолданатын жүйелер

Ескерту. 510-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5406. Мұз жою және мұздануды болдырмау үшін қыздыру кабельдерін қолдану жүйесімен кеме құрылғылары, мыналарға арналған жабдықтар мен кеңістіктер жараптандырылады:

Кеменің өзінің негізгі мақсатын орындаулары (сынып символындағы сөзбен сипаттау)

Басқарушылықты сақтап қалу;

Ауытқымаушылықты сақтау;

Экипаж қауіпсіздігі (салдар, қайықтар, траптар, леерлер және т.б.).

5407. Мұндай жүйелердің жылу өндіргіштігі мынадан кем болмауы тиіс:

$300 \text{ Вт}/\text{m}^2$ ашық палубалардың, тік ұшақ аландарының, траптардың және көпіршелердің кеңістіктері үшін;

200 Вт/м² қондырмалар үшін;

50 Вт/м² іштен жылытылатын леерлік қоршаулар үшін.

Өзге аудандар мен кеңістіктер үшін жылу өндіргіштік әр жағдайда Тіркеушінің арнайы қарау құралы болып табылады.

5408. Қыздырудың электр кабельдері қолданылған жүйелерде тиімді жылыту үшін кабель мен жылытатын жабдық (кеңістік) арасындағы жылу беруге ерекше назар аударылу керек.

5409. Көрсетілген жүйелер үшін тарату қалқаны мыналармен жабдықталуы тиіс:

Жалпы жүктемені индикациялау үшін ваттметрмен немесе амперметрмен;

Әрбір тізбектің, сондай-ақ тұтастай қалқанның есепті жүктемесін көрсете отырып ерекшелік мәндайшасын;

Ескерту жабылнамасымен әрбір тізбек бойынша жерге түйікталуды бақылау құрылғысын;

Әр тізбек бойынша жүктеме қосылғандығы туралы сигналды шамдарды.

5410. Қыздыру кабельдері тізбектің номиналды тогының 125% шамадан тыс жүктелуінен қорғалуы тиіс. Өзіндік реттелетін түрдегі кабельдер үшін шамадан тыс жүктемеден қорғаныс қолданылмауы мүмкін.

5411. Құбыр жолдары мен арматураны жылытуға арналған жылыту кабельдері бар жүйелерін пайдаланған кезде, сонымен қатаросы Қағиданың 266-тарауының талаптары да орындалуы тиіс.

16-кіші бөлім. Кабельдер мен сымдар

507-тaraу. Жалпы ережелер, тамырлар

Ескерту. 511-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.

5412. Осы бөлімнің талаптары 1000 В жоғары кернеуге арналған радио жиілікті, телефон, сондай-ақ күштік кабельдерге қолданылмайды.

5413. жауапты тұтынушыларды қоректендіруге арналған кабельдер желілері көп сымды болулары тиіс (осы Қағиданың 5430-тармағы). Осы Қағиданың 476-қосымшасында желідегі сымдардың минималды саны туралы мәліметтер келтірілген.

5414. Желілердің жеке сымдарының қосылулары бір біріне ара қатынасы бойынша 500 мм кем емес қашықтықта желінің ұзындығымен ығыстырылмаған болуы тиіс.

Мұндай қосылулар сымдардың механикалық және электрлік қасиеттерін нашарлатпауы тиіс, сымдар мен тұтастай желінің қималарын өзгертуеі тиіс.

5415. Резинамен оқшауланған мыс желілердің жеке сымдары қалайымен немесе басқа тиісті қорытпамен жабылуы тиіс.

қалайының немесе тот басуға қарсы сыртқы ораманың жабынын немесе егер өндіруші-зауыт резинамен оқшаулау желінің металына зиянды әсер етпейтіндігіне кепілдік берген шараларды қарастырса, резинамен оқшауланған желілердің барлық сымдарының жоқтығына жол беріледі.

Басқа оқшаулау түрлері бар желілер үшін қалайылау талап етілмейді.

508-тарау. Оқшаулағыш материалдар, қабықтар, қорғаныш жабындар

Ескерту. 512-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5416. Кабельдер мен сымдардың желілерін оқшаулау үшін осы Қағиданың 477-көсімшасында көрсетілген оқшаулау материалдары қолданылуы мүмкін.

Басқа оқшаулау материалдарын қолдану әр жағдайда Кеме қатынасы тіркелімінің арнайы қаруындағы нәрсе болып табылады.

5417. Кабельдер мен сымдардың қорғаныс қабыршақтары осы Қағиданың 477-көсімшасында көрсетілген металл емес материалдардан, қорғасыннан және мыстан дайындалуы мүмкін.

Басқа материалдардан жасалған қабыршақтарды қолдану әр жағдайда Кеме қатынасы тіркелімінің арнайы қаруындағы нәрсе болып табылады.

5418. Қорғаныс қабықшасы жол берілетін ақаулықтар шамасында, кабельдің барлық өндірістік ұзындығы бойынша және түрғын кабельдерді концентраттық түрде қаптап, бірдей қалындықта болуы тиіс. Қабықтар қорғаныс талшықтарына берік жабысып, өткізбейтін жабын түзуі тиіс.

5419. Кабельдердің қорғасын қабықтарын ұлттық стандарттар регламенттеген тиісті балқымалардан жасау қажет.

Қорғасын қаптама қосымша қорғаныс қаптамасымен қапталған жағдайда ғана таза қорғасыннан жасалған қаптама қолданылуы мүмкін.

5420. Экрандайтын орам жez майда сымдардан жасалуы тиіс. Егер жez майда емес сымдар пайдаланылса онда ол тиісті қабықпен қоргалуы тиіс. Экрандалынбайтын орамдар болат цинктелмеген сымдардан жасалуы мүмкін. Орам біркелкі болуы және оның қалындығы сол диаметрлі құбырдың массасының кем дегенде 90% тең, дәл сондай материалдан жасалған және қабырға қалындығы орам сымының диаметріне тең болуы тиіс.

5421. Металл сауыт күйдірілген және цинктелген, кабель қабығына түсірудің тиісті шагымен немесе қабықшадағы қосымша жастықшаға спиральді түрде дайын кабельдің қорғанысын және иілгіштігін қамтамасыз ететін толассыз цилиндрлік қабық қалыптасатында етіліп болат сымнан және лентадан жасалуы тиіс. Ерекше талаптар бойынша сауыт жоғарыда аталған тәсілдер бойынша магниттік емес металдардан жоғарыда көрсетілген тәсілдемен жасалуы мүмкін.

5422. Болат лентадан немесе сымнан жасалған сауыт немесе кабел орамасы коррозиядан мықты қорғалған болуы тиіс.

5423. Сауыт астындағы жастықша ылғалды сорып алатын материалдардан жасалуы тиіс.

509-тарау. Таңбалау, монтаждау сымдары

Ескерту. 513-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5424. Резенке немесе поливинилхлоридтан жасалған оқшаулауы бар кабельдерді 60⁰С жоғары тұрғын орынжайларына арналған жоғары температуралар үшін оларды ұқсатуға мүмкіндік тудыратын тәсілдермен белгілеген жөн.

5425. Тұрғын кабельдері таңбаның жеткілікті түгелдігін қамтамасыз ететін тәсілмен таңбалануы қажет.

Бірнеше концентрикалық қабаттарда орналасқан көп желіллі желілерде әр қабатта кемінде екі қылышынан желілерді әртүрлі түстермен таңбалаған жөн.

5426. Отқа төтеп беретін кабельдер ерекшеленетін таңбаларға ие болуы тиіс.

5427. Тарату қалқандарында және электрлік қондырғыларда ішкі қосулар үшін біржелілі оқшауланған сымдарды қолдануға болады.

5428. Оқшауланбаған сымдар мен шиналарды электрлік қондырғылардың ішкі жинақтауы үшін қолдануға жол беріледі. Оқшауланбаған сымдар немесе шиналармен сыртқы монтаждауға оларды мықты қоршау шартында ғана жол беріледі.

510-тарау. Кабельдік желі

Ескерту. 514-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Жалпы талаптар

5429. Жанбайтын және жануды таратпайтын, жez желілі, Қағиданың осы бөлігіндегі талаптарға, ұлттық стандарттарға сәйкес, сондай-ақ МЭК 60092 сериясының стандарттарының тиісті талаптарына жауап беретін кабельдер мен сымдар қолданылуы тиіс.

Кабельдердің өртке төтен беретіндігін сынауға қатысты сыртқы диаметрі 20 мм кабельдер үшін МЭК 60331-31 стандарттары және басқа диаметрлер үшін – 60331 қолданылуы тиіс.

Басқа типті кабельдер мен сымдарды пайдалану арнайы қарауды талап ететін жағдай болып табылады. Бұл орайда мәліметтерді жіберуге арналған кабелдер үшін

МЭК 60331-23 және оптико-талшықты кабельдер үшін 60331-25 стандарттар қолданылуы мүмкін.

5430. Көпсымдары бар желілер және желінің көлденен қылышу ауданы мыналардан төмен емес кабельдер қолданылуы тиіс:

- 1) жауапты қондырғылардың қорек, басқару жән дабылнама тізбектерінде және басқа қондырғылардың тізбектерінде $1,0 \text{ mm}^2$;
- 2) басқару және дабылнама тізбектерінде $0,75 \text{ mm}^2$;
- 3) кабельде желілерінің сымы 4 кем болмайтын бақылау-өлшегіш және ішкі байланыс тізбектерінде $0,5 \text{ mm}^2$.

Жауапты қондырғыларды қоректендіру үшін бір сымды қысыудың жеілік ауданы $1,5 \text{ mm}^2$ және одан төмен қондырғыларды пайдалануға жол беріледі.

5431. Үлкен индуктивті және сыйымдылықты жүктемелі желілері үшін желінің шамамен екі еселендірілген номиналдық кернеуіне тең жұмыс кернеуіне есептелген кабельдер қолданылуы тиіс.

5432. Орнатылып жатқан кабельдік немесе сымның желісін оқшаулауға арналған ең жоғары жол берілетін температура қоршаған ортаның көзделген температурасынан кем дегенде 10^0C жоғары болуы тиіс.

5433. Мұнай өнімдері немесе басқа агрессивтік ортамен ұштасатын орындарда аталған ортаның әрекет етуіне төтеп беретін, қабығы бар кабельдер қолданылуы тиіс. Бұл қасиеттерге ие емес кабельдерді металл құбырлардағы орындарда ғана төсеуге рұқсат беріледі (осы Қағиданың 548 -тармағы 8 параграфы).

5434. Кабельдер механикалық зақымдарға ұшырауы мүмкін орындарда тиісті сауыты бар кабельдер төселиуі қажет, ал басқа типті кабельдер мұндай орындарда қорғалуы немесе құбырларға төселиуі тиіс (осы Қағиданың 514-тарауы 8-параграф).

5435. А категориялық машиналық жайлардың шахталары, камбуздар, кептіргіш және басқада жоғары өрт қауіпті орын-жайлардан өтетін спринкерлік жүйенің электрлік жетегін және электр энергиясының апattyқ көзінің өрт сорғысын қоректендіретін кабельдері өртке төтеп беретін немесе жалынның әсер етуінен қорғалған болуы тиіс.

Жоғарыда аталған талаптар бұл қондырғыларды дистанциялық басқару кабельдеріне де қатысты.

5436. Жауапты және апattyқ қондырғылардың, сондай-ақ өрт жағдайы кезінде талап етілетін қондырғылардың кабельдері олардың қоректендіру кабельдерін қоса алғанда жоғары өрт қауіпті жайлардан өтетін трассаларда төсельмеуі қажет (осы Қағиданың 5437-тармағы) және жолаушылар кемелері үшін қосымша ретінде егер қондырғылардың өздері осы жайларда орналасқан жағдайларды есепке алмағанда басты тік өртке қарсы аймақтар арқылы өтпеуі тиіс.

Бұлау төсөу қажет болған жағдайда кабельдер осы Қағиданың 429-тармағына сәйкес өртке қарсы болуы тиіс.

5437. жоғары өрт қауіпті орын-жайларға мыналар жатады:

А категориялы машиналық жайлар,

Жағармайды және басқада жеңіл тұтанатын заттарды дайындауға арналған жабдықтар бар орын-жай;

азықты дайындау үшін жабдықтар бар камбуздар және олардың көмекші орын-жайлары;

кептіруге арналған жабдықтар бар кіржуатын бөлмелер;

жоғары өрт қауіпті тұрғын орын-жайлар;

тұтанғыш сұйықтықтарды сақтауға арналған малярлық, қойма және осындай орын-жайлар;

жарылудан қорғайтын электрлік жабдықты орнату талап етілетін жабық және жартылай жабық жарылғыш қауіпті орын-жайлар.

5438. Осы қондырғыларға қатысты кабельдер, тарату қондырғылары, коммутациялық және қорғаныс аппаратуралары, орнату аппаратуралары мұндай орын-жайлардан немесе аймақтардың кез-келгенінде өртке байланысты бұл қондырғылардың істен шығуын минимумға әкелетіндей құрылымды және орнатылған болуы тиіс.

5439. өрт жағдайы кезінде талап етілетін қондырғыларға мыналар жатады:

қауырт сигнал беру;

өрт сөндіру жүйелері;

өртті анықтау дабылнамасы;

өрт сөндіру жүйесінің қосылғандығы туралы сигналдық ескерту;

өртке қарсы есіктерді басқару қондырғылары олардың орналасу көрсеткіштерімен;

олардың орналасу көрсеткіштері және ескерту дабылнамасы бар су өткізбейтін есіктерді басқару қондырғылары;

апаттық жарықтандыру;

командалық-трансляциялық қондырғы;

төмен орнатылған жарықтандыру;

жұмысы өрттің және/немесе жарылстың таралуын қолдауы мүмкін жүйелерді дистанциялық апаттық өшіру.

5440. Осы Қағиданың 5439-тармағында көрсетілген қондырғылар үшін өртке қарсы қондырғыларды пайдалану міндетті емес, егер:

1) қондырғылардың бас тартусызы жұмыс істеуі бір-бірінен мүмкіндігінше максималды түрде алшақ орналасқан тіптен бір ілмектің немесе радиалдық сәуленің істен шыққанында қалғандары қондырғылар іске жарамдылығын сақтап қалатын кабельдер екі ілмекті немесе радиальді түрде төсөледі;

2) қондырғылар қысқа тұйықталу, тізбектің үзілуі, корпусқа тұйықталу кезінде өзін-өзі басқара алады немесе бұл қондырғылардың бас тартусыз жұмыс істеуі бір-бірінен максималдық түрде алшақ орналасқан бөлек трассаларға төсөлген кабельдердің ілесіп жұмыс істеуімен қамтамасыз етіледі.

2-параграф. Жүктемелер бойынша кабельдерді және сымдарды іріктеу

5441. Әртүрлі материалдардан оқшауланған бір желілі кабельдер мен сымдарға арналған ұзақ жол берілетін тоқ жүктемелері осы Қағиданың 479 қосымшасында көрсетілгендерге сәйкес болуы тиіс.

Бұл кестеде көрсетілген тоқ жүктемелері келесі кабельдер төсөуіне жатады:

бір-біріне жақын орналасқан бір иірімде немесе бір қатарға алты кабельден артық емес кабельдерді төсөу;

қатардағы кабельдер санына қарамастан алты кабельдерден тұратын топтар немесе иірімдердің арасында ауаны циркуляцилауға арналған кеңістік қалған жағдайда кабельдерді екі қатарға төсөуге.

Бір уақытта номиналдық тоқпен жүктелуі мүмкін иірімдерде алты кабельден артық кабельдерді төсөу кезінде немесе ауаның циркуляциялануына арналған бос кеңістіктің болмағанында кестемен жол берілген тоқ жүктемелері аталған қима үшін 15% (0,85 коэффициенті) төмендетілуі тиіс.

5442. Осы Қағиданың 479 қосымшасында келтірілген қимағаларға, сондай-ақ кез-келген қималарға арналған амперлердегі номиналдық жүктемелердің жоғарылығы формула бойынша есептеледі

I=

$$S^{\frac{\alpha}{0.625}} \text{ (931)}$$

α — осы Қағиданың 472 қосымшасы бойынша анықталатын желінің максималдық жол берілетін жұмыс температурасына сәйкес келетін коэффициент;

S — желінің номиналдық қимасы.

5443. Екі, үш және төрт желілі кабельдерге арналған жол берілетін тоқ жүктемелері осы Қағиданың 471 -тармағында көрсетілген қима үшін келесі түзету коэффициенттердің көмегімен жүктемені түсіру арқылы анықталуы тиіс:

0,85 — екі желілі кабельдер үшін,

0,70 — үш және төрт желілі кабельдер үшін.

5445. Қайталама-қысқа уақытты немесе қысқа уақытты жүктемемен тізбектерде орнатылған кабельдер мен сымдардың жол берілетін тоқты кабельдері осы Қағиданың

471 қосымшасында көрсетілген немесе осы Қағиданың 472 қосымшасында таңдалған кабельдерді ұзак уақыт жүктелуін осы Қағиданың 473 қосымшасында көрсетілген түзету коэффициенттеріне көбейту арқылы анықталуы қажет.

5445. Осы Қағиданың 471 қосымшасында көрсетілген жол берілетін тоқ жүктемелер қоршаған ортандың температурасына 45^0C тең ретінде көрсетілген.

Коршаған ортандың температурасына байланысты енгізілетін жол берілетін жүктемені есептеуге арналған түзету коэффициенттері осы Қағиданың 4782-қосымшасында келтірілген.

5446. Жарқтандырудың ақырғы тізбектеріне немесе жылдыту құралдарына арналған кабельдерді іріктеу кезінде тоқ жүктемелі және бір уақытта түзету коэффициенттері қолданылмауы тиіс.

5447. Кабельдер қорғаныс қондырыларының тоқуатылық сипаттамасын және бірінші жартымезгілдікте қысқа тұйықталудың күтілетін тоғының ақырғы белгісін есепке ала отырып олар қысқа тұйықталатын тізбектен максималдық ағатын тоқты көтере алатында етіліп есептелулері қажет.

5448. Бір фазаға немесе полюсқа параллельді түрде төсөлетін кабельдер бір типті болуы, бірге төселеуі және 10 mm^2 кем емес бірдей қимасы болуы және бірдей ұзындықта болуы тиіс.

3-параграф. Кернеулердің жол берілетін төмендеуіне арналған кабельдердің қылышу ауданын тандау

5449. Генераторларды басты тарату қалқанымен және апattyқ тарату қалқандарымен қосатын кабельдердің кернеудің төмендеуі 1% жоғары болмауы тиіс.

5450. Басты тарату қалқандарының құралатын шиналары немесе апattyқ тарату қалқандарының және қалыпты жұмыс жағдайлары кезінде қондырылардың кез-келген нүктелерінің арасында кернеудің төмендеуі номиналдық кернеудің 6% аспауы, ал номиналдық кернеуі 50 В аккумуляторлық батареялардан қорек алатын тұтынушылар үшін бұл мөлшер 10% дейін өсуі мүмкін.

Сигналдық-ерекшеленетін шамдардың тізбектері үшін талап етіледін жарық сипаттамасын қамтмасыз ету үшін кернеудің төмендеуін төмен шамаға шектеуі талап етілуі мүмкін.

Қысқа уақтты жүктемелер кезінде мысалы электрлік қозғалтқыштарды қосқан кезде егер ол кемелік электрлік қондырылардың жұмысына ақаулықтар туғызбаса кернеудің қатты төмендеуіне жол берілуі мүмкін.

5451. Тікелей қосылатын ауыспалы тоқты электрлік қозғалтқыштарды қоректендіруге қызмет көрсететін кабельдер қосу кезінде қозғалтықштың клеммасындағы кернеулердің төмендеуі номинадық кернеуден 25% аспайтында болуы қажет.

Кернеудің көрсетілген тәмендеуін жоғарлату мүмкіндігі әр жағдайда Тіркеудің арнайы талқылайтын мәселесі болып табылады.

4-параграф. Кабельдерді төсөу

5452. Кабельдер мүмкіндігінше тік және қол жетімді трассаларда төселеуі тиіс.

Трассалар кабельдер май, жаған май, су және шамадан тыс ішкі қыздырудын ұзак уақыттық әсеріне ұшырамайтын орындар арқылы өтуі тиіс.

Кабельдік трассалар жылу көздерінен 100 мм кем емес қашықтықта орналасуы қажет.

5453. Екі қабетты түптен 50 мм кем емес қашықтықта және жанармай немесе цистернасының жаңына ешқандай кабельдер жүргізілмеуі тиіс.

Кабельдер сыртқы қаптамадан, сондай-ақ өртке қарсы, су өткізбейтін және газ өткізбейтін қалқадан және палубадан 20 мм кем емес қашктықта орналасуы қажет.

5454. Жалынның талауына сыналмаған кабельдік бүмаларды төсөу кезінде келесі шаралар қабылдануы қажет:

1) басты тарату қалқандарына, апатық тарату қалқандарына, басқарманың орталық бекетіне, күштік қондырыларды және жауапты тағайындаудағы орталық басқару қалқандарына, сондай-ақ толықтай жабылған трассалардың әр шетінде (осы Қағиданың 475 қосымшасы) кабельдік бүмаларды кіргізер кезінде жоқ дегенде В-О типті (осы Қағиданың 7 бөлімі 2271 -тармағы) өртті тоқтататын құрылымдар қолданылыу тиіс;

2) жабық және жартылай жабық орын-жайлар мен кеңістіктерде жартылай ашық және ашық трассаларға төсеген кабельді бүмалар қорғалуы тиіс:

тік тассалар үшін барлық ұзындық бойынша төсеген және ұзындығы 1 м интервалы 14 м участкермен көлденен трассалар үшін (осы Қағиданың 476 қосымшасы) өртке төтеп беретін массаны кем дегенде әр палубаға немесе әр 6 м үшін тік трассаларға және әрбір 14 м сайын көлденен трассаларға (осы Қағиданың 477 қосымшасы) В-О текстес өртке төтеп беретін құрылымды пайдалану жолымен. Өртке төтеп беретін құрылымдар 3 мм кем емес қалындықтағы және осы Қағиданың 477 қосымшасында көрсетілген өлшемдерге сәйкес болат қаңылтырлардан жасалуы тиіс.

3) жүк трюмдеріне төсегетін кабельді бүмалар кем дегенде трюмнің жиектерінде В-О текстес өртке төтеп беретін құрылымдарды пайдалану арқылы қорғалуы тиіс.

5455. Сырты металл сауитты кабельдерді жеңіл металдан жасалған құрылымдарға пайдалануға және жеңіл металдан жасалған қапсырманы пайдаланып тек қана мықты коррозияға қарсы қорғанысты пайдаланған жағдайда ғана бекітуге жол беріледі.

5456. Қауіпті жүктерді тасымалдауға арналған құрғақ жүкті кемелердің трюмдерінде әдетінше транзиттік кабельдерді төсеге жол берілмейді.

Мұндай трюмдерде кабелдерді төсеге жол беру және тәсілдері әр жағдайда Кеме қатынасы тіркелімінің арнайы қаруындағы нәрсе болып табылады.

5457. Балық аулайтын кемелерде тұздың әсеріне ұшырайтын орындарда төсөлетін кабельдер тұздың әсеріне төтеп беретін қаптамалар қорғалған немесе қабықшалары болуы тиіс.

5458. Машиналық орын-жайдың төсемінің астына кабельдерді төсеуге жол берілмейді. Егер мұндай төсеу қажет болса кабельдер металл құбырларда немесе жабық каналдарға (осы Қағиданың 514-тарау 8 параграф) төселеуі тиіс.

5459. Корпустың ұлғайтқыш қосулары арқылы төсөлетін кабельдерде мұндай қосулар үшін жеткілікті радиусты компенсациялық ілмек көзделуі тиіс. Ілмектің ішкі диаметрі кабельдің сыртқы 12 диаметрінен кем емес болуы тиіс.

5460. Оқшаулы кабельдерді жалпы кабельдік трассаларда әртүрлі жол берілетін температураларда төсеу абелльдер жол берілетін температурада қызбайтындағы етіп іске асырылуы тиіс.

5461. Төмен төзімдісі зақымдануға ұшырауы мүмкін әртүрлі қорғаныс сауыт бар кабельдер ортақ құбырда, ортақ желіде немесе бірге бекітілген төсемдердің басқа тәсілдерімен бірге төселеуіне болмайды.

5462. Есетін электрлік жабдықтардың басты тоғының кабельдері өлдекайда төмен кернеулі кабельдерден немесе басқа тағайындаулы кабельдерден 0,5 м кем емес қашықтықтан төселеулері қажет.

5463. Көп желілі кабельдердің желілері бір-біріне байланысы жоқ жауапты қондырғыларды қоректендіруге және басқаруға пайдаланылмауы қажет.

Көпжелілі кабельдерде қауіпсіз кернеулерді және қауіпсіздіктен жоғары жұмыс кернеулерін бір уақытта пайдалануға жол берілмейді.

5464. Қондырғыларды бөлек екі фидерлер арқылы қоректендіру кезінде олар бөлек трассалармен мүмкіндігінше тік және көлденен бағыттарда бір-бірінен максималдық қашықтықта төселеуі тиіс.

5465. Кабельдерді каналдарға немесе жанатын материалдардан даярланған құрылымдарға төсеу кезінде кабельдерді төсеу ауданы қаптама, жабын немесе сіңіру сияқты өртке төтеп беретін құралдардың көмегімен тұтанудан қорғалған болуы тиіс.

5466. Төсөлетін кабельдер егер олар жанатын материалдардан дайындалған болса жылу немес дыбыс оқшауына батырылған болмауы тиіс. Мұндай оқшаулардан кабельдер жанбайтын материалдардан жасалған қаптама арқылы бөлінуі немесе одан 20 мм кем емес қашықтықта орналасуы қажет.

Жанбайтын материалдардан жасалған жылу және дыбыстық оқшауларды төсеу кезінде кабельдер жүктемелерді тиісті төмендетеіндегі болып есептелуі қажет.

5467. Салқыннататын орын-жайларда төсөлетін кабельдер металл, полихлоропренді резина немесе басқада тоңазытқыш агенттің әсеріне төзетін материалдан жасалған қорғаныс қабығы болуы тиіс.

Егер кабельдің сауыты болсан, онда ол коррозиядан мықты қорғалған болуы тиіс.

5468. Салқындатылатын орын-жайдағы кабельдер перфорирленген панельдерде немесе көпіршелерде төселиуі және кабель мен орын-жай қабырғасының арасында бос кеңістік сақталатындей болып бекітілуі тиіс. Панельдер, көпіршелер және бекітілетін қапсырмалар коррозиядан қорғалған болуы тиіс.

Егер кабельдер салқындатылатын орын-жайдың жылыту оқшауын қызып өтсе екі жағынан тығыздалған тиісті тығындыда тіке бұрыш арқылы одан өтуі тиіс.

5469. Кабельді төсегеу кезінде осы Қағиданың 478 қосымшасына сәйкес кабельдердің иілуінің минималды ішкі радиусы сақталуы керек.

5470. Амортизаторларда орнатылған кабельдер және жабдықтардың жерге қосатын маңдайшасы пайдалануға тапсыру кезінде закымданбайтындей болып өткізілуі қажет.

5471. Кеменің ашық бөліктерінде және мачталарда төселеңтін кабельдер күн радиациясының тікелей әсерінен қорғалуы тиіс.

5-параграф. Кабельдерді бекіту

5472. Кабельдер қапсырма, қысқыш, құрсау және т.б. металдан немесе жанбайтын немесе ауыр тұтанатын материалдан жасалғандардың көмегімен тиісінше бекітілген болуы тиіс.

Бекітудің жоғарғы жағы айтарлықтай кең және өткір ұштары болмауы тиіс. Бекітулер кабельдер олардың қорғаныс қабықтарын мықты бекітіледіндей етіп іріктеліп алуы тиіс.

5473. Көлденен төсегеу кезінде кабельдердің бекітулерінің арасындағы қашықтық осы Қағиданың 487-қосымшасында келтірілгендерден аспауы қажет.

Кабельдерді тік төсеген кезінде бұл қашықтықтар 25% көбейтілуі мүмкін.

5474. Кабельдердің бекітулері кабельдерде туындастын механикалық жағдайлар оларды енгізуге немесе қосылуына әкелмейтіндей етіп орындалуы тиіс.

5475. Кеме корпусының қаптамасына параллель төселеңтін кабельді трассалар мен кабельдер корпустың қаптамасына емес жинағына бекітіледіндей болуы тиіс.

Су өткізбейтін қалқалар мен мачталарға кабельдер арнайы құрылым арқылы бекітілуі қажет (кассеталар, көпіршелер, жастықшалар).

5476. Кептіруге ұшырағыш қалқаларға паралелль орналасқан кабельдер көпіршелерге немесе перфорирленген панельдерге кабельдер мен қалқалардың арасында кеңістік қалатындей етіліп төселиуі тиіс.

5477. Кабельдік трассалар қылышудың минималдық санымен төселиуі тиіс. Кабельдердің қылышатын жерлерінде көпіршелер қолданылуы тиіс. Көпірше мен оған айқастырылған кабельдік трассаның арасында 5 мм кем емес әуе тетігі қалуы тиіс.

5478. Өткізбейтін материалдардан жасалған кемелер үшін Қағидалармен болат кемелерге қойылатын, өткізбейтін материалдан корпус дайындау технологиясымен,

қолданылатын материалдармен және т.б. келістірлетін кабельдер мен кабельдік трассалар өткізгіштерін төсөу, бекіту және тығыздау бойынша талаптарды қолдануға жол беріледі.

6-параграф. Палуба және қалқа арқылы кабельдер өткізу

5479. Кабельдердің суөткізбейтін, газөткізбейтін және өртке қарсы қалқа және палуба арқылы өтуі бекітілуі тиіс.

Көрсетілген қалқа және палуба арқылы кабельдердің өту орнын бекіту олардың өткізбеушілігін төмендетпеуі тиіс, алайда кабельдер корпустың серпімді деформациясынан туындайтын құштерді бермеуі қажет.

5480. Өткізетін қалқалар арқылы кабельді төсеген кезде немесе қалыңдығы 6 мм кем емес жинақтау элементтерін кабельдерді қыыстарға кабельдерді өткізу үшін төсеген кезде кабельді зақымданудан сақтайтын қаптамалар немесе тығындар орнатылуы тиіс.

Қалқалардың немесе жинақтың 6 мм және одан да көп қалыңдығында қаптама немесе тығынды орнату талап етілмейді, алайда қыыстың жиектері дөңгелектелінген болуы тиіс.

5481. Кабельдерді суөткізбейтін палубалар арқылы өткізу келесідей тәсілдердің бірімен орындалуы тиіс:

1) палубадан 900 мм кем емес биіктікте шығып тұратын металл құбырларда (тіреуіштерде), кабельдің механикалық ақаулары болуы мүмкін жерлерде және мұндай мүмкіндіктер жоқ биіктігі аталған орын-жай үшін есіктер комингсінен биік емес орындарда;

2) ортақ металл стақандарда немесе кабельдерді қосымша қорғау қораптарында осы тармақтың 1 тармақшасында көрсетілген биіктіктерге қантармен.

Қораптар кабельдік массалармен бекітілуі, ал құбырлардың тығыздамасы болуы немесе кабельдік массалармен тығыздалуы тиіс.

7-параграф. Тығыздау салмақтары

5482. Суөткізбейтін қалқалардағы және палубалардағы кабельдік қораптарды тортыру үшін осы Қағиданың 426-тарауын 1 және 2 параграфтарында көрсетілген жағдайларда ұзақ эксплуатациялау жағдайында шөгпейтін және герметикалық ақаулар бермейтін, судың және мұнайөнімдерінің әсер етуіне төтеп беретін кабельдік қораптардың және кабельдердің ішкі беттерінде жақсы ілінетін бекіту массалары қолданылуы тиіс.

5483. Кабель өтетін жолдың өртке қарсы қалқа арқылы өтетін бекітулері аталған қалқалардың түріне арналған осы Қағиданың 2171 -тармағында көзделген стандартты өртке төтеп беру сынағына төзетіндей болуы тиіс.

5484. Эрбір өтетін жолдың ішкі көлденен қимасы кабельдермен 40% аспайтындаі болып толтырылуы тиіс.

8-параграф. Құбырларға және кабельдік каналдарға кабельдерді төсеу

5485. Кабельдер төсөлетін металл құбырлар мен каналдар ішкі және сыртқы жағынан кабельдерден қоргалған болуы тиіс. Құбырлар мен каналдардың ішкі беттері түзу және тегіс болуы қажет. Құбырлар мен каналдардың шеттері кабельдерді тартқан кезде оларға зиян келетіндей етіліп өндөлген және қоргалған болуы тиіс.

Косымша қорғаныс жабыны жоқ қорғаныстан жасалған қабығы бар кабельдер құбырлар мен каналдарда төселеуде тиіс.

5486. Құбыр мен каналдың иілгіш радиусы оған салынған ең үлкен диаметрлі кабельдің жол берілетінінен кем болмауы тиіс (осы Қағиданың 5469 -тармағы).

5487. Сыртқы диаметрлеріне қарап анықталған барлық кабельдердің көлденен қимасының сомалық ауданы құбырлар мен каналдардың ішкі көлденен қимасының ауданының 40% аспауы тиіс.

5488. Құбырлар мен каналдар механикалық және электрлік толассыз және егер жерге қосу құбырлар мен каналдар төсеу арқылы іске асырылмаса мықты жерлендірілген болуы тиіс.

5489. Құбырлар мен каналдар оларға су жиналмайтындаі етіліп төселеуде тиіс. Қажет болған жағдайда құбырлар мен каналдардың ең биік және төмен нүктelerde ауаның циркуляциясы қамтамасыз етілетіндей және булардың жинақталуының алды алынуы үшін желдеткіш тесіктер көзделуі тиіс. Құбырлар мен каналдардағы тесіктер жасау жарылыс пен өрттің қауіптілігі жоғарламайтын орындарда ғана жол беріледі.

5490. Кеменің корпусының бойына төселеуден және кеменің корпусының деформациясымен байланысты ақаулар туындауы мүмкін кабельдерді төсеуге арналған құбырлар мен каналдардың компенсациялық қондырғылары болуы тиіс.

5491. Егер осы Қағиданың 5429-тармағына сәйкес жанатын қабықты кабельдерді пайдалануға рұқсат берілсе онда олар металл құбырларда төселеуде тиіс.

5492. Құбарларда және каналдарда тігінен төселеуден кабельдер өзінің салмағының созылуына байланысты зақымданбайтындаі етіліп бекітілуі тиіс.

5493. Поливинилхлорид (бұдан әрі – PVC) немесе талшықпен армирленген пластмасса (бұдан әрі - FRP) сияқты армирленген және армирленбеген термопластикалық материалдардан даярланған кабельдік науаларды/ қорғаныс қаптарын пайдалануға жол беріледі.

Бұл орайда қорғаныс қаптаманың түйік дөңгелек немесе басқа түйік қимасы болуы тиіс.

5494. Полимерлік металдардан жасалған кабельдік науа және қорғаныс қаптары өрт кезінде бұл науалардың, қаптамалардың және кабельдердің құлауын және персоналдың

закым алуының немесе эвакуация жолдарын иірілуінің алдын-алу үшін металл бекіткіштермен жабдықталуы тиіс.

Ашық палубаларға төселген, полимерлік материалдардан жасалған кабельдік науа/қорғаныс қаптамалары ультрафиолет сәулелерден қорғалған болуы тиіс.

5495. Полимерлік материалдан жасалған қабельдік науа/қорғаныс қаптамаларының салмақтық жүктемесі сынақ кезінде анықталатын қауіпсіз жұмыс жүктемесінің шамасында болуы тиіс. Олардың бекітулерінің арасындағы қашықтық өндірушінің ұсынысын ескере отырып таңдалуы тиіс, алайда бұл орайда сынақ кезінде анықталған қауіпсіз жұмыс жүктемесінен көп болмауы тиіс.

Әдетінше, бекітулер арасындағы қашықтық 2 м аспауы қажет.

Бекіту тораптарын орнату орындарын және олардың арасындағы қашықтықты анықтау кезінде келесі факторлар есерлігі тиіс: науа/қаптамалардың өлшемдері, олар дайындалған материалдардың механикалық және физикалық қасиеттері, олардың кабельдердің салмағымен, сыртық күштердің, тартуға арналған күштер мен вибрациямен туындаған массасы, жүктемесі, науа/қаптама ұшырауы мүмкін вибрацияның максималдық шапшаңдығы, сондай-ақ бұл факторлердің мүмкін комбинациялары.

5496. Полимерлік материалдан жасалған кабельдік науасына/қорғаныс қаптамаларына төселген барлық кабельдердің көлденен қылышының сомалық ауданы кабельдердің бір өзін ғана төсеу жағдайлардан басқа жағдайларда науа/қаптаманың ішкі көлденен ауданының 40 % аспауы қажет.

9-параграф. Ауыспалы тоқтың бір желілі кабельдерін төсеуге қойылатын арнайы талаптар

5497. Бір желілі кабельдерді ауыспалы тоқ үшін пайдалануға ұсыныс жасалмайды. Егер мұндай кабельдерді төсеу қажет болса онда номиналдық тоғы 20 А асатын кабельдер келесі талаптарды қанағаттандыруы қажет:

- 1) кабельдердің жабыны магниттік материалдардан болмауы тиіс;
- 2) бір тізбекке жататын кабельдер бір трассада немесе бір металл құбырда төселуі тиіс және мүмкіндігінше минималдық ұзындығы болуы тиіс. Мұндай кабельдерді бір нүктеде жерге қосылған және кеменің басқа кабельдері мен корпустарының басқа экрандарынан оқшауланған әрқайсысын өзінің магнитті емес экранына (құбыр) төсеуге жол беріледі;
- 3) магниттік емес материалдан жасалғандарын есепке алмағанда кабельдік бекітулер бір тізбектің барлық бір желілі кабельдерін қамтуы тиіс;
- 4) кабельдер арасындағы қашықтық кабельдің бір диаметрінен көп болмауы тиіс.

5498. Бір желілі кабельдерді қалқа немесе палубар арқылы төсеген кезде бір тізбекке қатысы бар кабельдер арасында магнитті материал болмауы тиіс. Мұндай кабельдер мен магниттік материалдар арасындағы қашықтық 75 мм кем болмауы тиіс.

5499. Егер номиналдық тоғы 250 А көп бір желілі кабельдер болат құрылымдарға параллель төсөлсе кабельдер мен бұл құрылымдар арасындағы қашықтық 50 мм кем болмауы тиіс.

5500. Қылышу ауданы 185 mm^2 көп бір желілі кабельдерді төсеген кезде 15 м көп емес аралық арқылы кабельдерді кроссту қолданылуы тиіс. Кабельдердің ұзындығы 30 дейін болса кроссту қолданылмайды.

5501. Параллель қосылған желілері бар көп желілі кабельдер бір желілі ретінде төселеуі тиіс және оларға бір желілі кабельдерге арналған барлық талаптар қолданылуы тиіс.

10-параграф. Кабельдерді қосу және байланыстыру

5502. Резенке оқшаулы машиналарға, аппараттарға, тарату қондырғыларына және басқа қондырғыларға енгізілетін кабельдердің ұшы мықты электрлік контактіні қамтамасыз ететін және кабельдер желілерінің оқшаулауын механикалық зақымдардан, ауаның әсерінен және майлы булардың әсерінен қорғайтын контактілі, қорғанысты және бекітетін жиектері болуы тиіс.

Резенке оқшаулы желілі кабельдер қосу орындарында зақымдардан (үйкеленуден) сақтайтын оқшаулардың қорғанысы болуы тиіс.

5503. Қондырғыға енгізілетін кабельдің қорғаныс қабығы қондырғының ішіне 10 мм кем емеске кіруі тиіс.

5504. Кабельдердің оларды тармақтау орындарында қосу қышқыштың көмегімен тармақтау қораптарында іске асырылуы тиіс.

5505. Егер кабельдерді төсеу кезінде қосымша байланыстар қажет болса олар қышқыштармен жарақталған тиісті байланыс қораптарында іске асырылуы тиіс. Байланыстар жалпы сыртқы жағдайлардың әсер етуінен қорғалған болуы тиіс. Кабельдердің байланыстыруын қолдану және жоғарыда көрсетілгендерден басқа кабельдерді қосудың басқа тәсілдерін қолдануға жол беру әр жағдайда Тіркеудің арнайы қарауын талап ететін жағдай болып табылады.

17-кіші бөлім. Есептің электрлік жабдықтары

511-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 515-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5506. Осы бөлімінің талаптары барлық есу қондырғыларына (бұдан әрі –ГЭУ) және олардың құраушыларына, сондай-ақ дайындау, жинақтауға соның ішінде төмендегілерге таралады:

- 1) генераторлар және олардың алғашқы қозғалтқыштары;

- 2) тарату қалқандары;
- 3) трансформаторлар/реакторлар;
- 4) жиілікті жартылайсерікпен түрлендіргіштер (конвертерлер);
- 5) есудің электрлік қозғалтқыштары;
- 6) козу жүйелері;
- 7) ГЭУ басқару, бақылау жүйелерін (АПС, индикация және параметрлерді тіркеу), сондай-ақ қорғаныс жүйелері;
- 8) күштік шиноөткізгіштердің, кабельдік трассалардың жүйелері.

5507. Бұл тараудың талаптары кемені басқарудың көмекші қондырғылары болып табылатын сорғы және азықтық менгеретін қондырғыларға таралмайды.

5508. Осы бөлімдердің талаптарын және осы бөлімнің басқа тарауларының қолданылатын талаптарын орындау осы Қағиданың 2 –тарауының 7- параграфының талаптарына сәйкес классының негізгі таңбасына "ЕРР" белгісі қосылатын кемелер үшін міндetti.

5509. Есетін электрлік қондырғының электрлік жабдықтары басқа тараулардың және Қағиданың осы бөлімнің тарауларының талаптарына егер осы бөлімде басқасы айтылмаса жауап беруі қажет.

5510. Есетін электрлік жабдықтардың электрлік жүйелерінде 440-тарауында көрсетілген және осы Қағиданың 18-кіші бөлімінде көрсетілгендерден аспайтын кернеулерді пайдалануға жол беріледі.

5511. Электрлік машиналар, тарату қалқандарының және басқару пультінің орын-жайларында электрлік жылытууды көздеу ұсынылады.

5512. Есетін электрлік қондырғыларының генераторларының және қондырғыларының астына стационарлық жарықтандыру орнатылуы қажет.

5513. Төсемнің астында орнатылған есетін электрлік машиналардың (қозғалтқыштар және генераторлар) бөліктері IP56 кем емес қорғаныс жүйесіне ие болуы тиіс.

Егер олар құрғақ бөлікшеге сиятын болса немесе суөткізбейтін іргетаспен судың түсінен қорғалған болса, егер сонымен қоса осы бөлікшеде судың түскен кезінде іске қосылатын дабылнама бар болса онда бұл бөлікшеге IP23 қорғаныс деңгейіне жол берілуі мүмкін.

5514. Есетін электрлік қозғалтқыштардың, генераторлдардың, жартылай өткізетін түрленгіштердің, ГЭУ басқа құрамдарының корпустарында әсіресе ұзақ тұру мезгілінде ылғал мен конденсаттың түзілуіне және жиналудына төтеп беретін қондырғылар көзделуі тиіс. Мұндай қондырғылар болып электрлік жылытқыштар, ауаны кептіргіштер болуы мүмкін.

512-тарау. Еспелі Электр қондырғыларының құрылымы

Ескеरту. 516-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5515. Есетін электр қондырғыларының құрамына келесі құрамдар кіреді:

- 1) ГЭУ-дің басты генераторлары — 2 данадан кем емес;
- 2) секция аралық автоматты өшіргіштермен немесе ажыратқыштармен екі бөлікке бөлінген басты тарату қалқаны (бұдан әрі – ГРЩ);
- 3) ГРЩ кернеулерін жартылай-өткізетін түрлендіргіштердің кернеуіне түрлендіруге арналған күштік тарнсформаторлар – әрбір түрлендіргіш үшін бір-бірден;
- 4) ГЭД-ны қоректендіруге арналған күштік жартылай-өткізгіш түрлендіргіштер – 2 данадан кем емес;
- 5) әрқайсыы өзінің жартылай-өткізетін түрлендіргішінен қорек алатын, статорлық ораманың екі жүйесі бар есетін электрлік қозғалтқыш (бұдан әрі - ГЭД);
- 6) басқару жүйесі.

5516. Бір ГЭД-ті есетін электрлік қондырғы үшін синхрондық және асинхрондық ГЭД жиіліктің тиісті жартылай-өткізгіштікі түрлендіргішіне (бұдан әрі – ППЧ) тәуелсіз түрде өше алатын статорлық ораудың екі жүйесі болуы тиіс. Әрбір ППЧ есетін электрлік қондырғының номиналдық қуатының кем дегенде 50% есептелген болуы тиіс.

5517. Тұрақты тоқтың есетін қозғалтқыштары екі якорлы (екі коллекторлы) болуы тиіс, әрі әрбір якорлық орам қондырғының номиналдық қуатының кем дегенде 50% есептелуі тиіс. Әрбір якорлық орам өзінің тәуелсіз түрлендіргішінен қуат алуы тиіс. Түрлендіргіштегі кез-келген бірлі-жармды ақау жүрістің толық жоғалуына әкелмеуі тиіс.

5518. Есу валы үшін кез-келген аяу райының жағдайында немесе кемені сүйрету кезінде өшірілген есу қозғалтқышына (валға) еріксіз айналуына жол бермейтін тежегіштік немесе блоктайтын қондырғылар көзделуі тиіс.

5519. ГЭУ жүйесі бір ақауды таратпайтын қағидаға жауап беруі қажет, демек ГЭУ жүйесінің кез-келген бір құрамында ақаудың пайда болуы жағдайында кеменің жүрісі кем дегенде жартылай қуатпен сақталуы қажет.

5520. ГЭУ жүйесінде кез-келген ақаудың пайда болған кезінде басқарудың барлық жұмыс істейтін бекеттерінде апаттық-ескерту дабылы қөзделген болуы тиіс.

5521. Жауапты тағайындаулы барлық көмекші механизмдер мен қондырғылар үшін ГЭУ-дің дистанциялық автоматтандырылған басқару жүйесінің кез-келген құрамының ақаулылығы жағдайында басқару көшетін басқарудың жергілікті бекеттері қөзделуі тиіс.

513-тарау. Қоздыру жүйелері

Ескеरту. 517-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Жалпы талаптар

5522. Қозудың әр жүйесі бөлек фидерлер бойынша қуат алуы тиіс. Шекті тоқ және қозу жүйесінің, сондай-ақ олардың қоректену көзінің кернеуі ГЭУ-дің барлық режимдерінің талаптарын толық қанды қанағаттандыру қажет, соның ішінде маневрлеу кезінде, жүктеу режимінде және қысқа тұйықталу кезінде, сондай-ақ тастау кезіндегі жағдайларда.

5523. Қозу жүйесінің қорек тізбектері тек қана қысқа тұйықталулардан сақтандыру қондырғылары болуы тиіс. Қысқа тұйықталу кезінде электромагнитті ағытқыштың іске қосылуы басқару бекеттерінде АПС сигналдарымен қоса жіберілуі қажет.

5524. Қозу жүйесінің автоматтық өшіргіштерін өшіру кезінде тиісті генератордың немесе есу қозғалтқыштарының өшіргіштері де автоматтық түрде өшуі тиіс.

525. Қозу жүйесінің қорегі жиілікті және жоғары кернеулікті төмендетуге қарсы қорғаныстың тәуелсіз қондырғыларымен немесе "кернеу/жиілік" пропорциялық реттеу қондырғыларымен жарақтандырылған болса, онда олар жол берілмейтін режимдерге жеткен кезінде қорғаныс жүйесі реакцияға түсетіндей етіліп реттелуі тиіс.

5526. Қозу тізбектері қозу өшіргіштерінің (алаңды өшіру жүйесі) тарқалуы кезінде кернеудің шалп-шолп етуін төмендетуге (басуға) арналған қондырғылармен жабдықталуы тиіс.

5527. Гармондық қателіктерді шектеуге және қуаттылық коэффициентін төмендетуге арналған құралдар қарастырылуы қажет (фильтрлер).

2-параграф. Генераторлардың, есегін электрлік қозғалтқыштардың қозуы

5528. Қозу жүйелері генератор жағынан қорек алуы қажет, енартор өздігінен қозатын болуы қажет. Кернеу қосымша сыртқы көздерсіз автоматты түрде көретілуі тиіс.

5529. Қоздырғыштың басқару тізбектері үшін, сондай-ақ алғашқы қозу үшін энергияның ішкі көзі, егер ол резервтеген болса қолданылуы мүмкін.

Бұл сыртық көз ГРЩ, АРЩ және қосымша резервті аккумуляторлық батареядан қорек алуы керек. ГЭУ-дің барлық генераторларына кем дегенде энергияның екі сыртқы көзі көзделуі тиіс.

5530. Қоздырғышты қоректендіру қозғалтқыштың статорлық орамасы қуат алатын ГРЩ секциясынан іске асырылуы тиіс.

5531. Қозу және автоматтық реттеу жүйелері есетін электрлік қозғалтқыштардың көзінде немесе есу бұрандасының жалаңаштануы кезінде айналым жиілігінің өте қатты көтерілуінен сақтандырылған болып орындалуы қажет.

514-тaraу. Еспелі электр қондырғысының электромагниттік үйлесімділігі

Ескерту. 518-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5532. Еспелі электр қондырғысы іркіліссіз және істен шығусыз электромагниттік кедергілердің әсер ету жағдайларында жұмыс істеуі және осы Қағидалардың 426-тарауында баяндалған талаптарға сәйкес болуы қажет.

Ескерту. 5532-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5533. Кернеу, жиілік және тоқтың шолпын туындалатын жабдықтар борттағы басқа қондырғылардың кондуктивті, индуктивті немесе радициалы берілетін бөгеулері үшін, бас тарту және істен шығуның себебі болмауы тиіс.

5534. Гармониялық бұзылулардың шамасы ГЭУ-дің жұмыс жағдайында 10% асатын болса, онда тиісті фильтрлеуді және кез-келген қосылатын тұтынушылардың кедергісін жұмыс істеуін қамтамасыз ету қажет.

515-тaraу. Еспелі электр қондырғысы генераторларының бастапқы қозғалтқыштары

Ескерту. 519-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Айналу жиілігінің жол берілетін ауытқулары.

Параллель жұмыстар

5535. Есетін электрлік қондырғының генераторлары кемелік жүйені қоректендіруге пайдаланылса, онда жүктеменің тиісті өзгерістері кезінде генераторлар жиілігінің ауытқулары осы Қағиданың 4040 -тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес болуы қажет.

5536. Есу бұрандасының айналым жиілігін басқару жүйесі ГЭУ генераторларының алғашқы қозғалтқыштарының айналым жиілігінің өзгеруін талап етсе онда алғашқы қозғалтқыштардың айналым жиілігінің реттегіштері айналым жиілігін жәргілікті және дистанциялық басқарудың қондырғылары болуы тиіс.

5537. Алғашқы қозғалтқыштардың номиналдық қуаттылығы, сондай-ақ шамадан тыс жүктелуі ортақ электр жабдықтарының ауыспалы жүктемесі кезінде талап етілетін,

сондай-ақ ГЭУ-дің маневрлеу, теңізде жұзу кезінде, сондай-ақ ауыр ауа райылық (дауылды) жағдайларында жүктемесінің қуаттылығын қамтамасыз етуді есепке ала отырып таңдалуы тиіс.

5538. Генераторлардың қатар жұмыс істеуі кезінде қолданылатын реттеу жүйелері осы Қағидалардың 436-тарауының 2-параграфында көрсетілгендей бастапқы қозғалтқыштар қуаттарының барлық диапазонындағы жүктемелердің тұрақты тепе-тен бөлінуін қамтамасыз етуі тиіс.

Ескерту. 5538-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған қунінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-параграф. Реверстейу қуаты

5539. Толық алдыңғы жүрістен толық артқы жүріске шұғыл маневрлекен кезде алғашқы қозғалтқыштар рекуперленетін энергияның тиісті бөлігін көшіру қорғанысының немесе кейінгі қуаттың іске қосылуысыз жүтуға (абсорбирлеуге) қабілетті болуы тиіс.

5540. Рекуперленетін энергияның тиісті бөлігін абсорбирлеу үшін және реверс кезінде есетін электрлік қозғалтқышты тоқтату үшін алғашқы қозғалтқыштардың және электрлік машиналардың жол берілетін шектерде айналу жиілігінің қажетті шектеуін қамтамасыз ететін "тежеу резистрлерін" қолдануға жол беріледі. Рекуперленетін энергияның шамасы ГЭУ-дің автоматтандырылғын жүйесімен шектелуі тиіс.

516-тарау. Еспелі электр қондырғысының генераторлары

Ескерту. 520-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған қунінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Жалпы талаптар

5541. Жартылайөткізгіш түрлендіргіштермен жұмыс жасайтын генераторлар жүйедегі үйлесімді құрағыштардың күтілетін деңгейінің болуына есептелуі қажет.

5542. Бұл мақсатта қарапайым синусоидты жүктемемен салыстырғанда генератордың температурасының жоғарлауын компенсациялайтын қуаттың елеулі резерві болуы тиіс.

5543. Номиналдық қуаттылығы 500 кВА жоғары генератордың статорлық орамдары температура датчиктерімен жаракталған болуы тиіс.

5544. Есетін электрлік қондырғының генераторлары желдетудің ашық және жабық жүйесі кезінде салқыннататын ауаны тазарту фильтрлерімен жабдықталған болуы тиіс. Желдеткіш каналдар су ішке түспейтіндей болып орналастырылуы қажет.

5545. Еспелі электр қондырғыларының генераторларын осы Қағидалардың 425-тарауының 3-параграфының талаптарына сәйкес барлық режимдерде, оның ішінде маневрлік режимдерде кернеу мен жиіліктің тұрақтылығын қамтамасыз ету жағдайында қосалқы электр механизмдері мен құрылғыларын қоректендіру үшін пайдалануға жол беріледі.

Ескерту. 5545-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5546. Генераторлардың қозу тізбектерінде машиналардан қысқа тұйықталу немесе басты тоқтың тізбектерін зақымдау кезінде қозуды сөндіруге әрекет ететіндерінен басқа автоматтық өшіргіштер орнатылмайды.

5547. Генераторларды қорғау құрылғылары осы Қағидалардың 472-тарауында баяндалған талаптарға сәйкес болуы тиіс.

Ескерту. 5547-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-параграф. Генераторлардың біліктіректері және майлары

5548. Жылжу біліктіректерінің жапсырмасы жеңіл ауысырылатында болуы тиіс. Біліктіректердің майларын бақылайтын құралдар көзделуі тиіс. Мықты майлар мүмкін болатын максималдық дифферент кезінде де қамтамасыз етілген болуы тиіс. Жағатын майдың генератордың ішіне тұсуіне кедергі болатын тиісті тығыздағыштар көзделуі тиіс.

5549. Егер мәжбүрлеп майлайтын (қысым астында) мойынтректер қолданылатын болса онда ГЭУ бекеттерінде минимум ретінде келесі апарттық-ескертердің сигналдар көзделуі тиіс:

- 1) майлағыштың жүйесінің ақаулылығы (майлағыш сорғысының бас тартуы, майлағыш құбырында қысымның төмендеуі және т.б.);
- 2) әрбір мойынтректердің максималдық температурасы.

5550. Генераторлар ақаулар немесе жағудың қалыпты жүйесінің апарттық жағдайы кезінде машинаның тоқтаған уақытына дейін мойынтректерді маймен жеткілікті қамтамасыз ететін мойынтректерді майлайтын резервті (апарттық) қондырғылармен жабдықталуы тиіс.

5551. Мойынтректердің зақымдануының алдын-алу үшін мойынтректер мен машиналар валының арасындағы электр тоғының ағуына жол бермес үшін шаралар қабылдануы тиіс, ол үшін мойынтректердің бірі машинаның корпусынан гальванды оқшауланған болуы тиіс.

3-параграф. Генераторларды салқындау

5552. Термометрлерден басқа жол берілетін температураның асқан кезінде апattyқ-ескерту сигналын беретін салқындатылатын ауаның температура датчиктері көзделуі тиіс.

5553. Салқындатудың жабық сitemасы және жылуалмастыратын аппараты бар машиналар үшін алғашқы және екінші салқындататын агенттің ағымы бақылануы тиіс. Ағымның жоғалған кезінде апattyқ-ескерту сигналы қолданылуы тиіс.

5554. Судың және конденсаттың ағуы машинаның орамдарына түспеуі тиіс. Ағудың туындауын бақылайтын дабылнама көзделуі тиіс.

517-тарау. Еспелі электр қондырғысының тарату қалқандары

Ескерту. 521-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5555. Еспелі электр қондырғыларының тарату қалқандары осы Қағидалардың 441 және 529-тарауларының талаптарына сәйкес болуы тиіс.

Ескерту. 5555-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5556. Егер коммутация бойынша операцияның белгілі іллігін қамтамасыз ету қажет болса, онда дұрыс ауыстырылмауды болдырмайтын мықты блоктау қарастырылуы қажет.

5557. Есетін электрлік қондырғылардың тізбектерінде алынған кернеу кезінде жылдам қосуларға арналған ауыстырып қосқыштар олардың тоқтан ажыратылударына немесе қате қосылударына жол бермейтін блоктайтын қондырғылар болуы тиіс.

518-тарау. Еспелі электр қондырғысының күштік трансформаторлары

Ескерту. 522-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Жалпы талаптар

5558. Трансформаторлар мен реакторлар осы Қағидалардың 528-тарауының 13-бөлімінің 11-кіші бөлімінің талаптарына сәйкес келуі қажет.

Ескерту. 5558-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5559. ГЭУ үшін кем дегенде екі тәуелсіз күшті трансформаторлар көзделуі тиіс. Бөлек орамды трансформаторлар пайдаланылуы қажет.

5560. ГЭУ үшін қолданылатын трансформаторлардың оралу температуrases датчиктер және дабылнамалар жүйесімен бақыланулары қажет.

5561. ГЭУ трансформаторлары үшін әрбір фазаның бірінші жағында ГРІЩ арналған амперметрлер көзделуі тиіс.

5562. ГЭУ-дің әрбір трансформаторы үшін бірінші және екінші жақта шамадан тыс жүктемден және шағын тұйықталудан қорғаныс көзделуі тиіс.

Екінші жағындағы қорғаныс ГЭУ-дің жартылай-әткізгіш түрлендіргіштерімен іске асырылған болуы тиіс.

2-параграф. ГЭУ-дің сұйықтықты-салқындататын трансформаторлары

5563. Сұйықтықты-салқындатылатын тарнсформаторлардың орамдары толықтай сұйықтыққа батырылған болуы тиіс, сондай-ақ кез-келген жаққа кезде $22,5^0$ бұрышқа енкейген кезді қоса алғанда.

5564. Трансформаторлар салқынатылатын сұйықтықты жинау және жинақталуына арналған қажетті қондырғылармен жабдықталуы тиіс.

Трансформаторды орналастыру ауданында өртті анықтайдын және өртті сөндіретін қондырғылар орналасуы тиіс. Қол басқарылатын Өттің сөндірігіш қондырғыларға жол беріледі.

5565. Трансформаторлар салқындатылатын сұйықтықта газдың пайда болған кезінде әрекет ететін қорғаныс жүйесімен жабдықталған болуы тиіс.

5566. Салқындатылатын сұйықтықтың температуrases датчиктер жүйесімен бақылануы тиіс. Салқындатылатын сұйықтықтың температуrasesының көтерілуі жөнінде апattyқ-ескерту сигналы көзделуі тиіс, сондай-ақ егер сұйықтықтың температуrases шеткі жол берілетін асса трансформаторды бөлек датчиктен сөндіретін қорғаныс көзделуі тиіс.

5567. Салқындатылатын сұйықтықтың деңгейі екі датчиктермен бақылануы тиіс, олардың бірі апattyқ-ескерту сигналын, ал шекті жол берілетін деңгейге орнатылған екіншісі трансформаторды өшіруі тиіс.

3-параграф. Ауамен салқындатылатын ГЭУ трансформаторлары

5568. Трансформаторларды салқындатуға арналған желдеткіштердің жұмысы, сондай-ақ салқындатылатын ауаның температуrases датчиктердің жүйесімен бақылануы тиіс.

Температура көтерілген кезде немесе желдеткіштердің жүйеден шыққан кезінде апattyқ-ескерткіш дабылдар берілуі тиіс.

5569. Ауа салқындатқышы бар салқындатқыштың жабық ауа жүйесін пайдаланған жағдайда осы Қағиданың 5642 -тармағында көрсетілген талаптарға қосымша ретінде бақыланулары тиіс:

- 1) салқындастылатын орталардың (ая және су) алғашқы және екінші контурының минималдық ағымы,
- 2) жылуалмастырғыш аппараттардың ағуы кезінде апаттық-ескерту сигналдары іске қосылуы тиіс.

Жылуалмастырғыш аппарат су мен конденсаттың ағулары орамдарға тимейтіндей болып орнатылуы тиіс.

519-тарау. Еспелі электр қондырғысының жартылай өткізгіш түрлендіргіштері

Ескерту. 523-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Жалпы талаптар

5570. Түрлендіргіштер 12-кіші бөлім талаптарына сәйкес болуы қажет.
5571. ГЭУ үшін екі толықтай тәуелсіз бөлек орнатылған жартылайөткізгішті түрлендіргіштер қолданылуы қажет.
5572. Әрбір түрлендіргіш үшін басқарудың бөлек жүйесі көзделуі тиіс.
5573. Басқарудың әрбір жүйесі үшін жылдамдықтың екі гальваникалық оқшауланған датчиктері көзделуі тиіс. Екі датчиктерді ортақ корпусқа орнатуға жол беріледі.
5574. Тұрақты қозғышты түрлендіргіш ГЭД-ға қорек беретін болса, онда басты "қозғалтқыш-түрлендіргіш"тізбекте инвертордың (түзеткіш) ақаулылығы кезінде басты тізбекті автоматтық түрде ажырататын өшіргіш-ажыратқыш көзделуі тиіс. Мұндай ақаулақтардың пайда болуын анықтайдын диагностика қондырғылары көзделуі тиіс.
5575. Жартылайөткізетін түрлендіргіштер, сондай-ақ басты тоқ тізбегінің аппаратурасы 2 секунд ішінде $250\% I_{\text{ном}}$ кем емес тоқтың шамадан тыс жүктелуіне төтеп беруі тиіс.
5576. ГЭК-ге арналған түрлендіргіштер жетектің номиналды (есу валындағы номиналдық момент) кезіне есептелген болуы тиіс. Бұл орайда шамадан тыс жүктелулердің салдарынан туындаған қысқа уақытта шамадан тыс жүктелулер және айналым жиілігінің өзгерістер (төмендеуі) түрлендіргіштер қорғанысының іске қосылуына әкелмейтіндігі ескерілуі тиіс.
5577. Жартылай өткізгіш түрлендіргіштердің шкафтары осы Қағидалардың 441-тарауының және 13-бөлімінің 18-кіші бөлімінің талаптарына сәйкес болуы қажет.

Ескерту. 5577-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5578. Жартылай түрлендіргішті шкафтардың құрылымы күшті құрылымдарды жылдам ауыстыру мүмкіндігін көздеуі қажет. Оған дербес тиристрлердің, бір фазаның тиристерінің модульді құрылымын қолдану немесе басқа тәсілдер арқылы қол жеткізуге болады.

2-параграф. Жартылай өткізгіш түрлендіргіштерді салқындау

5579. Егер түрлендіргіштер мәжбүрлеп салқындау жүйесімен жабдықталған болса оның жағдайын бақылау көзделуі тиіс. Салқындау жүйесінің жұмыс істеуден шыққан жағдайында түрлендіргіштің қатты қызып кетуінің және жұмыстан шығуынын алдын-алатын шаралар көзделуі тиіс.

5580. Салқыннатқыштар жүйесі үшін апattyқ-ескерту дабылнамасының жүйесі көзделуі тиіс. АПС сигналы салқыннатылатын орта ағымының жоғалған кезінде, немесе жартылай-өткізгіштердің жоғары температурасы кезінде іске асырылуы тиіс.

5581. Түрлендіргіштерді салқындау жүйесіндегі бірлі-жарым ақаулар кеменің есетін электрлік қондырғыларының барлығын өшіруге әкелмеуі тиіс.

3-параграф. Жартылай өткізгіш түрлендіргіштердің қорғанысы

5582. Түрлендіргіштерді қорек жүйесіндегі эксплуатациялық шамадан тыс кернеулер тиристрлердің зақымдануына (ойық) жол бермейтін тиісті қондырғылармен шектелуі тиіс.

5583. Басқару жүйесі барлық эксплуатациялық және әлдекайда ауыр жағдайларда жартылай-өткізгішті элементтердің номиналдық тоғы көтерілмейтіндігін қамтамасыз етуі тиіс.

5584. Күштік жартылай-өткізгіштер түрлендіргіштердің клеммаларындағы шағын тұйықталуларды зардапсыз көтеруі тиіс. Шағын тұйықталудың тоғынан сақтандырғыштар арқылы сақтандыруға жол беріледі. Түрлендіргіштің тиісті кейінгі байланыстары тіpten тежелген роторлы қозғалтқышқа түрлендіргіш қосылған жағдайда бірде бір қураушы зақымданбайтында қызып бақылаулары (шектеуі) қажет.

520-тaraу. Гармоникалық компоненттерді сұзу

Ескерту. 524-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған кунінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5585. ГЭУ-дің кез-келген жұмыс режимі кезінде ГРІШ шиналарындағы кернеу бұзылуының синусоидтылығын жол берілетін деңгейге дейін шектейтін желілі фильтрлер қолданылуы тиіс.

5586. Әр фильтрдің тіzbектері жоғарытоқтардан және шағын тұйықталу тоқтарынан қорғанысы болуы тиіс. Тіzbектер фильтрлеріндегі сақтандырғыштардың түгелдігі

бақылануы тиіс. Кез-келген сақтандырғыштардың күйген кезінде АПС дабылы болуы тиіс.

5587. Желілік фильтрлерді құраған және пайдаланған жағдайда оларды кез-келген конфигурацияда қосу мүмкіндігін ескеру қажет. Көбіне, авторезонанс жүктеменің кез-келген жағдайында және жұмыс істейтін генераторлардың үйлестірілген кезінде шығарылуы тиіс.

5588. Фильтрдің бірнеше параллельдік тізбектері болған жағдайда тоқтардың симметриялығы бақылануы тиіс. Бөлек фильтрлердің тізбектеріндегі тоқтың таралуының симметриясыздығы, сондай-ақ фильтрдің өзінің ақаулығы дабылнаманың (бұдан әрі – АПС) іске қосылуына әкелуі тиіс.

521-тaraу. Еспелі электр қозғалтқыштары

Ескерту. 525-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Жалпы талаптар

5589. Ауыспалы тоқ қозғалтқыштары статорларының орамы, сондай-ақ басты және қосымша полюстер және тұрақты тоқ қозғалтқыштарының, қуаттылығы 500 кВА жоғары электрлік машиналардың компенсациялық орамдары температура датчиктерімен жабдықталған болуы тиіс.

5590. Еспелі электр қозғалтқыштарының (бұдан әрі – ЕЭК) мойынтіректерінің конструкциясы мен майлауына қатысты осы Қағидалардың 516-тарауының 2-параграфының талаптары орындалады.

Ескерту. 5590-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-параграф. ГЭД салқыннату

5591. Жүйе есетін қозғалтқыштардың оның кез-келген жүктемесі кезінде және кез-келген айналым жылдамдықтары кезінде жеткілікті салқындауын қамтамасыз етуі қажет.

5592. ГЭД-тер жол берілетін температурадан көтерілген кезде апарттық-ескерту сигналын беруі қажет температуралың орнатылған датчиктерімен жабдықталуы тиіс.

5593. Салқыннатудың жабық жүйесі және жылуалмастыратын аппараттары бар машиналарда алғашқы және екінші салқыннатқыш агенттің сондай-ақ ағымы бақылануы тиіс.

5594. Ағулардың туындауын бақылайтын дабылнама көзделуі тиіс. Жылуалмастырғыш аппараттың орналасуы су және конденсаттың ағулары орамдарға тимейтіндегі болып орындалуы тиіс.

5595. Есу қозғалтықштарын салқыннату жүйелері жұмыстан шыққан кезінде курделі навигациялық жағдайларда кемені маневрлеуді қамтамасыз ететін апарттық режим көзделуі тиіс. Бұл орайда салқыннатудың апарттық әуе қалқалағышын мәжбүрлеп ашу үшін оператордың араласуына жол беріледі.

5596. Ауа салқыннатқышы бар есетін электрлік қозғалтқыштар мәжбүрлеп желдетудің екі желдеткішімен жабдықталуы тиіс, олардың әрқайсысы электрлік қозғалтқыштардың қалыпты жұмыс жағдайын қамтамасыз ету үшін жеткілікті алып бергіші бар. Жұмыс туралы жарық дабылнама және желдеткіштің тоқтауы туралы апарттық-ескерту дабылнамасы көзделуі тиіс.

5597. Көп якорлық машиналарға арналған сұйықтықты жүйе әр якорь үшін автономдық болуы тиіс.

3-параграф. ГЭД қорғау

5598. Басты тізбектерде және қозу тізбектерінде жүктемеден қорғау дауылды жағдайларда немесе жарылған мұзда жүру кезінде кеменің маневрлеуінен туындаған шамадан тыс жүктеме кезінде оның іске қосылуын болғызбайтындей күйіне келтірілген болуы қажет.

5599. Қозғалтқыштың қысқа тұйықтылуынан және шамадан тыс жүктелуінен қорғанысы түрлендіргішпен іске асырылуы мүмкін. Бұл орайда есетін электрлік машиналар құрылымының әртүрлілігі назарға алынуы қажет (тұрақты тоқ машинасы, синхрондық машина, асинхрондық машина немесе тұрақты магниттерден қозу машиналары).

5600. Айналымның (таратудың) шамандан тыс жиілігінен қорғайтын тәуелсіз осы Қағиданың 353- тарауында талап етілгендей қондырғы көзделуі қажет.

Есетін электрлік қозғалтқыш айналымның берілген шамадан тыс жиілігі кезінде іске асыруға келтірілген қорғаныс қондырғыларының жұмыс сипаттамасы шамасында айналымның шамадан тыс жиілігіне төзуі қажет.

5601. Қозғалтқыш номиналдық жүктеме кезінде оның клеммаларындағы қапалыс қысқа тұйықталуларды зақымсыз ұстасуы қажет.

Тұрақты қозатын, қозғалтқыштың қысқа тұйықталуының орнатылған тоғы орамдарды және оның тоқтарататын құрауыштарын, тоқ алатын сақина, кабельдер, фидерлер немесе шиноөткізгіштерінің термиялық ақауларына әкелмеуі тиіс.

522-тарау. Батырылатын айналмалы еспелі электр қозғалтқыштарына қойылатын арнайы талаптар

Ескеरту. 526-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Жалпы талаптар

5602. Егер жұмыс жағдайында электрлік машина және басқа жабдық орнатылған кеңістікке жол берілмесе және ерекше қоршаған ортасы болса (жоғары температура, ылғалдық) ерекше мықты материалдар мен құрауыштарды, бақылау датчиктерінің тиісті санын, сондай-ақ құрауыштарды субасу мен зақымдардан қорғауға арналған арнайы құралдардың қолдану сияқты арнайы шаралар қолданылуы қажет.

5603. Құрауыш элементтер, басқару элементтері, датчиктер, тоқ алатын сақиналар, кабельдік байланыстар және қосалқы жетектер 3 — 100 Гц жиіліктер диапазонында кем дегенде 4 g үдетулі вибрациялық жүктемелерді ақаусыз ұстауы қажет.

2-параграф. Тетіктер, біліктіректер

5604. Тек кемені доктау кезінде ауыстыруға болатын қадағалар қайталама қадағалар ретінде құрастырылуы тиіс, яғни олардың бір корпус ішінде екі сезімтал элементі болуы тиіс.

5605. Мойынтірек корпустарын маймен толтыру деңгейлері тоқтап тұру кезінде де, жұмыс істеу кезінде де қадағалармен бақылануы тиіс.

Бұл талап майлағыштың айналмалы жүйелеріне де қолданылады. Мұндай жүйелер майлағыш майдың ағымын қадағалау қызметімен жабдықталуы тиіс. Майлағыш май ағымы деңгейін төмендету АПС-і ГЭД басқару жүйесіне тәуелсіз болуы тиіс.

5606. Дуал мойынтіректерінің температурасы АПС жүйесі мен екі сатылы қорғаныс жүйесімен қадағалануы тиіс. 1-ші саты – АПС дабылы, 2-ші саты – қозғалтқыштың тоқтауы. Қорғаныс жүйесі мойынтіректердің температурасын анықтау жүйесі мен АПС-ке тәуелді болмауы тиіс.

3-параграф. Батырылатын бұрылмалы электрлі қозғалтқыштардағы, құдықтардағы гондолалар, қол жетімді кеңістіктер (қозғалтқыш гондоласында)

5607. Гондолдар құдықтары ішіндегі және олармен байланысты бөлмелердегі су деңгейі деңгей қадағаларымен бақылануы тиіс. АПС-қа жұмыс істейтін құдықтардағы су деңгейінің жоғарғы қадағаларға қосымша тәуелсіз қадағалар қарастырылуы тиіс. Олардың міндеті - су асты бұрылмалы электрлі қозғалтқыштарды (одан әрі - СБЕЭК) автоматты тұрде тоқтататын жоғарғы апatty деңгейді қадағалау және дабылдарды тоқтату.

5608. Профилактикалық және жабдықтарды тексеру жұмыстары жүргізілетін гондола кеңістіктерінде жарық және желдегу жүйелері қарастырылуы тиіс.

4-параграф. Өртті анықтау, СБЕЭК-ны сақтау жүйелері

5609. Датчиктердің қажетті саны мен түрлерін көздейтін өрт анықтаудың тиімді жүйесі көзделуі тиіс. Мұндай жүйелерге қойылатын жалпы талаптар осы Қағидалардың 480-тарауында жазылған.

Ескерту. 5609-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5610. Қуаттылығы 1 МВт-тан артық қозғалтқыштар мен тұрақты қоздырмалы барлық қозғалтқыштардың ішкі бұзылулардан қорғайтын қорғаныс жүйесі болуы тиіс. Ол жүйе, сондай-ақ, басты тоқ желісін жартылай өткізгіш түрлендіруші мен қозғалтқыш арасындағы басты тоқ желісін қорғайды. Бұзылған құрылғының тоқтауы қажет уақыт сақталуы мен апattyқ хабарландыру дабылышын берілуімен жүргізуі тиіс.

5611. Ауаны суытудың жабық жүйесі бар қозғалтқыштардағы ауа ылғалдылығы қадағалануы тиіс. Ылғалдылықтан мүмкін деңгейінен асу байқалған жағдайларға АПС дабылы қарастырылуы тиіс.

5-параграф. Қозғалтыштың басты қоректендіру тоғының тізбектері

5612. Мүмкін жоғарғы жұмыс істеу температурасы бар қорек кабелі басқа кабелдерден бөлек салынуы тиіс. Қажет болған жағдайда кабельдердің сыртқы қабаттарының байланысқа түсіне кедергі жасайтын бөлектегіш құралдар қарастырылуы тиіс.

5613. Кабелдердің барлық байланыс қосылыстары, түптемелері мен шиналық қосылыстарындағы сыртқы қабаттарды қорғау деңгейі (IP) қозғалтқыштардың сыртқы қабатының қорғанысымен бірдей, алайда IP 44-нен кем болмауы тиіс. Осы талаптар басқару кабелдеріне де қатысты.

6-параграф. Токтұсіретін сақиналар, азимуталды жетек

5614. Егер ақпарат кері байланыс қадағалары, бақыланатын параметрлер тоқ алатын сақиналардың ақпаратты шиналары жүйесі арқылы берілген жағдайда, шиналар жүйесі қайталмалы болуы тиіс. Шина жүйелерінің кез келгенінің істен шығуы бірден АПС-тың іске қосылуын әкелуі тиіс.

5615. Сыртқы міндетті суыту жүйесімен жабдықталған тоқ алатын сақиналар блогы белгілі бір уақыт ішінде суыту жүйесінсіз жұмыс істеуге қабілетті болуы тиіс. Суыту жүйесінің істен шығуы бірден АПС-тың іске қосылуын әкелуі тиіс.

5616. Азимуттық жетек осы Қағидалардың 446-тарауында көзделген рульдік машиналарға қойылатын талаптарға сәйкес келеді.

Ескерту. 5616-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйріғымен.

5617. Жүйенің барлық электрлік және гидравликалық құрылымдарына біржолғы бұзылуды локализациялау принципі қамтамасыз етілуі тиіс (қызмет етуге әсер ету мүмкіндігін жою). Кеменің қауіпсіз қызмет етуі рульдың бұрыштық орналасуы мен кеменің жылдамдығына тәуелсіз кез келген бұзылу жағдайында қамтамасыз етілуі тиіс. Жобаны дайындаушы "Бұзылу түрлерінің әсер етуіне сараптама жүргізу" (FMEA) жобасын дайындалап, келісілуге ұсынуы тиіс.

5618. Азимуталды жетектің бұрылу бұрышының орналасуы жетекті орналастыру орнында механикалық анықтағыш арқылы шкала үстінде көрсетілуі тиіс (румпельды болік).

5619. Әрбір азимутальды құрылғы үшін бұрылу үшін кем дегенде екі тәуелсіз электрлі жетектер қарастырылуы тиіс. Осы жетектердің біреуі ГРЩ-дан, ал екіншісі АРЩ-дан қорек алуы тиіс.

5620. Азимуталды электрлі жетектердің шамадан тыс жүктелуден (түрлендіргіш жүйесімен іске асырылуға рұқсат беріледі) және қысқа тұйықталудан қорғанысы болуы тиіс. Олар атаулы сәттің 160%-ын қамтамасыз етуі тиіс, ол сәт берілген Қағиданың 371-тарауының 2- параграфындағы талаптарға сәйкес бұрылудың номиналды жылдамдығын қамтамасыз ету үшін қажет.

Басқа құрылымды азимуталды жетектер, мысалы гидравликалық, жоғарыда аталған талаптарға сай болуы тиіс.

5621. Тіреуіштің азимуталды бұрышы $\pm 35^0$ -ке дейін шектелуі тиіс. Кішігірім пропульсивті қуаттылығы жағдайында, оған сәйкес кеменің кіші жылдамдығы жағдайында немесе апарттық "Тоқта - орағытуы" жағдайында бұл шектеу басқару жүйесімен алынып тасталуы мүмкін.

5622. Тіреуіштің азимуталды бұрышы кемені қауіп-қатерге төндірмеу үшін (бұрылу кезінде шамадан тыс тіреу себебінен) кеменің берілген жылдамдығының сатылары негізінде шектелуі тиіс. Осында шектеулер жүйесі қажет алдын ала сақтаумен қамтамасыз етілуі тиіс және азимуталды бұрышты басқару жүйесіне тәуелсіз жұмыс істеуі тиіс (ГЭД гондоласының бұрылуды).

5623. Азимуталды бұрыштың мүмкін шектеу көрсеткіштеріне жету не олардан асу АПС-тың іске қосылуын тудыруы қажет. Шектеудің іске қосылуынан кейін жетектің қолмен қайтарусыз бұрылудың мүмкін бұрыштарына қайта қалпына келуі мүмкін болуы тиіс.

5624. Азимуталды жетектің жұмыс істеуі мен анықталуын қамтамасыз ететін құрылғы есу бұранданың немесе кеме қозғалысы берілген бағыттары қалпының нақты және түсінікті анықталуын қамтамасыз ете алатындаі әзірленуі тиіс. Оператор үшін екі ғимараттың қайсысы таңдалғаны жақсы көрінуі тиіс: кеме қозғалысының бағыты немесе ГЭУ есу бұргысы тіреуінің бағыты.

5625. Азимутальдық қондырғыға арналған жергілікті басқару бекеті мынадай құралдармен жабдықталуы тиіс:

- 1) амперметрлермен жүктеменің әрбір компонентін қоректендірудің әрбір жүйесі үшін;
- 2) азимутальдық бұрыштар индикаторларымен (бұрылыс бұрыштары) әрбір жетек үшін;
- 3) әрбір жетекті қоректендіру жүйесінің дайындығы идикаторларымен;
- 4) әрбір жетекті қоректендіру жүйесінің бұзылуы (дайын еместігі) идикаторларымен;

Және мыналарды қарастыруы тиіс:

- 5) қуаттылықты шектеу (түрлендіргіштен);
- 6) ЦПУ-дан басқару;
- 7) жүріс көпіршесінен басқару;
- 8) жергілікті басқару бекетін басқару;
- 9) есу бұрандасының тиісті жетегіне арналған "жұмыс" индикациясын.

Жергілікті басқару бекеті кез келген уақытта орындарда белсендендірілуі (қолданысқа енгізілуі) мүмкін және жоғары басымдық болуы тиіс (үстем болу).

523-тaraу. Еспелі электр қондырғыларын басқару жүйелері

Ескеरту. 5-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он қун өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. ГЭУ электр энергиясы қондырғысын басқару жүйесі

5626. Паралель жұмыс жасайтын ГЭУ қоректендіру жүйелері үшін ГЭУ-дің нақты жұмыс тәртібінің сұраныстарына сәйкес электр энергиясын барабар генерирлеуді қамтамасыз ететін электростанцияны басқарудың автоматтандырылған жүйесі қарастырылуы тиіс, соның ішінде теңізге шықкан және маневр жасаған кезде. Маневр жасау режимінде қуаттылықтың жеткіліктілігі немесе артықтығы сигналы бойынша генераторларды автоматты түрде ажыратуға жол берілмейді.

5627. ГРЦ шиналарындағы жиілік төмендеген жағдайда ток бойынша артық жүктеулер немесе ескекті электр қондырғысына берілетін қуаттылықты артық жүктеу

мен реверсі жағдайында қуаттылық автоматты түрде шектелуі тиіс (ГРЩ шиналарының токсындандырылуын болдырмау мақсатында).

5628. Егер генераторлар паралель жұмыс жасап тұрып, олардың біреуі қорғаныс жүйесімен ажыратылған болса, онда электростанцияны басқарудың автоматтандырылған жүйесі қолайсыз қалған генераторлар артық жүктеуден қорғалуы және рұқсат етілген жүктемелерде жұмыстарын жалғастыруы үшін ескекті электр қондырығысының қуаттылығын автоматты түрде төмендеуті тиіс. Бұл талап ГРЩ шиналарындағы бөлгіш автоматты ажыратқыштарға қатысты қолданылуы тиіс.

5629. ГРЩ шиналарындағы бөлгіш автоматты ажыратқыштардың іске қосылуы жүйедегі бұзуышылықтарға әкеп сокпауы тиіс. Бұл орайда, егер қоректену жүйесі бөлінген болса, электростанцияны басқару жүйесінің автоматты режимде қалғаны талап етілмейді.

Басқару жүйесінің автоматты функцияларының кез келген жоғалтулары АПС-тің іске қосылуына алып келуі тиіс

2-параграф. ГЭУ басқару посттарының орналасуы

5630. ГЭУ басқару посттары кеменің мақсатына сәйкес кез келген қолайлы орында орналасуы мүмкін.

Егер машиналық жайларынан тыс, яғни көпіршеде немесе басқа орындарда басқару бекеттері қарастырылатын болса, онда машиналық жайларда немесе ЦПУ-да басқару бекеттері де қарастырылуы тиіс.

5631. Жергілікті басқару бекеті басты болып табылады және жетекке немесе жартылай өткізгіштік түрлендіргіштерге тікелей жақын жерде орналасуы тиіс. ГЭУ тәртіптерінің осы бекеттен берілетін өзгеруі берілген және орындалған бұйрықты көрсететін жүйемен инденсациялануы тиіс.

5632. Бірнеше басқару бекеттері болған кезде негізгі басқару бекетінің жайында орналасқан бекеттерді ауыстырып қосқыштар қарастырылуы тиіс. Мұндай ауыстырып қосқыш кез келген, бірақ бір ғана басқару бекетінің (жүріс көпіршесіндегі орталық және борттық бекеттер бір бекет ретінде қарастырылады) қосылуын қамтамасыз етуі тиіс.

5633. Әрбір басқару бекеті басқару жүйесіне тәуелді емес белсенді (қосылған) басқару бекеті ГЭД-ні апаттық тоқтату құрылғысымен жабдықталуы тиіс.

3-параграф. Басты және жергілікті басқару посты

5634. Аз дегенде бір біріне тәуелді емес ГЭУ басқару посты – басты бекет және жергілікті басқару бекеті қарастырылуы тиіс.

5635. Басты бекеттегі басқару жүйесінің қоректенуі зақымданған, бұзылған немесе жоғалған жағдайда жергілікті басқару бекетінен ГЭУ түрлендіргіштерін басқару қарастырылуы тиіс.

5636. Көпіршедегі басқару жүйесі бұрылысты (тірек азимутының өзгеруін) басқару жүйесі айналым жиілігін және ескекті электр қондырғысының ГЭД реверсін басқару жүйесіне қарамастан әрекет ететіндегі орындалуы тиіс.

5637. Ескекті электр қондырғысының барлық өлшемдері бойынша АПС-тің іске қосылуы жергілікті басқару бекетінде мақұлдануы тиіс. Персоналдың шұғыл жүйелі араласуын талап етпейтін ескерту сигналдары жергілікті бекеттерді міндетті жүйелі мақұлданумен басты басқару бекетінде (жүріс көпіршесінде) мақұлдана алады.

5638. ГЭУ қайталама жүрісі (қосылуы) қай бекет алдын ала таңдалғанына қарай екі басқару бекетінен де (жергілікті және басқару) болуы мүмкін. ГРЩ токсыздандырылғаннан кейін ескекті қондырғыны қайталама қосу басты басқару бекетінен болуы тиіс.

5639. Егер басты электр қондырғысының қалқанынан немесе пультынан басқару электрлік, пневматикалық немесе гидравликалық жетекті пайдалану арқылы жүзеге асырылатын болса, онда бұл жетектің істен шығуы ескекті электр қондырғысын ажыратумен сүйемелденбеуі тиіс, ал бекеттердің әрқайсысы қалқанда немесе пультта қолмен дерек әрекет жасауға дайын болуы тиіс.

5640. Үйлесімді жұмыс жасау үшін жүріс рубкасында (көпіршеде) орнатылған механикалық байланысты бекеттерді қолдануға жол беріледі.

5641. Басқару бекетінде басқару тұтқасын қою кезінде персонал тарарапынан уақытқа төзімділік талап етілмейтіндей ескекті электр қондырғысын қашықтықтан басқару жүйесінің конструкциясы болуы тиіс.

5642. Ескекті электр қондырғысын басқару жүйесінің білікті айналдыру құрылғылары қосылған кезде қондырғыны іске қосу мүмкіндігін болдырмайтын блокталуы болуы тиіс.

5643. Әрбір басқару бекеті басқару тізбегінде кернеудің барлығы туралы жарықтық дабылнама болуы тиіс.

4-параграф. Өлшеуші, индикациялаушы және бақылаушы жабдықтар

5644. Өлшеу, бақылау және индикациялау жүйелеріндегі бұзушылықтар ГЭУ басқару жүйесінде бұзушылықтарға әкелмеуі тиіс, мәселен, нақты шама датчигінің (айналым жиілігінің) немесе айналу жиілігінің тірек сигналының шамасы датчигінің бұзушылығы ескекті бұранданың айналу жиілігінің шамадан тыс артуына алып келмеуі тиіс.

5645. Жергілікті (негізгі) басқару бекетінде мыналар қарастырылуы тиіс:

1) қондырғының (әр орама статорының тогы), сондай-ақ қоздыру тізбегінің (қоздырылуы реттелген жүйелер үшін) әрбір күштік компонентін қоректендірудің әрбір желісі үшін амперметрлер;

2) қондырғының әрбір күштік компонентін қоректендірудің әрбір желісі үшін, сондай-ақ қоздыру жүйесін (қоздырылуы реттелген жүйелер үшін) қоректендіру үшін вольтметрлер;

3) әрбір ескекті білікті айналдыру жиілігінің индикаторы;

4) "Электростанция ГЭУ жұмысына дайын" индикаторы;

5) "Электростанция ГЭУ жұмысына дайын емес" индикаторы;

6) "ГЭУ қуаттылығын шектеу" (конвертердан) индикаторы;

7) "ЦПУ-дан басқару" индикаторы;

8) "Жүріс көпіршесінен басқару" индикаторы;

9) "Жергілікті басқару бекетінен басқару" индикаторы.

5646. Басты басқару бекетінде (жүріс көпіршесінде) мыналар қарастырылуы тиіс.

1) әрбір ескекті білікті айналдыру жиілігінің индикаторы;

2) әрбір біліктің қуаттылығын өлшеу құралы;

3) "Электростанция қосуға дайын" индикаторы (қосымша генераторларды);

4) "Электростанция ГЭУ жұмысына дайын" индикаторы;

5) "Электростанция ГЭУ жұмысына дайын емес" индикаторы;

6) "ГЭУ қуаттылығын шектеу" индикаторы;

7) Егер автоматты басқару жүйесі қосылмаған болса немесе "override" түймешесі қосылған болса (станцияны автоматты басқаруды ажырату) "Қуаттылықты төмендету талап етіледі" индикаторы;

8) "ЦПУ-дан басқару" индикаторы;

9) ""Жүріс көпіршесінен басқару" индикаторы;

10) "Жергілікті басқару бекетінен басқару" индикаторы;

11) ГЭУ-да жұмыс істейтін генераторлар индикациясы;

12) Резервте қалатын қуаттылық индикаторы (ұсынылады).

5647. ВРШ қалақтарының жылдамдығы мен бұрылыс бұрыштарын өзгерту үшін бір немесе одан көп басқару бекеттері қарастырылса, онда осы бекеттердің әрқайсысында жылдамдықтың да, ВРШ қалақтарының бұрылысы өзгеруінің де индикаторлары қарастырылуы тиіс.

5648. ЦПУ басқару бекетінде мыналар қарастырылуы тиіс:

1) әрбір ескекті білікті айналдыру жиілігінің индикаторы;

2) әрбір біліктің қуаттылығын өлшеу құралдары;

3) Электростанция қосуға дайын" индикаторы (қосымша генераторларды);

4) "Электростанция ГЭУ жұмысына дайын" индикаторы;

5) "Электростанция ГЭУ жұмысына дайын емес" индикаторы;

6) "ГЭУ қуаттылығын шектеу" индикаторы;

7) Егер автоматты басқару жүйесі қосылмаған болса немесе "override" түймешесі қосылған болса (станцияны автоматты басқаруды ажырату) "Қуаттылықты төмендету талап етіледі" индикаторы;

8) "ЦПУ-дан басқару" индикаторы;

9) "Жергілікті басқару бекетінен басқару" индикаторы;

10) "Жұріс көпіршесінен басқару" индикаторы;

11) ГЭУ-да жұмыс істейтін генераторлар индикациясы;

АПС жүйесінің бақыланатын өлшемдердің тізбесі осы Қағиданың қосымшаларында 488 және 489-кестелерде көрсетілген.

5-параграф. ГЭУ-ды басқару жүйесінің "Жұмыс іstemей қалуы болмаушылығы"

5649. Процессорларды қолдана отырып ГЭУ-ді басқару жүйесі осы Қағиданың 133-бөлімі талаптарына сәйкес келулері тиіс.

5650. Кез-келген басқа басқару және бақылау жүйесінің қоректі жоғалтуы немесе бұзылуышылығы ГЭУ жүрісі мен басқаруын, кемені немесе азимутальдық жетекті басқарушылықты жоғалтуға алып келмеуі тиіс.

5651. Ескекті электрлік қондырғы, азимутальдық бұзылуышылықтар мен олардың басқару жүйелерінің өзіндік басқару жүйесі және бұзылуышылықтарды тез анықтау үшін АПС-ы болуы тиіс.

5652. Қоректі жоғалту, үзілу немесе кабельдер мен сымдардағы шағын түйықталу сияқты болуы мүмкін бұзылуышылықтардың көпшілігі кеменің барлық болуы мүмкін жаңа жағдайларынан анағұрлым аз қын жағдайға әкелуі тиіс (қауіпсіз жаққа істен шығу).

524-тарау. Электр муфталары

Ескеरту. 528-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.

1-параграф. Жалпы талаптар

5653. Электрлік муфталардың жетекті қозғалтқышты немесе редукторды ажыратпай муфтаның бөлшектенуіне жол беретін конструкциялары болуы тиіс. Электрлік муфталар қызмет көрсетуге, щеткаларын ауыстыруға және муфтыны бөлшектемей ауа саңылауларын өлшеуге оларға еркін ену қамтамасыз етілетіндей болып құрылымдануы және орналасуы тиіс.

5654. Корпустар мен подшипникті қалқандар болаттан немесе беріктігі бойынша бірдей материалдан дайындалуы тиіс (осы Қағиданың 5268-тармағы).

5655. Муфтаның айналатын бөліктері, сондай-ақ олардың орамалары кенеттен тоқтатылу жағдайында олар зақымданбайтында болып құрылымданулары тиіс.

Электрлік муфталар білікті күш жасамауы тиіс. Муфталарды тенгерімдеу дәрежесі осы Қағиданың 4092-тармағы талаптарына жауап беруі тиіс.

5656. Қоздыруды жылдамдату режиміндегі максималды сәт муфтаның екі реттік номиналдық сәтінен аспауы тиіс.

Осы тараудың талаптары сонымен қатар, басқа жүйелерде орнатылатын электрлік муфталарға қолданылады.

2-параграф. Қорғаныс және блоктау

Электрлік муфталардың қозуы

5657. Муфтаны қосу жүйесі басты қозғалтқышты қосу немесе реверсі кезінде муфтаға қоздыру беру мүмкіндігін болдырмайтында болып әзірленуі немесе блоктау қолданылуы тиіс.

Бірнеше жетекті қозғалтқыштардың жұмысы кезінде жалпы беріліске қарама- қарсы бағыттарда айналатын жетекті қозғатқыштардың бір мезгілде қосылуын болдырмайтын электр муфталарының қозу жүйесінде блоктау қолданылуы тиіс.

5658. Электрлік муфталардың қозуын ораулар артық жүктелуден қорғалуы тиіс.

Электрлік муфталарды қоздыру тізбегінде мыналар орнатылуы тиіс:

- 1) екі полюсты ажыратқыш;
- 2) магниттік өрісті өсіру құрылғысы;
- 3) шағын түйықталудан қорғау.

18-кіші бөлім. 1000 вольттан киловольтқа дейінгі кернеуге арналған электр жабдығына қойылатын қосымша талаптар

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

525-тaraу. Жалпы ережелер. Таралу аймағы. Жоғары вольтты және төмен вольтты жабдықтарды бөлу

Ескерту. 529-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Тарату саласы

Жоғары вольтты және төмен вольтты жабдықтарды бөлу

5659. Осы талаптар номиналды кернеу дегеніміз фазалар арасындағы кернеу деп түсінілетін, 1 кВ асатын номиналды кернеуі бар айнымалы токтың үш фазалы жүйелеріне қолданылады.

Егер осы бөлімде өзгеше көзделмесе, Қағиданың осы бөлігінде баяндалған тәмен вольтты электр жабдығына арналған конструкция мен қондырғыға талаптар (1000 В дейін) сонымен қатар жоғары вольтты электр жабдығына да қолданылады.

5660. Егертиісті бөлініс қамтамасыз етілмесе немесе тәмен вольтты жабдықтарға қызмет көрсетуге қауіпсіз енуді қамтамасыз ететін тиісті шаралар қабылданбаған болса, тәмен вольтты жабдықтар орнатылған корпустарға (қабыршаққа) 1000 В жоғары кернеуге электр жабдығы орнатылмауы тиіс.

5661. Электр жабдығына қолданылатын оқшаулау материалдары қондырғыны пайдалану кезінде номиналдық кернеудің 1 В-ға 1500 Ом, бірақ 2МОм-нан кем емес оқшаулау қарсылығын орнатылуын қамтамасыз етуі тиіс.

5662. Арнайы электр жайларына кіре берісте кернеудің шамасын көрсететін сақтандырғыш жазбалары болуы тиіс.

Арнайы электр жайларынан тыс орнатылған электр жабдықтарының корпустары кернеудің шамасын көрсететін сақтандырғыш жазуларымен жабдықталуы тиіс.

526-тарау. Жүйені жобалау

Ескерту. 530-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - КР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Бөлу жүйелері

5663. Айнымалы үш фазалы токтың жоғары вольтты қондырғылары үшін электр энергиясын бөлудің мынадай жүйелерін қолдануға жол беріледі:

Үш сымды оқшауланған жүйені;

Жоғары омды резистор немесе реактор арқылы корпуспен қосылған бейтараптық үш желілік жүйені;

Нейтралды терең жерге қосылған төрт сымды жүйені.

5664. Коректендірудің үздіксіздігін қамтамасыз етуге арналған желі конфигурациясы.

ГРЩ құрылымы оны секцияларың автоматты ажыратқыш немесе бөлгіштер арқылы кем дегенде секциялардың екі тәуелсіз жартыларына бөлу мүмкіндігін қарастыруы тиіс.

Әрбір жарты секцияда кем дегенде бір генератор қосылуы тиіс.

Егер өзара кабельдік маңданшалармен қосылған екі тәуелсіз ГРЩ қарастырылатын болса, автоматты ажыратқыштар оның екі жағында да қарастырулы тиіс. Барлық қайталанған электр жетектері түрлі ГРЩ-дан немесе оның бөлінген секцияларынан қорек алады.

5665. Бейтарап жерге жерленген жүйелерге мынадай талаптар қойылады:

1) Паралель жұмысқа қосылатын генераторлардың нөлдік нүктелерін жерге орналастырылатын резистр немесе тарату қалқанында немесе генераторлардың жанында тікеleу орнатылған реактордың алдынан жалпы шинаға қосуға жол беріледі;

2) Корпусқа тұйықталған кезде токтың кетуі ең үлкег генератордың номиналды тогынан немесе ГРІЦ-нің тиісті секциясының жиынтық номиналды тогынан аспауы тиіс және корпусқа тұйықталудан қорғаныстың іске қосылуы үшін талап етілетін үш еселік минималды токтан аз болмауы тиіс.

3) Жүйе кернеуде тұрған кезде бейтарап жерге қосудың кем дегенде бір нүктесінің қосылуы қамтамасыз етілуі тиіс. Корпузына жоғары омды резистор немесе реактор арқылы қосылған, жерге бейтарап немесе терең бейтарап жерленген жүйелерде жұмыс жасайтын электр жабдығы қорғаныс құрылғысының іске қосылуына қажетті уақыт бойына корпусқа токтың бір фазалық түйісуге зақымдануынсыз шыдауы тиіс.

5666. Эр генератордың нөлдік сымында оқшаулау қарсылықтарын және генераторларға қызмет көрсетуді өлшеу өндірісі үшін жерге қосудан нейтралды ажыратуға болатын бөлгіш қарастырылуы тиіс.

5667. Жерге қосу импедансының корпусымен қосу:

1) нөлдік нүктelerдің барлық жерге қосу импеданстары корпуспен қосыулары тиіс . Қосыулар жерге қосу қосыуларының кез келген таралатын токтары радиожабдықтарға, радарларға, сондай-ақ ішкі байланыс тізбектері мен басқару жүйесіне әсер етпейтіндей орындалуы тиіс

2) кем дегенде екі жerde корпуспен қосылуы тиіс жалпы жерге қосу шинасына барлық резисторлар немесе реакторлардың қосылуына жол беріледі.

5668. Бейтарап жерленген бөлінетін жүйелердегі бейтараптың корпуспен қосындылары ГРІЦ секцияларының әрбір бөлінген тобы үшін қарастырылуы тиіс.

2-параграф. Қабыршақтардың қорғалу дәрежесі

5669. Электр жабдығының әрбір бөлігінің электр жабдығының орналасуына және оған қоршаған жағдайдың әсер етуіне сәйкес келетін қорғаныс қабыршақтары болуы тиіс. МЭК 60092-201 стандартының талаптары минималды ретінде қарастырылуы мүмкін.

5670. Электрлік машиналар қабыршақтарының қорғаныс дәрежесі IP23 төмен емес болмауы тиіс. Машиналарды шығару қораптарының қорғаныс деңгейі IP44 қарағанда төмен емес болмауы тиіс.

Дайындалмаған персонал үшін қол жетімді жайларда орнатылатын қозғалтқыштар үшін қабыршақтың қорғаныс дәрежесі ток өтетін немесе айналып тұрған бөлшектерге жанасуды болдырмау үшін IP4X қарағанда төмен емес болуы тиіс.

5671. Трансформаторлар қабыршақтарының қорғаныс дәрежесі чем IP23 қарағанда төмен емес болуы тиіс.

Дайындалмаған персоналға қол жетімді жайларда орнатылатын трансформаторлар үшін қабыршақтың қорғаныс дәрежесі IP4X қарағанда төмен емес болуы тиіс.

Қабыршаққа алынбаған трансформаторларға осы Қағиданың 5714-тармақ талаптары қолданылады.

5672. Тарату құрылғылары, басқару қалқандары және конвертерлер.

Тарату қалқандарының, басқару қалқандарының, статикалық түрлендіргіштер шкафтарының металл қабыршақтарының қорғаныс деңгейі IP32 қарағанда төмен болмауы тиіс. Дайындалмаған персоналға қол жетімді жайларда орнатылатын қалқандар үшін қабыршақтың қорғаныс дәрежесі IP4X қарағанда төмен емес болуы тиіс.

3-параграф. Оқшауланған қашықтықтар

5673. Түрлі әлеуеттері бар кернеудегі бөліктер арасындағы немесе кернеудегі бөліктер мен жерге қосылған металл бөліктер немесе сыртқы қаптаманың арасындағы ауа бойынша оқшауланған қашықтықтар осы Қағиданың қосымшасында 279-қосымшада көрсетілген кем емес болуы тиіс.

Жұмыс кернеулерінің аралық мәндері үшін минималды қашықтықтар мынадай стандартты кернеудің мәнінен жоғары етіп таңдалады.

Аз қашықтықтарды таңдаған кезде осындай таңдауға жол беруге болатындығын растайтын испульсты жоғары вольтты сынақтар қарастырылуы тиіс.

5674. Материалдың бетіндегі түрлі әлеуеттері бар кернеудегі бөліктер арасындағы және кернеудегі бөліктер мен корпус арасындағы оқшауланған ара қашықтық ұлттық және халықаралық стандарттар негізінде таңдалуы тиіс.

Тарату қалқандарындағы шиналардың секцияларын қамтитын жабдықтардың стандартталмаған бөліктері үшін материалдың беті бойынша 1 кВ-ға 25 мм ара қатынасынан, ал токты шектеуші құрылғылар артындағы минималды ара қашықтықтар - 16 мм на 1 кВ есептелуі тиіс.

4-параграф. Тұйықталудан қорғаныс құрылғысы

5675. Осы Қағидалардың 486-тарауында көрсетілген қорғау түрлерінен басқа генераторлар генераторды және ГРЩ-ды қосатын кабельдегі фазааралық қысқа тұйықталуға қарсы және генератор ішіндегі витаралық тұйықталуға қарсы қорғаныс құрылғыларымен жабдықталады.

Ескеरту. 5675-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрекімен.

5676. Корпусқа кез-келген тұйықталу кезінде жүйеде дыбыстық және түстік дабыылнама іске қосылуы тиіс;

5677. Корпусқа тұйықталу кезінде төмен импеданстық жүйелерде (терен жерге қосылған) зақымданған тізбекті автоматтық түрде сөндіретін қорғаныс іске қосылуы тиіс;

5678. Жоғары импеданстық жерге қосылған жүйелерде (жоғарыомды резистор арқылы бейтараппен жерге қосылған жүйелерде) егер корпусқа тұйықталу жағдайында ГРЩ-дан шығатын фидерлер ажыратыла алмауы мүмкін болса осы фидерлерден қорек алатын электр жабдықтарын оқшаулау жүйенің желілік кернеуіне есептелуі тиіс.

Жүйе егер жерге қосу коэффициенті 0,8 кем болса, тиімді жерге қосылған (төменимпеданстық) және егер жерге қосу коэффициенті 0,8 және одан жоғары болса тиімсіз жерге қосылған болып жіктелуі тиіс.

Түзетілетін яғни, зақымданбаған "фаза — корпустағы" кернеу арасындағы жүйелік және желілік ("фаза-фаза") кернеуге қатынасы ретінде жерге қосу коэффициенті анықталады.

5679. Күштік трансформаторлар шағын тұйықталудан және автоматтық ажыратқыштармен шамадан тыс жүктелуінен қорғалуы тиіс.

Егер паралель жұмысқа арналған трансформаторлар бастапқы жағындағы қорғаныстың іске қосылуы оның екінші жағындағы автоматты ажыратылуына да алып келуі тиіс.

5680. Басқару және өшу құралдарына арналған кернеу трансформаторлары.

Басқару тізбектері мен құралдарды қоректендіруге арналған трансформаторлар шамадан тыс жүктемеден және қайтлама жағындағы шағын тұйықталудан қорғалуы тиіс.

5681. Балқығыш сақтандырғыштар шағын тұйықталулардан қорғау үшін тұйықталулары тиіс.

Швамадан тыс жүктеуден қорғау үшін сақтандырғыштарды қолдануға жол берілмейді.

5682. Жоғарывольтті трансформаторлардан (жүйелерден) қорек алатын бөлудің төмен вольтті жүйелерінің (1000 В дейін) екінші төмен вольтті жаққа жоғары кернеудің түсуімен байланысты шамадан тыс кернеуден қорғанысы болуы тиіс.

Бұл мынадай құралдармен іске асырылуы мүмкін:

жерге қосылған төмен вольтті жүйелерді қолдана отырып,

бейтарап кернеуді тиісті шектеулермен,

трансформаторды бастапқы және қайталама орау арасындағы экранды жерге қосумен.

5683. Электрлік жабдықтарының металл корпустары бір фазалық шағын тұйықталу тобына, бірақ 16 mm^2 кем емеске есептелген қимасы бар сыртқы мыс иілмелі өткізгіштермен жерлендірілуі тиіс. Жерге қосу сымдар таңбаланцан болуы тиіс;

Жерге қосу өткізгіштері дәнекерлеумен немесе диаметрі кемінде 10 мм кем емес болттармен қосылуы мүмкін.

527-тарау. Электрлік машиналар

Ескерту. 531-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Генератор статорларын орау, температура тетіктері, электр машиналарын сынақтан өткізу

5684. генераторлық статорлық орамаларында фазалық шығаруларда, нөлдік те шығарулар дифференциалдық қорғанысты орнату мүмкіндігі үшін қолд жетімді болуы тиіс.

5685. Электр машиналары жол берілген шектеулерден температуралық асуы кезінде дыбыстық және түстік дабылнаманы қамтамасыз ететін статорлық орамалардың орналастырылған температура датчиктерімен жабдықталуы тиіс.

Орнатылған датчиктер үшін өлшеу тізбектеріне жоғары кернеудің түсінен қорғайтын құралдар (құрылғылар) қарастырылуы тиіс.

5686. барлық электр машиналары үшін талап етілетін сынақтан өтетін қосымша фронттың жоғары құлама тік кернеуінің импульстік шашырауынан туындаитын айналым аралық тұйықталуларға қарсы жеткілікті түрдегі тұрақтылық деңгейін растайтын машинаның жеке фазалық орамасының (катушкаларының) МЭК 60034-15 стандарттарына сәйкес жоғары жиілікті сынақтан өткізу кернеуімен сынақтан өткізу қарастырылуы тиіс.

2-параграф. Конструкциялар

5687. Машина корпусы, мойынтректі қалқандар, ауажинағы және шығаратын қуыстардың қорғаныс қоршаулары болат балқымалардан дайындалуы тиіс. Машиналардың көрсетілген бөлшектері үшін аллюмини балқыламаларына жол берілмейді.

5688. Машина корпустың төменгі бөліміндегі конденсатты шығару үшін қызмет көрсету үшін оңай қол жетімді қосу құрылғысы қарастырылуы тиіс.

Көлдеңен орындалған қозғалтқыштардың үстінен машинаның ішіне судың және бөмүнда заттардың түсінен қорғайтын мықты бекітілетін қалпақ қарастырылуы тиіс. Төменгі тік қойылған қалқандар мойынтрек маңында судың жинақталуын болдырмайтын нысанда болуы тиіс.

5689. Машиналарды шығару қораптары мыналарды қамтамасыз ететіндей өлшемдері болуы тиіс:

Тоқ өткізетін бөліктер мен корпус арасындағы қажетті оқшаулы қашықтық, фазалар арасындағы қажетті оқшаулы қашықтықтар, қосу және орамаларды шығару кабельдерінің ұштық бітеулерін орналастыру үшін жеткіліті кеңестік,

90⁰ бұрышпен төрт жағдайға дейін кабельдерді қоректендіруді енгізудің орналасуын өзгерту мүмкіндігі.

Тоқтың өлшеу трансформаторлары, қыздырушы конденсатқа қарсы элемент, температура датчиктері үшін бөлек клемдік қорап қаастырылуы тиіс.

5690. Статорлық ораманың фазаларын шығару төмен кернеулер қораптарынан ерекшеленетін клемдік қорапқа тығызыдағыш төсеме арқылы енуі тиіс.

Бейтарап шығарулар үшін бөлек клемдік қорап қаастырылуы қажет.

Клемдік қораптар ішінде кабельдердің жерге қосу желілері үшін клеммалар қаастырылуы тиіс. Бұл орайда машина корпусі мен қорап қорпусы арасында сенімді электрлік қосу қаастырылуы тиіс.

5691. Номиналдық қуаттылығы 1000 кВт және одан жоғары болатын қозғалтқыштар дифференциалдық қорғау құрылғыларымен жабдықталуы тиіс. Бұл мақсаттар үшін қозғалтқыш корпустарында қарама-қарсы жағынан үш тоқ трансформаторлары үшін орнату орындары қаастырылуы және орамалардың бейтарап ұштарын шығару қаастырылуы тиіс басты қораптан басшылық ететін бөлек шығару қораптары қаастырылуы тиіс.

5692. 1000 кВт және одан жоғары қуаттылығы бар қозғалтқыштар мойынтректерінің температурасы жергілікті индикаторлармен (құралдармен) бақылануы тиіс. Әрбір мойынтрек үшін қашықтықтан бақылауға арналған температура датчиктері де қаастырылуы тиіс.

5693. мойынтректі топтардың зиянды әсер етуін болдырмау үшін жетекке қарама-қарсы тұрган, бөмүнда мойынтрек корпустан электрлік оқшаулануы тиіс. Оқшауланған мойынтректі бөлшектеместен оқшаулаудың қарсылық білдіруін өлшеу мүмкіндігі қаастырылуы тиіс.

5694. Жылжу мойынтректерінің конструкциясы мынаны қаастыруы тиіс:

Жағармайлар деңгейінің жергілікті көрсеткіштері;

Мәжбүрлеп цикуляциялап жағу кезінде желілі құбыр сымдары, сыйымдылығы, смалқындақышы, сұзгісі және шығыс көрсеткіші бар жеке сорғылар.

Қажеттік кабель желілерін, сондай-ақ мойынтректің өлшеу құралдарын қоса алғанда вибрациялық бақылау құралдарын орнату мүмкіндігі;

Жағылмаған кезде қозғалтқыштың қосылуын блоктауды іске асыру мүмкіндігі.

528-тарау. Күштік трансформаторлар, кабельдер

Ескеरту. 532-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5695. Құрғақ трансформаторлар МЭК 60726 стандартты талаптарына жауап беруі тиіс.

Қолданылатын құрғақ трансформаторлардың жоғары және төмен кернеу орамалары арасындағы жерге қосылған экрандары болуы тиіс.

Сұйықтықпен салқыннатылатын трансформаторлар МЭК 60076 стандартты талаптарына жауап беруі тиіс.

Салқыннатушы майларға жүктелген трансформаторлар кем дегенде АПС құрылғыларымен жабдықталуы тиіс және келесі өлшемдер бойынша қорғалуы:

"Сұйықтықтың минималдық деңгейі" — АПС және автоматтық ажырату;

"Сұйықтықтың максималдық температуrasы" — АПС және автоматтық өшіру немесе жүктемені төмендету;

"Қабыршақтағы газдың жоғары қысымы" — автоматтық ажырату.

5696. Біліктілігі жоқ персоналдарға қол жетімді жайларда орнатылатын трансформаторлар IP4X қарағанда төмен емес қабыршақ қорғанысының деңгейі болуы тиіс.

5697. Егер трансформаторлардың төмен кернеуі жағында оқшауланған нөлдік нүктесі болатын болса онда әр трансформатордың нөлдік нүктесі мен платформа корпусы арасында ұшқын бәсендету сақтандырғышы қарастырылуы тиіс.

Сақтандырғыш осы трансформатордан қоректенетін тұтынушылардың минималды сынақ кернеуінен 80 % жоғары емеске есептелуі тиіс.

5698. Қондырғының төмен вольттік жағындағы оқшаулау жағдайын бақылау үшін немесе осы оқшаулаудың зақымдану орнын анықтау үшін аппаратураны бесендектішке параллель қосуға жол бермейді. Мұндай аппаратура бәсендектіштің сенімді әрекет етуіне кедергі келтірмеуі тиіс.

5699. Конденсат және тарнсформаторлар өшіп тұрған кезде олардың ішіндегі ылғалдың жиналудың алдын-алу үшін тиімді құралдар (мысалы қыздыру) көзделуі тиіс.

5700. Кабельдер МЭК 60092-353 және 60092-354 немесе басқа тиісті ұлттық стандарттарға талаптарына сәйкес дайындалуы тиіс.

5701. Уш фазалық тоқтың кабельдік желісі көпсымдары бар желілермен үшжелілі кабельдермен орындалуы тиіс. Кабельдер желісінің көлденен қимасының ауданы 10 мм^2 кем болмауы қажет.

5702. Қолданылатын кабельдердің құрылым, түр және жол берілетін тоқты жүктемелері әр жағдайда Кеме қатынасы тіркелімінің арнайы қаруындағы нәрсе болып табылады.

529-тарау. Тарату құрылғылары және басқару қалқандары

Ескерту. 533-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Конструкция

5703. Тарату қалқандары және басқару қалқандары МЭК 60928 стандарт талаптарына және мына қосымша талаптарға сәйкес дайындалуы қажет.

5704. Тарату қалқандары МЭК 60928 стандарт талаптарына сәйкес металдан жасалған және жабық типті болуы немесе ұлттық стандарттар талаптарына сәйкес оқшаулаушы материалдардан жасалған және жабық типті болуы тиіс.

5705. Тарату қалқандары тарату қалқандары кілттерінен және төмен кернеулі құрылғылар кілттерінен ерекшеленетін арнайы кілтпен жабылуы тиіс. Есіктерді ашу немесе жекелеген элементтерді жылжыту аталған панельдің немесе тарату қалқанының электр желісінен ажыратылғаннан кейін ғана мүмкін.

5706. Тарату қалқандары бойында бөлгішпен қалқан арасындағы ені 800 мм кем емес және қалқанның парелель орнатылған секциялары арасында 1000 мм болатын қалқандар мен электр аппаратурасын қарауға арналған жолдарды қамтамасыз ету керек. Егер мұндай жолдар қызмет көрсетуге арналған болса олардың ені сәйкесінше 1000 и 1200 мм дейін ұлкейтілуі тиіс.

Бұл жолдардың көрсетілген ені есік, торкөз немесе оқшаулау тұтқалары түрінде орындалған жанасулардан қорғаудың қолданылған құралдары түріне қарамастан талап етіледі.

Есіктер, бірыңғай бөлгіштер және торкөз бөлгіштердің биіктігі 1800 мм кем болмауы тиіс.

Перефорланған бөлгіштер немесе токөз бөлгіштер IP2X қарағанда төмен емес қорғаныс деңгейін қамтамасыз етуі тиіс.

Қалқан бойы 600 және 1200 мм биіктікте оқшаулау тұтқаларының екі қатары қарасытырылуы тиіс.

5707. Кернеудегі электр қондырғыларының бөліктері қорғаныс қоршауларының осы Қағиданың 280 - қосымшасында көрсетілгеннен кем емес қашықтықта орналасуы тиіс.

5708. Тарату қалқандарында қолданылатын автоматтық жылжымалы ажыратқыштадың оларды жұмыс жағдайында жылжытылған жағдайдада тіркейтін құрылғысы болуы тиіс. Жылжымалы ажыратқыштар мен басқа аппараттарға қауыпсіз қызмет көрсетуді қамтамасыз ету үшін блоктау кілттер мен блокталатын ажыратқыштар көзделуі тиіс.

Жылжымалы автоматтық ажыратқыштар жұмыс кезінде жылжымалы және жылжымайтын бөліктері арасында жылжыту болмайтында етіп тіркелуі қажет.

5709. Шымылдырықшалар (қалқалағыш).

Автоматтық ажыратқыштың жылжытылған жағдайындағы оқшаулағыш бөлгіштердің ажыратқыштың тоқ жылжыайтын тоқ жіберетін байланыстарын автоматтық жабу қарастырылуы тиіс.

5710. Жерге қосу және фазааралық тұйықталу құрылғылары.

Құрамалы шиналарға және шығатын фидерлерге арналған жоғары вольтті тарату қондырғыларының қауіпсіз қызмет көрсетуін қамтамасыз ету мақсатында шиналарды өзара және корпусқа мәжбүрлеп тұйықтандыруға арналған аппараттардың нақты саны болуы тиіс.

Қондырғы шағын тұйықталудың максималдық тоғына есептелуі тиіс. Мұндай қондырғы Кеме қатынасының тіркелімімен келісілген жағдайда тасымалды болуы мүмкін.

2-параграф. Қоректің қосалқы жүйесі

5711. Егер автоматтық және басқа ажыратқыштардың механизмдерінің жетегіне, сондай-ақ қорғаныс қондырғылары үшін бөлек қосалқы электрлік немесе басқа энергия көзі қажет болса онда мұндай негізгі көзден басқа барлық аппараттардың әрекетіне кем дегенде екі рет жеткілікті болуы тиіс энергия қоры бар резервті көз болуы тиіс.

Алайда шағын тұйықталу немесе "нөлдік" кернеу болатын жүктемеден іске қосылатын автоматтық сөндіргіштердің ағытқыштары энергияның кез-келген көзінен тәуелсіз болуы тиіс.

Бұл талап ажыратылатын тізбектердің тұтастығын (ұздіксіздігін) және олардың қоректену жүйесін бақылау қамтамасыз етілетіндей жағдайда жедел кернеуді беру кезінде іске қосылатын ағытқыштарды қолдануға тыйым салмайды, яғни тізбектердің тұтастығы бұзылған жағдайда немесе олардың қоректенуі бұзылған (жоғалған) кезде апattyқ ескерту дабылнамасы іске қосылады. жедел кернеуді жіберу кезінде іске қосылатын ағытқыштарды

5712. Қорек көзінің саны.

Автоматтық және басқа ажыратқыштар жетектеріне арналған бөлінген ГРІЦ (осы Қағиданың 5680 -тармағы) үшін әрқайсысы өзінің шиналар жүйесінен қуат алатын өзінің энергия өзінен басқа жоқ дегенде бір тәуелсіз резервті көз болуы қажет. Қажет болған жағдайда бұл көздің орнына механикалық қондырғыны толықтай тоқсызданырған жағдайдан немесе "өлі" жағдайдан ("dead ship") шығаруға арналған электр энергиясының апattyқ көзі алмастыра алады.

5713. Әрбір басты және басқада тарату қалқандары стандартты жиіліктің жоғары кернеуімен сыйналуы тиіс. Сынақтан өткізу рәсімі және сыйнау кернеуінің шамасы тиісті ұлттық стандарттың МЭК 60298 талаптарына жауап беруі тиіс.

530-тарау. Орналастыру (монтаждау)

Ескерту. 534-тараудың тәқырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Электр жабдықтары

5714. Егер жоғарывольтті жабдық қорғаныс қабыршағынсыз оның нақты қабыршағы болып табылатын арнайы жайда орнатылатын болса онда мұндай жайдың есіктері кернеу ағытылғанша және жабдықтың тоқ өткізетін бөліктері жерге қосылғанынша олардың ашылуын болдырмайтындей блокталуы болуы тиіс.

Жоғары вольттік жабдық орналасқан жайлар немесе кеністіктердің кіреберістерінде қауіпті жоғары кернеудің барлығы туралы ескерту жазулары қарастырулары тиіс.

5715. Электр жабдығы арнайы электр жайларында орнатылуы тиіс және IP23 қарағанда төмен емес қорғаныс дәрежесі болуы тиіс (осы Қағиданың 549- тарауы).

Негізделген жағдайларда жабдықтарды оларды қорғау дәрежесі IP44 қарағанда төмен емес болатындей және жабдықтың тоқ өткізуши бөліктеріне ену кернеу алынған кезде және арнайы құралдарды қолданған кезде мүмкін болатындей жағдайларда арнайы электр жайларынан тыс орнатуға жол берілуі мүмкін.

5716. Арнай электрлік орын-жайда қосу сыйбасы және электр жабдықтарын орналастыру сыйбасы болуы тиіс.

2-параграф. Кабельдер

5717. Кабелдер тұрғын жайлар арқылы өтпеуі тиіс. Алайда бұл технологиялық сипаттар шарттарымен талап етілетін болса арна жабық транзиттік жүйелерде (конструкцияларда) мұндай төсеуге жол беріледі.

5718. Жоғары вольттік кабелдер 1000 В төмен кернеуге кабельдер трассаларына бөліп тарссаларда төселуі тиіс. Атап айтқанда жоғары вольттік кабельдер сол бір трассаларда немесе сол бір каналдарда немесе құбырларды немесе 1000 В және одан төмен кернеуге кабельдері бар сол бір қораптарға төсемлеуі тиіс.

Егер түрлі номиналдық кернеудің жоғары вольттік кабельдері сол бір трассаларда төсептін болса онда кабельдер арасындағы оқшаулау қашықтықтары осы Қағиданың 5691 -тармағында көрсетілгендей анағұрлым жоғары кернеулі кабельдер үшін белгіленген оқшаулау қашықтықтарынан кем болмауы тиіс.

5719. Жоғары вольттік кабельдер жерге қосылған металл құбыр жолдарына немесе металл қораптарға төселуі тиіс немесе олар жерге қосылған металл қаптамалармен қорғалған болуы тиіс.

Кабельді ашық төсөуге, егер олардың сенімді және бірнеше рет жерге қосылуы тиіс үздіксіз металл броньдары болса жол беріледі.

5720. Жоғары вольттік кабелдердің барлық желілерінің ұштары тиісті оқшаулау материалдарынан орындалуы тиіс.

Кабелді оқшаулаудың электр өрісі кернеулігін бақылау үшін фазалар арасында өтетін қабаты бар жоғары вольтты кабельдердің осындай бақылауға арналған шығарулары болуы тиіс.

Шығаруларды оқшаулау материалдары кабельді оқшаулау және қабыршағы материалдарымен үйлесімді болуы тиіс және шығарулар кабельдің барлық металл экрандаушы компоненттерін (телалл ленталар, сымдар және т.б.) жерге қосуға арналған құрылғылармен жабдықталуы тиіс.

5721. Жоғары вольтты кабельдердің оңай оқылатын сәйкестендірме таңбалалауы болуы тиіс.

5722. Жаңа жоғары вольтты кабельдік желіні енгізер алдында немесе оны үлгілегеннен кейін (кабельдерді жөндеу немесе орнатқаннан кейін) барлық кабельдер олардың элементтерінен жеке жеке (ұштары, жерге қосу қорытындылары және т.б.) жоғары кернеумен сынақтан өткізуі тиіс.

Сынақтан өткізу оқшаулаудың қарсыласуын өлшегеннен кейін ғана жүргізуі тиіс.

Егер оқшаулаудың электр беріктігін сынақтан өткізулер тұрақты токтың кернеуімен орындалатын болса, онда сынақтан өткізу кернеуі мыналарға қарағанда төмен болмауы тиіс.

$1,6 (2,5U_0 + 2 \text{ кВ})$ – номиналдық кернеуі $3,6 \text{ кВ}$ тең және одан төмен U_0 номиналдық кернеуі бар кабельдер үшін және $4,2 U_0$ – номиналдық кернеуі $3,6 \text{ кВ}$ жоғары кабелдер үшін,

мұнда U_0 – әрбір желі арасында және жерге қосу немесе оның металл экраны арасында қоса берілетін, кабель әзірленген номиналдық жиіліктің айналымалы тогының номиналдық кернеуі.

Сынақтан өткізу кернеуі 15 минуттан кем емес уақыт кезеңіне қоса берілуі тиіс. Сынау аяқталғаннан кейін кабель желілері алынған электр зарядын жою үшін жеткілікті белгілі бір уақыт кезеңіне жерге қосылуы тиіс.

Бұдан кейін кабельді оқшаулаудың қарсылық білдірулерін қайталама өлшеу жүргізледі.

Егер жоғары вольтті кабелді оқшаулаудың электрлік беріктігін сынақтан өткізу айналымалы тоқтың сынақтан өткіхзу кернеуімен орындалатын болса (өндіруші зауыттың ұсыныстарына) сәйкес онда сынақтан өткізу кернеуінің шамасы номиналдыдан төмен емес ал қоса берілген кернеудің ұзақтығы 24 сағаттан кем емес болуы тиіс.

Ескерту. МЭК 60502 стандартты талаптарына сәйкес орындалатын сынақтан өткізуледі Тіркеуші тең бағалы жүргізілген деп танылады.

$1,6 (2,5U_0 + 2 \text{ кВ})$ — U_0 номиналдық кернеуі бар кернеулер үшін 3,6 кВ тең және одан төмен.

$1,6 (2,5U_0 + 2 \text{ кВ})$ — номиналдық кернеуі 3,6 кВ тең және одан төмен U_0 номиналдық кернеуі бар кабельдер үшін және

$4,2 U_0$ — номиналдық кернеуі 3,6 кВ жоғары кабелдер үшін,

мұнда U_0 — әрбір желі арасында және жерге қосу немесе оның металл экраны арасында қоса берілетін, кабель әзірленген номиналдық жиіліктің айнымалы тогының номиналдық кернеуі.

Сынақтан өткізу кернеуі 15 минуттан кем емес уақыт кезеңіне қоса берілуі тиіс. Сынау аяқталғаннан кейін кабель желілері алынған электр зарядын жою үшін жеткілікті белгілі бір уақыт кезеңіне жерге қосылуы тиіс.

Бұдан кейін кабельді оқшаулаудың қарсылық білдірулерін қайталама өлшеу жүргізіледі.

Егер жоғары вольтті кабелді оқшаулаудың электрлік беріктігін сынақтан өткізу айналымалы тоқтың сынақтан өткіхзу кернеуімен орындалатын болса (өндіруші зауыттың ұсыныстарына) сәйкес онда сынақтан өткізу кернеуінің шамасы номиналдыдан төмен емес ал қоса берілген кернеудің ұзақтығы 24 сағаттан кем емес болуы тиіс.

Ескерту. МЭК 60502 стандартты талаптарына сәйкес орындалатын сынақтан өткізуледі Тіркеуші тең бағалы жүргізілген деп танылады.

19 –кіші бөлім. Кеме мақсаттарынан туындастырылған электр жабдықтарына қойылатын талаптар

531-тарау. Жолаушылар кемелері

Ескерту. 535-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

1-параграф. Қоректену және сигнал беру

5723. Борттан тыс су сорғыларының, әуе компрессорларының және автоматты спринклерлік жүйелередің бақылау-сигналды құрылғылары жекелеген фидерлер бойынша бастық және апattyқ тарату қалқандарынан тікелей қорек алуы тиіс. Мұндай фидерлер спринклерлік жүйе сорғысының жанында орналасқан автоматтық ауыстырып қосқышқа жіберілуі қажет. Бұл ауыстырып қосқыш қалыпты жағдайда басты тарату қалқандарының фидеріне қосылуы тиіс және қоректің дұрыс жұмыс істемеуінде апattyқ

тарату қалқанының қорек фидеріне автоматтық тұрде ауыстырылуы қажет. Бұл фидерлердің өшіргіштері басты және апattyқ тарату қалқанында нақты көрсетілуі және әрдайым қосылған жағдайда тұруы тиіс. Бұл фидерлерде басқа ешқандай өшіргіштер болмауы тиіс.

5724. Борттан тыс су сорғыларының, әуе компрессорларының және автоматты спринклерлік жүйенің бақылау-сигналды құрылғыларының қоректену кабелдері машиналық жайлардың шахталары, компуздар және жоғары өрт қауіпті қоршалған басқада жайлар арқылы өтетін трассаларда төселмеуі тиіс, көрсетілген құралдар мен тетіктер осы жайларда орнатылған жағдайлардан басқа.

5725. Салондарды, траптарды, жолдарды және қайық палубасына апаратын баспалдақтарды жарықтандыру кем дегенде екі тәуелсіз фидерлер бойынша қорек алуды тиіс (осы Қафиданың 5037-тaraуы).

5726. Жауапты құрылғылардың қоректену жүйесі басты көлденен өртке қарсы бір аудандағы өрт кез-келген басты көлденен өртке қарсы ауданда орналасқан тұтынушыларды қоректендірудің көрсеткен жүйесіне зақым келтірмейтіндегі орындалуы тиіс. Егер кез-келген осындай аудан арқылы өтетін осы тұтынушыларды қоректендірудің басты және апattyқ фидерлері бір-бірімен мүмкіндігінше үлкен қашықтықтағы көлденен және тік бағыттарда төселген болса көрсетілген талап орындалған болып саналады.

5727. Қауырт дабылнама жүйесі екі дербес топтан тұруы тиіс: жолаушылар және экипаждарға арналған.

Дабыл бойынша экипажды жинау үшін жүріс көпіршесінен немесе өрт сөндіруді басқару бекетінен басқарылатын арнайы дабылнама орнатылуы тиіс. Бұл дабылнама жалпы кемелік қауырт дабылнаманың бөлігі болуы мүмкін, оған талаптар осы Қафиданың 501 тарауында жазылған.

Куаттылығы шағын электр қондырғысы бар немесе 36 кем жолаушылар саны бар жолаушылар кемелерінде бір қауырт дабылнаманың бір тобының болуына жол беріледі

5728. Өртті анықтау дабылнамасының жүйесі мынадай қосымша талаптарға жауап беруі тиіс:

1) Әрбір жеке автоматтық хабарлағышпен өрттің пайда болуының нақты орының қашықтықтан анықтауға қабілеті бар өртті анықтау дабылнамасы жүйесімен жабдықталмаған кемелерде бір сәуле кеменің екі борты бойынша немесе бір палубаға қарағанда одан жоғары орналасқан жайларға қызмет етпеуі тиіс және бір тік аудандағы қарағанда жоғары орналаспауы тиіс. Бір сәуле кеменің мұрындық немесе азықтық ұштарында бұл жайлар орналасқан болса немесе хабаршылар жалпы жайды әртүрлі палубаларда (мәселен ойын бөлмелері, камбуздар және қоғамдық жайлар) қорғайтын болса кемінде бір палубада көп орналасқан жайларға қызмет ете алады.

2) Эрбір жеке автоматтық хабарлағышпен өрттің пайда болуының нақты орының қашықтықтан анықтауға қабілеті бар жүйемен жабдықталған кемелерде бір сәуле кеменің екі бортындағы жайларға және бірнеше палубаларға қызмет көрсете алады, бірақ бір басты ауданнан жоғарыны қамти алмайды.

2-параграф. Электр энергиясының авариялық көздерін қоректендіру

5729. R1 жүзуге шектеу қойылмаған ауданның және жүзуге шектеу қойылған ауданның жолаушылар кемелеріндегі апаттық көздер мынадай тұтынушылардың бір мезгілде 36 сағат бойы қамтамасыз етуі тиіс:

1) апаттық жарықтандыру:

Жинау орындарын және құтқару құралдарына отырғызу, сондай-ақ Кеме қатынасы тіркелімінің талаптарына сәйкес құтқару құралдарын іске қосу орындарындағы бортан тыс кеңістікті;

қайық палубасына шығу көрсеткіштерін, сондай-ақ құтқару құралдарындағы ақпараттық мәндайшаларды;

жолаушылардың, арнайы персоналдың немесе экипаждың көп саны бір мезгілде болуы мүмкін жайларда шығулар;

жолдарды, тұрғын және қызмет жайларының траптарын және ашық палубаға шыға берістерді, сондай-ақ жолаушылар лифтінің кабиналарын;

машиналық жайларды және генераторлық агрегаттарды жайлардың олардың жетгілікті басқару бекеттерімен қоса;

барлық басқару бекеттірн, сондай-ақ басты және тарату апаттық қалқандарын;

апаттық дизель-генераторлар жайлары;

менгерлік рубканың;

штурмандық рубка және радиорубка;

апаттық және өрттік құралдарды сактау, өрт жараптары және қолмен өртті хабарлағыштарды орнату орындарын;

рольдік жетек жайлары;

апаттық өрт және құргату сорғыларына, спринклерлік жүйе сорғысына қызмет көрсету месіт, сондай-ақ осы тетіктерді қосу құрылғылары орнатылған орындарды;

анғарлар және тік ұшақтарға арналған ортырғызу орындарын;

гироскопас жайларын;

медицина жайларын;

2) сигналдық-айрықшалық шамдарын, "Кеме, басқару мүмкіндігінен айрылған" дабыл шамдары Кеме қатынасы тіркелімі талап етілген басқада шамдар;

3) Кеме қатынасы тіркелімінің талаптарына сәйкес радио және навигациялық жабдықтар;

4) Ішкі байланыс, хабарландыру және қауырт дабылнама құралдары;

5) өртті анықтау дабылнамасы жүйесін, өртке қарсы есіктерді басқару құрылғылары, сондай-ақ осы Қағиданың 2215 -тармағында көрсетілген өртке қарсы есіктердің жағдайы туралы дабылнаманы;

6) құнтізгі сигнализация шамдарын, дыбыстық сигнал құралдарын (ысқырғыш, қуғындар), қолмен шақыратын дабылнаманы және апattyқ жағдайларда талап етілетін қалған дабынама түрлері;

7) өрт сорғыларының бірін автоматтық спринклерлік жүйе сорғысын осы 2365-тармағында көрсетілген электр жетегі бар су шашырату жүйесінің сорғысын, сондай-ақ осы Қағиданың 2399 -тармағында көрсетілген көбікгенераторлардың жұмысын қамтамасыз ететін электр жабдықтарын;

8) құрғату жүйесінің клапандарын қашықтан басқаруға арналған апattyқ құрғату сорғыларын және жабдықтарын;

9) осы Қағиданың 2647 және 2649 тармақтарында санамаланған тұтынушыларды осы Қағиданың 2643 -тармағында берілген жіктемеге сәйкес ОЯТ 2 сыныпты кемелер үшін жүзу ауданына және кеменің сыйымдылығына қарамастан;

10) жұмысын Кеме қатынасы тіркелімі кеменің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажетті деп танитын басқа жүйелердің және ондағы адамдардың жұмысы.

Осы Қағиданың 5729-тармағының 3) – 6) тармақшаларында көрсетілген тұтынушылар осы Қағиданың 481-тарауына сәйкес орналастырылған 36 сағат бойы осы тұтынушыларды қоректендіру үшін жеткілікті сыйымдылығы бар жеке аккумуляторлық батареялардан қоректене алады.

Талап етілген уақыт (36 сағат) R3 жүзуге шек қойылған ауданың кемелері үшін 12 сағатқа дейін қысқартылуы мүмкін.

5730. Электр энергиясының апattyқ көздері осы Қағиданың 4995 -тармағына сәйкес рөл құрылғысының қоректенуін қамтамасыз етуі тиіс.

5731. Электр энергиясының апattyқ көздері 30 минут бойы мынадай тұтынушылардың қоректенуін қамтамасыз етуі тиіс:

1) су өткізбейтін есіктердің олардың көрсеткіштері мен ескерту дабылнамасымен электр жетектерін. Барлық есіктер 60 секундан кейін жабылатында жағдайда барлық есіктерді кезекпен жабуға жол беріледі;

2) жолаушылар лифтілерінің апattyқ жетегін. Жолаушыларға арналған лифтілерді кезекпен көтеруге жол беріледі.

5732. Егер электр энергиясының апattyқ көзі генератор болып табылса, ол:

1) ішкі жану қозғалтқышымен әрекетке келтірілуі тиіс (осы Қағиданың 3974 -тармағы);

2) негізгі желіде кернеудің жоғалған кезінде автоматтық түрде қосылу, сондай-ақ апattyқ тарату қалқанының шиналарына автоматтық түрде қосылуға; осы Қағиданың

5735- тармағында талап етілген тұтынушылар апаттық генерторлардан автоматтық түрде қорек алуы қажет. Генератордан жүкті жіберу және қабылдаудың жалпы уақыты 45 секундтан аспауы қажет;

3) тоқсызданған кезде жедел қосылатын электр энергиясының апаттық ауысарытын көзі болуы тиіс.

5733. Егер электр энергиясының апаттық көзі болып аккумуляторлық батарея болып табылса, ол мынадай болуы қажет:

1) Кернеуді электрондық түрлендірушіге қосылған, аккумуляторлық батареялардың қысқыштарында кернеуді өзгерте отырып, түрлендірушінің қысқыштарында кернеудің рұқсат етілген өзгеруін айқындау 12% номиналды кернеудің толық уақыт кезеңіде разрядтаудың шегінде қысқыштардағы кернеудің өзгеруін сақтай отырып қосымша зарядтаусыз жұмыс жасау.

2) басты желіде кернеудің жойылған кезінде апаттық тарату қалқанының шиналарына автоматтық түрде қосылуы тиіс, жоқ дегенде осы Қағиданың 5735 -тармағына сәйкес уақыт ішінде осы Қағиданың 5729 -тармағында көрсетілген тұтынушыларды қоректендіруі қажет.

5734. Электр энергиясының апаттық ауыспалы көзі ретінде осы Қағиданың 5732 -тармағы 3 тармақшасында талап етілген аккумуляторлық батареяны қолдану қажет, ол толық бәсендік кезінде номиналдық кернеудің 12% көлемінде кернеудің өзгеруін сақтау кезінде зарядкасыз жұмыс істеуі қажет. Кереудің электрондық түрлендіргішіне қосылған аккумуляторлық батареялардың қысқыштарындағы кернеудің өзгеруі түрлендіргіш қысқыштарындағы кернеудің жол берілетін өзгерулері арқылы анықталады.

5735. Электр энергиясының ауыспалы көзі болып табылатын батареяның сыйымдылығы келесі тұтынушыларды 30 минут ішінде қамтамасыз етуге жеткілікті болуы тиіс:

1) осы Қағиданың 5729 -тармағы 1 және 2 тармақшаларына сәйкес жарықтар;

2) апаттық жағдайларда қажетті ішкі байланыс және хабарландыру құралдары;

3) осы Қағиданың 2215 -тармағында көрсетілген қауырт дабыл, өртті анықтау дабылды және басқарма құрылымы және өртке қарсы есіктердің орналасуы туралы дабылдар;

4) апаттық жағдайларда талап етілетін күндізгі дабыл, дыбыстық дабылдық құралдар (ысқырғыш, қуғындар) және дабылдың қалған түрлерінің шамдары;

5) суёткізбейтін есіктерді жабу қондырғылары, олардың орналасуы және олардың жабылуының дабылды.

Есіктерді жабу кезекпен іске асырылуы мүмкін.

6) уәкілетті органмен бекітілген, Кеме қатынасы тіркелімінің талап етілген күзет хабарламасының кемелік жүйесі және АИС аппаратуралары.

Осы Қағиданың 5735 -тармағы 2 және 5 тармақтарында тізілген тұтынушылар қажет етілген уақыт ішінде оларды қорекпен қамтамасыз ететін өзінің аккумуляторлық батареясынан қорек алуы мүмкін.

3-параграф. Су өткізбейтін есіктердің электр жабдықтары

5736. Су өткізбейтін есіктердің электр жабдықтары және оларға жататын элементтер қауіпті аудандар мен жайлардан тыс қалқалар палубаларынан мүмкіндігінше іс жүзінде жоғары орналасуы тиіс.

5737. Қалқа палубасынан электрлік жабдығы төмен орналасқан жағдайларда олардың корпустары мынандай қорғаныс дәрежесіне ие болуы тиіс:

1) электр қозғалтқыштары және олармен байланысты басқару элементтері үшін — IPX7;

2) есіктер жағдайларының датчиктері және олармен байланысты тзбек элементтері үшін — IPX 8;

3) есік қозғалысының дыбыстық дабылнамасы элементтері үшін — IPX6.

5738. Күштік тізбектер, басқару тізбектері, индикациялар және апаттық ескерту дабылнамасы зақымданудан былайша қорғалуы тиіс, яғни бір есіктің электр тізбегінің зақымдануы басқа кез-келген тізбекте зақымдану тудырмауы тиіс. Апаттық ескерту дабылнамасы жүйелеріндегі шағын тұйықталулар және басқада зақымданулар немесе есік жағдайының индикациясы күштік тізбектің және басқару тізбегінің зақымдануын тудырмауы тиіс. Құрылғылар қалқа палубаларынан төмен орналасқан электр жабдықтарына судың енүі есіктің ашылуы алып келмеуі тиіс болатындей болуы тиіс.

5739. Күштік тізбектегі немесе жылжымалы су өткізбейтін есікті басқару тізбегіндегі бір реттік істен шығу жабық есіктің ашылуына алып келмеуі тиіс. Қоректі беру осы Қағиданың 1334 -тармағымен талап етілетін әрбір электр қозғалтқышына тікелей жақын жерде үнемі бақыланып отыруы тиіс. Күштік тізбектегі және басқару тізбегіндегі қоректің жоғалуы ЦПУ- дегі жүріс көпіршесіндегі дыбыстық және түстік дабылнаманың іске қосылуын тудыруы тиіс.

4-параграф. Электрлік қоректендірумен төмен орналасқан жарықтандыру

5740. Төмен орналасқан жарақтандыру жүйесі апаттық тарату қалқанының шыныларына қосылады және қалыпты жағдайларда электр энергиясының негізгі көзінен және жұмыс істеп тұрған кезінде электр энергиясының апаттық көзінен қорек алуы тиіс.

Төмен орналасқан жарықтандыру жүйесі үнемі іске қосылған болуы тиіс.

5741. Егер электр энергиясының апаттық көзі аккумуляторлық батарея болатын болса онда оның сыйымдылығы кемінде 60 минут бойы төмен орналасқан жарықтандыру жүйесін қоректендіру үшін жеткілікті болуы тиіс.

5742. Осы Қағидалардың 533-тарауының 3-параграфында талап етілетін қосымша авариялық жарықтандыру төмен орналасқан жарықтандыру жүйесінің бөлігі болуы мүмкін немесе осындай жүйе осы тарауының талаптарына жауап беретін жағдайда, осындай жарықтандыру жүйесін толық ұсынуы мүмкін.

Ескерту. 5742-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5743. Электрлік қоректену мен төмен орналасқан жарықтандыру жарықтықтың мынадай минималдық деңгейлерін қамтамасыз етуі тиіс:

1) тегіс көздің жарқыраған беті үшін — 10 кд/м² бұл орайда жарық жолағының ені 15 мм кем болмауы тиіс;

2) тура көз үшін бақылаушының келуі мен шолуы бағытында — 35 мкд, бұл орайда: бұл орайда көлдеңен бетте, яғни палубада орналасқан көздер үшін шолу бағыты көз монтажы жазығына білігі 30⁰ бұрышқа иілген, 60⁰ бұрышты конус шегінде болуы тиіс (осы Қағиданың қосымшасы 197 сурет);

бұл орайда тік бетте, яғни қалқаларда (мәселен есік тұтқаларын таңбалау үшін) орналасқан көздер үшін шолу бағыты көз монтажы жазығына білігі перпендикуляр, 60⁰ бұрышты конус шегінде болуы тиіс (198 сурет);

көздер арасындағы қашықтық 300 мм жоғары болмауы тиіс.

5744. НРО жүйесін қоректендіру кез-келген жарық көзінің істен шығуы және бір өртке қарсы аудандағы немесе бір палубадағы басқа өртке қарсы аудандағы немесе палубадағы эвакуация жолдары участеклерін жарықтандыру және таңбалауды істен шығуына алып келмейтіндей болып орнатылуы тиіс.

5745. Шағын түйікталудан басқа кез-келген жарықтың істен кетуі немесе зақымдануы ұзындығы 1м жоғары участекдегі эвакуациялау жолдарының көзге көрінген сипаттарын жоғалтуға алып келмеуі тиіс.

5746. Электржабдықтарын "жарықкөздерін) қорғау дәрежесі IP55 қарағанда төмен болмауы тиіс.

532-тарау. Мұнай құю және мұнай жинау кемелері

Ескерту. 536-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Жалпы таратаптар.

Электр энергиясын тарату

5747. Осы тараудың талаптары жарқылы 60^0C және төмен температурамен мұнай өнімдерін тасымалдауға арналған және жарқыл температурасынан 15^0C төмен температураға дейін қыздыруыды талап етілетін жарқылы 60^0C жоғары температурамен мұнай өнімдерін тасымалдауға арналған мұнай құю және мұнай жинау кемелерінің электр жабдықтарына қолданылады. Мұнай құю кемелерінің ($> 60^0\text{C}$) және мқнай жинау кемелерінің ($> 60^0\text{C}$) электр жабдықтарына осы Қағиданың 5752-тармағының 2) тармақшасы, 5772-тармағы, 536-тараудың 5- параграфының талаптары қолданылады. (осы Қағиданың 3372 -тармағы).

5748. Электр энергиясын тарату үшін мынадай жүйелер ғана қолданылуы мүмкін:

- 1) Тұрақты тоқ үшін екі сымды оқшауланған;
- 2) бір фазалық айнымалы тоқ үшін екі сымды оқшауланған;
- 3) үш фазалы айнымалы тоқ үшін үш сымды оқшауланған (сондай-ақ 1000 В жоғары кернеу үшін, бірақ 11000 В айнымалы тоқтан жоғары емес);
- 4) кез-келген болуы мүмкін тоқ кез-келген жарылыс қауіпті жайлар мен кеңістіктер арқылы тікелей өтпейтіндей жағдайда 11000 В тоқтан жоғары емес 1000 В жоғары кернеу үшін жоғары омды резисторарқылы нөлдік нүктесі мен жерге қосылған үш сымды.

2-параграф. Жарылыс қауіпті аудандар, жайлар және кеңістіктер

5749. Жарылыс қауіпті аудандар жіктемесі

Жарылыс қауіпті аудандар мыналарға бөлінеді:

0 ауданына — тұрақты немесе ұзақ уақыт кезеңі бойы ауа мен газдың жарылыс қауіпті қоспасы болатын ауданға;

1 ауданға — жұмыстың қалыпты жағдайларында ауа мен газдың жарылыс қауіпті қоспаларының болуы мүмкін аудандарға;

2 ауданға — ауа мен газдың жарылыс қауіпті қоспасының пайда болу ықтималдылығы аз, ал пайда болған жағдайда бұл қоспа ұзақ емес кезең бойы болатын ауданға.

5750. Жарылыс қауіпті жайлар мен кеңістіктерді аудандар бойынша бөлү.

0 ауданы мыналарды қамтиды:

1) жүк біліктері мен танкілерінің, жүк құбыр жолдарының және жинақталған мұнайды айдау жүйесінің ішкі кеңістіктері;

2) мұнаймен жабылған су бетінен 1м дейінгі биіктікке созылған ашық кеңістіктер (мұнай таңбасында жұмыс жасайтын кемелер үшін).

5751. 1 аудан мыналарды қамтиды:

1) жүк танкілеріне жанасатын оқшауланған балласт коффердамдары мен танкілері, сондай-ақ форпик, егер оған жүк ауданында оорналасқан балласты танкілермен тоқылған жүйе қызмет ететін болса;

2) Жүк сорғыларын немесе жүк құбыр жолдарын (егер соңғылары толығымен дәнекерлеушілермен орындалмаса) қамтитын жабық немесе жартылай жабық кеңістіктерді;

3) жүк біліктері мен танкілері қалқаларынан жоғары немесе сол деңгейде қалқалары бар жүк біліктері мен танкілері палубаларының үстіндегі жабық және жартылай жабық кеңістіктерді;

4) тікелей сорғы жайларының үстінде, сондай-ақ егер олар газ өткізбейтін палубамен бөлінбеген және мәжбүрлі желдеткіші болмаса, жүк біліктерімен және танкілерімен аралас тік коффердамдардың үстіндегі жабық және жартылай жабық жайларды;

5) жүк біліктерімен және танкілерімен аралас және жүк тіліктері мен танкілерінің бетінен төмен орналасқан коффердамдарға қарағанда өзге кеңістіктер мен жайлар;

6) желдетілмейтін қуыстардан кез келген шығыстардан, жүк цистерналарының ауыздары мен люктарынан, сорғы бөлімшелері мен жүк танкілерімен аралас коффердамдардан, жүк клапандарынан, жүк құбыр жолының фланцилерінен, 3 м радиустағы ашық палубадағы кеңістіктер мен жартылай жабық жайлар, сондай-ақ осы Қағиданың 8-бөлігінің 3708-тармағында айтылған желдету құбырларының ашық ұштарынан 3 м радиустағы ашық палубадағы кеңістіктер. Осы Қағиданың 9- бөлігінің 292-тармағына сәйкес газды әкету жүйесінің демалу клапандары мен газды әкету құбырларының шыға беріс қуыстарынан кеңістіктер;

7) биіктігі шектелмеген және газ шығару құрылғысынан 6 м радиуспен тік цилинд шегінде, сондай-ақ шығару құрылғысының 6 м төмен радиусты жартылай сала шегінде жүкті тиеу, балластау және беру кезінде 30 м\с кем емес жылдамдықпен газауда қоспасының үлкен көлемдерін шыгаруды қамтамасыз ететін жоғары жылдамдықты құрылғылармен жарақтандырылған кез келген газды бұрып жіберу құбырларының жанында орналасқан ашық палубадағы кеңістіктер немесе жартылай жабық жайлар;

8) жүктік сорғы бөлімшесіне кіре берістен, жүктік сорғы бөлімшесінің ағынды желдеткіші басынан және коффердамдарға және 1 ауданның басқа да жайларына апаратын өзге де ауыздар мен люктардан 1,5 м шегінде ашық палубадағы кеңістіктер немесе жартылай жабық жайлар;

9) жүк құбыр жолдарының клапандары астындағы құюды шектеуші комингстер мен поддондар шегіндегі, сондай-ақ көрсетілген кеңістіктер шекарасынан 3 м радиустағы палуба үстінде 2,4 м биіктікке дейінгі ашық палубадағы кеңістік;

10) кеменің толық ені бойынша жүк біліктері мен танкілерінің үстіндегі және олардың соңғы қалқаларынан палуба үстіндегі 2,4 м биіктікке дейін мұрнына және азығына 3 метрге кеңістік, сондай-ақ осы кеңістіктегі жабық және жартылай жабық жайлар. Мұнай таңбасында жұмыс істейтін кемелер үшін бұл кеңістік кеменің барлық ұзындығына кеңейеді.

11) жүк шлангілерін сақтауға арналған және төгілген мұнайды жинауға арналған жайлар (мұнай жинақтары);

12) жоғарыда көрсетілген кеңістіктерге немесе жайлардың біріне тікелей шыға берісі немесе басқа да қуыстары бар жабық және жартылай жабық жайлар;

13) жүк біліктерімен немесе танкілерімен аралас және май және газ өткізбейтін қалқалармен және тиісті желдеткіші жоқ және жоғарыда орналасқан палубадан кіре берісі бар палубалармен бөлінбеген коффер коффердамдар үстіндегі жайлар мен кеңістіктер.

5752. 2 аудан мыналарды қамтиды:

1) 1ауданнан жоғары кеменің толық ұзындығы бойы және ең жоғары жүктік жел сзығынан жоғары 6м биіктікке дейін орналасқан кеңістіктер (мұнай таңбасында жұмыс жасайтын кемелер үшін)

2) біліктері мен танкілерінің, тұрып қалған танкілердің, жүк құбыр жолдарының және $>60^{\circ}\text{C}$ жарқыл температурасымен жинақталған мұнай өнімдерін айдау жүйесінің ішкі кеңістіктері;

3) цилиндрден 4 м шегінде орналасқан ашық палубадағы кеңісіктер немесе жартылай жабық жайлар және осы Қағиданың 5766-тармағының 7) тармақшасында көрсетілген радиусы 6м салалар.

4) осы Қағиданың 5766-тармағының 6) тармақшасында көрсетілген кеңістіктерден 2 м шегінде орналасқан кеңістіктер мен жайлар.

5753. 0, 1, 2 аудандарына жататын жайлар мен кеңістіктер қауіпсіз деп саналады.

5754. Осы Қағиданың 5766 -тармағының 10) тармақшасында көрсетілген кеңістіктер шегіне тікелей шыға берістері немесе басқа да ашылулары бар жабық жайлар аяу шымылдырығын жасайтын газ өткізбейтін өздігінен жабылатын тиісті қос есіктер, сондай-ақ жарылыс қауіпті кеңістіктерден тыс орналасқан орындардан аяу жинағышы бар қосымша мәжбүрлеп үрлегіші көзделген жағдайда жарылыс қауіпті деп саналмайды.

5755. Газ өткізбейтін жабылулары жоқ тұрғын жайлар, қызметтік және машиналық жайлар, басқару бөгеттері және рөлдік рубка сияқты қауіпсіз жайлардағы мұнай дақтарында, кіре берістерінде, желдеткіштік қуыстарында (кіре беріс шыға беріс) және басқа да қуыстарда жұмыс жасайтын кемелер үшін ең биік жүк ватержелісінен 6 м кем емес орналасуы тиіс және қалай болмағанда да жарылыс қауіпті аудандар шегінен тыс орналасуы тиіс.

Ең биік жүк ватержелісінен 6 м төмен немесе қауіпті аудандар шегінде орналасқан қауіпсіз жайларға кіре берістер әуе шлюздарымен жабдықталуы тиіс.

Ватержелісінен 6 м төмен орналасқан осы жайлардағы қуыстардың мұнай дағындағы операциялар кезінде газ өткізбейтіндей жабылулары болуы тиіс.

3-параграф. Жарылыс қауіпті жайлар мен кеңістіктердегі электр жабдықтары

5756. Жарылыстап қорғалып орындалған төменде санамаланған құрылғылардан басқа, жарылыс қауіпті жайлар мен кеңістіктердегі электр жабдықтарын орнатуға жол берілмейді:

1) артық қысымды қабыршағы (Exp), жарылыс өтпейтін қабыршағы (Exd) немесе жарылысқа қарсы жоғары сенімділігі (Exe) бар шырағдандар мен сигналды шамдар;

2) жарылысқа қарсы жоғары сенімділігі (Exe) немесе жарылыс өтпейтін қабыршағы бар қосу қораптары;

3) ұшқыннан қауіпсіз орындалған бақылау, реттеу, қашықтан басқару және байланыс құралдары (Exi);

4) жарылысқа қарсы жоғары сенімділігі (Exe), жарылыс өтпейтін қабыршағы (Exd) немесе артық қысымды қабыршағы (Exp) бар электр қозғалтқыштары.

5757. Жүк біліктері мен танкілерінің, жүк құбыр жолдары мен жиналған мұнайды айдау жүйесінің ішкі кеңістіктерінде ұшқыннан қауіпсіз етіп орындалған (Exia) құрылғылардан басқа электр жабдықтарын және кабельдерді орнатуға жол берілмейді.

5758. Судың мұнаймен жабылған бетінен 1 метрге дейін жоғары биіктікке созылатын ашық кеңістіктерде (мұнай дағында жұмыс жасайтын кемелер үшін) ұшқыннан қауіпсіз етіп орындалған (Exi) құрылғылардан басқа электр жабдықтарын және кабельдерді орнатуға жол берілмейді.

5759. Жүк біліктері мен танкілерге жанасатын коффердамдар мен басқа да жайларда электр жабдықтарын орнатуға жол берілмейді, мыналардан басқа:

1) ұшқыннан қауіпсіз етіп орындалған құрылғылардан (Exi);

2) Кеме қатынасы тіркелімінің талаптарына сәйкес әхолоттар дірілдеткіштері мен олардың кабельдерінен;

3) ұстіңгі палубаларға дейінгіні қоса газ өткізбейтін қосылулары бар коррозиялық-тұрақты болат құбырларына төсөлген корпусты сырттан қорғауға арналған ток салынған катодтық қорғаныс жүйесінің кабелдерінен;

5760. жүк сорғыларын немесе жүк құбыр жолдарын қамтитын жабық немесежартылай жабық кеңістіктерде тек қана мыналарды орнатуға жол беріледі:

1) осы Қағиданың 5759-тармағында көрсетілген электр жабдығын;

2) жарылыс қауіпті жайлар мен кеңістіктерден тыс орналасқан барлық полюстар мен фазаларда сақтандырыштары мен ажыратқыштары бар кем дегенде екі тізбек бойынша қоректенетін жарықтандыру; бұл орайда мыналармен жарықтандыруға жол беріледі:

Қалқалар мен палубалардың беріктігі мен газ өткізбейтіндігін азайтпайтындей жағдайда газ өткізбейтін қалқалар немесе палубалардағы шыныланған бітеп қуыстар арқылы жарылыс қаупі бар жайлар мен кеңістіктердің сыртқы жағынан орнатылған шырағдандармен;

Кабельдері металл қаптамамен механикалық зақымданулардан қорғалуы тиіс артық қысымды қабыршағы бар (Exp) немесе жарылыс өткізбейтін қабыршағы бар (Exd) жарылыстан қорғалған түрдегі шырағдандармен;

3) жоғарыда көрсетілген тұтынушыларға арналған кабельдер трассалары.

Сорғы жайларында орналасқан құрылғылар жетегіне арналған электр қозғалтқыштары аралас жарылыс қаупі бар жайларда орнатылуы тиіс (осы Қағиданың 182-тарауы). Электр қозғалтқыштары қозғалтқыштар орнатылған жайлардан тыс және танкілер палубаларынан жоғары орналасқан қашықтан ажырату құрылғыларымен жарақталуы тиіс (осы Қағиданың 3359-тармағы).

Сорғы жайларындағы жарықтандыру желдеткіш қосылған кезде жарық қосылатындай болып осы жайлардың желдеткішімен одактасуы тиіс. Бұл орайда желдеткіш жүйесіндегі ақаулар жарықтың сөнуіне алып келмеуі тиіс. Апаттық жарықтандыру, егер ол орнатылса, желдеткішке тәуелсіз емес болуы тиіс.

5761. Жүк біліктері мен танкілері палубаларының үстіндегі жабық және жартылай жабық кеңістіктерде және жоғары немесе қалқа деңгейінде жүк біліктері мен танкілері қалқалары бар кеңістіктерде, тікелей сорғы жайларының үстіндегі, сондай-ақ жүк біліктері мен танкілерімен аралас тік коффердамдар үстіндегі, егер олар газ өткізбейтін палубамен бөлінбеген және мәжбүрлі желдеткіші болмайтын болса, жүк шлангілері мен жабдықтарды сақтауға арналған жайларда төгіліп қалған мұнайды жинау үшін мыналарды ғана орнатуға жол беріледі:

1) ұшқыннан қауіпсіз етіп орындалған құрылғылардан (Exi);

2) артық қысымды қабыршағы (Exp), жарылыс өтпейтін қабыршағы (Exd) немесе жарылысқа қарсы жоғары сенімділігі (Exe) бар жарылыстан қорғалып орындалған шырағдандар; бұл шырағдандардың ажыратқыштары жарылыс қауіпті жайлар мен кеңістіктерден тыс болуы тиіс;

3) жоғарыда көрсетілген тұтынушыларға арналған кабельдер трассалары.

5762. Жүк біліктерімен және танкілерімен аралас және жүк біліктері мен танкілер жоғарысынан төмен орналасқан коффердамдарға қарағанда өзге кеңістіктер мен жайларда мыналарды ғана орнатуға жол беріледі:

1) Осы Қағиданың 5759 -тармағында санамаланған электр жабдықтарын;

2) артық қысымды қабыршағы (Exp) немесе жарылыс өтпейтін қабыршағы (Exd) бар жарылыстан қорғалып орындалған шырағдандар; бұл орайда жарылыс қауіпті жайлар мен кеңістіктерден тыс орналасқан барлық полюстар мен фазалардағы сақтандырғыштар мен ажыратқыштармен жоқ дегенде екі тізбек бойынша қоректенетін шырағдандардың көмегімен жарықтандыру жүргізуі тиіс;

3) көрсетілген тұтынушыларға арналған кабельдер трассалары.

5763. жүк біліктері мен танкілердің желдетілмейтін кез келген қыстардан, сорғы бөлімшелерінен және жүк танкілерімен аралас коффердамдардан, жүк клапандарынан,

жүк құбыр жолының фланцілерінен 3 м радиустағы ашық палубадағы кеңістіктер мен жартылай жабық жайларда, мыналарды ғана орнатуға жол беріледі:

- 1) Осы Қағиданың 5756-тармағында санамаланған электр жабдықтарын;
- 2) компенсаторларды қоспағанда, арналар мен құбырлардағы кабель трассалары.

5764. Кеменің толық ені бойынша жүк біліктері мен танкілерінің үстіндегі (соның ішінде жүк танкілері ретінде пайдаланылатын балластық цистерналардың үстінде) және олардың соңғы қалқаларынан палуба үстіндегі 2,4 м биіктікке дейін мұрнына және азығына 3 метрге кеңістік (мұнай дағында жұмыс жасайтын кемелер үшін – кеменің барлық ұзындығына), сондай-ақ осы Қағиданың 4846-тармағында санамаланғандардан басқа жоғарыда көрсетілген кеңістіктер немесе жайлардың біріне тікелей шығу немесе басқа да шығулар бар жабық және жартылай жабық жайларда мыналарды ғана орнатуға жол беріледі:

- 1) осы Қағиданың 5756-тармағында тізілген электр жабдығы;
- 2) арналардағы немесе құбырлардағы кабель трассалары.

5765. жүк біліктері және танкілермен аралас коффердамдардың үстіндегі, тиісті желдеткіштері жоқ май-газ өткізбейтін қалқалармен және палубалармен бөлінбеген және жоғарыда түрған палубадан кіре берісі бар жайлар мен кеңістіктерде мыналарды ғана орнатуға жол беріледі:

1) артық қысымды қабыршағы (Exp), жарылыс өтпейтін қабыршағы (Exd) немесе жарылысқа қарсы жоғары сенімділігі (Exe) бар жарылыстан қорғалып орындалған шырағдандар;

- 2) жарылыстан сақталып орындалған басқа электр жабдығы;

5766. Жүкті айдау кезінде, осы Қағиданың 5750-тармағының 1) тармақшасында, 5751-тармағының 1) – 13) тармақшаларында көрсетілген жайлар мен кеңістіктерден тыс механикалық заттармен газдарды балластау және жою кезінде газдың ауамен жарылыс қауіпті қоспа жасау мүмкіндігін назарға алу керек. Жоғарыда айтылған уақытта жұмыс жасай алатын электр жабдығы, яғни шырағдандар, шығырлар, рөлдік рубка қанаттарындағы электр жабдығы және т.б. доғалар мен ұшқындар пайда болмайтындей, ал олардың беттері қалыпты жұмыс кезінде қауіпті температураға дейін қызбайтындей конструкцияда болуы тиіс.

5767. Осы Қағиданың 5752-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген жайлар мен кеңістіктерде осы Қағиданың 5756 -тармағында санамаланған электр жабдығын, "n" қорғаныс түріндегі арнайы конструкция жабдығын, сондай-ақ доғалар мен ұшқындар жасамайтын және беті қалыпты жұмыс кезінде қауіпті температураға дейін қызбайтын жабдықты орнатуға жол беріледі.

4-параграф. Төгілген мұнайды жинау процесінде қолданылатын жылжымалы электр жабдығы

5768. Жылжымалы мұнай жинау және мұнай айдау жабдығы жарылыстан қорғалып орындалуы тиіс.

5769. Жылжымалы палубалық мұнай жинау және мұнай айдау электр жабдығының электрлік қоректенуінің тарату қалқандары мен розеткалары қосылатын кабель есіктер комингстері немесе жарылыс қауіпті жайлар мен кеңістіктерді шектейтін басқа жабылатын құystар арқылы өтпейтіндей болып стационарлық орнатылуы тиіс.

Мұндай тарату құрылғыларының немесе розеткаларының конструкциясы кернеудегі жылжымалы электр жабдығының қосылуын болдырмайтын блоктауды және шағын түйікталу токтарынанжәне әр фазадағы шамадан тыс жүктемеден қорғауды қарастыруы тиіс.

5770. Төгілген мұнайды жинау үшін қолданылатын жылжымалы электр жабдығын қосуға арналған иілмелі кабельдердің конструкциясы мұнайға тұрақты материалдан жасалған өткізбейтін сыртқы қабыршақ үстінде болуы тиіс металл орамасын (экраны) қарастыруы тиіс.

6-параграф. Кабельдерді төсеу

5771. Мұнай құю және мұнай жинау кемелерінің палубаларын кабельдерді төсеу тиісті арналардың (желобтардың) айнымалы көпіршелері бойынша жүзеге асырылуы тиіс. Бірдей кабельдерді құбырларда төсеуге жол беріледі. Айнымалы көпіршелер 1 ауданның ішінде болған кезде, төсеу осы Қағиданың 4849 -тармағының талаптарына жауап беретін кабельдермен ғана жүзеге асырылуы тиіс.

Осы тармақпен қарастырылмаған жағдайлар Кеме қатынасы тіркелімінің арнайы қаруындағы нәрсе болып табылады.

5772. Арналарда (желобтарда) кабельдерді төсеген кезде мынадай талаптар орындалуы тиіс:

1) арналардағы кабельдер (желобтар) металл емес материалдардан жасалған үлгі протекторларларда еркін қатарлармен жатқызылуы тиіс; бұл орайда қатардың (кабельдің) бүйірінен ығысу мүмкіндігі болмауы тиіс. Конструктивтік шешімдері Трікеушімен мақұлдануы тиіс кабельдердің бекітілген құбырсыз төселуі (кабель алқалары, қапсырма шегелер) әдістеріне жол беріледі; бұл орайда бекітілген төсеу кезінде кабельдерді жатқызу екі қатардан жоғары емес орындалуы тиіс;

2) кабельдер арналардың (желобтың) металл конструкцияларына ұшырамауы тиіс;

3) кабельдер кеме деформациясының әсер етуімен тұрақты және айнымалы керулерге ұшырамауы тиіс және әсіресе көпіршелер немесе қондырмалары бар аландардың ажырау немесе ауыспалы қосылулар орындарында осы деформациялардың әсер етуінен қорғалуы тиіс. Көпіршенің немесе аланың ажырау немесе ауыспалы қосылу орындарында компенсациялық ілмектер қарастырылуы тиіс. Компенсациялық ілмектің ішкі радиусы диаметрі бойынша анағұрлым үлкен кабельден 10 диаметрден кем емес болуы тиіс.

4) кабельдер күн радиациясының тікелей әсер етуінен, тасымалданатын мұнай өнімдерінің толқынанан, сондай-ақ механикалық зақымданулардан қорғалуы тиіс;

5) кабельден жылу көздеріне дейінгі қашықтық осы Қағиданың 5526-тармағының талаптарына жауап беруі тиіс.

6034. Бұркенгішқұбырлы буландырғышты қондырғылар төмендегілерді қамтамасыз ететін қорғаныс қондырғыларымен қамтамасыз етілуі тиіс;

- 1) салқынтарақтың буландырғыш арқылы қозғалысын тоқтатқан кезде компрессорлерін тоқтату немесе бұл буландырғышты тоңазытқыш агент жүйесінен сөндіру;
- 2) салқынтарақтың температурасының жол берілмейтін деңгейге дейін төмендеген кезінде компрессорлерді тоқтату.

6035. Тоңазытқыш қондырғылар тоңазытқыш қондырғыны басқару бекетінде осы Қафиданың 6032-және 6034-тармақтарында көрсетілген қорғаныс құралдары іске қосылған кезде жалпыландырылған дабыл беретін дабыл қондырғыларымен жабдықталуы тиіс.

Тоңазытқыш қондырғыны басқарудың жерілікті бекетінде жоғарыда аталған дабылдардың мәнін ашу мүмкіндігі қарастырылуы керек.

6036. Тоңазытқыш агенттің қысымы астындағы жабдықталған әрбір орын-жай газталдауыштармен және тоңазытқыш агенттің ағуы туралы дабыл қафатын, төмендегі жағдайларда іске қосылатын дабылдармен жабдықталуы қажет:

I топтық тоңазытқыш агенттер үшін (хладондар):

Жұмыс аймағының ауа концентрациясының рұқсат етілетін санитарлық (КРЕ) нормасынан асқан кезде (3000 мг/м³);

I топтық тоңазытқыш агенттер үшін (көміртектің тотығы):

Жұмыс аймағындағы ауаның КРЕ санитарлық нормасынан асқан кезде (9200 мг/м³)

;

II топтық тоңазытқыш агенттерге арналған (аммиак):

Жұмыс аймағының ауасында КРЕ санитарлық нормасының артуы кезінде (20 мг/м³) ;

Күзетілетін орын-жайларда КРЕ үш есе артқанында (60 мг/м³). Бұл жағдайда жүк тұратын салқындытылатын орын-жайлардан басқа апаттық желдеткішті автоматтық түрде қосу қамтамасыз етілуі тиіс;

500 мг/м³ концентрацияға жеткен кезде. Бұл жағдайда орын-жайларға жеке қорғану қуралдарысыз кіруге тосқау қойылуы керек.

Күзетілетін орын-жайларға оларға кірер алдында ескертетін дабылдардың дыбыс және түсті индикациясы жүргізілуі қажет, сондай-ақ тұрақты вахта орынынан қайталануы қажет.

6037. Салқындытылатын орын-жайлардың ішінде температураны, ылғалды және газдық ортаның құрамын реттейтін жүйе бұл параметрлердің жүкті тасымалдау талаптарына сәйкес диапазондарында нақты қолдауды қамтамасыз етуі тиіс.

6038. Каскадтың төменгі -тармағында көмір тотықты каскадты тоңазытқыш машиналарды қолданған жағдайда каскадтың төменгі -тармағын қосалқы салқындану қондырғы каскадты тоңазытқыш машиналарды сөндірген кезде автоматтық түрде қосылуы және каскадты тоңазытқыш машиналарды сөндірудың барлық уақытында қажетті температураны ұстап тұруы қажет.

8-кіші бөлім. Оқшаулау

563-тaraу. Салқындытатын үй-жайларды оқшаулау

Ескерту. 567-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6039. Салқындытылатын жүк орын-жайының ішінде кеме корпусінің барлық металл бөліктері мұқият оқшауланған болуы тиіс. Қолданылатын оқшаулағыш материалдар Кеме қатынасының тіркелімімен мақұлданған типте болуы, сондай-ақ санитарлық барлаудың тиісті түрде құзіреттендірілген талаптарын қанағаттандыруы қажет.

6040. Салқындытылатын жүк орын-жайларының оқшаулағыш материалдары иісі жоқ биотөзімді материалдардан жасалуы тиіс.

6041. Жанармай танктерінің және цистерналарының орналасқан ауданындағы қоршаудың және түптің екі төсемінің үстіңгі беті иіс шығармайтын мұнайға төтеп беретін материалдан жасалған жабыны болуы қажет. Бұл жабындыдар жоғарыда айтылған үстіңгі беттердің оқшаулануы орындалғанға дейін жағылуы тиіс.

6042. Салқындытылатын жүк орын-жайларын оқшаулау ылғалдың өтуінен сақталған немесе оны пайдалануға тапсыру кезінде мықты заттармен қамтамасыз етілген, сондай-ақ кеміргіштерден қорғалған болуы тиіс.

6043. Салқындастылатын жүк орын-жайлардың оқшаулауының қаптамасы немесе басқада қорғаныс беті болуы қажет. Қаптама жүкпен зақымдануы мүмкін жерлерде ол мықты қорғалған болуы тиіс.

6044. Мұздатқыш аппараттарды оқшаулау осы Қағиданың 6040, 6041, 6043-тармақтарындағы талаптарға сәйкес болуы қажет.

564-тaraу. Құбырларды оқшаулау

Ескерту. 568-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6045. Қоршau немесе палуба арқылы өтетін жерлердегі құбырлар жылу көпірлерінің қалыптасуынан сақтану үшін олармен тураланыста болмауы тиіс.

6046. Құбырларды оқшаулау ылғалдан сақталуы қажет.

6047. Құбырларды оқшаулау үшін осы Қағиданың 2147-тармағы 1) тармақшасына сәйкес жанбайтын оқшаулау материалдары қолданылуы қажет.

Бұл талап салқындастылатын жүк орынжайларында және салқындастылатын қоймалар шамасында орналасқан құбырларды оқшаулауға қолданылмайды.

6048. Оқшаулаумен бірге қолданылатын конденсатқа қарсы материалдар мен желімдер және құбырлардың арматураларын оқшаулау егер олардың көлемі аз, ал олардың ашық бөлшектері осы Қағиданың 2148-тармағының 5-тармақшага сәйкес жалынның аз таралуы сипаты болса онда олар осы Қағиданың 6128 -тармағындағы талаптарға сәйкес келмеуіне болады.

9-кіші бөлім. Термооқшауланған контейнерлерде жүкті салқындастаратын тоңазытқыш қондырғылар

565-тaraу. Жалпы ережелер және техникалық талаптар

Ескерту. 569-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6049. Термооқшауланған контейнерлерді салқындастылған ауамен қамтамасыз етуге арналған және кеменің бортына стационарлық орнатылған тоңазытқыш қондырғыларға Қағиданың осы бөліміндегі талаптар қолданылады.

6050. Тоңазытқыш қондырғылар температуралың қажетті диапазонында термооқшауланған контейнерлерді ішіндегі жүкті қоса алғанда оларды салқын ауамен қамтамасыз етуі тиіс.

Контейнердердегі ауаның циркуляциялану деңгейі, температуралың өлшеуге және реттеуге арналған қондырғылар, қажетті ылғалдықты ұстап түру, қажетті

параметрлерді ұстау туралы дабыл жүктің контейнерлік түрін тасымалдау талаптарына сәйкес.

Кондырғының салқынөнімділігінің резерві спецификалықпен салыстырғанда 20 % төмен болмауы тиіс.

6051. Егер контейнердің тағайындалуы контейнердің ішінде жүк тасымалдау үшін газдық ортаның құрамын реттеуді талап етсе онда желдеткіш жүйесінің жабдықтары, оқшаулау және контейнердің дабыл қағу құралдары осы Қағиданың талаптарға сәйкес болуы тиіс.

6052. Термооқшауланған контейнерлердің ішіндегі газдық ортаның құрамын реттеу жүйесі контейнерлердегі оттектің қажетті концентрациясын ұстауды қамтамасыз етуі тиіс.

6053. Термооқшауланған контейнерлерге жіберілетін салқындастылған ауа иілгіш байланыстарда мұздың пайда болуының алдын алу үшін қажетті деңгейде құрғақ болуы тиіс.

6054. Кеменің бортында тасымалданатын термооқшауланған контейнерлер контейнерлерді даярлау Қағидасының "Изотермиялық контейнерлер" III бөлімінің және пайдалануға тапсырылған контейнерлерді техникалық бақылау Қағиданың талаптарына сәйкес болуы қажет.

Термооқшауланған контейнерлердің бұл талаптарға сәйкес келмеуі тоңазытқыш қондырғылардың сыныптамасына кедергі келтірмейді.

566-тарау. Жалпы ережелер және техникалық талаптар

Ескерту. 570-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6055. Тоңазытқыш қондырғылар класының таңбасын "СА" (осы Қағиданың 115-тармақтары) белгісімен толықтыру үшін газдық ортаның құрамын реттеу жүйесімен жабдықталған орын-жайлардың салқындастатын көлемі барлық салқындастылатын орын-жайлардың көлемімен салыстырғанда 50 % кем болмауы қажет.

6056. Жабдықтар, Құбырларды төсөу пункттердің талаптарына жауап береді 5946, 6001, 6009, 6020, 6030, және осы Қағидалардың 562-тарауы.

Ескерту. 6056-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6057. Жүйе қызмет көрсететін салқындастылатын әрбір орын-жай орын-жайдағы қысымның 0,5 кПа жоғары арту және қысымның 0,2 кПа төмендеу мүмкіндігін болдырмайтын іске асу қысымы және өткізу мүмкіндігі сақтандырғыш қондырғымен жабдықталуы тиіс.

6058. Сақтандырғыш қондырғыдан газды жібері жоғары палубадан биіктігі 2 м кем емес және тұрғын орын-жайлардың желдеткіш жүйелерінің ауажинағыштарынан 4 м жақын емес тік каналдар арқылы іске асырылуы керек.

6059. герметизацияланған салқындастылған орын-жайларға инерттік газдарды жіберу мүмкіндігін болдырмайтын шаралар қарастырылуы қажет.

6060. Жүйеде пайдаланылатын инерттік газ тасымалданып жатқан газға, оқшаулау материалдарына және салқындастылатын орын-жайлардың құрылымына қатысты агрессивті болмауы қажет.

6061. Жүйе автоматтық ескертетін инерттік газыд жіберу сәтіне дейін 60 секунд ішінде іске қосылатын дыбыстық және жарықтық дабылмен жабдықталуы қажет.

Ескерту дабылын және қосу қалқанын өзара блоктау клапанның дабылсыз ашылу мүмкіндігін болдырмауы тиіс.

6062. Жүйе қызмет көрсететін салқындастылатын орын-жайлар сағатына кем дегенде ауаны екі есе алмастыруды қамтамасыз ететін тәуелсіз желдеткіштермен жабдықталуы тиіс.

6063. Жүйемен жабдықталған, салқындастылатын орын-жайлармен жапсарлас және оларға кіруге мүмкіндігі бар орын-жайлар ауаны сағатына алты есе алмастыруды қамтамасыз ететін желдеткіштің тәуелсіз стационарлық жүйесімен жабдықталуы тиіс.

6064. Осы Қағиданың 6062-6063-тармақта көрсетілген үй-жайдың желдеткішін басқару пульттері жлдедетіліп жатқан орын-жайдан тыс орнасауы қажет.

6065. Осы Қағиданың 6144-тармағында көрсетілмеген басқа жапсарас орын-жайларды желдету үшін кемеде әрқайсысы ауаны сағатына кем дегенде екі есе алмастыруды қамтамасыз ететін кем дегенде екі ауыстырмалы желдеткіш қарастырылуы қажет.

6066. Жүйе қызмет көрсететін салқындастылатын орын-жайлар оларға келер алдында оттектің көлемдік құрамын бақылау мүмкін қамтамасыз ететін стационарлық қондырғылармен жабдықталуы тиіс.

Кемеде қосымша кем дегенде екі тасымалданатын оттекті газталдағыштар көзделуі қажет.

6067. Жүйенің ағынды қыстырылатын және сорғы каналдары тұрғын және қызметтік орын-жайлар арқылы жүргізілмеуі тиіс.

10-кіші бөлім. Сұйытылған газдарды салқындатуға арналған тоңазытқыш қондырғылар 567-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 571-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйріғымен.

6068. Тоңазытқыш қондырғылар сұйық газды құйып тасымалдау үшін тиісті температура мен қысымды қамтамасыз етуі тиіс.

6069. Тоңазытқыш қондырғылар осы Қағиданың талаптарына сәйкес болуы қажет.

6070. Жүк сыйымдылығында тоңазытқыш қондырғы көтере алатын минималдық температура тоңазытқыш қондырғының сыйыптау лық қуәлігінде көрсетілуі тиіс.

568-тaraу. Дайындаушы зауытта механизмдер мен жабдықтарды синау

Ескерту. 572-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он қун өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6071. Осы тарауда тізілген кемелік тоңазытқыш қондырғылардың бөлшектерін синау Кеме қатынасының Кеме қатынасының тіркелімінің жіктеу және техникалық есепке алу жөніндегі бас инженердің қатысуымен жүргізілуі тиіс.

6072. Тоңазытқыш агенттің қысымымен жұмыс істейтін элементтерді төзімділікке гидравликалық синау осы Қағиданың 6029-тармағына сәйкес қабылданған есептік қысымнан 1,5 кем емес синақ қысымымен іске асырылуы қажет.

Салқынтаратқыштың немесе судың қысымымен жұмыс істейтін бөлшектер жұмыс қысымының 1,5 тең, алайда 0,4 МПа кем емес қысыммен гидравликалық синаққа, ал қораптық құрылымдар жұмыс қысымының 1,5 тең қысымымен синалуды керек.

6073. Салқын агенттің қысымымен жұмыс істейтін элементтердің төзімділігін пневматикалық синау осы Қағиданың 5948 -тармағына сәйкес қабылданған, есептіктен кем емес синақ қысымымен іске асырылуы қажет.

6074. Атмосфералық қысымнан төмен тоңазытқыш агенттің қысымы кезінде жұмыс істеуге арналған жабдық 0,8-кПа көп емес жеткілікті қысымда вакуумдау арқылы герметикалыққа синалуды тиіс.

6075. Бітегіш органдары бар жинақтағы арматура және автоматика құралдары осы Қағиданың 5948-тармағына сәйкес есептікке тең синақ қысымымен жабылудың тығыздығына арналған пневматикалық синақтардан өткізуі тиіс.

6076. Осы Қағиданың 5943-тармағында көрсетілген механизмдер мен жабдықтар құрастырудан кейін осы Қағиданың 3952, 3953-тармақтарында көрсетілген талаптарға сәйкес синалуды тиіс.

569-тaraу. Кемеде тоңазытқыш қондырғысын синау

Ескерту. 573-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он қун өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6077. Кемедегі құрастырудың аяқталғанынан кейін осы бөлімінің талаптарының орындалуын тексеру үшін тоңазытқыш қондырғы Кеме қатынасының тіркелімімен мақұлданған бағдарлама бойынша синалышп және тексерілуі қажет.

6078. Тоңазытқыш агенттің барлық жүйесінің төзімділігін анықтау үшін осы Қағиданың 5948 -тармағына сәйкес есептікке тең сынамалы қысыммен, пневматикалық сынақтар өткізілуі тиіс. Пневматикалық сынақтар азотпен, оттек тотығымен, кептірілген ауамен жүргізілуі мүмкін. II топтық тоңазытқыш агенттің жүйесінің төзімділігін сынап біткеннен кейін тоңазытқыш агентті апаттық төгужүйесінің жұмысы тексеріледі.

6079. I топтық тоңазытқыш агенттің жүйесінің төзімділігін тексеріп біткеннен соң 1 кПа артық емес қалдықты ауада вакуумдау арқылы герметикалықса сыналуы қажет.

6080. Жүйені тоңазытқыш агентпен толтырғаннан кейін құбырлар мен арматуралар байланысының тығыздығы тексерілуі қажет.

6081. Салқынтаратқыш және салқыннатқыш су жүйесінің арматурасымен қоса барлық құбырлар жұмыс жағдайларында төзімділікке сыналуы қажет.

6082. Жұмыс барысында негізгі және апаттық желдеткіш, кептіру, сулы шымылдырық, механизмдерді дистациялық сөндіру, қауіпсіздік қондырғылары, қорғаныс автоматикасы, тоңазытқыш агенттің ағызы газталдаулары тексеріледі.

6083. Тоңазытқыш қондырғысының жабдығы барлық жұмыс режимдерінде әрекетте тексеріледі, бұл ретте осы Қағидалардың 548-тарауы мен 6037-тармағы талаптарының орындалуы, реттеуші автоматика құрылғыларының, салқыннату құрылғыларының жұмысы, қар тондарын кетіру тиімділігі расталады.

Ескерту. 6083-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6084. Тоңазытқыш қондырғының сынағы толық есептік жылу жүктесеінде және спецификалық қайнау темперутурасында және тоңазытқыш агенттің конденсациясында өткізілуі қажет. Спецификалық ауадан ерекшеленетін сыртқы ауаның төмен температурасы кезінде сынақ жүргізген кезде қосымша жылу жүктемесінің боямасы талап етілуі мүмкін.

6085. Салқыннатылатын орын-жайлардың оқшауланған құрылымының жылуөткізгіштігінің орташаландырылған коэфициентін есептеудің нәтижесі оқшаулаудың сапасын анықтағаннан кейін сынақтармен расталуы тиіс.

570-тарау. Газ ортасының құрамын реттей отырып қондырғыларды сынай

Ескерту. 574-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6086. Термооқшауланған контейнерлерге өтетін ауаөткізгіштер желдеткіштің толық өндірістік жұмысы кезінде контейнердің ілгіш байланысына түсетін ауаның көлемін

өлшеу арқылы салқындағыш ауаның тарату арқылы сыналуы тиіс. Әрбір термооқшауланған контейнерге арналған ауа ағымы (ауа көлемі бойынша) есептіктек + 5 % артыққа айрықшаланбауы қажет.

6087. Салқындатықан ауаның ауаөткізгіштерін монтаждауды аяқтағаннан кейін кемеде оқшаулауды жинақтауды бастамас бұрын есептіктен 1,5 кем ауаның қысымымен мықтылығын сынау, сондай-ақ жұмыс қысымымен төзімділігін сынау орындалуы қажет; алайда аталған сынақтар үйлестірілуі мүмкін.

11-кіші бөлім. Қосалқы бөлшектер

Абсорбциондық бромистлиттік тоңазытқыш машиналардың тоңазытқыш қондырғылары

571-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 575-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6088. Кемеде тоңазытқыш қондырғыға арналған осы бөлімде талап етілгеннен кем емес көлемде қосалқы бөлшектер болуы қажет.

6089. Қосалқы бөлшектер қол жетімді орында бекітіліп, маркерленіп және коррозиядан мықты қорғалған болуы тиіс.

6090. Осы бөлімінің талаптары кемелік жүйелерердің құрамында ауаны баптауға арналған абсорбциондық Бромистлиттік тоңазытқыш машиналардың тоңазытқыш қондырғыларына таралады.

6091. Абсорбциондық Бромистлиттік тоңазытқыш машиналардың тоңазытқыш қондырғылары осы Қағиданың 5945-тараудың 2, 5, 7 (тек қана қорғаныс жүйесіне), 8-тармақшасына, 5947, 5970, 6009, 6029, 6031, 6082-тармақтарына сәйкес келуі тиіс.

6092. Абсорбциондық Бромистлиттік тоңазытқыш машиналардың жылыту жүйесі (сұлы бүмен немесе ыстық сумен) осы Қағиданың 59-тарауда қолданылатын талаптарға сәйкес болуы қажет.

572-тарау. Қосалқы бөлшектер нормалары

Ескерту. 576-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6093. Компрессорлар мен сорғылар осы Қағиданың 9-бөлімінің 10-кіші бөлімінде көрсетілген қосалқы бөлшектермен жабдықталуы қажет.

Компрессорлердің, сорғылардың және желдеткіштердің электржетектері осы Қағиданың 13-бөлімінің 20-кіші бөліміне сәйкес қосалқы бөлшектермен қамтамасыз етілуі тиіс.

6094. Осы Қағиданың 6090-тармағының талаптарына қарамастан тоңазытқыш қондырғылар осы Қағиданың 498-қосымшасының талаптарына сәйкес қосалқы жабдықтармен қамтамасыз етілуі тиіс.

15-бөлім. Материалдар

1-кіші бөлім. Жалпы ережелер

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

573-тарау. Таралу аймағы

Ескерту. 577-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6095. Қағиданың осы бөлігінің талаптары Қағиданың басқа да бөліктерінің талаптарына сәйкес әзірлеу кезіндегі Кеме қатынасы тіркелімімен куәландырылатын материалдар мен өнімдерге таратылады.

Материалдар мен өнімдерді таңдауға және оларды қолдануға жататын талаптар Қағиданың тиісті бөліктерінде жазылған.

Материалдар мен өнімдер өндірісін бастапқы куәландыру кезіндегі, сондай-ақ оларды әзірлеу процесіндегі Кеме қатынасы тіркелімінің техникалық бақылауды жүзеге асыру кезіндегі куәландырулар мен сынақтар көлеміне қойылатын талаптар осы Қағидада айтылған.

6096. Осы бөліктің талаптарын қанағаттандырғаннан басқа, материалдар және өнімдер Қағиданың тиісті бөліктерінің талаптарына жауап беруге тиіс.

6097. Құрастыру немесе өнімдері жұмысының шарттарына келетін материалдарға, осы бөлікте көзделмеген талаптар қойылады, сондай-ақ осы бөлікте регламенттелмен, химиялық құрамы, механикалық және пайдалану қасиеттері осы тағайындаудағы Кеме қатынасы тіркелімінң қаралмаған материалдар Кеме қатынасы тіркелімінің арнайы қарауына жатады.

Халықаралық немесе ұлттық стандарттарға сәйкес немесе айрықша белгілері немесе өзге де техникалық құжаттама бойынша әзірленген материалдар, Қағиданың талаптарын орындау жағдайында, нақты тағайындалуы үшін Кеме қатынасы тіркелімімен рұқсат етілуі мүмкін. Бұл ретте стандарттар, айрықша белгілер немесе өзге де техникалық құжаттаманы оны Кеме қатынасы тіркелімінің тиісті құжатына енгізу және/немесе мөртабан қою арқылы танылады.

Кеме қатынасы тіркелімі материалдар мен өнімдерді жеткізуге тек стандарттар, айрықша белгілер немесе арнайы техникалық құжаттама бойынша ғана рұқсат беруі мүмкін.

Жоғарыда көрсетілген құжаттаманың және Материалдарды сынау қағидасының арасында айырмашылықтар болған кезде оларды бағалау неғұрлым қатаң талаптарды ескере отырып жүзеге асырылуы тиіс.

6098. Кеме қатынасы тіркелімімен куәландырылуға жататын төменде көрсетілген материалдар мен өнімдер Кеме қатынасы тіркелімінің куәлітерімен жеткізіледі және оларды Дайындаушыны тану туралы куәлігі (ДТК) (осы Қағиданың 6095 -тармағын қара) бар кәсіпорындар әзірлеуі тиіс:

1) кеме құрылышы болатынан, зет-болаттан және пісіру құрастырғыштарына арналған жоғары мықты болаттан иленім;

2) I және II сыныпты, қысымда жұмыс істейтін қазандықтар мен ыдыстарға арналған болаттан иленім;

3) қазандықтар мен жылу алмастыру аппараттары үшін, сондай-ақ I және II сыныпты құбырлар үшін болат тұтіктер;

4) болатсоғылмалар және құйындылар;

5) шойыннан құйындылар;

6) тұсті және женіл құймалардан құйындылар;

7) тұсті және женіл құймалардан жартылай фабрикаттар;

8) шынжырлар және тростар;

9) шынжырларға арналған болат;

10) егер олар иленім өндірісінен бөлек кәсіпорында әзірленсе, кеме құрылышы иленіміне және қазандық болатқа арналған слябтар, бломдар.

6099. Кеме қатынасы тіркелімімен куәландыруға жататын төменде көрсетілген материалдар мен өнімдер (осы Қағиданың 6176 -тармағы), кәсіпорында ұлттық/халықаралық ұйым немесе тізбеде және Типтік мақұлдау туралы куәлікте (ТМК) құзыретті болып танылған сапа жүйесі болған жағдайда, дайындаушының сертификаттарымен:

1) армирленген пластмасса құрастырғыштарына арналған материалдар;

2) қабаттама тоқыма материалдары;

3) жарық қайтаратын материалдар;

4) пенопласттар;

5) антикоррозиондық жабындар;

6) пластмассадан арматура және тұтіктер жеткізілуі мүмкін.

574-тарау. Куәландыру

Ескеरту. 578-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Жалпы талаптар

6100. Куәландыруды жүзеге асырудың көлемі мен тәртібін белгілейтін жалпы ережелер осы Қағиданың 1-бөлімінде жазылған.

6101. Кәсіпорын өнімді өндіруден бұрын ереже бойынша техникалық бақылау арқылы Кеме қатынасы тіркелімімен танылуы тиіс.

1) Өндірістің қасиеттері мен шарттарын анықтайтын техникалық құжаттаманы қарастыру және тану.

Материалдар мен өнімдердің техникалық құжаттарын қарастыру ереже бойынша материалдарды сынақтан өткізуге дейін жүзеге асырылады.

2) Өндірісті және кәсіпорындағы сапанды бақылау жүйесін тікелей куәландыру, бақылау сынақтарын жүргізу.

Осы іс-шараларды орындау процесінде өндіріс және өнім параметрлерінің құжаттаманың (осы тармақтың 1) тармақшасы) және Кеме қатынасы тіркелімі қағидасының талаптарына сәйкестігі, сондай-ақ сапа турақтылығының тиесілі деңгейі расталуға тиіс.

3) куәландыру нәтижелерін ресімдеу:

Дайындаушының тануы туралы куәлікті немесе Типтік макұлдау туралы құжатты (он нәтижелер кезінде) ресімдеу;

Кеме қатынасы тіркелімінің жоғарыда аталған құжаттарын ресімлеу мүмкін еместігі туралы қорытындыны дайындау (теріс нәтижелер кезінде).

Дайындаушыны тану туралы куәлікті және Типтік макұлдау туралы құжат, кәсіпорынды және оның өнімін тануды Кеме қатынасы тіркелімі растайтын құжаттарды алу үшін қажет барлық ресімдер Кеме қатынасы тіркелімімен талаптары негізінде орындалады.

6102. Өндіру процесінде техникалық бақылауды жүзеге асыру кезінде материалдар мен өнімдерді куәландыру мыналарды қамтиды:

1) сынақтар және қарау;

2) сынақтар мен қарау нәтижелері бойынша құжаттарды ресімдеу (осы Қағиданың 6114, 6115 және 6115 -тармақтары)

2-параграф. Сынақтар

6103. Кәсіпорынды тану процесіндегі бақылау сынақтары Кеме қатынасы тіркелімі макұлданған бағдарлама бойынша жүргізіледі. Бағдарлама Қағиданың осы бөлігінің

немесе халықаралық стандарттардың және өзге де техникалық құжаттаманың тиісті талаптарының негізінде жасалады.

6104. Сынақтар Кеме қатынасы тіркелімінің техникалық бақылауымен өнімді дайындау кезінде сынақтарға ұсынылған материалдар мен өнімдер, және/немесе Кеме қатынасы тіркелімі танылған стандарттар мен спецификацияларға байланысты осы бөліктің бөлімдерінің талаптарына сәйкес орындалуы тиіс.

6105. Жазылған сынақтардың өткізілу орны мен уақытын дайындаушы алдын ала айтуы тиіс. Сынамалардың іріктелуі, сынақтардың әдістемесі, үлгілердің тіліктерінің схемалары Қағиданың қодланылатын 15-бөлімінің 2-кіші бөлімінің талаптарына сәйкес орындалуы тиіс. Егер өзгесі айтылмаса, сынамалар мен үлгілерге Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкерімен таңба таңба соғылуы тиіс, ал сынақтар оның қатысуымен жүргізіледі.

6106. Егер осы бөлімнің тиісті бөліктерінде өзгесі айтылмаса, сынақтардың қанағаттанарлықсыз нәтижелері кезінде қайталама сынақтары келесі шарттардың сақталуымен орындалуы тиіс:

6107. Созуға арналған сынақтар.

Сынақтарға шыдамаған жартылай фабрикаттардан, сынамалардың бастапқы қындыларының орнына максимальды жақындағы орындардан үлгілердің екі еселенген саны ірікте алынуы мүмкін.

Егер үлгілердің осы қосымша (екі еселенген) жиынтығындағы сынақтардың нәтижелері қанағаттанарлық болса, онда сынақтарға ұсынылған полуфабрикат және сәйкес партия қабылдануы мүмкін.

Егер бір ғана үлгіде (қосымша жиынтықтан) сынақтар нәтижесі қанағаттанарлықсыз болса, ұсынылып отырған полуфабрикат брактады. Алайда партияның қалған жартылай фабрикаттары, осы партияның басқа екі полуфабрикаты сынақтардан оң нәтижеге ие болған жағдайда, Тізбемен қабылданады. Егер қосымша іріктелген екі жартылай фабрикаттың бірінен қанағаттанарлықсыз нәтиже алынған болса, барлық партия брактады.

6108. Соққы имекке сынақтар.

Сынақтың қанағатсыз нәтижелері болып мынылыр табылады:

Соққы имегіне (KV) сынақтардың үш нәтижесінің орташа көлемі жазылған талаптарға жауап бермейді;

Орташа көлемнің төменде талап етілетін үш нәтижесінің кемінде біреуі;

Үлгілердің кез-келгенінде нәтиже төменде талап етілетін орташа көлемнен кемінде 30 %-ға төмен;

Аталған жағдайлардың кез-келгенінде қайталама сынақтар алдыңғы іріктеу орына максимальды жақын орында сол полуфабрикаттан іріктеліп алынған үлгілердің қосымша жиынтығына өткізілуі мүмкін.

Ұсынылған полуфабрикат және партия, егер сынақтар нәтижелерінің жаңа орташа көлемі (ұш орындалған қосу ұш қосымша) талап етілген орташа көлемнен жоғары болса және талап етілетін аталған орташа көлемнің алты нәтижесінің кемінде екеуі төмен болса және кемінде бір үлгіден талап етілетін нәтижеден 30 % -ға төмен болса қабылдануы мүмкін.

Егер партиямен ұсынылатын жартылай фабрикаттың қайталама сынақтарының нәтижелері қанағаттанарлықсыз болса, бұл полуфабрикат бракталады, бірақ партияның қалған жартылай фабрикаттары осы партияның екі қосымша жартылай фабрикаттарында орындалған сынақтардың оң нәтижелері жағдайында қабылдануы мүмкін. Егер екі қосымша жартылай фабрикаттардың сынақтарының нәтижелері қанағаттанарлықсыз болса, онда партия бракталады. Аталған қосымша жартылай фабрикаттар партиядығы жартылай фабрикаттарға қарағанда максимальды қалындықта болуы тиіс.

Бұнда ұсынылып отырған KV-ге арналған сынақтар қағидаты U үлгісіндегі кесігі бар үлгілерге қолданылуы мүмкін.

6109. Егер сынақтардың қанағаттанарлықсыз нәтижелері үлгілердің материалындағы жергілікті ақауларынан, олардың дұрыс өндөлмеуінен, сынақ құрал-жабдығының жарамсыздығынан болса, созуға арналған сынақ жағдайында бұзылу үлгінің есептік ұзындығынан тыс болса, онда Кеме қатынасы тіркелімімен келісім бойынша сынақтар үлгілердің сондай санында қайталануы мүмкін.

Дайындаушының қарауы бойынша жаармсыз партияның жартылай фабрикаттары сынақтарға бір данадан ұсынылуы мүмкін және қанағаттанарлық нәтижелер жағдайында Кеме қатынасы тіркелімімен жеткізілуге рұқсат етілуі мүмкін.

Дайындаушының қарауы бойынша жарамсыз партияның жартылай фабрикаттары термоөндеуден немесе қайталама термоөндеуден кейін сынақтарға қайта ұсынылуы мүмкін немесе бастапқыда өтінілген санатқа қарағанда өзге санаты ретінде ұсынылуы мүмкін. Осындай қайталама ұсыныстар кезінде сынақтардың қанағаттанарлық нәтижелері жағдайында материал Кеме қатынасы тіркелімімен жеткізілуге қабылдануы мүмкін.

Келесі өндеудің немесе қолданудың ішінде қанағаттанарлықсыз нәтижелер көрсеткен кез келген материал алдында орындалған сынақтар туралы хаттаманың немесе тиісті сертификаттардың болуына қарамастан жарамсыз болуға тиіс.

6110. Егер үлгілер немесе сынақтардың нәтижелері ауыстырылса, немесе сынақтардың нәтижелері қажетті нақтылықпен материалдың қасиетін анықтауға жол бермесе, Кеме қатынасы тіркелімі өзінің қызметкерінің қатысуымен кез келген сынақтардың қайталануын талап ете алады.

6111. Қасиеттерінде осы бөліктің талаптарынан құрастырғыштың немесе өнімнің пайдалану сипаттамаларына әсер етпейтін ауытқулары бар, дайындалған материал тек Кеме қатынасы тіркелімінің осы ауытқуларды арнайы қарауынан кейін және

дайындаушы зауыттың тиісті сөзі мен тапсырыс берушінің келісімінің болуымен ғана тағайындалуы бойынша пайдаланылуы мүмкін.

575-тарау. Таңбалау және құжаттар

Ескерту. 579-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Тенденстіру және таңбалау

6112. Кәсіпорында материалдар мен өнімдерді дайындау кезінде металлды қорытудан бастап өнімге кез келген сатыда тексеру жүргізуге мүмкіндік беретін бақылау жүйесі қолданылуы тиіс. Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкерінің талабы бойынша кәсіпорында оған осындағы жүйенің болуын растау ұсынылуы тиіс.

6113. Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкеріне ұсынудың алдында материал тиісті үлгіде маркаланған болуы тиіс. Егер өзгесі айтылмаса (маркаудың ерекшеліктері алдын ала келісіледі және өнімнің белгілі қасиеттерін білдіруі тиіс, мысалы осы Қағиданың 6226-тармағын қара) материалдарды маркалау стандарттар бойынша мына талаптарды ескере отырып жүргізіледі:

1) жартылай фабрикаттардың бір реттік жеткізілуі кезінде маркалау өнімнің әрқайсысына белгіленуі тиіс. Егер жеткізу связкаларда жүргізілсе, маркалау связкалардың қарама-қарсы шеттеріне бекітілген ауа райының ықпалына нық, берік екі биркаға белгіленуге тиіс.

Кіші көлемді жартылай фабрикаттардың көп санын жеткізу кезінде маркалауды белгілеу тәртібі мен оның мазмұны Кеме қатынасы тіркелімімен келісуге жатады.

Одан әрі өнделуге тап болатын жартылай фабрикаттарда маркалау мүмкіндігінше кейіннен өнделмейтін жеріне белгіленуі тиіс.

Маркалау анық белгіленуі тиіс және атмосфералық әсерлерге шыдайтын ақшыл бояумен жазылуға тиіс.

2) жалпы жағдайда жартылай фабрикаттарды маркалау мынадай деректерді қамтуға тиіс:

материалдың санаты немесе маркасы;

жартылай фабрикattyң шыққан тегін анықтауға мүмкіндік беретін сандық немесе өзге де белгі (жартылай фабрикattyң нөмірі, плавканың нөмірі және сол сияқты деректер);

өндірушінің атауы немесе шарттық белгісі;

өндірушінің бақылау ұйымының бақылау мөртабаны;

Кеме қатынасы тіркелімінің таңбасы (егер талап етілсе);

3) егер полуфабрикат жазылған сынақтардан өтпесе немесе оның тағайындалуы бойынша пайдаланылуына мүмкіндік бермейтін ақаулықтар табылса, Кеме қатынасы тіркелімінің таңбасы және материал санатының белгісі жойылуға немесе алынып тасталуға тиіс.

2-параграф. Құжаттар

6114. Сынақтан өткен материалдар мен өнімдер партиясының әрқайсысы немесе жеке жартылай фабрикат және жеке өнім, егер жеткізу бір данадан жүзеге асырылса, Кеме қатынасы тіркелімінің куәлігімен немесе Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкери күәландырған дайындаушы құжатымен бірге болуға тиіс.

6115. Сертификат качества изготовителя.

Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкеріне материалды ұсынумен бір уақытта соңғы түріндегі материалдың сапасына сертификат немесе алдын ала ұсынылуы тиіс. Сертификатқа кәсіпорынның сапа қызметі куәлік етуге және кәсіпорынның оған құзыретті адамы күәландыруға тиіс және кемінде мынадай мәліметтерді қамтуы тиіс:

кәсіпорынның атауы және тапсырыстың номірі;

егер ол белгілі болса, жобаның номірі;

сызуының немесе эскизінің номірін көрсете отырып (егер қолданылса), жартылай фабрикаттың атауы, номірі, мөлшері және массасы;

материалдың маркасы (санаты), қорытылу түрі, қорытпаның номірі және химиялық құрамы;

идентификациялық номірі;

термоөндеу түрі және режимі (егер қажет болса);

механикалық сынақтар нәтижелері;

егер ол қолданылған болса, бұзбайтын бақылаудың нәтижесі (қанағаттанарлық немесе қанағаттанарлықсыз).

6116. Кеме қатынасы тіркелімінің куәлігі, кемінде мыналардан тұруға тиіс:

тапсырыс номірінен;

егер ол белгілі болса, құрылымың жобасының номірінен;

материалдың атауынан, номірінен, көлемінен және массасынан;

материалдың маркасынан (санатынан) және жеткізудің жай-күйінен;

дайындаушы кәсіпорынның сапа сертификатының номірінен;

партияның немесе жартылай фабрикаттың номірінен немесе жеткізілетін материалды иденификациялауға мүмкіндік беретін иденификациялық номірінен;

сызба номірінен (егер қолданылса).

Кеме қатынасы тіркелімінің куәлігіне міндетті қосымша ретінде өқызметкермен күәландырылған дайындаушы кәсіпорынның сапа сертификаты болуға тиіс. Кеме

қатынасы тіркелімінің қызметкері куәландырылған сынақтар хаттамалары, сондай-ақ егер оларды сатып алушы талап етсе, Кеме қатынасы тіркелімінің куәлігі қосымшасының құрамына енуі мүмкін.

Материал тек Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкері куәландырған дайындаушы кәсіпорынның сертификаттарымен ғана жеткізілген жағдайда, нысаны және оның мазмұны Кеме қатынасы тіркелімі және сатушымен келісілуге тиіс.

576-тaraу. Сынақ жүргізетін зертханалар

Ескерту. 580-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6117. Осы тараудың ережелері Кеме қатынасы тіркелімі куәландыруға жататын материалдарға сынақтар жүргізетін зертханаларға таратылады.

6118. Кеме қатынасы тіркелімі танылған metallurgia зауыттары мен кәсіпорындарының материалдар дайындайтын және сынақтар өткізетін зертханалары Кеме қатынасы тіркелімінің арнайы тануысыз, материалдың қасиеттерін айқындау үшін қажет сынақтар өткізеді. Осы зертханалардың өткізген сынақтары туралы хаттамалары мен есептері материалға сертификатқа химиялық құрамы, механикалық және басқа да қасиеттері бойынша деректерді енгізу үшін жеткілікті негіз болып табылады.

Басқа кәсіпорындардың зертханалары немесе дербес зертханалар тек олар Кеме қатынасы тіркелімімен танылғаннан кейін ғана РС бақылауы объектілерінің химиялық құрамын анықтауды жүргізуі және олардың механикалық және басқа да қасиеттерін сынақтан өткізуі мүмкін.

6119. Жоғарыда аталған тен дәрежеде Кеме қатынасы тіркелімінің бақылау объектілерін бұзбайтын әдістермен бақылауды жүзеге асыратын зертханаларға таратылады.

6120. Материалдар мен өнімдерге бұзбайтын бақылау жүргізетін зертханалардың Кеме қатынасы тіркелімінің танығаны туралы куәлігі және/немесе ұлттық немесе халықаралық құзыретті ұйымның зертхананың құзыреттілігін растайтын құжаты болуға тиіс. Куәлікте немесе құжатта бақылаудың қолданылу аясы мен шарттары болуға тиіс. Оның қолданылуын танымал ету үшін ультрадыбыстық бақылауды орындауға кәсіпорынның техникалық дайындығын растайтын мынадай материалдар қоса беріле отырып, Кеме қатынасы тіркеліміне өтінім берілуге тиіс:

бақылау құқығына құжат берген ұйымды көрсете отырып, оқытылған операторлардың болуы туралы деректер;

колдану аясын көрсете отырып, ультрадыбыстық аппаратураның техникалық деректері;

бақылау жүргізу бойынша нұсқаулық.

Бақылау нәтижелерінің сенімділігі мен қайта өндірушілігін растайтын сынақтар жүргізілуі тиіс.

Сынақтар бағдарламасы Кеме қатынасы тіркелімімен мақұлдануы тиіс.

6121. Өндірлген сынақтардың немесе материал зерттеулерінің нәтижелері белгіленген тәртіппен тіркеледі (сынақтар журналына, хаттамаға және т.б. жазылады). Сынақтар журналы (хаттама және т.б.) материалға құжат (сертификат) беру мақсатында оның сапасы туралы қорытынды жасауға мүмкіндік беретін қажет мәіметтердің барлығынан тұруға тиіс.

Өнімдерге бақылау жүргізу туралы хаттамада кемінде мынадай деректер қамтылуға тиіс: өнімнің түрі, өнімнің материалы және негізгі мөлшерлері, бақылаудың және ізденушілердің әдісі, бақылаудың жиілігі, унифицирленген эталонның түрі, ақаулықтардың көлемі мен орналасуы, оператордың тегі және бақылау күні.

2-кіші бөлім. Сынақтардың әдістері

577-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 581-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрекімен.

6122. Осы бөлімнің талаптары дайындау кезінде Кеме қатынасы тіркелімімен қуәланыруға жататын материалдарды сынаудың түрлері мен әдістеріне таратылады. Сол және өзге де сынақтарды және олардың нәтижелерін бағалаудың өлшемдерін өткізу қажеттілігі Қағиданың осы бөлігінің немесе басқа да бөліктерінің тиісті бөлімдерінде белгіленген.

6123. Осы бөлімнің талаптары сынақтар өткізудің шарттарын, ұлгілердің типтері мен көлемдерін, олардың дайындалуына қойылатын талаптарды регламенттейді.

Кеме қатынасы тіркелімімен келісім бойынша, егер олар Қағидада талап етілетін материалдардың қасиеттерін анықтау кезінде нәтижелердің жеткілікті нақтылығын, қайтадан шығуын және сенімділігін қамтамасыз ететін болса, өзге де сынақтар әдістері мен ұлгілер типтері қолданылуы мүмкін.

6124. Материалды қолдану жағдайларына байланысты оны арнайы сынақтардан өткізу түрлері мен әдістері, сондай-ақ бағалау өлшемдері, егер Қағидада нұсқаулар болмаса, Кеме қатынасы тіркелімімен келісілуге тиіс.

6125. Сынақтар кезінде сондай-ақ стандарттардың немесе Кеме қатынасы тіркелімімен келісілген өзге де нормативтік құжаттаманың талаптары орындалады.

6126. Сынақтар үшін ұлгілер дайындалатын сынамалар, өздері іріктеліп алынған өнім тәрізді сол өнделуге (мысалы, термиялықөнделуге) ұшырауға тиіс. Сынақтар үшін ұлгілер материалдық қасиеттеріне әсер етпейтін тәсілдермен әзірленуі тиіс.

6127. Сынақтарды құзыретті қызметкер тиесілі жұмыс күінде тұрған тиісті қуатты машиналарда жүргізеді. Сынақ машиналарының қажетті дәл өлшемдері +1 % шегінде

булуға тиіс. Машиналарды осыған құзыретті ұлттық органдар мерзімді, әдеттегідей жылына бір рет бақылауға және реттеуге калиброваться тиіс.

Мерзімді тексерулердің нәтижелері Кеме қатынасы тіркеліміне ұсынылуға тиіс.

Соққы имегіне сынақтар өткізу үшін маятникалық копрлар ИСО 148-2 талаптарына немесе Кеме қатынасы тіркелімімен танылған басқа да стандартқа сәйкес тексерілуге тиіс.

Созу/нығыздау сынақтарына арналған машинадар ИСО 7500-1 талаптарына немесе Кеме қатынасы тіркелімімен танылған басқа да стандартқа сәйкес тексерілуге тиіс.

578-тарау. Металл материалдарды сынау әдістері

Ескерту. 582-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Сынақтар кезіндегі температура. Созуға сынақ

6128. Сынақтар кезінде айналадағы ауаның температурасы, егер осы бөліктің кейінгі бөлімдері мен тарауларында арнайы нұсқаулар болмаса, стандарттардың талаптарына жауап беруге тиіс.

6129. Айналадағы ауаның температурасы кезінде созуға сынақтар кезінде металл материалдардың механикалық қасиеттерінің мынадай сипаттары анықталады:

1) ағындылықтың физикалық шегі Re — ағындылық кезіндегі пластикалық деформациялаудың басталуына сәйкес келетін напряжение немесе егер пик, ағындылық кезіндегі пластикалық деформациялау процесінде бақыланатын кейінгі пиктердің кез-келгеніне тең келсе немесе одан аз болса да, металл ағыны кезінде алынған қисық деформациялаудың бірінші пикіне сәйкес келетін напряжение.

Жүктеу жылдамдығы нығыз деформациялау аясындағы ағындылық шегіне қол жеткізгенге дейін осы Қағиданың 499-қосымшасында көрсетілген шектерде болуға тиіс

2) егерматериалда ағындылық тиімділігі айқындалмаса, онда ағындылықтың шартты шегі анықталады. Ағындылықтың шартты шегі R_p — пластикалық деформациялаудың бастапқы есептік ұзындықтың ($0,2\%$ шартты ағындылықтың $R_{p0,2}$ шегіне сәйкес келеді) процентпен көрсетіліп берілген мөлшеріне жететін напряжение.

Аустениттік және екі фазалық тотықпайтын болаттар үшін 1% (R_{p1} , $R_{p0,2}$ -ге қосымша) деформациялау кезіндегі кернеу анықталуы мүмкін.

Жүктеу жылдамдығы осы бөліктің 6163-тармағының 1) тармақшасына сәйкес белгіленеді.

3) R_m уақытша кедергісі — напряжение, үлгіні бұзуға алып келетін неғұрлым жүктемеге сәйкес келетін кернеу.

R_m уақытша кедергінің айқындау үшін үлгінің жай үдейтін жүктеме әсерінен бұзылуға дейінгі созуға әкеп соқтырады. Ағындылық ішіндегі немесе шартты ағындылық шегіндегі пластикалық материалдар үшін пластикалық деформациялаудың жылдамдығы секундына 0,008 жүктемеге сәйкес келетін мөлшерден аспауға тиіс. Шойын тәрізді хрупкий материалдар үшін жүктеу жылдамдығы секундына 10 Н/мм аспауға тиіс.

4) A сөгісінен кейінгі қатыстық ұзару — сөгістен кейінгі үлгінің ұзындығы есептік бөлігін процентпен білдірілген бастапқы есептік ұзындыққа айналдыру қатынасы.

Жалпы жағдайда, қатыстық ұзаруды айқындау нәтижелері, бұзылуы шектер ішінде және үлгінің (L_0) есептік бөлігінің 1/3 шекарасына жуық емес аралықта болған үлгілер үшін қажет болып есептеледі. Алайда, бұзылу орнына қарамастан, егер алынған қатыстық ұзару көлемі күтіліп отырған нәтижеге тең болса немесе одан асып кетсе, нәтижелер есепке алынуы мүмкін.

A_5 қатыстық ұзаруды әдетте аз пропорциональды үлгілерде айқындалады. A_0 пропорциональды емес үлгілерде, мысалы $L = 200$ мм есептік ұзындығымен және мына формула бойынша айқындалады

$$A_0 = 2A_5 \\ \left(\frac{\sqrt{S_0}}{L_0}\right)^{0,40}, \%$$

Пропорциональды емес үлгілер әдетте сүйк өндеу әдісін қолданбай дайындалған мықтылығы төмен және орташа фериттік кластагы болаттар үшін қолданылады;

5) Z сөгісінен кейінгі қатыстық қыскару - үлгінің тік жырығының бастапқы және минимальды аудандарының, тік жырықтың бастапқы ауданы сөгілгеннен кейінгі процентпен көрсетілген әр түрлілік қатынасы. Цилиндр үлгілерінде айқындалады;

6) созуға сынақ жүргізу кезінде при проведении испытания на растяжение при повышенной температуре индексом должна указываться температура испытания, например, Rm/350, ReL/350, A5/350, Z350, мұнда число 350 обозначает температуру испытаний в градусах Цельсия.

6130. Үлгілердің көлемін анықтау үшін мынадай мм-дегі белгілер белгіленеді:

d — үлгінің жұмыс бөлігінің диаметрі;

a — үлгінің жұмыс бөлігінің қалындығы;

b — үлгінің жұмыс бөлігінің ені;

L0 — үлгінің есептік бөлігінің ұзындығы;

Lc — үлгінің есептік бөлігінің ұзындығы;

S0 — үлгінің тік жырығының ауданы;

R — үлгінің жұмыс бөлігінен басына өту радиусы;

D — тұтіктің сыртқы диаметрі

t — илемделген бұйымның қалындығы.

6131. созуға сынақтар мына типтердің (Қағиданың осы бөлігінің 392-қосымшасы) үлгілеріне жүргізіледі:

Есептік бөлігі L0 = 5,65

$$\sqrt{S_0}$$

тіктөртбұрышты жырықтың немесе есептік бөлігі L0 = 5 d0 цилиндр үлгілері пропорциональды деп аталады.

Созуға сынақ кезінде пропорциональды үлгілерді дайындау қажетірек, осы бөлікте келтірілген қатыстық созудың ең аз мәндері осы үлгілер үшін берілген. L0 үлгісінің есептік бөлігі 20 мм-ден астам болғаны дұрыс.

Үлгінің есептік бөлігінің мөлшері оны өлшегеннен кейін 5 мм-ге жуықталды, бұл ретте есептік бөлікті нақты ұзындығының және жуықталғаннан кейін алынған мөлшердің арасындағы айырмашылық L0 есептік бөлігінің кемінде 10 % болуға тиіс.

Қалындығы 40 мм-ге дейінгі жалпақилемделген бұйым үшін созу сынағы қалындығы толық жалпак үлгілерде орындалуы тиіс. Үлгінің қалындығының оның бір жағын өңдеу есебінен азайтуға жол беріледі. Үлгі қалындығының азайту сынақ құрал-жабдығының қуатына негізделеді.

Сынақтар Қағиданың осы Қағиданың қосымшаларына сәйкес үлгілерде жүргізіледі.

Әдетте, созу сынағы үшін үлгілер, олардың сопақ өсі металлдың негізгі деформациясы бағытының бойында орналасқан жағдайда қылуға тиіс.

Егер осы бөліктің бөлімдерінде немесе Кеме қатынасы тіркелімімен келісім бойынша тиісті нұсқау болса, үлгілер тігінен қылуы мүмкін.

Жалпақилемделген бұйым кәсіпорынның бастапқы қуәландыруы кезінде ұзындығынан әрі тігінен үліглерде сыналуға тап болады.

6132. пластикалы графитті сұр шойынның уақытша кедергісін (Rm) анықтау Қағиданың осы бөлігінің қосымшасына сәйкес цилиндр үлгілерде жүргізіледі.

6133. Қалындығы 12,5 мм-ге дейінгінің қоса алғанда, деформацияланатын алюминий құймалардан жартылай фабрикаттарды созуға сынақтар жайпак үлгілерде орындалуға тиіс. Бұл ретте қандай да бір өңдеусіз екі жайақтықты сақтауға тиіс. Қалындығы 12,5 мм жартылай фабрикаттар үшін дөңгелек үлгілер дайындалады. Қалындығы 40 мм-ге дейінгі жартылай фабрикаттардан үлгілер олардың өсі илемделген бұйымның ортасына сәйкес келетіндегі қыладады. Қалындығы 40 мм-ден астам жартылай фабрикаттардан үлгілерді жартылай фабрикаттың $\frac{1}{4}$ аралығында таңдаған жөн.

6134. Сымдарды сынау кезінде олардың мынадай көлемін толық тілу үлгілрі пайдаланылады:

$$L_0 = 200 \text{ мм},$$

$$L_c = L_0 + 50 \text{ мм}.$$

6135. Илемделген бұйымның қалындығы бағытында созуға сынақтар олардың көлденең өсі ілемделген бұйымның үстіне перпендикуляр ұлгілерде орындалуға тиіс (Z бағыты — Қағиданың 503-қосымшасы).

Сынақтар әдістемесі және цилиндр ұлгілердің көлемі Кеме қатынасы тіркелімімен танылған халықаралық және ұлттық стандарттарға сәйкес келуге тиіс.

Сынақтар көлемі Қағиданың осы бөлігінің 6441-тармағында көрсетілген.

Сынақтар үшін сымаманың табақтары мен жолақтарынан илемделген бұйымның бір шетінен оның орталық көлденең сзығы ауданынан, осы Қағиданың 504-қосымшасында көрсетілгендей алынуға тиіс.

Сымаманың көлемі одан алты ұлгі қызылып алынатында болуға тиіс.

Қосымша үш ұлгі запасы қайталама сынақтарды орындау қажеттілігін қамтамасыз етуге тиіс.

Егер ұлгінің бұзылуы пісіру аймағында немесе термиялықпап аймағында болса, сымамтың нәтижесі қанағаттанарлықсыз болып есептеледі жәен қайталама сынақтар жүргізу талап етіледі.

6136. Пісіруге сынақтар кезінде (Қағиданың осы 584-тарауы) созуға арналған сынақтар үшін ұлгілер мынадай көлемде дайындалуға тиіс:

Ерітілген металл үшін:

$$d = 10 \text{ мм};$$

$$L_0 = 50 \text{ мм};$$

$$L_c \geq 55 \text{ мм};$$

$$R \geq 10 \text{ мм}.$$

Кеме қатынасы тіркелімімен келісу кезінде қажет жағдайларда басқа көлемдегі ұлгілерді дайындауға жол беріледі (бұл ретте ескерілген параметрлердің қатынасы сақталуға тиіс).

Түйістіріп жалғау үшін (осы Қағиданың 505-қосымшасы):

$$a = t;$$

$$t \leq 2 \text{ үшін } b = 12;$$

$$t > 2 \text{ үшін } b = 25;$$

$$L_c = \text{тігістің ені} + 60 \text{ мм};$$

$$R \geq 25 \text{ мм}.$$

Жайпақ ұлгілердің пісірілген тігісінің жоғарғы және төменгі беттері негізгі металдың бетімен сәйкес механикалық өнделуі тиіс.

6137. Осы Қағиданың 282-тарауының 2-параграфында келтірілген ұлгілер көлемдерінің жол берілген ауытқулары ИСО 6892-84 стандартының талаптарына сәйкес

келуге тиіс. Кеме қатынасы тіркелімімен танылған стандарттар бойынша үлгілер дайындау кезінде үлгілердің көлемінен ауытқулар осы стандарттарға сәйкес келуге тиіс

2-параграф. Соққы иіліміне арналған сынақ

6138. U-түріндегі жырығы бар үлгілердегі KСU соққы созылыңқылығы Қағиданың осы бөлігінің 512 және 506-қосымшасына сәйкес V түріндегі және U түріндегі жырықтары бар үлгілердегі KV және KU соққыларының жұмысы — осы Қағиданың 511, 512, 507 және 508 -қосымшаларына сәйкес анықталады.

Соққы имегіне сынақтар ИСО 148 талаптарына сәйкес немесе Кеме қатынасы тіркелімімен танылған басқа да халықаралық және ұлттық стандартқа сәйкес кемінде 150 Дж энергиямен маятник копрларында жүргізілуі тиіс. Егер сынақтар қоршаған ауаның (бөлменің) температурасынан ерекшеленетін, берілген температура кезінде орындалса, берілген температурадан ауытқудың жол берілген шегі + 2 °C құрауы тиіс.

KV и KU соққысының жұмысы үш үлгінің сынақтары нәтижелерінің орташа мәні ретінде анықталады. Қағиданың осы бөлігінің 290-кестесінде сынақтар үшін іріктелген үлгілердің көлемдеріне байланысты соққы жұмысының талап етілетін орташа мәндері келтірілген (Е — соққы жұмысының талап етілетін ең аз мөлшері). Бұл ретте үлгілердің бірінде жүргізілген сынақтардың нәтижесі Қағиданың осы бөлігінің 290-кестесінде келтірілгеннен аз болуы мүмкін, бірақ оның көлемі талап етілетін көлемнің кемінде 70 % болуға тиіс.

Әдетте, қалындығы кемінде 11 мм илемделген бұйым үшін көлемі $7,5 \times 10 \times 55$ мм үлгілер, ал қалындығы кемінде 8 мм иленім үшін көлемі $5 \times 10 \times 55$ мм үлгілер таңдап алынады. Кемінде 6 мм илемделген бұйым та әдетте сынақ жүргізілмейді.

KСU соққы созылыңқылығы екі үлгінің орташа мәні ретінде анықталады. Бұл ретте алынған мәндердің әрқайсысы талап етілгеннен кем болмауы тиіс. Қалындығы кемінде 10мм материалда соққы созылыңқылығын анықтау Кеме қатынасы тіркелімінің талабы бойынша орындалады, KСU-дың талап етілетін ең аз мәні Кеме қатынасы тіркелімімен келісілуге тиіс.

6139. Жырығы жоқ үлгілердің мөлшері, мм, соққы имегіне сыналу үшін осы Қағиданың 513-қосымшасына сәйкес келуі тиіс.

6140. Сынақтар кемінде 150 Дж энергиясы бар маятник копрларында жүргізілуге тиіс.

Тіректер арасындағы қашықтық $40 \pm 0,5$ мм болуға тиіс. Маятник үлгі жырығының симметриялы жырыққа қарама-қарсы жағының тегістігін бұзуға тиіс, бұл ретте жырық симметриясы тегістіктері мен маятниктің арасы кемінде 0,5 мм болуға тиіс

Төмен температура кезіндегі сынақтар уақытында жазылған температураны қамтамасыз ету үшін үлгілер салқындастылуы тиіс. 60 °C дейінгі температурадығы сынақтар кезінде үлгілерді салқындату 4 °C дейін болуы мүмкін, бұл ретте үлгінің

бұзылуы сәтінде сынақтың талап етілетін температурасынан жол берілген ауытқу кемінде +2 °C болуға тиіс.

6141. Механикалық тотығу сезімталдығына сынақтар соққы имегіне ұксас сынамалардан алынатын сынамалардан дайындалған үлгілерде орындалады. Егер басқа нұсқаулар болмаса, олардан кейіннен үлгілер қылатын металдың жолақтары қалған ұзарудың 5 % есебінен созылу деформациясына ұшырайды. Деформацияланған созылуға ұшыраған жолақтардан дайындалған соққы имегіне арналған үлгілер 250 °C дейінгі біркелкі қыздыруға (жасанды тозуға) 1 сағат ішінде осы температурада ұсталуға және кейіннен ауада салқыннатуға жатады. Осы үлгілерді соққы имегіне сынау (18 — 25 °C шегінде) бөлме температурасында және/немесе бөлек айтылған температура кезінде орындалады.

Кеме құрылышының болаты үшін механикалық тозуға сезімталдығына сынақтар, егер өзгесі айтылмаса, кәсіпорынды бастапқы куәландырған кезде, Кеме қатынасы тіркелімі қызметкерінің талабы бойынша илемделген бүйімның сапасына жататын күмәнді және даулы жағдайларда да технологияға өзгерістер енгізу кезінде талап етіледі.

Бастапқы куәландыру кезінде және технологияны өзгерту кезінде сынақтар талаптарына сәйкес орындалуға сәйкес. Басқа жағдайларда, әдетте, болатқа сынақтар бөлме температурасы кезінде және соққы имегіне болаттың берілген санаты үшін сынақтар температурасы кезінде (мысалы, D32 санатындағы болат үшін — 20 °C)

Егер өзге жағдайлар айтылмаса, кеме құрылышының механикалық тозу сезімталдығына сынақтардың нәтижелері соққы имегіне сынақтар кезінде Қағиданың болатқа қойған талаптарына жауап беруге тиіс (мысалы, D32 санатындағы болат үшін соққы имегіне сынақтар нәтижелерінің орташа көлемі қалыңдығы кемінде 50 мм немесе оған тең болатқа 20 °C кезінде 31 Дж-дан кем болмауға тиіс — Қағиданың осы бөлігінің қара), сынақтар нәтижелері орташа мәнінің талап етілетін көлемін Кеме қатынасы тіркелімімен келісім бойынша белгіленеді.

3-параграф. Қаттылықты анықтау. Технологиялық сынақтар

6142. Қаттылық Бринелль (HB), Виккерс (HV), Роквелл (HRC) немесе Кеме қатынасы тіркелімімен мақұлданған басқа да әдістер бойынша анықталуға тиіс.

6143. Июге сынақтар үшін үлгілер осы Қағиданың 514-қосымшасына сәйкес дайындалуға тиіс.

Үлгі жиектері созылатын жағымен мм 1-2 мм радиуспен дөңгеленуі мүмкін.

Жиегінің диаметрі және үлгінің иілетін бұрышы қағиданың осы бөлігінің тиісті тарауларында көрсетілген. Листтер мен профильдерді июге сынақты, сондай-ақ тігінен пісірілген үлгілерді (2 жағын) июге сынақты көлемі $a = t$; $b = 30$ мм (t — өнімнің

қалындығы) үлгілерге жүргізген жөн. Жартылай фабрикаттың 25 мм-ден астам қалындығы кезінде үлгі бір жағынан қалындығы 25 мм-ге дейін механикалық өнделуге ұшырайды. Сынақ кезінде өнделген жағы қысу жағында болуы тиіс.

Тұтас соғылған, құйма болатты және оларға ұқсас жартылай фабрикаттарды июге сынақтар көлемдері a — 20 мм; b — 25 мм үлгілерге жүргізіледі.

6144. Жабысып майысуға сынақтар ұзындығы 10 мм-ден 100 мм-ге дейінгі үлгілерде (тұтік кесінділерінде) орындалады.

Үлгілердің бүйір жағы бірдей әрі тегіс болуы тиіс, кесінді трубаның тік осіне перпендикуляр орындалуы тиіс (ИСО 8492 талаптарына сәйкес).

6145. Тарату сынақтары ИСО 8493 талаптарына сәйкес әзірленген үлгілерде орындалады (осы Қағиданың 515-қосымшасы).

Металл трубалар үшін үлгінің ұзындығы (трубаның кесіндісі) L, егер b жиек конусының бұрышы 30° құраса, трубаның екі еселенген сыртқы диаметріне 2D тең, егер жиек конусының бұрышы 45° немесе 60° құраса, 1,5D тең. Сынақ үшін трубаның цилиндрлі бөлігі сынақ орындалғаннан кейін кемінде 0,5D құраған жағдайда, ұзындығы аз үлгілерді де пайдалануға болады.

Жиектің ену жылдамдығы минутына 50 мм-ден аспауы тиіс.

6146. Сақиналардың созылуын сынау ИСО 8496 стандартының талаптарына сәйкес орындалады. Үлгілердің (трубалардың кесінділері) 15 мм теңеледі, ал сынақ жылдамдығы 5 мм/с аспауға тиіс.

6147. Бортталу сынағы ИСО 8494 талаптарына сәйкес ұзындығы 1,5D тең үлгілерде (труба кесінділерінде) орындалады (Қағиданың осы бөлігінің 211-суреті). Сынақ үшін трубаның цилиндрлі бөлігі сынақ орындалғаннан кейін кемінде 0,5D құраған жағдайда, ұзындығы аз үлгілерді де пайдалануға болады.

Жиектің ену жылдамдығы минутына 50 мм-ден аспауы тиіс.

6148. Сақиналарды тарату сынақтары ИСО 8495 стандартының талаптарына сәйкес орындалады (осы Қағиданың 517-қосымшасы). Үлгілердің (труба кесінділерінің) ұзындығы 10-нан 16 мм-ге дейін ауытқып тұрады, жиектің ену жылдамдығы 30 мм/с-тан аспауы тиіс.

4-параграф. Нөлдік иілгіштік температурасын айқындау үшін түсіп келе жатқан жүкпен сынау. Макро- және микроконструктивтік талдау. Химиялық талдау

6149. Қағидада талап етілген кезде, сынақ пен нәтижелерін бағалау ASTM стандарттарына және танылған Әдістемелер Кеме қатынасының тіркеліміне сәйкес жүзеге асырылады. Сынақ мынадай типтегі үлгілерде орындалуы тиіс:

тип Р-1: $25 \times 90 \times 360$ мм;

тип Р-2: $19 \times 50 \times 130$ мм;

тип Р-3: $16 \times 50 \times 130$ мм.

Үлгілердің мөлшері олардың қалындығы барынша сыйналатын материалдың қалындығына жақын болатындей етіп таңдалап алынады.

Егер өзге жағдай көрсетілмесе, мынадай шарттар орындалуға тиіс:

1) үлгілерді оларды механикалық әдістермен дайындау кезінде қыздыруға жол берілмейді (от әдістерін пайдалану кезінде үлгінің бір жағы кесу сзығынан ең азы 25 мм-ге алыс болуға тиіс);

2) үлгінің созылатын жағы механикалық өнделуге ұшырамауға тиіс;

3) сериялы үлгілердің бағдары біркелкі болуға тиіс.

6150. Қағиданың осы бөлігінде немесе Қағиданың басқа да бөліктерінде бұл талап етілсе, металл материалдарды макро- және микропұрыштымдық талдау стандарттар бойынша орындалады.

6151. Металл материалдардың химиялық құрамын анықтау әдісі және бұл ретте жол берілетін талап етілетін нормалардан ауытқулар стандарттармен белгіленеді.

5-параграф. Материалдарды бұзбайтын бақылау әдістері

6152. Материалға радиографикалық бақылау жүргізу кезінде нәтижелер бақылау нәтижелерінің бағасы қоса берілген фотосуреттермен тіркелуге тиіс.

6153. Өнімдерге ультрадыбыстық бақылау бейнеленген импульстер әдісімен жүргізіледі. Бақылау үшін біріктірілген совмещенные сынақ бастары пайдаланылады.

Бөлек-біріктірілген және призматикалық бастар Кеме қатынасы тіркелімімен келісім бойынша неғұрлым нақты бақылау үшін қабылданады бақылау аппаратурасының дұрыстығы және нақтылығы жиі тексерілуғе тиіс.

Ақаулық көлемін анықтау әдісі стандарттар бойынша белгіленеді, ал олар болмаган кезде, Кеме қатынасы тіркелімімен келісіледі. бағалау өлшемдері мен жол берілетін ақаулардың көлемдері өнімге жобалық-техникалық құжаттама құрамымен Кеме қатынасы тіркелімімен келісуге жтады.

Өнімнің беті сынақ бастарының сенімді және біркелкі акустикалық байланысын қамтамасыз етуге тиіс. Ультрадыбыстық бақылау өнімдерді дайындау сатысында, олар қарапайым нысанда болғанда, термиялық өндеуден кейін жүргізіледі.

6154. Магнит ұнтақты бақылау жүргізу үшін өзін-өзі растаған аппаратура пайдаланылуға тиіс. Бақылауға ұшырайтын өнімнің участекінде қажетті алаң кернеуі қамтамасыз етілуге тиіс.

Бақылаудан кейін өнімді магниттенуден айыруды жүргізу қажеттілігі техникалық құжаттамада көрсетілуге тиіс.

6155. Кеме қатынасы тіркелімімен келісім бойынша Қағиданың осы бөлігінің 6186-дан бастап 6188-дейінгі тармақтарда көрсетілгендерден өте жақсы сынақтар әдістері қолданылуы мүмкін. Сынақтар нәтижелері бағасының өлшемдері Кеме қатынасы тіркелімімен келісілуге тиіс.

6156. Бұзбайтын бақылау нәтижелерін бағалауды тек Кеме қатынасы тіркелімі үсынған нәтижелер үшін жауапты кәсіпорын ғана жүргізеді. Бақылау хаттамалары, егер бақылау жүргізу Қағидада талап етілсе, Кеме қатынасы тіркелімі куәлігіне қоса берілуге тиіс.

579-тарау. Металл емес материалдарды сынау әдістері

Ескерту. 583-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Сынақтарды жүргізу шарттары

6157. Сынақ алдында ұлгілерді кондиционерлеу қоршаған ортаның температуrasesы 23 ± 2 °C және қатыстық ылғалдылығы $50 \pm 5\%$ болған кезде орындалады. Егер де өзге жағдай айтылmasa, кондиционерлеу уақыты кемінде 16 сағатты құрауға тиіс.

Сынақ ұлгілерді кондиционерлеген уақыттан кейін дереке жүргізілуге тиіс.

Егер Кеме қатынасы тіркелімі сынақтар жүргізудің шарттары сынақтар нәтижелеріне және олардың тұрақтылығына айтарлықтар әсер етпейтіні дәлелденсе, кондиционерлер жүргізілмеуі мүмкін.

6158. Армирленген материалдарды сынау үшін материалдар негізі бойынша немесе уткасы бойынша қылады, бұл ретте ұлғінің өсі негіздің талышықтарына немесе уткаға тиісінше параллель болу керек.

6159. Кеме қатынасы тіркелімімен келісім бойынша негізделген жағдайларда сынақтар осы тараудың талаптарынан нысаны немесе көлемі бойынша ерекшелінетін ұлгілерде жүргізілуі мүмкін.

6160. Сынақтар жүргізудің осы тарауда айтылмаған шарттары стандарттарға сәйкес келуге тиіс.

2-параграф. Созуға сынақтар

6161. Шыныпластиканың созу кезіндегі мықтылығының шегі Қағиданың осы Қағиданың 518, 519, 522-қосымшаларына сәйкес ұлгілерде анықталады.

6162. Созу кезіндегі қабаттама тоқыма материалдарының мықтылық шегі және оларды ажырату кезіндегі қатыстық ұзаруы ені 50 ± 1 мм және сынақ машинасының қысулары арасының бастапқы ұзындығы 200 ± 5 мм болатын ұлгілерде анықталады.

Жыртылу кезіндегі қатыстық ұзару - Қағиданың осы бөлігінің 6169-тармағының 6) тармақшасына сәйкес.

6163. Қабаттама тоқыма материалдардың жарығы бойынша жарылу беріктігі (225 ± 5) \times (75 ± 5) мм мөлшеріндегі тіктөртбұрышты ұлгілерде анықталады. Ұлғінің бір шетінде ортасына оның ұзын жиегіне параллель ұзындығы 80 ± 1 мм сзық жасалуға

тиіс. Үлгінің пайда болған тілшіктері сынақ машинасының қыспақтарына жыртысының басы жыртылу күшінің қосымшасы бағытына параллель орналасатындей етіп бекітіледі. Сынақ машинасы қыспағы қозғалысының жылдамдығы 100 ± 10 мм/мин.

Жыртылу жүктемесі бірінен соң бірі келетін бес орташа арифметикалық максимальды мәндер ретінде есептеледі.

6164. қабаттама тоқыма материалдарының қабаттары арасындағы байланыстың мықтылығы көлемі $(50 \pm 5) \times (200 \pm 5)$ мм тіктөртбұрыш үлгілерде анықталады. Үлгілердегі жабын матаға дейін кесіледі және ұзындығы 50 мм пышақтың көмегімен қисық жырығы жағынан Қағиданың осы бөлігінің 521-қосымшасына сәйкес (қабытынан ажыратылағын участок штрихтелген) қабатынан ажыратылады.

Қабатынан ажырату 100 мм ұзындықта графикадағы күштің тіркелуімен орындалады.

Қабаттар арасындағы байланыстың мықтылығы ажыраудың жалпы ұзындығының 50 % құрайтын үлгі ұзындығының орталық участкесінен алынған графикадағы пиктердің ең төмен мәндерінің орташа арифметикалық 50 % ертінде есептеледі.

6165. Қабаттама тоқыма материалдардың желімделген бірігулерін ажыратуға мықтылығы желімделген бірігудің ортасы үлгінің ортасымен сәйкес келетіндей, ал осы бірігудің ортасы үлгіні 25 мм-ге жабатындей етіп дайындалған үлгілерде орындалады. Үлгілердің нысаны мен көлемдері Қағиданың осы бөлігінің 6243-тармағына сәйкес анықталады. Қолданылатын желім өнімдерді дайындаудың шарттарына сәйкес келуге тиіс.

6166. Сәулекайтаратын материалдарды ажыратуға мықтылығы ені 25 ± 1 мм және сынақ машинасы қысуларының арасындағы бастапқы ұзындығы 100 ± 5 мм үлгілерде анықталады.

Сынақ машинасы қозғалысының жылдамдығы 300 ± 20 мм/мин. Жабысқақ қабаты бар материалдарды сынау қорғау қағазы алынып тасталғаннан кейін орындалады.

6167. Жабысқақ қабатты сәулекайтаратын материалдарды ажыратуға агезиондық мықтылық ені 25 ± 1 мм және ұзындығы 200 ± 5 мм үлгілерде анықталады.

Сынақтан бұрын материалдың жабысқақ қабатынан ұзындығы 80 ± 5 мм қорғау қағазы алынып тасталады және көлемі $(50 \pm 5) \times (90 \pm 5)$ мм сыналатын бетіне орналастырылады.

Үлгінің бос бір шеті сынақ машинасының қозғалмайтын қыспағына зажимына бекітіледі. Үлгіні ажырату пластинаны үлгінің бос шетіне қарама-қарсы шеті арқылы өтетін өсінің айналасында 180° -қа бұру арқылы орындалады.

3-параграф. Сығылуға сынақ

6168. Сығу кезінде шыныпластика ағындылығының шегі Қағиданың осы бөлігінің 518, 522-қосымшаларына сәйкес үлгілерде анықталады.

6169. Қатты көбікпластардың мықтылығы шегі сығу кезінде беттері $(50,0 \pm 0,5) \times (50,0 \pm 0,5)$ мм және биіктігі 25 ± 1 мм-ден бастап 50 ± 1 мм-ге дейінгі тіктөртбұрыш нысанындағы үлгілерде анықталады. Жүктеме нагружения жылдамдығы кемінде 5 мм/мин болуға тиіс.

4-параграф. Шыныпластикалардың қалыпты тығыздығының модулін анықтау. Июге сынақ

6170. Қалыпты тығыздық модулін созу кезінде Қағиданың осы бөлігінің 6195-тармағына, ал қысу кезінде - 6161 -тармағына сәйкес үлгілерде анықталады. деформациялауға айналдыру жүктемемелердің бастапқы P_0 және максимальды P_{max} кезінде анықталады, олар тиісінше бұзатын жүктеменің 2 және 8 — 10 % құрайды.

6171. Қатты пенопласттарды июге сынақты ұзындығы $120 \pm 1,2$ мм, ені $25 \pm 0,25$ мм және қалындығы $20 \pm 0,2$ мм үлгілерде жүргізген жөн. Тіректерінің арақашықтығы 100 мм, тіректері мен пуансонды жуықтау $5 \pm 0,2$ мм болуға тиіс. Пкансон беру жылдамдығы 10 ± 2 мм/мин құрайды.

6172. Шыныпластикаларды июге сынақты ұзындығы 20-еселік қалындығына тең, ені — 25 мм үлгілерде жүргізген жөн. Тіректері арасындағы қашықтық үлгінің еселік қалындығына тең болуға тиіс. Үлгінің ортасына үлгі сынғанға дейін баяу өсетін жүктеме салынуға тиіс.

6173. Қабаттама тоқыма материалдарын ілуге сынай.

Сынақ қондырғысында Қағиданың осы бөлігінің 216-суретіне сәйкес бекітілетін Көлемі $(300 \pm 5) \times (50 \pm 1)$ мм тіктөртбұрыш үлгілерде сынай жүргізіледі. Қыспақтарының арасындағы қашықтық орнату кезінде 30 мм құрайды.

Үлгіні орнатқаннан кейін қыспақтар қосылғанға дейін келтіріледі. Бұл ретте үлгіге жүктеме 10 Н құрауға тиіс.

Сынақ кезінде қозғалмалы қыспақ жиілігі 2 Гц және амплитудасы 50 мм 500 қайтару-түсіру ауысулары циклін жасайды.

5-параграф. Шыныпластикада шынының құрамын салмағы бойынша анықтау.

Көбікпласттардың мүмкін болатын тығыздығын анықтау

6174. Пластиналың қалындығына көбейтілген көлемі $(10 \pm 1,0) \times (10 \pm 1,0)$, 625 ± 25 °С температуралы пештегі тигельмен қоса массасы тұра 0,01 г-ға дейінгі үлгіден смола алынып тасталады.

$S, \%$, массасындағы шынының құрамы формуласы бойынша анықталады

$$S = (G_2 - G_0)100/(G_1 - G_0),$$

мұнда G_1 және G_2 — тигельдің тесілгенге дейінгі және одан кейінгі үлгілері бар массасы, г;

G0 — қыздырылған бос тигельдің массасы, г.

6175. Көбікпласттардың мүмкін тығыздығы дұрыс геометриялық нысанды көлемі кемінде 100 см³ үлгілерде анықталуға тиіс.

Үлгілерді Қағиданың осы бөлігінің 6157-тармағына сәйкес ұсталуы алдында 40 ± 5 °С кезінде тұрақты массасына дейін кептіреді. Мүмкін тығыздық үлгі массасының оның көлеміне, м³, қатынасы ретінде анықталады.

6-параграф. Пластмассалардың қалыпта деформациялануын шекті температура кезінде анықтау. Су сінірге сынақ

6176. Көлемі $(100 \pm 1) \times (100 \pm 1) \times (15 \pm 0,5)$ мм үгі тиісті шекті температурада 48сағат бойы ұсталады.

Қалыпта деформациялану сзықтық деформацияның үлгінің тиісті бастапқы көлеміне қатынасы ретінде пайызбен анықталады.

6177. су сініру көлемі $(50 \pm 1) \times (50 \pm 1)$ мм, қалындығы өнімнің қалындығына тең, бірақ 50 ± 1 мм-ден аспайтын үлгілерде анықталады. Үлгілер сынақ алдында тұрақты массасына дейін кептірілуге тиіс. Кептіру тәртібі стандарттарда белгіленеді. Кептірілгеннен кейін және өлшенгеннен кейін үлгілер дистиллирленген суға салынады және 23 ± 2 °С болғанда 24 сағат бойы ұсталады, содан кейін қайта өлшенеді. Бұл ретте үлгінің ұстіндегі судан арылуға тиіс.

Су сініру, құрғақ үлгінің массасына жатқызылған сінірілген судың массалық үлесі ретінде есептеледі.

Көбікпласттардың су сініруі үлгінің бетінің ауданына жатқызылған сінірілген судың массасы ретінде саналады.

6178. көлемі үлгілердің талап етілетін саны мен көлемдеріне негізделіп, анықталатын сынама 23 ± 2 °С температуралы тұшы суға 1,25 м терендікке салынады және 7 тәулік бойы ұсталады.

Сынақ алдында сынама өлшенеді, сондай-ақ ол ұсталу процесінде бір тәулік және жеті тәулік өткен соң өлшенеді.

Ұсталғаннан кейін сынамадан қажет сынақтар жүргізу үшін үлгілер дайындалады.

7-параграф. Тозуга сынақ

6179. Көлемі үлгілердің талап етілетін саны мен көлемдеріне негізделіп, анықталатын сынама 23 ± 2 °С температуралы жасанды теңіз суында 30 тәулік бойы жартылай батырылған күйінде ұсталады. Ұсталу процесінде сынама күн сайын 2 сағат бойы сынамадан 50 см қашықтықта тұрған, қуаты 500 Вт шамның көмегімен ультракүлгін сәулелерімен сәулеленуге ұшырауы тиіс.

Ұсталғаннан кейін сынамадан қажет сынақтарды өткізу үшін үлгілер дайындалады.

6180. Көлемі, ұлгілердің талап етілетін саны мен көлемдеріне негізделіп анықталатын екі сынама 7 тәулік бойы ілініп тұрған күйінде ортаның 70 ± 1 °C температурасы кезінде ұсталады, бұл ретте сынамалардың біреуі жабық ыдыста судың үстіне орналастырылуға тиіс. Ұсталғаннан кейін сынамалардан сынақтар өткізу үшін ұлгілердің тен саны дайындалады.

6181. Қабаттардың пайда болуына және нысанның тұрақтылығына сынама тозығы жеткеннен кейін бір жағы 100 ± 5 мм шаршы ұлгілерде жүргізіледі, олар екі бағытта - жиектеріне параллель және бір-біріне тік бұрыш жасап орналастырылады, сол бүктеу сызықтары бойынша қарама-қарсы бағытта жазылады және тағы бір рет бүктеледі. Әр қабатталған сайын жиегі саусақтармен сипалады.

6182. Көлемі, ұлгілердің талап етілетін саны мен көлемдеріне негізделіп анықталатын сынама

Егер 1-типтегі сәулеқайтарғыш материал болса 30 сағат бойы сынамадан 50 см қашықтықта тұрған, қуаты 500 Вт шамның көмегімен ультракүлгін сәулемерімен сәулененуге және 2-типтегі болса, 60 сағат ұшырайды.

8-параграф. Мұнай өнімдерінің ықпалына сынама

6183. Диаметрі 70 ± 5 мм диск түріндегі ұлгі сынама қондырғысына Қағиданың осы бөлігінің 217-суретіне сәйкес салынады.

Сынақ қондырғысы 20 мм деңгейге дейін мынадай пропорцияда толтырылады:

30 % 2, 3, 4-триметилэтан;

50 % толуол;

15 % дизобутилен;

5 % этанол.

Тізбемен келісім бойынша басқа да мұнай өнімдері қолданылуы мүмкін, мәселен бензин, дизельді отын және т.б.

Ұлгі майлардың ықпалынан 20 ± 2 °C температура кезінде 22 сағат бойы ұсталады.

Сұйықтықтан алынған соң ұлгіні баяу кептіріп, суланған бетін екі қабаттап, қысу керек.

Батырылған беттері жабыспауға тиіс. Саусақпен бақылаған кезде беті таза болуға тиіс.

6184. Көлемі, ұлгілердің талап етілетін саны мен көлемдеріне негізделіп анықталатын сынамалар 23 ± 2 °C температуралы дизельдік отынға, 100 мм терендікке салынады және 30 тәулік бойы ұсталады.

Ұсталудан кейін сынамалардан қажетті сынама жүргізу үшін ұлгілер дайындалады.

6185 Көлемі, ұлгілердің талап етілетін саны мен көлемдеріне негізделіп анықталатын сынамалар 23 ± 2 °C температуралы дизельдік отынға және жоғары октанды бензинге, 100 мм терендікке салынады және 24 тәулік бойы ұсталады.

Сынама, размеры которой определяются, исходя из требуемого числа и размеров образцов, погружается в дизельное топливо или высокооктановый бензин температурой 23 ± 2 °C на глубину 100 мм и выдерживается в течение 24 часов.

6186. Көлемі, ұлгілердің талап етілетін саны мен көлемдеріне негізделіп анықталатын сынамалар 23 ± 2 °C температуralы шикі мұнайға, мазутқа, дизельдік отынға, жоғары жоғары октанды бензинге және керосинге, 100 мм терендікке салынады және 14 тәулік бойы ұсталады.

9-параграф. Судың ықпалына сынақ

6187. Көлемі ұлгілердің талап етілетін саны мен көлеміне негізделе отырып, анықталатын сынама температурасы 23 ± 2 °C жасанды теңіз суына салынады және 5 ай ішінде ұсталынады.

Ұсталғаннан кейін сынамадан қажетті сынектар жүргізу үшін ұлгілер дайындалады.

6188. Қабаттама тоқыма материалдарында көлемі 300×200 мм периметрі бойынша желімделген сынаманы тұзының концентрациясы 3,3 — 3,8 % тұзды суда, судың температурасы 40 ± 1 °C болғанда, су бетінен 500 мм терендікте 4 сағат бойы ұстаған жөн.

6189. Көлемі $(70 \pm 5) \times (150 \pm 5)$ мм, алюминий панельге бекітілген және X-түріндегі диагональды жырығы бар сәуле қайтаратын материалдың ұлгілері температурасы 23 ± 2 °C жасанды теңіз суында жартылай батырылған күйде жабық ыдыста 16 сағат бойы ұсталады.

Ұсталғаннан кейін тұздың қалдығын ұлгілердің ұстінен жуып тастаған дұрыс.

6190. Көлемі $(70 \pm 5) \times (150 \pm 5)$ мм, алюминий панельге бекітілген 35 ± 2 °C температуralы бүркілген 5-пайыздық тұзды ерітіндіде 5 тәулік бойы ұсталады.

Ұсталу процесінде ұлгілер әр 22 сағат сайын 2 сағат бойы кептіріледі.

6191. Қағиданың осы бөлігінің 6248-тармағына сәйкес дайындалған және белгіленген сәулеқайтаратын материалдың ұлгілері 16 сағат бойы дистиллирленген судың және жасанды теңіз суының ықпалына ұшырайды.

10-параграф. Ауа жібермеушілікке сынак.

Суыққа төзімділікке сынак

6192. Диаметрі 350 мм диск формасындағы ұлгі диаметрі 290 мм орталық бөлігі восктан таза болып қалатындағы етіп воскпен жабылады және Қағиданың осы бөлігінің 525-қосымшасына сәйкес сынак қондырғысының фланцалары арасына бекітіледі.

Улгіге төменнен ауаның 27,5 кПа артық қысымы ықпал етеді. 10-15 минуттан кейін ұлгі оның ұстіңгі нүктесі 13 мм терендікте болатындағы етіп сумен жабылады. 1 минуттан кейін ұлгіден, оның ұстінде қалып қойған ауаның көбікшелері алынып тасталуға тиіс.

Кейінгі 5 минутта көбікшелер көтерілмеуге тиіс.

6193. Қабаттама тоқыма материалдарын сұыққа төзімділікке сынау көлемі $(100 \pm 5) \times (50 \pm 5)$ мм тіктөртбұрыш үлгілерде орындалады. Үлгілер 1 сағат бойы $30\dots - 5$ °C температура кезінде ұсталғаннан кейін 90° -қа, сондай-ақ 10 минут бойы — $60.. - 5$ °C температура кезінде ұсталғаннан кейін иіледі.

Сынақ қондырғысының сыйбасы Қағиданың осы бөлігіндегі 526-қосымшасында келтірілген.

Үлгінің параллель бөліктерінің арасындағы қашықтық сынақ соңында оның төрт қалындығына тең болуға тиіс.

11-параграф. Озонмен әсерге сынау

6194. Үлгі жақтаулар айналасында үлгінің алтық қалындығына тең болатын 180° иіледі және 1 сағат бойы 30 ± 2 °C температура және 26 % қатысты ылғалдық кезінде 50 мм рт.ст. озон шоғырлануының атмосфера әсеріне тартылады

6195. Өлшемі талап етілетін сан мен үлгі өлшемінен анықталатын сынама қоршаған орта температурасының -40 және $+70$ °C әсерінде пенопласт үшін 8 сағаттық және жарықты қайтаратын материал үшін 24 сағаттық кезектіге тартылады.

12-параграф. Дірілді жүктемелермен әсерге сынау.

Материалдың жарықты қайтару коэффициентін анықтау

6196. Түрі және өлшемі өнімді пайдалану шартынан анықталатын үлгі дірілді қабырғада орнатылады және дірілді жүктеме әсеріне келесі тәртіп бойынша тартылады:

аудиториялық амплитудасы — 2,5 мм;

жиілік диапазоны — 5-тен 500 Гц дейін құлама жиілігі 32 Гц және 10 g дірілді жылдамдату амплитудасымен

6197. Материалдың жарықты қайтару коэффициенті шаршы үлгілерде 150 ± 5 мм өлшеммен анықталады. Кіру және қадағалау бұрыштары осы Қағиданың 506-қосымшасына сәйкес қабылданады.

Өлшемдер жазықтың бұрылу бұрышы кезінде 0 ден 180° дейін 30° артық емес қадам есебімен орындалады.

6198. Материалдың жарықты қайтару коэффициенті су қабыршағы астында, тік жазықта көлденең бағытта бекітілген үлгілерде $(150 \pm 5) \times (75 \pm 5)$ мм өлшемдерімен анықталады.

Сынау процесінде үлгі үнемі қозғалыстағы судың қабыршақ астында болады. Сынама қондырғысының схемасы осы Қағиданың 527-қосымшасында келтірілген. Өлшемдер қадағалау бұрышы $0,2^\circ$ және кіру бұрышы 5° кезінде орындалады.

6199. Жарықты қайтару материалдарын ілуге сынау $(25 \pm 5) \times (150 \pm 5)$ мм үлгілерде оларды диаметрі 3,2 мм металл жақтаумен бірге 30 °C температура кезінде

термокамерада ұстаудан кейін келтіріледі. Үлгілер жақтауға саусақтың жеңіл түйісүмен оралуы тиіс.

Жарықты қайтару материалдарын жабысқақ қабатпен сынау қорғаныс қағазын алып тастағаннан кейін орындалады.

6200. Жарықты қайтару материалдарын ұстасуға сынау 100 ± 5 мм өлшемді шаршы үлгілерде жүргізіледі.

Екі үлгі қалындығы 3 мм шыны пластина арасына, бір-біріне жарықты қайтару бетімен, салмағы 18 кг жүк астына орнатылады және 8 сағат бойы температурасы 65 ± 2 °C термокамерада ұсталады.

Ұстаудан кейін үлгілер 23 ± 2 °C температурда 5 минут бойы сұтылады.

6201. Жарықты қайтару материалдарды өңездің пайда болуына тұрақтылыққа сынау алюминий панельге бекітілген 75 ± 2 мм өлшемді шаршы үлгілерде жүргізіледі.

Үлгілер жерде екі апта бойы ұсталады.

Ұстағаннан кейін үлгілер этил спиртінің 70 пайыздық ерітіндісіне малынған жұмсақ шүберекпен тазартылады және Қағиданың осы бөлігінің 6191-тармағына сәйкес 48 сағат бойы салқынданылады.

Жердің микробиологиялық белсенеңділігі өндөлмеген мақта қағаз матамен анықталады. Үлесті салмағы $400 - 475$ г/м² матаңың беріктілік деңгейі жерде 5 тәулік ұстағаннан кейін, алғашқы мәнінен кем дегенде 50 % төмендеуі тиіс.

6202. Жарықты қайтару материалдарын өшірілуғе сынау алюминий панельге бекітілген өлшемі $(150 \pm 5) \times (425 \pm 5)$ мм үлгілерде жүргізіледі.

Сынама машинасында жылжымайтындағы орнатылған панель минутына 37 ± 2 цикл жиілікпен қылдың 1000 циклдік қайтару-тұсіру әсеріне тартылады.

Сынау үшін 60 саңылауда 4 мм диаметрмен өлшемі $(90 \pm 5) \times (40 \pm 5) \times (12,5 \pm 5)$ мм және жалпы салмағы 450 ± 15 г блогта орнатылған кесілген қара свиная қыл пайдаланылады. Қыл блоктан кемінде 20 мм шығып тұру керек.

6203. Жарықты қайтару материалдарын ластайтын заттар әсеріне сынау алюминий панельге бекітілген өлшемі 150 ± 5 мм шаршы үлгілерде жүргізіледі.

Үлгілерге 0,075 мм қалындықта ластайтын зат қабаты салынады, зертханалық шынымен жабылады және 24 сағат бойы ұсталады.

Ұстаудан кейін ластайтын зат үлгіден уайт-спиритке малынған жұмсақ шүберекпен алынады, жуу затының 1 пайызды ерітіндісімен жуылады және сумен шайылады.

Сынау үшін пайдаланылатын ластанған зат күйенің 8 салмақты бөлігінен, минаралды майдың 60 салмақты бөлігінен және уайт-спириттің 32 салмақты бөлігінен тұруы тиіс.

580-тарау. Дәнекерлеуге арналған сынап

Ескерту. 584-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6204. Тарау материалды оны іске қосу кезінде дәнекерлеуге сынау технологиясына қойылатын жалпы талаптарды құрайды.

Кеме қатынасы тіркелімі бұл сынаулардың көлемін көбейту немесе азайту құқы қалдырылады.

Дәнекерленуге сынауға кеме жасау құрылышында құрылымды дәнекерлеу үшін пайдаланылатын дөңгелетілген болат, болат құйма, соғылған болат және алюминий балқымасы тартылуы тиіс. Сынау Кеме қатынасы тіркелімінің қадағалауымен, немесе Кеме қатынасы тіркелімімен танылған зертханада жүргізіледі.

6205. Рұқсат беруге сынау кезінде материалдың дәнекерленулігі Кеме қатынасы тіркелімімен қуәландырылуға жататын құрылым дайындау кезінде пайдалану қүтілетін дәнекерлеу тәсілін пайдаланумен тексерілуі тиіс. Дәнекерлеу тәсілдері материалға рұқсатта көрсетіледі.

6206. Дәнекерленулікке сынау кезінде:

- 1) негізгі металлдың химиялық құрамы мен механикалық қасиеті;
- 2) сұық сызаттардың пайда болуына тұрақтылық;
- 3) Қағиданың осы бөлігінің 6175 -тармағына сәйкес болаттың ескіруге бейімділігі;
- 4) дәнекерлеу қосылысының қасиеті осы Қағиданың 16-бөлімінің 4-кіші бөліміне сәйкес анықталуы тиіс.

Дәнекерленулікке сынау кезінде анықталуы тиіс:

6207. Қағиданың осы бөлігінің 6206 -тармағында көрсетілген сынаулар кем дегенде әр түрлі үш балқудағы металлда табақта немесе барынша қалың басқа өнімдерде жүргізіледі.

6208. Болаттан басқа металл материалдар үшін нақты жағдайлардағы дәнекерлеу бағдарламамен мақұлданған Кеме қатынасы тіркелімі бойынша немесе келісілген стандарт Кеме қатынасы тіркелімімен сынау нәтижесімен анықталады.

3-кіші бөлім. Болат және шойын

581-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 585-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6209. Осы талап кеме құрылышы болатына, қазандықтарға арналған болатқа, жылу алмасу аппараттары мен қысым астында жұмыс істейтін ыдыстарға, болат құбырларға, төмен температура кезінде жұмыс істейтін құрылымға арналған болатқа, шынжырларға, болат соғылмаларға, шойынна жасалған соғылмаға және болат тростарға таратылады

Қағиданың осы бөлігінің 6098-тармағына сәйкес барлық осы бөліктегі көрсетілген материалдар, жартылай өнімдер мен бұйымдар кәсіпорынмен танылған Қағиданың осы бөлігінің 6102 -тармағына сәйкес дайындаулы тиіс.

6210. Стандарт немесе басқа да техникалық талап бойынша дайындалған жартылай өнімдерді пайдалануға, егер олардың белгіленген Қағидаға сәйкес болатындығы дәлелденген болса рұқсат беріледі.

6211. Болатты қорыту оттегілі конверторда, электр немесе мартын пештерінде, ал шойынды - вагранка немесе электр пештерде орындалуы тиіс. Болаттың ашуы осы Қағиданың 529 және 530-қосымшасының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады. Болатты жеткізу жағдайы осы Қағиданың 533 және 534-қосымшаның талаптарына жауап беруі тиіс.

Болат пен шойынды қорытудың басқа тәсілдерін пайдалану Кеме қатынасы тіркелімімен келісілген болуы тиіс.

Егер болат бір кәсіпорында қорытылып, кейін илемдеуге, соғуға немесе созуға өндөлуге басқасында тартылатын болса, бұдан әрі өңдеуді жүргізетін кәсіпорын қызметкеріне дайындаушы-кәсіпорын, қорыту тәсілі, балқыту нөмірі, химиялық құрамы көрсетілген сертификат ұсынылуы тиіс.

Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкери болатты қорытатын кәсіпорынға және болат илемдеу зауыттарға рұқсаты болуы тиіс.

582-тарау. Кеме жасау болаты

Ескерту. 586-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Жалпы талаптар

6212. Осы тараудың талаптары қалыпты және жоғары беріктілікті, дайындау кезінде Кеме қатынасы тіркелімімен қуәландырылуға жататын кеме құрылымдары мен бөлшектерін жасауға арналған дәнекерленетін ыстық дөңгелетілген табақты, жолақты, профильді және сұрыпты болатқа қолданылады.

Кеме құрылышының болаты шартты түрде қалыпты беріктіліктегі (235 МПа ағудың барынша аз деңгейімен) және жоғары беріктіліктегі (315, 355 және 390 МПа сәйкесінше ағудың барынша аз деңгейімен беріктіліктің үш деңгейі) болатқа бөлінеді. Қағиданың осы бөлігінің 3.13 тарауында жоғары беріктіліктегі болатқа қойылатын талап келтіріледі (420 МПа және одан жоғары ағудың барынша аз деңгейімен).

Талап етілетін мән мен шарттарға байланысты соққылы илуге сынауды орындау осы Қағиданың 529-қосымшасында (қалыпты беріктіліктегі болаттар үшін), 530, 532 және 545-қосымшаларында (жоғары беріктіліктегі болат үшін) көрсетілген санатқа

бөлінеді. Осы Қағиданың 574-қосымшасында жоғары беріктілікте болат үшін сәйкес мәліметтер келтіріледі.

Осы тараудың талабы илемдеу қалындығына байланысты келесі түрдегі болатқа қолданылады:

қалындығы 100 мм қоса есептегенде табақты және жолақты болаттың барлық санатына;

50 мм тең және аз профильді және сұрыпты болаттың барлық санатына;

Болат илемдеуге қойылатын талап көрсетілгеннен артық қалындығы келтірілгеннен ажыратылуы мүмкін, бірақ әрбір жеке жағдайда қарастырылуы және Кеме қатынасы тіркелімімен келісілуі мүмкін.

Осы тараудың талабына толық жауап бермейтін, жекелеген химиялық элементтердің болуы, ашуы және микро қоспалануы бойынша, сондай-ақ механикалық қасиеттің (мысалы, Қағиданың осы бөлігінің 6218-тармағымен салыстырумен талап ететін аралық, ағу шамасының және басқа да сәйкес сипаттаманың деңгейі) талап етілетін деңгейі бойынша ажыратылатын болат арнайы қаралудан кейін Кеме қатынасы тіркелімімен рұқсат берілуі мүмкін. Мұндай болаттың арнайы белгілеуі болуы тиіс, санат символына S әріпсаны (индекс) қосылуы мүмкін.

6213. Болат илемдеуді дайындаушы кәсіпорынды Тізбемен тану кәсіпорын атаған болат санаты, жартылай өнім түрі мен жеткізу түрінің әр қайсысы үшін осы Қағиданың 578-тарауына сәйкес орындалуы тиіс. Кәсіпорында болат өндірудің әр түрлі технологиясын пайдалану кезінде материалды өндеу әрқайсысына жеке жүзеге асырылады.

Болаттың әр санатын дәнекерлеу және оның иілімділікке жарамдылығын дайындаушы болат илемдеуін Кеме қатынасы тіркелімімен алғаш тану кезінде растауы тиіс. Оны тізбемен тану кезіде дайындаушы кәсіпорында куәландыру мен сынау Кеме қатынасы тіркелімімен келісілген бағдарламаға (схемаға) сәйкес жүргізіледі.

Егер болат 50 кДж/см жоғары өн бойлық энергиямен дәнекерлеуге арналған болса, тану үәкілдегі органмен бекітліген Кемелерді және материалдар мен бұйымдарды дайындауға техникалық бақылау қағидасында келтірілген сызба бойынша жүзеге асырылады.

6214. Оның ерекшелігімен анықталатын дайындаушы жауапкершілігі өндірістің қажетті технологиялық процесін, бақылау жүйесі мен әдісін пайдалануды кепілдендіреді. Егер бақылу жүйесімен өнім сапасының төмендеуі анықталған болса, дайындаушы оларды сәйкестендіруі және оны болдырмау үшін қажетті шаралар қолдануы тиіс. Жүргізілген зерттеулер мен тиісті шаралар туралы есеп Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкеріне ұсынылуы тиіс. Жоғарыда аталған ауытқулар белгіленген өнімдер сынаудың оң нәтижесі кезінде тағайындалуы бойынша пайдалануға жіберілуі

мүмкін. Өнімнің сапа деңгейіне сенімділік пен алынатын нәтижеге тұрақтылықты қалпына келтіру үшін сынама көлемі мен жиілігі Кеме қатынасы тіркелімімен қарауы бойынша үлкейтілуі мүмкін.

6215. Дайындаушы пайдаланатын қалыпты және жоғары беріктіліктегі болатты илемдеу процесі осы Қағиданың 6219-тармағының келтірілген жеткізу жағдайына, жоғары беріктілік F — санаттағы болат 6260 -тармақта көрсетілгенге, ал жоғары беріктіліктегі болат - 6433-тармаққа сәйкес болуы тиіс.

Илемдеудің қабылданатын процесстері Қағиданың осы бөлігінің 528-қосымшада схемалық түрде келтірілген, ал олардың анықтамасы осы Қағиданың 6-тармағында келтірілген.

Ыстық дөңгелетілген болат беріктігі мен серпімділігі әдетте термиялық немесе термомеханикалық өндөуден кейінгі болаттан төмен.

қадағаланатын илемдеу (қалыптаңдырылған илемдеу) айырмашылығы қасиеті термомеханикалық өндөуден кейін қалыпты немесе термоөндөудің басқа түріне келмейді.

Термомеханикалық процесспен жиынтықта жылдамдатылған сұytуды пайдалану, термомеханикалық процестен кейін босатқан секілді әр жағдайда арнайы қарау және Кеме қатынасы тіркелімінің арнайы қарауындағы нәрсе болып табылады.

Осы Қағиданың 6-тармағында келтірілген жылдам салқыннату тікелей закалкиге қолданылмайды.

ТМ және АсС илемдеуден кейін пайда болған қасиет қалыптаңдыру кезінде немесе термоөндөудің басқа түрлері кезінде ұдайы өндірілуі мүмкін емес.

6216. Кәсіпорынды куәландыру кезінде Кеме қатынасы тіркелімі қызметкерінің оның талап етуі бойынша илемдеу мен термоөндөу тәртібін (АсС-пен CR, ТМ немесе ТМ, қалыптаңдыру, босатумен шындау және басқа) регламенттейтін құжаттама ұсынылуы тиіс. Дайындаушы Қағиданың осы бөлігінің 6214-тармағының талаптарына сәйкес болатты өндіру процесінде илемдеу мен термоөндөудің барлық ескерілген тәртіптібінің сақталуына жауап береді. Тиісті тіркеу жазбаларын дайындаушы қадағалауы және Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкеріне өзінің қызметін жүзеге асыру кезінде ұсынылуы тиіс.

Егер илемдеудің немесе термоөндөудің бағдарланылған тәртібінен ауытқу болатын болса, өнім Қағиданың осы бөлігінің 6214-тармағында айтылған шарттарда пайдаланылуға жіберілуі мүмкін.

2-параграф. Химиялық құрамы. Механикалық қасиеттері

6217. Болаттың химиялық құрамын дайындаушы әр қорытпаның әр ожауынан алған сынамаларды талдау нәтижелері бойынша анықталуы тиіс. Дайындаушы жасаған талдау Кеме қатынасы тіркелімінің талабы бойынша мерзімді тексерілуге тиіс.

Мықтылығы қалыпты болаттың химиялық құрамы Қағиданың осы бөлігі 529-қосымшаның, ал мықтылығы жоғары болаттікі - 530-қосымшасының талаптарына жауап беруге тиіс.

Қағиданың осы бөлігінің 529 және 530 -қосымшаларында қышқылда ерітілген алюминийдің құрамы келтірілген. Алюминийдің жалпы құрамы кемінде 0,020 % болуға тиіс.

Кеме қатынасы тіркелімі сондай-ақ Қағиданың осы бөлігінің 529 және 530-қосымшаларында көрсетілмеген элементтер құрамының анықтамаларын талап етуі мүмкін, бұл ретте мықтылығы қалыпты болатта хром, никель және мыстың құрамы әрқайсысынан кемінде 0,30 % болуға тиіс.

Мықтылығы қалыпты көміртекті болат үшін көміртегінің құрамының сомасы қосу 1 /6 марганец құрамы 0,40 %-тен аспауға тиіс. Көміртегінің эквиваленті, %, мықтылығы жоғары болат үшін ожаулық талдау деректері бойынша қол жеткізуге сынақтар кезінде анықталады және мына формула бойынша есептеледі

$$C_{\text{экв}} = C + \frac{Mn}{6} + \frac{Cr + Mo + V}{5} + \frac{Ni + Cu}{15}$$

Барлық санаттағы болатта мышьяктың құрамы 0,08 %-тен аспауға тиіс.

Болат алюминий, ванадий, ниобий және басқа да ұсақ дән элементтерден жеке және аралас тұруы мүмкін. Егер көрсетілген элементтер жеке енгізілетін болса, олардың мазмұны Қағиданың осы бөлігінің 529 және 530-қосымшаларына сәйкес келуге тиіс. Егер элементтер комбинацияда пайдаланылса, осы элементтердің ең аз құрамы болатта реттелмейді.

Егер алюминийдің және басқа да ұсақ дән элементтердің құрамы талап етілетіннен төмен болса, Кеме қатынасы тіркелімі, бұл ретте, бес баллмен анықталатыннан ірі болуға тиіс аустенитті дәннің көлемін анықтауды талап етуі мүмкін.

Термомеханикалық өндөреуге ұшыраған мықтылығы жоғары болат үшін (TMCP), көміртегі эквиваленті осы Қағиданың 531-қосымшасының талаптарына жауап беруге тиіс.

Көміртегі эквивалентінің орнына мына формула бойынша анықталатын болаттың сұық жарық жасауға бейімділігін бағалайтын коэффициент анықталуы мүмкін

$$P_{\text{см}} = C + \frac{Si}{30} + \frac{Mn}{20} + \frac{Cu}{20} + \frac{Ni}{60} + \frac{Cr}{20} + \frac{Mo}{15} + \frac{V}{10} + 5B$$

Көміртегі эквивалентінің максимальды мәні немесе $P_{\text{см}}$ ы Кеме қатынасы тіркелімімен келісуге жатады және мақұлданатын, болатқа техникалық құжаттамаға енгізілуге тиіс.

$C_{\text{ЭКВ}}$ немесе $P_{\text{см}}$ нақты мәндері жеткізілетін болатқа сертификаттарда көрсетілуі мүмкін.

6218. Мықтылығы қалыпты болаттың механикалық қасиеттері Қағиданың осы бөлігі 294-кестесінің, ал мықтылығы жоғары болаттікі - 529-қосымшасының талаптарына жауап беруге тиіс. Мықтылығы жоғары болаттың санаттарын белгілеу кезінде санат символына Н әрпі қосылуы мүмкін (мысалы, DH36)

Кеме қатынасы тіркелімімен келісім бойынша соққы имегіне сынақ кезінде соққының жұмысы не көлденең KV_L не тік KV_T үлгілерде анықталуы мүмкін.

Сынақтар Қағиданың осы бөлігінің 2-кіші бөлімінің талаптарына сәйкес орындалуы тиіс. Соққы имегіне сынақтар кестелерінде стандарт (10×10 мм) үлгілер үшін мәндер келтірілген. Қалындығы кемінде 10 мм илемделген бұйымды ұсыну кезінде қағиданың осы бөлігінің 6172-тармағында айтылғандарды басшылыққа алған жөн. Әдетте, болатты жеткізу кезінде соққы имегіне сынақтар, тұтынушы немесе Кеме қатынасы тіркелімі ерекше айтылған жағдайларды қоспағанда, тек көлденең үлгілерде ғана орындалады (тік үлгілердегі сынақтар нәтижелеріне дайындауши кепілдік беруге тиіс).

Қанағаттанарлықсыз сынақтар жағдайында, қайталама сынақтар орындалады.

3-параграф. Жеткізу жай-күйі. Сынамаларды тандап алу

6219. Болаттың жеткізілу жай-күйі осы Қағиданың 533 және 534-қосымшасының талаптарына жауап беруге тиіс және қуәлікте және/немесе өнімнің сапасы туралы зауыт құжатында көрсетілуге тиіс.

6220. Егер басқа нұсқаулар болмаса, сынамалар мынадай алынуға тиіс:

Ені 600 мм дең астам листтерден және жолақтардан — бір шетінен, сынаманың өсі жартылай фабрикаттың көлденең өсі мен оның жиегінің арасында болатындай етіп (Қағиданың осы бөлігінің 535-қосымшасы);

Ені 600 мм және одан кем профильдерден — бір шетінен, сынаманың өсі жолақ жиегінен немесе полканың сыртқа жиегінен 1/3 арақашықтықта болатындай етіп - осындай жағдайға жақындастырып (Қағиданың осы бөлігінің 536, 537 және 538-қосымшалары);

Швеллерден, таврлардан — қабыргасынан $\frac{1}{4}$ арақашықтықта оның ортасынан (осы Қағиданың 537-қосымшасы);

Пруткалардан және оған ұқсас жартылай фабрикаттардан — бір шетінен, үлгінің өсі прокатканың бағытына параллель болатындай етіп;

Қалындығы 50-ден бастап 100 мм-ге дейінгі иленімнен сынама бетінің $\frac{1}{4}$ қалындығы арақашықтығында алынады. Шағын жырығы бар жартылай фабрикаттар

алдын ала механикалық өндөлсіз созылуға ұшырайды. Басқа жағдайларда үлгілер, олардың өстери мынадай қашықтықта орналасатын есеппен алынды:

цилиндр емес жартылай фабрикаттар үшін - басынан диагоналінің 1/3 жартысы ара қашықтығында (Қағиданың осы бөлігінің 539-қосымшасы);

цилиндр жартылай фабрикаттар үшін — сыртқы жиегінен 1/3 радиусы ара қашықтығында (осы Қағиданың 540-қосымшасы).

Созуға және июге сынақтар үшін үлгілер, ені 600 мм және одан кем профильдерді, пруткаларды және жолақтарды қоспағанда, олардың көлденең өстери соңғы икемделудің бағытына перпендикуляр болатын партиялар санынан, негұрлым қалың (диаметрі) жартылай фабрикаттан қызып алынады.

KV соққы жұмысын анықтау үшін, егер айрықша жағдайда сынамалар соңғы икемделудің бағытына перпендикулар болсын деп талап етілмесе, олардың көлденең өстери соңғы икемделу бағытына не параллель, не перпендикуляр болатындей етіп қыллады.

Кесік икемделген бұйымның бетіне перпендикуляр, оның жиегінен 25 мм-ден жақын емес шегінде, отпен немесе қайшымен қызып алынуға тиіс.

Соққы имегіне сынақтар үшін үлгілер, икемделген бұйым қалыңдығы кезінде $\frac{1}{4}$ қалыңдығынан 40 мм асатын, икемделген бұйымның бетінен 2 мм шегінде алынуға тиіс (үлгілердің өсі $\frac{1}{4}$ қалыңдығында және параллель бетінде орналасқан тегіс жағында болуы тиіс).

4-параграф. Сынақтар көлемі

6221. Икемделген бұйым сынақтарға партиялармен ұсынылады. Әр партия бір түрдің, бір қорытпаның және жай-күйі бір жеткізілімнің икемделген бұйымынан тұруға тиіс. Ерекше жағдай айтылмаса, массасы кемінде 50 т. әр партиядан созуға бір үлгі және соққы имегіне бір жинақталым (E, E32, E36, E40 санаттарындағы болаттан басқа) сынадуға тиіс.

Егер партияның массасы 50 тоннадан асса, әр толық және толық емес 50 т. үшін созуға жәен соққы имегіне (жинақталым) қосымша бір сынақтан жүргізіледі.

Егер партия қалыңдығы 10 мм-ден аса ерекшеленетін листтерден немесе қалыңдығы немесе диаметрі 10 мм-дене аса ерекшеленетін профильдер мен пруткалардан құралған болса, сондай-ақ қосымша бір сынақтан жүргізіледі.

Икемделген бұйым партиясының сынақтары үшін сынамалар қалыңдығы максимальды, осы партияға жататын жартылай фабрикаттан алынады.

6222. Егер Кеме қатынасы тіркелімі ыстықтай есілген күйінде жеткізілуге жол берілсе, соққы имегіне сынаду үшін үлгілердің бір жинақталымы әр толық немесе толық емес 25 т. үшін сынадуға тиіс.

6223. E, E32, E36 және E40 санатындағы болатты соққы имегіне сынадай көлемде жүргізіледі:

Листтік және енді жолақ болат — әр өнім сыналады;

Профильдік және сорттық болат — әр толық немесе толық емес 25 т. әрқайсысынан бір жинақталым.

Егер профилдік болат үшін Кеме қатынасы тіркелімі ыстықтай есілген күйінде немесе бақыланатын температура кезіндегі прокатқадан кейін жеткізілуге рұқсат берілсе, ұлгілердің бір жинақталымы әр толық немесе толық емес 15 т. үшін сыналады.

Илемделген бұйымды соққы имегіне шындалғаннан және жұмсартылғаннан (QT) кейін сынақ осы операцияны өткен әр ұзындыққа жүргізіледі.

Кеме қатынасы тіркелімімен келісім бойынша ыстық есілген күйінде жеткізілуге жол берілген илемделген бұйымның соққы имегіне сынақтардың көлемі ұлғайтылуы мүмкін.

Улгілердің жинақталымы алынатын партияның максимальды көлемі 25 т.тұруға тиіс.

6224. Жалпы жағдайда соққы имегіне сынақтар көлемі Қағиданың осы бөлігінің 541 және 542-кестесінде келтірілген.

5-параграф. Қарau. Таңбалau және құжаттар

6225. Корпустық конструкциялар дайындауға арналған листтік және жолақ болаттың шекті минустық ауытқулары 0,3 мм-денаспауға тиіс. Қалындығы кемінде 5 мм болат үшін қалындығы бойынша минустық ауытқулар Кеме қатынасы тіркелімімен мақұлданған құжаттаманы қанағаттандыруға тиіс.

Кеме машина құрылышына және Кеме қатынасы тіркелімімен қуаландыруға жататын басқа да детальдарға арналған листтік және жолақ болат қалындығының шектеулі минустық ауытқулары Қағиданың осы бөлігінің 543-қосымшасындае көрсетілгендерге сәйкес келуі тиіс.

Болаттағы сегрегациялау мен металл емес қоспалар қабылданған нормалардан аспауы тиіс. Жартылай фабрикаттардың жарығы, шлак қоспалары және материалды қолдануға кері әсер ететін басқа да ақаулары болмауға тиіс. Жартылай фабрикаттардың беті таза болуы және соққы алмауы тиіс.

Дайындаушы зауыт отырғызу қалқаншаларын толық жоюға кепілдік беруге тиіс, бұның өзі бақылау сынақтарымен расталуға тиіс. Сынақтар жүргізудің әдістері Кеме қатынасы тіркелімімен келісілуге тиіс.

Жергілікті тазалаумен алып тастауға болмайтын беттік ақаулар Кеме қатынасы тіркелімінің техникалық қадағалауымен және келісім бойынша келесі шарт кезінде кейін пісірумен шауып тастаумен немесе тазалаумен түзетілуі мүмкін:

пісіру алдында ақауды түзету кезінде жартылай өнім қалындығы 20 % артық кішірейтілмеуі тиіс;

пісіруді процесспен мақұлданған және электродпен рұқсат берілген білікті дәнекерлеушілер жүзеге асырады;

пісіру орны жартылай өнімнің номиналды қалындығына дейін тазаланады; пісірудің жекелеген орындарының алаңы 25 см² артық болмауы тиіс; пісірудің жалпы алаңы жартылай өнім бетінің 1 % артық болмауы тиіс; термиялық өндеуді жүргізудің мақсатқа лайықтылығы мен оның түрі беттік ақауларды пісіргеннен кейін Кеме қатынасы тіркелімімен келісіледі.

6226. Сәйкестендіру, таңбалау және берілетін құжаттар - осы Қағиданың 579 - тарауының талаптарына сәйкес.

Әрбір жартылай өнімнің келісілген тәсілмен анық түсірілген келісілген орында штемпель немесе Кеме қатынасы тіркелімінің таңбасы болуы тиіс.

Бұдан басқа аталған таңбалау болат санаты мен ағу жиілігінің бірыңғайлы белгісін қосуы тиіс (мысалы, A, D36, E450).

Егер болат термохимиялық өндеуден кейін жеткізілетін болса, Кеме қатынасы тіркелімі талабы бойынша санатты белгілегеннен кейін "TMCP" индексі (әріпсаны) қосылуы тиіс (мысалы, E36TMCP).

Сонымен қатар, Кеме қатынасы тіркелімінің техникалық қадағалауымен жеткізілетін болат бірыңғайлы санатпен белгілегеннен және ағу деңгейінен кейін "PC" индексіне (әріпсаны) ие болуы мүмкін (мысалы, PCE36TMCP).

Қағида талабына толық көлемде жауап бермейтін (осы Қағиданың 6212-тармағы) Кеме қатынасы тіркелімімен рұқсат берілген болатты жеткізу кезінде, санаты мен ағу деңгейін көрсеткеннен кейін "S" индексі әріпсаны көрсетілуі мүмкін (мысалы, PCE36STMCP немесе PCD36S).

Сұрыпты және профильді илемдеуді таңбалауға биркада рұқсат беріледі. Бұл ретте дайындаушы ораудағы әр илемдеудің сәйкестік жүйесін расталады.

583-тарау. Қазандықтарға, жылу алмастырғыш аппараттарға және қысыммен жұмыс істейтін ыдыстарға арналған болат

Ескерту. 587-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрігімен.

1-параграф. Жалпы талаптар

6227. Осы талап қысыммен жұмыс істейтін сұзгілік қазандық, жылу алмасу аппараттары мен ыдыстарға арналған, дайындау кезінде Кеме қатынасы тіркелімімен күәландырылуға жататын дөңгелетілген болатқа қолданылады.

6228. Болат Қағиданың осы бөлігінің 6102-тармағына сәйкес кәсіпорындармен танылған стандарт және техникалық талаппен келісілген Кеме қатынасы тіркелімі бойынша дайындалады.

6229. Осы талапқа сәйкес дайындалған және сыналған дөңгелетілген болат бөлме немесе жоғары температура кезіндегі жұмыс үшін арналады.

2-параграф. Химиялық құрамы

6230. Болаттың химиялық құрамы бөлмелік немесе есепті жоғары температура кезінде талап етілетін механикалық қасиетке байланысты стандарт бойынша белгіленеді, бұл ретте негізгі элементтердің болуы:

көміртекті және көміртекті-марганецті болат үшін (шөмішті сынама), %:

көміртек — 0,20, фосфор мен күкірт — 0,04, кремний — 0,50, марганец — 1,60, хром, никель, жез — 0,30 аспауы тиіс.

0,20 % артық көміртегі бар болатты пісіру құрылыштары үшін пайдалану тиісті дәнекерлеуді қажет етуді қамтамасыз ету кезінде Кеме қатынасы тіркелімімен келісуге жатады;

Төмен қоспаланған болат үшін (шөмішті сынама), %:

көміртек — 0,18, фосфор — 0,04, кремний — 0,50, хром — 2,50, марганец — 0,80, молибден — 1,10, күкірт — 0,04, ванадий — 0,35.

6231. Болат қалыпты болуы тиіс. Қайнап жатқан болатты пайдалануға рұқсат берілмейді, ал жартылай қалыптыға Кеме қатынасы тіркелімімен келісім бойынша рұқсат беріледі. Кеме қатынасы тіркелімімен келісім бойынша болатты ұсақ түйіршік элементтермен өндегуге рұқсат беріледі.

400 °C артық жұмыс температурасына арналған көміртекті және көміртекті-марганецті болатта алюминий болмауы тиіс.

6232. Негізгі элементтерінің болуы көрсетілген шамадан асатын болатты, сондай-ақ басқа жиынтықты болатты пайдалануға Кеме қатынасы тіркелімімен келісім бойынша рұқсат берілуі мүмкін.

3-параграф. Механикалық қасиеттер. Термиялық өндөу.

Сынамаларды таңдау алу

6233. Болаттың механикалық қасиеті бөлмелік және жоғары температурада стандарттармен белгіленеді.

Болаттың қасиеті келесі сынаулармен расталуы тиіс:

созылымдылыққа (уақытша қарсыласуды, ағу деңгейін және қатысты ұзартуды анықтаумен);

иілуге;

соққылды иілуге (KСU немесе KV).

Жоғары температура кезінде созылымдылыққа сынау, сондай-ақ болатты тозуға қаблеттікке анықтау үшін сынау, егер бұл Кағиданың сәйкес бөлігімен немесе стандартпен талап етілетін болса орындалуы тиіс.

Кеме қатынасы тіркелімінің талабы бойынша жоғары температура кезінде беріктілік ұзактығының шамасын анықтау бойынша болатты сынаудың нәтижесі ұсынылуы тиіс.

6234. Болат қалыптандырылған, қалыптандырылған және босатылған немесе шындалған және босатылған қалыпта дайындалады. Термиялық өндеудің түрі стандартпен белгіленеді.

Кеме қатынасы тіркелімімен келісім бойынша талап етілетін қасиетті қамтамасыз ету шарты кезінде болат термиялық өндеусіз дайындаулы мүмкін, ал қалыптандыру қадағаланатын температура кезінде илемдеумен алмастырылуы мүмкін.

6235. Егер басқа нұсқау болмаса, сынама Қағиданың осы бөлігінің 6220-тармағына сәйкес алынуы тиіс.

Созылымдыққа сынау үшін және KCU соққылық созылымдылықты анықтау үшін үлгілер көлденең, ал KV соққысының жұмысын анықтау үшін - сонғы прокатканың бағытын бойлай кесіледі.

4-параграф. Сынама көлемі және қарастыру. Таңбалау мен құжаттама

6236. Қалыңдығы 12 мм дейінгі көміртекті болаттан жасалған табақты илемдеу үшін, сондай-ақ профильді илемдеуге сынама үшін табақтың (қатты домалатулардың) жалпы санының 10 % немесе бірдей қалыңдықтағы (диаметрдің немесе профильдің), бір балқуда және бірдей термиялық өндеудегі екіден кем емес профильді алуға рұқсат беріледі.

Жартылай өнімнен сынама жүргізу үшін егер басқасы айтылмаған болса, созылымдық пен иілуге сынау үшін кемінде бір үлгіден, сондай-ақ соққылы иілуге сынау үшін үлгінің бір жиынтығынан кем болмай алынуы тис.

Созылымдық пен ұзақ беріктілікке сынау үшін үлгі саны жоғары температура кезінде Кеме қатынасы тіркелімімен келісіммен белгіленеді.

Салмағы 6 т артық немесе ұзындығы 15 м артық табақтардан (қатты домалатулардан) сынамаға арналған үлгі дайындау үшін сынама екі шетінен алынады.

6237. Илемделген бұйымның оны тағайындалуы бойынша пайдалануға кедергі келтіретін ақауы болмауы тиіс. Жол берілмейтін ақаулардың болмауына дайындаушы кепілдік беруі және бұзылмайтын бақылаумен расталуы тиіс.

Дайындау тәсілімен ескертілінген беттік ақауларға, егер оның теренждігі номиналды қалыңдықтан бастап есептегендеге, жол берілетін ауытқудан аспайтын болса рұқсат беріледі.

Беттік ақауларды дәнекерлеумен соңынан термиялық өндеумен түзетуге Кеме қатынасы тіркелімімен келісім бойынша ғана жол беріледі.

6238. Сәйкестендіру, таңбалау және берілетін құжаттар - осы Қағиданың 597 - тарауының талаптарына сәйкес.

Әрбір жартылай өнімнің келісілген тәсілмен анық түсірілген келісілген орында штемпель немесе Кеме қатынасы тіркелімінің таңбасы болуы тиіс.

Бұдан басқа аталған таңбалау болат санаты мен ағу жиілігінің бірыңғайлы белгісін қосуы тиіс (мысалы, А, D36, E450).

Егер болат термохимиялық өндеуден кейін жеткізілетін болса, Кеме қатынасы тіркелімі талабы бойынша санатты белгілегеннен кейін "TMCP" индексі (әріпсаны) қосылуы тиіс (мысалы, Е36TMCP).

Сұрыпты және профильді илемдеуді таңбалауға биркада рұқсат беріледі. Бұл ретте дайындаушы ораудағы әр илемдеудің сәйкестік жүйесін раставуы тиіс.

584-тарау. Болат құбырлар

Ескерту. 588-тараудың тақырыбы жана редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Жалпы талаптар

6239. Осы талап Кеме қатынасы тіркелімімен куәландырылуға жататын болат ыстық және сұық түрі өзгерген, сондай-ақ қазандық, жылу алмасу аппараттарды, қысыммен жұмыс істейтін ыдыстарды, кемелік жүйе мен құбыр өткізгіштерді дайындауға арналған дәнекерлеу құбырларына қолданылады.

6240. Болат құбырлар Қағиданың осы бөлігінің 6102-тармағына сәйкес кәсіпорындармен танылған Кеме қатынасы тіркелімімен келісілген стандартпен немесе техникалық талаппен дайындалады.

6241. Дәнекерлеу құбырларын электр индукциялық немесе түйісу дәнекерлеуімен қысыммен немесе балқытумен дайындауға жол беріледі.

2-параграф. Химиялық құрамы

6242. Құбырларға арналған болаттың химиялық құрамы бөлмелік немесе есепті жоғарылатылған температурада талап етілетін механикалық қасиетке байланысты стандарт бойынша таңдалады; бұл ретте негізгі элементтердің болуы:

көміртекті және көміртекті-марганецті болат үшін (шөмішті сынама), %:

куқірт пен фосфор — 0,04, марганец — 1,50, хром, никель, кремний — 0,50, жез — 0,30, көміртек — 0,23;

төмен қоспаланған болат үшін (шөмішті сынама), %:

куқірт пен фосфор — 0,035, марганец — 1,00, хром

2,50, кремний — 0,50, молибден — 1,20, көміртек

0,20, ванадий — 0,35 аспауы тиіс.

6243. Болат қалыпты болуы тиіс. Құбыр дайындау үшін қайнап жатқан болатты пайдалануға жол берілмейді, ал жартылай қалыптыға Кеме қатынасы тіркелімімен келісім бойынша рұқсат беріледі. Кеме қатынасы тіркелімімен келісім бойынша болатты ұсақ түйіршік элементтермен өндеге рұқсат беріледі.

400 °C артық жұмыс температурасына арналған көміртекті және көміртекті-марганецті болатта алюминий болмауы тиіс.

6244. Негізгі элементтерінің болуы көрсетілген шамадан асатын болатты, сондай-ақ басқа негізгі қоспалы элементтері бар болатты пайдалануға Кеме қатынасы тіркелімімен келісім бойынша рұқсат берілуі мүмкін.

6245. Химиялық құрам балқу талдамасы (шөмішті сынама) бойынша анықталады, химиялық құрамды құбырлық дайындау кезінде анықтауға жол беріледі.

3-параграф. Механикалық және технологиялық қасиеттер

6246. Бөлмелік және жоғары есепті температура кезінде құбырға арналған болаттың механикалық және технологиялық қасиеттері құбырға арналған стандартпен белгіленеді.

6247. Құбырлар дайындалу кезінде келесі сыналуларға тартылуы тиіс:

Осы Қағиданың 6129-6137-тармақтарына сәйкес созылымдылыққа (уақытша қарсыласуды, ағу деңгейін және қатысты ұзартуды анықтаумен);

жоғары температура кезінде созылымдылыққа (ағудың шартты деңгейін анықтаумен);

осы Қағиданың 6144-тармағына сәйкес майысуға немесе осы Қағиданың 6146-тармағына сәйкес сақинаның созылуына;

осы Қағиданың 6145-тармағына сәйкес үлестіруге.

Жоғары температура кезінде созылымдылыққа, майысуға, сақинаның созылуына немесе үлестіруге сынау, егер бұл сынау нәтижесін бағалау жүргізілетін құбыр стандартымен талап етілетін немесе техникалық құжаттама Кеме қатынасы тіркелімімен мақұлданатын болғанда орындалады.

Кеме қатынасы тіркелімінің талабы бойынша немесе бұл Қағиданың сәйкес бөліктерімен немесе стандарттармен белгіленген болса жоғары температура кезінде беріктілік ұзақтығының шамасын анықтау бойынша болатты сынаудың нәтижесі ұсынылуы тиіс.

4-параграф. Термиялық өндеге. Сынамаларды таңдал алу

6248. Құбырлар Қағиданың сәйкес бөліктерімен, стандарттармен немесе Кеме қатынасы тіркелімімен мақұлданған жобалық-техникалық құжаттамамен көзделген болса, термиялық өндеге тартылуы тиіс. Бұл ретте суықпен бүлінген және электр дәнекерлеу қосылыстары кез келген жағдайда термиялық өндеге, қалыптандыруға,

қалыптаңдырылуға және босатуға немесе шындалуға және босатуға тартылады. Термиялық өндеу түрі мен тәртібін дайындаушы-зауыт белгілейді, Кеме қатынасы тіркеліміне хабарланады және сертификатта көрсетіледі.

6249. Егер басқасы айтылмаған болса, үлгілерді дайындауға арналған сынамалар бір шетінен партиядан кемінде екі құбырдан алынады.

5-параграф. Сынау көлемі. Қарау. Таңбалау мен құжаттар

6250. Құбырлар сыналуға партиямен тартылады. Партия бірдей өлшемді, бірдей балқулы болаттан дайындалған және бірдей тәртіп бойынша термиялық өндеуден өткен құбырдан тұруы тиіс.

Партияда құбыр саны артық болмауы тиіс:

сыртқы диаметрі 76 мм және одан аз — 400 дана;

сыртқы диаметрі 76 мм және одан көп — 200 дана.

Көрсетілген санның жартысынан аз қалған құбырлар сәйкес партияға қосылады, ал жартысы және одан көбі жеке партия болып саналады.

Сынау жүргізу үшін әр сынамадан созылымдылыққа сынау үшін 1 үлгі, майысуға немесе сақинаның созылуына 1 үлгі (2 үлгі дәнекерлеу құбырларын сынау кезінде, бұл ретте үлгілердің біреуін сынау кезінде дәнекерлеу тігісі майысу аймағында болуы тиіс), үлестіруге сынауга 1 үлгі кесіліп алынады. Барлық құбырлар гидравликалық қысымға сыналуы тиіс. Сынама қысым құбыр стандартымен немесе Кеме қатынасы тіркелімімен келісілген құжаттамамен белгіленеді, бірақ кез келген жағдайда осы Қағиданың 340-396-тармағында көрсетілгенен кем болмауы тиіс.

Кеме қатынасы тіркелімімен келісім бойынша гидравликалық сынаулар егер барлық құбырлар ультрадыбыстық немесе басқа сәйкес бақылауға тартылмаса жүргізілмеуі мүмкін.

Барлық дәнекерлеу құбырларының дәнекерлеу тігістері ультрадыбыстық бақылауға тартылады.

6251. Көзбен шола қарауға барлық құбырлар тартылады.

Құбырдың бетінде сыват, қабықша, тоттану, оралулардың болуына жол берілмейді.

Егер бұлар теріс ауытқулар шамасынан тыс қабырға қалындығына кіrmесе, жекелеген шамалы жапырылардың, жаншылардың, қатерлердің, қабыршақтың жұқа қабатының, ақауларды тазарту іздері мен ұсақ жапырылардың болуына рұқсат беріледі.

6252. Сәйкестендіру, таңбалау және берілетін құжаттар - осы Қағиданың 579-тарауының талаптарына сәйкес.

Құбырды таңбалауға биркада рұқсат беріледі. Бұл ретте дайындаушы ораудағы әр илемдеудің сәйкестендіру жүйесін растауы тиіс.

585-тарау. Төмен температурада жұмыс істейтін құрылымдарға арналған болат

Ескерту. 589-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Жалпы талаптар

6253. Осы талап табақты, тілінген, профильді және сұрыпты F санатты қалыңдығы 100 мм дейінгі болатқа, сондай-ақ төмен климаттық температура әсерінен суитын кемелер мен суда жүзетін құрылғылар мен механизмдердің корпусының құрылымына арналған соғылмалар мен құюларға қолданылады.

— 50 °C төмен температуда жұмыс істеуге арналған соғылмалар мен құюларға қойылатын талаптарды пайдалану әр жағдайда Кеме қатынасы тіркелімімен арнайы карау пәні болып табылады.

Дайындауға, қарауға, сәйкестендіруге, таңбалауға және құжаттамаға қойылатын арнайы талап болмаған кезде осы Қағиданың 586, 591, 592 - тарауларының сәйкес талаптары орындалуы тиіс.

Илемдеу, соғылмалар мен құюлар кәсіпорындармен танылған, Қағиданың осы бөлігінің 6102-тармағына сәйкес Кеме қатынасы тіркелімімен дайындалуы тиіс.

6254. Аталғаннан химиялық құрамы, механикалық қасиеті және жеткізу жағдайы бойынша ажыратылатын болат пайдалануға сәйкес осы Қағиданың қосымша талаптарды есепке алumen Кеме қатынасы тіркелімінің арнайы қараудан кейін жіберілуі мүмкін.

6255. Егер шөмішті немесе құйылған бөлшектерді дайындау кезінде дәнекерлеу көзделетін, немесе шөмішті немесе құйылған бөлшектер кеме корпусында дәнекерлеу үшін арналған болса, болаттың химиялық құрамы мен дәнекерлеу технологиясы сыйаттың пайда болуына қойылатын дәнекерлеу қосылысының тұрақтылығын қамтамасыз етуі тиіс.

Металл тігісі үшін механикалық қасиеттер мен соққы жұмысының үлкендігі соққылы иілуге талап етілетін сынама температурасы кезінде негізгі металлға талап етілетіннен төмен болмауы тиіс.

6256. Болатты сынау Қағиданың осы бөлігінің 15-бөлімінің 2-кіші бөлімі талаптарына сәйкес орындалады.

Сынама Кеме қатынасы тіркелімімен танылған стандартта және/немесе келісілген ерекшелікте көрсетілген температура кезінде орындалады. Егер басқасы айтылмаған болса, соққылы иілуге сынау температурасы есептіден 5 °C төмен болмауы тиіс.

Улгілердің иілуіндегі талшықтар үлесі соққылы иілуге сынайдан кейін стандарт бойынша немесе әдіспен келісілген Кеме қатынасы тіркелімімен анықталады.

2-параграф. Кеме жасайтын болат

6257. Болат негізгі электр пештерде немесе конверторларда оттегімен үрлеумен балқытылуы тиіс. Балқытудың басқа тәсілдерін пайдалану Кеме қатынасы тіркелімімен келісіледі.

6258. Нақты марка болатының химиялық құрамы стандартпен немесе техникалық талаппен белгіленеді және осы Қағиданың 544-қосымшасында көрсетілген шекті мәнінен аспауы тиіс. Болат толығымен ашытылған және ұсақ түйіршік элементтермен өндөлуі тиіс.

6259. Созылымдылыққа сынау кезіндегі болаттың механикалық қасиеті мен соққылы иілуге сынау нәтижесі осы Қағиданың 544-қосымшасының талаптарына жауап беруі тиіс.

Қалыңдығы 50 мм артық болаттың механикалық қасиеті Кеме қатынасы тіркелімімен келісілуі тиіс.

Мұндай болат үшін соққы жұмысының үлкендігі кез келген жағдайда сәйкес санат үшін осы Қағиданың 545-қосымшасының талаптарына жауап беруі тиіс.

6260. Жеткізу жағдайы - Қағиданың осы бөлігінің 534-қосымшасының талаптарына жауап беруі тиіс.

6261. Егер басқасы айтылмаған болса, сынау көлемі осы Қағиданың 541, 545-қосымшасының талаптарына жауап беруі тиіс.

3-параграф. Болат соғылма

6262. Соғылма үшін болаттың химиялық құрамы бөлмелік және төмен температура кезінде талап етілетін қасиетке байланысты стандарттар Кеме қатынасы тіркелімімен келісіліп белгіленеді және Қағиданың осы бөлігінің 3.7.2 параграфы талаптарына жауап беруі тиіс. Бұл ретте көміртекті және көміртекті-марганецті болатта күкірт пен фосфор сәйкесінше 0,025 % пен 0,030 % артық болмауы, ал қоспалысында - әр элементтің 0,025 % артық болмауы тиіс.

6263. Шөмішті болаттың механикалық қасиеті мен бөлмелік температурада соққылы иілуге сынау нәтижесі Қағиданың осы бөлігінің 591-тарауының 3-параграфына параграфының талаптарына жауап беруі тиіс. Сонымен қатар, шөмішті болат Қағиданың осы бөлігінің 6256-тармағының талаптарына сәйкес анықталған температура кезінде соққылы иілуге сыналуы тиіс. Соққы жұмысының талап етілетін мәні стандартпен немесе техникалық талаппен белгіленеді, бірақ кез келген жағдайда бұл үлкендік 27 Дж кем болмауы тиіс. Кеме қатынасы тіркелімі үлгі иілуінде 50 % кем болмауы тиіс соққылы иілуге сынағаннан кейін талшық үлесін анықтауды талап етуі мүмкін.

— 30 °C және одан төмен температурада жұмыс істейтін жауапты тағайындаудағы соғылма үшін болатқа рұқсат берілу кезінде Кеме қатынасы тіркелімі осы Қағиданың бөлігінің 6149-тармағына сәйкес құлайтын жүкті сынаумен, үлкейтілген айрылуудың үлгілерін соққылы иілуге сынаумен немесе басқа да Кеме қатынасы тіркелімімен

келісілген сызатқа тұрақтылыққа сынау әдісімен анықталатын шөмішті болаттың шытырлап бұзылуға бейімділігі жоқтығына растауды талап етуі мүмкін.

4-параграф. Болат құймалар

6264. Құйма үшін болаттың химиялық құрамы бөлмелік және төмен температура кезінде талап етілетін қасиетке байланысты стандарттар Кеме қатынасы тіркелімімен келісілпі белгіленеді және осы Қағиданың 592-тарауының 2- параграфы талаптарына жауап беруі тиіс. Бұл ретте құкірт пен фосфор сәйкесінше, 0,025 % пен 0,030 % артық болмауы тиіс.

6265. Құйылған болаттың механикалық қасиеті мен бөлмелік температурада соққылы иілуге сынау нәтижесі осы Қағиданың бөлігінің 592-тарауының 2- параграфының талаптарына жауап беруі тиіс. Сонымен қатар, болат Қағиданың осы бөлігінің 6256-тармағының талаптарына сәйкес анықталған температура кезінде соққылы иілуге сыналуы тиіс. Соққы жұмысының талап етілетін мәні стандартпен немесе техникалық талаппен белгіленеді, бірақ кез келген жағдайда бұл үлкендік 27 Дж кем болмауы тиіс.

Кеме қатынасы тіркелімі үлгі иілүінде 50 % кем болмауы тиіс соққылы иілуге сынағаннан кейін талшық үлесін анықтауды талап етуі мүмкін.

— 30 °C және одан төмен температурада жұмыс істейтін жауапты тағайындаудағы құйма үшін болатқа рұқсат берілу кезінде Кеме қатынасы тіркелімі осы Қағиданың 6149-тармағына сәйкес құлайтын жүкті сынаумен, үлкейтілген айырылудың үлгілерін соққылы иілуге сынаумен немесе басқа да Кеме қатынасы тіркелімімен келісілген сызатқа тұрақтылыққа сынау әдісімен анықталатын құйылған болаттың шытырлап бұзылуға бейімділігі жоқтығына растауды талап етуі мүмкін.

586-тарау. Шынжырлар мен олардың жинақтаушы бүйімдарына арналған болат

Ескерту. 590-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.

1-параграф. Жалпы талаптар

6266. Осы талап шынжырлар мен оларды жиынтықтайтын өнімдерді дайындауға арналған болат илемдеуге, соғылма мен құймаға қолданылады.

Егер басқасы айтылмаған болса, болат соғылмалар жалпы жағдайда осы Қағиданың бөлігінің 591- тарауының талаптарына жауап беруі, ал болат құймалар - 592-тарауының талаптарына жауап беруі тиіс.

6267. Шынжырлар мен оларды жиынтықтайтын өнімдерді дайындауда пайдаланылатын барлық материалдар кәсіпорынмен танылған, осы Қағиданың 596-

тарауының 2-параграфына сәйкес дайындалуы тиіс. Шынжыр дайындау үшін 1 санатты домалату дайындаушы зауыт сертификатымен жол берілуі мүмкін.

6268. Дайындаушы Кеме қатынасы тіркелімімен мақұлдау үшін материалға спецификация ұсынуы тиіс.

Ерекшелікте балқыту тәсілі мен ашу әдісін, талап етілетін химиялық құрам мен механикалық қасиетті, сондай-ақ илемдеуді қабылдау мен жеткізу шартын көрсету қажет.

Осы тараудың талабына толық сәйкес болмайтын балқыту тәсілі, ашу әдісі, химиялық құрам мен илемдеуді жеткізу жағдайы Кеме қатынасы тіркелімімен арнайы мақұлдануға жатады.

2-параграф. Химиялық құрамы

6269. Болаттың химиялық құрамы шөмішті сынама бойынша анықталады.

1 және 2 санатты шынжырға арналған болаттың химиялық құрамы осы қағиданың 546-қосымшасына сәйкес болуы тиіс.

6270. 3, R3, R3S және R4 санатты шынжырларға арналған болаттың химиялық құрамы шынжыр дайындаушымен келісілген ерекшелікке сәйкес және Кеме қатынасы тіркелімімен мақұлданған болуы тиіс. Бұл ретте R4 санатты шынжырға арналған болатта 0,2 % кем емес молибден болуы тиіс.

6271. Сұрыпты илемдеу қалыпты болаттан болуы тиіс, бұл ретте 2, 3, R3, R3S және R4 санатты шынжырларға арналған болат ашытылған және ұсақ түйіршік элементтермен модификацияланған болуы тиіс.

6272. Соғылмалар мен құймалардың химиялық құрамы мақұлданған ерекшелік Кеме қатынасы тіркеліміне сәйкес келуі тиіс және әр балқу үшін дайындаушы көрсетеді.

3-параграф. Механикалық қасиеттері. Жеткізудің жай күйі

6273. Болат шынжырдың және жиынтық өнімдердің механикалық қасиеттері осы Қағиданың 547-қосымшасына жауап беруге тиіс.

6274. Егер өзге жағдай айтылмаса, сорттық икемделген бұйым және дөңгелек кесудің соғылмалары ыстықтай есілген күйінде жеткізіледі. Соңғы түріндегі соғылмалар мен құйындылар термоөндөлгеннен кейін, қағиданың осы бөлігінің 623-қосымшасында көрсетілгендей шынжырдың әр санатына тиісті жеткізілуі мүмкін. Термиялық өндеу түрі тізбеде мақұлданған айрықша белгіге сәйкес келуге тиіс.

6275. 3, R3, R35 және R4 санатта шынжырлар үшін иленімді дайындаушы тану қажет, 1 және 2 санатты шынжырлар үшін Кеме қатынасы тіркелімімен термиялық өндеуден кейін, шынжырды дайындашының термиялық өндеуіне ұқсас материалды, бақылау сынақтарынан өткізуді талап етуі мүмкін.

4-параграф. Механикалық сынақтар

6276. Сорттық иленімге партиялармен сынақтан өткізу талабы қойылады. Массасы 50 т-дан аспайтын партия бір қорытпа иленімінен тұруға тиіс, 4мм-ден аспайтын диаметр айырмашылығы бар бір жеткізудің жай-күйінен тұруға тиіс.

6277. Сорттық иленімнің әр партиясынан бір проба алынады, одан созылуына сынақтан өткізу үшін бір үлгі, ал 2,3 R3, R35 және R4 санатындағы шынжырлар үшін-соққы имегін (KV) сынақтан өткізу үшін үлгілер жиынтығын дайындайды.

Үлгілер осы қағиданың 548-қосымшасына сәйкес ұзарту бағытындағы сынамадан ірітеліп алынуға тиіс.

Сынақтар қағиданың осы бөлігінің 623 - тараудың талаптарына сәйкес жүргізілуге тиіс. Сынамалар сынақтар алдында осы қағиданың 6700 -тармағына сәйкес дайын шынжырлардың термоөнделуіне сәйкес режимдер бойынша термоөнделуге тиіс.

6278. R35 және R4 санатындағы шынжырлар үшін болаттың сутегілік жұмырлануына (созылыңқылық запасының азаюы) икемділігін дайындалғанын үш сағаттан аспайтын мерзімде сынадуға тиіс (диаметрі 14 мм үлгі үшін - 1,5 саға). Екінші үлгі 250 Скезіндегі 4 сағат ішінде ұсталғаннан кейінгі сынақтардан өткізілуге тиіс (диаметрі 14 мм үлгі үшін - 2 сағат). Сынақтар кезіндегі деформациялау жылдамдығы (қатыстық созылудың есептеулі ұзындық үлгісіндегі өзгеруі) үлгінің бұзылуына дейінгі барлық сынақтардың ішінде кемінде $0,0003 \text{ c}^{-1}$ болуға тиіс (бұл диаметрі 20 мм үлгі үшін шамамен 10 минутты құрайды). Сынақтар нәтижесінде мықтылық шегі, қатыстық ұзару және қатыстық қысқару анықталады. Сынақтар нәтижелері қағиданың осы бөлігінің 3.6.3.-кестесінің талаптарына жауап беруге тиіс (кестеге 4-сілтемені қара). Егер шыққан $Z/Z_1 < 0,85$ мәні, Тізбемен келісім бойынша сынаққа ұсынылған металл тотығуға ұшыраған жағдайда, одан кейін жоғарыда келтірілген сынақтар орындалуға тиіс.

6279. Механикалық сынақтардың нәтижелері Қағиданың осы бөлігінің 547-қосымшасының талаптарына жауап беруге тиіс.

Қанағаттанарлықсыз сынақтар кезінде қайталама сынақтар орындалуы тиіс. бұл ретте, металды қайталама термоөндеуден өткізуге және бастапқы сынақтарға ұсынылған материалдан ірітеліп алынған металды жаңа сынныптаудан өткізуге жол берілетіндігін атап өткен жөн. Қайтадан өткізілген сынақтардың оң нәтижелері кезінде бұрын алынған нәтижелерді пайдалануға болады.

6280. Дайындаушыны тану кезінде болат R3, R3S және R4 санатындағы шынжырларға арналған болатты дайындаушыны тану кезінде болатты Кеме қатынасы тіркелімімен мақұлданған әдістерге сәйкес сутегілік шындалғанына тұрақтылығы расталуға тиіс.

5-параграф. Қарau

6281. Иленімнің жол берілген ауытқулары Қағиданың осы бөлігінің 549-көсімшасында көрсетіген шектерде болуы тиіс.

6282. Сорттық иленімнің отырғызу қалқаншалары, сынықтары, флокендері, (түктері), қалтарылыстары, бұжырлары және қабыршақтары, сондай-ақ оның кейіннен өнделуіне және пайдалануына кедергі келтіретін басқа да ішкі және үстіртін ақаулары болмауға тиіс.

Иленімнің терендігінің диаметрі кемінде 1 % көлденең бұдырлары үстінен иіле өте отырып, тазалау арқылы алынып тасталуы мүмкін.

6-параграф. Бұзбайтын бақылау. Таңбалалу және құжаттама

6283. R3, R3S және R4 санатындағы шынжырлар үшін сорттық иленім 100 пайыздық ультрадыбыстық бақылауға, сондай-ақ магниттік ұнтақ дефектоскопия немесе Кеме қатынасы тіркелімімен мақұлданған стандарттарға сәйкес иірімдік токтар әдісімен бақылауға алынуы тиіс.

Кеме қатынасы тіркелімімен келісім бойынша бұзбайтын бақылау көлемі сорттық иленімді дайындац тұрақтылығының сапасын растау кезінде қысқартылуы мүмкін.

6284. Жалпы жағдайда маркалау осы Қағиданың 579-тарауының талаптарына сәйкес белгіленуі тиіс.

Маркалау көлемі жеткізілетін өнімді иденификациялауға мүмкіндік беруге және оны дайындаушы белгілеуі мүмкін, бұл ретте, ең азы, маркалауда илемделген бұйымның санатқа және плавкаға жататындығы оқылуға тиіс.

Диаметрі 40 мм дейінгі иленім байламдармен жеткізілуі мүмкін және бұл жағдайда биркаларға маркалауды белгілеуге жол беріледі (1.4).

2 және 3 санаттағы шынжырлар үшін болаттың жеткізілетін партиясының әрқайсысы Кеме қатынасы тіркелімінің құжатымен бірге болуға тиіс. Кеме қатынасы тіркелімімен алдын ала келісілген жекелеген жағдайларда өнімді Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкері куәландырған дайындаушы сертификатымен жеткізуге жол беріледі.

Дайындаушының куәлігі немесе сертификаты мынадай ең аз ақпараттан тұруға тиіс:

куәліктің (сертификаттың) нөмірі;

тапсырыстың нөмірі;

кеменің немесе теңіз ғимаратының құрылыш нөмірі;

илемделген бұйымның саны және мөлшері, партияның салмағы;

болатқа айрықша белгі және шынжыр санаты;

плавкның нөмірі;

дайындалу технологиясы;

химиялық құрамы;

ұлгілердің термиялық өнделу режимі.

Егер күәлікке (сертификатқа) қосымшада талап етілсе, орындалған сынақтардың хаттамалары болуы мүмкін.

587-тарау. Болат темірлер

Ескерту. 591-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Жалпы талаптар

6285. Осы талаптар кеме құрылышы және кеме машина құрылышына арналған болатсоғылмаларға, баллерлер мен рульдың қадалары, есу, иінді, бөлу білектері, штоктар тәрізді өнімдерге және Қағиданың өзге бөліктерінде келтірілген және аталған тарауға тиісті сілтемеге ие тетіктер мен қондырғылардың өзге детальдарына таралады. Осы талаптар сонымен қоса ұсталық әзірленімдерге қолданылатын материалға және қарапайым формадағы детальдарды дайындауға (механикалық өндеу жолымен) арналған сорттық иленімге таралады.

6286. Осы тараудың талаптары олардың қолданылуы тек бөлме температурасымен анықталатын қасиеттеріне негізделе отырып белгіленетін болат соғылмаларға (немесе Қағиданың осы бөлігінің 6285- тармағында көрсетілгендей соғылмалардың орнына қолданылатын иленім) ғана таралады. Төмен немесе жоғары температура кезіндегі жұмысқа тағайындалған соғылмаларға қосымша талаптар жекелеген жағдайлардың әрқисысында анықталады.

6287. Соғылмаларды (немесе Қағиданың осы бөлігінің 6285- тармағында көрсетілгендей соғылмалардың орнына қолданылатын иленімді) өндірудің баламасы ретінде Кеме қатынасы тіркелімі осы талаптар бойынша ұлттық стандарттардың және өзге де жеке айрықша белгілерінің талаптарына сәйкес дайындалған соғылмаларды қолдануғ жол беруі мүмкін. Бұл жағдайда Қағиданың осы бөлігінің 6102-тармағында белгіленген тәртіп бойынша Кеме қатынасы тіркеліміне ұқсас талаптардың баламалығы ретінде немесе олардың осы өндіріске және/немесе қолданысқа арналған негізdemелері дәлелденуі тиіс.

6288. Болат соғылмалар (немесе 6285-тармақта көрсетілгендей соғылмалардың орнына қолданылатын иленім) Қағиданың осы бөлігінің 6102 -тармағына сәйкес танылған кәсіпорындармен дайындалуы тиіс. Соғылмаларға арналған болатты өндіру процесі Кеме қатынасы тіркелімімен макұлдануы тиіс. Құйманың (иленген әзірленімнің) жойылатын үстіңгі және төменгі бөліктерінің өлшемдері соңғы өнімде қалыптағы қалқаншаның және зиянды сегрегацияның болмауын қамтамасыз етуі тиіс.

6289. Пластикалық деформациялау (уколар) деңгейі термиялық өндеуден кейін ақаулар болмайтында, құрылымының және талап етілетін механикалық қасиеттердің

бірыңғайлығы қамтамасыз етілетіндей болуы тиіс. Пластикалық деформациялау деңгейі құйындының көлденең тілігіне негізделіп есептелуі тиіс. Егер құйынды басында тұндырылса, онда осындай операцияны жүргізу процесінде қол жеткізген әзірленімнің пластикалық деформациясының деңгейін ескеруге болады.

Егер өзгесі айтылмаса және жеке келісілмесе, онда пластикалық деформациялау деңгейі:

Құймадан немесе блюмнан немесе өзге формадағы әзірленімнен үздіксіз құйылу қондырығысынан, — $L > D$ болғанда $3:1$ және $L \leq D$ болғанда $1,5:1$ дайындалған соғылмаларға;

Иленімнен дайындалған соғылмаларға, — $L > D$ болғанда $4:1$ және $L \leq D$ болғанда $2:1$;

Қондырылған қуймалардан дайындалған соғылмаларға, қондыру деңгейіне, егер осы операциядан кейін ұзындық бастапқы ұзындықтың үштен бірінен аспаса, немесе $1,5:1$, егер қондыру операциясынан кейін ұзындық бастапқының екіден бірінен аспаса, операция процесі кезінде қол жеткізген пластикалық деформациялау қабылданады;

пруткаларға — $6:1$,

L және D — сәйкесінше соғылманың немесе оның бөлігінің ұзындығы немесе диаметріне сәйкес келуі тиіс.

6290. Иінді білектер үшін талшықтардың бағыты жүктемелерді қабылдау үшін аса жағымды болуы талап етілгенде, пластикалық өндеудің технологиялық процесі Кеме қатынасы тіркелімімен келісімге жатады, бұл ретте Кеме қатынасы тіркелімімен құрылымға бақылау жүргізуді және талшықтардың бағыттарын талап етеді.

6291. Егер өзгесі келісілмесе, газ отымен кесу, отпен тазалау немесе доғалық үстіңгі строжка соңғы термиялық өндеуге дейін орындалуы тиіс. Бұл операцияларды орындау кезінде болаттың химиялық құрамы және/немесе қалыңдығына байланысты алдын ала жылдыту талап етілуі мүмкін. Отпен өндеу әдістері қолданылған әзірленімдердің кейбір детальдары мен бөліктері үшін, кейін механикалық өндеудің орындалуы талап етілуі мүмкін.

6292. Егер күрделі формадағы соғылған детальдарды дайындау кезінде екі немесе одан көпсоғылмаларды пісіру ескеріледі, болаттың химиялық құрамы және пісірудің технологиясы Кеме қатынасы тіркелімімен келісілуі тиіс, бұл ретте Кеме қатынасы тіркелімі пісірме жалғаулардың технологиялық сынақтарын жүргізуді талап етуі мүмкін.

2-параграф. Химиялық құрам

6293. Соғылмаларға арналған химиялық құрам талап етілетін мехникалық және арнайы қасиеттерге байланысты болаттың нақты типіне арналып белгіленеді.

Соғылмалар бір қалыпты болаттан дайындалуы тиіс.

6294. Эр қорытпа үшін химиялық құрам дайындаушымен сынаманы құю процесі кезінде іріктелген сынамада анықталады. Егер соғылмаларды дайындау үшін қорытпалар құйылатын сыйымды ожау қолданылса, химиялық құрам ожаулық сынама бойынша анықталады.

6295. Химиялық құрам Қағиданың осы бөлігінің 550-қосымшасының (корпусты соғылмаларға арналған) және 551-қосымшаның (кеме машина құрылышының соғылмаларына арналған), немесе Кеме қатынасы тіркелімімен келісілген ерекше белгілердің талаптарына жауап беруі тиіс.

6296 Егер өзгесі келісілмесе, дайындаушының қарауы бойынша алюминий, ниобий немесе ванадий сияқты дәнді үгітетін элементтер қосылуы мүмкін. Олардың құрамы химиялық талдау нәтижелері ұсынылған кезде көрсетіледі.

6297. Кеме қатынасы тіркелімімен келісім бойынша қалдық ретінде қарастырылатын элементтер болатта ұлken мөлшерде болмауы тиіс. Олардың құрамы химиялық талдау нәтижелері ұсынылған кезде көрсетіледі.

3-параграф. Механикалық қасиеттер

6298. Кеме қатынасы тіркелімімен минималды талап етілетін ұзартуға қатысты, тарылтуға және соққы жұмысына қатысты, металл мықтылығының түрлі деңгейіне сәйкес келетін ағымдылықтың шегінің мәні осы Қағиданың 552 және 553 - қосымшасында келтірілген.

Ағымдылық шегінің нормаланған аралық минималды мәні бар болатты қолданған кезде кестемен регламентtelген сипаттамалардың Кеме қатынасы тіркелімімен талап етілетін басқа минималды мәндері сзықты интерполяциямен анықталуы мүмкін.

Сондай-ақ, металлының қасиеттері Кеме қатынасы тіркелімімен танылған стандарттармен белгіленген соғылмалар қолданылуы мүмкін.

6299. Қаттылықты анықтау Кеме қатынасы тіркелімі талап етілуі мүмкін:

1) термиялық өндіре аяқталған соң, бірақ тістердің механикалық өндіреуінен бұрын тісті дөңгелектердің соғылмалары үшін талап етілуі мүмкін.

Қаттылық болжалды түрде тістер орналасатын, шеңбері бойынша тең қашықтықта орналасқан төрт орында анықталады. Егер тісті бөлігі бар соғылманың соңғы диаметрі 2,5 м-ден асса, қаттылық жоғарыда көрсетілген қағидат бойынша тандалған сегіз орында анықталады. Егер тісті дөңгелектің соғылмасының ені 1,25 м асса, қаттылық сондай-ақ соғылманың әр шетінде сегіз орындарда анықталады;

2) партиямен сынақтан өткізілген иінді білектер мен тісті дөңгелектердің кішігірім соғылмалары үшін талап етілуі мүмкін.

Бұл жағдайда қаттылық әр соғылма үшін анықталады.

Соғылмалардың қаттылығын анықтау нәтижелері Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкеріне ұсынылуы тиіс. Бринелль бойынша қаттылықтың сәйкес мәндері ақпарат үшін Қағиданың осы 553-қосымшасында келтіріледі.

Қаттылықты анықтау сондай-ақ индукционалды закалкаға, азоттауға және цементтеуге ұшырайтын соғылмаларда талап етілуі мүмкін. Тісті дөңгелектердің соғылмалары үшін қаттылықты анықтау тістерді механикалық өндөуден кейін орындалуы тиіс. Сынақтардың нәтижелері Кеме қатынасы тіркелімімен келісілген және танылған құжаттаманың (Қағиданың осы бөлігінің 6306-тармағы) талаптарына жауап беруі тиіс.

6300. Сынақтардың қанағаттанарлықсыз нәтижелері кезінде қайталама сынақтар Қағиданың талаптарына сәйкес орындалады.

4-параграф. Термиялық өндөу (нығайту мен түзетуді қосқанда)

6301. Барлық соғылмалар талап етілетін механикалық қасиеттер мен құрылымды алу мақсатымен, сондай-ақ дәнді ұсату үшін термиялық өндөуден өтуі тиіс. Термиялық өндөудің режимін дайындауши болаттың химиялық құрамына, соғылманың тағайындауы мен өлшеміне байланысты белгілейді.

6302. Соғылмалар мынадай жеткізілу жай-күйлерінің бірінде болғанда, жеткізілуі тиіс:

1) көміртегілі және көміртегілі-марганецті болат:

толық күйдірілген;

дұрысталған;

дұрысталған және жұмсартылған;

шындалған және жұмсарған;

2) қоспаланған болат:

шындалған және жұмсарған.

Жұмсарту температуrasesы 550 °С-ден кем болмауы тиіс. Егер соғылмалар үсті нығайған механизмдердің детальдарына арналмаса, жұмсартудың неғұрлым төмен температурасына жол берілуі мүмкін.

6303. Қоспалы болаттан жасалған соғылмалар дұрысталған және жұмсарған күйінде жеткізілуі мүмкін. Әр жағдайда соғылмаларға қатысты техникалық талаптар тізбемен келісілуі тиіс және қажет болған кезде бақылау сынақтарының нәтижелерімен расталуы тиіс.

6304. Термиялық өндөу тиісті үлгіде тіркейтін аппаратурамен жабдықталған, осы операцияға арналған пеште орындалуы тиіс. Пеш операцияны орындаудың қажетті сапасын және әзірленімнің көлеміне қарамастан, процесті бақылаудың тиісті деңгейін қамтамасыз етуі тиіс. Үлкен өлшемдегі соғылмаларды термоөндөудің әдістері қажетті қурал-жабдықтар болмаған жағдайда, Кеме қатынасы тіркелімімен жеке өтінім бойынша қаралады.

6305. Егер осы және өзге де себепке байланысты соғылма термиялық өндөуден кейін қызуға ұшыраса, келесі ыстық өндөу кезінде ол қайталама термоөндөлуі тиіс.

6306. Егер соғылма үстінгі нығаюға жатса, технологияға және соғылмаға қойылатын техникалық талаптар Кеме қатынасы тіркелімімен келісілуі тиіс. Бұл ретте Кеме қатынасы тіркелімі үстінгі қабаттың тегіс болуын және терендігін тексеру үшін (ақаулар мен болаттың қасиеттерінің өзгеруі болмаған кезде талап етілетін қаттылық пен терендікті растау) бақылау сынақтарын жүргізуі талап етуі мүмкін.

6307. Егер индукциялық шындау немесе азоттау күтіletіn болса, соғылма тиісті сатыдағы тиіс және кейіннен талап етіletіn үстінгі нығаю салдарынан алынатын тәртіп бойынша термиялық өндеге ұшырауы тиіс.

6308. Егер соғылма цементтелуге тап болса, онда металл да тиісті кезеңде және талап етіletіn механикалық қасиеттердің деңгейін қамтамасыз ететіn тәртіп бойынша термоөнделуі тиіс (әдетте толық күйдірілген немесе дұрысталған және жұмсартылған болады).

6309. Егер соғылма соңғы термоөндеден кейін локальды қыздыруға немесе түзетуге ұшыраса, ол кернеуді түсіру үшін термоөнделуі тиіс.

6310. Кеме қатынасы тіркелімінің талап етуі бойынша режимдерді, пешті, қалыпты, жүктелу уақытын, температуралы және ұстау уақытын тенденстіруге мүмкіндік беретіn соғылмаларды термоөндедеу режимдерін тіркеу жазбалары ұсынылуы тиіс.

5-параграф. Сынамалардың іріктелуі

6311. Сынамалардың өлшемдері талап етіletіn сынақтарды жүргізу және мүмкін қайталама сынақтар үшін жеткілікті болуы тиіс, ал сынаманың көлденең тілігінің ауданы сынама ұсынатын соғылманың көлденең тілігінің ауданынан кем болмауы тиіс. Қағиданың осы 6314-тармағының 10), 13) -тармақшалары көрсетілгенен басқа сынамалар соғылмамен бірлесіп соғылуға тиіс. Егер осы Қағиданың 6314-тармағының 13) тармақшасы партиясынан сынақтарды орындау рұқсат етіледі, сынамалардың іріктелуі партияны білдіретіn соғылмалардан немесе жеке дайындалған сынамалардан жүргізілуі мүмкін. Жеке дайындалған сынама соғылмаларды білдіретіn партиялардан кем емес өлшемдерге ие болуы тиіс.

6312. Жалпы жағдайда сынамадан созуға арналған сынақ үшін біr үлгі және, егер талап етілсе соққылы майысуға арналған сынақтар үшін үлгілердің жиынтығы кесіп алынады.

6313. Үлгілерді олардың өсінің бағыты соғылманың негізгі өсінің бағытымен (көлденең үлгілер) сәйкес келетіндегі үлгіде немесе тангенциальды бағытта (көлденең, тангенциальды үлгілер) кесіп алу керек.

Егер өзгесі айтылмаса, көлденең үлгілер мына үлгіде кесіп алынады:

1) қалыңдығы немесе диаметрі 50 мм дейін соғылмалар үшін үлгілердің өстері соғылманың орталық өсімен немесе көлденең тілігінің ортасына сәйкес келуі тиіс;

2) қалыңдығы немесе диаметрі 50 мм дейін соғылмалар үшін ұлгілер қайсы аз, соған байланысты соғылмалардың 1/4 тілігінен немесе термоөндөлген үстіңгі қабаттан 80 мм қашықтықта кесіп алынуы тиіс.

6-параграф. Сынақтардың көлемі

6314. Соғылмалар сынақтарға бір данадан немесе партиямен ұсынылады.

Сынамаларды іріктеудің күні мен орны мыналарға сәйкес келуі тиіс:

1) кеме құрылышына (баллерлер, рульдің істіктері және т.б. сияқты өнімдер үшін), сондай-ақ кеме машина құрылышының негізгі детальдарына (валопроводтар, шатундар) арналғансоғылмалар:

бір сынама әр соғылманың шетінен көлденең бағытта, Қағиданың осы бөлігінің 554, 555 және 556-қосымшаларына сәйкес (дайындаушының жауапкершілігіне) сынамалардың кесіндісінің балама орындары мен бағыттары қолданылған жағдайды есептемегенде;

егер соғылма массасы мен ұзындығы бойынша бір уақытта 4 т және 3 м асса, сәйкесінше сынамалар соғылманың екі шетінен іріктеліп алынуы тиіс. Ұзындығы мен салмағы бойынша көрсетілген шектеулер сынамалардың металдарын есептемегенде, "соғылған" күйіндегі металға жатады;

2) тігіріnlардың соғылмалары:

егер тісті бөліктің диаметрі соңғы механикалық өндеуден кейін 200 мм асса, тангенциалды бағыттағы тісті бөлігіне тікелей тиетін бір сынама 557-қосымшасына сәйкес (В ұстанымы), немесе егер өлшемдер В ұстанымынан сынамаларды іріктеуге мүмкіндік бермесе Қағиданың осы бөлігінің 557-қосымшасына сәйкес (С ұстанымы);

тігірін осінің диаметрі 200 мм тең болса немесе одан асса, сынама Қағиданың осы бөлігінің 557-қосымшасына сәйкес (А ұстанымы) көлденең бағытта іріктең алынуы тиіс;

егер ұзындық 1,25 м-ден асса, тігірінның тісті бөлігінің әр шетінен бір сынамадан;

3) кіші тігірінның соғылмалары:

егер тісті бөліктің диаметрі 200 мм-ге тең болса немесе одан асса, Қағиданың осы бөлігінің 557-қосымшасына (А ұстанымы) сәйкес көлденең бағыттағы бір сынама;

4) тісті дөңгелектердің соғылмалары:

Қағиданың осы бөлігінің 558-қосымшасына (А немесе В ұстанымы) сәйкес тангенциалды бағыттағы бір сынама;

5) илеу арқылы дайындалған тісті дөңгелектердің әзірленімдері:

Қағиданың осы бөлігінің 559-қосымшасына сәйкес (А немесе В ұстанымдары) тангенциалды бағыттағы әр әзірленімнен бір сынама;

егер соңғы диаметр 2,5 м асса немесе масса (термоөндөлген күйдегі, сынама массасын есептемегенде) 3 т асса, Қағиданың осы бөлігінің 559-қосымшасына сәйкес (А және В ұстанымдары) диаметрлі қарама-қарсы бөліктерден екі сынамадан алынады.

Сондай-ақ механикалық қасиеттері де көлденең үлгілерде анықталады;

6) муфт, обечаек соғылмалары:

Қағиданың осы бөлігінің 560-қосымшасына сәйкес (А немесе В ұстанымы) тангенциалды бағыттағы әрсоғ ылмадан бір сынама;

егер соңғы ұзындық 1,25 м-ден асса, әр шетінен бір сынамадан алынады;

7) иінді білектер беттерінің болат темірлері

тангенциалды бағыттағы әр болат темірден бір сынама;

8) тұстастай соғылған иінді білектер:

Қағиданың осы бөлігінің 561-қосымшасына (А ұстанымы) сәйкес әр болат темір үшін жетекші білектің жағынан (байланыстыруышы муфт), шетінен бастап көлденең бағыттағы бір сынама;

егер болат темірдің массасы (термоөндөуден кейін, бірақ сынаманың массасын қоспағанда) 3 тоннадан асатын болса, әр шетінен көлденең бағытта бір сынамадан, Қағиданың осы бөлігінің 561-қосымшасы (А және В ұстанымдары);

егер иін механикалық өндеу немесе газ отымен кесу арқылы қалыптасса, онда қосымша сынама (біріктіру 9) білегіне әкелетін қарама-қарсы шетінен тангенциальды бағытта алынады.

Сынамалар алудың саны мен орындары тиісті технологияны мақұлдау және дайындаушы кәсіпорынды тану процесінде келіследі;

10) егер бір қалыпта термоөндөлетін соғылма, кейіннен бірнеше бөлікке бөлінсе, онда сынақтар көлемі алғашқы соғылманың жалпы ұзындығы мен массасы ескеріле отырып, бірсоғылма үшін белгіленуі мүмкін.

11) қуыс және цементтелуге жататын соғылмаларды ескермегендеге, сынақтар үшін сынамалар термиялық өндеудің белгіленген тәртіптерінің барлығы толық аяқталғанға дейін алынбауы тиіс;

12) егер соғылмалар цементтелуге жататын болса, сынаманың көлемі алдын ала (соғылғаннан кейінгі) және соңғы (цементтеу аяқталғаннан кейінгі) сынақтар жүргізу мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс. Осы мақсатта екі рет сынама алу, сынамасоғылмадан массасы мен көлемінен тыс тек бір ұстанымда ғана алынатын жағдайды, сондай-ақ өсі бекітілген соғылмалар сынамаларды көлденең бағытта алуды талап еткен жағдайды ескермегендеге, Қағиданың осы бөлігінің 6314-тармағына сәйкес алынуға тиіс.

Сынамалар механикалық өндеуден кейін азына байланысты D / 4 диаметрі (D - тісті бөліктің соңғы диаметрі) немесе 60 мм болуы тиіс.

Алдын ала байқаулар үшін (соққаннан кейін) сынамалар соғылма тартылатын, карбюризаторсыз цементацияға және термиялық өндеуге тартылады. Соңғы байқаулар үшін қалған сынамалар ұсынылатын соғылмамен бірге, карбюризаторсыз цементацияға және термиялық өндеуге тартылады.

Соғылманы немесе тісті дөңгелекті дайындаушының қарауы бойынша көлденең қысыудың үлкен алаңының сынамасы цементацияға немесе карбюризаторсыз цементацияға тартылуы мүмкін, бірақ кернеуді түсіру үшін соғылу мен термо өндеуге дейін олар талап етілетін диаметрге дейін өнделуі тиіс.

Цементтелуге жататын соғылманы сынаудың басқа әдістері әрбір жағдайда Кеме қатынасы тіркелімімен арнайы қарастырылудың пәні болып табылады;

13) сынауға тартылатын партиялар болып әр қайсының салмағы 1000 кг дейін қалыптандырылудан өткен соғылмалар және суарылу мен жіберуден кейін әр қайсының салмағы 500 кг соғылмалар тартылуы мүмкін. Партия шамамен біркелкі конфигурация мен өлшемді, бірдей балқытудан, бірдей торлы және қалыптандырылған үшін жалпы салмағы 6 т артық емес және шындалған мен жіберілген соғылма үшін 3 т соғылмадан тұруы тиіс;

14) сынауға тартылатын партияға, сондай-ақ ыстық дөңгелетілген сұрыпты илемдеу тартылуы мүмкін. Партия өлшемі келесілерден анықталады:

бір құйманың немесе дөңгелетілген дайындаманың және илемді термиялық өндеу кезіндегі бір тордың илемі;

салмағы 2,5 т артық емес, бірдей диаметрлі және бірдей құймалы, бірдей торда термо өнделген шыбықшалар;

15) сынау үлгілері мен әдістері Қағиданың осы бөлігінің 2 бөлімінің талаптарына жауап беруі тиіс.

Егер басқасы айтылмаған болса, сынау Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкерінің қатысуымен орындалуы тиіс.

7-параграф. Қарау

6315. Соғылмалар Кеме қатынасы тіркелімі қызметкеріне бұл қажет болған жағдайды қоса, ішкі беті мен саңылауды қарау, көзбен шола бақылау үшін ұсынылуы тиіс. Егер басқасы айтылмаған болса, өлшемдердің расталуына дайындаушы жауапты.

Соғылмалардың оларды тағайындалуы бойынша пайдалануға кедергі келтіретін ақауы болмауы тиіс.

6316. Егер бұл Қағиданың сәйкес бөліктерімен немесе Кеме қатынасы тіркелімімен келісілген құжаттамамен талап етілетін болса, дәнекерлеуге жататын (Қағиданың осы бөлігінің 6292-тармағы) соғылмалар, сондай-ақ қын формалы соғылған бөлшектер бұзылмайтын бақылауға тартылуы тиіс. Нәтижесі Кеме қатынасы тіркелімі қызметкеріне ұсынылуы және соғылманы немесе партияны дайындаушы сапасының тиісті құжаттамасына қосылуы тиіс.

Бақылау деңгейі және бағалау өлшемдері Кеме қатынасы тіркелімімен келісілуі тиіс

6317. Поковкалардың үстіңгі орнығы қажет болғанда (Қағиданың осы бөлігінің 6306-тармағы), қосымша сынамалар қарау кезінде алынуы мүмкін. Бұл сынамаларда

қатайтушы (бекітуші) қабаттардың қаттылығы, нысаны, ауданы және терендігінің Кеме қатынасы тіркелімімен мақұлданған құжаттаманың талаптарына сәйкес келуі анықталады.

6318. Егер келесі механикалық өндеу немесе сынақтар процесі кезінде қағидамен немесе Кеме қатынасы тіркелімімен келісілген құжаттамалармен рұқсат етілмейтін ақау табылса, онда ілеспе құжаттар мен сертификаттардың болуына қарамастан, соғылма жарамсыз болады.

6319. Устіңгі ақауларды жергілікті тазалағыштармен немесе кесіп алумен және өндеуге берілген рұқсаттың шеңберінде жойылады. Жатық тазалағыштың радиусы шамамен оның үш есе терендігінен тұруы тиіс. Ушкір шығынқы жерлері болмауы тиіс. Ақауларды жоюдың толықтығы магнитті-ұнтақты немесе капиллярлы әдіспен тексерілуі тиіс.

6320. Иінді білектерді ескермегенде, пісіруді қолдану арқылы соғылмаларды жөндеу мүмкіндігі Кеме қатынасы тіркелімімен әр жағдайда қарастырылады. Жөндеудің технологиясы, оның қолдану орындары, келесі термиялық өндеу, бақылаудың әдістемесі мен өлшемдері Кеме қатынасы тіркелімімен келісілуі тиіс.

6321. Соғылмаларды дайындаушы олардың нәтижелері соғылманың сыйбада немесе эскизінде көрсетілген, орындалған жөндеу және бақылау туралы тіркеу жазбаларын сақтауы тиіс. Тиісті ақпарат Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкеріне оның талап етуі бойынша ұсынылуы тиіс.

8-параграф. Тенденстіру және таңбалалау

6322. Соғылмаларды дайындаушыда Кеме қатынасы тіркеліміне ұсыну сатысында тұрған, соғылманы тенденстіруге мүмкіндік беретін белгілердің жүйесі қорытпамен бірге болуы тиіс, ал Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкеріне талап етуі бойынша дайындаушы термоөндеуді және жөндеуді қосқанда әзірлеу процесі барысында тіркелген нақты поковканың (партияның) әзірлеу процесінің мәліметтерін ұсынуы тиіс.

6323. Әр соғылмада белгіленген орында, белгілі әдістермен анық салынған Кеме қатынасы тіркелімінің мөртабаны немесе таңбасы болуы және кемінде мыналардан құралуы тиіс:

әзірлеуші-зауыттың атауы немесе белгіленуі;

ұсынылатын материалды және оның әзірлеу процесін, санатын немесе болаттың маркасын тенденстіруге мүмкіндік беретін нөмір немесе өзге таңбалалау.

6324. Кішкене соғылмалардың көп санын дайындау кезінде соғылмаларды тенденстіру жүйесі Кеме қатынасы тіркелімімен жеке келісілуі мүмкін.

6325. Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкеріне ұсынылатын дайындаушының сертификаты мынадай мәлеметтерді қамтуы тиіс:

Сатып алушының атауы және тапсырыстың нөмірін;

Болаттың санатын (маркасын), соғылманың тегін;
Идентификациялық нөмірді;
Болаттың қорытылу процесін, қорытпа нөмірін және ожаулық сынамасы бойынша химиялық құрамын;
Механикалық сынақтардың нәтижелерін;
Егер талап етілсе, бұзбайтын бақылау нәтижелерін;
Температурасы мен ұсталу уақытын қосқанда, термоөндөу түрін.

588-тарау. Болат құймалар

Ескерту. 592-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйріғымен.

1-параграф. Жалпы талаптар

6326. Кеме қатынасы тіркелімімен куэландыруға жататын болат құйындылар дайындалу кезінде Қағиданың тиісті бөліктерінің нұсқауларына сәйкес төменде жазылған талаптарға сәйкес дайындалуы және сынадуы тиіс.

6327. Осы талаптар кеме құрылышына және кемелік машина құрылышына арналған көміртегілік және көміртегілі-марганецтік болат құйындыларына таратылады, олардың қолданылу аясы бөлме температурасы кезінде анықталатын қасиеттеріне негізделіп белгіленеді.

6328. Төмен және жоғары температура кезінде жұмыс істеуге арналған құйындыларға, сондай-ақ арнайы қасиеттері бар қосындыланған болатқа қойылатын талаптар әр жағдайда Кеме қатынасы тіркелімінің арнайы қарауының құралы болып табылады. Бұл ретте Кеме қатынасы тіркелімімен келісуге ұсынылатын құжатта құйындылардың химиялық құрамы, механикалық және арнайы қасиеттері, термиялықөндөлуі, көлемі мен сынаду әдістері бойынша нақты деректер келтірілуі тиіс.

6329. Құрделі нысандағы құйма детальдарды дайындау кезінде екі немесе одан көп құйындыларды пісіру көзделеді, болаттың химиялық құрамы және пісіру технологиясы Кеме қатынасы тіркелімімен келісілуге тиіс, бұл ретте Кеме қатынасы тіркелімі пісіріп жалғанған қоспаларды технологиялық сынадан өткізуі талап етуі мүмкін.

6330. Құйындыларды Қағиданың осы бөлігінің 6102-тармағының талаптарына сәйкес танылған кәсіпорын Кеме қатынасы тіркелімінің мақұлдаған технологиясы бойынша дайындауға тиіс. Устіңгі ретету технологиясын өндіріс процесінде пайдалану, сондай-ақ Кеме қатынасы тіркелімімен келісілуге тиіс.

2-параграф. Химиялық құрамы

6331. Құйындылар үшін болаттың химиялық құрамы талап етілетін механикалық және арнайы қасиеттеріне байланысты белгіленеді. Құйындылар баяу болаттан дайындалуы тиіс.

6332. Көміртегі және көміртегі-марганецті болаттың химиялық құрамы жауап беруге тиіс. Қағиданың осы бөлігінің 562-қосымшасының және/немесе Кеме қатынасы тіркелімімен келісілген құжаттаманың талаптарына (айрықша белгілер, стандарттар, техническим талаптар) жауап беруге тиіс.

6333. Егер өзгесі айтылмаса, дән ұсататын элементтер дайындаушының қарауы бойынша қолданылуы мүмкін. Бұл элементтердің құрамы ожаулық сынама талдауда көрсетіледі.

3-параграф. Механикалық қасиеттері

6334. Құйындылардың механикалық қасиеттері Механические свойства отливок қағиданың осы бөлігінің 564-қосымшасына және/немесе Кеме қатынасы тіркелімімен мақұлданған құжаттаманың талаптарына жауап беруге тиіс, болат құйындылардың уақытша кедергісінің қатыстық ұзаруы мен қатыстық қысқаруының ағындылық шегінің ең аз мәндері келтірілген.

6335. Созуға сынақтардың қанағаттанарлықсыз нәтижелері кезінде қайталама сынақтар осы қағиданың талаптарына сәйкес орындалады.

4-параграф. Термиялық өндөу

6336. Құйындылар талап етілетін құрылым мен механикалық қасиеттерін алу үшін термиялық өндөлуге ұшырауы тиіс. Термиялық өндөу тәртібін мынадай шарттарды сақтай отырып, химиялық құрамына, тағайындалуына және құындының нысанына байланысты дайындаушы белгілейді.:

Жұмсарту температурасы 500 °C-тан төмен болмауы тиіс;

Көлемдерінің тұрақтылығы мен ішкі кернеулерінің болмауы маңызды болып табылатын детальдардан (мысалы, иінді білектерден, негізгі рамалардан) кернеуді шығару үшін термиялық өндөу 550 °C-тан төмен емес температура кезінде жүргізілуі тиіс, бұдан кейін құйындылар пешпен бірге 300 °C температураға дейін немесе одан төмен температурада салқыннатылуы тиіс;

Егер термиялық өндөуден кейін құйынды қыздыруға немесе түзетілуге ұшыраса, Тізбе кернеуді шығару үшін термиялық өндөуден өткізууді талап етуі мүмкін.

6337. Әдеттегідей, құйындылар мынадай жай-қүйінде жеткізіледі:

Толық күйдірілген;

Дұрысталғаннан кейін;

Дұрысталғаннан және жұмсарғаннан кейін;

Шындалғаннан және жұмсарғаннан кейін.

Термоөндөу процесі бойынша барлық қажетті деректер режимдер мен құралдардың тиісті көрсеткіштерін қосқанда, Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкеріне оның талабы бойынша ұсынылуға тиіс.

6338. Егер құйынды соңғы термоөндөу өткізілгеннен кейін жергілікті қыздыруға және немесе қосымша кернеу тудыратын операцияларға ұшырайтын болса, қалдық кернеуді шығару үшін термоөндөу өткізу талап етілуі мүмкін.

5-параграф. Сынамаларды тандап алу

6339. Сынамалар тікелей құйындылардан алынуы немесе оған құйылуы мүмкін. Сынамалардың қалындығы кемінде 30 мм болуға тиіс.

Жеке құйылған пробаларға жол беріледі, бұл ретте пробалардың көлемі құйындылардың көлемдеріне сәйкес келуге тиіс.

6340. Егер құйындыдан екі немесе одан көп пробалар алыну көзделсе, пробалардың орны бір-бірінен максимальды алыс орналастырылуы қажет.

6341. Пробалар терминалық өнделуге өздері ұсынатын құйындылармен бірге ұшырауға тиіс.

6342. Пробалардың көлемі сынақтардың орындалуын қамтамасыз етуге тиіс, соның ішінде қайталама сынақтардың орындалуын, егер мұндай талап етілсе. Пробалардың барлығы тенdestірілуге тиіс.

6-параграф. Сынақтардың көлемі

6343. Әр құйындыдан кемінде бір проба алынуға тиіс. Егер бір құйынды үшін бірнеше қорытпаның металы (араластырылмай) пайдаланылса, онда пробалардың саны ожаулардың санына теңестіріледі, бұл ретте Қағиданың осы бөлігінің 6340-тармағының шарты орындалуға тиіс.

Егер құйындының массасы тазартылған қүйінде 10 т-ға тең немесе одан астам болса немесе құйынды күрделі нысанға ие болса, кемінде екі пробадан алынуға тиіс.

6344. Құйындыларды партиялармен сынауға жол беріледі. Партия көлемі мен нысаны шамамен бір, бір садқада терминалық өнделген және жалпы массасы 1000 кг-ға тең немесе одан кем бір қорытпаның құйындыларынан, түруы мүмкін.

Мұндай партияны проба ретінде қаралатын құйындылардың бірі немесе мөлшері партияның құйындыларына сәйкес келетін жеке құйылған проба білдіруі мүмкін.

6345. Егер өзгесі айтылмаса, әр пробадан, ең азы, созуға үлгі дайындалуға тиіс.

Үлгілерді әзірлеу және сынап Қағиданың осы бөлігінің 15-бөлімінің 2-кіші бөлімінің талаптарына сәйкес орындалуы тиіс. Егер өзгеше мәлімделмесе, сынап Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкерінің қатысуымен жүргізілуі тиіс. Үлгілерді дайындау және сынаптар қағиданың 2-бөлімі осы бөлігінің

6346. Созуға арналған сынақтар қанағаттанарлықсыз болған жағдайда, сол пробадан қынп алынған екі қосымша үлгіде қайталанады. Кеме қатынасы тіркелімімен келісім бойынша басқа пробаның немесе құйындының үлгілерін қиоға жол беріледі.

Сынақтардың қанағаттанарлық нәтижелері жағдайында қосымша екі үлгіде құйынды және партия, егер ол құйындыны білдірсе, қабылданады.

Егер қосымша екі үлгінің бірінде нәтиже қанағаттанарлықсыз болса, ұсынылған құйынды жарамсыз болады. Алайда партияның қалған жартылай фабрикаттары, сынақтардың оң нәтижелері осы партияның басқа екі құйындысынан алынатын жағдайда, Кеме қатынасы тіркелімімен қабылданатын болады. Егер қосымша іріктелген екі құйындының бірінен қанағаттанарлықсыз нәтижелер алынса, барлық партия жарамсыз болады.

Дайындаушының қарауы бойынша жарамсыз деп танылған партия немесе құйынды сынақтарға қайта терминалық өндөлуден өткізілгеннен кейін сондай талаптармен қайта сыналуға ұсынылуы мүмкін.

6347. Егер Қағиданың басқа бөліктерінде тиісті нұсқаулар болса, құйындылар, мәселен, қысыммен сыналу сияқты қосымша сыналуға жатады.

Егер машиналық өндеудің барлық сынақтарынан өткеннен кейін немесе қандай да бір конструкциялы сынақтардың нәтижесінде, құйындыны тағайындалуы бойынша қолдануға кедергі келтіретін ақау табылса, онда тиісті сертификаттарының барына қарамастан, құйынды жарамсыз болады.

7-параграф. Қарау

6348. Құйындылар қаралуға және бақылау сынақтарға тазартылып, балқыған металл жүғыны, қоспалары, металл қабыршықтары алынып тасталып берілуге тиіс.

Құйындылардың оларды тағайындалуы бойынша қолдануға теріс ықпал ететін ақаулықтары болмауға тиіс.

Егер өзге жағдай айтылмаса, құйындылардың көлемі бойынша талаптарды орындау жауапкершілігін құйындыларды дайындаушы қөтереді.

6349. Қағиданың өзге бөлімінде талаптар болған жағдайда немесе Кеме қатынасы тіркелімі қызметкерінің нұсқауына сай құйма бұзбай тексерістен өтуі тиіс. Рұқсат етілген кемшіліктің бақылау методикасы және нормалары техникалық құжаттама Кеме қатынасының тіркелімімен келістірілген талаптарға жауап беруі тиіс

6350. Өңдеуге жіберілуге болатын үстіртін кемшіліктер механикалық өндеумен алынып тасталуы мүмкін.

6351. осы Қағиданың 6885-тармағына сай кемшілік дәнекерлеу арқылы түзетілуге жатады. Түзетудің алдында мөлшері жағынан үлкен кемшіліктер қоспалы болаттан тұратын құйма, иінді білікті құйма, басқа маңызды бөлшектері осы Қағиданың 610-тарауының 4- параграфтарындағы нұсқауларды ескере отырып термиялық өндеуден өтуі тиіс.

6352. Кемшіліктердің түзетілмеуге рұқсат етілетін және түзетілуі тиіс кемшіліктердің саны, мөлшері Кеме қатынасының тіркелімінің келісімімен анықталады

Жөндеудің орындалу технологиясы және тексерілімі, керек болған жағдайда, дәнекерлеу, Кеме қатынасының тіркелімінің келісімімен жүзеге асады. Барлық жұмыстар білікті персоналмен атқарылуы тиіс. Дәнекерлеу жөндеуі орындалуы кезінде Кеме қатынасының тіркелімі мойындаған ерітіп дәнекерленген металл қасиетін қамтамасыз ететін, құйма металының қасиетінен төмен болмайтын дәнекерлеу материалдары қолданылуы тиіс.

Дәнекерлеу жұмысы аяқталған соң құйма қалдық кернеуден арылу үшін 550 °C температурадан төмен болмайтын термоөңдеуден өтуі тиіс.

Термоөңдеудің түрі және тәртібі орындалған жөндеу жұмыстарының көлемі мен сипаттамасына сай, құйманың мөлшері мен материалына сай болады. Жоғарыда көрсетілген дәнекерлеуден кейінгі термоөңдеудің орындалуын қабыл алмауы кіші мөлшемдегі жөндеулерде қабылдауға болады және әр жағдайда Кеме қатынасының тіркелімінің арнайы қарауынан өтеді.

6353. Құйманы дәнекерлеу жөндеуден өткізген соң магнит-ұнтақтық немесе капиллярлық тексеріс жүргізілуі тиіс. Қосымша ультрадыбыстық және радиографиялық тексеріс анықталынған кемісітіктердің өлшемі мен табиғатына сай талап етілуі мүмкін.

Жүзеге асырылып отырған тексерістің белгілері Кеме қатынасының тіркелімінің келісімімен жүзеге асады.

6354. Жөндеу жұмыстары және оның нәтижелері құжаттандырылуы тиіс және Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкері үшін қол жетерлік болуы тиіс.

8-параграф. Таңбалау және құжаттар

6355. Құйма даярлаушысында құйманы идентификациялайтын белгілеу жүйесі болуы қажет, Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкерінің талабы бойынша даярлаушы арнайы партияны даярлау барысындағы, термоөңдеу мен жөндеуді қосқандығы, деректерді беруі қажет.

6356. Әр құйманың шартпен белгіленген орындағы Кеме қатынасының тіркелімінің таңбасы мен мөрқалыпы болуы қажет, кем дегенде төмендегілерді қамтасыз өтуі керек:

даярлаушы зауыттың аты мен белгісі;

ұсынылып отырған материалды және дайындау процесін ерекшелендіру үшін нөмірі немесе таңбасы;

болаттың категориясы немесе маркасы.

6357. Көп мөлшердегі кішігірім құйма дайындау кезіндегі құйманың сәйкестендіру жүйесі Кеме қатынасының тіркелімімен келістірілуі мүмкін.

6358. Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкеріне ұсынылып отырған дайындаушының сертификаты төмендегі мәліметтерді қамтамасыз өтуі керек:

сатып алушының атауы және тапсырыс нөмірі;
болаттың категориясы (марку), құйманың түрі;
идентификациялық нөмірі;
болаттың балқытылу процесі, балқыманың нөмірі және шөміш ұлгісіне сайхимиялық құрамы;
механикалық сынақнаманың нәтижелері;
талап етілген жағдайда бұзбай тексеріс нәтижелері;
термоөндөу түрі, температурасы және уақыты.

589-тарау. Құйма шойыннан шар тәріздес графитті

Ескерту. 593-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Жалпы талаптар

6359. Шар тәрізді графитті шойын құймасы, Қағиданың бөлімдеріне сай келетін нұсқаумен келісіліп дайындалу барысында Кеме қатынасының тіркелімінің куәландыруына жатады, төмендегі талаптарға сай дайындалуы және сынақтан өткізілуі тиіс.

6360. Аталмыш талаптар кеме жасау және кемелік машина жасауға арналған, қасиетіне сай қолданысы анықталатын шар тәрізді графитті шойын құймасын қарастыруға арналған.

6361. Төменгі немесе жоғарғы температурада жұмыс жасауға арналған құйма талаптары әр түрлі жағдайда Кеме қатынасының тіркелімінің арнайы қарауынан өтеді. Кеме қатынасының тіркеліміне құйманың химиялық құрамы, механикалық және арнайы қасиеті, термиялық өндөуі туралы, өлшемі мен сынақтан өту тәсілдері сияқты толық ақпарат ұсынылады.

6362. Кеме қатынасының тіркелімінің келісімімен бір типтес құймалардың қалыптасқан өндірісі бойынша, технологиялық процестің тұрақтылығы және құйманың сапасы дәлелденген жағдайда сынақтың өзге тәсілдері мен өлшемі де қарастырылуына болады.

6363. Кеме қатынасының тіркелімімен куәландырылатын құймалар Қағиданың осы бөлімінің 6183-тармағында көрсетілгендей Кеме қатынасының тіркелімінің мойындаған мекемелерінде дайындалуы қажет.

6364. Кірісті жою және құйманы тазарту үшін қажетті металды өндейтін механикалық тәсілдері қолданылуы мүмкін. Құйманың сапасына термиялық әсер келтіретін тәсілдер қарастырылмайды, механикалық өндөу алдында қолданылатын алдын ала қолданылуы болған жағдайда ғана рұқсат беріледі.

6365. Құйма соңғы күйінде оның қолданысына кері әсер ететін кемістігі болмауы керек, тапсырысқа бекітілген құжатына толығымен сай келуі тиіс.

2-параграф. Химиялық құрамы. Механикалық қасиеті

6366. Химиялық құрамы құйманың механикалық қасиетіне сай анықталады.

Кеме қатынасының тіркелімінің талабына сай шөміш үлгісінің химиялық құрамы анықталады.

6367. Құйманың механикалық қасиеті осы Қағиданың 564-қосымшасына сәйкес келуі тиіс.

Созылуына қатысты құйма материалының сынағы барысында уақыттық қарсылығы және салыстырмалы ұзартылуы анықталады.

Созу кезіндегі минималдық уақыттық қарсылықтық құймаға қатысты техникалық құжатқа сай анықталады, бірақ қай жағдайда болмасын ол көрсеткіш қағиданың осы бөлімінің 564-қосымшасында көрсетілген минималды шегіне сәйкес келуі тиіс. Сонымен қоса Қағиданың осы мәселеге сай келетін басқа бөліміндегі қосымша талаптар да орындалуы тиіс.

Егер механикалық сынақтың нәтижесі қанағаттандырылмаған жағдайда осы Қағиданың талаптарына сай қайтадан сынақ жасалады.

6368. Егер екпінді иіліміне сынақ өткізу талап етілсе, үлгінің нормасы және типі Кеме қатынасының тіркелімімен келістірілуі қажет.

6369. Құйманың микротұрамындағы шар тәрізді графиттің саны 90 % дан төмен болмауы қажет. Пласнинка тәрізді формалы графиттің болуы қабылданбайды.

3-параграф. Термиялық өндеу

6370. Құйма құйылған және термиялық өнделген күйінде жеткізілуі тиіс.

Қажетті термиялық өндеуін және тәртібін құйманың химиялық құрамына, формасына сүйене отырып, дайындаушы анықтайды.

Кеме қатынасының тіркелімі құрылымның жақсаруы үшін және кернеуінен арылу мақсатында міндettі түрде термиялық өндеуден өтуді талап ете алады. Кернеуден арылу үшін механикалық өндеу алдында термиялық өндеу өткізілуі қажет. 350 және 400 МПа уақыт қарсылығы бар ерекше сапалы құйма және сай болатын жұмыс қарқындаға ферритизиялық термиялық өндеуден өтуі қажет.

6371. Егер жергілікті үстінгі нығайту талап етілсе, тәсілі мен техникалық талаптары Кеме қатынасының тіркелімінің қарауына ұсынылуы керек.

4-параграф. Сынаманы сұрыптау

6372. Үлгі құймамен бірге болуы немесе бөлек алынған болуы мүмкін. Құймадан бөлек алынған сынаманың өлшемі Қағиданың осы бөліміндегі 235, 565 және 567-

қосымшаларына (өлшемі мм - мен көрсетілген) сай болуы керек, сынаманың ұзындығы з машинаның түріне сай таңдалынып алынады.

Кеме қатынасының тіркелімінің келісімімен сынаманың өлшемі өзге болуы мүмкін немесе ұлгі тікелей партияның басқа бір құймасынан алынуына да болады.

Стандартты ұлгі үшін құйылған форманың қалыңдығы 40 мм-ден кем болмауы керек. Баламалы ұлгілер үшін 40, 80 және 80 мм-ден кем болмауы керек.

Бөлек құйылып алынған сынама арнайы әзірленген формаға құйылып алынуы керек және ол формадан сынама металының температурасы 500 °C- тан жоғары болмайтын жағдайда алынуы керек.

6373. Құйма термиялық өндөлген құйінде тапсырылу барысында сынама осы партиядағы құймалармен бірге термиялық өндеуден өтуі тиіс.

6374. Метеллографиялық зерттеу үшін сынаманы ұлгінің бөліктегінен алуға болады немесе шөмішті қую сонында сынаманы сұрыптау жағдайындағы бөлек құйылып алынған сынама да рұқсат етіледі.

5-параграф. Сынақ көлемі

6375. Әр құймадан кем дегенде бір сынама алынуы тиіс. Егер бір құйма үшін бірнеше шөміштен жасалынған металл қолданылған болса, онда әр шөміштен бір сынама алынуы тиіс.

6376. Тазартылған құйінде 1 т-дан кем болмайтын құймалар патияларымен сынақтан өткізілуі мүмкін. Партия бірдей формалы және өлшемді, бір шөмішті металдан құйылып алынған құймалардан құралуы керек. Әр 2 т тазартылған құйма үшін бір бірден бөлек құйылып алынған сынама алынуы тиіс.

6377. Әр сынамадан 6131-тармағына сай созылуын есептейтін сынап үшін кем дегенде бір ұлгі алынуы керек, егер талап болған жағдайда V- пішіндес кескінді екпінді иілімін сынай үшін Қағиданың осы бөлімінің 6138- тармағына сай бірнеше ұлгі алу да қарастырылған.

6378. Құйманың тығыздық қысымын сынаптан өткізген жағдайда техникалық құжатта жұмыстық және сынама қысымы көрсетілуі тиіс.

6-параграф. Байқау. Таңбалай және құжаттар

6379. Құйма тексеруге және байқауға берілген кезде таза құйінде, науадан арылған құйінде болуы керек.

Құйманың оның қолданысына кері әсер ететін кемістіктері болмауы керек. Кемістіктерді дәнекерлеу жолымен түзетуге болмайды. Үстіртін кемістіктер қызметкердің келісімімен тазарту жолымен түзетілуі мүмкін. Ішкі кемістіктері болуы мүмкін деген күдік туған жағдайда бұзбай тексерістен өткізілуі мүмкін. Буынды валдары магнитті-ұтақтық тексерістен және металлографиялық зерттеуден өтуі қажет.

6380. Сәйкестендіру, таңбалау және берілетін құжаттар — осы Қағиданың 592-тaraуының 8- параграфтарындағы талаптарына сай.

590-тарау. Сұр шойыннан құймалар

Ескерту. 594-тaraудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Жалпы талаптар

6381. Кеме қатынасы тіркелімінің куәландыруына жататын сұр шойыннан құйылған құймалар осы Қағиданың тиісті бөліктерінің талаптарына сәйкес жасау кезінде, төменде айтылған талаптарға сәйкес жасалынуы және сыналынуы тиіс:

6382. Осы талап кеме жасауда және кемелік машина жасауда қолдануға арналған сұр шойыннан құйылған құймаларға таралады.

6383. Кеме қатынасы тіркелімімен келісу бойынша бір тектес құймалардың орнықкан өндірісі кезінде технологиялық үдерістің тұрақтылығы және құймалардың сапасы мойындалған жағдайда сынақтың өзге әдістері және көлемі рұқсат етілуі мүмкін

6384. Кеме қатынасы тіркелімімен келіскең және осы Қағиданың 6210-тармағында айтылғанды орындаған жағдайда кәсіпорынның ұлттық стандарттары және ерекшелігі бойынша құймалар жасалуы мүмкін.

6385. Кеме қатынасы тіркелімімен келісуге жататын құймалар осы Қағиданың 6102-тармағында көрсетілгендей Кеме қатынасы тіркелімімен танылған кәсіпорындарда жасалуы тиіс.

2-параграф. Химиялық құрамы. Механикалық қасиеттері.

Термиялық өндіру

6386. Химиялық құрамы құймалардың талап етілетін механикалық қасиеттеріне байланысты өндірушімен белгіленеді.

Кеме қатынасы тіркелімінің талабы бойынша шөмішті сынаманың химиялық құрамы көрсетілуі тиіс.

6387. Құйма материалын созуға сынаған кезде (осы Қағиданың 6132-тармағы) уақытша кедергі анықталады. Талап етілетін ең аз уақытша кедергі құймаға берілетін техникалық құжаттамамен белгіленеді, бірақ кез келген жағдайда 200 МПа кем болмауы тиіс; сонымен қатар Қағиданың тиісті бөлістерінің қосымша талаптары орындалуы тиіс.

Созуға жүргізілген сынақтар қанағаттанарлықсыз нәтижелер берген жағдайда, осы Қағиданың талаптарына сәйкес қайталама сынақтар жүргізіледі.

6388. Құймалар құйма немесе термиялық өнделген күйінде жеткізіледі.

Термиялық өндеудің қажеттілігі және оның режимі өндірушімен құйманың химиялық құрамы, тағайындалуы және нысанына байланысты белгіленеді.

Кеме қатынасы тіркелімі құрылымды жақсарту үшін және кернеуді түсіру үшін міндетті термиялық өндеуді талап етуі мүмкін. Механикалық өндеуге дейін құрылымын жақсарту үшін жүргізілетін термиялық өндеудің алдында болуы мүмкін кернеуді түсіру үшін термиялық өндеу жүргізуі тиіс.

3-параграф. Сынаманы ірікте алу

6389. Егер өндіруші және тұтынушы арасында басқа жолы келісілген болмаса, құйылған сынамалар тиісті ұзындықтағы диаметрі 30 мм өзекше нысанында болуы тиіс. Осы сынамалардың металы қандай да болсын балқымаға жатуы тиіс және ұсынылатын сынама үшін арналған нысанның ұқсас материалынан жасалған нысанға құйлуы тиіс. Құймалар нысаннан 500 °C жоғары болмайтын температурада алынуы тиіс.

Бір нысанға бір немесе одан да көп сынаманы құйған кезде өзекше диаметрі 50 мм кем болмауы тиіс және олар осы Қағиданың 568-қосымшасында көрсетілгенге (өлшемдері мм келтірілген сәйкес бір біріне қатысты орналасуы тиіс.

Кеме қатынасы тіркелімімен келісу бойынша сынамалар басқа өлшемде болуы мүмкін, құймаға жабыстырылып құйылған немесе құймалардан тікелей алынуы мүмкін

Жабыстырылып құйылған сынамалар құйма қабырғасының қалындығы 20 мм, ал оның салмағы 200 кг аспаған жағдайда қолданылуы мүмкін. Осымен қатар, сынаманың типі және орналасу орны құйма негізімен шамамен тең келетін салқыннату жағдайларын қамтамасыз етуі тиіс және өндіруші және тапсырыс берушімен келісуге жатады.

6390. Құймаларды термиялық өнделген күйінде жеткізу кезінде сынамалар осы партияның құймаларымен бірге термиялық өндеуге алынуы тиіс.

6391. Әрбір сынамадан созуға сынау үшін арналған үлгі жасалуы тиіс.

4-параграф. Сынақ көлемі

6392. Әрбір құймадан кем дегенде бір сынама алынуы тиіс. Егер бір құйма үшін бірнеше шөміштің металы қолданылатын болса, әрбір шөміштен бір сынамадан алынуы тиіс.

6393. Партия бір шөміштің металынан құйылған нысаны және мөлшері шамамен бірдей болатын құймалардан болуы тиіс. Партияның мөлшері салмағы бойынша

салмағы бойынша 2 т тәң немесе одан аспайтын, сондай-ақ бір партияны құрайтын жекелеген құймалардың 2 т тазартылған құйманың 2 т аспауы тиіс.

Бір маркалы шойынды үлкен мөлшерде үзіліссіз құйған кезде партияның салмағы 2 сағат бойы құйылған металмен шектелуі мүмкін.

Партияның көлемі және іріктеліп алынатын сынаманың саны Кеме қатынасы тіркелімімен келісуге жатады.

6394. Егер құймалар қысым арқылы тығыздыққа сыналатын болса, техникалық құжаттамасында жұмыс және сынамалық қысымы көрсетілуі тиіс.

5-параграф. Қарau. Таңбалау және құжаттар

6395. Құймалар тазартылған, науасы алынған құйінде қарауға ұсынылуы тиіс.

Құймаларда тағайындалуы бойынша қолдану үшін қайшы әсер ететін ақаулары болмауы тиіс. Ақауды пісіру арқылы жоюға рұқсат етілмейді. Беткі қабатындағы ақаулар Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкери келісімі бойынша жергілікті тазщалау арқылы жойылуы мүмкін. Ішкі ақауларының жоқ болуына күмән болған жағдайда құймалар құрылымын бұзбайтын тексеруге алынуы тиіс.

6396. Сәйкестендіру, таңбалау және берілетін құжаттар - осы Қағиданың 592-тaraуының 8-параграфына сәйкес болады.

591-tarau. Иілгіш шойын

Ескерту. 595-taraудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Жалпы талаптар. Химиялық құрамы және механикалық қасиеттері. Таңбалау және құжаттар

6397. Соғылмалы шойын Кеме қатынасы тіркелімінің куәландыруына жататын 300 °С жоғары болмайтын температурада және 2 МПа аспайтын жұмыс қысымында жұмыс істейтін кеме жасаудың және кемелік машина жасаудың бұйымдарын жасау үшін қолданылуы мүмкін.

6398. Соғылған шойыннан құйылған бұймның химиялық құрамын, механикалық қасиеттерін және сынақ көлемін әрбір жағдайда Кеме қатынасы тіркелімімен келісу қажет.

6399. Сәйкестендіру, таңбалау және берілетін құжаттар - осы Қағиданың 579-taraуының талаптарына сәйкес болады.

592-tarau. Еспелі бұрандаларға арналған болат құймалар

Ескерту. 596-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдың даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Жалпы талаптар

6400. Бұл тараудың талаптары болат құймасының бүтін еспе винттеріне және оның қалағы мен күпшегінің дайындалуына арналған. Кеме қатынасының тіркелімінің арнайы қарауымен бұл талаптар тағы да қолданыстан зақымданған еспе винттерін жөндеу үшін де пайдаланылады.

Болаттың еспе винтінің ұлттық стандарттарға сай немесе басқа да химиялық құрамына, механикалық қасиетіне немесе осында келтірілген термиялық өндіреуіне қарай ерекшеленетін техникалық талаптарға қарай қолданылуы Кеме қатынасының тіркелімінің арнайы қарауынан өтеді.

6401. Құйманың еспе винттері Кеме қатынасының тіркелімі Қағиданың осы 6098-тармағының және 578-тарауының 2-параграфына сай мойындаған өндірістерінде дайындалады. Материалға өтініш ұсынылған кезде материалдың спецификациясы, технологиялық процесі, жөндеу және тексеріс сипаттамасы қоса тіркеледі.

6402. Өндіріс мойындаған жағдайда сынақ ереженің осы бөлімінің 6102 пунктіне сай, Кеме қатынасының тіркелімінің келісімімен бекітілген сынақ бағдарламасына сүйене отырып жасалады. Құйманың материалдарын құptaу үшін және сапасының осы талаптарға сай болуы мақсатында сынақ жасалады.

6403. Құю өндірісінде жабдықталған лаборатория, білікті мамандар болуы қажет. Лабораторияда бұзбай тексеріс жасау үшін барлық міндетті заттар болуы тиіс. Егер лабораторияда атальыніп өткен тексеріс жасау үшін мүмкіншіліктер болмаған жағдайда Кеме қатынасының тіркеліміне тәуелсіз лабораторияның мәліметтері берілуі керек. Лабораторияны құзыретті ұлттық орган және/немесе Кеме қатынасының тіркелімі растауы керек.

2-параграф. Химиялық құрамы.

Механикалық қасиет және термиялық өндіреу

6404. Болаттың еспе винт үшін химиялық құрамы осы Қағиданың 569-қосымшасындағы талаптарға жауап беруі керек. Кеспедегі балқыма төрт негізгі топқа бөлінеді.

6405. Винт қалағы мен күпшегіне жабысып тұрған сынамадан дайындалған сынақ үлгісінің механикалық қасиеті осы Қағиданың 570- қосымшасындағы талаптарға сай болуы керек.

6406. Бөлек құйылып алынған сынаманың металының механикалық қасиет деңгейі Кеме қатынасының тіркелімінің арнайы құptaуынан өтуі тиіс.

6407. Мартенситтік класты болаттан жасалған құйма аустенизация және босатудан өтуі керек. Аустенизация сыныпты болат қатты ерітіндіде термиялық өндеуден өтуі керек.

3-параграф. Сынама сұрыптау

6408. Сынама тікелей құймадан алынуы немесе сонымен бірге болуы мүмкін. Мүмкіндігінше сынап ұшінгі ұлгі $0,5R$ және $0,6R$ (R — винттің радиусі) шектеулі құйылған құймадан алынады.

6409. Бөлек құйылып алынған сынамалар ұсынылып отырған металмен бірдей құймадан болуы керек және бірге термоөндеуден өтуі керек.

Өндірістің алғашқы куәландыруымен Қағиданың осы бөлімінің 6401-тармағына сай , сынамадан бөлек алынған металда және сынамадағы металдың өзінде немесе тікелей құймадан таңдап алынған металда сынап жүргізілуі мүмкін.

6410. Соңғы термиялық өндеуге дейін сынама құймадан алынбауы керек. Сынама Кеме қатынасының тіркелімінің мойындаған стандарттарына сай дайындалады.

6411. Сынаманы сұрыптау кезінде термиялық тәсіл қолданбауы керек.

4-параграф. Сынақ көлемі

6412. Эр балқымадан кем дегенде созылуын есептеуге арналған (осы Қағиданың 501-қосымшасы) бір ұлгісі және екпін иілімін анықтайтын бір жиынтық ұлгі (осы Қағиданың 582-тарауының 3-параграфы) алынуы керек. Созылымға қатысты сынап жүргізу барысында үзіліске уақыттық қарсылық, ағымның шартты шегі, салыстырмалы ұзаруы және салыстырмалы жіңішкериі анықталады. Сынақ осы Қағиданың 582-тарауына сай жүргізіледі.

6413. Сынаққа ұлгі құйылған сынамадан алынуы керек. Егер құйма бір өлшемді болса, диаметрі бір метрден кем, бір балқымадан өткен металдан және бір торда термоөндеуден өткен, онда әр бес құймаға арналған бір ұлгілер жиынтығы бөлек құйылған сынамадан сұрыпталып алынады.

5-параграф. Бақылау аймағы (жөндеу аймағы)

6414. Еспе винтінің баға критерийн анықтау үшін қалақтың ұстіңгі қабаты үш аймаққа бөлінеді: А, В және С (осы Қағиданың 594 және 597 -қосымшалары). Жөндеу аймағын анықтау үшін — Қағиданың осы бөлімінің 6545 және 6546-тармақтары қолданылады.

6415. Шалқайманың бұрышын анықтау үшін — 6544-тармағы (ескертпе) және 593-қосымшасы қолданылады.

6-параграф. Байқау. Бұзбай бақылау

6416. Болаттың еспе винттерінің құймалары дайындау барысының барлық кезеңінде визуалды тексеруден өтуі керек. Өсіреле, соңғы келбеті шыққан соң жүз пайызыдық визуалды тексерістен өтуі қажет (тексерісті Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкері жүргізеді). Үстіңгі қабатында қолданыс кезінде винтке зақым келтіретін кемістіктері болмауы керек. Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкері күмәнді участекінде үстіңгі бөлігінің, металдың өңдеуін қоса алғанда, өсіреле, дәнекерлеу жөндеу жұмысы алдында, міндетті түрде зерттеуден өтуін талап ете алады.

6417. Құйманың өлшемі және геометриясы Кеме қатынасының тіркелімі қабылдаған сыйбаға және тапсырыс құжаттарына сәйкес келуі керек. Құжаттар және акт немесе есеп ретінде рәсімделген өлшем мен байқау нәтижесі сынақ кезінде Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкеріне ұсынылады. Өлшемдердің нақты болуына, тапсырысытың немесе сыйбаның талаптарына сай келуіне дайындаушы жауапты болады. Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкері тексеріс өлшем жүргізуге талап етуге құқықты.

Кеме қатынасының тіркелімі қабылдаған құжаттарға сай барлық винттер статикалық теңестірілуі керек. 500 айн/мин айналым жиілігінде жұмыс істейтін еспе винттер үшін динамикалық теңестіру талап етіледі.

6418. Еспе винттердің барлық құймалары бұзбай бақылаудан өтуі керек. Дайындаушыда әр құйма үшін бұзбай бақылау нәтижесі туралы жүйелік тіркеу болуы керек. Кеме қатынасының тіркелімінің қызметкері осы жүйемен және орындалған бақылаудың нәтижесімен таныс болуы керек. Дайындаушы орындалған фактіні растайтын және бұзбай бақылау нәтижесінің онды екендігін растайтынын құжатпен растайды.

6419. Капиллярлық бақылау:

Кеме қатынасының тіркелімі мақұлдаған стандарттар мен спецификацияға сай жүргізіледі керек.

Бірліктік бақылау ауданы — үстіңгі қабатының ауданы, 100 см² тең келеді, 250 мм бетті тікбұрыш немесе квадрат формалы болуы мүмкін. Дефектоскопияның капиллярлық тәсілмен үстіңгі қабатының сапасын тексеру кезінде бақылауға алынған үстірттік шартты түрде бақылана алынатын аумағы 100 см² бірліктерге бөлінеді. Бөлу кезінде индикатор іздеріне қолайсыз түрде жүзеге асады, әр аумақтың пішіні мен өлшемін көрші жатқан бірлік аумағына бөлмеу үшін максималды кемістік саны сиятындағы етіп тандау керек.

Кез - келген участекде табылған индикатор іздері, олардың пішіні, өлшемі мен саны осы Қағиданың 571-қосымшасындағы талаптарға сай болуы керек.

Индикаторлық із, кез- келгенінің өлшемі 1,5 мм-ден көп болатын бірлік индикаторлық із болып қарастырылады.

6420. Радиографиялық және немесе ультрадыбыстық бақылау.

Егер құйманың ішкі кемістігі бар деген құмандық туған жағдайда, Кеме қатынасының тіркелімінің қызметкернің талабымен қосымша радиографиялық және немесе ультрадыбыстық тәсілдер арқылы бақылау жүзеге асырылы алады. Баға беру мен қабылдау критерилері Кеме қатынасының тіркелімі бекіткен стандарттарға сай дауындаушы мен Кеме қатынасының тіркелімінің келісімімен анықталады.

7-параграф. Кемістіктерді түзету

6421. Винттің қолдануына кері әсер ететін үстіңгі қабатының тұтас болмауына қатысты тазарту, қырнау, қопсыту сияқты механикалық тәсілдер арқылы түзетуден өтуі керек. Дәнекерлеу тәсілімен түзету жұмыстары тек қажетті болған жағдайда ғана және Кеме қатынасының тіркелімі қызметкерімен келістірілген жағдайда ғана жүргізуге болады.

Кемістіктерді жүргізу Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкеріне жасалынатын болжамалы жұмыстың сипаттамасы туралы құжатты бергеннен кейін басталады. Міндетті түрде жөндеу аймағы, өлшемі және кемістіктің орналасқан орны, түзету тәсілдері мен байқауы көрсетілуі керек.

Кемістікті қопсыту және тазалағаннан кейін, пісіруге болмайтын жағдайда, қырнаудан өткізу керек. Қырнау істелінгеннен кейін қырналған жер максималды түрде тегіс болуы керек, кернеу концентрациясының және немесе кавитацияның алдын алу үшін жасалады. Дәнекерлеу кезіндегі металл тиісті түрде таңдалынады, дәнекерлеуге сай форма және өлшемі қарастырылады. 5 см² аз болатын аумақты пісіруге болмайды.

6422. А аймағындағы кемістіктерді түзету

А аймағында кемістіктерді пісіруге болмайды. А аймағында Кеме қатынасының тіркелімі мойындаған сызбаға сай қалақтың қалындығын сақтайдындей деңгейде қырнау жүргізіле алады. Бұл жерде кемістіктерді түзету қарастырылмаған, әр жағдайда Кеме қатынасының тіркелімінің арнайы қарауынан өтеді.

6423. В аймағында ақауларды жөндеу.

Терендігі t/40 аспайтын (мұндағы t — ең аз жергілікті қалындық) немесе 2 мм (қайсысы көп болады, соған байланысты) ақаулар тегістеумен жөнделуі мүмкін. Терендігі тегістеуге жататын ақаулар терендігінен асып түсетін ақаулар балқытып қаптастыру арқылы жөнделуі мүмкін.

6424. С аймағында кемістіктерді түзету

Ережеге сай С аймағында кемістіктерді пісіру процесімен түзетуге болады.

6425. Дәнекерлеу арқылы жөндеу

Кемістіктерді түзету үшін дәнекерлеу технологиясы және дәнекерлеу материалдары осы Қағиданың 16-бөлімінің талаптарына сәйкес Кеме қатынасының тіркелімінің танылуы тиіс.

Дәнекерлеу арқылы кемістіктерді түзету жұмысы алдында дәнекерлеудің технологиясы, дәнекерлеу позициясының мәліметі, дәнекерлеу процесінің және

материалдарының параметрлері, алдын ала жылтыу туралы, одан кейінгі термоөңдеу және дәнекерлеу жұмысының орындалуын бақылау туралы толық мәлімет ұсынылуы тиіс. Дәнекерлеу бақылай алатын жағдайда қолайсыз ауа-райының болмаған кезінде жасалынуы керек.

Кемшіліктерді түзету үшін тиісті біліктіліктегі дәнекерлеу мамандары Кеме қатынасының тіркелімінің рұқсатымен тартылуы керек.

Қож, тегістеу және жапсардың басқа да кемшілік тұстары келесі білікше алдында түзетілуі керек.

Дәнекерлеумен жөндеуден кейінгі мартемитті класты болат пеште құйдірілуі қажет.

Кеме қатынасының тіркелімінің арнайы қарауымен жергілікті қалдық кернеуді минималды түзетулер арқылы алып тастауы керек.

Термоөңдеуден өткен үстірттік фрезерлік өндөуден және қырнаудан өтуі керек.

Дайындаушы кемшіліктерді тіркеу жүйесін жасауы керек, осыған сүйене отырып әр орындалған жөндеудің көлемін, термоөңдеудің түрін және тәртібін анықтауға болады. Кеме қатынасының тіркелімінің куэландыруына жататын барлық ақпарат Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкеріне ұсынылады.

Дәнекерлеу технологиясы дәнекерлеу сынамасының, қалындығы 30 мм тең немесе одан да көп, негізінде осы 572-қосымшасына сай құпталады.

Дәнекерлеу технологиясы осы Қағиданың 125-бөлімінің талаптарға сай және Кеме қатынасының тіркелімінің құптаған бағдарламамен расталады, оған кем дегендегі төмендегі сынақтар кіреді.

Балқыма сыйығы мен термиялық әсер аймағына макроанализ жасау.

Екі макрошлифте орындалады. Жарық, қож және басқа да 3 мм үлкен болатын жапсар сияқты кемшіліктер қарастырылмайды.

Балқытылған металдың қасиетін анықау үшін созылымға қатысты сынап жүргізіледі

Екі көлденең жатқан үлгілерде қалындығы сынаманың қалындығына тең болатын, ені 30 мм және ұзындығы дәнекер жапсарына тең келетін және әр жағына 6 мм-ден қосылып орындалады (босы Қағиданың 6970 -тармағы). Механикалық қасиеті негізгі металдың талабын қанағаттандыруы керек.

Сынақ хаттамасында бүлінген жері көрсетілуі керек: балқыған металл, термиялық әсер аймағы және негізгі металл.

Иілімін қарастыратын сынап

Осы Қағиданың 6143 -тармағы талаптарына сай дайындалған екі көлденең жатқан үлгіде сынап жасалады. Жақтау диаметрі үш қалындыққа жататын аустеникалық болатты санамағанда бұл операция төрт қалындыққа тең келетін жақтауда орындалады. Сынақтан кейін үлгінің үстіңгі жағында 2 мм - дең ұзын болатын жарық немесе айырылу болмауы қажет.

Екпінді иілімге арналған сынап.

Ережеге сайын талап етілмейді, тек негізгі металл сынақтан өткен жағдайда қоспанда. Егер екпінді иілімге сынақ өткізі талап еылсе, онда үлгілер Қағиданың 582-тарауының 3-параграфына және 511-қосымшасында көрсетілген талаптарға сайрындалады.

Сынақ бір партияның үлгілерінде жапсардың центрінде тілік жасау арқылы және екінші партияның үлгілерінде балқыма сыйбаларына сай тілік жасау арқылы өткізіледі. Температурасы мен нәтижесі негізгі металдың керекті талабын қанағаттандыруы керек.

Виккерс бойынша қаттылығын анықтау (KV5).

Макрошлифкларда орындалады. Кем дегенде металл жапсарын үш рет өлшеу қарастырылған, жапсардың екі жағынан және негізгі металдың өзін екі жағынан өлшеу. Өлшеу сынақ хаттамасында көрсетіледі.

8-параграф. Сәйкестендіру және таңбалау

6426. Сәйкестендіру өндірісте еспе винтін дайындау кезінде байқау жүйесі қолданылуы керек, ол металды балқытудан бастап құйманы дайындау барысында кез келген кезеңін тексереп алуға мүмкіншілік беруі керек. Кеме қатынасының тіркелімі қызметкерінің талабымен мекемеде осындай жүйенің бар екендігі туралы растама ұсынылуы керек.

6427. Таңбалау

Кеме қатынасының тіркеліміне құйманы ең соңғы күйінде ұсынылудан бұрын құйма таңбалануы керек. Осы Қағиданың 597-тарауында көрсетілгеннен басқа таңбалау мынадай мәліметтерді қамтуы керек:

дайындау жұмысының барлық кезеңін көрсете алу үшін балқыманың нөмірі және басқа да белгілері;

Кеме қатынасының тіркелімі күелігінің нөмірі;
егер қолдануға болатын болса, мұздық класының рәмізі;
құйманы қабылдап алған мерзімі.

6428. Дайындаушы сапасы туралы сертификат

Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкеріне соңғы келбеттегі құймамен бірге құйманың сапасы туралы сертификат ұсынылады. Сертификат өндірістің сапаға қатысты қызметімен және осыған құзіретті адаммен бекітіледі. Сапа туралы сертификат төмендегі мәліметтерді қамтуы керек:

Өндірістің атауы мен тапсырыс нөмірін;
Егер бар болса кеме проектінің нөмірін;
Сызба нөмірі көрсетілген құйма сипаттамасын;
Винттің диаметрі, қалақ саны, қадам, айналымның бағытын;
Соңғы массасын;
Маркасі, балқыма нөмірі және химиялық құрамын;
Сәйкестендіру нөмірін;

Термоөндөу тәртібін;
Механикалық сынақтың нәтижесін;

Бұзбай бақылаудың нәтижесі (қанағаттандыралық және қанағаттанғысыз), егер қолданылған болса.

6429. Кеме қатынасының тіркелімі қуәлігі

Әр құйма немесе бірнеше құйманың партиясы Кеме қатынасының тіркелімінің қуәлігімен бірге жүруі тиіс. Кеме қатынасының тіркелімі қуәлігінде арнайы нөмірі, Кеме қатынасының тіркелімі бөлімшесі немесе Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкерінің реквизиттерінен басқа кем дегенде төмендегі мәліметтерді қамтуы керек :

Өндірістің атауы мен тапсырыс нөмірін;
Егер бар болса кеме проектінің нөмірі;
Құйманы дайындаушы өндірістің сапа туралы сертификат нөмірін;
Соңғы массасын;
Сәйкестендіру нөмірін және балқыма нөмірін;
Сызбаның нөмірін.

Кеме қатынасының тіркелімі қуәлігімен қоса міндетті түрде дауындаушы-өндірістің сапа туралы сертификаты ұсынылуы керек. Сатып алушы талап еткен жағдайда Кеме қатынасының тіркелімі қуәлігімен қоса Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкері растаған сынақ хаттамасы да ұсынылуы керек.

593-тарау. Дәнекерленген құрылымдарға арналған беріктігі жоғары болат

Ескерту. 597-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Жалпы талаптар.

Химиялық құрамы. Механикалық қасиеті

6430. Бұл талаптар корпустық және басқа дәнекерлеу құрылымына арналған қалындығы 70 мм-ден түратын болаттың табақ және жалпақ кесінді тіліндісін дайындау барысында Кеме қатынасының тіркелімімен қуәландыруға арналған. Кеме қатынасының тіркелімінің келісімімен осы талаптар 70 мм қалындықтағы прокат үшін және прокаттың өзге пішіндері үшін де қолданылуына болады (профильді, құрылымдық құбырлар үшін).

Ағымдық шегінің минимумдық кепіліне қатысты болат беріктігіне қарай алты деңгейге бөлінеді: 420, 460, 500, 550, 620 және 690 МПа; әр беріктікті есептеу деңгейі үшін екпінді иілім сынығының температурасына байланысты төрт категория орнатылған: A, D, E, F.

Механикалық қасиетіне, химиялық құрамына қарай болат Кеме қатынасының тіркелімінің арнайы қарауына жатады. Берік болат осы Қағиданың 6102-тармағына сайтанымал өндірістерде дайындалады.

6431. Болаттың химиялық құрамын әр балқымада және шөміште тиісті түрде жабдықталған білікті мамандары бар дайындаушы анықтайды. Болаттың химиялық құрамы Кеме қатынасының тіркелімі құптаған спецификацияның талаптарына және осы Қағиданың 573-қосымшасында кестесінде көрсетілген шекті көрсеткіштерге сайбулы керек.

Болат толығымен ашытылуы керек және дән ұсақтайтын элементтермен өнделуі керек.

Шөміш сынамасының химиялық анализі нәтижесіне қарай болаттың сұық жарықтарға икем екендігін бағалау үшін құрылымдық ауысу салдарынан болаттың үтіліп кетуін сипаттайтын коэффициенті мына формуламен анықталады:

$$P = C + Si/30 + Mn/20 + Cu/20 + Ni/60 + Cr/20 + Mo/15 + V/10 + 5B, \%$$

Рсм ның максималды көрсеткіші Кеме қатынасының тіркелімімен келістірілуі керек және ол құптаған спецификациясына енгізілуі керек.

6432. Созылмының анықтау сынағы кезіндегі болаттың механикалық қасиеті және екпінді иілімі осы Қағиданың 574 және 575-қосымшаларына сәйкес келуі қажет.

Егер сынаққа жүқартудың өзге пішіндері түсіп отырса, онда үлгілердің талап етіліп отырған салыстырмалы ұзартуының үлкендігі де осы Қағиданың 574 және 575-қосымшаларындағы көрсеткішке қарағанда екі пайызға артады.

2-параграф. Жеткізілім жағдайы. Сынама сұрыптау

6433. Болат шындалуы және босатылуы керек. Қалыңдығы 50 мм болатын болаттың термомеханикалық өндедеуі Кеме қатынасының тіркелімінің арнайы қарауынан кейін ғана рұқсат етіледі.

6434. Ені 600 мм және одан кем кең кесінділі тілінді прокатты, профильді және сортты прокатты қоспағанда (бұлардың үлгілерінің бағытын Кеме қатынасының тіркелімімен келісе отырып анықтайды), созылуын анықтауға арналған сынаптың үлгілер осьтері соңғы прокаткаға перпиндикуляр бағытта болуы керек. Тегіс үлгілер дайындалған кезде кем дегенде бір жағында прокаттың үстіңгі бет сақталыныу керек. Созылу сынагы цилиндрлік үлгілерде жасалып жатса, олардың осьтері ұсынғы бетке 1/4 қалыңдықтағы қашықтықта орналасуы керек.

Егер Кеме қатынасының тіркелімімен өзге жағдайлар қарастырылмаған болса, табақ темір және кең кескінді тілінді ені 600 мм болатын болаттың екпінді иіліміне сынап жасау осы Қағиданың 511-қосымшасы сай болуы керек, бойлық осьтері прокатка бағытына перпиндикуляр бағытталған. Басқа пішінді прокат үшін екпінді иілім сынагы бойлық үлгілерде өткізіледі.

Улгілердің өлшемі мен сынағы осы Қағиданың 582- тарауындағы талаптарға сай орындалуы керек. Егер нәтижесі қанағаттандырсыздық болған жағдайда, қайта сынақ талаптарына сай жүргізіледі.

3-параграф. Сынақ көлемі. Байқау. Таңбалау және құжаттар

6435. Әр табақ (раскат) термиялық өндөуден кейін созылу және екпінді иілім снығынан өтуі керек.

Пеште шындаудан және босатудан өткен прокат үшін сынақ көлемін, үлгілер санын және кесіндісінің бағытын Кеме қатынасының тіркелімінің құптаған спецификациясымен анықталады.

Әр сынамадан созылым сынағы үшін кем дегенде бір үлгі, ал екпінді иілім үшін үш үлгі алынады.

Кеме қатынасының тіркелімінің талабымен үлгілерде созылым сынағы жүргізілуі мүмкін, үлгілердің бойлық осі табақ темірдің бетіне перпиндикуляр орналасқан.

6436. Прокат төменде көрсетілген нұсқаулармен қоса 586-тараудың 7-параграфында көрсетілген талаптардың беріне жауап беруі керек.

Сыртқы кемшіліктерді тазалау арқылы түзету кезінде прокаттың рұқсат етілген шектен шықпауы керек. Керек болған жағдайда Кеме қатынасының тіркелімі құптаған талаптарға сай прокат ультрадыбыстық бақылаудан өтуі қажет.

6437. Сәйкестендіру, таңбалау және берілетін құжаттар —586-тараудың 8-параграфтарында көрсетілген талаптарға сай болуы керек.

594-тарау. Зет-Болат

Ескерту. 598-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Жалпы талаптар.

Химиялық құрамы. Механикалық құрамы

6438. Бұл талаптар жай, көтеріңкі (осы Қағиданың 586 және 589- тарауы) және жоғарғы берікті қалындығы 15 мм тең немесе одан да көп болатын (Қағиданың 597-тарауы) болаттарға арналған. Кеме қатынасының тіркелімінің келісімімен келтірілген талаптар 15 мм кем қалындықты болат прокатқа да қолданылады.

Зет - болат жоғары кернеуді көтере алатын, прокаттың үстіңгі қабатына перпиндикуляр орналасқан дәнекерлеу құрылымдарында қолдану үшін ұсынылады. Екі белгісі бар: Z25 және Z35.

Прокатты Кеме қатынасының тіркелімі мойындаған өндірісте дайындау (Қағиданың осы бөлімінің 6102 -тармағы) қажет. Дайындаушы өндірістің технологиялық процесі

прокаттық қалындығына қарай кепілді пластикалық қасиетті қамтамасыз ететінін көрсете алуы керек.

Дайындаушының тиісті кепіліне сай Кеме қатынасының тіркелімі құжаттамасының келісімімен қалындығының салыстырмалы тарылу (*Zz*)жағдайында болатты жеткізіп беруге болады.

Кальциймен өндеу, вакуум жасау, аргонмен үрлеу, құқірттің сегрегациясын бақылау т.б. қарастырылған.

6439. Зет-болат түгелдей ашытылуы және дән үгітетін элементтермен өндеделуі керек

Элементтердің құрамы Кеме қатынасының тіркелімі мойындаған халықаралық немесе ұлттық стандарттарға сай болуы керек.

Зет- болаттағы құқірттің құрамы 0,008 % дән аспауы керек.

6440. Егер басқа жағдай қарастырылмаған болса, болаттың механикалық қасиеті Қағиданың 586, 589 және 597- тарауына сай болуы керек.

Сол прокаттан кесіліп алынған үш үлгіден құралған қосымша жиынтықта қайтадан сынақ жасау қажеттілігі, және сынақтың нәтижесін қабылдау, оған қоса қайта жасалған сынақтың нәтижесі, Қағиданың 576-қосымшасында көрсетілген. Қағиданың 576-қосымшасында шекті Қағидамен есептелетін жағдайлар келтірілген:

Үш үлгіде онды сынақ жүргізі жағдайы;

Қайта жасау мүмкіндігі бар үш жағдай;

Алты үлгінің қайта сынақтан өткізу жағдайы (орындалған және қосымша үш үлгі).

Қайта жасалған сынақ қанағаттандыралық деп табылады және партия, прокат жеткізілімге рұқсат алады, егер:

Алты үлгіні сынақтан өткізгеннен кейін салыстырмалы тарылудың *Zz* орташа үлкендігі талап етілген минималды орташа үлкендіктен жоғары болса (осы Қағиданың 577-қосымшасы);

Нәтиже төменде келтірілген талап етілген үлкендік алты үлгінің ішінде көп дегенде екеуінен алынған.

Егер қайта жасалынған сынақтан кейін қанағаттандырсыздық нәтиже алынса, прокат/партия жарамсыз деп танылады. Жарамсыз деп танылған партиядан әр прокаттан (сынақ өткізілмеген) қосымша сынақ жүргізуге болады.

2-параграф. Сынама сұрыптамасы және сынақ көлемі.

Байқау. Таңбалай және құжаттар

6441. Сынақтаң көлемі прокаттың түріне және құқірттің құрамына байланысты (шөміш сынамасы).

Сынаққа ұсынылған жартылай өнім үшін сынама, Қағиданың 6133 -тармағында көрсетілгендей бір соңынан таңдалап алынады.

6442. Қағиданың 586-тараудың 7-параграфтарынң талаптарын орындағаннан бөлек прокат дайындалып біткен кезеңде ультрадыбыстық бақылаудан өтуі керек.

Ультрабыбыстық бақылау EN 10160, S1/E1 деңгейі, немесе ASTM A578, C деңгейі, 4 МГц жиілікпен жүзеге асырылуы керек.

6443. Сәйкестендіру, таңбалау және берілетін құжаттар — Қағиданың 586-тарауының 8параграфтары талаптарына сай болуы керек.

Болатты белгілеу туралы мына таңбалар қосылуы керек: Z25 немесе Z 35 (мысалға: DH36Z25).

595-тарау. Болат арқандар

Ескерту. 599-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Жалпы талаптар

6444. Бұл талаптар Кеме қатынасының тіркелімі куәландыратын жүк көтеру, құтқару және кеме жұмысында қолданылатын арқандарға арналған.

6445. Арқандар Кеме қатынасының тіркелімі құптаған техникалық құжаттармен осы Қағиданың 6102 -тармағында көрсетілгендей Кеме қатынасының тіркелімі мойындаған мекемелерде дайындалуы және сынақтан өткізілуі керек.

2-параграф. Дайындалуы

6446. Арқаның дайындалуы үшін коррозиядан сақтайтын және 1180 — 1770 МПа үзіліс қарсылығы бар сым темір қолданылады.

6447. Арқаның органикалық өзегі манилдан, кендір жіптен және синтетикалық талышқтан тұруы керек. 12 мм-ден асатын диаметрлі арқанда үш қабатты өзек болуы қажет.

6448. Дайын арқаның сымы маймен майлануы керек.

Органикалық өзектері антикоррозиялық және шіріп кетуге қарсы тұратын затпен, теңіз суында еріп кетірмейтін және қышқылы жоқ заттармен сылануы керек.

3-параграф. Сынама сұрыштау. Сынақ көлемі

6449. Сынақ жүргізу үшін әр 2000 м және одан кем ұзындықты арқаннан бір бақылау кесіндісі алынады, 2000 м - ден ұзын болатын арқаннан екі шетінен екі кесінді алынады. Бақылау үшін алынған арқан кесіндісінің ұзындығы барлық сынақты жасауға мүмкіншілік беруі керек.

6450. Әр арқан дайындалу барысында төмендегі сынаққа ұшырайды: біртұтас арқан — үзіндісі;

Арқанның жеке сымдары — созылымын (уақыттық қарсылығын анықтау), иілімін, айналымын, беріктігін сынақтан өткізу.

Сынаққа алынған сымдардың саны стандартқа сай алынады, бірақ ол жалпы сымдардың 10 % нан кем болмауы керек.

6451. Сынақ келісілінген стандарттарға сай жүргізілуі керек.

Арқанды сынақтан өткізу арнайы үзіткіш машиан қолданылады, қысқыштардың арақашықтығы 50 диаметрден кем емес. Егер сынақ кезінде қысқыштан 50 мм ден кем қашықтықта арқан үзіліп кетсе, сынақ қайталанады.

6452. Сынақтың нәтижесі стандарттар талабына сай болуы керек.

6453. Егер арнайы арқаның беріктігін сынақтан өткізетін жабдық болмаған жағдайда, арқаның барлық сымдарын созу арқылы сынақтың нәтижесімен төмендегі формуламен есептеуге болады F , кН,

$$F = c \sum_{i=1}^i \left(\sum_{m=1}^m F_m \right) n / z,$$

(932)

c — арқаның сымдарының беріктігін анықтайтын коэффициент, стандартпен талап етілетін арқаның үзіліс талпынысының арқаның бүкіл сымдарының жалпы үзіліс талпынысына қатынасы;

i — бірдей диаметрлі сымдар тобының саны;

m — әр топтан диаметрден алынған сынақтан өткізу сымдардың саны, Кеме қатынасының тіркелімімен келістірілген талаптарға сай;

F_m — ең үлкен ауыртпалық, бір сымды сынақтан өткізу барысында үлгінің бүлінуіне алып келетін кН;

n — әр топта диаметрден құралған сымдардың саны;

z — әр топтан диаметрден алынған сынақтан өткізу сымдардың саны.

4-параграф. Байқау. Таңбалалу және құжаттар

6454. Арқаның құрылымның, диаметрінің және басқа параметрлерінің стандарттарға сай болуы визуалды байқаудан және өлшемнен өтуі керек.

6455. Орауды жою немесе айналынбайтын арқаның ширатылған бөлігін пісіру барысында орау және сым айналып кетпеуі қажет немесе айналғаннан соң оңай бастапқы қалпына келе алуы қажет.

6456. Арқаның диаметрін өлшеу тартылып тұрмаған арқанда екі қарама қарсы ораудың ортасындағы осьте екі күйінде орындалуы тиіс.

Арқаның диаметрі есептегіден 6 % дан артық аспауы керек.

6457. Арқаның қолнылуына кедергі ететін арқаның үстіңгі бетінде оруларды айналдыру, қызылстыру, коррозия және ораудағы сымдардың үзігі болмауы керек.

6458. Бірдейлендіру, таңбалау және берілетін құжаттар осы Қағиданың 575-тaraуының талаптарына сәйкес келеді.

Ескерту. 6458-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.

596-тарау. Коррозияға төзімді (tot baspaityn) болат

Ескерту. 600-тaraудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.

1-параграф. Жалпы талаптар.

Сынақ көлемі. Таңбалау және құжаттар

6459. Бұл талаптар коррозияға қарсы тұратын (tot baspaityn) болат туралы, дайындалу кезінде Кеме қатынасының тіркелімімен қуәландыруға жататын, Қағиданың басқа бөлімдеріндегі талаптарға сай және мынадай қолданысқа пайдалану үшін:

жүк тасымалы құрылымдар және қысыммен және қысымсыз істейтін технологиялық сыйымдылықтар үшін, химикаттарға арналған құбыр мен жүйелерге, мұнай заттарына, сұйытылған газдарға және тұщы суға, дезактивациялайтын еретінділерге т.б.;

корпустық құрылымдарға;

машина жасауға арналған бүйімдар үшін;

Теңіз суымен әрекетке түсетін коррозияға қарсы тұратын болаттан жасалған бүйімдар үшін электрохимиялық сақтау қолданылуы тиіс.

Бұл тарау табақ және сұрыпталған прокат туралы талаптарды қамтиды, мартенситтік (M), мартен-ситті-ферриттік (MF), ферриттік (F), аустенит-мартенситтік (AM); аустениттік (A) және аустенит-ферриттік (AF) кластардан тұратын коррозияға қарсы тұра алатын болаттан жасалған құбырлар мен соғылма жұмыр темірлер туралы.

Болаттың белгілері халықаралық мойындалған стандарттарға негізделеді.

Ұлттық белгілемелер ресейлік стандарттарға сәйкестендірілген.

6460. Коррозияға қарсы тұра алатын болат Кеме қатынасының тіркелімінің техникалық бақылауымен осы Қағиданың 6102-тармағына сай мойындалған мекемеде дайындалуы керек.

Кеме қатынасының тіркелімінің талабына жауап беретін материалдар Кеме қатынасының тіркелімінің куәлігімен тапсырып беріледі.

Мекемені қуәландыратын Кеме қатынасы тіркелімі қызметкері мекемеде өндіріс дүрыс болмаған жағдайда, болаттың маркасы, балқыма нөмірі, химиялық құрамы мен

құжаттамалары көрсетілген кесек пен дайындауда зауыттың сертификаттары тапсырылуы керек.

6461. Шірімейтін болаттың химиялық құрамы, механикалық қасиеті және немесе тапсыру жағдайы осы талаптарға сай келмесе, әр жағдайда Кеме қатынасының тіркелімінің арнайы қарауынан өтеді, болаттың қандай қолданысқа арналғанына қарап толық зеттеу жұмысын жасайды.

6462. Кристаларалық, тесік, питтингті коррозияға қарсы тұратын сынақ, сонымен бірге металлографиялық зерттеу, а-фазаның анықталуы Кеме қатынасының тіркелімі стандарттары мойындаған тәсілдерге сай орындалады.

6463. Химиялық құрамы және механикалық қасиеті

Коррозияға қарсы тұратын және қоршаған ортаның әсерне төтей алатын болаттан жасалған жартылай өнімдердің химиялық құрамы, механикалық қасиеті осы бөлімнің талаптарына және ұлттық және халықаралық стандарттарға, Кеме қатынасының тіркелімі мойындаған арнайы құжаттамаларға жауап беруі керек.

Әр балқымаға анықталған коррозияға қарсы тұратын болаттың химиялық құрамы Кеме қатынасының тіркелімінің осы бөлімнің 580-қосымшасындағы талаптарға жауап беруі керек. Қажет болған жағдайда Кеме қатынасының тіркелімінің талабымен химиялық құрамына арналған сынама тікелей жартылай өнімнен алына алады (табак, шындалған темір).

Түрлеріне қатысты өзгеретін жартылай өнімдердің механикалық қасиеттеріне талаптар Қағиданың осы бөлімнің 582, 583, 584 және 586 қосымшаларында көрсетілген.

6464. Жеткізілім жағдайы

Барлық жартылай өнімдер термиялық өндеуден өткен күйінде жеткізіледі.

Термиялық өндеудің тәртібі Кеме қатынасының тіркелімінің құптаған стандарттарына сай немесе басқа нормативті-техникалық құжаттарға сай анықталады.

Егер стандарттарда термиялық өндеу тәртібі көрсетілмесе, онда дайындаушы мекеме өзі анықтайды.

Термиялық өндеу тәртібі немесе түрі жартылай өнімге арналған сертификатта көрсетіледі.

6465. Сынама сұрыптау

Сынақ жасау үшін сынама жартылай өнімнің денесінен алынады.

Шындалған темір үшін бөлек соғып шығарған сынама, сынапқа ұсынылған жартылай өніммен бірдей металдан жасалған және сондай деформацияланған, қолданылады. Мұндай жағдайда сынаманың қалыңдығы және диаметрі шындалған темірдің максималды өлшемінен 25 % дан көп емес өзгешеленуі мүмкін.

6466. Үлгіні дайындауға сынаманы термиялық өндеудің барлық түрі біткеннен кейін кесіп алу керек.

Бөлек соғып шығарған сынама сынамаға ұсынылған шындалған темірмен бірдей торда барлық технологиялық қызудан өтуі және термиялық өңдеуден өтуі керек.

Сынаманың мөлшері қосымша және мүмкін болатын қайта сынап жасауға жетуін қамтамасыз етуі керек.

Егер басқа нұсқаулар көрсетілмесе, онда төмендегі түрмен сынапқа сынама алынады:

Прокат — осы Қағиданың 586-тарауының 5-параграфына сай.

Екпінді ілім үшін сынама үлгілірдің бойлық осі соңғы прокаткаға перпиндикуляр жататындаған етіліп кесіліп алынады. Профилді және сұрыпты болаттар үшін бойлық үлгілер қарасытырылы береді. 40 мм дейінгі (диаметр, квадраттың жаңы, сзылыған дөңгелек диаметрі) жартылай өнім үшін үлгінің осі жартылай өнімнің осіне сәйкес болуы керек.

Шындалған темір — осы Қағиданың 6311-тармағына сай, кесектің көбею жағынан сынама алынады. Кеме қатынасының тіркелімінің келісімімен шындалған темірдің сыртқы жағынан 1/3 радиусты немесе 1/6 диагональді қашықтықта, немесе шындалған темірдің центрінен сынама алынуға болады.

Құбыр — Қағиданың 588-тарауының 5,6- параграфтарына сай.

Кристаларалық коррозияға қарсы тұру беріктігін сынай үшін созылым сынагына алынатын сынамаға үқсас.

Сынама сұрыптауы және үлгілердің кесіндісі нұсқада көрсетілуі керек және Кеме қатынасының тіркелімі қызметкерімен келістірілуі керек.

жасап шығарушының дәнекерлегіш құралдарын пайдалану аймағы, негізгі құралдың (түрі) категориясын қосқандағы, дәнекерлеу тәсілі, дәнекерлеу жағдайы, термоөндеу және қолданудағы басқа жағдайлары (тәменгі температурада дәнекерлеу жұмыстарына қойылатын шектеулері);

қолданылуы туралы инструкциялары/рекомендациялары (дәнекерлеу тоғы, қарама-қарсылығы, қыздыру және кептіру режимі т.б.)

дәнекерлеу құралын халықаралық стандартта және ұлттық стандартта сапасын бағалау;

дәнекерлеу құралының маркировкасы мен орау тәсілі;

сапасын бағалаушы басқа қоғам немесе техникалық бақылау мекемесінің мақұлдаған құжаттың жасап шығарушыда болуы;

сынақ өткізуге лаборатория және сынақ өткізу мерзімін ұсыну.

Кеме қатынасының тіркелімінің қарауына және мақұлдауына жататын техникалық құжаттар;

жасап шығарудың және сапасын бақылаудың техникалық жағдайы және технологиялық инструкциясы;

жасап шығаруышының дәнекерлегіш құралды, жасап шығарған затты сипаттайтын құжаты;

дайындаушы-мекеменің каталогының соңғы бастырып шығарылуы

6933. Дәнекрелегіш құралдарды қолдау мақсатында сынақтан өткізу және берілген құжатты растау мақсатында жылма-жылдық сынақты өткізу Кеме қатынасының тіркелімінің уәкілінің қатысуымен жасалынады.

Сынақ кезінде, жасап шығарушы дәнекерлегіш құралдарының Кеме қатынасының тіркелімі тарапынан қойылған талаптарға лайықтылығын, макұлдануға ұсынылған немесе макұлданған құжатты дәлелдеуі керек.

6934. Куәландыруға дейін мекеме Кеме қатынасының тіркеліміне табыс етуі керек;

өнімді дайындау технологиясы туралы кішігірім мәлімет, негізгі технологиялық жабдықтау тізбесін және оның сипаттамасын;

ішкі системаны ұйымдастыру туралы құжатты мекемеде өнімнің сапасын қамтамасыз етуді;

дәнекерлегіш құралды дайындауға жабдықтаушы туралы мәліметті, шикі затты жеткізіп беру туралу сипаттайтын құжатты, немесе жартылай фабрикатты.

6935. Дәнекерлегіш құралдарды сынау нәтижесі онды қорытындылы болғандықтан, сонымен қатар дайындаушы-мекеме тарапынан куәландыру нәтижесі бойынша Кеме қатынасының тіркелімі дәнекерлегіш құралдарына қолдау көрсету туралы құжат береді

6936. Кеме қатынасының тіркелімінің қолдауын алған, дайындаушы-мекеме өзіне дәнекерлеу құралдарын сынақтан өткізу процесі кезінде құрамы және өзіне тендік қасиеті қандай болса, өндірілген заттың құрамында сол қасиеттер сәйкес болатынын жауапкершілік алады (осы Қағиданың 6946, 6947-тармақтары).

6937. Дайындаушы өз каталогтарында және сыртқы орау қорабында (этикеткасында, ярлығында) Кеме қатынасының тіркелімі тарапынан макұлданғанын көрсетіп: "Макұлданы РС" макұлдау Куәлігіне сай, дәнекерлеу құралының қай категориясына жататынын жазу керек. Сонымен қатар каталог пен сыртқы қорабында басқада мәліметтер, дәнекерлеу құралының сақталыну шартымен, қолданылу шарттары көрсетіліп жазылуы керек.

6938. Дәнекерлеу құралдарын макұлдаудың ерекше жағдайларына мыналар жатады;

дайындаушы-мекеменің дәнекерлегіш құралдарының құрамының лайықтылық категориясын жоғарылату/қайта қарау мәлімдемесі бойынша;

дәнекерлегіш құралдарының халықаралық немесе ұлттық стандартқа сай деп макұлдауға;

дәнекерлегіш құралдарының құрамдарының өндіруші тарапынан кепілдегендей лайықтылығын макұлдауға, асыруға немесе қосымшалауға Кеме қатынасының тіркелімінің қафіда талабымен немесе лайықты стандарттардың, талабымен;

лицензиялық негізде немесе еншілес кәсіпорындарда шығарылған дәнекерлегіш құралдарын бас фирманиң мақұлдауы;

тұтынушының-мекемесінде орындалған дәнекерлеудің технологиялық процесстерін Кеме қатынасының тіркелімі мақұлдаған кезінде, дәнекерлегіш құралдарын сынақ негізінде мақұлдауға, таптастырғыш қоғаммен немесе техникалық бақылау ұйымымен атқарылған дәнекерлегіш құралдарының сынау нәтижесімен мақұлдауға;

таптастырғыш қоғаммен немесе техникалық бақылау ұйымымен мақұлданған дәнекерлеу құралдарын қолданудың бір жолғы рүқсатнамасы,

6939. Дайындаушы-мекеменің мәлімдемесі негізінде дәнекерлегіш құралдарының категориясын көтеруге сынақ өткізіледі, және әдеттегідей, дәнекерлегіш құралдарын мақұлдау туралы құжатын растау кезіндегі жылдық сынақтар Дәнекерлеудің технологиялық процесстер сынақтары ымен қатар қолданылуы тиіс. Дәнекерлегіш құралдарының категориясын көтеру сынақ көлемі осы Қағиданың 637-641-тар мақтараты талабына сай болуы тиіс.

6940. Дәнекерлегіш құралдарының ұлттық немесе халықаралық стандартқа лайықтылығы Кеме қатынасының тіркелімі тарапынан, әдеттегідей төменде көрсетілген жағдайларда жасалынады:

дайындаушы- мекеме тарапының сұранысымен;

егерде, Кеме қатынасының тіркелімі Қағиданысында дәнекерлегіш заттарға деген талапта жеке ескертілмеген жағдайда.

Дәнекерлегіш құралдарды мақұлдаудағы сынақтан өткізу көлемі мен рәсімі осы жағдайда стандарттар талабымен сай болуы тиіс.

6941. Дәнекерлегіш құралдарының құрамы дайындаушы кепілдеме берген құрамымен сай болуын Кеме қатынасының тіркелімі мақұлдаған жағдайда, Кеме қатынасының тіркелімінің Қағида талабын қосымшалауға немесе талаптан асып кету және/немесе лайықты стандарттардан, дәнекерлеу құралдарын мақұлдау Куәлігінде тиісті жазба жазылады. Өзіне тән деңгейі сынақ нәтижесімен дәлелдеуге жатады.

6942. Егерде, дәнекерлегіш құралдары бір сауда маркасымен дайындаушы мекеменің бірнеше өндірістік филиалдарда жасалынса, осы дәнекерлегіш құралдарын мақылдау барысындағы толық көлемдегі сынақ, осы өндіруші бөлімшелердің тек қана біреуінде ғана жасалуына болады. Басқа өндірістік филиалдарында (еншілес фирмаларында) Кеме қатынасының тіркелімінің келісімімен сынақ көлемінің кемітілуін ең азға дейін азайтуға болады, сынақтар дәнекерлегіш құралдарын мақұлдау туралы құжатын растау кезіндегі жылдық сынақтарға сай.

Дайындаушы-мекеме, құралдардың құрамы жағынан, дайындау тәсілі жағынан, және өзіне тән дәнекерлеу-технологиялық қасиетінде бірдей екендігі туралы мәліметтерді Кеме қатынасының тіркеліміне табыс етуі керек,

Кеме қатынасының тіркелімі кез келген, күмән туғызатын жағдайда сынақ көлемін арттыруға талап қоя алады.

Жоғарыдағы көрсетілгендер дәнекерлегіш құралдарын лизензиялық жолмен өндірушілерге де тән.

Егерде дәнекерлегіш құралдарын "сым темір - флюс" деп үйлестіру үшін, флюстің бір маркасы бір фирманиң бірнеше өндірістік филиалдарынан келіп түскен дәнекерлегіш сым темірлермен қолданылады, флюстің осы маркасы жабдықтаушылардың біреуінің дәнекерлегіш сым темірімен қолданылып сыналса, сынақ нәтижесі бойынша Кеме қатынасының тіркелімі тарапынан флюс мақұлдануы мүмкін, мына келісушілікте, егерде барлық жабдықтаушылар сым темірді, бірдей егжей-тегжейін ашу тәсілімен дайындаста және жабдықтаса.

6943. Дәнекерлеудің технологиялық процесстер сынақтары негізінде дәнекерлегіш құралдарына мақұлдау алу (осы Қағиданың 16-бөлімінің 6-кіші бөліміндегі) дәнекерлегіш құралдарын тұтынушы, дайындаушы-мекеменің тап сол жұмыс түрі тапсырмасына ие болуы керек(сынақтарды қатар қолдану).

Сонымен қатар дәнекерлеудің технологиялық процесстерін мақұлдаудағы сынақтар бағдарламасы балқытылған металлдың қасиетін анықтаудағы сынауды қосу арқылы ұлғайтылуы тиіс.

6944. Егерде дәнекерлегіш құралдары басқа таптастырыш қоғамнан мақұлдау алса, Кеме қатынасының тіркелімінен мақұлдау алу кезіндегі керекті сынақ көлемі, дәнекерлегіш құралдарын мақұлдау туралы құжатын растау кезіндегі сынақтар көлеміне дейін қысқартылуы мүмкін.

Осы жағдайда, Кеме қатынасының тіркелімі мақұлдауын алу мәлімдеме қосымшамасына жасалынған сынақтардың жан—жақты есебінің көшірмесін қоса табыс ету керек.Сынақтың көлемі мен нәтижесі осы бөлімнің талабына сай болуы тиіс.

6945. Өзге жағдайларда, Қағиданың 6944 тармағындағы талаптары орындалған жағдайда, дәнекерлегіш құралдары басқа таптастырыш қоғаммен мақұлданған болса, бірақта Кеме қатынасының тіркелімі мақұлдауы туралы құжаты болмаса, Кеме қатынасының тіркелімі дәнекерлегіш құралдарын қолдануға рұқсат ететін бір жолғы рұқсатнама беруі мүмкін, бұндай рұқсатнама шектеледі;

қолданылатын құралдар көлемі жағынан;

пайдаланатын объектілермен;

пайдаланудағы уақытымен.

Сонымен қатар, Кеме қатынасының тіркелімі тұтынушы-мекемеде дәнекерлегіш құралдарына өзіне көлемнің балқытылып құйылған металдың өзіне тән қасиетін анықтауда сынақ өткізу талабын қою құқығын өзіне қалдырады, нәтижелері хаттама түріндегі формада Кеме қатынасының тіркелімі бекітуімен рәсімделеді.

2-параграф. Мақұлдаудың келісілген шарты

6946. Кеме қатынасының тіркелімінің бақылауымен өткізілген сынақ нәтижесі бойынша, дәнекерлеуші құралдарды мақұлдау туралы құжат 5 жылға дейінгі мерзімге беріледі және жыл сайын құптауға жатады.

Дәнекерлегіш құралдарын мақұлдау туралы құжатын құптау кезіндегі сынақтар ара қашықтығы бір жылда өткізіледі, мақұлдау туралы құжатын құптау сынақ өткізілген жылға жатқызылады. Сынақтың аяқталу мерзімі деп ағымдағы календарлық жыл есептеледі.

Құптаудың шарты орындалмаған жағдайда, мақұлдау Сертификатының әрекеті тоқтатылып, онда көрсетілген дәнекерлегіш құралдары, Кеме қатынасының тіркелімі куәландыруға жататын конструкцияларды дайындауға қолдауға болмайды.

Дәнекерлеу жұмыстарын мақұлдау құжат әрекетінің мерзімі аяқталған соң, Кеме қатынасының тіркелімі тарапынан әдеттегідей, құптауға керекті көлемдегі сынақ өткізілген соң қайтадан рәсімделуі мүмкін. Мақұлдау құжаты әрекеті мерзімінен бұрын тоқтатылса, оны қайта рәсімдеу үшін дәнекерлегіш құралдарын мақұлдауға арналған сынақ көлеміне тең болатын көлемдегі сынақ өткізу арқылы болады.

Егерде кәсіпорын, Кеме қатынасының тіркелімі таныған сапа жүйесіне ие болса және сапа жүйесін қолдап тұрса, онда Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкері сынақ кезіндегі қатысуы сынақ қорытынды нәтижесімен ауыструына болады, кәсіпорынның өнім сапалығын қолдап жүрген жүйесі орындалып тұрса.

6947. Дәнекерлегіш құралдарын мақұлдау құжатының әрекет ету мерзімінде Кеме қатынасының тіркелімі дайындаушы –мекемеден алғашқы материалдың және соңғы өнімнің құрамы мен қасиеті туралы сапасының тұрақтылығы туралы, сонымен қатар технологиялық процестің бұлжымауын құптайтын құптау талап етуі мүмкін.

Дәнекерлегіш құралдарын дайындалп шығаратын мекемелерде, дәнекерлегіш құралдарының сапасын нашарлататын, өнімді дайындау технологиясы, оның сапасына бақылау тәсілдері және қабылдауы өзгерген жағдайда, сонымен қатар шикі зат өнімдерін жабдықтаушы мен егжей –тегжейін ашуы өзгерген кезде, Кеме қатынасының тіркелімінің техникалық бақылауымен қосымша сынақ өткізілуі талап етіледі.

6948. Егерде, қанағаттандырылмайтын сападағы қандай да бір дәнекерлегіш құралдары бар, Кеме қатынасының тіркелімі куәландыратын конструкция жасауға қолдану үшін алынған болса, дәнекерлегіш құралдарын мақұлдаған құжат өз күшін жояды. Дайындаушы-мекеме жіберілген кемшіліктердің нәтижесінде сапасыз өнім шығарған себепті, оның болу жағдайын, кемшіліктерді жоюға арналған жеткілікті дәлелдемелерді табыс еткен соң және жаңа сынақтамалар өткізген соңға Кеме қатынасының тіркелімімен мақұлдауды жаңартуға болады.

6949. Егерде, құжатты растау кезінде жасалынған сынақтан жағымсыз нәтиже алынған болса, дәнекерлегіш құралдарының сәйкестігінше алынған өзіне тән қасиеті маңыздылық фактіге негізделгеннен категориясы төмендетілуі тиіс, жаңалаудың алғашқы категориясы дайындаушы-мекеменің шығарған өнім сапасын тұрақтандыру

туралы және құралдарды көтеру мақсатында орнатылған тәртіппен жасалынатын сынақ туралы шара қолданылған соң 3 айдан ерте емес уақытта болады.

6950. Дәнекерлеудің технологиялық үдерістері макұлданып, тұтынушы-мекемесінде орындалған сынақ нәтижесімен, Кеме қатынасының тіркелімі макұлдаған дәнекерлегіш құралдары, дәнекерлегіш құралдарын макұлдау құжатын құптау кезіндегі сынақ, не дайындаушы-мекемеде немесе оның тапсыруы бойынша тұтынушы-мекемесінде өтетін, әдеттегідей сынақ болуы керек.

6951. Дәнекерлегіш құралдарын макұлдау немесе дәнекерлеудің технологиялық үдерістерін макұлдау кезінде, Қағидада регламентелмеген сынақтың талаптар көлемі әр жағдайда Кеме қатынасының тіркелімімен келісілуі қажет.

634-тaraу. Кеме жасау болатының дәнекерлеуіне арналған дәнекерлеу материалдары

Ескерту. 637-тaraудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Жалпы ережелер

6952. Кеме жасайтын дұрыс беріктікті болатты дәнекерелейтін дәнекерлегіш құралдары 1, 2 және 3 категорияларға бөлінеді, кеме жасайтын жоғарылатылған беріктікті болат — мына категорияларға 1Y, 2Y және 3Y, кеме жасайтын жоғарғы беріктікті болат — мына категорияларға 3Yxx, 4Yxx, 5Yxx, (осы Қағиданың 640-тaraуына "xx" индексі балқытылған металлдың және дәнекерлеп біріктірудің беріктігін анықтауға арналған 6 топтың біреуін көрсету үшін қызмет атқарады).

6953. Қорытылған металлдың механикалық қасиеті және KV соққы жұмысы дәнекерлегіш құралдарының тиісті категориялары үшін осы Қағида 656-қосымшасына талабына сай болса ал дәнекерлеп біріктірuler үшін осы Қағиданың 657-қосымшасына талабына сай болуы тиіс.

6954. Корпустық конструкциялары үшін дәнекерлегіш құралдарын тандау осы Қағиданың 640-қосымшасына талабына сай жүргізілуі тиіс.

6955. осы Қағиданың 6962-тармағына сай қорытылған металлда сутегінің араласқан құрамын анықтау талап етіледі, олардың категорияларын белгілеу кезінде мына Н15, Н10 немесе Н5 индекстері болуы керек, осы индекстер сутегінің араласқан құрамы жағынан осы Қағиданың 658-қосымшасына талабына сай болуы тиіс.

Сынақ хаттамасында сутегінің құрамы бар екендігін анықтау тәсілі көрсетілуі тиіс. Қорытылған металда сутегінің араласқан құрамын есептеу 0 $^{\circ}\text{C}$ температураға және 760 мм сынап бағанасы қысымына қайта есептеумен келтірледі.

6956. Дәнекерлегіш құралдарының қайсыбір категориясымен — 25 $^{\circ}\text{C}$ температурада, егерде олар құрамында 0,22 % немесе одан да көп көміртегін қамтитын

дұрыс беріктілік болатты дәнекерлеуге арналса, немесе осы сияқты болатты басқа болатпен дәнекерлеуге, сонымен қатар жоғарғы беріктілік болатты дәнекерлеуге арналса, онда металдың жапсарында және дәнекерленіп біріктіруде сұық сызаттардың жоқ болуын қамтамасыз етуі тиіс. Онда қорытылған металда күкірт пен фосфордың құрамының болуы әркайсының 0,03 % аспауы тиіс.

6957. Мұзбен әсер етілетін корпустық конструкцияларды дәнекерлеуге арналған дәнекерлегіш құралдары (мұзға қарсылығы Агс5 — Агс7 категориясымен қүшеттілген кемелерге және мұз жарғыш кемелерге), осы конструкция категориясына арналған болаттардың дәнекерлеп біріктірілуінің теңіз сұындағы металдық мүжілуіне төзімділігін анықтау сынағынан өтілуі тиіс

6958. Дәнекерлегіш құралдарын дайындаушының сұранысы бойынша, олар онан да жоғарғы категорияға ауыстырылуы мүмкін, егерде олар жыл сайынғы сынақтар нәтижелерімен онан да жоғарғы категория талаптарын қанағаттандырып тұрса.

6959. дәнекерлегіш құралдарын мақұлдау аумағына байланысты оларды шартты белгілеуіне келесі индекстер қосылуы тиіс:

T- дінекерлегіш құралын технологиялы екі мәрте өтетін. Соңғысы, жапсардың әр жағынан бір реттен дәнекерлеп өтуді соның ішінде бір реттік бір шеттікті ойына алып тұр, дұрысын айтқанда негізгі жапсарды пісіруінсіз-қосымша балқытусыз және строжжалар-сүргілеусіз екі реттік екі шеттік қайтарымдық жиынтығымен:

M- технологиялы көп мәрте өтетін дәнекерлегіш құралын;

TM- технологиялы екі мәрте және көп мәрте өтетін дәнекерлегіш құралын;

S – жартылай автоматтандырылған дәнекерлеуге дәнекерлегіш құралдарын мақұлдау;

V- электрошлакты немесе электрогазды дәнекерлеуге дәнекерлегіш құралдарын мақұлдау;

2-параграф. Сынақ кезіндегі жалпы жағдай

6960. Кеме қатынасының тіркелімі дәнекерлеуші құралдарды сынақ процесsei кезінде мақұлдаған кезде жалпы жағдайда анықталулаты керек;

қорытылған металлдың механикалық қасиеті;

жапсар металлының және бетпе-бет біріктіріп дәнекерлеудің механикалық қасиеті;

таңбалашу байқауы кезінде дәнекерлеудің әсерінен жапсар металлының және біріктіріп дәнекерленудің ыстық сызаттар пайда болуына қарсы беріктілігі.

Қағиданың осы бөлігінің талабына немесе дайындаушының тілегіне сай дәнекерлегіш құралдарын мақұлдауда анықталуға жатады;

қорытылған металлдағы сутегінің араласқан құрамын анықтау (осы Қағиданың 6955, 6962-6965- тармақтары);

дәнекерлеу кезіндегі металл жапсарының және дәнекерлік біріктірмелелерінің сұық сызаттардың пайда болуына қарсы беріктігі (осы Қағиданың 6956 және 6965 тармақтары);

6961. Қағиданың осы бөлімінің 6978- тармағы талабына сай дәнекерлегіш құралдарына Қуәлігін құптау кезіндегі жыл сайынғы сынақтар кезінде тиісті дәнекерлегіш құралдарын тексерудің көлемі осы Қағиданың 6988, 6991, 6996, 7002, 7005, 7087, 7008, 7017, 7021- тармақтарындағы талабына сай болуы тиіс.

6962. Қорытылған металда араластырылған сутегі анықтаудағы сынағы қапталған электродтарға және ұнтақталған дәнекерлік сымға сәйкес келесі категорияларында орындалуы тиіс;

2 және 3, бұл қолданылғанда (осы Қағиданың 6955-тармағы) дайындаушы-мекеме мәлімдемесіне сай;

2Y, 2Y40, 3Y, 3Y40, сондай ақ 5Y и 5Y40;

3Y (42/69), 4Y (42/69) және 5Y (42/69).

Дәнекерлеу құралдарында сутегі барлығын сынауға және сыныптау өткізуге талап осы Қағиданың 6955- тармағы талабына сай сондай-ақ дәнекерлеуге арналған сым темір-флюсті байланыстыруды мақұлдауда қолданылады;

мол берікті болаттар (осы Қағиданың 7019-тармағы);

жоғарғы берікті болаттарды ПБУ мен МСП конструкцияларына сәйкес дайындауға.

Сым темірмен (жалпыламай кима)- қорғайтын газды байланыстыруға сәйкес дәнекерлегіш құралдар құрамында араластырылған сутегі құрамын анықтауда осы Қағиданың 6955- тармағына сай сынақ өткізуге және сыныптау ау талап етілмейді.

6963. Қорытылған металда араластырылған сутегі құрамын анықтау үшін сынақ өткізу төмендегі тәсілдерді қолдану арқылы жіберіледі;

ртутты-вакуумдық ISO 3690-1977 стандарттық талабына сай;

вакуумдық ртутсыз ГОСТ 23338-78 талабына сай;

газохроматографиялық Кеме қатынасының тіркелімі келісімімен әдістеме, әдістеме нәтижелері

ISO 3690-1977 стандарт әдістеме нәтижесімен сәйкес болса;

глицериндік Кеме қатынасының тіркелімі келісімімен әдістеме, сынақ өткізу төмендегі көрсетілген талаптарды қанағаттандыру;

6964. Глицериндік тәсілмен араластырылған сутегі құрамын келесі сынақ өткізу тәсіл талабын орындаі отырып анықталуы қажет.

Сынақтарға мына көлемдегі төрт үлгі қолданылады: қалыңдығы -12 мм, ені—25 мм, ұзындығы- 125 мм дей.

Негізгі металл ретінде кеме құрылышында қолданылатын әр түрлі категориядағы дұрыс немесе арттырылған беріктіктері болат қолданылуы мүмкін.

Дәнекерлеу алдында, тегістеуден және майлығынан тазалаған соң, үлгілер 0,1 г. дәлдікке дейін өлшеуі тиіс. 25 мм көлемдегі үлгінің үстінгі бет қабатына жеке

білікшемен 100 мм ұзындықта 4,0 мм диаметрдегі электрод қолданылып ерітінді орындалады. Осы кезде электродтың ерітілген бөлігі шамамен 150 мм ді құрау керек. Дәнекерелу доғаның ең аз ұзындығында және дәнекерлеу ток мағынасы 150 А болғанда орындалады.

Егер дайындаушы, дәнекерлеу алдында электродтарды қыздыруды немесе кептіруді рекомендацияласа ол шарт орындалуы тиіс.

Дәнекерлеу операциясы аяқталған соң 30 секунд ішінде әр үлгі шлактан тазартылып сұтылу үшін 20 °C дан аспайтын температурадағы су құйылған ыдысқа салынуы тиіс

30 секунд ішінде үлгі суда тұрып сұтылуы, жуылып кептірілуі тиіс, онан соң бір нэрсенің көмегімен глицериннің орнын басуға (ығыстырып) араластырылған сутегін жинау үшін аспапқа салынуы тиіс.

Ұнтақталған дәнекерлік сымды сынақтан өткізу кезінде, дәнекерлеу тәртібі дәнекерлегіш құралдарын дайындаушы рекомендациясына сай болуы тиіс және қорытылған металдың қоспасы электродпен дәнекерлеу кезіндегі жабылған қоспамен сай болуын қамтамасыз етуі үшін талдап алынуы керек.

Сынақ барысы кезінде глицеринді ыдыс 45°C температурада сақталынуы тиіс. Барлық төрт үлгі сутегін жинау үшін, дәнекерленіп электродты қатайтқаннан кейінгі және дәнекерлеу шартының орындалуынан соң электродтың қаптама дымқылдылығының алдын ала келісім бойынша жіберілгенде өзгеруі нәтижесінде, сутегінің құрамында қандай болмасын өзгерісті болғызбау кезең уақыт ішінде бөлек ыдысқа салынуы тиіс. Осы уақыт кезеңі, әдеттегідей, 30 минут уақыттан аспау керек.

Үлгілер 45°C температуралы глицеринге салынған қүйінде 48 сағат мерзімдік уақытқа ұсталуы керек, ал осы ыдыстан алынған соң сумен жуылады, спирттеп кептіріліп 0,1 граммға дейінгі дәлдікпен қорытылған метал салмағын білу үшін өлшенеді. Бөлініп шыққан газ мөлшері $0,05 \text{ см}^3$ дәлдікке дейінгі дәлдікпен және ртуттық бағанамен температураға қайта есептеуде 0°C ге және 760 мм қысымға өлшенуі тиіс.

6965. Металл жапсарының және дәнекерлік біріктірменің сұық сываттарға қарсы төзімділігін анықтау Кеме қатынасы тіркелімінің талаптарына немесе стандарттарға сәйкес жүргізіледі.

Кеме қатынасының тіркелімімен келісе отырып басқа тәсілдермен сынақ жүргізуге болады; бұл жағдайда дәнекерлеу, кеме жасау кезінде ұдайы өндіріспен дәнекерлеудей жағдайда жасалынуы тиіс.

6966. Дәнекерлеп біріктіру орнын теңіз сұында металдың мүжілуге қарсы төзімділігі мына тәсілмен тексеріледі, ол Кеме қатынасының тіркелімінің нормативті-әдістемелік мәлімет жиынтағында көрсетілген (үшінші кітеп).

Кеме қатынасының тіркелімінің келісімімен басқада тәсілдермен сынақ өткізуге болады.

3-параграф. Сынама, үлгі дайындау және сынақ нәтижелерін бағалаудың белгісі

6967. Дәнекерлеу құралдарының барлық түрлерімен қорытылған металдың өзіне тән қасиетін анықтау үшін сынамасы кеме жасауға арналған болаттың кез келген категориясынан дайындалады.

Бетпе-бет және таңбалau кездегі біріктіру сынамасы, дінекерлегіш құралының қай түсіне арналған болса болаттың да категориясы тап сол категориядан жасалынуы тиіс. Егерде дінекерлегіш құралы болаттың барлық түсіне арналған болса, бетпе-бет біріктіру сынамасы болаттың ең жоғарғы категориясынан дайындалуы тиіс. Сынама дәнекерлеу температураның қалыпты жағдайында жасалынуы тиіс, оның үстіне келесі қабатты балқытып құю оның алдындағы 250°C ға дейін бірақ ең төменгісі 100°C құйындының сүйнан соң құйылады; дәнекерленген сынамалар термиялық өндөлмеуі қажет.

Дәнекерлеп біріктіру сынамасы Кеме қатынасының тіркелімінің қатысуымен немесе Кеме қатынасының тіркелімі үәкілі қатысуымен жасалынуы тиіс.

6968. Егерде дәнекерлеу құралдары тұрақты және ауыспалы токпен дәнекерлеуге жіберілсе, сынаманы ауыспалы токпен дәнекерлеуге тиіс. Кеме қатынасының тіркелімі дәнекерлеуді тұрақты токпен дәнекерлеуді талап етуі мүмкін.

6969. Қорытылған металды сынау кезінде көлемдері: $d=10\text{ mm}$, $Lo=50\text{ mm}$, $Lc=60\text{ mm}$, $R=$

\geq
5 mm. болатын, осы Қағиданың 500-қосымшасына (а) ХІІІ "Құралдар" бөлігіне сай бойлық пропорционалды көлденең цилиндрлік үлгілер қолданылуы керек.

Бойлық білік дәнекерлеп біріктіру жапсарының ортасына дәл келуі тиіс және; металдың орта тұсында құйылған қалындығы, бірнеше рет дәнекерлеп қайталau технологиясы арқылы орындау қажет;

металдың орта тұсында екі қайтара өтетін қалындығы, екі қайтара технологиясымен орындалған.

Жеке жағдайларда Кеме қатынасының тіркелімімен келісіліп басқа диаметрдегі бес есе бойлық көлденең цилиндрлік үлгілерді пайдалануға болады (10 mm. көп немесе аз) осы Қағиданың 6131- тармағына сай.

Араласқан сутегіні ажыратып алу үшін сынактың алдында үлгілерді 250°C жоғарғы емес температурасында 16 сағаттық мерзімді ұсталымдылыққа жатқызуға болады.

6970. Бетпе-бет дәнекерлеп біріктіруді осы Қағиданың 659-қосымшасына сай созылуға көлденең жазықтықтағы үзінді үлгілері қолданылуы тиіс. Дәнекерлеу

жапсарының жоғарғы және төменгі жақтарындағы үстіңгі бет қабаттары бір нәрсенің көмегімен немесе механикалық өндеумен негізгі металдың үстіңгі қабатына дейін тазалануы тиіс.

6971. Бетпе-бет дәнекерлеп біріктірудің сынамасының майысуын сынауға үлгілері осы Қағиданың 514-қосымшасына сай дайындалуы тиіс. Дәнекерлеу жапсарының жоғарғы және төменгі жақтарындағы үстіңгі бет қабаттары бір нәрсенің көмегімен немесе механикалық өндеумен негізгі металдың үстіңгі қабатына дейін тазалануы тиіс. Созылудың үстіңгі беті қабатының үлгілерінің жиектері 2 мм дейін дөнгелектенуге жол беріледі.

Сынақтың үлгі жақтауының айналасын орамалауды алдын-ала қарастыру тәсілін қолданған жағдайда, үлгі ұзындығы $11a_0$ дан ұзын болуы мүмкін.

Көлденең үлгілердің және жапсарды түп тамырымен үстіңгі бет қабатынан тартып сынау кезінде үлгілердің көлемдері мынандай болуы тиіс:

Бетпе-бет дәнекерлеу сынама қаңылтыр табағының қалындығы

$$a_0 = t,$$

$$b_0 = 30 \text{ мм}.$$

Егерде қаңылтырдың қалындығы 25 мм асатын жағдай болса, онда a_0 қалындығын қысым көрсетілетін аумак (үстіңгі бет қабатын) жағынан механикалық өндеу арқылы 25 мм ге дейін кемітуге жол беріледі.

Көлденендік үлгілерді жанына қарай майысқақтығына сынау кезінде үлгілер көлемі болу керек:

$$a_0 = 10 \text{ мм},$$

бетпе-бет дәнекерлеу сынамасының қаңылтыр табағының қалындығы $b_0 = t$.

Соңғы жағдайда қаңылтыр қалындығы $t=40$ мм болған жағдайда үлгіні b_0 жалпақтығын 20 мм кем емес етіп екі бөлікке бөлуге болады.

Бойлық үлгілердің майысуына сынақ кезінде олардың көлемі Регистрмен қоысмаша келісушілікті талап етеді.

6972. Балқытылған металдың жұмысын анықтау мен дәнекерлеу металдың түйістірілген жері V-пішіндес кесіктегі мысалындағыдей, осы Қағиданың 582-тарауының 2-параграфының талаптарына сай болуы қажет.

Көпжолды технологиясымен орындалған, үлгідегі кесіктердің кестесі балқытылған металл сынамасына және дәнекерлеудің түйістірілген жері 263 суретіндегі талаптарға сай болуы қажет.

Екіжолды технология арқылы орындалған байқау кезіндегі дәнекерлеу байланыстары осы Қағиданың 660-қосымшасына кесіктердің кестесіне сай болуы қажет.

6973. Егер иілімнің бұрышы үш қалындығына тең үлгісіндегідей 120^0 бұрылса, иілімдегі байқау қанағаттандырылады, үлгідегі созылған беткейде жарық пайда болмау керек. Жоғарғы қабаттағы 3 мм ұзындықтағы жарық ескерілмейді.

6974. Егер созылымға арналған сынақ үлгілерінің нәтижесі және иілім талаптарға сай жауап бермесе, қайталама байқауды екі еселенген үлгіде өткізу қажет.

6975. Соқпа бөліміндегі иілімге байқау жүргізу үшін үш үлгіні алу қажет. Соқпа бөлігінен алынған жұмыс орташа мағынада осы Қафиданың 660 және 661-қосымшасына сай болуы қажет. Алынған жұмыстың соқпа бөлігі бір үлгісіндегі талап етілген жалпы мағынадан төмен болуы мүмкін, бірақ берілген мағынасынан 70% төмен болмауы қажет.

Байқаудан өткізіліп жатқан үлгінің температурасы +2 ҮС-да бақылауында тұруы қажет.

6976. Қайталама сынама осы Қафиданың талаптарына сай болуы қажет.

Қайталама бақылаудың мүмкіндіктерін орындау шешімін және оның көлемінің қорытындысы Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкерімен келісе отырып анықталады, бірақ кез-келген жағдайда үлгілер балқытылған соқпа бөлігінен алынуы қажет, он нәтиже алынған байқаулар толық көлемде өте алады.

Алғашқы үш қорытынды нәтижелері және қосымша үлгілердің жауаптары қанағаттанбаған жағдайдағы алдағы уақыттағы байқаулардың өткізілуі тек қана Кеме қатынасының тіркелімінің келісімімен анықталады. Сонымен қатар, байқауларды жүзеге асыру үшін дәнекерлеу жаңа сынамадан, ал оның көлемі алғашқы сынақта қарастырылған байқаудың түрлерін және он нәтижелі қорытындыны қамтамасыз етуі қажет.

6977. Егер нашар дәнекерленген таңбалы байқаудың жоғарғы қабатта және ішкі қабаттағы жарықтар болмаса, үлкендеу ұсақ тесіктері болмаса, ыстық жарықтағы байқаудың нәтижелері қанағаттандырады.

6978. Тастай жарықтарға өткізілген байқаулардағы қорытынды баға тиісті қабылданған Кеме қатынасының тіркелімінің тәсілмен өткізіледі.

6979. Берік біріктілген дәнекер көлдің судағы коррозиясына қарсылығын, металл жік коррозиясының орташа жылдамдылығын және терминалық зонаның әсерін анықтау үшін байқау жауаптарына негізделген. Сонымен қатар, коррозия жылдамдығының қатынасы дәнекерлеу элементтерінің ара қашықтығы 0,9-1,1 шегінде болуы қажет.

4-параграф. Қолдан жасалынған дүғалық дәнекерлеу үшін электродтарды сынай

6980. Балқытылған металл сынагы.

Төмендегі тұрғыда екі сынаг балқытылған болуы қажет, сонымен қатар, біреуінің балқытылып жатқан электродтарының диаметрі 4мм және екіншісінің диаметрі

анағұрлым көбірек болуы қажет. Егер электродтар бір диаметрден жасалынса, бір ғана байқаудың жүргізілгені жеткілікті.

Балқытылған металдың сынағы осы Қағиданың 662-қосымшасына сай болуы қажет.

Жік бірнеше қабаттардан жасалынуы қажет. Әр еріген металл қабатын біріншісіне қарама-қарсы қую керек және сол қабаттың қалыңдылығы 2мм немесе 4мм кем болмауы қажет. Нәтиженің қорытынды жауабы осы Қағиданың 656-қосымшасына сай болуы қажет.

6981. Дәнекердің қосылған жерінің сынағы.

Әр дәнекердің қосылған жерінің қасиетін анықтау үшін (төменгі, жоғарғы, төменнен жоғарыға қарай тік түскен, жоғарыдан төменге қарай тік түскен, көлдененен тік түскен жазықтық), бір электрод тең келерліктең және бір ғана байқауда балқытылуы қажет. Төменгі және төменнен жоғарыға қарай тік түскен қабат, көлдененең тік түскен жазықтық Кеме қатынасының тіркелімінің келісімімен тағайындалғандай балқытылуы қажет.

Егер балқытылатын электродтар төменде ғана өткізілсе, дәнекер екі рет жүргізілуі қажет.

Балқытылған металдың сынағы осы Қағиданың 663-қосымшасына сай болуы қажет.

6982. Төменгі қабат. Бірінші өтетін жерде электродтардың диаметрі 4мм, болаттан жасалған (соңғы екі қабатты қоспағанда) электродтардың диаметрі 5мм болуы қажет.

Соңғы екі қабаттың өтетін электродтар диаметры барынша ұзын болуы шарт.

6983. Төменгі орындағы (екінші сынақ төменгі қабатты қажет етеді). Бірінші жолдағы электродтардың диаметрі 4мм, келесі – электродтар диаметрі 5 немесе 6 мм, қалған жолдары – максималды диаметрде болуы шарт.

6984. Көлденең орын. Бірінші өтетін жолдағы электродтар диаметрі 4 немесе 5мм, келесілері – электродтар диаметрлері 5мм болуы шарт.

6985. Төменнен жоғарыға қарай тік түскен және жоғарғы жазықтық. Егер ұсынылған диаметрлер балқытуға арналған болса, бірінші өтетін жолдағы электродтар диаметрі 3,25 мм, ал қалғандарының электродтар диаметрі 4 немесе 5 мм болуы шарт.

6986. Жоғарыдың төменге қарай тік түскен жазықтық. Электродтар диаметрі және дәнекердің қосылған жерінің сынағы ұсыныс бойынша жасалынады.

Қайналынған жік электродтар диаметрі 4 мм, түбін кесіп алынғаннан кейінгі жүк металы бастапқы жіктегіндей дәнекердің сол қалпында қалады.

Сынақтың нәтижесі осы Қағиданың 657-қосымшасына сай болуы қажет.

6987. Жік металының беріктілігін байқау және дәнекердің қосылған жеріне қарсы ыстық жарықтың пайда болуы.

Үш таңбалы байқаудың беріктілігін ыстық жарғаққа төтеп бере алатындығын анықтау үшін осы Қағиданың 665-қосымшасына балқытылуы қажет.

Әр түрлі электродтардың диаметрін мүмкіндік болғанша сынақпен дәнекерлеу қажет.

Төменгі жиекте тік орналасқан пластиналар біркелкі және тығыз екінші жазықтықтағы пластинаға айдалынған болуы шарт. Жазықтықтың біркелкіліксізділігі дәнекерлеуге дейін жөнделуі қажет. Майысқан жерлерін жабу үшін төменгі пластинаға қосымша үш көлденең қабат жабыстырылуы қажет.

Дәнекерлеу "қайықта" өндірілуі қажет. Бұрышта орналасқан жіктер бір ғана жолды және максималды түрде электрлердің жасалуымен және шығарылуымен тоқ орналасуы қажет.

Бірінші жік біткеннен кейін тез-тез екінші жікті бастау қажет. Ол бірінші жік біткен жерден бастап жалғасуы шартты. Екі жік те ешқандай тербелімсіз, тез қарқынды жылдамдықпен жылжып отыруы қажет.

Дәнекерлердің байқау сынағына арналған электр тоғының ұзындығы (осы Қафиданың 663-қосымшасына), осы Қафиданың 664-қосымшасына көрсетілгендей болуы қажет.

Дәнекерлеуден кейін жіктен қожды алып тастау керек. Толығымен кепкен жікті қарап шығып немесе оны қатаң бақылауға алып жарықша пайда болмауын қарau керек.

Бірінші валикті алып, темірқашаумен кесіп алып тастайды. Ал екіншісін жіктің түбі шығып кетпейтіндей ақырын ғана алу қажет.

6988. Дәнекерлеу материалдарын категорияға сай бақылау құжатын электрлердің мақұлдау нұсқауымен және осы Қафиданың 6989,6990-тармақтарына сай орындау қажет.

6989. Қолдан жасалынған жыл сайынғы доғалық дәнекерлеудегі электрлерді бақылау программысы балқытылған металды екі рет байқау осы Қафиданың 6989-тармағына сай өзінің ішіне кіргізуі қажет. Кеме қатынасының тіркелімінің көлемдік байқаудағы талабына сай төменгі қабаттағы дәнекерлеу және жазықтықтағы сынақ балқытылған металл электрінің диаметрі 4 мм болуы тиісті. Сонымен қатар, сынақтағы дайындалып жатқан соқпа бөлігінде иілім рүқсат етіледі.

Жыл сайынғы электрді сынақтан өткізуде сутектің НН және ННН индексі бар диффузиялық сутек, осы Қафиданың 6962-6964-тармақтарына сай Кеме қатынасының тіркелімінің талабымен тексеру өткізіліп түрады.

6990. Қосымша электрдің категориясын көтеру үшін жыл сайын өткізілетін сынақ материалдарды мақұлдау құжат осы Қафиданың 6988-тармағына сәйкес келісімді қосылған жерлерін дәнекерлеуге сынақ өткізілуі міндетті. Сонымен қатар, төмендегіні басқару керек:

1) Егер категорияға қатысты температура жоғарыласа, соқпа бөлігіндегі иілімнің қаттылығы қосымша соқпа бөлігіндегі иілімнің мақұлданған құжатқа сай болуы қажет.

2) Электродтардың категориясы жоғарылағанда, оның беріктілігін, дәнекерлеудің қосылған жерін толық көлемде осы Қафиданың 6981-6986-тармақтарына сай қайтадан қарау қажет.

5-параграф. Бұрыштық тігісті дәнекерлеу үшін арналған электродтар сынағы

6991. Бұрыштық тігісті дәнекерлеу үшін арналған электродтар сынағы, сонымен қатар дәнекерлеу ыңғайымен және жерде жатқан электродтарға төмендегідей сынақтар қарастырылады:

Балқытылған металдың қасиетін осы Қағиданың 6980-тармағына сай анықтау;

Таңбалы қосылыстың сынағы;

Сүтектің осы Қағиданың 6962-6964-тармақтарына сай анықталуы;

Таңбалы қосылыстағы дәнекер әр орында дәнекерленген. Қарастырылған электродтар (төменгі, төменнен жоғары қарай тік жазықтық, жоғарыдан төменге қарай тік жазықтық, жоғарғы жазықтық). Электродтардың диаметрін пайдалана отырып, сынақты дәнекерлеу қажет. Сынақтың ұзындығы кем дегенде жікті орындауға жету керек, сонымен қатар, балқытқан кезде толық қамды бір электрод ала алуымыз қажет. Сынақ жүргізгендегі бірінші жіктің электророжтар ұзындығы максималды болуы қажет, ал екінші жіктің диаметрі минималды түрде балқытылуы қажет.

Барлық үш жердің енінен 25мм көлемінде үш күрделі тілімтас жасалынуы қажет.

осы Қағиданың 666-қосымшасына сай күрделі тілімтастарға берік металл жігі өлшенуі керек, сонымен қатар, таңбаның әсері және басты металды ескерту керек.

Металл жігінің орташа беріктігі және таңбаның әсерінің аймағы кеме жасаудағы дәнекерлеу кезінде болаттың беріктілігі 350 HV (Виккерс беріктілігі, қуаты 100Н) асып кетпеуі керек.

Сынақта кездесетін сынған жерді темірқашаумен алып тастау керек, сонымен қатар, жіктің түбі созылғанына көз жеткізу керек. Жіктегі сынған жерде ешқандай жарғақ, тіпті ұсақ-ұсақ тесіктер де көрінбеуі қажет.

Жыл сайынғы электродтардағы материалдарды, жіктердің бұрыштарын макұлдауға арналған құжат үқсас Қағиданың 6988-тармағына сай болуы қажет.

Сонымен қатар, механикалық дәнекерлеуге электродтардың қауіпсіздігіне макұлдау қағазын алу. Бірінші сынақ кезіндегі электродтар көлемінің диаметрі шектеледі.

Бұрыштағы жіктерді дәнекерлеу кезінде жоғарғы категориядағы электродтірді сынаққа алу кезінде төмендегідей міндеттер орындалады:

Талаптардың өзгерген жағдайында сынақтағы соқпа бөлігінің температурасы, дәнекерленген металдың температурасы жаңа категорияға сай болуы қажет (яғни, жыл сайынғы өтетін сынақтағы көлемнен асып кетпей);

Электродтардың беріктілігіне сынақты қайтадан жүргізген жағдайда оның толық көлемді қамтуы және бірінші реттікке арналған макұлдаумен сай болуы.

6-параграф. "Сым — флюс" қосылыстарын сынау

6992. Нагыз талаптарға сай "сым — флюс" автоматтық көпжолды және екіжолды дәнекерлеуге арналған.

Егер байланыс екі тәсілге арналса, әр қайсысына сынақты жеке-жеке өткізу қажет. 6993. Көп өткелді дәнекерлеуге арналған қосылыстар. Балқытылған металға сынақ осы Қағиданың 658-қосымшасына сай байқау төменгі жолда балқытылуы қажет.

Әр қабаттан кейінгі дәнекерлеуге екінші қабаты қарсы бағытта балқытылуы қажет. Әр қабаттың қалындылығы сымның қалындығынан кем болмау керек, яғни 4 мм кем емес.

6994. Қосылған жерін дәнекерлеуден сынаққа байқау. Төменгі қабаттағы байқау осы Қағиданың 667-қосымшасына сай болуы қажет. Байқаудың қорытынды үлгілері осы Қағиданың 666-қосымшасына және осы Қағиданың 656-қосымшасына талаптарға сай орындалуы қажет.

6995. Екіжолды дәнекерлеуге арналған байланыстыру. осы Қағиданың 669-қосымшасына сай балқытылуы қажет:

1 және 1Y категориясына бір сынақтың қалындығы 12 -15мм және тағы бір сынақтың қалындығы 20-25мм.

2 категориясына 2, 2Y, 2Y40, 3, 3Y, 3Y40, 4Y, 4 Y40 бір сынақтың қалындығы 20-25мм және тағы біреуінің қалындығы 30-35мм.

Егер дәнекерленген материалдар орташа және жоғарғы дәнекерленген болатқа арналған болса, жоғарғы беріктілігі бар болатқа екі сынақ дайындау қажет. Сонымен қатар Кеме қатынасының тіркелімі орташа дәнекерленген екі болаттың сынағын сұрауға құқылы.

Болаттың категориясын, сымның диаметрін, дәнекерленіп жатқандағы дәнекерлеудің дайындаудының жиегін таңдау осы Қағиданың 668-қосымшасына сай келуі қажет.

Жиектер беттердің ара қашықтықтағы 1 мм-ден аспауы керек. Байқау екі жолға орындалуы қажет. Екінші жолды бастамастан бұрын, бірінші жол 100°C температурасы бар ашық ауада кебуі қажет.

Байқаудың қорытынды үлгілері осы Қағиданың 669-қосымшасына, осы Қағиданың 656, 657-тармақтарының талаптарына сай болуы қажет.

6996. Сынақтағы макұлдау құжатындағы материалдар төмендегі талаптарды ескеру қажет:

1) көпжолды дәнекерлеуге арналған байланысты бірінші үлгідегі балқытылған металға ұқсастырып орындау. Сонымен қатар оны бірінші үлгідегі созылымға және соқпа бөлігіндегі иілімдегі үлгіге тексеру қажет;

2) екіжолды дәнекерлеуге арналған байланысты бірінші дәнекерлеудің қосылған жерінің қалындығын 20 төмендетпеу қажет. Сонымен қатар бірінші, екінші және үшінші үлгідегі көлденең тілікті сынып көру қажет.

Осы жағдайда сонымен қатар екіжолды дәнекерлеуге бір цилиндрлік бойлық сынақ өткізілуі қажет.

6997. Дәнекерлеу материалдарын жоғарғы дәрежелі категориялы сынақтан өткізу үшін төмендегі талатарды менгеру қажет:

1) талаптар өзгерген жағдайда сынақтағы үлгілердің температурасы көпжолды дәнекерлеу көлеміне ұксас, осы Қағиданың 6990-тармақтарына сай болуы қажет. Ал екіжолды дәнекерлеудің қосылған жерінің қалындығын максималды түрде осы Қағиданың 661-қосымшасына соқпа бөлігінің иіліміне келістіру қажет;

2) Жоғарыланған топтың байланысқан жерінің беріктілігін сынақтан өткізу үшін дәнекерлеудің қосылған жерін толық көлемде осы Қағиданың 6993-6994, 6995-тармақтарына сай орындау қажет.

7-параграф. "Қорғаушы газ – сым" байланысына арналған сынақ

6998. Дәнекерлеудегі материалдар "қорғаушы газ сымын" байланыстыру нағыз талаптардан тарапады, сонымен қатар флюс құрамды және флюстан қапталынған сымдар (дәнекерлеуге арналған қорғаушы газ немесе онсыз) тарапады.

Қорғаушы газдың құрамын байланыстыру үшін қолданылатын дәнекерленген материалдар макұлданған құжатта атап өтілуі қажет. Сымдарға қосымша қорғаныс газын қолданғаннан кейін ол тағы қосымша сынақтарды қажет етеді.

Дәнекерлеудегі бұрыштағы жік шегінің байланысына арналған осы Қағиданың 6991 -тармағының талабына сай орындалуы қажет.

Автоматты көпжолды дәнекерлеуде жік шегінің байланысына арналған осы Қағиданың 6993-6994-тармақтарының талабына сай орындалуы қажет. Сонымен қатар дәнекерлеу кезіндегі балқытылған металдың қалындығы 3 мм кем болмауы қажет.

6999. Балқытылған металға сынақ.

осы Қағиданың 662-қосымшасына сай екі сынақ төменгі орында балқытылуы қажет : біріншісі – сымның ең қысқа таралған диаметрі, ал екіншісі – ең ұзын. Егер сым бір ғана диаметрден тарапса, онда бір дәнекерлеуді сынақтан өткізу керек.

Сынақтағы әр дәнекерлеу қабатының қалындығы 2 немесе 6мм-ді құрау қажет.

Сынақтағы үлгінің қорытынды осы Қағиданың 662-қосымшасына сай, осы Қағиданың 656-қосымшасына талаптарына сай жауап беру керек.

7000. Дәнекерлеудің қосылған жеріне сынақ.

Әр дәнекерлеу орнына осы Қағиданың 661-қосымшасына сай әр сынаққа байланыс қарастырылады.

Бірінші дәнекерлеудегі сынақ жолындағы сымның диаметрі қысқа болады. Келесі жолдар: төменгі қабатқа сымның диаметрі неғұрлым ұзынырақ, қалған қабаттарда ұзын диаметр болуы тиіс.

Егер дәнекерлеу төменгі қабатқа арналса, бірінші дәнекерлеуде жүргізген байқаудан гөрі оған қосымша сымдар диаметрі бар байқауды жүргізу қажет.

Егер сымда бір ғана диаметр жүргізілсе, бір ғана байқау болады.

Үлгінің қорытынды жауаптарын осы Қағиданың 663-қосымшасына және осы Қағиданың 656-қосымшасына сай орындалуы қажет.

7001. Автоматты екіжолды дәнекерлеуге арналған байланыс.

Сынақ осы Қағиданың 6995- сай төмендегі талаптарды ескере отырып орындау.

осы Қағиданың 669-қосымшасына сай екі сынақ дайындалуы қажет, олардың қалындығы 12-15мм немесе 20-25мм болуы шарт.

Егер байланысу 25мм дәнекерлеу болатына арналған болса, екі сынақ жүргізу қажет : біріншісінің қалындығы 20мм болатындей, қалғандары максималды қалындықта қарастырылуы керек.

Дәнекерлеудің астындағы жиекті дайындау сынақтағы дәнекер қалындығы осы Қағиданың 671-қосымшасына сай болуы қажет.

7002. Дәнекерлеумен жасалған материалдар сынағы құжатының мақұлдауымен программаға сай төмендегіні қамтиды:

1) Жартылай автоматтық көпжолды немесе бір мезгілге және автоматтық көпжолды дәнекерлеуге арналған байланыстары осы Қағиданың 662-қосымшасына сай байқау жасауын талап етеді. Оны созылымға және үшінші үлгідегі соқпа бөлігінің иліміне сынақтан өткізу.

Дәнекерленген сымның диаметрі жартылай автоматтық дәнекерлеу материалдар құжатына сай болуы қажет;

2) Автоматты көпжолды дәнекерлеуге арналған байланыстар осы Қағиданың 667-қосымшасына сәйкес балқытылған бір сынақты дайындауға және оның бір үлгісін үшінші соқпаның иліміндегі үлгісіне сынақтан өткізу. Дәнекерленген сымның диаметрі автоматтық дәнекерлеу материалдар құжатына сай болуы қажет;

3) Автоматты екі жолды дәнекерлеуге арналған байланыстар қосылған жердің дәнекердің сынағының қалындығын 20-25мм етіп, осы қағиданың 669-қосымшасына сәйкес етіп, екі үлгіні илімге, үш үлгіні соқпа бөлігінің иліміне, сонымен қатар бойлық үлгіні автоматты екіжолды дәнекерлеумен иелдіріп орындау қажет;

4) Ұнтақты сымдарды НН немесе ННН индексі бар суттектің диффузиясымен бақылап, жыл сайынғы өткізілетін программаны Кеме қатынасының тіркелімінің диффузиялық металды балқыту материалдарын осы Қағиданың 6962-6964-тармағының талаптарына сай орындалуы қажет.

7003. Жоғарғы категориялы сынақтың қосылған жеріне төмендегі талаптарды қажет етеді:

1) талаптар өзгерген жағдайда үлгідегі сынақтардың соқпа бөлігінің илім температурасына көпжолды дәнекерлеудің қосылған жері Қағиданың 6990-тармағына сай ұқсас орындалуы қажет. Ал екіжолды дәнекерлеудегі сынақтың қосылған жерінің қалындығы 20-25мм және үлгідегі соқпа бөлімінің илімін осы Қағиданың 661-қосымшасына сай орындау қажет.

2) топтың беріктілігі жоғарылағанда дәнекерлеу үлгісін толық көлемді талаптарына сай және осы Қағиданың 6999-7000, 7001-тармақтарының талабына сай орындау қажет

8-параграф. Электршлакты және электргазды дәнекерлеуге арналған дәнекерлейтін материалдарына сынақ

7004. Жоғарыда аттып кеткен дәнекерленген материалдардың осы Қағиданың 6995-тармағына сай және осы Қағиданың 7005-тармағын есепке ала отырып таралады.

7005. Екі байқау осы Қағиданың 672, 673--қосымшасына сәйкес, қалыңдығы 25мм немесе 35-40 мм, осы Қағиданың 670-қосымшасына сай болатындай дәнекерленуі қажет.

Улгінің қорытынды жауаптары сынақтың осы Қағиданың 672,673-қосымшасына және осы Қағиданың 656, 657-қосымшасына сәйкес автоматты түрде дәнекерленуі қажет.

7006. Дәнекерленген материалдарды мақұлдау туралы құжатта сынақты программаға сәйкес орындау қажет. Оның ішіне дәнекердің қосылған жерінің қалыңдығы 20-25 мм осы Қағиданың 7005-тармағына сай төмендегі талаптар орындалуы қажет:

бірінші үлгідегі бойлық цилиндрдің жік осі бойынша созу;

екінші үлгідегі бүйір жақ иліміне арналған;

үшінші үлгідегі соқпа бөлігіндегі илімі жіктік центріндегі тілікке арналған;

үшінші үлгідегі соқпа бөлігінің жік жағының тілігінің иліміне арналған, жолдың 2мм қашықтықта орналасуы қажет (осы Қағиданың 673-қосымшасы);

Бірінші үлгідегі бойлық макрошлиф.

7007. Электрогаз және электршлак дәнекерлерінің мақұлдау үшін дәнекерлеу материалдар категориясы жоғарылағанда барлық сынақтар осы Қағиданың 7004, 7005-тармақтарына сай өткізілуі қажет. Сонымен қатар дәнекерлеу материалдарының нақты қорытындысы басқа да дәнекерлеу мақұлдамасы назарға алынбайды.

9-параграф. Төсемдегі бір беткейлі дәнекерлеуге арналған дәнекерлеу материалдарының сынағы

7008. Сынақтың көлемі және оның өтілімі осы Қағиданың 637-тарауының 4-6-параграфтарының талаптарына сай болуы керек, дәнекерлеу тәсілдеріне төмендегі тәсілдерді есепке алу қажет:

Балқытылған металдың сынағы осы Қағиданың 662 және 663-қосымшасына келісімді дәнекерлеу тәсіліне қарай орындалады.

Дәнекерлеудің қосылған екі сынағы минималды және максималды көлемдері осы Қағиданың 674-қосымшасына сәйкес дайындалуы қажет.

Жиікті дайындау үшін саңылаудың тәртібі және дәнекерлеудің тәртібі ұсынылған дәнекерлеушілер материалдарына сай болуы қажет.

Балқытылған металдың механикалық қасиеті осы Қағиданың 656-қосымшасына, ал қосылған дәнекерлеу осы Қағиданың 657-қосымшасына дәнекерлеу материалдар категориясына сай болуы қажет.

Сынақты дәнекерлеу материалдарын макұлдау туралы құжат программаға сай орындалуы қажет. Ол өз ішіне бір балқытылған сынақтың қалындығы 20-25мм немесе төмендегідей жолмен жасалынуы қажет:

Бірінші бойлық үлгіні созу;

Екінші бойлық үлгіні иілту;

Үшінші соқпа бөлігін жіктің түбінен иілту (осы Қағиданың 674-қосымшасына сай).

Соқпа бөлігінің иілімінің байқау үлгісінің температурасы өзгергенде дәнекерлеу материалдарының категориясын жоғарылату қажет, қосымша төмендегідей байқауларға құжаттың макұлдамасы қажет:

Балқытылған металдың сынағына (тек қана көпжолды дәнекерлеуге) және үшінші соқпа бөлігінің иіліміне сынағына дайындау.

Қосылу арқылы жасалған сынақтың қалындығы 20-25 мм немесе үшінші үлгідегі соқпа бөлігінің иілімі жіктің жоғарғы бөлімінен дайындалады.

Егер максималды макұлданған көпжолды дәнекерлеудің қалындығы 30мм асып кетсе, қосымша дәнекерлеу сынағы жалғануы қажет. Оның қабатының қалындығы максималды (үш қабатты) тоғызыншы үлгідегі соқпа бөлігінің иіліміне ұқсас болуы керек.

Бірқабатты дәнекерлеудің толық көлемін сынақтан өткізуге арналған дәнекерлеу материалдарының тобының беріктілігі жоғарылағанда (жыл сайын өтетін құжат макұлдауын есепке ала отырып) жоғарыды аталып кеткен дәнекерлеу материалдарының ережесіне сай болуы тиіс.

635-тарау. Қазандық болатты дәнекерлеуге арналған дәнекерлеу материалдары

Ескерту. 638-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7009. Қазандық болатты дәнекерлеуге арналған дәнекерлеу материалдарына осы Қағидалардың 634-тарауында көзделген, сұық жарықтардың пайда болуына қарсы төзімділік талаптарын және осы тараудың нұсқауларын қоспағанда, кеме жасау болатын дәнекерлеуге арналған талаптар қолданылады.

Ескерту. 7009-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7010. Балқытылған металды және қосымша қосылған жерді байланыстыру арналған дәнекерлеу материалдарын сынақтан өткізу керек. Үлгі жинақтамасы осы Қағиданың 6141-тармағына сәйкес келуі қажет.

7011. Дәнекерлеу материалдарына сынақ жүргізген кезде, дәнекерлеуге арналған болаттың температурасы 350^0 немесе одан жоғары болуы қажет. Кеме қатынасының тіркелімі жұмысының максималды температурасын созылмалы сынақты $Rp0,2/t$ шарттың шегінде талап етеді.

Сынақтың жүргізілуі және қорытынды жауаптары Кеме қатынасының тіркелімінің стандартты келісімімен макулданады.

636-тарау. Механизмдерді, құрылғыларды, жабдықтарды, құбырларды дайындауға арналған болатты дәнекерлеуге арналған дәнекерлеу материалдары. Төмен температураларда жұмыс істейтін кеме жасау болаттан жасалған конструкцияларды дәнекерлеуге арналған дәнекерлеу материалдары

Ескерту. 639-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7012. Егер механизмді жасаудағы, түзетудегі, жабдықтаудағы, құбыр жүргізудегі дәнекерлеу материалдарына болатынан жасаған болса, дәнекерленген материалдар үшін кеме жасайтын және болат құйылған қазан қосымша дәнекерлеу сынағысыз өтуі мүмкін.

Көптеген дәнекерленген материалдарын жүргізу барысында жинақтаманың сол болатына сынақ жасалынуы қажет. Және сынақ Кеме қатынасының тіркелімінің бағдарламасына сай келуі қажет.

7013. Кеме жасауға арналған дәнекерленген материалды болатының температурасы осы Қағиданың 655-тарауына сай болуы қажет, және келесі қосымша талаптармен осы Қағиданың 655-тарауына сәйкес сыналуы тиіс.

7014. Механикалық құрам және балқытылған металдың соқпа бөлігі дәнекерлеу материалдарының 5Y және 5Y40 категориясына және осы Қағиданың 675-қосымшасына талаптарына, ал дәнекерлеуді байланыстыру осы Қағиданың 676-қосымшасына талаптарына сай болуы қажет.

Соқпа бөлігіндегі сынақ температурасы Кеме қатынасының тіркелімінің есебімен келісімді болуы тиіс.

7015. Кеме жасау болатының жинақтамасына арналған дәнекерлеу материалдарын сынаққа алынады. Оның температурасы 30^0C немесе одан төмен болуы тиіс. Сонымен қатар кішкене бұзылған жерге және оның соқпа бөлігіндегі иілімді Кеме қатынасының тіркелімі әдісімен қарастырылады.

Және де 5⁰C температурадан төмен емес қосымша қанағаттандырырдық нәтиже жауаптары болуы тиіс.

7016. Минималды температурадағы есеп дәнекерлеу материалдары зауыт шығарушы документтерінде көрсетілуі қажет.

7017. Сынақты өткізудегі мақұлдау құжаты дәнекерлеу материалдарын және балқытылған дәнекерлеуді 4.2 категориясына, Қағиданың 5Y және 5Y40 талаптарына жауап беруі қажет, осы Қағиданың 7014-тармағының талаптарына сай орындау қажет.

637-тарау. Жоғары берік болат дәнекерлеуге арналған дәнекерлеу материалдары

Ескерту. 640-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.01.2022 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7018. Дайындалған сынақтың саны және балқытылған металл сынағының осы Қағиданың 6967-6968, 6980, 6993 және 6999-тармағының талаптарына сәйкес дәнекерлеу материалдар талаптарына жауап беруі қажет.

Улгінің қорытынды сынағы осы Қағиданың 677-қосымшасына -талабына сай болуы қажет.

